ҒАБИТ
МҰСРЕПОВ

УАҚЫТ ІЗДЕРІ



Г. Мусрепов

ҒАБИТ
МҮСРЕПОВ

УАҚЫТ ІЗДЕРІ

Очерктер мен публицистика

Құрастырған *Әбділхамит Нарымбетов*

«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ
Алматы — 1977.

Мүсрепов Ғабит.
М 88 Уақыт іздері. Очерктер мен публицистика. Алматы, «Жалын», 1977.
368 бет.

Қазақтың көркем сөзінің бетке ұстары, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Махмұтұлы Мүсрепов — саяси-әлеуметтік өмірімізге ерен талантымен ерекше еңбек сіңіріп келе жатқан үлкен қоғам қайраткері.

Ол әлемдік аса маңызды жиындарда өзінің сүйікті Совет елінің атынан талай-талай тегеурінді сөз сөйледі, Отанының намысын қорғады, абырой-атағын көтерді.

Сонымен бірге көреген қаламгер Октябрь революциясымен дүниеге келген Одақтың Ленин нұсқаған бағытта өсу, өркендеу жылдарын әр кез жіті бақылап, оған сезімтал жүректің үнін қосып келеді. Бұл үн әдебиетіміздің жауынгер жанры — көркем очерк пен көркем публицистика түрінде көрінсе, ол шығармалар жаңа ғана жазылғандай, жақұтша жарқырап, оқырман ойын қазір де тап басып тұрған сияқты.

Жинаққа кейінгі қырық жыл ішіндегі таңдаулы туындылар іріктеліп алынды.

Жазушының бұл бірінші басылым көргелі отырған кітабындағы көп шығарма жастар жайлы, жас ұрпақ тәрбиесі жайлы, жас талапкерлерге ақыл-кеңес, жалпы алғанда, тақырып аясы кең, тек шартты түрде ғана бес бөлімге бөлінді.

017232

М 70403—134 / 408(07)77 — 156—77

ИБ № 287

© «Жалын» баспасы — 1977

Северо-Казахстанская областная
БИБЛИОТЕКА
город ПЕТРОПАВЛОВСК

БІРІНШІ БӨЛІМ

ЖАҢА ДӘУІРДІҢ ЖҮРЕГІ СОҚТЫ

БАТЫР-БОЛЬШЕВИК АМАНКЕЛДІ[1]

Кең маңдайлы, келте мұрынды, адырақ көзділеу, қою қара кірпіктері сәл қайқиып тұратын, шалқақтау біткен денесі кеп-кесек қара бала тым тентек болды. Таңның атысы, күннің батысы дамылы жоқ, сирақтары жарылған қапқара, қашан көрсең де көйлегінің не бір жеңі жоқ, не омырауы даладай, бой-бой боп, өмірі алыс-жұлыс, жүгіріспен өтеді. Ол өш балаларымен кездесе кеткенде-ақ кимелеп жақындай беріп, жұдырығын түйіп, оң қолын оңтайлай бастайды. Бірақ шап етіп төбелесе кетпейді, төбелесетін баласын әбден қыздырып, төбелесе қалса, қаша жөнелетіндей етіп алады. Өйткені оның тіп-тік қарағаң көзіне өзінен үлкен балалар да шыдай алмай, тая беретін еді. Ал, төбелеске бір қол қойса, төбелесті нашына келтірмей аяқтаған емес: өмірде бір баланы түйіп қалып, не итеріп қалып қаша жөнелген емес, төбелеске асықпай-саспай кіріседі де, не дымы құрып жеңіліп, не қызыл жон қып жеңіп, ендігәрі беттеместей қылып, ұрып-жығып тынады. Киіктің асығындай шымыр, намысқор, ойын құмар, дос жанды, сенгіш, жайдары бала, аты — Аманкелді.

Әкесі Үдербай Иманұлы, шыр бітпеген кедей болды. Үлкен ұлы Бектепберген онға келгенде, одан кейінгі Аманкелді сегізге келгенде Үдербай дүниеден қайтып, балалары жетім қалды. Қызыл аяқ жетім балаларды асырау қиын болғандықтан шешелері Қалампыр Балық деген бір кедейге тиді. Балық жасы келіп қалған, қолы қысқа адам еді, қайдағы жоқты шығарып балықшы болды. Жетім балалар кісі есігіне жүруге жарағанша балық аулаумен күн көрді.

Аманкелді 14-ке келгенде де тентектігін тыйып, төбелесін қоя алған жоқ, тек ендігі төбелесінің түрі өзгерді:

[1] Бұл очерк Майлин Бейімбетпен бірге жазылды.

ол үйме-жүйме отыратын қараша үйлердің балаларын соңына түгел ертіп алды да, ендігі жерде төбелесетін балалары да қадақ-құдақ қана қалды; бұрынғыдай молшылық емес, еңбектеніп іздеп жүріп төбелесетін болды. Жаздыгүні ел ігресі жақындасқанда ғана сол өш балаларымен келер жазға дейін есінен қалмастай етіп төбелесіп-төбелесіп алады да, басқа уақытты өзіне ерген жолдастарына бастық болып ойнаумен өткізді. Ойынның көбі балаларды екіұдай қылып күрестіру, жарыстыру, айтыстыру — «әйгөлек», «ақ сүйек» сияқты жүгіріп ойнайтын, қызу ойындар.

Бұл кезде жаздыгүні басы қосылып, жайлауы бірігетін елдерден оның күтетін бір баласы — Абдығапар деген бала. Абдығапар — Жанбосын болыстың баласы. Қысқы мекені бөлек, жаздыгүні ел іргесі біріккенде ғана ұшырасады. Абдығапар — Аманкелдінің қатты өшігіп жүрген баласы. Абдығапар Аманкелдіден көп үлкен, ылғи құранды ер ерлеп, үкілеген әдемі ат мініп жүреді. Жалаң аяқ, жалаң бас, тақымы жылтырап жүрген Аманкелдіні ылғи мазақтап кетеді. Тілі жаман-ақ: намысқа тие, әке-шешеге, кедейлікке, жетімдікке тие мазақтайды. Анадай жерден мазақтап тұрады да, Аманкелді ұмтылса, «ка-калап» шаба жөнеледі. Жаяу ұшыраспайды, қашып жүреді. Сондықтан Аманкелді қасына бір-екі баланы ертіп алып кеш болса-ақ Абдығапардың үйінториды. Абдығапардың аты байлаулы тұрса, шешіп жібереді. Айыл-тартпасын ағытып жіберіп, далада түсіп қалады. Абдығапар ұшыраса қоймаса, ұрланып барып жер ошақта қайнап тұрған қазанына сиырдың жапасын салып, Абдығапардың өзі кездесе қалса айқаса түседі: астына салып алып төмпештеуге бір кіріссе, үлкендер келіп сирағынан сүйреп әкеткенше айрылмайды. Үлкен кісілер келе жатыр екен деп қаша да жөнелмейді. Көбінесе үлкендердің қолына түсіп қалып, өзі таяқ жеп қайтады. Оған ренжімейді де.

Мен өзімнен үлкенді ұрдым, мені ұрса өзімнен үлкендер ұрды, деп іріленіп қояды.

* * *

Аманкелді 14-ке келгенде ойын мен төбелестен бірдей айрылуға тура келді. Ендігі жерде оның алдында да барлық кедей баласының таптап кеткен жолы жатты: Таубай деген байға қойшы боп жалданды. Аманкелдінің ағасы

Бектепберген қолы тиыш отырмайтын шебер, әр өнердің басын шатып жүріп, аяғында көрік құрып ұста боп алды да, төбелеспен жүріп түк үйрене алмай қалған Аманкелді қойдың соңына түсті...

Бала қойшы Таубайға да ырыс боп жабысқан жоқ. Қойшының жайы келіскені бар ма, Аманкелді қойдың жайын да келістіре алмады.

— Малдың жаманы — қой, малшының жаманы — қойшы екен,— деді Аманкелді.

Қойды қыр асырып айдап шыққан соң-ақ, күпісін басына түріп алып үркіте жөнеледі. Сол дүркіретіп қуған бойы жер өңірге дейін қуады. Таубайдың қойы үркуге, дүркірей жөнелуге әзір тұратын жараулау болды. Бірақ Аманкелді қойшылықтан құтыла алмай, үш жыл қойшы болды.

Шешесі Қалампыр, баласының 3 жылғы еңбегін сұрап келгенде, Таубай бір қотыр қозылы қой берді де, «үстеуіне»:

— Жынды балаң не мал тапты деп келдің? Қойды жөндеп бақпаса, күздігүні мына қойымды да қайырасың!— деді.

— Олай болса баламды алып қайтайын, басқа бір есік табылар...— деп еді, бай «сапысын» суыра бастады. Шешенің асты-үстін қазып үйінен айдап шықты.

Шешесін Таубайдың балағаттап жібергені Аманкелдіге қатты батты. Қеудесін бастырғысы келмейтін тәкаппар бала, бұл кекті қалай қайтарсам екен деп, түн бойы аунақшып шықты. Ертеңіне қойды бұрынғыдан да қатты қуып отырып, қыр асырды да, Көшкімбай деген байдың қойшысы Ахмет екеуі Таубайдың бір ту қойын бауыздап тастады. Тентектік бойынан кетпеген Аманкелді, «кек алуға әдейі істегенімді білсін» деп қойдың басын түнде әкеліп, Таубайдың керегесінің басына іліп кетті. Оның ертеңіне көкала қойдай боп таяқ жеді де, байдың бір құнанын мініп тайып отырды. Аманкелдіге бала қарақшы деген ат осы қой мен құнаннан жабысты.

Аманкелді үйіне қайтып келсе, қойын сойып, құнанын «ұрлап» әкеткені үшін Таубай босағасын түріп қойып, шауып әкететін еді. Оның ар жағы өмір бойы қой бағып өту болып кетуі де мүмкін. Сондықтан Аманкелді қашып отырып, нағашы апасын алған Ораз деген адамға барып паналады. Аяғында оған да көп паналай алмай, киік атып күн көріп жүрген Қеделбай балалары деген үш аң-

шыға қосылды. Аманкелді балалық дәуірінен шығып, енді жігіттіктің табалдырығын аттады.

— Құнанымды төле, әйтпесе шауып алам... Екі баланды ұры деп пргауыр жасатып, абақтыда шірітем!— деп Таубай дігер салады.

— Балам қайда? Ұрып өлтірген жоқпысың өзің?— деп Қалампыр бас сауға жасайды. Бірақ Таубайдың дүмпуі шыдатпай, Бектепберген де үйінде тұрақтай алмады. Жалғыз жауырдың орта беліне қопып алып, өзі істеген шиті мылтықты мойынға асып, аңшыларды іздеп о да жөнелді.

Торғай табанынан қозыкөш жер шыққан соң-ақ, кер байталдың көзі терлеп, қолтығы дірілдей бастады. Біресе тұяқ кіріп отыратын сортаң, біресе шашадан кіретін есілген құм, көз ұшында жарқылдап, ағып бара жатқан киік, далпылдаған дуадақ... Тұлпардың тұяғы, сұңқардың қанаты күйетін шөл еді.

Бұл жердің өзі қалай болса солай жаратыла салған жер. Еділ-Жайық, Есіл-Ертіс бойлары әшекейлеп келіп, тап осы даланы шала илеген тері сияқты қыжыр-қыжыр, көк қайыс қылып тастай салды. Төбе-төбе құм, таздың басындай көкала татыр, жаялықтай болып жатқан кеуіп қалған көлдердің орны. Бұл арада шөлдің құсы дуадақ, қырдың аңы киік, құбылып ойнаған алдағы сағым ғана жүреді... Шаңқай түске жармасқанда киік те жосиды, жалқау дуадақ та кез келген жерге жата кетеді. Киіктің терісін киіп алған аңшылар үйездеп, шыбындап тұрған топ киікке еркін араласып кетуге болады.

Аманкелді киік терісін киіп алып, сирақты мылтығын сүйретіп, қырға шыға келгенде алдыңғы ойпатта біразы жатып, біразы оттап жүрген бір топ киік көрінді. Сай табанына келіп жусауға айналған екен, сары қасқа текесі болу керек, біреуі одырайып оқшау тұр. Оның ар жағынан бір салт атты көрінді.

— Мына салт атты үркітеді-ау, енді...— деп тезірек бүкеңдей бастады. Ыстықта «киік» болып жүру де қиын, сирақты мылтықты жасыру да қиын, сонымен бұлғаланып жүргенде салт атты да жақындап қалды.

Салт атты Бектепберген:

«Ауылы қалқатайдың қалды кейін,
Аллаға арызым жетпес мен не дейін.
Қолымнан жібек баулы ұшты құсым,
Бір қонса енді қайтып жібермейін»,—

деп «Қаракөз» әнін ыңырсып келе жатыр еді, қырдың астына таман құлап бара жатқан жалғыз «киікті» көрді. Жалт беріп төбе-төбе құмдардың тасасымен «киіктің» алдын орап барды да, атты тасаға тастай салып, қырқақырқаның бауырымен еңбектей бастады, бұл қарсыға шығып, басын қылтитқанда, әлгі «киік» те қырқаның астына түсе бере тоқтаған екен. Алдында көлденең созылған көгалдау сай жатыр. «Сол сайға барып жусайсың-ау» деп сайды бір шолып жібергенде, қыландаған бір топ киікті бұ да шалып қалды. Топ киік те, жалғыз киік те деңгейлес екен: топ киік қарсы алдында да, жалғыз киік оң бүйірде кетіп барады. Жалғыз киікке жіберуге оңтайланып, мылтықтың құлағын қайырып алып, қарауылға бір алды да, қауіпсіне қалды: қабаттасып тұрған топ киікке тигізу шүбәсіз де көріне берді. Топ киікті қарауылға қондырып алып тартып келіп жібергенде апыр-топыр, шаң бір-ақ бұрқ етті. «Не қалды екен» деп енді басын көтере бергенде, оң жағынан тағы бір мылтық күрс ете түсті. Манағы жалғыз «киік» серейіп тұра келді — адам екен. Бұл кезде Аманкелді «қай жеріңнен тигізейін?» деп сұрап ататын, мүлт жібермейтін мерген болып алып еді, ата жөнелген текені ұшырып түсірді. Екі мылтықшы екі киікті алып, бірін-бірі «аң басы жуық-ақты» айтуға жақындасқанда ғана бірін-бірі сонда таныды — ағалы-інілі — Бектепберген — Аманкелді болып шықты... Інісін іздеп келген Бектепберген де аңшыларға қосылып қала барды.

I. «ҰРЫ»

Үш-төрт жыл өтті...

«Ұрыс басы — боқ жеме». Аңшылардың арасынан жанжал шықты. Соңғы сатып келген текелердің мүйізі мен терісінің ақшасын бөлгенде Кеделбай балалары:

— Сендер екеу, біз үшеу, біз артық аламыз,— деді Аманкелдіге.

— Көп боп қорқытып ұстағамыз жоқ, мергендікпен атып алдық қой... Кімнің қанша теке атқаны есімізде бар ғой...— деп Аманкелді көнбеді. Тегінде текені кім көп құлатып жүргенін ескертіп, пұлдың қақ жартысын алды.

Содан кейін Кеделбай балалары:

— Осы неменің тісі шығып барады өзі... Аулағырақ жүрейік...— деп бір түнде қосын жығып алды да. Аман-

келдінің мүйіз сатып алғандықтан «мүйіз торы» атанған жалғыз атын барымталап кетті. Бұл кезде Аманкелді албырт жас, ешкімнің мойнына бұғалық жібергісі келмейтін кезі, ізімен қуып барып, Кеделбайдың күлін сабалап отырып, атын алып қайтты.

«Мүйіз торыны» жетелеп, Торғай табанына құлап, бір ескі көңдердің арасынан өте бергенде, біреулер мылтықты басып-басып жіберді. Аманкелді жетектегі торы атқа міне сала айқаса кетуге артына қараса, он шақты салт атты андағайлап шауып келеді екен. Бірінің қолында сойыл, бірінің қолында мылтық — атқылап келеді. Аманкелді айналып тұра қалып, жетектегі атының жаясына мылтықтың сирағын тірей салып тартып жібергенде оқ бойы үздік келе жатқан қара төбел ат ұшып келіп түсті.

— Ойбай, Аманкелді білем!— деп дабырласып арт жағы ұйлығып тоқтай қалды.

Жамбосынның Абдығапары бұл кезде жігіт жинап ұрлық істетеді. Жаңағы жігіттер соның ұрылары екен. Мерген деген атағы шыққан Аманкелдіні қууға бата алмай қала берді. Аманкелді ат үстінде мылтығын қайта жасап алып, жортып жүре берді. Бұл түс ауа берген кез еді.

...Күн ұясына төніп келген кезде, Аманкелдіге тағы он шақты адам кездеседі. Олар көлденеңдеп алдын орай берді. Аманкелді бұрылмастан тура жүрді. Келсе Құсбек деген мырза екен, қасында он жігіт бар, Аманкелдіні қоршап тұра қалды:

— Астындағы ат кімдікі?

— Менікі.

— Сенікі емес, менікі болар!

— Сенікі болса сен мініп жүрер едің ғой!

— Түс аттан!

— Бұл күнге дейін мені ешкім аттан түсіріп көрген жоқ еді...

— Мына мен түсірем ендеше!

— Кім түскенін көрсетейін!— деп Аманкелді жетегіндегі атты сауырға бір салып қоя беріп, орап тұрған жігіттердің бірін олай, бірін бұлай аттан аударып тастап, ойнап шетке шыға келді. Жігіттер жатты да қуды. Құсбектің қолында алты атар, тағы бір жігіттің иығында сирақты мылтық, қуған бойлары атып келеді. Мылтық үш рет атылғаннан кейін, Аманкелді көлденеңдеп тұра қалып:

— Ай, мырза, мерт боларсың, қойсаң қайтеді?— деді. Мылтығын қолына алып жатып:— Сірә, сен не барымта алуға бара жатырсың да, не барымта алдырып соны қуып бара жатқан адам боларсын. Менімен әуре болсаң жолыңнан қаласын, тоқта!— деді, алты атарын тосып жақын келіп қалған Құсбек мырзаға.

— Барымташының арты осы. Ұстаңдар!— деп Құсбек алты атарды тағы басып-басып жіберді. Бір жігіт артын айналып келіп қалған екен, сойылды сілтей бергенде, Аманкелді сойылын жұлып алып, бастырып келіп, қызыл асықтан жігіттің өзін қағып өткенде жігіт ұшып кетті. Аты еркін Құсбек тағы да алдын орап, қалған жігіттер жан-жағына қамалап келіп қалғанда, Аманкелді де мылтықтың тұмсығын Құсбектің кеудесіне тосып-ақ қалған еді: сарт етті. Құсбек аттың басынан омақаса құлады да, күміс ер-тоқымды күрең ат ойнап шыға берді. Құсбектің құлауы-ақ мұң екен, басқа жігіттері соның басына үймелеп қала берді.

— Ай, жігіттер,— деді Аманкелді, үймелеп қала берген жігіттерге оралып келіп,— мына мырзаларың өліміне өзі себепші болды, мен, өз барымтамды әрең алып келе жатқан адам едім. Алда-жалда оқ сенікі, адам біздікі деп сөз қылғыларың келсе, куә өздерің. Жөнімді айтып кетейін: қырда киік атып, күнін көріп отырған «Бегімбет» болам, атым Аманкелді,— деді де жөніне жүре берді.

Құсбек барымтаға жылқысын алдырып, соны қуып бара жатқан адам, Аманкелдіні сол барымташылардың соңы, осыны ұстасақ малымыздың ізін табамыз деп байланысқан екен. Келер жылы, Құсбектің өлімі, Абдығапардың оққа ұшқан қара төбел аты, баяғы Таубайдың қойы мен құнаны бәрі жиналып келіп, Аманкелдіге үш жыл түрме кесілді. Аманкелдінің таяғы ылғи байларға тиіп отырған соң, «ойда он сиырдың мүйізі сырқыраса, қырда қырық сиырдың мүйізі сырқырап» байлардың көрген жәбірін байлардың соты алып берді. Бірақ жаланың жабылуы көп болғанмен, бірде-бірі Аманкелдінің мойнына салып, айыптай алатыны жоқ болғандықтан байлар сотының өзі де жиып-теріп үш жылға әрең толтырды. Сондықтан кегін толық ала алмаған байлар, бұрынғыдан да өшігіп «бала қарақшыны», «Аманкелді қарақшыға» айналдырды.

II. «ЖЫНДЫ»

— Осы баланың соққан темірін айт!— деп, Күдекең Бектепбергенніңқусталығына бұрыннан қызығып жүретін еді.

Бір күні Бектепберген соғып берген мүйіз сапты сары кездікпен мұртын басып отырып:

— Қатын, э қатын,— деді Күдекең. «Қатын» деп бастаса, бірдемеге мақтанатыны белгілі. Әйелі:

— Е, байғұс бірдеме айтамысын?— деді байының бетіне қарап:

— Құданың құдіреті, осы Бектепберген балаға Шарипажанды бергім кеп жүргені...

— Қалың малға тағы бір сары кездік алмасаң, одан басқа не береді саған?.. Құдайдың жоғын айтқаны несі екен!.. Ана жынды інісі бір күні тартып әкетсін дейсің ғой!— деп әйелі шапылдады. Бірақ әкенің аты әке,— болмады — қызын Бектепбергенге бермекші болып иек сипасты...

Жылқы екеу, қой үшеу, қалыңға төлейтін мал жоқ. Төлемейін десе құда бір момын адам. Ойлап-ойлап келді де, Аманкелді оңай ақыл тапты. Түн ортасы кезінде атын жолдасына ұстата салып, төрде жатқан Шарипаны көтеріп ала-ақ жөнелді. Атқа бір қонып алды, оның ар жағын сөз қылатыны жоқ, Шарипаны алып кете барды. Ертеңіне «мүйіз торыға» бір шапанлы жауып, мойнына бір құндызды байлап, «ат-тон» айыбын Аманкелді өзі алып келіп еді, кешеден бері қатынын сабап бақырып жатқан құда сылқ етіп түсті де қалды:

— Ой, жынды ит, құлағыңды жұлайын сенің... Қісенді салайын аяғыңа...— деп Аманкелдіге жақындап келді де, күліп жіберді.

Аяғында жалғыз тоқтысын сойып, Аманкелдіні сыйлады да шапаны мен құндызын айыпқа алып, «Мынау құдаға міңгізген атым» деп, Аманкелдінің атын өзіне жетектетіп жіберді.

Аманкелді жиырма беске аяқ басқанда, екі иығына екі жігіт мінгендей, екі білегі жұп-жуан темірдей, «балуанмын» деп жүрген жігіттерді алыса кеткен жерде-ақ атып жіберетін еді. Екі көзі қып-қызыл, құрбы-замандастары ығысып жүретін болды. Өзі әнші, өзі домбырашы, ойын-той, қыз-қырқынның да туы болды. Күрес бола ма, жамбы атыла ма, жерден ат үстінен күміс алу бола ма, Аманкелдінің алдына жан шыға алмады. Байлығына

мас болып жүретін мырзалардың өзі-ақ мұның алдынан кесіп өте алған жоқ. Біреумен ерегісе қалса, қыз-келіншегіне дақ салып жіберу, шаршы топтың ортасында мырзаларды шоқайтып кету Аманкелдінің кек алу әдісіне айналды.

Келе-келе Аманкелді болыс-билерге де қарсы шыға бастады. Елден артық, алым-салық жинап келген ауылнайларды, дау бітіріп пара алып жүрген билерді, урядниктерді талай сабап, қуып жіберді. Қысқасы Аманкелдінің көзін жоймаса, елдің мырзаларының да, би-болыстарының да алдынан шығып, өңешіне көлденең тұра беретін болды. Сондықтан Қостанай, Көкшетау, Торғай соттарына билердің қолы қойылған «приговорлар» түсе бастады. Адвокат, чиновниктерге пара жаудырды. Жалпы қолданылған әдіс-істің ақты-қарасы ашылғанша Аманкелдіні алдын ала түрмеге жаптырып қоюды сұрау болды. Аманкелді осындай реттерден бір-екі рет сотқа дейін түрмеге жабылып, сотта ақталып кетті.

Аманкелдінің соңғы соты 1914 жылы Көкшетау уезі Саумалкөл қаласында болды. Нұрақмет Шашамбайұлы деген атақты ұры қолына ондап ұры ұстап, қолы қысқа елдерді қан қақсатып жүргенде Аманкелді оның ұрысын талай рет ұстап, ұрлаған малын тартып алып, иесіне қайырып берген еді. Және Аманкелді өштескен биінің бірі Баймағамбеттің тоқалдыққа алайын деп отырған Зылиқа Жақсылыққызымен көңіл қосып, бидің сүйегіне таңба салған еді. Сол би Нұрақметке қосылып, ада-құдасына арыз бергізіп, өзінің қолдас ұрысы Қызылжар уезіндегі атақты ұры Тұрсан Тілемісұлы арқылы Аманкелдіні Саумалкөлге шақыртты. 1908 жылы және 1909 жылы жоғалған малдарын Аманкелдіден сұраттырды.

— Басқа уезге барған соң көзі жоғалар деп еді, Аманкелді өзінің ұры еместігін дәлелдеп, ақталып шықты. Оның үстіне Аманкелдінің мал ұрлап әкетіп бара жатқанын «көзімен көрген» он куә болған екен, оны он түрлі жауап берді: бірі мал жоғалғаннан алты ай бұрын көріпті, бірі алты ай соң көріпті, бірі түнде, бірі күндіз, біреуі қыстыгүні, біреуі жаздыгүні көріп, әйтеуір, өтірік куәлардың өтірігі ашылды. Бір куә сасып қалып:

— Ой, сен Аманкелді емессің,— депті.

Аманкелді соттан ақталып, еліне қайтып келе жатыр еді, Бөрлі деген купецтің Атбасар, Көкшетау жағынан алып қайтып бара жатқан малына кездесті. Он екі табын

өгізді Себелеге дейін айдасатын адам таба алмай, қысылып келеді екен. Ғазизов деген приказчик Аманкелдіге жатты да жабысты.

— Ат-тонық сай адам екенсің, бақташыларға бастық болып Себелеге дейін жүр, он өгіздің құнын беріп Себеледен қайтарып жіберем,— деді.

Он өгіздің құны оңай олжа емес, бір айдан кейін 600 сом ақша алатын болып, Аманкелді еріп кете барды.

Себелеге дейін Аманкелді Ғазизовпен жақындасып алды. Тапсырған жұмысты бұлжытпай тындырады. Түнде малға тиген ұрыларға мал бермейді. Екі ұрыны ұрып жығып, ұстап та берді. Өзі әнші, өлең айтады. Өзінің өмірін сөйлеп кетсе — ертегідей қызық. Приказчик арбаны тастап, Аманкелдімен бірге салт мал айдасып отыратын болды. Аманкелдінің мергендігін естіп, қос ауыз мылтығын Аманкелдіге беріп жатып:

— Біріншi ұшырасқан құсқа тигізсең, мылтық сенікі,— деді.

Ағаштан өте бергенде дүр етіп қара құр ұша жөнеліп еді, екі айырыла ұшқан қара құрды екі басқанда, екеуі де жалп ете түсті. Біреуі Ғазизовтың атының алдына кеп құлады.

Себелеге келген соң Ғазизов Аманкелдіні өз үйіне түсірді. Үйіне келген адамға:

— Мына, ғажайып батыр қазақ... Сен оның біләгін тіштеп қара әлі.... дейтін болды.

Малды тапсырып болған соң Аманкелдіге 600 сом ақша әкеліп берді де:

— Сен, менімен бірге патша қаласына жүр. Патшаның үйін көріп қайт. Еліңдегі болыс-билерің күн көрсетпейтін көрінеді ғой, мен сені атақты адвокат Плевакоға таныстырайын. Ол қазақтың жиені, барлық жауынды бір жусатып береді. Шығыныңды өзім көтерейін,— деді.

«Мүйіз торыны» сатып кетуге қимаса да, бірінші рет поезға міну, патша қаласын көріп қайту Аманкелдіге қатты ұнап кетті. Сол жолы Петрборға барып мынадай ескерткіш жазып алып қайтты:

«Патшаның бір айға алатын жалавынжасы 20 мың сом екен, жылына 240 мың сом. Сонда Ресейде бұдан артық бай бар ма екен, сірә? Өзінің үйлерінен басқа, әкесінен қалған үйі 1040 екен. Мұнша үйді қайтеді екен шіркін?»— деп жазды.

Және Михаил Романовтан бастап бүкіл Романов тұқымынан болған патшалардың тарихын, қай патша қай

жылы туған, өз тұсында не істеген, қашан өлген, қазақтың қай жері қай патшаның тұсында, қай жылы бағынған, қазақ бағынарда патша не деген, соның бәрін жазып алды. Бұрын шала хат білетін Аманкелді, Петрборда ай жарым жатқанда Ғазизовты еркіне қоймай, едәуір оқу оқып, өз сөзін жаза алатын болды.

Ұлы Петр патша туралы «бұл орыстың қауға сақалын күзеп, киімін ықшамдаған адам екен, Петрборды салған осы екен» деп жазды. Бірінші рет қолына темір қалам ұстады.

— Петрбордың күні қысқалығы неден? деп сұрап жүріп, жағырафиядан бірталай хабар алды. Петрбор Мәскеумен салыстырғанда басқа жерлердің арасындағы уақыт айырмасы барлығын білді. Исаак соборының қасында тұрып патша сарайының неше терезесі барлығын санап шықты.

Түк істеместен айына 20 мың сом алатын патшаны ұнатпады.

— Шіркінде нысап жоқ екен,— деді, жалғыз арманы Плеваконы көре алмай, жауларының үстінен арызын бере алмай қайтты. Аманкелдінің бұл сапарын елдегі болыс-билер:

— Түрмеден шыға алмастай қылып тықтырдық...

— Ұрлықта қолға түсіп, орыс ұрып өлтіріпті...

— Жынды Бегімбеттен құтылдық...— деп отырғанда, бірталай білім алып, дүние көріп, Аманкелді еліне қайтып келді.

III. ЖЕКЕ БАТЫР

«Орынборда жанарал,
Жанарал келсе жан алар,
Жанаралға бермейтін
Аманкелді аға бар!»

Бұрынғы Торғай уезі — қазақ елінің ең бір қалың отырған жері болатын. Құтты жерінен, құнарлы суынан айрылған елдер осы өңірдегі ысылдаған құм мен ащы татырдың жүлге-жүлгесіне келіп тығылған.

Бір жағы Атбасар, Қарсақпай, бір жағы Қызылорда, Жосалы — Арал, Шалқар, бір жағы Орынбор — Орьск — Троицкі — Қостанай — осы шеңбердің ортасындағы таз дала кесек жатқан қазақ елі. Енді бұл елді бұдан әрі ысырудың қажеті де болған жоқ. Өйткені жер жағынан қарағанда отаршыл Ресейдің енді қызығатын дәнемесі

қалған жоқ. Дуадақтың соңынан ере-ере, бұл елдердің мандайы қара құмға келіп тірелді, кеудесі Торғай өзенінде, арты шұбалып сортаң татырда жатады. Отаршыл Ресей патшалығы ендігі жерде елдің өзін жақсылап соруға тиісті.

Бұл ел, темір жолды қалалардан да бір бүйір жатады. Осы анайы-асау елді ноқтаға үйретіп, шикізат байлығын ішкі Ресейге асыру үшін салынған қорған — Торғай қаласы. Торғай — қазақ елінің тамыры қалай соғып жатқанын тыңдап отыратын патшалы Ресейдің құлағы. Торғай — ақ патшаның қазақ елінің басына кигізетін жүгені, қазақ елін арқандаған қазығы. Торғай — қазақ елінің шикізатын өлшеп алатын безбені, қазақ елінің қабырғасына салатын шеңгелі.

1916 жылдың күзінде Торғай қаласына Торғай облысының генерал-губернаторы Еверсман келді. Жанараддың бұл келісі, «жанарал келсе — жан алар», қалың елдің жанын алуға келген келіс еді.

19 бен 31 арасындағы қыршын жасты бір алса, одан кейін 31 мен 43 арасын алса, елдің жанын алды деген осы тағы!— десті, Еверсманның шақыруымен Торғайға келе жатқан қазақ халқы.

Шалқар көлінен, мұнартқан белінен, тұтам емшек өзенінен, сауық-сайраннан, аяғында келіп қабырғалы елдігінен айрылған қазақ елі, ежелден ақ патшалы Ресейдің тілеуін тілеген жоқ-ты.

«Арқамызда ақ патша,
Тақыр баста тар ноқта,
Арқа жауыр, бел кеткен:
Қиқандай бер ер батса!..»—

деп Аманкелді айтқан кеп, қазақ елі арқасына орнығып отырып алған ақ патшадан құтылып, тақыр басты тар ноқтадан босатып алуды арман қылды. Басынан таяқ, аяғынан тұсау айырмаған ежелгі жауы — орыс патшалығы соғыстан арса боп қалуын тіледі. «Дерт бар, дәрмен жоқ», әбден көк иық болып азған ел, патшамен алысатын күшті өзінен таба алмай, патшаның сыртқы жауының тілеуінде болды. «Аруақ қонып, нар шөккен» болыс-би болмаса, шыңжыр балақ, шұбар төс төре, тілмаш, байлар болмаса, елді еміп-еркін іштен жайлап жатқан құрт-мерез қожа-молдалар болмаса, Торғай сияқты қорғандар болмаса, патшаның қазақ елінде арқа сүйері жоқ еді. Сондықтан қандас жауы орыс патшасы жиһангер соғы-

сының жемтігіне төгу үшін адам сұрағанда жауыр арқа, жыртық жең қазақ бұқарасынан бір адам жауына жәрдем бергісі келген жоқ.

Соңында ұялас ит сияқты біріне-бірі ұсаған он үш болыс, жүз қаралы би, молда-ақсақал бар, қасында уезд бастығы Шәріп пен «жанаралдың мойнақ қара иті» Байқадам Қаралдин бар, сап-сары ала жанарал Еверсман ортасы ойылған шаршы топтың ортасына шыға келгенде жұрт сары ала жыланды көргендей түршікті.

— Бұратаналардың ішіндегі бір сүйікті жұртымыз — қазақ елі,— деді Еверсман,— ұлы ақ патшаның кең қанатының саясында дәулетің тасып, шалабың шайқалмай, сахарада еркін жайлап келіп едің... Бұл күнге дейін ақ патшаларыңыз жасақтай алмай келіп еді... енді, міне, сол өздерің сүйіп бағынған ұлы патшаның патшалығын... дінді қорғайтын кезең келіп тұр...

Мұның ар жағын жиналған топ тыңдаған жоқ:— Көмейің көрінді, не сұрайтының белгілі ғой,— десті өзара.

Жанаралдың тілмашы Байқадам Қаралдин қазақ тілін қанша безеп сөйлемейін десе де, жанаралдың сөзін бір қазақтың құлағына құя алмады.

— Алдымен осындай ақ мойнақтардың мойнын жұлу керек!— десті жиналған қазақтар күңкілдесіп.

Жанарал жауап күтті. Жаутаңдасып тұрған болыс-билер иық тіресіп тіс жармай тұрған қалың топқа қарады:

— Береміз десеңдерші...— дегендей қылады жұртқа жаутаңдап.

— Бер деп көріңдер, кәне!— деп жұрт та төніп тұр бұларға.

Батпандай басқан ауыр минуттар үн-түнсіз өтті. Бір сөздің түтінін байқағысы келіп, Еверсман тұр. Жанаралдың сөзіне жөні түзу жауап әпере алмағанына қысылып Қаралдин тұр. Бір адамға жөні түзу сөз сөйлете алмай оң үш болыс, жүз қаралы билер терлей бастады.

— Мұндай қысылшаңда біз бұл дүниенің адамы емеспіз,— дегендей көздерін тас жұмып алып, молдалар мүлгіп тұр. Тым-тырыс...

Біраздан кейін ол кезде ел тілегіндегі бірнеше ақсақал адамдар сөйледі. «Адам бермейміз» деп тура айта алмағанымен, әр сөздің құйрығын бұлаңдатып, жұрттың шын ниетін аңдата алған Ысмағұл Токин деген адам болды да, таймастан турасын айтқан Аманкелді болды. Жана-

ралдың тілмашы Қаралдин бұлардың сөзін бұрмалап аударды.

— Мынау охранканың жансызы ең болмаса сөзімізді дұрыс жеткізбеді-ау, ит!— деп жұрт ду ете түсті. Одан кейін ел жағынан сөйлеген сөзді Қаралдинге аудартпай басқа біреуге аудартты. Бірақ Аманкелдіден басқа ешкім жанаралға туралап қарсы сөз айта алмады. Жұртты кимелеп, Еверсманның қарсы алдына келіп:

— ...Бір адам бермейміз! Керек болса ақ патша өзі соғыса берсін! Өзі-өзі!..— деді Аманкелді саңқ етіп.

Дала қыранының ащы саңқылы барлық құлақты жарып өткендей болды. Қазақ халқының бойына жиналған кегі кернеп, құлдық қабын жарып жібергендей, ақ патшаға атуға сақталған оқ осы арада атылғандай, тыныш ауа жыртылып айрылды.

Манадан үн шығармай тұнып тұрған теңіз толқынданып, теңселіп сала берді: жұрт ду ете түсті.

«Бермейміз!» деген кім? Бұл қайрат, бұл ерлікті бойына сақтап жүрген кім еді? Мұндай жігерлі адал дауыс кімдікі? Оны жұрттың көбі аңдай алмай қалды. Бірақ өз ішінде бір ержүрек, адал ұлдың барлығын аңдап қалған жұрт, Еверсманды былай тастап, дауыс шыққан жаққа жапырыла кетті. Бір қозғалған қалың қол — теңселген теңіз бірін-бірі кимелеп, толқынды толқын айдап, құба жонға қарай қопарылып жүре берді. Еверсман болыс-билермен ғана шошайып қала берді.

— Бунтты бастаған кім?— деді Еверсман, болыс-билерге, елдің беті әбден-ақ теріс ауғанын көріп.

— Аманкелді Иманов.

— Көкке ұшсаң аяғыңнан, жерге кірсең құлағыңнан тартып алармын!— деді Еверсман, жөнкіле жөнелген жұртқа айбар шегіп. Бұл айғайды жұрт «құлағына» да қыстырған жоқ...

Еверсман сол ашумен үйге кіргенде өрт сөндіріп қайтқандай күп-күрең еді де, болыс-билер сары аязда жаланаш тұрғандай бір қалтырап тұр еді. Жанарал болыс-билер мен уезд бастығы Ғаріптің былжырлықтарын бет-теріне басып, бір отқа қарып, бір мұзға отырғызып нөсерлетті де, барлық болыс-билерден міндетті қағаз алды. Елдің күйі неге айналса да, қар орнына қан жауса да, 19 бен 31-дің арасын жинап беруге міндеттеніп болыс-билер қол қойды. Сол қолдардың ішінде Ниязқанның немересі, Жамбосын болыстың баласы, өзі де бұрын болыс болған, маңайын ұрлығымен, байлығымен астына

басып отырған Абдығапардың да арбиған қолы тұрды. Қолдарын қойып болып, алқымға тығылған жүректері орнына түскеннен кейін, билер біріне-бірі жаутаңдап, «Сен баста, сен айт!» деп қапалақтап тұрып, аяғында:

— Бірер ай кеңшілік сұрауға жөні болмас па екен,— деді жанаралға.

— Ол неге керек?— деді Еверсман билерге, сенбеген пішінмен.

«Ол неге керектің» жауабын билер — «елдің беті қалай болар екен, патшаға барып ізденетін бола ма, қайтеді» дегенге жақындатып қайтарып еді, қожасының мінезін жақсы білетін Байқадам:

— Сөйлесіп, елді көндіру үшін керек дейді...— деп аударды. Орысша түсінетін болыстар біріне-бірі жалтақтасты да үндей алмады. Құлқыннан басқаны керек деп көрмеген билер, Байқадамның не деп аударғанын түсінген де жоқ. Еверсман азырақ езу тартып, сол көзін қысыңқырап:

— Билердің керегі де осындайда емес пе?— деді. Байқадам мұны тап осы күйінде аударды.

Билер Еверсманнан бірер ай кеңшілік сұрап алып қалдық десті, былай шыққан соң. Еверсманның сөзін болыстар-песірлер өздерінше түсінді. Еверсман өзі ойлаған мағынада айтты: Ешкімге жарты күн кеңшілік берген жоқ.

Билердің «бірер ай кеңшілік сұрап алып» қалғандығы, елден 14 мың сом ақша жинап алып, Қабақов, Көтібаров, Тоққожин, Токин деген төрт байдың Петерборда, қантшай, кездеме алып қайту пайдасына асты. Олар патша түгіл «сегіз санаттың» да есігін аша алмай, Петербордың көшесінде адасып-адасып жүріп, өтірікті соғып қайтып келді. Ол бір-екі айдың ішінде жігітті жинатпаған себебі — патша қазақ елінің қай жерде болса да, қарсы көтеріле бастағанынан қорқып, кідірте қойды. Әйтпесе, табан аузында берілген ешбір кеңшілік жоқ.

Болыстардың өздерінше түсінгендіктері тезбе-тез тізім жасап, байлардың 20-дағы баласын 46-ға шығарып, кедейдің 15-тегі баласын 20-ға шығарып, параны судай сапыру пайдасына асты.

Болыс-би, писарь, тілмаш Қаралдин, Ғаріп — осылардың бәрі де бір айдың ішінде мың айдаған бай болып шыға келді. 1928 жылғы ірі конфискеге іліккен Қаралдин Байқадам байлықтың іргесін осы 16 жылы кең жайып алып еді.

Еверсманның өзі ойлаған мағынада айтуы — бір жағынан болыс, білерге қалың елдің ішіне кіріп алып, шымшымдай тартуға жол көрсетуіне, екінші жағынан, Ырғыз, Торғай қозғалысын басатын әскер төгуіне әкеп соқты.

Еверсманды тастап жөңкіле жөнелген жұрт, әуелі қайда ауып бара жатқанын, кімге еріп бара жатқанын өзі де білген жоқ. Беті ел, құмырсқадай қаптап қыр асып, құлап кетті. Топ-топ боп кетіп бара жатқан қол бірінебірі шапқыласып, манағы «Бермеймізді» айтқан адал ұлды іздеді. Ақыры ерсілі-қарсылы шауып топтан-топ қоймай жүрген жұрт оны айтқан Аманкелді Иманов екенін түгел білді. Аманкелді айғайлағанда-ақ, жақын тұрған топ оны ортаға алып, гүілдеген бойы жұбын жазбастан кетіп барады екен. Өздері естіген соң басқалар да білген шығар деп ешкімге хабар берместен тарта беріпті. Аманкелді екенін құлақтанған соң-ақ жөңкіліп бара жатқан жұрт бірінe-бірі шауып, арғы ойға түскенше түгел біліп болды. Әуелі жүз шамалы ғана адамның ортасына түсіп қалған Аманкелдінің айналасы қомақтана бастады. Екінші қырға шыққанда манағы бет-бетімен шабуылда жүрген қол алдында Аманкелді түгел қозғалып кетіп бара жатыр еді.

— Бәсе, сол айтса керек еді-ау!..

— Өй, жекс батырым-ай!..

— Өй, адал ұл, ержүрегім-ай!..

— Еркек туған екенсің!..

Аманкелдінің өз аузынан бір ауыз сөз естуге құмартып, ерсілі-қарсылы шапқыласып, аяғында Аманкелдіні орап алған шаршы топтың аузына алғаш түскен жан сөзі осы болды.

Осы қол тобын жазбастан елге жақындағанда:

— Екі ай кеңшілік сұрап алдық... Патшаға барып із-денетін болдық...— деп, Еверсманның қасында қалған манағы билер де келіп жетті.

— Патшаға бармақ түгіл патша тұрған көшеге де бара алмайсыңдар. Елім, буларға сенбеңдер! Бұлар ақша жинап алғысы келіп жүр! Бұлар түбінде патшашыл болып келеді,— деді Аманкелді. Айтқаны келді, патшаға барып қайтқан байлар кейін патшашыл болды.

Бірақ надан ел, ру басыларына, болыс-билеріне бағынып қалған ел, ерлікті ұмытқан ел, Аманкелдіні билерге табан аузында тағы жығып берді.

— Е, патша не дер екен, оны да естиік... Ел мойны жуан... Аз ғана пұлды жинап бергеннен ештеңеміз кет-

пес...— деп ақша жинап, тағы да өкіл аттандырмақшы болды.

Бірақ кедей жастары осы жолдың өзінде-ақ Амангелдіні жақтады. Осы бетімен елге келгенде ауызы епті бозбаланың айта келген өлеңі мынау еді:

«Орынборда жанарал,
Жанарал келсе жан алар,
Болысы да, биі, писарі,
Байқадым тілмаш және бар.
Жастарын берсе патшаға,
Бұл сорлы елден не қалар?
Солдатына бармаймыз,
Жапаралға бермейтін,—
Амангелді аға бар...»

IV. БАТЫР САРДАРБЕК

Торғайға Еверсманның келуінің өзі, Торғай елінің бетті тым «теріске» айналғанын көрсетеді. Әйтпесе, бұратана елдердің жастарын майдан жұмысына алу туралы шыққан жарлықты июльдің бас кезінде уезд начальнигі Гаров пен оның тілмашы Байқадам Қаралдин бір жариялаған. Елдің қалың ортасына салуға бата алмай он үш болыс елдегі жүз қаралы ақсақал, билерді жинап алып, қабырғасына ақылдасқан. Бұл топ бір ауыздан адам беруге белсене кірісіп, баратын жастардың тізімін де «тәртіпке» салып болған. Түсетін параның ретіне қарай болатын өзгерістер болмаса, тізім даяр, қолда отырған. Болыс-билердің аузы да майланып болған. Бай балаларының орны да әзір: бірі «хатшы», бірі қазына малына «бақташы», бірі ет-тері заводының «жұмыскері» болып әлдеқашан орналасып алған. Ендігі жерде жұмысқа баратын да кәдуілгі «елдің жаны ауырмайтын» қара бұқараның балалары сұрыпталып қойылған.

«Балта көтергенше дөңбек жал таба ма?» деп елдің азды-көпті алданыш үмітін «патшаға айтып келуге» кеткен өкілдердің де алды қайтып келген. Орынборда отырған Ахмет, Мержақыптар оларды тосып алып:

— Сендердің ізденеміз деп атқа мінулеріңнің өзі адам беруді шегіндіре беруге себеп болып отыр. Мұны қойып, елді көндіріңдер деген «адал ақылдарын» берген Ахмет, Мержақыптан «тәртіп» алған өкілдер елге келіп:

— Орыс көп пе, орман көп пе деген рас екен. Қарсы тұрып әуре болатын емес, бір ысқырғанда ұшырып жібереді. Ал, тезірек адам берейік,— деген, «елдің қамын

жеп жүрген» мырзалар елдің ақшасына патшаның сөзін сөйлеп қайтып келген.

Ахмет, Мержақыптар тек өкілдерді ұстап алып, соларды үгіттеумен ғана тынған жоқ. «Қазақ» газеті 15 жылдан бастап «қазақ атты әскер бола ма, жаяу әскер бола ма» деген үлкен пікір алысу науқанын ашып еді, оның арғы түбі ақ патшаға адам күшін ұсынып жүргендік екені анықталды. 16 жылдың июнь айынан бастап патша түскенше қозғалыспен алысып жатты. Алихан, Ахмет, Мержақып үшеуі қол қойып, әуелі былай деп жариялады:

«Көтерілген елдер бізді де осы бұзақылықты жақтайды деген өсек таратып жүрген көрінеді. Біздің атымызды сатып, бізді де патшаға қарсы деп көрсетіп бүкіл қазақ елін сондарына ерткілері келетін көрінеді. Бұл өтірік, бұған нанбандар» («Қазақ» газеті 191-саны).

Мұның артынан Мержақып қол қойып:

«Шағымшы деген шошқа, ол талғамай жейді, алаштың адал ұлы Ахметті қазақ елінің қозғалысын жақтайды екен деп шағым беріп жүрген иттерден не үміт, не қайыр!»— деп жазды. («Қазақ» газеті, 200-саны).

«Қазақ» газетінің 207-санында Байтұрсынов, Дулатов, Кәдірбаев, Тұнғашин Мұхаммедияр төртеуі қол қойып «Торғай һәм Ырғыз халқына!» деген арнаулы үндеуін былай аяқтады:

«Құдайдың жазғанын, патшаның жарлығын екі етпеңдер! Әркімнің ниет-көңілі аллаға аян, бізге сеніңдер. Бізді қалада отырып орыс боп кетті деменде р. Бізді қазақтың шын ұлы деп сенсеңдер, 19 бен 31-дің арасын тығыз түрде жинап беріңдер. Бұзақыларға еріп көтеріліс жасап бүлінбеңдер!»

Ол аз болса, Еверсманмен бірге 16 жылы августың 7 күні Бөкейханов, Дулатов, Алмасов үшеуі Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Жетісу облыстарынан сенімді ақсақалдарды шақырып алып, губернатордың кеңсесінде жасырын жиналыс та өткізеді. Ол жиналыста бір ауыздан адам беруге қаулы жасап, жиналыста болған ақсақалдар елден шыққанда «адам бермеуді ізденіп» шықса, Орынбордан қайтқанда елді үгіттеп адам беруге ант-су ішіп, уәде беріп тарады.

Қысқасы, патшашылдар лагері ұрандасып қол ұстасып, бірігіп болды. Бірақ қалың бұқара бұған мойымастан көтеріліс өрши берді. Еверсманның өзінің келген себебі де осы.

Екінші жағынан, патшашылдар тобының жымы бірігіп қалың бұқарадан жырылып шыға келгені, қалың бұқараның да санасы оянып өз алдына бірігуіне себепші болды. Патшашылдар тобының сыры ашылған сайын, патшаға қарсы қозғалыс та кеңейіп, елдің беті түзеле берді. Сондықтан безбеннің бір басына Еверсман, Ахмет, Мержақып, Гаров, Қаралдин, болыс-би, тағы-тағыларын үйіп-төгіп салып, екінші басына жалғыз Аманкелдіні салғанда, қалың елдің тілегіндегі Аманкелді басып түсті. Өйткені Аманкелді шу дегеннен-ақ патшаға қарсы айқын шығып, барған сайын сл мұңының туын жоғары көтере берді. Ол патшаға арыз беруден түк шықпайды, оған алаңдамаңдар, ертең өз ақшаңа өзің жау сатып аласың — барғандар патшашыл болып келеді деп еді, мұнысы расқа шықты. Болысың, биің, Ахметің, Мержақыбың бай балаларын алып қалып, орташа мен кедейдің баласын тізіп береді деп еді — мұнысы да расқа шықты.

Аяғында келіп, Еверсманның бетін қайтарып жіберген де сол Аманкелді болды.

Дұрысында Еверсман бұл жолы соққы жеп қайтты. Шаршы топ ұйлығып, «ел қамқоры» ақсақалдар көптің ортасына тығылып тұрғанда:

— Осы біз кімді қорғаймыз?— деп Еверсманға тап берген жалғыз Аманкелді болды. Еверсман:

— Патшаны, жерді...— дегенде:

— Қазақтың баяғы жерін өзіне қайтарып берсе, қорғап көрер едік... Ол жерді алған патша өзі қорғап алсын. Біз адам бермейміз!— деп турасын бір-ақ кесіп айтты.

Елден шығарда сөйлеуге уәде беріп аттанған жуандар, Еверсманның алдында аузын аша алмады. «Осы сөйлейді» деп аузына қарап келген Әбдірахман Иманқұлұлы сипалақтап бірдемені бастады да, үні өшті. Онын үні жай өшіп тұрған жоқ екен, ұзамай-ақ түрі ашылды: көтерілген елдің күшін, әскердің қай жерде жатқанын білдіріп отыратын жансыздың бірі болып шықты. Жалғыз Ысмағұл Токин деген ақсақал болмаса, өзгесінің сөзі ел ойына жанаспады.

Аманкелді жаңағы сөзді айтқанда барлық қара бұқараның ойындағы жан сөзі айтылғандай боп, Аманкелдіні қоршап әкетті. Тар өткелде көсем бола алған адамын ұстап сала ма деген қауіп туып, жұрт Аманкелдіні ортаға алып жылжи жөнелді. Еверсманның:

— Көкке ұшсаң сирағыңнан, жерге кірсең құлағыңнан тартып алармын,— деп айқайлауы осының артынан

болатын. Бірақ елдің ыңғайын танығаң Еверсман Аманкелдіні ұста демеді. Бұрын «әшиін төре» келгенде де ат байлап, үй тігіп күндік жерге шығарып салатын ел бұл жолы Еверсманға түк сый көрсеткен жоқ: елдің ызғарынан қорыққан болыс, билер Еверсманға мұндай сый істету түгіл, бұл жолы өздері шығарып салуға да ерлік істей алмады.

Ал, Еверсманның келіп-кетуі, «көкке ұшса сирағынан, жерге кірсе құлағынан тартып алатын» болғаны елдің де жібін ширатып кетті. Бұл күнге дейін «әлдеқалай болар екен» деп сылбырлау жүрген бұқара, енді бетін түзеп күн-түн демей Аманкелдінің айналасына ағыла бастады. Көшкені көшіп келді, көшпегені ат жалын тарта алған еркектерін түгел Аманкелдіге жіберді. Ол кезде Аманкелді қазіргі Батпақкара ауданының «Доғал» деген жерінде еді, «Доғал»— қозғалыстың кіндігі, Аманкелді — жүрегі, туын көтерген батыры болды. Еверсманның алдында тайсалмай шыға келгені үшін «Жеке батыр» аталса, атқа мінген көптің алдын бастап қазығы болуға айналған соң, ел оны «Батыр Сардарбек» атады. «Батыр», «Сардар» деген атты жұрт оған кейін келетін соғыстардан көп бұрын берді. Өйткені қозғалған ел бұл кезде тек Аманкелдінің ғана қасына жиналды. Шүу деп қызыл ту тіккен де — Аманкелді. Соғыстарда қолдың қарсы алдында жүретін, соғыстарға дейін жер үйдің төбесінде желбіреп «кел мұндалап» тұратын қызыл ту да осы Аманкелдінің туы еді.

Бұл кезде Абдығапар қозғалыстың басы түгіл, қасына да келген жоқ. Қасына келу түгіл «бүлінген елден бөлек болам» деп Қыпшақ елінің жарым-жартысын бөліп алып Қаратау, Ұлытау жағына көшкелі жатты. Оның өзі болыстықтан түскелі аз-ақ жыл болған, бір тумасы — Сәдіман Жанбосынов сол кездің өзінде болыс еді, әкесі — Жанбосын, ағасы — Жалмағамбет екеуі де көп жыл болыс болған, арғы атасы — Нияз хан, Абдығапар қозғалыстың маңайына да жуығысы келген жоқ. Оның Ұлытау жағына ауып кете алмай жатқаны, бұрын талай аузы күйген ел «осы иттің құлқыны жаман болатын еді» деп ере қоймай, сол тоқтатып жатты. Ашықтан-ашық патша жағына шыға келуге айналасы көтерілген ел, содан қорықты. Әйтпесе, ол қозғалысқа қатынасып әуре болғанша, тізім саудасының басында болатын еді.

Абдығапар біраз елді ертіп көшіп кетейін деп жатыр

деген хабар анықтала берген соң, Аманкелді оған кісі салды:

— Елді жырып әкетем дегені болмайды. Көшсе жалғыз кете берсін, болмаса мына елге қосылсын, отырсын,— деді.

Қашаннан аталылығымен, болыстығымен, ұрлығымен Қыпшақ елін соңына ертіп келген Абдығапар әлі де сол «соңына ертетін» көп үйлі Қыпшаққа арқа сүйеп:

— Тоқтасам тоқтайын. Бірақ қозғалыстың қасында болмаймын, басында болғым келеді деді. Көшіп кететін ерлікті Аманкелдіге айта алмады.

Аманкелді «сені қозғалыстың басына қоям» деп сөз берген жоқ, оның айтқаны:

— Елді іріту — елдің жауының ісі. Көшіп кел, сөйлесерміз,— болды. Абдығапар табан аузында ешбір шартты іске асыра алмайтынын сезіп көшіп келді. Абдығапардың хан сайлануы «Татыр», «Торғай» соғыстарынан көп кейін.

Аманкелдінің бұл кезде ойлаған жалғыз ойы — адал ниетімен, барлық сенімімен соңына еріп отырған қалың елдің сенімін ақтау, орға құлатып алмай, жауына жығып бермей дұрыс бастай алу болды.

— Елді орға жықпау үшін алысатын жауыңның күшіне, әдісіне қарай күш, әдіс құру керек,— деді Аманкелді. Сондықтан бұл көтерілген елді жаумен алысуға әзірледі. Алдымен «Сарбаз» құрды: жүзден, бес жүзден, мыңнан «сарбаз» құрып, мың сарбазды бір ту деп атады; жүз басы, бес жүз басы, мың басы белгіледі. Қыс жақындап қалған соң бес сарбазды бір қос етіп бір күтуші берді. Әр мың басының туы болды.

Оның соғыс жөнінен үйреткен үш-ақ нәрсесі бар секілді: мылтық ату, шабуыл жасау, қолма-қол айқаста ат үстінен қару жұмсау.

Мылтық ату жөнінде ол:

— Бір оқты босқа шығарма, тез ат!

— Шабуыл жасағанда ұйлықпай, шеп құрып айғайлай шауып араласып кет.

— Бізде мылтық жоқ, шама келгенше қолма-қол айқасу жағын көздеу керек,— дейді екен.

Торғай елінің бетін көзімен көріп кеткен Еверсман мен уезд бастықтары да Торғайды күшейте бастады. Қаланың өзінде жүз солдат болатын еді, август айында Орынбордан жүз, Верхный, Уральскіден жүз казак-орыс келді (мұның бірі төтенше жүз еді). Бір жүзді Аманкелдінің шығыс солтүстік бүйіріне апарып қойып, Қостанай арқы-

лы жіберілген Дон казак-орыстарының бір жүзін тағы Торғайға құлатты. Торғайдың өзінен бір жүз қырық адамға қару асындырды. Торғайдан 250 шақырым жердегі Ырғыз қаласы солдатқа аузы-мұрнынан шығып лық толып тұрды. Қыстың ортасына дейін Ырғыз, Торғайдың сыбағасына арналған әскер отыз мыңға жетіп, оның командирі — генерал-лейтенант Лаврентьев болды.

«Көкке ұшса сирағынан, жерге кірсе құлағынан» тартудың аяғы осыған кеп соққан соң, қозғалған ел қайтсін, сирағы мен құлағын кесіп тастасын ба, көкке де ұшпай, жерге де кірмей жердің бетінде қам жасай бастады. Сарбаз құрылып бір жобаға жақындағанмен құрал жоқ, елдегі ескі мылтықтарды жинатып алды. Бес жерге отыз кісіден ұста дүкенін құрды: шиті мылтық, найза, айбалта соқтырды. Қала-қалаға кісі жіберіп оқ-дәрі алдырды. Қорғасын табылғанмен дәрі тапшы болып аңшылар, мергендер бас қосып, дәрі жасаудың жолын көздеді. Дәріні бірге істестім деген адамдардың айтуына қарағанда аяғында дәріні де қолдан жасапты: атқұлақ, сор, күкірт көмір, ақжол (кепкен сордың бетіне тұрған жылтыр қағы) — осы бесеуін қосып дәрі жасадық; атуға жарады, тек түтіні көп болды деседі.

Аманкелді сарбаздарға мылтық ату, найза салуды үйретті. Атқа қарғып міну, жаяу қалған жолдасты қалай құтқару сияқты ат ойындарын үйретті. Барлық «бір кісіге әлі келетін» адамға ат тауып берді. Ат көбінесе байдан алынды, ондап, жүздеп атын алған байлар қозғалыстың сыртында отырсын, ішінде отырсын жарылуға жақын отырды: бұлар қозғалған жұртқа істейтін қастықтың қолдан келгенін аяған да жоқ!

Аманкелді кіммен соғысқалы отырғанын жақсы білді: орыс патшасымен соғысу үшін он үш болыс Торғай қазағының кемдеу соғатынын да жақсы білді. Бірақ патшаның көп күші сыртқы жауға төгіліп жатқанда, таңынан бір тартып қалатынына да шүбәланған жоқ. Патша 33 миллион халықты отарлап отырса, соның бес миллионы қазақ болса, Аманкелді сол бес миллион қазақтың қашаннан бергі кегін қайтаруға аттанды. Сондықтан оның ұраны:

— Бір адам қалғанша соғысамыз! Енді қайтып патшаға бағынбаймыз!— болды.

Ұраны осы болған соң ол елді тұтас өз туының астына жинағысы келді. Осы дәуірде елді топ-тобымен, ру-руымен қосып алып жатқанда оның ішінде аласы да, құла-

сы да кете берді: тізімін қойнына тығып, уезбен жансыз тілдесіп отырған болыс-билер де осының ішінде отыра берді. Көргені аз, оқығаны жоқ, саяси басшысы жоқ қара қазақ Аманкелді осы ала-құла елді не істеудің амалын таба алмады: неғұрлым көп болса-ақ, солғұрлым айбынды боламыз; қалың ел маған ерген соң ішіндегі бірен-саран арам сиректар не қыла алады, ондайлармен кейін есептесермін деп патшаның тілеуіндегі адамдардың көзін жойып жібере алмады. Олардың жансыздығы кейін, тіпті күшейіп, енді көзін жоям дегенде қозғалыс та, Аманкелді де әлсіреп қалып еді.

V. ЕКІ СОҒЫС

Аманкелді бастаған көтеріліс 16—17 жылдың қысында бес рет соғысқа кірді. Алғашқы соғыс «Татыр» деген көлдің басында 21 октябрь күні болса, ең соңғы соғыс февральдің 21 күні «Доғал» үстінде болды. Бұл соғыстардың ең ірісі екеу: біреуі — көтерілген елдің патшаның ұясын өртейміз деп 6 ноябрь күні Торғайға жасаған шабуылы; екіншісі — Торғайға жиналған патша қырандарының Аманкелді көтерілісін біржола құртып, туын жығып қайтуға аттанған «Доғал» соғысы (21 февраль).

Қозғалыстың соғыс жағын түгел басқаратын сардарбегі Аманкелді батырдың ерлік көрсеткен соғысы да, қозғалыстың күшін көрсететін соғысы да осы екі соғыс. Сондықтан бұл екі соғысқа ерекше тоқтауға болады.

Торғайды шабуды көтерілген жұрт бір ауыздан мақұлдай қойған жоқ. Әсіресе бұл кезде қозғалыстың ортасында отырған, өз руына ықпалы күшті Абдығапар мақұлдамады:

— Бадырағым, сен тимесең мен тимеймін, деген бар. Жаткан жыланның құйрығын басып неміз бар? Әзір бізге шабуыл жасаған Торғай жоқ қой,— деді, Абдығапар.

— Торғай шабуыл жасамаса әзір күші кіріп болған жоқ. Оның ар жағындағы Ырғызға әскерді төгіп жатыр. Ол әскер келіп болған соң, Торғай саған бой бермейді. Торғайдың көзін қазір құртып, патша әскеріне ұя қалдырмауымыз керек. Патша әскерінің паналайтын, күш алатын, бекінетін жері қалмасын. Торғай патшаның тілі, сол тілді кесуіміз керек,— деп Аманкелді бой бермеді.

Ақырында көптің көкейіне Аманкелдінің сөзі қонып, Торғайға шабуыл жасамақшы болды. Торғайдың батыс-солтүстік жағында көтеріліп жатқан алты болыс Арғын

елі де бұл кезде Аманкелдіге қосылған, түгел бас қосып 6 ноябрь күні Торғайға шабуыл жасауға сөз байланды. Абдығапар амалсыз көнді.

Аманкелді жасаған шабуыл планы мынадай болды: бес тулы Арғын жағы (4500-дей адам) Торғайдың батыс-солтүстік бүйірінен тиеді; бес тулы Аманкелді қолы (5 мыңдай адам) қаланың оңтүстік-шығыс жағынан тиеді. Барлық мергендерді ертіп Аманкелді қалаға тіскенде, шеп құрған қалың қол шабуылдап қалаға кіреді. Қала алынғаннан кейін, егер мұнда көтерілістің туын тігуге болмайтын болса бұл маңайды түп-түгел өртеп кетеді.

Сарбазды шала-шарпы тамақтандырып алып, таң алдында қалың қол Торғайға жақындады. Алдына, жиырма шақты адам баршы жіберіп, қалың қол қаланы торлады. Сол кезде қаланы өртейміз деген сөзді шала ұққан баршылар қаланың айналасындағы маяларды өртей бастады. Бұл, кәдуілгі «біз келіп қалдық, қамданыңдар» деген, ақымақтық болып шықты. Шабуыл жасауға келе жатқанын қозғалыстың ішінде отырған байлардан бұрын да естіп, қамданып отырған Торғай барлық әскерін айнала төгіп, көше-көшені бекітіп тастаған еді, қамданған күйі қарсы алды.

Аманкелді қалаға жақындап келіп, айғайлап қалаға шапқанда шеп құрып алған солдаттар да оқты ағыта бастады. Бірақ жер күңірентіп келе жатқан көп қолдың беті қайтпаған соң әскер қашып казармаға тығылды.

Арғын қолын бастаған Оспанқан, Ахмет, Қасымқандар алғашқы айғайда қалаға кіруге бата алмай, алыстан атой беріп жүргенде, Аманкелді қаланың ішінде атыс салып жатыр еді. Аманкелді бастаған бес ту, алдында сардарбегі, қаймықпай қалаға кіріп кеткен соң; Арғын жағының бес туы да кірді. Бірақ алдында тұрған казармаға қарай беттей алмай, қаланың Аманкелді алып қойған жағына жақындап кеп кірді. Қол көп, қару жоқ. Сарбаздың қарусыздығы былай тұрсын, тап осы Торғай соғысында қозғалыстың сардарбегі Аманкелдінің өзінің қолына ұстап жүрген күмістеген шиті мылтық екен.

Патша әскері, бұлармен қолма-қол соғысуға шықсын ба, қаланың шетіндегі казармаға тығылып, тасалап атысты. Қалаға кірген құр қол жұрт қаланы өртей бастады. Қала қаулаған өрт, қара түтінге айналды. Казарма жақ шеті болмаса, қала түгел көтерілген елдің қолында қалды. Шеткі үйлерге кіріп алып, болашақ хан Абдығапар бірсыпыра ақсақалдармен ас та істете бастады. Шулаған

көп қол соғысқа септігі жоқ, босқа шауып оққа ұшып жүр. Соғысып жүрген ылғи мергендер ғана. Тасаланып атысуға көшкен соң, Аманкелді Кейкі сияқты сұр мергендерді алып үйдің төбесінде, пештің тұрбасына тасаланып атысты. Сирек-сирек құлатып тұр. Таңертең басталған атыс, түс ауғанша тоқталмады...

Түс ауа Абдығапар Аманкелдіге кісі салды:

— Қайталық! Адамға тамақ, атқа жем жоқ кетейік...— дейді.

Аманкелді келген адамға ұрсып жібереді.

Соғыс көрмеген ел де, бірнеше адам оққа ұшқан соң, әрі құр қол соғысқа қатынаса алмаған соң, Абдығапардың «кетейік» дегеніне құлақ қоя бастайды.

Түс ауа туын тақымына қысып алып, Арғын жағының ханы Оспан Шолақов пен Ахмет, Қасымхан деген әскер басшылары қаладан шыға жөнелді. Оларға жалғаса босқа жүрген көп адамды ертіп алып Абдығапар қаладан шығып кетті.

— Қазармадан басқасын алдық. Қазарманы қаланың ішінде отырып аламыз. Бұлк етпендер!— деген Аманкелдінің сөзін тыңдамады.

Адамы өлгендер жылап-сықтап олар берекені алды. Қол тұтас қаладан шығып кетіп, қаланың ішінде тек мергендер ғана қалған соң, патша әскері олардың өзін орап алуға айналды: сондықтан жұрт ұзап болған соң мергендерін ертіп алып, атысқан бойы Аманкелді де қаладан шығып кетті. Патша әскерінің ұясы өртенбей қалды.

Аманкелді қуып жеткенде ақсақалдардың аузы, тіпті, қисайып кеткен екен. Барлық оққа ұшқан адамның жазасын Аманкелдінің мойнына аударып қойыпты:

— Аманкелді болмаса, Торғайға шабар ма едік. Торғайға шаппасақ адам өлер ме еді!?

Адам шығыны болған елдер Абдығапардың осы азғыруына еріп те қалыпты. Аманкелді келіп:

— Тоқтаңдар: бұл қалада бір құдық жоқ, осы қаланы орап алып отын-су бермесек үш күнде өзі қолға түседі,— деп еді, Абдығапар беттемеді.

— Енді елді қырғызып обалына қалатын кім?— деп ел жағына шыққансып, қамқорси қалды.

Шаршаған, аш, азырақ өлім көрген ел Абдығапардың сөзіне бой ұра берді: Аманкелдінің діңкесі құрыды.

Елдің аузы өзіне қарай бұрыла бастаған соң-ақ, Абдығапар көтерілісті тоқтатып, патшаның әміріне бой ұсынайық деген әнге басты. Мұны айтқанда ел қайтадан Аманкелдіге ауды. Осы керіспен Торғайдан алыстай берді.

Аманкелді қозғалыстың туын тіккен жеріне келіп, етек-жеңін қайта жинап жатқанда, алты болыс Арғынның ханы Шолақов «хандықтан түсіп», Торғай мен Ырғыз арасындағы стансаларды өртеп жүргенде қолға түскен 45 мың сомды алып, уезд начальнигіне өзі келіп, аяғына жығылыпты. «Жәнібек батырдың» туын көтеріп келген Ахмет, Қасымхан «батырлар» да туды сандыққа тығып, үйлеріне барып жатып алыпты. Ел көтерілген кезде бұға қойған болыс-билер қайта атқа мініп, 19 бен 31-дің арасын көгендеп жөнелте бастапты.

Арғын елінің көтерілісті тастап кетуіне сол өз елінен шыққан оқығандары — Ахмет, Мержақып, Сейтазымдардың «адал ақылдары» үлкен себепші болады. Қыс бойы қосыламыз, әне келеміз, міне келеміз деп жатқан екі болыс Наурызым елі де патша солдатымен бір ұшырасқаннан кейін шалқасынан түсіп, адамын бере бастаған. Ол елдің де «елге қамқор» ақсақалдары, билері әуелі көтеріліске қосылмақшы болып, Ахмет, Мержақыптардың ақылын алғаннан кейін, тізім саудасына кірген.

Бұл оқиға Аманкелді тобына, тіпті, қатты батты. Бұққан жыландар ысқырып, басын көрсете бастады. Бірдемеге тұяғы ілікпесе Абдығапар да елді ірітіп әкететін ыңғайы көрінді. Елдің байынан, ақсақалынан арылып, өңшең қарашаны оңаша топтауды Аманкелді білмеді. Дәл сол кезде кедей-орташаның ру жігін қиратып, байдан бөлініп оңаша топтана қоюы оңай да жұмыс емес еді. Сондықтан алды ыдырап, арты қопаңдап отырған жұртты қайта біріктіріп, қозғалыс туын құлатпау үшін қолданған әдіс — хан сайлау болды. Бұрын Аманкелді хан дегенді керек етпесе, енді онсыз болмайтын сияқтанды: Абдығапар хан болды.

Торғай соғысынан елдің көбінің беті қайтып келді. Алты болыс Арғынның бөлініп қалуы да жұрттың еңсесін түсіріп жіберді. Ол бес тудан көтерілісте қалғаны аз-ақ, көпшілігі адам беретін болып, тізім саудасы қайта қызды. Қара жұмысқа баруға іліккендердің біразы ғана

Аманкелдіге еріп қалды. Көтерілістің ішінде отырған болыс-билер де бас көтеріп:

— Есің бар адам едің, осы жұртты тоқтатып, патшаның жарлығын орындас,— деп, Абдығапармен сыбырға кірісті. Абдығапардың көтерілісті тоқтату қолынан келмейді, шын ниеті ыдырату болғанмен әрі елден, әсіресе Аманкелдіден қорқады. Осы шөре-шөреде екі жақты болып отыра берді.

Байлардан түгел құтылайық демегенмен «патшаның тілі болып отырған байлардың басын оңға қаратып алам» деп Аманкелді талай жұлқынды. Бірнеше байды ұстап, қамауға да салды. Жылқыларын сарбазға да бөліп берді. Бірақ одан әрі кетуге елдің ынғайы жібермеді. Бұл жөнінде Абдығапармен талай керіске де ұшырады. Абдығапардың күйеуі Мырза ишан Сатыпалды ишан балласы ханға арқаланып ашықтан-ашық іріткі сала бастаған соң:

— Құдалықпен кешкен күпің құрсын: мына күйеуің елді бүлдіріп барады, атып тастаймын,— деп ұмтылғанда, Абдығапар мен оның қасындағы кертартпа ақсақалдар айырып алып қалды. Мұндай керістер жиілене берді: патшаның тілі боп отырған байларды ұстаса да Абдығапар араша түседі, байлардан ат-тон алса да Абдығапар араша түседі. Ру ұйтқысымен отырған ел байына азу тие бастаса, сыр көрсетіп, қиқандай бастайды.

Бұлар осы жайда отырғанда Торғай күшейіп алды. Дәл осы кезде Торғайда бір полк Орынбор казак-орыстары, екі жүз Дон казак-орыстары, бір эскадрон гусар, бір эскадрон драгон, сегіз рота төтенше әскер, бес зеңбірек, қаланың өзінен мылтық асынған жүз елудей адам бар еді.

Осы күш — мыңға жақын адам, пулемет, зеңбірегімен қозғалыстың туын құлатуға аттанды. Аманкелді қасына біраз сарбаз алып, уезбен тілдесіп шетте жатқан байлардың тілін қырқып қайтуға келіп қалған еді. Сарбаздың аты арып, тоны тозып деген сияқты соларын толықтырып алу қамында жүр еді. Абдығапардың оң тізесінде отырған әлгі Мырза ишан қасында тағы екі бай бар Торғай тартады:

— Көтерілістің батыры Аманкелді алыста жүр, сарбаз әр жерде бытыраңқы, қазір шабуыл жасасаңдар оңоңай мұрындарынан тізіп аласыңдар,— дейді.

Құр қол сарбаздан енді қорқып отырған Торғай жоқ, күші кірген Мырза ишанды басшыға алып, жолға шыға-

ды: Торғай соғысында көтерілісте болып, енді тайып шыққан Арғын ақсақалдарының біразы ереді.

Аманкелді аз күнге қырға кеткен екі арада сарбаз арасындағы тәртіп те босаңси қалады. Арқасы кеңіген Абдығапар хан елдің арасындағы дау-шарды, кемпір назын бітіруге кіріседі. Сондықтан Торғайдан шыққан патша әскері көтерілген елдің ішіне кіргенше сезбей отыра береді. Әскер Торғайдан 120 шақырым жердегі «Құм кешуге» жақындағанда біліп қалып, алдын бөгеп бетін қайырмақшы болып, сарбаз сонда ғана шығады. Аманкелді жоқ, хан өзінің інісі Уәли Жалмағамбет ұлын «сардар» етіп жібереді. Ұбақ-шұбақ келе жатқан әскерге жақындап, сарбаздар қолма-қол араласқылары келген екен — зеңбірек атылады. Зеңбіректің даусын бірінші рет естіген сарбаздар апар-топар тұра қалады. Сонда жұрттың алдында:

— Ойбай, қырылдық... Қашыңдар, қашыңдар!..— деп далиып қашып бара жатқан әлгі «сардарбек» Уәли болды дейді.

Жұрт Аманкелді батырын осы арада қатты іздейді. Хабар тиісімен келіп жеткен Аманкелдіні сарбаздар қазқатар тізіліп, қара қасқа өгізді құрмалдық шалып, қарсы алады.

Аманкелді келісімен Абдығапарға:

— Солдат Торғайдан шыққанда-ақ хабарын білуге нағып болмай қалды? Әскердің шыққан хабарын тез жеткізгенінде соғысты туға әкелмей, далада салатын едік. Осы марғаулық кімнен болды,— деп ренжиді.

Ертеңіне «Доғал» үстінде қырғын соғыс болды. Бұл соғыста да қайрат істеген жалғыз Аманкелді, Аманкелдіге ерген мергендер. Ескі көңді, қамысты, Торғай табанын тасалап, мергендер тайынбай атысады. Құла даланы жаңғыртып, үсті-үстіне атылып тұрған зеңбіректен тайсалмайды. Зеңбіректі қорып, барлық оқты соның айналасына төгіп жатқан Аманкелдіні көріп, сарбаздардың буыны бекиді. Патша әскері талай рет шабуыл жасауға ұмтылғанда мергендер оқ жаудырып зеңбірекке, пулеметке қуып тыға береді. Қара дәрілі мылтықтың түтіні мергендердің жасырынған жерін ашып бере-береді де, пулемет бұларды қуады. Мергендер орын өзгертіп жүріп атысады. Не бары бес винтовка, 63 шиті мылтықпен не істей алсын, әйтеуір, шабуыл жасаттырмайды.

Бұл соғыста да көтерілістің берекесін алған Абдығапар хан. Зеңбірек бірінші рет атылғанда-ақ, ол қасында-

ғы ақсақалдармен қырға шығып кетеді. Сырғып бара жатқан ханды көрген сарбаздарға да іру кіреді.

Бұл соғыста 72 сарбаз оққа ұшады. Патша әскерінен өлген адамның дәл саны нешеу екені белгісіз, бірақ Торғайға қайтқанда өлген солдатты 18 шанаға тиеп, қара жалау тігіп қайтуы анық.

Патша әскері көтерілістің туын жыға алмады. Қалың сарбаздың қолынан келетін қайрат шамалы екенін білсе де, аз мергендердің өзін де ала алмады. Екінші құр қол сарбаздың өзімен қолма-қол келуді де қаламады. Ертеңіне патша әскері сарбазды қуып, көтерілістің туын жығуды былай тастап, Торғайға қайтып отырды.

Бұл соғыстардың бәрінде де қарсы алдында жүретін Аманкелдінің қызыл туы. Соғысатын Аманкелді мен мергендер. Егер Аманкелді атысып жатқанда, Абдығапардың ниеті адал болып қалың қолды тұс-тұсынан шабуылға қолма-қол соғысқа кіргізген болса, соғыстың нәтижесі басқаша болатын еді. Алғашқы соғыста Торғайды алып қоюлары мүмкін еді де, соңғы соғыста патша әскерінің шығыны молайып, біраз қаруын тастап қайтатын еді. Екі соғыста да Абдығапардың екіжүзді предательдығы жеңілуге әкеп соқтырды.

VI. ЕКІНШІ ҚЫР

«Торғай», «Доғал» соғыстары Аманкелдіге үлкен сабақ болды. Ең алдымен көп сарбаздың соғысқа кіре алмай, босқа оққа ұшып, оралғы болуын жою керектігін білді. Еріксіз қолма-қол келмесең пулеметі бар әскер маңына жуытпайды, сондықтан сарбазды бір жерге топтамай, әр жерге бөліп, тұс-тұсынан шабуыл жасату керек екен деген қорытындыға келді, патша әскерінің келетін жағы Торғай — бес туды бөске бөліп, сол бетке төкті. Әр тудың өзін жүзден, екі жүзден бөліп, сай-сайға жасырып, ықшам отряд жасады. Әр тудың басына сенімді батырларын белгілеп, жалпы байланысты күшейтті. Сарбаздың арасындағы хабарды «қанатты почтамен» жүргізді. Басқа бұйрық-жарлық әшейін пакетпен жіберілсе, соғыс жөніндегі бұйрықты жіберген пакеттің сыртына құстың қауырсынын тігіп жіберді. Бұл «қанатты почта» деп аталды.

Бұл кезде оның тығыз жөнге салғысы келгені: соғыс салмағын тек мергендерге салмай, қашаннан бері арман боп келе жатқан қолма-қол соғысуға қол жеткізу болды.

Сондықтан мергендерді басқарумен бірге, бір туды өзі бастап, қолма-қол соғысқа кіргізуге әзірленді. Барлық мың басыларына осыны міндеттеді.

Екінші қолға алғаны, іштен іріткі салып отырған байларға шабуыл жасау болды. Абдығапар қанша тартпақтаса да, неше түрлі қыр көрсетсе де болмай, патша әскерін ертіп әкелген Мырза ишан, Тілеуғабыл, Түйебай деген үш байды шауып алды. Көтерілістің ішінде отырғанмен көтеріліске қосылмай, кейбір дүдәмал мінездері болғандықтан Хакімжан Байдәулет ұлының үйін де шауып алды[1], Абдығапардың ыңғайына ауып бара жатқан мың басыларын жұлып тастап, сенімді адамдарды белгіледі. Байлардың есігінде жүріп еңбегін ала алмаған сарбаздардың неше жылғы еңбекақысын алып берді. Байлардың жылқысын айдап әкеліп, сарбаздың аттарын таңдап берді. Сарбазға алып берген атын өзі ұрлап әкеткен екі байдың мойнына арқан тағып масқаралап, бүкіл көтерілген елдің ішіне жетектетіп жіберді. Қысқасы, Аманкелді көтеріліске жаңа мазмұн беріп, арам отырған байларға шабуыл жасап, көтерілісті байлардан аршып, қалың бұқарамен қалу жолына түсе бастады. Абдығапарға Аманкелдінің бұл істері қайдан ұнасын, екеуінің арасы алшайып, керіс көбейе берді. Абдығапардың арамдығына көзі жеткен сарбаз түгел өз соңына ерген соң, Аманкелді қатты қимылдай бастады. Соғыс жайынан Абдығапарға атүсті ақылдасуды да қойып, шеттетіп жіберді. Әбден қамданып алып, жұртты түгел өзіне ертіп болған соң, Абдығапардан мүлде құтылуға ойланды. Абдығапар көтерілістің ішіндегі ақсақал, атқамінер, орнынан алып тастаған мың басылармен ғана қалды.

Аманкелді сарбаздың бетін енді дұрыстап көтеріліс екінші қырға аяқ салғалы тұрғанда патшаны тақтан түсірген хабар келді. Хабарды әкелген баяғы Байқадам Қаралдин, байтерегі құлаған соң енді жылт етіп көтерілген елдің ішіне кіре қойғысы келген екен. Патша құлаған хабарын әкеліп, «қуанған адам» болып, «охранканың жансызы», жанаралдың тілмашы, көтерілістің басынан бері істеген предатылдығын оңай жуа қойғысы келген екен. Патша чиновнигінің жаулығын Аманкелді ұмыта қойсын ба:

— Шауып тастайын сен арам итті,— деп Байқадамға тұра ұмтылды.

[1] Мұның адалдығына көзі жетіп, кейін мал-мүлкін қайырып берді дегенді айтады.— *Ғ. М.*

Патша тақтан құлапты дегенді естіп, патшаны құлатысқан өзі екендігіне қуанып тұрған жұрт Байқадамды өлтіртпеді. Байқадам аман қалып, Абдығапарға қосылды.

Қандасқан жауы құлап, тілегі орындалған жұрттың есіне енді тайынша-торпақ, қозы-лағы түсе бастады. Жеті ай иесіз қалып күйзелген шаруасының басын құрағысы келді. Қыс бойы шұбауда жүрген қатын-баланың да қамын ойлау керек, сарбаз үйін көруге ынтықты. Көтерілістен құтыла алмай жүрген Абдығапар да қайқайып шыға келеді:

— Ал жұртым, кеше хан сайлап едің, патша түсіпті, сендерді мен де тараттым,— деп еліне тартып отырды. Жұрттың үйін, шаруасын көргісі келген ыңғайын пайдаланып, қобалжығандарды бастап, Байқадаммен бірге кете барды. Ең аяғы мынау көтеріліс не берді, ендігі күн не болмақ, оны да сөз қылмастан кетті.

— Ал патша түсті, енді билейтін кім? Ол біздің жауымыз ба, жақтасымыз ба?— деп сұрайды Аманкелді Байқадамнан.

— Патшаны түсірген үкімет бізге жау болушы ма еді! Уақытша үкімет құрылды, ол әрине, достарың,— деді Байқадам.

Аманкелді бұған сене алмады:

— Патша түскені анық қой. Ал Уақытша үкіметің уақытша шығар... Қашан түпкілікті үкімет құралып, оның кім екенін білгенше, сарбазды түгел таратпаймын,— деді.

Бірақ патша құлағаннан кейінгі айлар «бостандық», «теңдік», «азаттық» деген у-шумен өтеді де, Аманкелді де сарбаз көпшілігін таратып, жүздең артық сарбазды ғана алып қалып, «Майдан тал» деген жерге орнығып, құлағы түрік, ұйқысы сергек жата береді.

Бұл екі арада Торғайда «Гражданский комитет» құрылды. Уақытша үкіметтің уездік комиссары Алмасов, «Гражданский комитеттің» бастығы Сейдазым Қәдірбаевтар Торғай уезін қолына алып, іске кірісті. Бұрынғы уезд бастығы Гаров те «жай адам» болып Торғайда тұра берді.

Алты болыс Қыпшақ елінің былтырдан бері қолында болған ақсақалдарын жинап Абдығапар «Торғай уезінің уақытша үкіметі сайланды». Хандықты олқы көріп, «мұсылман әмірі» атанғысы келген Абдығапар енді оны тастап «Райіс» атанады.

Оған керегінің өзі осы, дау-шар бітіруді Абдығапар бейшараның тым жаны сүйетін адам екен, былтырдан бері күйзелген шаруасын дау-шар қуғандардың мойнына артуға кіріседі.

Аманкелді Уақытша үкіметтің қасына да барған жоқ.

— Сендер кірген үкіметке мен сене алмаспын да, ене алмаспын да!— деп, Қаралдин мен Абдығапардан мүлде бөлініп кетті.

Алаштың «көсемдері» қазақ халқының көтерілісінде кеткен кегін Уақытша үкіметтің тұсында да тастамады. Торғайды билеп отырған Кәдірбаевтар, Мержақыптар әуелі көтеріліске қосылып, артынан бөлініп кеткен Арғын елінің байларына арыз бергізіп, көтерілістен болған шығынды Аманкелді мен Абдығапардан сұратады. Ол шығын төлене қалған күнде де Абдығапардың тиыны шықпайтыны белгілі, оғын қадаған адамы Аманкелді мен көтерілген қара бұқара болады. Көтеріліс бастықтарын Торғайға шақыртады.

Қасына он шақты сарбазын ертіп Аманкелді Торғай келді. Көтерілістің жау жүрек батырын көреміз деп қаланың барлық солдаты Аманкелдінің алдынан шұбырып өтеді: баяғы кек қалған, тек таңырқасқан сияқты. Бірақ алаш мырзаларының кегі қалмаған: «патша түсті, бостандық болды» деп жүрген мырзалар патшаны түсіріскен Аманкелдіге сот құрады: «Бұзақы Аманкелді бастаған көтерілістен ауыр шығындаған момын Арғын еліне көтерілістің бастықтарынан 700 мың сом төлеу төленсін»,— деп, Уақытша үкімет үкім шығарады. Аманкелдіге, оның бірнеше жолдастарына 14 жыл түрме кеседі.

Әрине Аманкелді бұл шығынды төлеген де жоқ, түрмесіне барған да жоқ; кесімге пысқырып та қараған жоқ, сарбаздарына келіп жата берді. Сондықтан ол кесім Торғай облысының Уақытша үкімет комиссары Бөкейхановқа барып түсіп, Аманкелдіні Орынборға шақырды.

Бөкейхановтың алдында мынадай оқиға болыпты:

Даушылар Бөкейхановқа арызын айтып отырғанда, Аманкелді:

— Патшадан қорықпай көтерілген ел, сендерден қорқып шығын төлейді деп отырған ит-ақ екенсіңдер, түге!— деп, сөйлеп отырған даушы Мұхамбетжан Бүркітов деген байдың алқымынан ала түскенде, байдың жалбағайы қақ айрылады.

— Тоқта! Бұл сенің бұзақылық істеп, төбелес салатын далаң емес!— деп, Алихан ақырғысы келеді.

— Үкімет болсаң әділ сот айт, болмаса естімеймін!— деп Аманкелді шақшияды.

Аяғында Аманкелдіден беті қайтқан Бөкейханов 700 мыңның орнына 65 мың кесім айтып жібереді, түрме дегенді аузына да ала алмайды. Уақытша үкіметке іші жылымаған Аманкелді еліне қайтып, жақын елдердің сарбазын бірінші айғайға жиналатын етіп бір ыңғайлайды да, тағы да мылтықты қолға алатын кезең жақын екендігін сезіп, жаз бойы осы күтінумен болады.

17 жылы 2 апрельде алаш көсемдері Торғай облысының съезін шақырып: «Уақытша үкіметке жәрдем беріп, жаңа құрылысты нығайту үшін және учредительный собраниеге жұртты бастап апару үшін жер-жерде гражданский комитет сайлансын»,— деді. Торғайда уездік гражданский комитеті сайланып, басына Қәдірбаев отырады, Уақытша үкіметтің уездік комиссары Алмасов болады. Комитеттің мүшелері Қаралдин, Абдығапарлар болып, байлар комитеті құрылады. Июльдің 21-інде Орынборда жалпы қазақ съезі шақырылып, болашақ автономияның беті қандай болу керектігін белгілейді. Торғайға алаштың жігіттері жиналып, үкімет болмағанмен үкіметтің құрысқанына жарамсақтанып, даурыға бастайды. Ел ішіне келетін жалғыз «Қазақ» газеті:

— Ендігі жерде елдің тізгіні алашорданың қолында, ұзамай автономия аламыз, ендігі үкімет сол болады,— деп шатады. «Қазақ» күнбе-күн учредительный собраниеге алаш атынан сайланған адамдардың тізімін жариялап отырады. 17 жылдың аяғында II жалпы қазақ съезін шақырып: «Енді автономия болдық, бірақ... Үкімет екеніміз заманның жайына қарай кейін жарияласын»,— деп тарайды.

Октябрьдің 21-інде Торғайда «Жамбосын тұқымының сайлауы» болды: Торғай уезінің земский управасы сайланды. «Жамбосын тұқымының сайлауы» деп атанған себебі, Жамбосынов Абдысалық земский управаның мүшелігіне өтеді, Жамбосынов Абдығапар тексеру комиссияның бастығы (әрі гражданский управаның мүшесі «Райіс»), Жамбосынов Садман Торғай облысынан учредительный собранияға гласный депутат болады. Управаның бастығы Қорғамбек Бірімжанов, мүшелері Байқадам Қаралдин, Шайқы Құлжанов тағы басқалар («Қазақ», 253-саны).

Бұл үкіметке Аманкелді қатыспайды да, бағынбайды да. Елден алым-салық жинай келген ауылнайларды, даушар бітіріп жүрген болыс-билерді ылғи қуып жібереді. Абдығапар «Райіс» та Аманкелдінің маңына жуымай, алыстан қашып жүреді.

Октябрь революциясының хабары құлағына тиген соң Аманкелді Торғай келеді. Торғайда Токаров, Асауов, Қойдосов (Қанапия), тағы басқа большевик тілегіндегі адамдарға қосылып, бұлар «Жұмыскер комитетін» құрады. Бірақ ел билеу тізгінін түгел қолға алып болған көп управа, көп комиссиялар бұларға өмір сүргізбейді. Жартымды өмір сүре алмаған соң комитет үйірмеге айналады. Осы үйірмеде жүріп Аманкелді «большевик», «Совет үкіметі» дегеннің не екенімен танысады. Бірақ жолға қойылмаған үйірменің «оқи беретіні бір-ақ кітап, бітіріп отырғаны әншейін әңгіме». Аманкелді сарбаздарының ортасына кетіп қалады. «Бірдеме болса хабар берерсін»,— деп бір сарбазын Торғайға, үйірмемен арадағы байланысқа тастап кетеді.

Пролетариат революциясының хабары да оған дұрыс жете алмайды. Қолына түсетін жалғыз «Қазақ» газеті Октябрь революциясымен жұртты былай таныстырады:

«...Қылмысты бұзақылар түрмеден босанып алып большевик туын жамылып, забастовкашылардың тобын көбейтті... Осындай бұзақылар большевиктің етегінен ұстап, Октябрьдің аяғында Петерборды алып, министрлерді аристке салды. Үкімет басына Ленинді отырғызды. Петербор көшесін қанға бояп, бүкіл Ресейге өрт жіберді... Учредительный собраниені болдырмай тастады» («Қазақ» 248-саны).

«Қазақ» газеті большевиктерге өшіккен сайын Аманкелді большевиктерге қосылуға құмарланды. «Қазақ» газеті Аманкелдінің өзін де «ұры, қары, бұзақы» деп баққан, большевикті қайдан мақтасын — «Қазаққа» Аманкелді сенбейді: большевиктің байға, төреге, ақсүйектерге қарсы екеніне көзі жетті.

«Қазақ» газеті «большевиктерді бітірдік, сүйінші!»— деп, жанарал-атаман біткенге құттықтау айтып жаз бойы даурығып келеді де, 17 жылдың күзінде «Қалай болар?» деген, газеттің бір бетін алған бас мақала бас-

ты. Онда жазғаны: «Большевик орталықты түгел алып болып, бүкіл Ресейді алып келе жатыр; біздің күніміз қалай болар?»— депті, «Алашорда».

Осы хабарды сарбазына таратып, анда-санда алыстан ызындап келетін майдан хабарына құлағын тігіп, әзірленіп жата берді...

VII. БАТЫР-БОЛЬШЕВИК

Орынбор қаласы кеңес үкіметінің қолына көшкеннен кейін, Жанкелдин жолдастың телеграмымен 18 жылы февраль айында Торғайда совдеп құрылды. Управалардың күйі кете бастаған соң байшыл оқығандар, байлар бұл үкіметті де қолға алуға тырысты. Управаларды жоймай, ол управаларға бірі бастық, бірі мүше бола отырып, совдепке жармасты. Партия басшылығы келіп жете алмаған, пролетариат ұясы жоқ, елі бытырап жатқан таза көшпелі Торғай уезінің совдепін тағы байлар басып қалды. Советті жақтайтын бірлі-жарым ғана адам болмаса, үкімет басына байлар отырып алды: Советтің бастығы Байқадам Қаралдин, мүшелері Абдығапар Жамбосынов, Шайқы Құлжанов, тағы тағылар болды. Қаладағы азғана советшіл адамдар мен сарбаздарының тізесімен Аманкелді Иманов уездің соғыс комиссары боп сайланды. Марттың аяғы, апрельдің басында Жанкелдин жолдас Орынборға Торғай облысының совет съезін шақырып, Торғай «Совдепі» түгел барды. Торғай совдепі сол облыстық съезде бекітіліп жіберілді. Облыстық съездің өзін де байлар басыңқырап кетіп, көп мәселені аяқ астылау қылғанмен, әйтеуір, Совет үкіметінің ұрандары жұрттың құлағына ілікті. Ырғыз коммунистері съезде сөз көтеріп, Уақытша үкіметтің Теміров, Алмасов сияқты комиссарлары мен Алашорданың басты адамдарын съезден айдап шықты. Съезге совет рухын берген де сол Ырғыз большевиктері болды. Бірақ Байқадам, Абдығапарлар съезден қуылмақ түгіл «Совдеп» болып бекіп қайтты. Адалын айту керек, оларға управалығынды таста деп қыстаған да ешкім болған жоқ. Олар, әрі негізгі үкіметі управаларын бір сақтап қалса, әрі кейбір аңқау большевиктердің көзін бояп, «совдеп» болып алды.

Бірінші рет шақырылған совет съезінің жалпы маңызы үлкен болғаны, қазақ халқына совет ұрандарын таратқаны даусыз, бұл өз алдына мәселе, ал енді Аманкелді мен Торғай совдепіне тиген әсері осы болды.

Аманкелді Торғай облысының совет съезінен келісімен-ақ соғыс жұмысын қолға алды. Торғай қаласындағы барлық қару-жарақты өзінің қарауына алды. Соғыс құралының складын ашып, өзінің он шақты әскерінен басқаның бәрінің мылтығын сол складқа тықты. Өзі сенген адамнан басқаға бір құрал қоймай сыпырып та алды, бермеді де.

Ал, Торғай «Совдепі» былыққан бірдеме болды. Мәселені совдептің атымен, управалардың жолымен шешеді: «Совдеп» деген бір бұрыш бар, совдеп бастықтары оған жоламайды, управаларында отырады. Тиімді келіп қалса совдеп боп, тиімсіз келіп қалса управа боп Байқадам, Абдығапарлар отыра береді; оларға әр үкіметтің адамы болғанның өзі қолайлы шаруа боп қалды. Абдығапыр уақытша үкіметтің «райысы», совдепте мүше — жер бөлімін басқарады, земский управада — тексеру комиссиясының бастығы, ел қазағы осынша тізгінді қолына ұстап отырған Абдығапарды тура «тоғыз болыс елдің патшасы» деп атады.

Жазған Аманкелді бұл сияқты совдеппен де келісе алмады. Бұл кезде Кәдірбаев, Алмасовтар кетіп, ордасының маңайына жиналған; олардың «үкіметін» алып қалған Бірімжанов, Қаралдиндер, Абдығапарлар, солардың жолынан бір тайған жоқ. Қалың бұқараның мұңы әлі баяғыша шешіледі; совдептің жолы басқа еді, Торғай «совдепі» Байқадам, Абдығапарлардың жолымен кетті. Ертеңгі күннен қорқып, Аманкелдіге ештеме дей алмайды, бірақ совет жолына да түспейді. Аманкелді бұлармен тағы ұстаса кетті. Байқадам мен Абдығапардың шешкен мәселесін ол өзінше қайта шешіп, қолмақол орындатып жүрді. Олардан тізгінді түгел алып кету үшін, бұл баяғы сарбаздардан партизан отрядын құра бастады.

Сол екі арада Орынбордан қуылып шығып, қайта күш жинап жүрген атаман Дутов Торғайға келді: 300 шамалы әскері бар, бірнеше пулеметі бар.

Аманкелді Совдеп бастықтарына:

— Ал, мынау ата жауымыз атаман Дутов келіп қалды, соғысамыз ба, совдепті бір жаққа алып кетеміз бе, қайтеміз?— деп еді, өздерінің совдептігі шамалы екенін жақсы білетін Байқадам мен Абдығапар бұлк етпеді. Өздеріне тимейтіндігіне сеніп, Дутов келе жатыр екен деп қауіпсінбеді. Сондықтан Аманкелді қаладағы бар қаруды артып алып, өзінің сенімді сарбазының ішіне

кетті. Торғай «совдепі» болып отырған Байқадам, Абдығапарларға Дутов ең аяғы ұрысқан да жоқ, бірге дәмдес болып, бір айдай тыныгып, күшін жиып алып кете барды. Жалғыз айтқаны:

— Жақсы адам екесіңдер, «совдеп» деген бойларыңа ар, тастаңдар,— деді.

Аманкелді қалаға қайта келгенде, Дутовтан «тәртіп» алып қалған Байқадам, Абдығапарлар Аманкелдімен ашық күресуге бел байлап отыр екен; Аманкелдіге партизан отрядын жасатпай көзін жоюға ұйғарып қойыпты.

Бұл ұйғарындыға тезірек келіп қалуға мынадай нәрселер түрткі болады: Аманкелді елде партизан отрядын құрып жүргенде, Абдығапардың талай былықтарын ашады. Талай биліктерін бұзып, байларға эперген кедейдің малын қайтарып береді. Баяғы Мырза ишанға Абдығапар бір кедейдің екі түйесін алып берген екен, оны қайтартады.

Абдығапар, Ахмет-сапа Жүсіп ұлының дауымен үш кедейді тұралатып жатқан үстіне Аманкелді келіп қалып, Абдығапарды отырған үйінен қуып шығарады. Далада тұрған Аманкелдінің жігіттері Абдығапарға тас атады. Абдығапардың параға алған малдарын ұстап алады. Абдығапардың істеген биліктерін бұзады. Сондықтан елдің байлары Аманкелдінің үстінен управаларға арыз жаудырады:

— Сіз шешіп кетіп едіңіз, Аманкелді кесіп кетті,— дейді.

Абдығапар «Қызыл жыңғыл» болысына барып Төленов Әжібек дегенді болыс сайлап кетеді. Аманкелді ол сайлауды өз қолымен бұзып, «болыстық совдеп» сайлайды да басына бұрын сарбаз болған Ақмолда Нұрқамысовты отырғызып кетеді. Абдығапар кәдуілгі болыс сайласа, Аманкелді болыстық совдеп құрады. «Қайдауыл» болысында да осыны істеп, Абдығапардың сайлап кеткен болысы Сейткерей Бектасовты қуып жіберіп, болыстық совдеп сайлайды. Байқадам мен Абдығапарға совдептің атын пайдаланып, жолын бұрмалауға жібермеймін деп, алысып жүреді. Мұның аяғы әрине үлкен керіс болмасқа, жаулықты күшейтпеске амал жоқ, Аманкелді қайтып келгенде, Байқадам мен Абдығапар оның көзін жоюға ұйғарып қояды.

Осы керістің арасына адам жүріп, Абдығапар мен Аманкелдіні татуластырмақшы болады. Абдығали Бал-

ғымбаев дегеннің үйіне бас қоспақ болып, Аманкелді 4—5 жігітімен келіп отырғанда сырттан:

— Сақтан, сақтан!— деген айғай шығады.

Аманкелді мылтығын алып шыға келсе, бұрынғы уезд бастығы Гаров, Шайқы Құлжанов, Ахмедия Жүсіпов, тағы басқалар бастаған топ қолдарында мылтық, үйді қоршап келіп қалған екен. Аманкелді атына мінгенше даладағылар оқ жаудыра бастайды. Аманкелдінің бір жолдасының аты оққа ұшады. Аманкелді шауып шыға келіп, мылтықты басып-басып жібергенде, қамаған топ жан-жаққа қашып, әр үйге кіріп жоқ болады.

Байқадам, Абдығапармен ұстасудың аяғы осы қамауға әкеліп соғады.

Аманкелді қалада арқа сүйеу етерлік мықты ұя жасай алмай, Торғайда қол ұстасып отырған байлар мен офицерлерге қарсы тұратын күші болмай, тағы да өзі сенетін сарбазының ортасына кетеді.

18 жылы декабрьдің 20 күні, қасында отряды бар Ырғыз коммунистерінен біраз адам ертіп, Торғайға Жанкелдин жолдас келді. Бұл кезде Аманкелді 60 шақты партизанның басын құрап, қаланы өз қолына алуға әзірленіп жүреді. 25 адаммен Жанкелдиннің алдынан шықты. Қалаға кіргенше Әлекеңді оңаша алып, жаз бойғы оқиғаны айтып келді.

Әлекеңмен келген Ырғыз коммунистері 13 адамнан партия ұясын жасап, Торғай коммунистеріне басшылық етуді Ырғыз укомының мойнына жүктеді. Аманкелді ең алдымен партияға кірді. Әлекең Аманкелдіге бірталай күш те берді: екі пулемет, оны атуға жиһангер соғысында қолға түскен Лидият, Жамал деген екі түрік офицерін қалдырды. Отрядынан біраз адам берді. Қаладан біраз адамнан партизан отрядын құрды. Бұл жағынан қарағанда Торғай да едәуір нығайып кетті. Ең керекті нәрсе — совдеп тазаланбады. Алашордашыл Қәрім Тоқтабаев Байқадам мен Абдығапар арқылы совдепке кіріп кетіп, Аманкелдінің жәрдемшісі болып алды.

VIII. БОЛЬШЕВИКТІҢ ӨЛІМІ

I

«Алашорданың» сүйенген бәйтеректері бірінен соң бірі құлай берді. Автономия береме деп дәме еткен Уақытша үкімет жасына жетпей, жалп ете түсті. Самараға келіп орнаған «Учредительный собранияның комитетімен» шарт жасап, автономия болмағанмен автономияның құйрығы секілді бірдемеге жармаса беріп еді, ол қолдан жылп етіп шығып кетті. Ол комитеттің өзі де құлап қалды. Қолчактың соңынан қуман алып жүгіріп көріп еді, ол да жүре тыңдады. Орталық жалпақ Ресей большевиктер қолында. Дутов пен Анненков өздері құрығына түсіп жүр. Қолчактың өзі де қалт-құлт етіп, күн санап отыр. Орынбор, Самара, Орал аймақтарын да Қызыл Армия алып қойды. «Алашорда» быт-шыт боп, әр жанаралдың қанжығасында кетпеске амалы қалған жоқ. Табан тіреп, арқа сүйерлік «байтерек» қалмады.

«Қалтылдап қайық міндік еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ.
Жел соқса, дауыл қуса жылжи беру,
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ...»

Міне, алаш үкіметінің шын халі осы еді. Революция дауылы қалай қуса, солай қарай «жылжи» беретін халге әлдеқашан жеткен.

Бірақ «Алашорда» большевиктермен алысу үшін ешбір қара күштің аяғына жығылудан арланған жоқ. Большевикке қарсы күштің бәрінің құйысқанына қыстырыла берді. «Ойыл уалаяты», Орынбор, Орал казак-орыс жанаралдарымен қол ұстасып, «Жаңа Семейдің шетінде отырған «Орталық Алашорда үкіметі» колчакпен шарт жасасып, Совет үкіметіне тұс-тұсынан жабыла бастады. «Алаш» полктері майданға шықты. «Алашорда» бейбіт елді талан-таражға салған бандылардың ордасына айналды.

Торғай облысындағы большевиктерді құртуға «өжет полковник» Мержақып Дулатовты алып, Ахмет Байтұрсынов өзі аттанды: қасында Орынбор, Қостанайдан қуылған «Алаштың қырық төресі» бар, 40 шамалы әскері бар беті Торғай, адал ниеті шет жатқан Торғайға барып бес күн болса да «Алаштың» шаңырағын көтеру.

Бірақ Торғайда атақты батыр-большевик Аманкелді

отыр. 300-дей партизаны бар. Байқадам, Абдығапарлар отырған Торғай «совдепі» бөтен емес, ал Аманкелдіден үміт етуге болмайды. Жалпы фронттан бір бүйір жатқан Торғайды қолға түсіріп ала қойса, өріс кеңір еді, Аманкелдіні қалай аларсын? Өзіңді алып қойса қайтесін? Осы қорқыныш Байтұрсынов, Дулатовты ілгері аттатпады. Байтұрсыновтың туған елі «Тосын», Дулатовтың туған елі «Мадияр», Кәдірбаевтың туған елі «Өтей»— бәрі қанаттас отырады. Осы елдердің байларына арқа сүйеп, «Қоңыраулы» деген жерге келді де тоқтады. «Қырық төре» бас қосып, Аманкелдімен соғысуға бата алмай, екі-үш ай күрмелді.

Ол екі арада саяси хал тіпті өзгеріп кетті. «Алаш» ақтық үміттен айрылды. Қызыл Армия барлық майданда жаппай шабуыл жасап, ешбір жанаралды бет қаратпай кетті. Сондықтан бұл топ айла-шарықпен жан сақтап қалу үшін, алысқан жауы большевиктердің аяғына жығылу әдісін мақұлдады. Большевиктердің аяғына жығылғанда, бұларды күнәсіз етіп көрсететін елші керек. Ол елші Байқадам, Абдығапар, Қәрім Тоқтабаев отырған Торғай «совдепінен» артық кім болады?! Олар бір Аманкелдіні нағып алдай алмайды? «Алаш», «Торғай» совдепіне хабар салды:

— Совет үкіметіне бағынамыз... Бізді Торғайға кіргізіңіз... Сеніңіз... Совет үкіметінің аяғына жығылғанымыз осы болсын...— деді.

Байқадам мен Абдығапарлар бұл хабарды құшақтай жығылды. Аманкелді жалғыз өзі қарсы болды.

«Алаш» мырзаларының хабарын алған соң-ақ Аманкелді «Алаштың» алдын тостырып отряд жіберді. Никита Завалишин — командир, түрік офицері Идият — пулеметчик, отряд «Алаштың» алдына көлденең түсіп, жатып алды. Аманкелді партизандарын жинап, «Алашпен» соғысуға әзірленді. Олармен достасып, Торғайға кіргізу дегенге баспады, олар шын ниетімен Совет өкіметіне беріледі екен дегенге сенбеді.

«Алаш» пен «Совдептің» арасында қатынас күшейе бастады. «Қелісім жайындағы» почта ат құрғатпады: совдеп бастығы Байқадам мен Абдығапар қай жөнмен болса да «Алашты» Торғайға кіргізгісі келеді.

«Совдеп» пен «Алаштың» түтіні бір екенін әлдеқашаннан білетін Аманкелді сөйлесуді өз қолына алды:

— Торғайға кіргізем, бірақ «Алаш» барлық қаружарағын күн бұрын әкеп тапсырсын, екінші әскерін та-

ратып жіберсін, сонсоң кіре берсін,— деп өзінің «жәрдемшісі» Қәрім Тоқтабаев пен сенімді жолдасы Қияқпай Уркенбаевты «Алаш» штабына жіберді. Қәрімге онша сенбейді, Қияқпайға түгел сенеді. Оған «Алаштың» қанша күш-құралы бар екен, біліп кел деп тапсырды.

«Алаш» Аманкелдімен сөйлескен боп, жауап қайтарып, ұзақ сонарға салып жатады да, Байқадам, Абдығапарлармен қосылып Торғайға қалай кіруді жоспарлай береді. Әлдеқалай заман болар деп, бай балаларынан әскерге адам алып, күш жинады. Торғай-Ырғызды алып, Ақтөбе фронтына бүйірден келіп тиісеміз деп Колчактан күш сұрады. Екінші жағынан, Аманкелдінің жіберген екі адымының асты-үстіне түсіп, сыйлады: киім-кешек, қант-шай, кездеме берді. Қәрім бара сала-ақ ұясын тауып, «Алаш» штабына кіріп алды да, Қияқпай қайтып келді:

— Алашқа сенбе,— деді Қияқпай,— барғалы менің басымды айналдырып дүн-дүние беріп, өз адамы еткісі келді. Совет болғысы келген алашты көре алмадым. Олар алдайды, қапы болмайық,— деді. Аманкелді еш уақытта «Алашқа» сенетін ойы жоқ адам, отрядын күшейте берді.

Аманкелді соғысқа әзірленіп жатса, Байқадам мен Абдығапар бастаған «Совдеп» «Алашпен» әлдеқашан келісіп қалды. «Совдептің» көпшілігі өздері, Аманкелдіні баса-көктеп болсын, алдап болсын, әйтеуір, «Алашты» кіргізуге сөз байлап қойды. 19 жылы марттың 20-сы күні Байқадам Ташкентке, Орынборға «Совдеп» атынан мынадай телеграмды жіберіп те қойды:

«Алаш» делегаттары келіп Совет өкіметіне қалтқысыз бағынып отыр. Алашорданың жауапты өкілі Байтұрсынов қасында үш жолдасы бар. Сондықтан барлық қазақ облыстарын біріктіру үшін, бірге қосылып іс істеуді мақұлдаймыз...

Қаралдин[1].

Торғай «Совдепі», барлық қазақ бірігіп, қазақтың Совет берген автономиясын құратын болдық, деген әңгімені тым қатты қолға алады. Тура совет жолына «түсе» қалады. Аманкелдінің «Алашты» Торғайға кіргізбей отырғаны қазақ елінің советті республикасын құру-

[1] Қазақстанның Орталық архиві, № 3 іс.

ға бөгет болып отырғандай етіп көрсетеді. Бұлар Совет үкіметін құрайын деп жатса, Аманкелді қарсы болып отыр деп «дәлелдейді». Аманкелдінің өзіне де «Осы, мен Советке қарсы іс істеп отырмайын?»— деген ой келеді. Оның үстіне онда-мұнда «Алашты қаруымен Торғайға кіргізбеймін» деп телеграмм берсе, ешкім сенікі дұрыс деп, мұны қолдамайды. Сондықтан Аманкелді отрядын күшейте берумен қатар, «Алашпен» арадағы келісімнің аяқталуына да кедергі жасамады.

Торғай «Совдепінің» екіжүзді предательдігі мен Аманкелдіні жоғарыдан жақтаған ешкім болмағандықтан «Алаш» Торғайға кіретін болды. Сол кезде Советті Қазақстан құрамыз деп жүрген кейбір «большевиктер» Торғай қаласы мен ондағы азғана партизан отрядын талтүсте «Алашқа» ұстап беріп отырғандырымен ісі болмады. Қазақтың Советті республикасын «барлық қазақ оқығандары болып жасаймыз» деген ұлтшыл-либералдық істеді...

* * *

«Алаш» Торғайға кірді. Бастап келген «Алаштың қырық төресі»— Байтұрсынов, Дулатов, Қәдірбаев, Аспендияр Қенжин, Сәлімгерей Қаратілеуов, Елдес Омаров, Қырымгерей Сейдалин, Қәрім Тоқтабаев, Телжан Шонанов, Тел Жаманмұрынов, Абдолла Теміров, Омар Алмасов, Есполов, Мұзапар Қасымов, тағы басқалар, 400-дей әскері бар, қару-жарағы бойларында, Қызыл ту тіккен Аманкелді штабының тап қарсысынан ақ туын тігіп «Алаш» штабы орнады. Байқадам Қаралдин мен Байтұрсынов Совет үкіметін «құрысуға» ендігі жерде автономияны большевиктерден сұрауға Әлекеңмен бірге Мәскеуге жүріп кетті де, басқалары түгел Торғайда қалды.

«Алаш» келісімен-ақ «ой, бауырымдап» Аманкелдіге құшағын жайып еді, ол құшақтаса қоймады.

— Қан ішер, қара талақ жабыстың-ау келіп... Айрылысуымыз қалай болар!— деп, күні-түні күзетті күшейтіп сақтана бастады.

Аманкелді, сірә, құшақтаспайтын ыңғайы байқалған соң «Алаш» екінші қақпан құрды:

— Ендігі жерде бәріміздің тілегіміз бір — Совет үкіметі. Ал, мына партизандарың мылтық атудан басқа соғыс ғылымын білмейді екен, біздің ысылған ко-

мандирлеріміз ойнатсын, үйретсін... Бірдеме болып қалса Советті бірге қоримыз, отрядты үйретіп қояйық...— деді. Тоқсан толғанып сақтанса да бұл қақпанға Аманкелді түсіп қалды. Алаш офицерлері партизандарға «соғыс ғылымын» үйрете бастады. Аманкелдінің қанша күші бар, қару-жарағы қандай, барын біліп алды. Партизандар арасында Аманкелдінің беделін түсіре бастады.

Қәрім Тоқтабаев келісімен-ақ Аманкелдіге «жәрдемшілікті» күшейтіп әкетті.

— Ендігі жерде тілек бірікті. Советті бірге құрамыз. Әлекеңнен хабар келген соң, «Алаш» әскері сіздің қарауыңызға көшеді,— деп ішке кіре бастады. Партизандарға бас-көз болуды күшейтті. Сөйтіп жүріп, ең алдымен Аманкелдінің екі пулеметшігі — түрік офицерін «Алашқа» қосып алды. Ендігі жерде Аманкелдінің екі пулеметі өзін ататын болды.

«Алаш» бастықтары екі ұлттың басын бір жерге қоса ма, түрткілеп жүріп қала орыстарынан құрылған партизан тобына ірткі салды. Оларды үйрету де жоқ, өздері үйді-үйінде жатады, бірте-бірте Аманкелдіден алыстата берді. Көбі қаланың мещаны, «қара қазақ» Аманкелдіден «оқыған алашты» жоғары санап, Аманкелдінің «қысымынан» құтылуға қуанғандары да болды. Көбі мылтықты төсектің басына іле тастап, шаруаларымен болып кетті. Қызыл штабтың жайы не болып жатқанымен жұмыстары да болмады.

«Алаштың» ықпалы күшейді. Ел байлары күні-түні қалаға ағылды. Ел жұмысын «Совдеп» пен «Алаштың» атынан Мержақып, Абдығапарлар шешеді. «Совдептен» күдер үзген кедейлер қалаға жуымайды, кедейдің дауы да жоқ, Аманкелді тек штабының айналасында ғана қалды. Іштен-тыстан Аманкелдіні айнала қоршап, заговор күшейді.

Ырғыз большевиктері өздері майданда жүріп, Торғайға түк басшылық бере алмады. Өз ішіндегі бір күн әрі, бір күн бері қашып жүрген контрларымен алысудан босай алмады.

Совдепті қолына тұтас алып қалған Абдығапар «Алаш» келген соң Аманкелдіден бұрынғы қорқуды қойып, ел ішіне неше түрлі қылмысты орната бастады. Ат-айғыр, ішік, кілем, түйе Абдығапардың маңайына үйіле берді. Бір жағынан «Алаш» штабымен күресе, екінші жағынан, Абдығапардың ел ішінде істеп жүрген

қылмыстарымен күресем деп Аманкелдінің күші екіге бөлінді.

Бұл екі арада Абдығапармен мынадай бір соқтығыс тағы болып қалды. Аманкелді өңешіне тұрып, жол бермеген соң, Абдығапар:

— Оны өлтірем, оның отряды болса, менің де арқа сүйерім бар, енді аяғын байқап бассын,— деді. Осыны естіп Аманкелді Абдығапар пәтеріне барса, қасында үй толы ақсақалдары бар Абдығапар жұрттың көзінше Аманкелдіге:

— Көзіңді жоям,— дегенді тағы айтады. Аманкелді Абдығапардың қарабин мылтығы мен қылышын табан аузында тартып алады да:

— Ендігәрі Совдептің маңайына келіп көр, көзіңді жояйын!— деп шығып жүре береді. Абдығапар ойбайлап алашқа барады.

Осындай жайда отырғанда Ақтөбе фронты Торғай партизандарын майданға шақырады. Аманкелді дереу «Алаштың» штабына бұйрық береді:

— Майданға аттанамыз. Әзірленіңдер,— дейді. Жарым-жартысы елде, жарым-жартысы Ырғыз-Қостанай жағында барлауда жүрген партизандарын жинатуға кісі шаптырады.

«Алаш» штабы большевикке жәрдем беруге барсын ба, соғыс кеңесі Дулатов, Кенжин, Қаратілеуов, Шонанов, Алмасов, Есполов, Омаров, Қасымов, Тоқтабаев жиналып Аманкелдіге былай жауап береді:

— Осы Торғайдың өзін қоруға көп күш керек. Біз ертең қазақ автономиясын құрысатын адамдармыз. Жанкелдиннің тапсыруы бойынша жалпы қазақ съезінің программасын жасап жатырмыз... Оны жасамасақ Мәскеудегі үлкен үкімет ұрсады. Майданға сен де барма, біз де бармаймыз... Бәрін қойып, қазақ автономиясын құрайық,— деді.

Бұлардың жайы көрінген соң, Аманкелді фронтқа өз партизандарын алып кетуге әзірленеді. «Өз күшімді бір жинап алайын, сонан соң бұл қалада кім отырар екен»,— дейді ішінен. Былай шығып алып, алашқа майданға жүр деп ультиматум беріп, оған көнбесе соғыс салмақшы болады. Оның үстіне Қостанай жақтан қызыл партизандар келе жатыр деген хабар алып, соны күтеді. «Алашты» құрту жоспарын жасай бастайды.

Аманкелдінің беті теріске айналғанын сезіп, алаш

штабы да бас қосады. Қару-жарағымен, партизандарымен Аманкелдіні аман жібергілері келмейді:

— Ол партизанымен бөлініп бір шықса, өзімізге шабатыны анық. Оның үстіне екі пулеметін де алып кетеді,— дейді, Аманкелдінің сырын жақынырақ білетін Кәрім Тоқтабаев.

— Қостанай жағынан Таран отряды келе жатыр. Оған қосылып алса, сол сағатында бізді тұтқынға алады,— дейді разведканың бастығы Алмасов. Осы кеңесте күні ертең Торғайда переворот жасауға қаулы қылады.

Переворот жоспары былай: ертең «пасха»: онсызда біразы іріп болған орыс партизандары ертең арақтан аузы босамайды, майданға жүреміз деп, тіпті, іше түседі. Екінші, Аманкелдінің жан-жақтағы партизандары келіп жете алмайды; үшінші, Аманкелдінің казармадағы партизандарын таңертең ойынға алып шыққанда қуралсыз шығарып, казармадағы қуралды жинап ала қоямыз. Төртінші, екі пулеметчик біздің адам, пулеметтің аузын Аманкелдіге қарата қоямыз... Осымен іс бітеді...

Соғыс кеңесі Дулатовтың осы планын мақұлдады.

II

Аманкелді түн бойы штабта болды. Партизандарына майданға жүрудің жайын айтып, өз білгенінше үгіт жасады. Киім-кешек, қурал-саймандарын тексерді. Жігіттер ширақ, кеңес үкіметінің жолында жанын қиюға құлшынып отыр. Мылтықтың жайын түгел үйреніп алыпты. Пулеметші түрік офицерлеріне осы екеуін бір айда пулеметші етіп шығар деп екі жігіт қосып берген еді, көңіл қалдырған сол екі жігіт болды. Пулеметтің атуын ептеп үйренген секілді, ал, бұзып, жинаудан түк үйренбепті.

— Мына бір жеріндегі мына бірдемені бүйтіп кеп қалсаң, тырылдап атылмай қалады... Мына бірдемені бүйтіп қалсаң, бүйтіп кеп кетеді...— дейді жігіттер: «бірдеме» мен «бүйтіптен» басқа еш нәрсе үйрене алмапты.

— Түріктердің тіліне біз түсіне алмаймыз, біздіңше олар түсінбейді,— деді.

Күн шыға казармаға екі пулеметші офицерді шақырып алып:

— Мыналарды неге үйретіп шығармадыңдар? Анаугүні жақсы үйреніп қалды дегендерің қайда?— деп Аманкелді офицерлерді қысты. Ертемен шақыртқанға алаш

жағына шығып кеткеніміз ашылып қалды ма деп қорқып келген офицерлер қатты қысылды.

— Оқ аз болған соң аттырып үйретуге сізден қорықтық... Тілімізге түсінісе алмады...— деді екі офицер, әр тілді араластыра сөйлеп.

Аманкелді, жақын арада майданға жүреміз деген соң:

— Бүгіннен бастап аттырып үйретейік... Өзіңіз де басында болыңыз... Міне, қазір бастаймыз...— деп екі офицер пулеметті көшеге шығарып сүртіп, сипалай бастады.

Аманкелді қала тұра пәтеріне қайтты. Әр үйде өлең айтқан мастар. Партизан орыстардың үйлерінен де мас адамдардың шулаған дауыстары шығып жатыр... Аманкелді үйіне келді де киімшең құлай кетті.

— Шешініп төсегіңе жатсайшы... Бір күн дұрыс жатар ма екесін, әйтеуір...— деп әйелі Балым ренжігендік білдірді. Аманкелді кетісімен күнде ойнатып жүрген командирлер де казармаға келіп, жігіттерді стройға шығарды.

— Маршировать етеміз!..— деп партизандардың мылтықтарын казармаға тастатып кетті. Жарты сағаттай ғана жүргізіп, енді мылтықтарыңды алып шығыңдар деп жігіттерді казармаға қайта әкелгенде казарма алдында екі пулемет құрулы, «Алаштың» 50 шақты солдаты мылтықтарын қарауылға алып тұр екен.

— Қолдарыңды көтер!..— деді «полковник» Дулатов партизандарға.

Партизандарды табан аузында арестке алып, казармаға тықты да, есік-терезеге 50 адам күзетші тұрып қалды.

Аманкелді жаңа ұйықтап кетіп бара жатыр еді, көшеде мылтық атыла бастады. Аманкелдінің ылғи қасында ұстайтын жігіттері Әбіш пен Ақбоз далаға шығып келді де:

— Тұрыңыз, батыр, үйге оқ жаудырып жатыр!— деді.

Аманкелді далаға шыға келсе оқ жауып тұр. Пәтердің екі қабырғасындағы көшені әскер қоршап алыпты. Екі пулемет көшеге шығып алып, ол аңқылдатып тұр. Қорада тұрған қасқа бедеу оққа ұшыпты. Аманкелді жасаулы бес оқты қатарынан шығарып жібергенде көшедегі әскер серпіліп кетті де пулемет бұршақтата бастады.

Аманкелді үйге кіріп терезеден, коридордан атыса бастады. Оқ саябырлағанда қораға шығып, үйдің тасасында тұрып атысады. Шауып бара жатқан біреуді атып қалып еді, ұшып түсті. Тағы атты, тағы түсірді. Көшедегі әскер үйді-үйге, қора-қораға жасырынып кетті. Ешкім көрінбей кетті, оқ жауып тұр...

Атыс күні бойы тоқталмады. Кірпіш үй шұрқ-шұрқ. Атыс біраз саябырлап тұрады да, баспалата жөнеледі. Екі жолдасы мен әйелі үш мылтықты жасап беріп жүр, Аманкелді тасаланып атып тұр... Күн кеш болды. Аманкелдінің оғы да таусылды. Қалған бес оқты мылтыққа салды да Аманкелді атуды тоқтатты.

— Ендігі бес оқты бес адамға арнадым: қара талақ Мержақыпқа, Қәдірбаевқа, арам доңыз Абдығапарға, сұр жылан Кәрімге, әлгі охранканың жансызы Байқадамға!..— деп отыра кетті...

Сол кезде даладан айғай шықты:

— Батыршы, батыр! Тоқташы, тоқтат!..— деп көшенің ортасына бір топ адам шықты: алдында өзінің орынбасары «коммунист» Тоқтабаев, басқалары Досжан Тоқтабаев, Сүйін Атабаев, Шайқы Құлжанов ақсақалдар.

— Не бар?

— Масқара болдыңдар ғой, батыр, қаланың адамын қырып салып!.. Екі жағындағы көшедегі үйлерде сау қалған адам аз шығар, бәрі сенің оғыңа ұшты...

— Қаланың адамы менің үйімді ата ма екен?.. Табан аузында қырылғыларың келмесе, шындарыңды айт!— деп, Аманкелді мылтығын тосты.

— Ойбай, батыр, қате болыпты... «Алаштың» бір боқ жеген солдаттары мас орыстармен төбелесіп, соларды атады. Орыстар осы үйге тығылады... Сөйтіп атыс болады. Сіздің үй екенін білмей атыса беріпті иттер! Жақаң да сыбағасын беріп жатыр, жауып тастады бәрін де... Сізге ұятты болдық... Штабына келсін, аяғына жығыламыз деп бізді жіберді...— деді Аманкелдіге.

Аманкелді әрине сенбеді. Бірақ мыналарға еріп штабына бір жетіп қалғысы келді.

«Пулеметке қолым бір жетсе, жігіттерімнің маңайына жетсем, сөйлесермін сендермен»,— деп ойлады да, төрт предательге еріп кете барады. Қасындағы жолдастары барма, дейді. Оқ таусылып болды, айналамды аңдып тұрған солдат, бәрібір қолға түсермін, мыналармен бара жатқанда ата алмас, штабыма жетіп алайын деп, Аманкелді жүре берді.

— Жолдастарым!— деді Аманкелді есікке барып, артына қарады да,— егер мен олай-бұлай болып кетсем... әлгі бес оқты арнаған адамдарға атуға сендер міндеттісіңдер...

Сұры кетіп тұрған әйелі Балымға қарап:

— Олай-пұлай деп әшейін ойынға айтам, қорықпа, шайынды қоя бер...— деді күліп.

Қолына құран алып келген шалдар, «коммунистік ожданын» сатып тұрған Қәрім:

— Өлсек бірге өлеміз...— деп азарда-безер болды.

Ақсақалдардың ортасында келе жатқанда көшеде еш нәрсе болған жоқ. Штабтың алдында қызыл жалауы тұр желбіреп. Бірақ қала тым-тырыс: бұғып тұрып, бас салатын сияқты сезіледі.

Аманкелді штабтың табалдырығын да аттады, кеудесіне бес мылтық тіреліп те қалды. Қәрім жылт етіп ғайып боп кетті...

— А, құдай, баянды қыла көр!..— деп, предатель шалдар да баспалдақтан түсе берді.

Аманкелді ұсталды. Торғай «Алаштың» қолында қалды. Абдығапардың ауыздығы жаңа алынды. Аманкелдіге ерген кедейлерді жүндей бастады. «Алаш» төрелері Аманкелдінің қызыл туын жұлып тастап, партизандарының қаруын сыпырып алып, нағыз қауіптілерін түрмеге салды да, басқаларын елге таратып жіберді. Көпшілігі өзі қашып кетті. Аманкелдіні тас түрмеге жалғыз қамады да бүкіл дүниемен байланысын үзді: тас түрме, темірлеген терезе, іштен-тыстан күзет, Аманкелдінің дүниесі осы боп қалды.

«Алаш» төрелері бейбіт елге «Алаштың» құдіретін көрсетуге шықты. Дулатов, Қаратілеуов, Кенжин, Алмасовтар елге карательный отряд алып шығып, Аманкелдіге ерген елді талан-таражға салды. Жақсы ат, жақсы кілем, келбеті түзу қыз-келіншек бұлардан құтылмады. Аманкелдінің руы «Бегімбет», әсіресе «Бегімбет» сорлады. «Бегімбетке келіп ойнақ салған Қаратілеуов әр ауылды әр жерде томпылдатып қызыл жон қылды. Ауыл маңайына, суға бомба тастап, большевикшіл елдің астан-кестенін шығарды. Ел үркіп, мал-жанын тастай қашты. Аяғында араға ақсақалдар жүріп, партизандардың қолдарында кеткен 25 мылтықты жинап беріп, Қаратілеуовке Қунақ Жылтайұлының жүйрік атын «сыйға беріп», талаған дүниесі бойларына құт, Қаратілеуовтен осылай құтылды.

«Алаш» «ақ жүректері» осындай «өнегелі» іс істеп, елді емін-еркін талап жатқанда Қостанай жағынан Таран отряды келе жатқан хабары келді. Бейбіт елге мықты «Алаш» қызыл партизандар келе жатқан хабарын алғанда үрпиісіп қалды. Дереу соғыс кеңесін шақырды. Соғыс кеңесі Таранмен соғысуға бата алмай, тағы да арам әдісті мақұлдады.

Таранның алдынан Торғайда «Совдеп отыр» деген хабарды тарататын «қара қазақтарды» шаптырды. Ол «қара қазақтар» Таранның жолын тосып, бірінен соң бірі Торғайда Совдеп отыр, деді Таранға. Таран Торғайға жақындап отрядына түсетін орын сұрағанда, Совдептің мөрі мен Аманкелдінің атынан қағаз жасап алып, «Аманкелдінің орынбасары» Кәрім Тоқтабаев алдынан шықты. Торғайға қызыл ту қайта ілінді.

Кәрім Таранға келіп:

— Торғай Совдепі мен Торғай партизандарынан сәлем!— деп қарсы алды.

— Бастықтарың жүріндер. Отряд пәтер әзірлеген соң келер...— деп Таран, Иноземцев сияқты бастықтарын қалаға алып келді. Тарандарды «Қызыл штабта отырған Аманкелдіге» әкелді де арестке алды. Аманкелді боп отырған Алаш төрелерінің бірі екенін Таран сонда ғана біліп қалады.

Бастығынан айрылған, қаруы жоқ, шаршап келген Таран отрядын қарулы «Алаш» орап алып, қолын көтертіп, азғана қаруларын сыпырып алып, Атбасар жаққа қарай айдатып жібереді. Ол отряд азып-тозып қырылады, жолшыбай көбін атып тастайды, Таран отряды осылай бітеді.

Осымен «Алаш ақ жүректерінің» екі арам әдісі оңға шықты: Аманкелді мен Таран екеуі де қақпанға түсті. Енді «Алаш» барлық большевикті құртқандай боп іске кірісті. Бұл кезде Қолчак пен Анненковтан жақсы хабар алына бастаған, большевиктің беті қайта бастады деген үміт кірген, «Алаштың» ордасын жаңа тапқандай, Торғайға орнаған «Алаш» лепіре бастады. Майдың бірі күні Торғай уезінің земский управа съезін шақырды. Аманкелді көмген управаларды бұлар қайта қазып шығарғысы келді. Ығай-сығай, бай-болыс, билер жиналып съезге келді, Дулатов «жер-жерде большевиктер құрып, айбынды «Алаш» жеңіп келе жатқаны» жайынан баяндама жасады. Баяндамасының аяғында Арғын-Қыпшақтың

басын біріктіріп, осы елді «Алаштың» туын тіккен сенімді ел еткісі келетіндігін айтты.

Аманкелді ұсталғалы қаланы торып, жайын біліп жүрген жақтастар мен ағалары епте съезге де кірген еді. Съезд ашылудан бұрын олар Абдығапарға сөйлескен:

— Аманкелдіні ұстатқан сен. «Бір Бегімбеттен Қыпшақ азаяр деймісін, оның көзін тезірек жой» дегенді айтыпсын Мержақыпқа. Елдің іші тыныш болсын десең, Аманкелдіні босаттыр, Аманкелдінің жоқтауы сенің мойныңда болады,— деген Абдығапарға.

— Аманкелдіні Арғынның төрелері ұстап отыр, мен білмеймін. Бұл жұмысқа қатынаса алмаймын,— деп Абдығапар сөзге келмеген. Содан кейін Аманкелдінің ағалары мен жолдастары епте съезге кіріп, Мержақып баяндамасын тыңдап болған соң, Мержақыпқа былай дейді:

— Арғын-Қыпшақтың басын қосамын дейсің, Аманкелдіні түрмеге салып отырғанда, Қыпшақтың басы қосыла алмайды. Кеше патшамен күрескен күннен бері қарай басшымыз болып келген Аманкелдімізді босатып бер. Осы съезде о да болсын, онсыз біз сендерге ел бола алмаймыз,— деді.

Сол кезде разведканың бастығы Алмасов жаңа ғана бір жақтан келіп, стол басына барды. Стол басы абырсабыр бола қалды. Ақсақалдар бетімен қалып, далаға жөнеле бастады. Мержақып жұртты залға қайта жинатып алды да:

— Терлейін деп тұрған ат бар, тепсініп тұрған жау бар. Аманкелдінің жайын қоя тұрып, съезді жабуға тура келеді. Бір сағаттың ішінде бірің қалмай қаладан шығындар!— деді. Ақсақалдар тым-тырағай қаша бастады.

Тепсініп тұрған жау, Қостанайдан шыққан қызыл партизан, Желяев отряды екен. Алмасов соны көріп келіпті. Желяевтің жаман жері — елде жасырынып жүрген партизандардан Торғай оқиғасын түгел біліп қойыпты. Ол алдауға түспейді, қаланы соғыспен алатын ынғайы бар. Сондықтан «Алаш» дүн-дүниесін, артық қару-құралдарын артып Торғай өзенінің ар жағына тығып келуге қасына солдат ертіп беріп Абдығапарды жіберді де, өздері Желяевпен соғысуға әзірленді. Желяев таң ата шабуыл жасайды деген түні Мержақып Аманкелдіні қаладан шығарып апарып атып тастайды. Тарандарды қай күні атқаны белгісіз. Аманкелдіні тап осы түні атады.

— Желяев келеді деген түні, қасында алты солдаты бар, іңір кезінде Мержақып Аманкелдіні қаладан шығарып әкетіп бара жатыр еді... Қыран суалған екен ғой,— дейді сиыршы шал. Басқа көрген бір адам болмайды.

Таң ата Желяев Торғайға шабуыл жасады. Күн бойы атыс болып, Желяев кешке ғана қаланы алды. «Айбынды Алаш» тырағайлап қашып кетті. Осы соғыста астында үлкен шабдар аты бар, қолында қарабин мылтығы бар Абдығапар да Желяев отрядына қарсы оқ атып жүрді.

IX. ҚҰН

Дала қыраны торға түсті... Темірдей тегеуріннен әл кетті. Асау жүрек тулауын тоқтатып, мәңгі сөніп қалды. Күні кеше бұлт құшып, қияда шарықтап жүрген қыран елеусіз жыраға құлады да, қансырап қала барды.

Қан жылжып төмен қарай жылап ақты,
Бүлкілдеп қанды құм да жұтып жатты.
Арсыз ай, жымыңдасқан жұлдыздар да,
Қайғырып, бұлтқа кіріп бетін жапты.
Қамығып қара түнде бұлт ыңырсып,
Тия алмай көздің жасын бұршақтатты.
Ескек жел жасын төгіп өкси-өкси
Үйілеп елге келіп хабар айтты.
«Ер өлді, бір жырада жатыр дене,
Барыңдар, батырларың кеше қайтты...»
Елсізде қала барған большевиктің
Ескен құм сипай-сипай бетін жапты...
Елі бар ердің құнын жібермейтін,
Ұмтылды сұм «Алашқа» қойып атты!

Партизандар жиналып, қолдарына қызыл ту алып, Торғайға шапты. «Алашорданың» быт-шытын шығарып, Торғайды Желяев отрядының алып тұрған кезі еді.

— Қанша іздестірсек те таба алмай тұрмыз,— деді олар. Торғай өлкесіндегі сай-саланы түгел тінтіп қараса да, Аманкелдіден дерек білінбеді. Жалғыз-ақ сол маңда жүретін бір сиыршы шал, көзінің жасын сақалынан шұбыртып тұрып:

— Қыран суалды ғой, қарақтарым!..— деді, кемсеңдеп, сөзінің аяғын айта алмай кәрі көзін етегімен бір сүртіп тастап:

— Қасында алты солдаты бар, Мержақып іңір кезінде Аманкелдіні қаладан шығарып әкетіп бара жатты, шырақтарым. Батырға оқ өтпейтін шығар деп ем, таба алмай жүрсеңдер, қыран суалғаны ғой, ендеше...— деді.

Аманкелді мен Таранның құнын Желяев жоқтай алмайды: артынан қуып келе жатқан Колчак отряды бар екен, содан ығысып ол Ақтөбе фронтына жүріп кетті. Торғайдың сай-саласына тығылған «Алаш» қайта қалаға кірді. Оған келіп Колчактің Могилев отряды қосылды. «Алаш» сияқты алапес бандының нағыз орны жаңа табылғандай бір бүйір жатқан қала мен елді жынның ойнағына айналдырып жата берді...

Аманкелді батырын іздеген партизандар «Алаш» штабына да келе бастады. Аманкелдіні шын іздеген коммунистің бірі Қойдосов Қанапия Мержақыпқа келіп:

— Аманкелді сенің қолыңда болса, Байтұрсынов біздің қолымызда!.. Біздің бастығымызды өлтіргендерің анықталған күні сендердің бастықтарың да өледі... Аманкелдіні босатып бер!— деді.

Байтұрсынов пен Қаралдин өлім өткелінен әлдеқашан өтіп алып, большевиктердің өзіне тор құрып жүргенін Қойдосовтар білген жоқ еді. «Аманкелді большевикті «Алаш» өлтіргенін естісе, Байтұрсыновты сонау жақ нағып тірі қалдырады?»— деп ойлап еді бұлар.

— Байтұрсыновтың бір-ақ басы бар,— деді Мержақып,— егер бір басына өзі ие бола алмай, большевиктерге берсе. сол күні мен де басымды беремін сендерге!... Оған дейін өздерің түрмеге жата тұрыңдар... Адъютант Тоқтабаев, жап мыналарды!— деп орнынан ұшып тұра келді.

Қызыл партизандардың басы қосылып, тым жағалап кеткені ұнамай жүр еді, ұясын өртеп, тамырын жұлып тастауға «Алаш» елге карательный отряд шығарды. Бір жағына Дулатовтың өзі, бір жағына Каратілеуов, Кенжинді, бір жағына Алмасов, Тоқтабаевты шығарып, Аманкелдінің отрядынан отыз бесін ұстап әкеп түрмеге салды.

Кәдірбаев, Тоқтабаев, Дулатов тағы басқалары төтенше сот құрып, 17 партизанды тағы атты: Токин Әкімбек, Тыным ұлдары осы жолы атылды. Партизандардың мал-мүлкі таланды. Аманкелдінің шыққан елі «Бегімбет» ойға-қырға қашуда жүрді.

* * *

19 жылдың аяқ шені, Торғайда Совет өкіметі орнады. Ақтың кезінде бытыранды боп жүрген партизандар қайтадан басын құрап, Аманкелдіні тағы жоқтауға кірісті.

— Аманкелдінің орнына атылып кететін Байтұрсынов өлкеге отырып алыпты. Аманкелді мен Таранды қолынан атқан Дулатов — о да өлкені сағалап жүр деп естіміз. Аманкелдіден кейін 17 партизанға сот құрып атқызғандар да ендігі өлке маңайына келіп, бір жерде бой тасалап отырған шығар... Ал, Аманкелдіні өлтіріскен Абдығапар үйінде отыр. Осыларды большевик сотына тартыңыз. Және сол сотта біз де болсақ екен!— деді олар, Торғайға келіп.

Совет орнағаннан кейін Аманкелдінің құны қатты жоқталатынын сезіп, елдің қара күштері Аманкелдінің ағалары мен жолдастарының аузын алуға тырысты.

Ол кезде Торғай советіне кіріп алған ұлтшыл элементтер партизандардың бет алысынан шошынып Аманкелдінің құнын жоқтасқансып жүрсе де, шынында Абдығапарды арашалап алып қалуға жанын салды. Бір жағынан Абдығапарды ұлт қозғалысын бастаған адам деп жұртшылық пікірін ұйымдастырса, екінші жағынан, Абдығапарды Аманкелдінің жолдастарымен қазақша бітістіріп, істің ізін мүлде жасырып тастағылары келді. Сондықтан олар Абдығапарға:

— Аманкелдінің өліміне сізді ортақ деп қаралайтын түрлері бар. Не ақталып, не қараланып шығыңыз, қазақша биге салайық, сенетін билеріңізді ұстаңыз...— деді олар Абдығапарға.

Большевикті өлтіргені үшін, большевик сотынан қазақша жол беріп құтылса, тілегені болғаны емес пе, Абдығапар көне қалады. Өзінің ескі жолдасы табақтас адамдарынан үш би таңдап алады: Досан Қарабаев (ханның орынбасары болған), Мұхамбетжан Ысмайылов, Ахмедия Жүсіпов (атақты бай, Николайдың тыңшысы) Аманкелдінің жолдастары мен ағаларына да би ұстауға тура келеді. Бұлар да үш би ұстайды: Әлжан Қарабаев (Аманкелдіге мың басы болған адам), Досжан Байғабылов, Жұмабай Байболатов (көтерілісте болған адамдар).

Алты би қазақша қарап, тексеріп келгенде Аманкелдіні өлтіруге түрткі болған және қолынан өлтіріскен адамның бірі — Абдығапар деп табады. Бірі болғанда, Мержақыптан соңғы құлшынып кіріскен осы Абдығапар деп қорытынды жасалады.

Билердің ішінде Абдығапардың Мержақыпқа былай дегенін естіген адам табылды.

— Бір Аманкелдімен Қыпшақ азаяр деймісін? Боль-

шевикпен күресетін болсаң, алдымен Аманкелдінің көзін жой!.. Сен жоймасаң түбінде сенің көзіңді ол жояды,— деген екен Абдығапар.

Екінші, Желяев келеді деп күткен түні (бұл Аманкелдінің атылатын түні) Абдығапар түн бойы «Алаштың» штабында Мержақыппен бірге болыпты. Ертеңіне Желяев Торғайға шабуыл жасағанда, үлкен шабдар аты бар, қолында қарабин мылтығы бар Абдығапар Желяев отрядымен атысып жүріпті. Торғай қаласының мына босағасынан үрлесең ана босағасы желпілдейді. Қыбыр еткенді көруші де, сыбыр еткенді есітуші де көп болады; Абдығапардың сөзін естіп, өзін көрген адам көп болыпты. Осы сияқты анық айғақтар тым көп болғандықтан билер де Абдығапарды ақтай алмайды. Абдығапарға: «Ердің құны жүз жылқы» кесім кеседі: 20 тай, 20 құнан, 40 дөнен-бесті, 20 ірі бие.

Кесімді екі жағына естірткенде, Абдығапар көнеді де, Аманкелдінің ағалары (Көшімбек, Бектепбергендер) көнбейді.

— Адығапардың қолы қан, беті қара екенін жұрт алдында анықтап беріңдер, бізге осы болады... Аманкелдінің құнына 100 жылқы алып байымай-ақ қоямыз. Аманкелдінің сүйегін сатып алған мал арам болсын! Қолымыз жетсе, қанды қанмен қайтарамыз!— дейді олар. Бектепберген бас боп, он шақты қызыл әскерді жанына алып, ойда отыра алмай, қырға жылысып кеткен Абдығапарды іздеп табады. Бектепберген далада тұрып қалып, Абдығапарға екі қызыл әскер жібереді.

— Аманкелдінің ағалары әнеугі келісімнің жайын сөйлесуге «Зәуре» деген қопаға келіп жатыр, сізді сонда шақыра келдік...— деп, Абдығапарды олар алып шығады.

Қызыл әскерлерді көргенде Абдығапардың арам жаны қорқып, арам қаны бетіне шыға келген білем. Бірақ қызыл әскерлер еркіне қоймай алып келеді. Абдығапар Бектепбергенді далада көре сала, атын бұрып алып қаша жөнеледі. Бектепберген оғын құралайдың көзіне тигізетін мерген емес пе, жүрегің осы арада-ау деп мылтықты басып салады.

Бектепберген бастаған партизандар Аманкелді-большевиктің «құнын» осылай алды!

1936 ж.

БАТЫРДЫҢ БИІК ТҰЛҒАСЫ

I

Мен отызыншы жылдардың бас жақ кезінде алты ай бойы бұрынғы Батпаққара (қазіргі Аманкелді) ауданында болып едім. Қиыншылыққа ұшырап, тұралып қалған ауданға жәрдем көрсетуге жіберілген уәкілмін де...

Бір күні маған бір мосқалдау тартқан әйел келіп жолықты. Басын қой жүнінен тоқылған қалың қара шәлімен орап алған. Бет-аузы талай үсініп қара ала, торы ала болып кеткен. Аяғында байпақты етік, бұтында күйеленген тері шалбар, үстінде торы құлынның терісінен жасалған тозығы жеткен шолақ тай-жақы. Бұл Аманкелдінің соңғы әйелі — Балым екен.

— Отырыңыз, жеңгей,— дедім, оның кім екенін білген соң.

— Жоқ, шырағым, отырмаймын. Төрт ай бойы «Шолақ сайдан» тары тасуда жүрмін. Барарда түйеге мініп барамын, қайтарда түйені жетелеп қайтамын. Шана жолы жоқ. Белуардан қар... Сол тары тасудан босаттырсаңыз екен.

— Жақсы, жақсы... босаттырайық. Дегенмен, азырақ отырып хал-жайыңызды айтсаңыз қайтер?

— Шырағым, оған да уақытым жоқ. Үйіме он қадақ тары мен бір ауру кемпірді тастап кетіп едім. Сол байғұс өліп қалған білем, үш күннен бері түсім оңалмай жүр...

Балым жеңгейді одан әрі кідірте беруді лайықсыз көріп, тұра келіп қолын алып қоштасып тұрып:

— Өткен күз Бейімбет Майлин екеуміз «Аманкелді батыр» деген пьеса жазып едік. Соның дұрыс-бұрыс жерлерін сізден сұрап алмақ едім,— дедім.

Әйел маған түсінбейтін пішінмен бір қарады да шыға беріп:

— Күн жылып, қар кеткен соң болмаса...— деп есікті жапты.

Ертеңіне күн бата Балым жеңгей қайтып келді. Үйіне баруы отыз, қайтып келуі отыз, кешеден бері жаяу алпыс шақырым жер жүріпті. Толыға бастаған қара етті адам болғанымен әйелдің осынша жерді жаяу жүргеніне мен таң қалдым.

— Оның несіне таңданасың? «Шолақ сай» осы арадан жүз жиырма шақырым... Сол екі арада қыс бойы жаяу жүріп үйрендік қой,— деді Балым.

— Иә, үй-күйіңіз қандай халде екен?

— Үй орнында. Күйден дәнеме қалмапты. Кемпірім өліпті. Тарыдан бір түйір таба алмадым. Батырдан қалған бір самауыр, бір қос ауыз мылтық болушы еді, оларды да әкетіпті. Есікті аштым да қайта жаптым, кетіп қалдым...

Әйелдің айтар арызы көп екені сезіледі. Аудан орталығына жақын жерде дені дұрыс бір колхоз болушы еді (ұмытпасам 4-ауылда), Балымды біраз күнге сол колхозға жібердік. Дем алып, тынығып келіңіз дедік.

Балым жеңгей ол колхозда екі-ақ күн болып қайтып келді.

— Аңырап қалса да батырдың мекенін тастап қайда кетем!— деді. Азды-көпті азық-түлік жинап беріп, оның үстіне қар кеткен соң орталықтан бір бұзаулы сиыр беруге уәде етіп әйелді құрметпен шығарып салдық.

Бұл жолы Балым жеңгеймен ұзағырақ әңгімелестім. Балым 1916 жылы болған Торғай соғысында, Шошқалы соғысында, Күйікте, Құмкешуде, Ақөткелде болған соғыстарда Аманкелді сарбаздарының ортасында болған адам. Қозғалысқа аулымен бірге көшіп барып араласыпты. Қозғалыс патшаның құлауымен аяқталғаннан кейін Аманкелдіге қосылыпты.

Аманкелдінің кейде қызба, кейде жайдары, тұтас алғанда ұтқыр мінездерін мен Балым жеңгейдің өз аузынан естідім. Бейімбет екеуміз суреттеген батырға өмірдегі Аманкелді кейде ұқсап, кейде ұқсамайды екен. Ұқсамайтын жақтары Аманкелдінің батырлық жағында емес, ой терендігі жағында екені сезіледі. Сүйіп қосылған әйелі болған соң, Аманкелдінің атағын өсіре сөйлеуі табиғи әдеті болар, сондықтан шындығын анықтай түсейін деп, мен Балым жеңгейден:

— Батыр оқыған адам ба еді?— деп сұрадым.

— О не дегенің, шырағым! Батыр шолақ молдаларды аяғына отырғызбайтын! Өзі жазып жүретін шежіре-кітабы — кінегесі болатын.

— Ол кітабы қайда, сізде ме?

— Ойбой, шырағым-ай...— Балым жеңгей көзін сүртіп төмен қарап үндей алмай қалды. Көз алдына панасыз қалған әйелдің ауыр бір күндері келгені сезілді.

Оқиға былай болған екен... Аманкелді батырды

алашордашылар өлтіргеннен кейін, батырдың туған-туыс-қандары оның киім-кешек дүниелігін де бөлісіп әкеткен. Батырдың аруағы қонсын деген, үлкен үйде сақталсын деген, кіші үйде сақталсын деген нағашы да көбейген, жиен де көбейген. Әйтеуір, қисынын тауып Аманкелдінің үй-ішілік бұйымдарын талап әкеткен. Жас қалған әйел ертең біреуге тиіп кетеді деген ойға келісіп, қаралы әйелді аямаған, тонай берген. Аманкелдінің аттары да, ертоқым қамшысына дейін қолды-қолда кеткен. Шежіре кінегенің кімнің қолында кеткенін Балым жеңгей білмейді. Оны білетін Аманкелдінің ағасы Бектепберген болуға тиіс екен, ол өлген... Бірақ ол шежіре-кітаптың болғаны даусыз. Талай адамдар келіп ата-тектерін анықтап алғандарын Балым өз көзімен көрген, өз құлағымен естіген.

— Қәдімгі ауылнайдың кінегесіндей үлкен, қоңыр қатырғы тысты кінеге болатын. Торғайда батырды өлтіргеннен кейін кінегені қоржынға салып елге өзім алып келгемін.

Бұл кезде Батпаққара ауданынан маған Аманкелдінің бір туысқаны кездеспеді. Жыл ауыр болғандықтан әлдеқайда тарасып кеткен екен.

Мен шежіре-кітап туралы кездескен ел адамдарынан қанша сұрастырсам да оның қайда кеткенін ешкім білмеді. Бірақ Аманкелдінің ондай кітабы болғанын көп адамдар анықтады. Нағыз шынына келсек, аты шыға қоймаған әрі жас, әрі бейтаныс жазушыға Аманкелдінің шежіресі сияқты қымбат қолжазбаны көзі қиып бергілері де келмеуі мүмкін. Амал не, айнала өтініш, сұрау салып мен Алматыға қайттым.

2

1936 жылы май айында Москвада өткен қазақ әдебиеті мен көркем өнерінің бірінші онкүндігінен кейін біз, Бейімбет екеуміз, Москвадан тура Батпаққара ауданына тарттық. «Ленфильм» В. Иванов үшеумізге қазақтың Чапаевы — Аманкелді Иманов өмірінен киносценарий жазып беруге тапсырып, келісім жасаған.

Бұрын жазылған пьесамызды ат-үсті орысшаға аудартып В. Ивановқа қалдырдық та, Бейімбет екеуміз тағы да материал жинай түсуге Аманкелдінің туған еліне келдік. 16 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа қатынасқан ондаған адамдарға кездестік. Қозғалыс туы көтерілген

жерді, соғыс болған жерлері араладық. Бұл кезде 16 жыл мен араға түскен жиырма жыл көп оқиғалардың ізін көрбілтелендіріп кеткен екен. Оның үстіне облыстық көлемде Аманкелді туралы белгілі бір көзқарастар үстемдік тауып, тас болып қатып қалыпты. Қіммен сөйлессек те бірінің ізін бірі басып «Шіркін, батыр еді ғой!», «Мыңдаған солдаттың ішіне жалғыз кіріп кетіп жайратып қайтатын еді ғой!»— деген сияқты жалпылама мақтаудан артық дәлелді мінездеме кездеспеді. Саны жиырмадан артық үлкен бір топ адам Аманкелдінің үзеңгі жолдастары ретінде танылып, облыс көлемінде әр түрлі құрмет-қошемет көріп жүр екен. Қозғалыстың нақтылы жайларын сұрастыра келгенде олардың білетіндері де ел ішіне тарап кеткен аңыздан аспады. Аманкелдінің ағасы Бектепберген де, соңғы әйелі Балым да, қозғалыс тұсында көп ерлік көрсеткен мергені Кейкі батыр да өлген. Өзгелерінің көбі-ақ Аманкелдінің жолдастығына он — он бес жыл өткен соң жармасқан. «Торғай соғысында мені Аманкелді қасынан жіберген жоқ»— деген төрт адам Аманкелдінің астындағы атын төртеуі төрт түсте атады... Совдеп тұсында Торғай қаласында Аманкелдінің хатшысы болдым деген бір адам оның қай үйде тұрғанын айта алмады.

— Хатшы болғанда, былай ғой... Біз батырдың үйіне баруға бата алмайтынбыз...— деді.

— Аманкелді уездік соғыс комиссары болған ғой?

— Иә, кемесер болды.

— Сонда, ол әр түрлі мекемелерге қағаз жазып отырды. Сарбаздарын басқару жөнінде әр түрлі бұйрықтар жазған болу керек. Сондайларынан есіңде қалған бар ма?

— Жоқ... Аманкелді бұйрықтарын орысша жазатын...

Зерттеп жүрген әңгіміміз тұйыққа тірелуге айналды. Бұған дейін архивтен, жеке мақалалардан, Аманкелдінің шын жақын адамдарынан алған материалдарымызға жартымды еш нәрсе қосылған жоқ. Әсіресе, Аманкелдінің шежіре-кітабынан ешбір хабар болмады. Аудан басшылары жаңарған. Аманкелді жайына ешбір көңіл аудармаған жігіттер. Біз бұларына наразылығымызды айтқанда ұялады, қысылады, уәде етеді, бірақ дәл сол кезде құлақ естігеннен басқа қосары жоқ.

Біздің наразылығымыз ел ішіне де тарай бастаған кезде аудан басшылары бізге Әлжан Қарабаев деген адамды тауып берді. Ол оқығаны көп болмаса да тоқы-

ғаны көп адам екен. Кейін тексере келгенде ол кісінің айтқандарынан елеулі қате шыққан жоқ.

Әлжан ірі денелі, сақалына бурыл кірген, жауырынды келген, ер пішінді адам. Біздің алдын ала қойған сұрақтарымызды аз ғана ойланып алды да:

— Аманкелдіні батыр да — батыр, қырып сал да, жойып сал дегендерден құлақтарың сасыған екен, шырақтарым. Сондықтан мен оның қандай адам болғанын айтайын әуелі. Біз бала жасымыздан бірге өстік. Асық ойнаған бала шағымыздан бастап, Аманкелді қайтыс болған күнге дейін ой-шұқырымызда қалыс-қалтарыс қалғаны болған емес...

Бірер мысал келтірейін: Аманкелді бала кезінде біздің жақын ағамыз Рахмет Шашамбайұлы дейтін бай адамның екі жыл қойын бақты. Ағамыз берем деген еңбекақысын бермей қалды. Кейін, Аманкелді 17—18 жасқа жеткен соң, маған:

— Ағаңды бір қан қақсатам, айтпадың деме!— деді. Үш күннен кейін Рахметтің бір жесірлік қара қасқа айғырын барымталап әкетті. Жесірлік деген — бір қыздың құнына тұратын деген сөз екенін білетін шығарсыңдар. Аманкелдінің руы Бегімбет — көп үйлі, қаратаяқ азаматы көп, кедейлеу ауыл болатын. Әйтеуір, Рахметке теңдік берген жоқ. Ағамыз өз ойынша бурадай бұрқырады, арыстандай ақырды. Бірақ қол іске бара алмады, бата алмады. Содан кейін жиырма жыл бойы Аманкелдінің үстінен «ұры-қары, патшаға қарсы» деп арыз жазумен өтті. Онысының бірде-бірі іске аспай, көбінесе өз абыройын өзі төгіп жүрді. Мен жақын ағаммен жақтаспай, Аманкелдіні жақтадым. Ол өзгеміздің гөрі еті тірі, туралықты айтуға тайсалмайтын, ұсақ-ұлаңға қимайтын жігіт болып келе жатыр еді.

Екінші, 1916 жылы Торғай облысының генерал-губернаторы Еверсман әскерлік қара жұмысқа қазақ жастарын алуға келді. Әуелі үш болыс елді бір жинап еріксіз мойындатып болған кезде қалың қаратаяқтың арасынан Аманкелді тұра келіп:

— Тақсыр, жанарал, І-Николай патша қазақтан еш уақытта солдат алынбасын деп закон шығарған. Ол законды одан кейін болған патшалар да өзгерткен жоқ. Сіз әкеліп отырған бұйрығыңыз сол законға қарсы келіп тұр. Қазақ баласы екі жүз жылдан бері қолына соғыс құралын ұстаған жоқ. Бостан-босқа қырылып қаламыз ба деп қауіптенеміз...— деді.

Аманкелдіні бұдан әрі сөйлеткен жоқ. Генерал тобы:

— Бұл кім өзі?— десіп қалды. Олармен бірге тұрған болыс-билер жабырласып жауап берісіп жатыр.

Сол екі арада-ақ болыстың поштабайы Аманкелдінің қасына келіп бірдемені қадағалап айтып жатқанын көрдік. Кейін білдік — Аманкелдіні екі күннен кейін ояз бастығының алдына шақырған екен.

Жиналыс тарап, елге қайтып келе жатқанымызда, Аманкелді маған:

— Дөйқара, сен не білдің?— деді.

— Ояздың шақырғанына бара қалсаң, біраз күн жатып шығатын боларсың,— дедім.

— Онда екеуміз бірге барып жататын боламыз да?— деп Аманкелді сақылдап күлді. Ол қабағын да түйе білетін, жүрегі жарыла күле де білетін адам еді.

Осыдан он шақты күн өткеннен кейін, ел жатқан кезде біздің үйге Аманкелді келді. Жалғыз екен. Амандастық, күлістік, қымыз іштік, шай іштік, бірақ Аманкелдінің ойында бір алаңы бары байқалып отырды. Бұл кезде Шашамбай аулы Аманкелдіні ояз бастығына ұстап берудің айла-шарқында жүрген. Мен Аманкелдінің түнделетіп жүргенін осыған байланысты болар деп ойлап:

— Иә, жол болсын,— дедім.

— Әлей болсын. Жолаушылап келе жатырмын. Сенімен ақылдасатын жұмыс болып қалды.

Түнде, ауыл сыртында, бетпе-бет отырып, Аманкелді жұмысын айтты:

— Дөйқара, (ол мені Дөйқара, Салмақбай деп қалжыңдайтын) мен екі болыс елді аралап, зарлап жылағаң жұртты көріп келе жатырмын. Майдан жұмысына алынатындар өңкей тақыр кедей сорлылар. Қатын, бала-шағаның шулап жылағанына адамның жаны төзер емес. Болыс-билер кедей балаларын мұрнынан тізіп жатыр. Өздерінен бір адам беретін емес. Барлық істі құдайға тапсырып отыра берсек, құдай төбеңнен ұратын сияқты,— деп күрсініп тоқтады.

— Отырмағанда қайтеміз?— дедім мен.

— Қол жинап, патшаға қарсы көтеріліс жасау керек! Осыны ақылдасқалы келдім. Біраз көзі ашық жігіттер осыны мақұл көреді,— деді Аманкелді.

Адалымды айтайын, мен әуелі шошынып қалдым... Көтеріліс дегенге батылым барар емес. Мылтығы шошайып, қылышы жарқылдаған жалғыз урядник келсе үрпиісіп қалатын ел емеспіз бе, ағаш найза, айбалтамен пат-

шаның қарулы қолына қарсы шабу деген ойыма сыймай кетті. Мен осы ойымды Аманкелдіге жасырмай, бүкпей айттым. Аманкелді, әрине, наразы болып кетті. Бірақ атына мініп алған соң:

— Дөйқара, мен мұны бүгін айтып отырсам, ертең өзің де айтарсың, Салмақбайым,— деп күле қоштасты.

Ертеңіне бай ағамыз маған кісі жіберіпті:

— Түнде келіп кеткен конағы Аманкелді көрінеді. Енді Әлжан менен аулақ отырсын. Аманкелдімен бірге кісенделіп жүрмесін!— депті.

Мен бай ағайынның қасынан көшіп кеттім де алысырақ барып қондым. Сонда да екі ай бойы көтеріліс дегенге батылым бармай жүрді. Аяғында өзіме ерген үлкен топ адаммен Аманкелдіге келіп қосылдым. Көтеріліс кезінде мыңбасы болдым...

— Рахмет Шашамбайұлы дегеніңіздің Аманкелдіге сонша өшіккен себебі баяғы қара қасқа айғырдың кегі ме?

— Әрі айғырдың кегі, әрі теңдік ала алмағандықтың кек-намысы, оның үстіне әр ауылда да қыз-келіншектер болады ғой... Аманкелді бұл жағынан да өтімді жігіт болып өсіп еді. Бай ағамыз түу-түу Көкшетау уезінде, түу-түу Қызылжар уезінде ұры ұстайтын байлармен қолдас болатын. Аманкелдіні сол қолдастарының арызымен Көкшетау уезіне екі рет сотқа тартқызғаны бар. Бірақ аққа құдай жақ, Аманкелді екеуінен де ақталып құтылды.

Аманкелдінің адамдық сыр-сипаты осы Әлжан Қарабаевтың айтқан әңгімелерінен анықтала түсті. Оның жеке адамдарға көрсеткен мейірімділігі, қозғалыс кезінде Абдығапар ханның ырқына көнбей байларға көрсеткен тізесі, қаталдығы нақтылы фактілер арқылы көз алдымыздан ұзақ шұбырып өтті. Сонымен бірге, байлармен ертеден-ақ алысып-жұлысып келе жатқаны айқын көрінді.

Әлжаннан және басқа елу-алпыс адамдардан жинаған материалға сүйеніп Бейімбет екеуміз ұзақ очерк жазып газеттерде жариялады қ. Сондықтан оны тағы бір қайталау орынсыз болар. Енді Аманкелдінің шежіре-кітабы дегенге көшейік.

Аманкелдінің шежіре-кітабы болғанын Әлжан Қарабаев та мақұлдады.

— Талай көргеміз. Кейбіреулердің ата-тегін анықтасып бергеніміз де болды. Ол кітапта Аманкелдінің Петр-

борға барғаны, орыс патшаларының шежіресі, өз руы Бегімбеттің қайдағы-жайдағысы түгел жазылған болатын,— деді Әлжекең.

Бірақ ол кітаптың қазір кімнің қолында екенін Әлжекең де білмеді. Сонымен тағы да осы күнгі Аманкелді — Торғай аудандарына түгел сұрау салып, Бейімбет екеуміз Алматыға қайттық...

3

Аманкелдінің шежіре-кітабы менің қолыма соғыс жылдарында түсті. Аласа бойлы, қара мұрт, шоқша сақалды бір адам әкеліп берді. Атын ұмытып қалдым. Арал ауданынан келдім дегені есімде қалған. Әлдеқайда майданның қара жұмысына кетіп бара жатып шежіре-кітапты маған әкеліп берді.

— Батырдан қалған жалғыз асыл мұра еді. Қара жұмысқа кетіп бара жатпасам әлі де сандық түбінен шығармаған болар едім. Ендігі жауапкершілігі сіздің мойныңызда. Аман қайтсам өзіңіздің қолыңыздан қайтып алармын,— деді.

Мен тезбе-тез шежіренің маңызды беттерін машинкеге бастырып алып, өзін орталық музейге сақтауға апарып бердім. Сол шежіре дәл қазір де менің алдымда жатыр.

Бұл 21Х35 сантиметрлік кеңсе кінегесі. Аманкелді кітаптың оңынан солға қарай жаза бастапты. Оның үй ішілік, шаруашылық жайынан жазғандары мыналар:

1. «1911 жылы 17 ағуста Рамазан туды. Рамазан айының 15-күні жұма күні намаздігерде. Сол жылы біз көшіп барып Доғал қыстадық. Қайтып келдік 1914 жылда. Шәріп туды 1914 жылы 17-үйенде, сенбі күні күн шыға».

2. «1915 жылы, 13 мартта 80 ірі қой, 39 бойдақ, 21 ешкі, жамғысы төлден басқа 140 болды. Жетпіс тоғызы саулық, бірі қошқар. 7 еркек бойдақ, 32 ұрғашы... Қозы бастап сойылды 11-майда, 12-сіне қарай...

1914 жылы 21 мартта 96 ірі қой, 8 құнан қой, 2 қошқар, 49 бойдақ, жамғысы 145 болды»...

Бұл келтірілген мәліметтерден шежіре-кітаптың Аманкелдінікі екені айқын көрінсе керек. Әсіресе, балаларының туған жылдары тексере келгенде айна-қатесіз дұрыс шықты. Тап 14-16 жылдардың тұсында Аманкелді кедей емес, Торғай елінің тұрмысында орта шаруалы адам.

Аманкелдінің әлеуметтік ойларын, мәдениеттік шамашарқын аңдататын мынадай жазғандары бар:

«Мен 1914 жылда 29 мартта Петрамбор қаласынан сенбі күні 7 сағат 10 минутта күн бата қайттым.

Мәскеуге таңертең 9 сағат жарымда келіп түстік. Мәскеуден кешкі сағат бес жарымда жүрдік. Сол түнімен, келер күнімен жүріп, келер түнде, түн ортасынан 2 сағат ауғанда Самар қаласына келдік. Самардың сағаты Петрамбор сағатынан бір сағат 19 минут алда болады екен.

Самардан түс қайта 3 сағат және қырық минутта жүріп Орынборға таңертең 8 сағат 5 минутта келіп түстік.

Орынбордан жарты сағаттан кейін жүріп кетіп ертеңгі таңертең сағат алтыда Шалқарға келіп түстік. Шалқар сағаты Самар сағатынан 35 минут ілгері жүреді екен.

Петраграт баратын адамға керек нәрсе.

Әуелі Шалқардан билетті Петраграт деп кестіресіз. Скорай деген арбамен 4 күнде апарады. Жолда қай қалада үш күн кідіремін десең ықтияр. 7 күннің ішінде жеткізуге міндеткер. Шалқардан Орынбор, одан Самар, одан Мәскеудің Рязан бағзалынан түсіп Некалай бағзалынан барып арбаға мінесін. 14 сағатта Петроград барасын.

Қайтарда Петраграттан белетке Мәскеу барғанда Рязан бағзалынан түсемін деп белетке жаздырасын.

Жазғушы Аманкелді».

Аманкелдінің осы жазғандарынан-ақ оның зерделі адам екені, әр нәрсені қадағаламай тынбайтыны байқалады. Әсіресе әр қаланың уақыт айырмашылығын дәлдеп анықтап алуы дала қазағы түгіл сол кездегі қазақ оқығандарының ойына кірді ме екен?

Петроградта Аманкелді мынадай екі нәрсеге көңіл аударыпты:

«Патшаның жалауынжасы бір айға 20 мың сом екен, 12 айға 2 дүз 40 мың екен. Бір күнге 6969 сом 45 тиын».

Екі жүз қырық мынды 365 күнге (не болмаса 354 күнге) бөлу оңай емес. Аманкелді осы күнгі бөлу-көбейту заңдарын (ең болмағанда таблицасын) біле ме, жоқ па, ол маған қараңғы. Бірақ бірінші болып тұрған алтылықты дұрыс тапқан да, одан кейінгі цифрларда қате жіберген. Қалайда оның зирек ойлы адам екені осының өзінен-ақ көрініп тұр. Тағы да:

«Патшаның өз үйінен басқа әкесінен қалған үйі 1060 екен»,— деп жазыпты Аманкелді.

Патшаны қай жағынан айналдырғысы келгені бізге белгісіз, әрине. Солай бола тұрса да Аманкелді сияқты айта білетін кісіге бұл мәліметтер ақ патшаға қолайлы әңгіме бола алмайды. Бұл жазғандары полицияның құлағына шалынса Аманкелдінің өзіне қандай күн туарын айтпасақ та түсінікті болар. Ескерте кетелік — бұл жазуларды Аманкелді өзі бастаған ұлт қозғалысынан екі жыл бұрын жазған (1914 жылы). Оның үстіне бұл патшалық құрылысқа көптен бері іштей қарсылығы болған адамның жазуы.

Петроградтан Аманкелді көп материал жинап, қағазға түсірген. Соның ішінде ең көлемдісі және анықтап алғаны:

«Патшалардың һәм қазақтардың тарихы»

«1613 жылы 21 февральда I-інші патша Михаил Романов таққа мінді. 1645 жылы опат болды.

2-інші патша Михаил ұғлы Алексей. Улаженне низам осы патшадан басталды. Шыққан закон алланы сөккен адам отқа салып өртелсін. Патшаға қарсылық қылған адам өлтірілсін. Арам ақша шығарған адамның аузына қорғасын ертіп құйылсын. Пара жеген әкімдер үлкен жазаға мұбітала болсын. 1676 жылы дүниеден опат болды. Екі қатын алды. I-інші қатынынан жеті қыз екі ұл туды I-інші ұғлы Федор, екінші ұғлы Иван, 2-інші қатыннан жалғыз Петр туды. 3-інші патша Федор 1682 жылы опат болды.

4-інші патша інісі Петр болды. Орыстың сақалын кесіп, киімді қиып кию мұнан қалды. Жана да Петромбор қаласын 1703 жылы Петр патша салдырды. Және сегіз санат шығарған. Және гүбірнатр бөлімін шығарған. Жана 250 фабрік, зауыт аштырды. Жана да нәсілге қарамай өнер, ғылым білгенге шен берді. Соның үшін жұрт оқу талабында болды. 1725 жылда 28 ғынуарда опат болды 53 жасында».

Осылай Романов нәсілінен болған патшалардың бірін қалдырмай тізіп келіп Аманкелді 2-Александрмен тоқталады да қазақтың қай жүзінің қай жылдарда қай патшаның заманында бағынғанын жазады. Бұл жерде ескерте кететін бір нәрсе — Аманкелді патша мен император дегеннің айырмасы барын біледі. 2-Екатеринаға дейін ешкім император емес, патша. «Екінші Екатерина қатын

патша император, Пауыл патша император...» Әсіресе, Петр патша жайында жазғандары әрі толық, әрі анық мәліметтер. Сұрастырып білсін, әлдеқайдан көшіріп алсын, ол кезде Ұлы Петр жайында бастап айтылатын мәліметтер осы болатын. Қазақтың бағынғанын Аманкелді былай бастайды:

«Қазақтың бағынғаны Анна қатын патша тұсында»

«Әуелі Кіші жүз бағынды. Кіші жүзге Абылхайыр хан болған. Қалмақ пен башқұрттан дамыл болмаған соң бағынамыз деп хат жазып Петрамбор қаласына 2 кісі жіберді. Аттары — Сейтқұл, Құттымбет. 1731 жылы 19 февральда Анна патша қабыл алып қол қойды. Бір қылыш, бір ішік, бір бөрік берді. Ханлығын өзінде тұрмағына қабылдады. 1738 жылы Абылхайыр хан Орынбор қаласына билерімен келді. Патшаның әмірі бойынша гүбірнатыр доп атып алдынан шығып күтіп алып қазынадан бұл шығарып көп той қылып сыйлады. Ол барған адамның саны 56 адам еді: Орта жүз 28. Бастығы Құс — Жәнібек еді және 28 Кіші жүз. Бұлардың бастығы Абылхайыр хан...

1748 жылы Барақ төре Абылхайырды өлтіріп 3000 үймен қалмаққа қашып кетті. 2-Нұралы хан болды 1749 жылы, 13 апрельде. 1755 жылы ханға жалауырынжа шықты...

1819 жылы Абылай ханның баласы Сөк төренi хан қылып Ұлы жүз алдына салып Русияға қарады.

1853 жылы Орынбордан Перовский деген генерал келіп 24 күн соғысып Ақмешітті алды. Перовский деп ат қойды».

Бұдан кейін Түркстан, Шымкент, Әулиеата, Ташкент, Бұхара, Хиуа, Қоқанд қалаларының қай жылдары алынғаны, түркпен, қырғыз халықтарының қашан бағынғаны жазылған.

Шежіресінің тағы бір жерінде Аманкелді мынадай анықтама береді:

«Қазақтан салдат алмайды деген тәртіп 1-Николай патшаның заманында Сібірдегі Қоңыр-Құлжа төренің ғарызы бойынша 1834 жылы қол қойып бұйрық берген қазақтың алдыңғысы да, осы күндегісі және соңғылары салдат үшін бала бермесін, қала салып көшуді қойып, егін салып отырса да салдат алып болмайды деп».

Анықтаманың дәлдігі мен дұрыстығы өз алдына, сонымен бірге уақыт мерзімін үшке бөліп —«алдыңғысы да, осы күндегісі және соңғылары» деп қазақтан бірінші болып жазған адам Аманкелді. Оған дейін, ол былай тұрсын, совет дәуірінің алғашқы жылдарына дейін уақыт мерзімін осылай анықтап жазған қазақ оқығандары да болмайтын.

Аманкелдінің жалпы жазғандарынан, әсіресе, соңғы келтірілген уақытты мерзімге бөліп анықтай жазғанынан оның ізіне түскен мәселені тамыр-түбіріне жетіп тәптештемей тынбайтын адам екені байқалады.

4

Шежіре-кітаптың бұрын ақ күйінде қалдырған бірінші тарағында мынадай жазулар бар:

«І-інші соғыс 18 октябрьде Татырда болды.

1916 жылы 6 ноябрьде Торғай қаласында соғыс болды. Елге келіп екінші қайта аттандық.

5 декабрьде Шошқалыда соғыс болды.

13 ноябрьде сенбі күні Күйікте соғыс болды.

1917 жылы 18 февральда Құмкешуде соғыс болды.

19 февральда Ақөткелде соғыс болды. Сейсенбі күні».

Бұл беттегі жазуларды әуелі біреу қара қарындашпен асығыс жазған да, кейін Аманкелді қара сиямен үстінен түзеткен. Ай-күнін анықтаған. Екі жақтан өлген адамдардың санын қойған.

Шежіре-кітабында Аманкелді екі рет Көкшетау уезіндегі Саумалкөл сотына тартылғанын жазыпты (Саумалкөл осы күні Володаровка деп аталады).

«Көкшетау уезі Ногайский болысының 2-ауылының қазағы Садуақас Сатыбалды ұғлының 1908 жылда 25 үйенде 3 өгіз ұғырлады деп 1910 жылда 25 мартта берген ғарызы бойынша барып Кривоозерный, қазақша Саумалкөл содиясының ғұзырында айтысып Садуақас Сатыбалды ұғлын жығып құтылдым. 1914 жылда 25 ғынуарда Саумалкөл содиясының 523-номірлі куәлік қағазын Торғай уезіне 1914 жылы бірінші мартта тапсырдым. Және 1909 жылы 22 үйенде Саумалкөл содиясының алдында Қараменде Тақай ұғылының дауынан құтылдым».

Бұл жазулардан Әлжан Қарабаевтың айтқандары дұрыс екендігі анықталады. Екінші, 1914 жылы Аманкелдінің Петерборға неге барғандығы осындай істерге байланысты болуы да мүмкін. Өйткені жоғарыда келтірілген Рахмет Шашамбайұлының бір болыстан екінші болысқа ауыса берген жайлары осы жазғанына жалғаса, іле-шала жазылыпты.

Шежіре-кітаптан оның кімнің қолында сақталып келгені де байқалады. Шежіренің ақ қалған бір жерінде Аманкелдінің үлкен ұлы Рамазанның біраз жазғаны бар. Ол былай деп жазыпты:

1. «Шоқандікіне берген мал: 20 қой айдап кетті Нұрғали. Шоқанның қатыны келгенде құла жорғаны бердік. Мырзағұлға той қылатын жерде үлекті бердік. Нұрмағамбет келіп тама нарды әкетті.

Рамазан Аманкелдин».

2. «1929 жыл 25 сентябрьден шыққан малдың қалғаны 13 жылқы, 26 қой, 10 ешкі, 14 қозы, 2 сиыр». Бұл да сол Рамазанның қолымен жазылған. Бұдан кейін, тағы бір ақ қалған бетте 1933 жылы қайтыс болған бір адамның аты жазылған. Бұған қарағанда Аманкелдінің шежіре-кітабы Балымнан бұрынғы әйелінен туған балаларының қолында болған. Мен Рамазанды соғыстан бұрын екі рет көріп сөйлесіп едім. Ол әкесінің ондай шежіре-кітабы барын, болса қайда кеткенін білмейтін адам болып шыққан.

— 16—18 жылдары біз ес білмеген баламыз ғой. Естіген-білген емеспін,— деген.

Тегінде, біз Бейімбет екеуміз пьеса жазғанда да, сценарий жазғанда да Аманкелдінің соңғы әйелі Балымды көрсеткеннен кейін Аманкелдінің бұрынғы семьясында бізге деген өкпелері де болуы мүмкін. Рамазан азырақ салқын, едәуір паң сөйлесіп еді. Шежіре-кітап Рамазан әскерге кеткеннен кейін ғана менің қолыма түскен себебін мен осыған жоримын.

Жоғарыда шежіре-кітаптан келтірілген үзінділерге жете көңіл аударсаңыз бұл күнге дейін Аманкелдінің қандай адам болғанын үстірт түсініп келгеніміздің даусыз екені анық. Аманкелді рухани мәдениет тұрғыларынан қарағанда бұл өз дәуірінде үлкен адам. Оның ел тіршілігіне үнемі көңіл аударып отырғанын көресің. Патшалық құрылысқа ол 1916 жылдан көп бұрын қарсылығы бар адам. Оның «Патшалардың һәм қазақ-

тардың тарихы» деген еңбегінің әр сөзіне қадағалап қарасаң, оның ар жағында әр түрлі қоғамдық ойлар жатқанын көресің. Қазақ және Орта Азия халықтарының орыс патшалығына қашан бағынғанын сонша қадағалап зерттеу ол кездерде жоғары білімді қазақ оқығандарының да көңіл аударған жұмысы емес.

Патшалардың тарихын Аманкелді әлдекандай кітаптан аударып алғаны даусыз болу керек. Бірақ сол заман үшін, сол қыр қазағы үшін осының өзі қандай қымбат рухани мінез! Кітаптан көшіріп ала отырып, бұл мәселелерге Аманкелді өзінің елдік тұрғыдан қарайтынын жасырмаған.

Бұл жерге Бейімбет екеуміздің бұрынғы жазғанымызда бар бір ойымызды қоса кетуді жөн көремін. Біздіңше, Аманкелді 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. 1917—18 жылдарда ол ұлт-азаттық қозғалысының бетін Ұлы Октябрь революциясының арнасына әкеліп қосады.

Бір мысал келтірейік. Патша құлағаннан кейін Аманкелді сарбаздарын таратып, Абдығапар ханнан құтылып, өз маңайындағы аз ғана топпен қалады. Осы кезде, 1918 жылы бас көтеріп даурыға бастаған «Алашорда» Аманкелдіні Орынборға сотқа шақырады. Көтеріліс кезінде «жәбір-жапа көрген» Арғын рулы байлардың арыздары бойынша Аманкелдіге жеті жүз бірдеңе мың сом кесім жасайды.

Орынборда қызылдар мен ақтардың, ақтар мен «алаштың» саяси тамырын таныған Аманкелді елге келіп сарбаздарын қайта жинап алады да ақтар мен «алашты» Торғай маңайына жақындатпай қояды. Осы кезден бастап Аманкелді қазақ халқының болашағын Октябрь революциясының тағдырына біржола байланыстырған революционер. Аманкелді Иманов Қызыл туды Торғайда Совдеп құрылудан көп бұрын көтерген. Коммунист партиясының қатарына кірген. Осы тұстан бастап мен Аманкелдіні идеялы, саналы және әр қилы таптар тартысында, ұлт-азаттық қозғалысының майданында пісіп-қатқан революционер деймін. Кейін Орынбордан ығысқан «Алашорда» қыр елдерінің орталығы Торғайға орналаспақшы болғанда, Аманкелді оларға «Әуелі қаруларыңды тапсырыңдар!»— дейді. Амал не, 1919 жылдың басына таман Торғай Совдепіне енген тап жауларының басым көпшілігі Аманкелдіні жеңіп, «Алашорданы» қаруымен Тор-

ғайға кіргізеді. Аяғы белгілі — Аманкелдінің өлімі, Таранның өлімі.

Әттең, өкінішті екі өлімнен кейін бір жылға жетпей қазақ даласына Совет өкіметі түгел орнап болса да атақты революционерлерді өлтірушілер, қанды қол ұлтшылдар жауапқа тартылмай кетті.

Қорыта келгенде айтарымыз — Аманкелді туралы бұл күнге дейін болып келген көзқарастарда үстірттіктер көп. Ниет адал, мақтау да жетіп жатыр. Бірақ дәлдік, анықтағандық сұйықтау. Біздің жазып отырғанымыз да ғылыми тексеріске жатпайды, әрине. Бұл — Аманкелді сияқты халқымыздың нағыз ерінің алдында кейінгі ұрпақтың парыз-қарызы барын тағы бір рет еске түсіріп, көңіл аудару мақсаты. Сондықтан нағыз тарихшыларымыз, қоғамдық қайраткерлеріміз, журналистеріміз болып Аманкелді жайын жан-жақты зерттеп, шындықты түгел ашар, орнықты қорытынды жасар деп сенім білдіреміз.

Екінші, Аманкелдінің шежіре-кітабын қымбатты мұра, реликвия ретінде түгелімен басып шығарғанымыз жөн болар еді.

Сөз аяғында Аманкелдінің қолжазбасын аман-есен сақтап келген Орталық музейдің бұрынғы директоры Жиреншин жолдасқа, осы күнгі директоры Сара Есова жолдасқа көп-көп алғыс айтқым келеді.

1973 ж.

ҚОРҒАСЫН АЛЫБЫ

Тас төселген күрең жолмен қолдың саласындай тізілген ақ теректердің ішіне кіре бергенінде, сол жағыңнан үлкен бір жүректің үздіксіз соғып жатқан қатты дүрсілі келеді. Жер азырақ дірілдегендей, су бетінде әжім, жапырақ біткен қалт-қалт етеді. Кең өңештен салынған айғай естисің, үлкен танаудан алынған дем келеді. Оңтүстік Қазақстан облысының жүрегі осы арада соғатындай сезіледі.

Темір мен темірдің шайнасқаны қарш-қарш етсе, темірдің тас шайнағаны гүрс-гүрс етеді. Терезелер дір қалтырап, қыпылық қағады. Өтіп бара жатқан поездарда үн жоқтай, завод демі бар үнді басып тұр: айналаңда бір-ақ үн, бір-ақ күй, от лебі көш жерден келеді.

Бұл — Ленин орденін тағынған, Ұлы Одақтың ақсақалы Калинин жолдас атындағы, Шымкенттің қорғасын

алыбы. Күшті соққан үлкен жүрек осы алыптың жүрегі, ол жүрек — бүкіл облыстың жүрегі екені де даусыз.

Бұрын осы ойпатта әр жерде тоқымдай ғана болып жататын жоңышқа болатын еді. Әр жерде бір қалғып тұрған бір көк есек жақсы түс көріп тұрғандай орнынан бір қозғалмайтын. Одан әрі әр ағаштың түбіне жасырынған соқыр жер үйлер тұратын. Соқыр жер үйдегі ойы қараңғы әйелдер сол қараңғылық аз келіп тұрғандай, қара паранжі жамылатын. Қара көздер, алмадай жүздер дүниеге көрінейін десе, әдет деген ағаш қамыт басып, рұқсат етпейтін. Қараңғы үйден қайғы үні, қараңғы ойдан күң мұңы келетін. Күң заманның түні ауса да көлеңкесі қалғандай, үй қараңғы, ой қараңғы жерде ескі мұра табыла беретін.

Қазір сол ойпатта іргесін кең жайған қорғасын қаласы. Қараңғы үйлер жойылып, қараңғы ойдың көзі ашылған, алма беттердің қара шымылдығы да алынған. Түнді күн жеңген. Заводтың отты лебі маңайдағы ескіқұсқыны әлдеқайда алысқа айдап тастағандай, айналаң жуынып-таранған жаңа дүние, әрі жас, әрі әсем құлпырады.

Дүние деген үлкен сөз. Дүние жүзінде екінші орын алатын завод қандай болу керек? Оны әркім өзі ойласын, теңеуін өзі тапсын. Біздің айта кетеріміз — Солтүстік Америка Штаты дүние жүзінде бірінші орынды алғанда бірнеше заводтарын қосып барып алса, Шымкент жалғыз заводымен-ақ екінші орында! Заводтың қақпасынан үлкен самолеттер еркін ұшып шыққандай...

Осы заводтың алдында тұрмыз: алтындатқан Ленин орденін тағынған үлкен темір қақпа. Ар жағы көлеңкелі бақша, ерсілі-қарсылы ағып жатқан су, айқыш-ұйқыш темір жол. Қатар-қатар жатқан завод үйлері қанаттасып барып, ар жағы жұмыскер қаласына жалғасып кетеді.

Тосырқау көзді екі нәрседен айыра алмайсың: бірі — завод трубасы да, енді бірі — бүйендей бұралып, завод үйлерін қапталдай отырып, барлық зиянды газды алып кететін үлкен өңеш. Өнештің ішімен бір полк атты әскер еркін шауып өткендей.

Завод бізден еш нәрсесін де жасырған жоқ. Көрмесе көз айыпты, ұстай алмаса ой айыпты, заводты түгел араладық.

— Бұл кен қорасы,— деді, бізді бастап жүрген

инженер, үлкен бір алапқа шыққанымызда. «Қораның» бір шеті заводта, екінші шеті арғы ойға түсіп жатыр.

Төбе-төбе болып «Ащысайдан» келген қоңыр кен мен сарғылт түсті концентрат жатыр. Жаңа ғана келіп тоқтаған ұзын поезд әкелген кенін тағы осы араға құлатып жатыр. Темір жолдың екінші бетінде «Қансай» концентраты мен Сібірден келген «Жиренше».

— Мұның қорғасыны бірге-бір, жүзден елу болып отырады,— дейді инженер Соколов жолдас.— Ауыр-ақ, қауындай ғана бір кесегін әрең көтересің.

«Кен қораға» төселген шлак қара жібек кілемдей жалтылдап, бел асып түсіп жатыр. Кен әкеле жатқан заводтың өз поезы сол кілемнің үстімен келе жатқандай.

Айналып артына қарасаң, көше-көше қылып жинап қойған қорғасын, текше-текше болып бір шеті темір жолға жетіп, екінші шеті заводтың үйлерін айналып, әрі кетеді.

Қорғасын деген ауыр сөз. Қазақ тілінде бұдан салмақты сөз де жоқ. Бірақ қорғасын десең-ақ ойыңа оқ түседі, оқ түссе, өлім түседі. Бұл қорғасын байғұсқа ескі өмірден тағылып қалған ескі айып. Әйтпесе өзі моп-момақан, мінез десең мінез қандай, бейбіт іс пен игілік тілектен басқаға жүргісі келмейтін-ақ зат. Өлім емес, өмір тілегінің құралы.

Ұлы Горькийдің 28 жылы былай дегені еске түседі: «Жақын арада бір адам империалистік соғыста әрбір солдатты өлтіру үшін бес тоннадай металл жұмсалғанын есептеп шығарды. Ойланыңдаршы, бұл капиталистік жоқшылықтың бар сырын өте тамаша ашатын факты емес пе!»[1]— деді.

Капитал дүниесінде қорғасынның қайда кететінін бұдан артық айқын дәлелдерлік сөз болмасқа керек. Империалистік соғыста отыз миллион адам қырылғанын еске алсақ — 9. 000. 000. 000 пұт металл шашылған болып шығады. Тап осындай металы бар ел, барлық елден бай болар еді. Қасында тоғыз дөңгелегі бар тоғыз деген металл болмай бидай болса да көз тұндырмас па еді! Капитал дүниесіндегі жұмысшы мен қызметкердің балалары қорғасын ораған шоколад болады дегенде сенбей жүрсе, айып оларда емес. Біздің балалар қорғасын жайын сөз қылсаң:

---

[1] *М. Горький.* Публицистикалық мақалалар. 1933 жыл. 34-бетінде.

— Әлгі шоколад ораған ба?— дейді. Өйткені біздің елімізде қорғасын бейбіт еңбектің қорғаны.

Біздің елде қорғасын десең, оның осы күнгі орны жұрттың өзіне де жақсы таныс. Қазақстанның қай ауданын алсаң да ең кемінде екі типографиясы бар. Онда газет басылатынын, терілетін әріп қорғасыннан құйылатынын, ол газеттер елге мәдениет таратынын еліміз айтпасақ та біледі. Капиталистік елдердің он ауданында бір газет шыға алмайтынын біздің ел тағы да жақсы біледі, өйткені ол күні кеше өз басынан өткен қараңғылық заманы.

Сонымен бірге біздің қорғасын ел қорғау жұмысына жұмсалмаса, Совет Одағы айбынды елге айналмаса, капитал дүниесі бізден қаймықпас та еді. Біздің қорғасын — Отан қорғау жұмысының құралы екенін де жасырып көрген емеспіз!

* * *

Завод поезы сыртқы бункерге қабырғаласып келіп тұра қалды. Жұмыскерлер «Ащысайдан» келген кенді, бұрын көрмеген адам темір құдық екен деп қаларлықтай бункерге құлата бастады. Ауыр кен гүрсілдеп құлап әлдеқайда кетіп жатыр төмен. Біз кеннің соңына түстік.

— Жаңағы сыртта көрген темір құдықтың түбі осы,— деді инженер, бізді жер астына алып келіп. Темір өңештен құлаған кенді күшті транспортер екінші жаққа қарай жоғары әкетіп жатыр. Кеннің сырттан құлауы да, транспортердің екінші жаққа алып кетуі де бір үзілмейді.

Транспортер мың дөңгелегімен сырғып отырып кесек кенді ұсақтайтын бөлімге алып келді. Көк тастар білек машинасының арандай тістеріне түскесін барт-бұрт опырылып, енді Сеймонсқа кетіп жатыр. Білектің аузына түскенше кесек-кесек болып келген кен, Сеймонсқа жұдырықтай ғана болып келді. Одай кейін волковой ұсақтағыштан шыққанда ең ірісі асықтай ғана болып шықты да складқа жөнелді.

Келесі бір бөлімде ылғи бір ескі машиналар тұр. Істерінің бәрі орынды. Адам өз қолымен істесе минутында бір шатастырып алатын істі, адам істеп шығарған машиналар қылдан бір тайғызбайды. Зырқыраған көп транспортерлардың тоғысатын жері де осы. Көз алдың қатар

жарысқан көп өзеннің ағысы секілді де, құлағында қосыла ызыңдаған көп үннің жұмсақ қоңыр күйі тұрады. Тынымсыз сырғыған транспортерлар, бірі концентрат, бірі кен, бірі шлак, бірі кокс тас көмір әкеліп, алдарында күтіп тұрған машиналарға беріп жатыр. Ол машиналар Дуад-лойд машинасынан жақсы агломерат шығу үшін кеннің әр түрінен қанша жіберу керек болса, әрбір секундт-минутте сонша ғана жібереді. Одан артық бір уыс жіберуі мүмкін емес.

Ғылым жұмысы да осы бөлімде. Кен қорасындағы түрлі кендердің сырын ашып, қай кенде қанша күкірт, қанша қалайы, қанша қорғасын бар, тағы тағыларын айырып беретін лаборатория бар. Осы лабораторияның айтуына қарап отырып, цех бастығы әр машинасына әр түрлі жүріс береді: біреуі минутында жарты тонна кен жіберсе, екіншісі он бес килограмм жіберуі мүмкін. Міне, әлгі машиналар осы міндетті атқарады. Егер осы машиналардың бірі жаңылып кетсе, алдағы іске қойыртпақ араласар еді.

Бұл агломерат цехы. Смена бастығы орденді Ерназаров Пердебек жолдас.

Шымкент қорғасын заводында үлкен бір топ ерекше озық жүрген стахановшылар бар. Бәрі де осы заводтың өзі өсіріп шығарған түлектері. Пердебек соның бірі.

Мұрынбаев Әлжан, Языков Владимир, Ерназаров Пердебек тағы басқа көп жолдастарды көрсеңіз, заводтың алдыңғы қатарлы адамдарының қандай екенін біле қоясыз. Бұлар біркелкі жастар. Ескіден жұққан шаңы жоқ, алыс пен жеңіс үстінде өскен жастар. Әрқайсысының өткен өткелі, жүріп келген жолы, көрген қиындығы әр алуан болса да, бәрінің бағыты бір болғандықтан тұс-тұсынан келіп осы заводта бастары қосылған. Алыстан іздеген армандары, ұмтылған жарықтары осы завод болған.

Қолхоз түгіл, революциядан әрі асып жататын тарихы бар заводтардың үлкен коллективін алсаң, адамдарының райы көбіне әр түрлі келеді: әрбір адамның өмірде кеткен түрлі еншісі, әр түрлі кегі бардай көрінеді. Бұл заводта олай емес, өсіп-өнген ұясы, алған тәрбиесі бір болғандықтан, бұларда бір жалпы мінез бар. Ол — сөз сараң да мағыналы, іс ықшам да мазмұнды.

Орта бойлы, жалпақ жауырын келген жігіт Пердебек Ерназаров — сөзге сараң жігіттің бірі осы болады.

— 1919 жылдан 31-жылға дейін мал бақтым. Байы да

соның ішінде, «ет совхозы» да соның ішінде...— деп, жиырма екі жылдық өмірін бір-ақ сипап тастайды. Бұл бір діңкесіне тиген кезеңдей, баршалап айтуға жолағысы келмейді. Әкесінің темір жол жұмысшысы болғанын, мал баққан дәуірдің соңғы төрт жылдан басқасы бай есігінде өткенін, шұқылап отырып әрең айтқызасың.

— 31 жылы осы заводқа арбакеш болып кіріп едім, содан кейін майлаушы болдым, машинист болдым... 34 жылы ваков-волф машинасына көштім,— деп, бұл дәуірді де саран айтады. Әсіресе, арбакеш кезінде он бір рет, ваков-волф машинасында алты рет сыйлық алғанын жасырып кетеді. Бірге отырған жолдастары айтып жібермесе, мұндай қалтарыстары, тіпті, көп болатын сияқты.

Пердебек — заводпен бірге жасасқан совет жұмыскері. Ауылдағы батрак, әліптің таяқ сияқты екенін білмейтін күйінде келіп заводқа кіреді.

Завод жүріп кеткен кезде:— Тым болмаса осының бір дөңгелегінің тілін үйрене алар ма екем, жоқ па деп арман етіп едім,— дейді.

Іздесең таппас нәрсе жоқ, Пердебек аз жылдың ішінде ғана іскер болады. Арбакештік пен ваков машинасының арасы талай бел болса да, 33 жылы арбакеш Пердебек 34 жылы ваков машинасының «тілін» үйреніп-ақ алады.

Өсер жастың бір ерекшелігі ылғи алға ұмтылуында ғой, Пердебек бір жылдың ішінде ісі іргелес келетін цехтардың бірін зерттей жүріп, 36 жылы ең ауыр агломерат цехына бригадир болып, 39 жылдан бастап осында смена бастығы.

Мұнда екі үлкен цехтың жұмысы жалғаса жүргізіледі. Складтағы түрлі кендерді керекті мөлшерде араластырып, Дуайд-лойд машинасында пісіруге әзірлеу — бұл шихта жасау деп аталады; екіншісі — осы шихтаны Дуайд-лойд машинасында пісіріп, Ватержакетке жіберетін агломерат. Пердебек осы істің басында. Заводтың жүрісі бұзылмай, күнделікті күтіп отырған қорғасынды алу-алмауы да осы цехтың қолында. Егер, бұл цехтың ісінде шалағайлық өрістей бастаса, завод бай кенге шаш етектен келіп отырса да уәдесін орындай алмайды. Пердебек сменасы завод көлемінде алдына ешкімді салмай келеді.

Пердебек сауатсыздықты осы заводқа келгесін жойған адам. Осы кезде горнометаллургический техникумда өзі

сабақ береді! Оның оқытушылығы жөнінде заводтың бас металлургі Лазиков жолдас былай дейді:

— Өндіріс техникасын меңгеру жөнінде Ерназаров жолдас алты рет емтихан ұстады. Соның біреуінде ғана «жақсы» деген баға алды да ,өзгесінің бәрі де «отличномен» өтті. Техниканың талай қиын бөлімдерін сонша тез меңгергеніне таң қалмағанымыз жоқ. Ал техникумда сабақ бергенде балалардың қолына қондырып, миына сіңдіріп жібереді.

Бұл цехтың қорытынды сөзін айтып отыратын — Дуайд-лойд машинасы. Кокс тас көмірмен араласып, ұндай болып келген кен Дуад-лойдтың қып-қызыл табанына түсті дегенше, пісіп те болады: үздіксіз айналып тұрған от табан сырғытып апарып, темір өңештен төмен құлата салады. Даладағы темір вагонеткалар пісіп шыққан агломератты Ватер-жакет пешіне әкетеді.

Алып заводтың үлкен жүрегі Ватер-жакет пеші. Бұл темір мен отқа күймейтін кірпіштен салынған пеш. Бұл пеш жағылғалы қазір алты жарым жыл. Содан бері оның оты бір сөнген емес те, ыстықтығы 1 400—1 700 градустан төмендеген емес. Ватер-жакеттің төбесінен құлаған агломерат астына келіп жеткенше балқиды да темір астаумен бұлақтай аға береді. Екінші астаудан от бұлағы ағады: ол — шлак. Оттың бұлақ болып ағуын көремін десеңіз Ватер-жакетті көресіз.

Пештің ауа жүретін бір тесігі бітеліп қалды білем, сұйық от садақтай атылды. Пеште тұрған жұмыскер асыққан да жоқ, сасқан да жоқ: киіз жалбағайын пеш жақ бетіне азырақ қисайтып алды да темір көсеумен тесікті ашты. Бетіне екі-ақ сүйем жерде атылып тұрған сұйық оттан сескенген жоқ.

Кішігірім көлдей темір қазан сұйық металға лық толып тұр. Бір жағынан қорғасын бұлағы келіп құйылып жатса, екінші жағынан тоңазыған қорғасынды тонналап көтеріп әкетіп, үлкен кран жүр. Қазан бір кемімейді. Күміс көбігі жағаға жиналып, ауыр толқын жарын сабалап жатқандай.

Қеннің бай екендігі осы арада бір көрінеді. Кен кедей болса, заводтың Ватер-жакетке дейінгі жұмысы борандатып келіп, Ватер-жакет тамшылап қана тұрар еді. Мұндағы Паркес қазаны Қарынбайдың қазанына ұқсап бір толмас еді.

Ал, Шымкент заводында іс Дуайд-лойд машинасына дейін есептеулі салмақпен келеді де содан бері қарай

қатты қысып кетеді. Аққан қорғасынды алып үлгеру, айырып үлгеру жұмыстары нағыз қысылтаяң сияқты. Бұл әрине, кеннің де, еңбектің де мазмұндылығын көрсетеді.

Ол мазмұн завод қасында тау-тау болып үйіліп жатқан қорғасын маялары.

* * *

Бұл жас завод — Совет елінің төл тумасы. 30 жылы алғашқы кірпіштер тасыла бастаса, үш жылдың ішінде салынып та болды. Заводтың жүрегі 34 жылы, ғинуардың жиырмасы күні соға бастаған еді.

Осындай жас болса да сол өмірінде жұмыскер жұртшылығының көңілін де қалдырып көрген емес: бұл адамды адам қанау дегенді көрмеген, совет заводы. Жұмыскер үшін завод өгей шеше болыпты дегеннің не екенін де білмейді. Еңбек берік қорғаулы, иесі сол еңбек, игілігі елдікі. Қашан да бай тұрмысты, мәдениетті жұмыскер қаласы. Қабағы түсіп тұнжырап жүрген бір жұмыскер көрмейсің. Завод иесіне, иесі заводына риза.

Оның орнына завод адамдарының бәріне ортақ бірнеше жаңа қасиеттер, жаңа мінездер бар: ұяла білу, сыпайышылық, қуана білу, тура қарап — дәл сөйлеу.

Істі стахановша істеу — жалпы жұмыскер жұртшылығының дәстүріне кірген. Жаңа техниканы меңгере алмағандықтан, озық жолдастарының қатарына қосыла алмаған жұмысшылар қатты ұялып тұрғандығын көресің. Оның үстіне, озық жолдастарын қуып жету үшін оның шылбырына жармасып бөгет жасамайды, өз атын қамшылайды, техника тілін тез білуге ұмтылады. Барға — риза, жоққа — салауат деп, отыра бермейді, іздену соңында, стахановшы жолдастарының күнбе-күнгі табыстарын күндемейді, бірге қуанады.

Заводтың алғашқы адамдарының өте сыпайышылығына таң қаласың. Мұрынбаев, Ерназаров, Языков жолдастар түгел тағынып шықса, әрқайсысының кеудесі жарқырап тұрар еді, бірақ ондай мінез бұларда жоқ: орденді, стахановшы, депутат екендерін сұрап білесің. Осы мінездер завод жұмысшыларына ортақ, жаңа қасиеттер, социалистік заманның бір елесі сияқты.

Әлжан Мұрынбаев жолдас жайында өз алдына бір ұзақ әңгіме жазбасаң, отызға жетпеген жас жігіттің өмірі оқығаға сонша бай. Ол Шымкент қорғасын заво-

дымен бірге өсіп, бірге жасасып келеді. Одан бұрын Жамбыл қорғасын заводының жұмыскері. Завод түтіні будақтағаннан бастап стахановшы. Баяғы рекорд смена-ларының тұсында комсомол жастарды бастап, талай шабуылдың ту ұстары болған жігіт. Оқымаған кезінде-ақ жаңа техниканы меңгеру үшін табандап күресуінің арқасында осы күні заводтың қай бөлімін болса да іркілмей басқарып жүре бере алады. Әлжанның қай жерде, қай бөлімде істеген жұмыстарын алсаң да екі еседен басталып, үш еседен асып құлап жатады. Қай жағынан алсаң да үлгілі жолдас. Сондықтан да қорғасын заводы оны СССР Ұлы Советіне депутат етіп сайлаған.

Заводтың өзі өсіріп шығарған жас ғалымы Владимир Языков жолдас. Ол 32 жылы ғана Риддердің тауken техникумын бітіріп шыққан. Қазір заводтың бас металлургі.

— Владимир металдың мінезін өте жақсы біледі!— дейді завод инженерлері.

Көптеген инженер-техникі бар заводта күні кеше техникум бітіріп шыққан жас маманның мұндай баға алуы әрине оңай іс емес. Владимир Языков жиырма жетіге биыл ғана толады. Талай тақымдар толмай жүріп, аяғында іс жүзінде жеңіліп барып, мойындаған.

35—36 жылдары заводтың ілгері басқан аяғы кейін кеткендей, маңдайы жарқырай алмады. Оның бас себебі — заводта ұялап алған ел жауларының іштен шалып, сырттан қаққан зиянкестіктерінде еді. Сұғанақ қолдар машинаның әрбір винтіне жармасып, әр дөңгелегін артқа қарай айналдырмақшы болыпты. Языков осы азғындармен алыста шыныққан, саяси күрес пен өндіріс үшін күресте өскен маман.

Жаңа техникалы заводқа көпшілігі елден келген жас жұмыскерлер жаңа техниканың тілін бірден біліп, бірден меңгеріп әкете алған жоқ, әрине. Совет инженерлерінің алдына жұмыскерлердің техникалық білімін көтеру міндеті қойылды. Шымкент қорғасын заводында бұл күнбе-күнгі істің бар саласымен ерекше байланысып жатқан мәселе еді. Осы кезеңде Языков жолдастың қолқабысымен техника тіліне аз уақыттың ішінде жетілген жас жұмыскерлер ондап саналады. Жұмыскерлер оған берік сеніммен, ырза көңілмен қарайды.

Өзі де мойнына жүктелген ауыр салмақтың жауапкершілігін естен шығармайтын сияқты. Қашан да жұ-

мыскер қасында, өндіріс үстінде, жеке тұрмыс пен демалыска қалатын сағаттары тым аз.

37 жылы социалистік еңбектің шеберлерінің мектебін ұйымдастырып, көп жұмыскерді іс үстінде өсіріп шығарған. Социалистік жарыстың ылғи алдыңғы қатарында болғандығы үшін, 38 жылы ауыр өндірістегі социалистік жарыстың значогін алған. 39 жылы ерекше еңбек істегендерге берілетін медаль наградқа берілген.

Еңбек тәртібі деген құр айта берумен орнамайтын, ұйымдастыруды керек ететін үлкен іс екенін ұғындық. Әр істе тәртіп, тазалық орнады. Стахановшылар қозғалысы кеңейіп, істеген іс пен адал жұмсалған еңбектің нәтижесі қолма-қол көрініп отыратын болды. Инженер-техниктер өндірістегі орнын тапты. Әрбір жұмыскердің мамандығын көтеру жұмысы өріс алды... Бұл мінез заводтың күнбе-күнгі өміріне кірді де, дәстүріне айналды. Заводымызға Ленин ордені берілді. Темірдей тәртіпті кіл есте ұстаймыз: тайып кеткен жеріміз жоқ па, былтырғымыз алдағы жылға олқы емес пе, одан бері өмірдің өзі қосқан не бар — завод еңбекшілері мұны қатты бақылайды,— деседі.

Қазір Шымкент қорғасын заводы Қазақстан республикасының XX жылдық тойына әзірленіп жатыр.

— Бұл әзірліктің негізі неде?— деп сұрағанымызда:

— Завод дүние жүзінде екінші орынды алса, ұлы Одағымызда бірінші орында екенін ұмытпайды,— деді Әлжан Мұрынбаев, жымиып.

— Одақтық көлемде бірінші орын алатындығымыз завод жұртшылығының алдына кесек сұраулар қоятындығы қашан да есімізде. Жылдың бас кезінде планымыз орындалмай келген айлары болса да жарты жылдық планды біраз артығымен орындадық,— дейді Языков жолдас.

Қазақстанның XX жылдық тойына Шымкент заводы жылдық планды 105 процент етіп орындауға сенімді уәде беріп отыр.

Орденді Шымкент қорғасын заводының жер жүзіне мәлім таңбасы — СШСЗ...

* * *

Шымкент қорғасын заводы Қазақстанның төркіндес төрт алыбының бірі:

Мұның батысында «Жезқазған», шығысында бай «Балқаш», одан әрі алыстан мұнартқан Алтай жатыр.

Қазақстан түсті металдан бүкіл одақтық көлемде негізгі қор болса, осы төрт алып сол қордың негізгі төрт бағанасы сияқты.

Қазақстанның алтыны мен күмісі, қорғасын мен мысы Алтайдан шыққан алтын өзендей Алатауды бөктерлей отырып, Орал тауына тоғысады. Алтын жүлге «Риддер» «Ақжал», «Степняк», «Жетіқара» арқылы Орал тауына жалғаса, ара-арасы таяқтастам қорғасын, мыс, никель, сүрме — Сарыарқаның үсті-басы бәрі байлық. Бұл әлі талай жолдар салынып, талай заводтар орнап, талай түтіндер будақтайтын жер. Ұлы үш таудың арасындағы мол қазына сол күндердің босағасында отыр.

«Үлкен Жезқазған» жайы бүкіл одағымызға мәлім.

«Көлім бар теңіздей, балығым бар өгіздей!» дейтін Балқаш елі сол теңізінің жағасына мыс шаһарын орнатты!

Қазақ ақындары Алтай деуді олқы көріп, алтын Алтай дейді. Бұл Алтайға ертеден қойылған ат. Алтай жайын қалмақ халқының ұлы эпосы —«Жәңгірден» жақсы көресің.

Жәңгір бөгдеге алтын сарай саларда данышпан Алтан-седжі сарайдың төбесі көкке тиіп тұрсын дегендерге қосылмай:

— Бұл ұлы тілек. Бірақ көк те жақын тұрған жоқ қой... Ноянның сарайының төбесі көкке үш елідей тимей-ақ тұрсын,— депті.

Тап осы сарайдың аласа еместігіне ешкім таласпаса, ол сарайдың Алтай алтынынан салынғанына да таласатын жөн жоқ. Өйткені Жәңгір Ноян жердің асты-үстіндегі жауларын түгел жеңіп, жер үйегі — Бумбасына қайтып той жасаған жері Ертістің жағасы екен.

Алтын түкті аранжал аттың аунаған жері сол Алтай.

Сол Алтай біздің жер, сол Алтайда біздің ел. Кәріміз жасарды, жасымыз қартаймайды. Өйткені жер үйегі Алтай болса, жер иесі советтік Қазақстан елі.

Сол Алтайдың бауырында Қазақстанның төртінші алыбы — Риддер бар.

Риддер, Шымкент, Жезқазған, Балқаш — қатар жатқан төрт алып, түсті металл майданында Қазақстанның бірінші орнын ешкімге бермейді.

1940 ж.

ЖЕҢІЛГЕН СЫР

Сырдария ерке судың бірі... Тянь-Шань тауынан құлаған көк езу — долы тасқын тауды қопара, тасты үйіре шығады да жолындағы елдердің адал еңбегіне көзі тойып, көңілі тынғандай, мейрімі түсіп, кең пейіл байсалды ағады. Қатты ашуы қайтқандай, түнерген түсі жадырап, қалың елді қақ жарып өткенде ақ жарқын, ашық жүз, еркедей бұрандайды. Тек Қазалыдан асқасын ғана тағы да әлдекімге көңілі қалғандай енжар ағып барып Аралға құлайды. Тап осы құлар жеріне жеткенде артта қалған қалың елмен қиыспай қоштасып, артына қарай-қарай әрең айрылады. Теңізге баяу барып, көңілсіз қосылады. Елге істеген азды-көпті зәбірі енді есіне түскендей, ала кеткен ескі сандық, сексеуілі болса, осы ауызға тастап кетеді.

Сырдария — асау судың бірі... Өткен он тоғыз ғасыр оны жүгендей алған жоқ. Батыстан Ескендір, Шығыстан Шыңғыс та осы Сырға бөгелді. Жер тәңірісімін деген Темір де Сырға паналады. Жанған күннің лебімен, жазғы желдің демімен Сыр тасығанда дария атанады. Ойпат жерді көлге, көлді жерді теңізге теңейді. Бұл кезде ел көше қашады Сырдан. «Аллаға» тапсырып қаза салған арықтар, жағаға итініп тұрған жер үйлер болса, Сырдария сипай кетеді.

— Еңбек етсең шала етпе! Еңбекпен ойнама, «алланды» алдай бер, мені алдай алмайсың!— дейді Сыр.

Тентек Сыр әрі-берідесін етек-жеңін жинап алып, арнасына түседі: егіндікті тастай қашады. Бұл кезде қуып ұстай алмайсың. Су кемері төмендеп, қырға қарай айдасаң бармайды.

— Қазған қаналың болсын, буған бөгетің болсын!— дейді Сыр.

Не каналы, не арығы жоқ аудандардың «егін жоспарын орындадық» дегеніне, Сырдария сылқ-сылқ күліп, жөніне кете береді.

Сыр бойындағы елдердің басынан бір жаздың ішінде үш кезең өтеді. Бірінші кезең — ілгері тілеумен жұрт егін салады. Арпа, бидай, күріш, мақта егеді. Ел маңайы кілемдей бау-бақша болып кетеді. Қарауытқан қалың жыңғыл мен шеңгелді қопарып тастап, егістік жерді босатып алады. Қатын-бала қара сирақ, еңкейген кәрі, еңбектеген жастың бәрі қара терде жүреді.

— Бізге қарағанда қыр елінде бейнет бар ма?— дейді Сыр елі. Шынында, Сырдағы бейнеттің қырда оннан бірі де болған емес.

— Әрі кетсе алла біледі... бері қалса Сыр біледі... Түптеп келгенде сенеріміз өзің ғой...— деп, Сыр елі алланың көңілін де аулап қояды.

Бір кезде елдің мұнысына да өкпелеуге орын жоқ еді. Сырға ие болу қолынан келмегенін, еңбегі еш бола қалған күнде бір айыпты да болу керек емес пе? Сол айыпкер — сенімді ақтамаған алла болып шыққаны қолайлы да! Бірақ тілек тілетіп, құрмалдық сойғызып жаман үйренген құдай, ел тілегін ақтаған емес.

— Тақыр жұт жылы Шиеліде сойылған құрмалдықтың түтіні Қазалының түтініне қосылып еді, құдайы құргырдың мықтап отырғызған жылы да сол болды ғой!..— дейді Сырдың шалдары.

Жұртты талай алдаған, көздің жасын көл еткен, көп үмітін кескен құдайдан қазір жұрт та безіп барады.

Екінші кезең — күту кезеңі: тасып бір қайтқасын, салынған егінге Сырдың суы келер ме, келмес пе, ел жаз бойы осыны күтеді. Сыр елі дарияға үңіледі.

Бұған көп шыдам керек, бұл бір шашты ағартатын кезең. Алыстағы құдайға қол жетпейді, дарияның жағасындағы көп әулиелерде үн жоқ, өз қолыңнан келер тағы еш нәрсе жоқ, шыдай бер, күте бер. Бұл елді талай қалжыратқан, талдырып барып шалдығуға соққан кезең. Сырдың суы екі елі көтерілсе — емексітіп, бір сүйем көтерілсе — қуантып, аяғында ала қоржынын арқалатып жіберген кезең. Атаңның атасынан, балаңның баласына қалып келе жатқан мұра секілді.

Бұл кезеңде мекені жоқ құдайдан гөрі, көзің көріп тұрған күн көп әділ болып келеді: Тянь-Шань тауына көлбей қарамай, қадала қараса, тау терлеп дария тасиды. Тянь-Шаньнің жон-жоталары түгел бусанып, тасқын оянады. Құлдей бозарып, сақардай қуарып жатқан аңыздар гүлдей жайнап сала береді. Сондықтан да жұрт «тәңірі!» дегенде көкке қарайды да, «бере гөр!» дегенде Сырға қарайды...

Үшінші кезең — күзгі орақ. Не байлыққа, не кедейлікке белшеңнен батып кететін де осы кезең.

Жалынуын тәңірге жалынып, күтуін Сырдан күткендер үйінде қалады да, құдайдан күткендер қапшығын арқалап, ата-бабаларының ізімен «барса келмеске» бірақ тартады...

Осымен өткен ұзақ өмір енді «барса келмеске» өзі де кеткен. Кеткен ізі әлі жатыр, қайтар жолы жойылған біржола!

«Алладан ойбайым тыныш!»— деп, ел тағдырын еңбегіне тапсырған. Патша мен байдан құтылғанда елдің ығы босаса, құдайдан құтылғанда ойы босаған. Босанған тұтқындар енді бойын еркін жазып, құлашын кең сермеуде. Асау Сырды ноқталап, белден белге, жазықтан жазыққа, есегіндей жетелеп жүр.

Міне, алдымызда теңіздей теңселген қалың егіс. Батыс жақ бетіміз қарауытқан мақта. Ал қара көк кілемдей текше-текше болып, неше белден асып түсіп, етек жағы батар күннің астында жатыр. Үлбіреген ақтылы-қызылды гүлдері шоқтай жанады. Сол жағымызда кешкі күннің сәулесімен күрең тартып, үкідей жайқалған күріш пен арпа. Одан әрі сары алтындай жайқалған сұлы мен бидай комбайн орағынан жалт-жұлт құлайды. Орылып жатқан сұлыға қарап күз болып қалған ба десең, мақта мен күріш — күз әлі алдында,— дейді. Осы бір керілген алапта күз бен жаз қатар жатқан сияқты Колхоз мемлекетке беретін астығын тапсырып та болған — бұл күз белгісі сияқты. Екінші жағында — мақтаның үшінші жемін енді төккелі жатыр. Есік алдында шие мөлдіреп тұр!

Сыр осы елдің тағдыры сияқты, Сыр қолына түссе — жаз бен күздің тағдыры колхоздың қолында...

Жалағаш пен Қармақшының арасы тұтас жатқан бір тегістік болып келеді. Елдің қалың отырған жері де осы. Бірақ күші бірікпеген әлсіз ауылдарды басынғандай, осыншама құнарлы жерді шеңгел мен жыңғыл, жантақ пен сексеуіл жайлап келді. Трактор түгіл кетпен тимеген май топырақ мәңгіден бері шын иесін күтумен зарыққан сияқты.

Бұл Сырдың оң қабырғасы, батыс жақ беті.

— Қалың ел қашаннан бері отырғанмен жарықтық еміренбей, иімей келіп еді,— дейді Бөреке қарт.— Көз жасын талай жұтқан, бастың талай жарылған-ақ жері, бірақ көсегеңді көгертіп те көрген емес-ау...— дей келіп, алысқа айналған, артта қалған қор күннің зардабы әлі бойынан кетіп болмағандай күрсініп те алады.

— Ол күннің несін сұрайсыңдар... Аузыңа салған асың тамағыңнан өтіп кеткенше өзіне бұйыра ма, бұйырмай ма деп алақтап отыратын заман емес пе, өшті ғой әйтеуір қарасы... Әр ауыл арық қазады ол күнде: егістік

ойпатқа жеткізгенше қазған арығың сенікі болып келеді де, егістікке қалай жеттің, солай өзгенікі болып шыға келеді.

— Бұл біздің арғы аталарымыздың іргесі тиген жер екен...— деп байекең шыға келеді.

— Арық қазарда ақылдаспайсыңдар ма!— деп жандайшап атқамінерлер шыға келер еді. Аяғында арық қазған кедейлер айыпты болып қалар еді. Ұлтарақтай жер тисе тиді, тимесе — қамшы тиді, кетпеніңді әрең арқалап үйіңе қайтар едің... Осымен безер болған ел үлкен арық қазып қайтсын, әркім іргесінен бір жыра жасап алып:

— Байға кететін еңбегімді аптаға кетірейін,— деп отыра бердік. Сонымен қайран жер де қала берді,— дейді.

Енді ол күн көрген түстей алыста елестейді. Бұл жерде колхоз болып ұйымдасқаннан бері қазылған үш канал бар. Үшеуі де Сырдың сол жағынан шығып батысқа қарай тартады. Қатар жатқан үш канал күре тамырдай білеуленіп барады да аяқ жағы тарамданып мыңдаған гектар егісті суарады. Кеуіп бозарып, шөлдеп кезеріп жатқан кең алқаптың бойына қан жүгіріп, қазір бақшадай құлпырады.

— Бұл «Аю шығанақ», «Құрайлы», «Наурызбай» дейтін каналдар, үшеуінің арасы қырық километр.

Осы үш каналдың бойында қырық бір колхоз бар. Бұлардың алғаш көз тіккен жері осы бір бес-алты мың гектар келетін күріштік ойпат екен. Колхоздардың өсуімен бірге бұл жер енді шағын болып қалды: үш мың гектарын күрішке шығарғанда, басқа егіске қалатын жер тым аз. Әрегіректе жатқан «Жосалы жазығы», «Ақ тайлақ», «Қалам бас» сияқты тұтас жатқан тың жерге су жете алмай отыр. Су жете алмаса — қол да жете алмайды. Сондықтан бұл жерлер алдағы күндердің арманы сияқты, әрі жақын, әрі алыс.

Оның үстіне соңғы жылдарда Сырдариядан ши шығып жүр. Келер кезінде келмейді, келе беріп қайтып кетіп, алдайтынды шығарды. Қанша еңбекпен қазылған каналдарға торғай құласа батпайтын болыпты.

— Бұл, Сырдарияны үш жерінен жырып әкеткен каналдар еді... Сырмен қанша сырлас болсақ та, алдағы күнде қандай мінез көрсетерін есептемесек керек, кешегі 38 жылы Сырдың суы табандап жатып алды да, су ке-

мері жер бетінен төмен түсіп кетіп егіске бармады,— дейді колхозшылар.

— Апырмау, енді қайттік?— дедік қаңтарылып алған жұрт.

— Сонда большевиктер алмайтын қамал жоқ болса, Совет елі салмайтын канал да жоқ болу керек! Сырдария бүйтіп қылт-қылт ете беруін қоймаса, құлағынан басып тұрып, қос ноқта салайық!— деп «Бидай көл» колхозы қаулы шығарыпты да Сырға аттаныпты.

— «Аю шығанақ» каналынан он сегіз километр жерде дарияның бір бүгілісі бар еді. Иреңдеген дарияның бойымен жүргенде 18 километр болса да «Аю» каналына қарай тура тартсаң алты-ақ километр келеді екен. «Бидай көл» колхозы осыны тапты,— дейді Қармақшы ауданының су мекемесінің бастығы Деникин жолдас.

— Сырды жүгендейтін жер осы!— деп колхозшылар тұрып алыпты.

Осы күні елдің бойы үлкен істерге үйреніп болғаны сонша, каналды қалай қазғандарын лепірмей ғана сөйлейді:

— Мың да бір жүз адам едік... Сырдың сағасына келіп тұра қалдық. Бір шетіміз «Аю шығанақта» жатыр... Қолдағы қару Адам-атадан келе жатқан кетпен ғана. Байқаймыз, Ферғана каналынан жүрегі үсінген Сырдария оңай қолға түскісі келмейді. Егістік бетке жоныи беріп, құмайт жаққа бетін беріп, табандап жатып алыпты. Кетпенді сауырынан салып жіберіп, мың да бір жүз адам он жеті күн терлеп едік, Сырдария соңымыздан еріп, төтемен келіп «Аю шығанаққа» құйды...

Бұл каналдың табаны он тоғыз жарым метрде, беті отыз метрге аз-ақ жетпейді. Сағат тілі бір шық еткенше отыз жеті кубаметр су береді. Тандыры кеуіп жатқан ескі арықтар осы каналдан су алып, колхоз егісі бірнеше қырдан асып түсті.

«Бидай көл» колхозының бұл ісі бүкіл аудан үшін үлкен үлгі болды.

«Наурызбай» жармасының аяғындағы колхоздың адамдары былай дейді:

— Ауданның айтуымен ескі жарманың етегіне барып күрішті еккен болатынбыз. Дарияның тасыған кезі, күріш белуардан-ақ суға егілді, бірақ енді бір айдан кейін күрішіміздің күні не болар деген ой сол кезде-ақ бунап жүрді.

— Су жайында не ойлайсыңдар?— деп біз ауданнан сұраймыз.

— Пландарыңды орындаңдар!— Одан басқа аудан да түк айтпайды... Сыр етек-жеңін жинап алып, қайтып кетті. Бидай, сұлы шөлдеп, күріш табаны кебе бастады. Ескі арыққа күнде бір үңіліп қоямыз — жоқ су қайдан болсын, үміт кесіле бастады. Топырақ қоламтадай, жер үйлеріміз пештей ыси бастады.

— Қап! Су жайын ойламағандарды әкеліп, мына күйіп тұрған топыраққа жалаң аяқ жүргізіп алар ма еді!— дедік ішімізден... Бірақ біреуге өкпелеп, кінәні біреуге аударып, еңбегіңді өлтіруге бола ма, «Бидай көлдің» үлгісіне біз де жармастық. Сырдан шыққан жаңа арнаны созып кетіп, Сырды жетелеп егісімізге әкелдік...

Сырдан алынған жаңа арна байсалды бір өзендей ағады. Терең су жайқалған егісті қақ жарып белден-белге асып жатыр. Құлазыған дала кілемдей, колхоз егісі масатыдай құлпырады.

— Сырдария ноқталанды. Тасығанда басып кетеді, тартылғанда қашып кетеді деп енді қорықпаймыз. Ноқтамыз берік!— дейді Қармақшының колхозшылары.— Бірақ ноқтамыздың сабағы қысқалау болып тұр. Осы каналдың алдында трактор тұяғы тимеген, турылған ту жер жатыр: Жосалы жазығы, «Қашқан су» қойнауы, «Қалам бас», «Ақ тайлақ» сияқты тұтас бір өңірлер майы шығып жатқан жерлер. Отыз мың гектар күріштік жер ойыншық емес, ендігі көз тіккеніміз сол, каналымыздың арнасы әлі де кеңи түсіп, сабағы ұзара түсетін шығар!— дегенді колхозшылар үзілді-кесілді айтып отыр.

Сөздің іске айналуы жақын сияқты. Күш жетерлік, құдірет қолда, сенім зор!..

* * *

Шынын айтқанда Сырдарияның жүгі де жеңіл емес. Бөксесі мен белін басып өзбек, тәжік ағайындар отыр: бұл — бүкіл одақтың мақта қоры деген сөз! Мақталы елміз деп мақтануды сүймесек те, біздің жалғыз оңтүстік облысы осы мақтаңызды Тәжікстаннан артығырақ бере бастады. Күні ертең теп-тегіс мақта бола кетуге әзірленіп шексіз шөлейт Бетпақ дала мен «Мырзашөлдің» етектері жатыр. Қазіргі күнде мақта егісі қырық екінші параллелден аз-ақ асып тұрса, жақын жылдардың ішінде қырық төртінші параллелге құлағалы келеді. Бұл —

ауызбен айтуға ғана оңай, карта бетінде ғана ықшам көрінгенмен, енді бір көлемді республика еркін сиятын жер!

Мақтадан бір аттап төмен түссең, бүкіл одақта үшінші орын алатын Қызылорда облысының ұлан-байтақ күріші жатыр. Бұл облыс аз айғайлар, көп шуламас, дегенмен алдағы ойын айтып қоятын болсақ — Одақтық көлемде күріш қорына айналғысы келеді. Қазіргі күнде жиырма мың гектар күріш егіп отырған Қызылорда облысының күрішінің дәмін Ленинград, Архангель қалаларының жас балалары да жақсы біледі.

Оңтүстіктің мақтасы мен Қызылорданың күріші қазіргі күннің өзінде екі облыстың экономикасын бөксеріп жатқан нәрсе. Сырдария судан қыспаса, бұл өңірдің әр бұтасынан алтын тамшылауға тұр. Осының бәрі Сырдарияның жүгі.

Қызылорда облысы қазір 20 мың гектар күріш ексе, жүз мың гектар егетін күндері бір қырдың астында ғана қол бұлғап тұрған секілді. Сондықтан бұл облыс Сырдарияны айдаумен бірге баптауға қол салғалы отыр. Ол — екі жүз елу миллион сом тұратын Қызылорда плотинасы.

Сырдария, Тереңөзек, Жалағаш, Қармақшы аудандарында әлі де екі жүз елу мың гектардай күріштік жер жатыр. Бар айып — Сырдарияда қалды: өзбек, тәжік, Қазақстан елдерінің мақта мен күрішін, бауы мен бақшасын аралаймын деп болдырғандай, Сырдария осы жатқан жалпақ өңірге оңай ғана басқысы келмейді.

Қызылорда қаласынан жоғарырақ, 7—8 километр жерде Сырдария өзені қайқайып күнбатысқа қарай тартып барып, қайта оралып келетін бір бүгілісі бар. Дарияның осы бір бүкірін жазып жіберіп, алдынан плотина (бөгет) жасап, Сырдың суын бес метр көтеруге облыстың ойы қатты ауып отыр.

Плотина жасайтын жер қазір құрғақ жатыр. Сірә, Сырдария бір кезде осы арамен тура аққан болу керек, дарияның ескі ізі тегіс жасырынған жоқ. Осы араға Сырдың ағысына көлденең түсетін бөгет жасалмақшы. Содан кейін Сырдың Батысқа қарай қайқаятын сағасынан бастап, қайтып оралатын жеріне дейін жаңа арна жасап, өзенді тура ағызбақ. Сонда Сырдария алдында тұрған бөгетке келіп соғады да судың кемері бес метр көтеріледі.

Плотинаның жоғарғы жағынан Сырдың екі жағына

қарай екі үлкен канал қазылады. Бірі — екі жүз елу километр, дарияның батыс жақ бетін бөксерлей күріштік кең жазыққа барады; екіншісі — 150 километр дарияның оң қабырғасын бөксерлей шығып, осы беттегі тың жерді өрлеп кетеді.

Облыстың су баратын егісі 80 мың гектар кеңеймекші.

Екі каналдың ұзындығы төрт жүз километр, қатар жатқан Сырдария, Терецөзек, Жалағаш, Қармақшы аудандарының шұрайлы тындарын аралайды. Ферғана каналын толтырып күші жайылып қалған Сырдария Қызылорда бөгетіне келіп демін бір алады да, одан әрі тағы кемерлеп ағады, жаңа каналдарға су береді.

Сырдарияның кеудесіне таман мақта да төмен түсіп Қызылорда облысына кіреді. Өзбекстанмен екі арада жатқан Оңтүстік облысының мақтасы шалқайып барып Бетпақтың даласын жабады. Оңтүстіктің басты егісі мақтаға айналса, Қызылорда одақтық көлемде күріш қорына айналады.

Сыр елінің арман етіп отырғаны осы бөгет пен осы екі үлкен канал. Қай колхозына барсаң да сұрайтындары осының жайы. Қазақстан Орталық партия комитеті мен Халық Комиссарлар Советінің бұл жөндегі қаулысы елге түгел таныс.

— Өкіметтің сол қаулысы бойынша, осы бір жазыққа қашан күріш егер екеміз деп отырмыз,— деседі.

Бұл жаңа каналдардың қазыла бастауын күтіп отырған, бөгеттің алдындағы елдердің сөзі болса, бөгеттің жоғарғы жағындағы колхоздар дарияның кейін серпер ұлы күшін меншігіндегі дүниесіндей есептеп отыр:

— Қызылорда бөгеті дарияның суын бес метр көтеретін болса, біздің ескі жармалардың өзі каналға айналады. Егістік жеріміздің етек-жеңі кем дегенде екі есе кеңи түседі!— дейді.

Қайда барсаң да Сыр елінің осы бөгетке құлшына кіріскелі отырғанын көресің. Иін тіресе отырған колхоздар шеңгел орнын кірішке әперіп, қабандар жайлауына малын жаяр күнді асыға күтеді.

Шеңгел мен жыңғыл басып кеткендіктен кірпіге ұқсап, тағы күйінде жатқан кең дала да ел керегіне қашан жарар екемін дегендей, алыста гүрілдеген трактор даусына құлағын түреді. Жыңғыл мен шеңгел де жақындап келе жатқан кетпеншіге тесіле қарайды...

Сырдарияның да тасығанда жер-көкті басып кетіп, қайтқанда қайда айдасаң сонда, жел десең желіп, аяң-

датсаң аяңдап, судан қаңтарып тастайтын күндері өтіп барады. Асау су жеңіліп, мұраптың соңына ере беретіндігіне мойындап қалған. Жоғарғы жағын мақтаға орап, үсті-басынан маржандай ақ күріш төгіліп тұратын алдағы күндерін о да арман етеді.

Ел мен судың, су мен елдің қашанғы арманы қабысқан сияқты.

Ел кетпенін әзірлеп отыр...

1940 ж.

БОШАЙДЫҢ ҮШ ҚАРАСЫ

«Құланқара», «Бұланқара», «Желмая»!

Бұл үш қара аттың үшеуі де Шығыс Қазақстандағы Үлкен Нарын ауданындағы Ленин колхозының аттары. Колхоз тұрсын ауданына, ауданы тұрсын облысына, облысы тұрсын бүкіл республикамызға абырой-атақ әперіп жүрген әйгілі аттар: «Құланқара» мен «Бұланқара»— бәйге аттары, «Желмаясы»— жорға.

Он жеті жылдан бері сол колхоздың бастығы болып келе жатқан Бошай Қітапбаев — ғылым кандидаты, Социалистік Еңбек Ері, заманымыздың озық азаматтарының бірі.

Ол бір жаны ақын адам. Оның ақындығы жорға-жүйріктеріне қойылған аттарынан да көрініп тұр: «Құланқара», «Бұланқара», «Желмая!» Осы үш атауда қандай теңеулер, қанша поэзия жатыр!.. Бұл Құлатай, Сұратай, Жұматай деген сияқты мағанасыз ұйқастыра салған заттар емес, поэзиялық мән берілген, ат үстінде өскен елдің поэзиясының әуені бар атаулар.

Өткен жылғы таза кірісі бір миллион екі жүз мың сом болған миллионер колхоздың бастығы Бошай жолдас сала-сала шалқып жатқан шаруашылығын мінсіз басқара отырып, үш қараның бапталуынан да көзін айырмады. Сенімді жылқышы, тәжірибелі атпаз Қожамсейіт Асантаев үш қараның шашасына шаң жұқтырмай бақса да, ат баптаудың қос тізгіні Бошайдың өз қолында екені даусыз. Сондықтан атақты үш қара ат Бошайдың үш қарасы деп аталады.

Ленин колхозы әрі егісті, әрі малды, бай колхоз. Биыл 13 мың гектар егін салған. Өткен бесжылдықтың қорытындысында бес жыл бойы гектарынан 21 центнер астық алып отырғандықтан Бошай Қітапбаев жолдасқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Бұл колхозда 25 мың қой, 7 мың қара мал, 1800 жылқы бар екен. Бошай басқарғалы колхоздың малы жұтқа ұрынған емес, ылғи өсу жолында.

Бошай басқарып отырған колхоз — өз тұрғыластарымен салыстырғанда озық мәдениетті колхоз. Кітапханалары бар, орта дәрежелі үш мектебі бар. Оқытушыларын, агроном, механизаторларын, адам, мал дәрігерлерін қосқанда үлкен бір қауым интеллигенциясы бар. Мәдениеттілік колхоз жұмыстарын басқаруда да, сол жұмысты істеуде де ерекше көрініп тұр. Бұл колхозда бейбастақтық, әдепсіздік, маскүнемдік, еңбекке керенаулық дейтін көргенсіздіктер сирек кездестін сияқты. Озық колхоздың ең алдымен адамдары озық. Мен білетін соңғы 4—5 жылдың ішінде Шығыс Қазақстан, Семей, Алматы облыстарына бәйге бермей жүрген үш қара сол озық колхоздыкі.

Ат жарысының қай түрі болса да барлық жүйке тамырынды бірге шымырлатады. Жалғыз қара болып озып келе жатқан бәйге атын көргенде көзіңе ие бола алмайсың. Аузыңнан шығып кеткен сөзің түгіл даусыңа ие бола алмайсың. Бұл қуану ғана емес, теңеуі жоқ үлкен сезім. Отырған орныңнан ұшырып тұрғызатын сезім — поэзия. Күй поэзиясы, ән биігі, поэзия биігі! Көз алдыңа Тайбурыл келеді, Құлагер келеді, құлағында — Құрманғазы! Ой-сезімің басқа тіршілікпен түгел ажырасқан. Осы кезде жаратылыстың бар көркемдігі сол озып келе жатқан атта ғана қалады. Ат алдына басынды игендейсін. Өйткені ол алға тартқан ұтымды қозғалыстың көркем бейнесі, мінсіз сұлулық. Тегі, мен машина, техника сияқты заманымыздың поэзиясын немерелеріммен бірге сезінсем, ат поэзиясын бабаларымдай сезінсем керек.

Әлі есімде, 50-ші жылдан аз ғана әрірек Алматы ипподромында болған үлкен бір бәйгеде Қәрім Мыңбаев әкеліп қосқан торы төбел ат бір айналым жалғыз дара озып келгенде Мұхтар марқұм Қәрімді көк желкеден түйгіштей бастады. Аузына «өй-өй!» дегеннен басқа сөз түспепті. Көзінде парлап кеткен жас еді. Екі әскери полковник топ ішінен тұра жүгіріп барып, аяндатып жүрген атты тоқтатып, алдыңғы екі аяғын сылай бастады. Бұл

Қәрімнің өзі баптап, өзі ғана мініп жүретін аты еді. Екі-үш жыл бойында алдына мал салмай келе жатқан.

Қәрім қайтыс болғаннан екі жыл кейін бәйгеге бапсыз әкеліп қосылған торы төбелдің трагедиясын да көрдік. Қара терге малынып, төрт аяғы төрт жаққа кеткен. Буаз биедей қарны қампиып, жұрт алдынан арыз айтып жылап өткендей еді. Құлақ түбінен сорғалаған тер көзін жуып кеткен. Жүлдеге ілінген жоқ, әрине. Үстіне мінген ұзын сирақ біреу екі аяғын үзеңгіге шіреп алып, қос өкпеден шоқпармен ұрғандай тебініп келеді. Ол тебінген сайын аттың діңкесі қатып, аяғында жортақтай беріп тоқтап қалды да, кісінеп жіберді. Бұл жолы да Мұхтар екеуміз бірге, қатар отыр едік, үндеспей орнымыздан тұрып кетіп қалдық. Торы төбелдей асқан жүйрік атты қор қылған адамдарға наразылық көрсетіп кеттік.

Бошайдың үш қарасын мен екі ұлы тойда көрдім: алғашқы рет ұлы ақынымыз Абайдың туғанына 125 жыл толған тойында, былтыр. Екінші рет күні кеше ғана өткен халықтық поэзияның алып ақыны Жамбыл бабамыздың туғанына 125 жыл толған тойында. Осы екі тойда да бас бәйгелерді Бошайдың үш қарасы әкетті.

Бұл екі тойда да ат жарыстары өте жақсы ұйымдастырылды. Екеуінде де жарыс айналмалы түрде өткізілгендіктен тойға келген жұрт бәйге қызығын бастан-аяқ түгел көріп отырды. Аттардың шама-шарқы, атқа мінген балалардың қалай тәсілденгені мен шеберлігі жарыстың әр кезеңінде көз алдында болды. Сәбиттің 60 жылдық, Ілиястың 70 жылдық тойларында бейбастақтар мен көтермешілер аттарды быт-шыт қылып қуып әкетіп, қайсы аттың озғанын, қайсы аттың артта қалғанын көре алмай кеткеміз. Ешбір атқа бәйге де берілмеген. Бұдан былай барлық бәйге, барлық ат жарыс айналмалы түрде өткізілгені дұрыс екен.

Абай тойында жиырма километрлік айналмалы бәйгеге 40-50 ат қосылып еді. Бошайдың «Құланқарасы» жекедара жалғыз келді. Оған ең таяу келе жатқан аттар бір айналым кейін қалды. «Құланқараға» мінген 12 жасар бала Валерий атына бір рет қамшы үйірместен тұйғындай түйіліп өте шықты. «Құланқара» әлі ауыздығымен алысып келеді екен! Қарсы алдыннан соққан желді (тұтқыр ауаны) аттың басы мен еңкейе отырған баланың басы бірге жарып өтіп келе жатқаны танылады. Бұрынғы атпаздар мұндай тәсілқой баланы —«аттың құлағында ойнайды» дейтін.

16 километрлік бәйгеде «Бұланқара» екінші болып құйрық тістесе келді. Отырған жұрт ду ете түсті:

— Озып келген көлденең қосылған ат! Көлденең қосылған ат!— десті.

Ертеңіне көлденеңнен қосылған ат екеу екен. «Бұланқара»— соның біреуін басып озып, енді біреуімен құйрық тістесіп қалып еді»,— деген лақап тарады. Тексере қалған адам болса анығына жеткен шығар. Ешкім тексермесе, шикілік болған екен деп ойлауға да болады...

Жорға жарысында Бошайдың «Желмаясы» тағы да жалғыз-дара болып келді. Қазақша айтқанда басқа жорғалар далада қалды. Сегіз километр жорғалаған «Желмая» бусанған да жоқ. Сонымен, Абай тойының екі бас бәйгесі, бір екінші бәйгесін Бошайдың қаралары әкетті.

Жәкеңнің тойында «Бұланқара» мен «Желмая» тағы да екі бас бәйгені әкетті («Құланқара» ақсап қалды).

Он екі километрлік бәйгеде бірінші болып келген Алматы облысының қара аты да асқан жүйрік екен. Үстіне мінген баласы да ақылды, тәсілқой екені танылды. Бошайдың қараларымен таласар жалғыз жүйірік сол ма деп қалдық.

Айтты айтпады, үш жүйріктің жемшөбін Бошай батырдың ала келгеніне өз басым күмәнденгем де жоқ.

Бұл жолы «Бұланқараға» мініп шапқан бала 14 жасар Ершоқ Әскенов екен. «Желмаямен» жорға жарысына да сол Ершоқ түсті. Бақылаған адамға Бошай балаларының бұлжытпай ұстайтын бірнеше ұтқыр тәсілдері бары байқалады. Бұл балалар аттың өкпесін қысып тебінбейді. Аттың шабыс ырғағын бұзып, қамшыламайды. Шалқаймай еңкек отырғандықтан алдынан соққан жел (тығыз ауа) баланың кеудесіне де тірелмейді, ықшам киінгендіктен жел кеулеп етегінен де тартпайды. Бошайға айтуға лайық бір ескерту — аттарының құйрықтары ұзынырақ. Аздап тарап, аздап қысқартса да аттарының сәні бұзылмайтын сияқты...

Аттар дүркірей жөнеліп бергенде Бошайдың аттарын бірінші шоғырдың ішінен көре алмайсың. Мерзімді жерді орталаған кезде ғана Бошайқаралар алдыңғы топты тықсырып келе жатады. Бұл кезде алғашында шыға тартқан аттар енді екінші, үшінші шоғырлардың ішінде танылады. Келесі айналымдарда Бошайқаралар жылысып жөнеледі де кете барады. Енді олар ешкімді маңайлатпайды.

Бошай аттарын былтыр Абай тойына да машинамен әкеліп еді. Биыл 1600 километр жердегі Алматыға да машинамен әкелді.

* * *

— Аттар машинаға өздері мініп, өздері түседі,— дейді Бошай.— Атқа да таза ауа керек. Анда-санда жерге түсіріп саралатып, бойын жаздырып аламыз. Бәйгеге аздап ерігіп келіп қосылады...

Ат жарыстары, ат үстіндегі ойындар түгелімен спортқа жатады. Мұның бәріне де аттың бапталуымен бірге ойынға қатынасатын жастардың жақсы әзірленуі керек. Әсіресе ат үстінде ойын көрсететін жастарды спорттық мағынада толық әзірлеу керек. Той болардың алдында ғана емес, олар үнемі әзірленіп жүруге тиісті. Спорт мамандарының қолынан өтуге тиісті. Олай болмаған күнде өнер көрсетудің орнына күлкі боламыз.

Жәкең тойында не көрдік? Қазақ жастарынан жерден күміс ала алған бір жігіт болған жоқ. «Көкпар» дегеніміз ұйқы-тұйқы бірдеме болды да тарады. Бұл біздің байырғы ойындарымыз емес пе?! «Қыз қуу» да қызықтырған жоқ. Бұл алғыр қыранның алтайы қызыл түлкіге түйілуі емес пе? Алғыр мен алдырмастың өнерін көрсетулері емес пе? Тарсыл-тұрсыл тік шапқыламай, жұрт алдында әр түрлі айла-тәсіл, өнер көрсетсе несі бар? Жігіт түйіліп келгенде қыз атын тежеп қалып, жігітті қасынан «құр ауыз» өткізіп жібермес пе!

Бұл ойынның бәйгісі — жігіт қызды қуып жетсе сүйеді, сүйе алмаса, қыз оны қамшылап қайтады. Ал сүйісе алса ше? Екеуі әшейін қатар шауып қайта ма? Жоқ, қызды қуғанда да, жігітті қуғанда да өнер көрсетілуі керек: қыран өнері, түлкі өнері!

Бір өрескел жігіт қызды кәдуілгідей сүйемін деп аттан құлатып алды. Әрине, «кәдуілгінің» керегі жоқ, тұспалы керек, баламасы керек. Намыстанған қыз өрескел жігітті аяусыз қамшылап қайтқанда қатты риза болып отырдық. Бірақ қамшылаудың да баламасын табу керек. Мысалы, қыз қамшы сілтегенде жігіт қайқаң етіп қалса о да тұспал ғой. Қысқасы, бұл ат жарысы ғана емес, алдымен қыз бен жігіттің өнер жарысы болу керек.

Қыздар жарысына да бір ұсыныс қосқым келеді. Қыздардың көрініске желбірегі көп көйлектерімен, үкілі бөріктерімен, шыққандары әбден дұрыс, әсем көрініс. Бірақ

жарысқа сол киімдерімен түскендері аттарына обал екен. Қарсы алдарынан гулеген жел желбірегі көп жібек көйлектердің етек-жеңінен үздіксіз тартып келе жатқанын көресін. Қыздар қисая берген үкілі бөріктерін оң қолымен түзей бергенше ат көзіне қамшы шалынады да ат ығысып кеп шабысынан жаңылып қалады. Жарысқа түскенде қыздар да жел кеулемейтін ықшам киім киетін болсын. Одан соң «қыздар жарысына» кәнігі спортсменкалар қосылмауы керек. Атының шабысын секунд-метріне дейін біліп алған спортсменка, тіпті, озбай қоймайды. Оның үстінде спортта тең күштер, шамалас салмақтар сынасады.

Алдымызда Совет Одағының 50 жылдық тойы тұр. Келер жылы Алматыда Азия-Африка жазушыларының V конференциясы өтеді. Конференцияға дүние жүзінен түгел қонақтар шақырылады. Конференцияның шекшеңберін осы мағынада мөлшерлеп әзірленуіміз керек. Мен Суданда өңкей ақ нар — желмаялардың жарыстарын, Нигерияда ат жарыстарын көрдім. Желмаялар шүу деп жөнеле бергенде ұша жөнелген бір топ аққуға ұсап ерекше бір көркем көрініс береді екен. Африка-Азия елдерінің қайсысына болса да жарыс таңсық емес, спорттық өнер дәрежесіне көтерілгені таңсық. Жалпы ұлттық ойындардың бәрі де көркемөнер дәрежесінде болганда ғана қызықтыра алады.

Келетін қонақтар ең алдымен еліміздің ұлттық көркемөнеріне, ұлттық ойындарына, ұлттық дастарқанына, араласып жүрген адамдарға көздерін тіге қарайды. Сынау үшін емес, білу үшін, тану үшін. Шала көріністерден шалағай қорытындылар жасап кетеді. Ең үлкен ұят — кәнігі ұлттық ойындарымызды шикілі-пісілі көрсетуде болып жүрмесін.

Осындай жиын-тойларда салмақтың көбі жастарға түсетінін ескеріп, мақаланы «Лениншіл жас» газетіне ұсынуды мақұл көрдім. Илаһи, әркім тойға Бошайдай әзірленгей-ақты.

1972 ж.

* * *

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ШЕГІНБЕЛІК БІР АДЫМ ДА!

АҚИЫҚТАР

I

Гудин аэродромнан көтерілгесін-ақ жау қаласын нысанаға алып, оққа байлай ұшты.

Түнек күткен қаланың демін ішіне тартып, тына қалғандығы алыстан-ақ байқалды. Қара жамылғандай қараңғы, жылтыраған жалғыз от жоқ. Қорыққан қала үрей көзденіп, басын тұқырып, бұғып қалған сияқты. Өзен жағасына үйе салған бір қара шоғыр барлығы байқалса да, қала белгілерінің бәрін жасырған. Төмен қараған көк көздері көрінер емес.

Жалғыз-ақ жаратылыстың мықтап орнатқан белгілерін жасыруға шамасы келмепті. Мынау арыстандай бүктеліп жатқан Қоцыртау қаланың сол бүйірінде болатын: сөз жоқ, сол орнында жатыр. Қаланы бөктерлей ағатын өзен тап осы тұста латынша «s» әрпіне ұсап иірілетін; о да сол күйінде еді. Өзеннің Қара теңізге құлар сағасы жаудың бір жанды жері. Таудың қойнауына салынған завод қысқа темір жол арқылы вокзалға жалғасады. Вокзалдың батыс жағындағы теңкиген темір күмбездер — бензин қоры. Гудин осы нысаналарды тағы бір көз алдынан өткізді.

Фашистер, қараңғыны қанша жақсы көрсе де, ай бетіне шымылдық құра алмапты. Көздеген нысана алдында, мезгегенің мүлт кетер емес.

Гудин алыстан абайласып келе жатқан жолдастарына қарап еді, олар да ызғарлы түнеріп, сенімді сырғып, төніп келеді екен. Командир самолеті: «Ал, тартыңдар нысаналарыңа»,— дегендей, алға қарай жүйткіп кетті. Бомбовоздар бір-бір жарқ етіп қалды да, әрқайсысы өз нысанасына қарай ойыса бастады. Құрыш қанаттар көк жалындай суық жарқылдап, ақиықтар ширақ сырғып кетті.

Сақтанған қала көзін жұмса да, көңілі ояу, сергек жатыр екен. Совет ақиықтарының екпінінен селк етіп көзін ашты. Бұққан прожекторлар басын көтеріп, көш жерге түсетін жарығы көк жүзін шарлай бастады. Командир самолетінің ақ құйрығы мол жарыққа бір жалт етіп қалғанын Гудин де көрді. Гудин: «Нысанаң иек артпаға келді, командир!»— деп ойлап болғанша, командир самолетінің арт жағын ала жарылған снарядтардың көк жалындары да жарқ-жұрқ етті. Бірақ командир ол тоспадан өтіп кеткендей көрінді.

Бұл кезде тау етегіне жасырынған завод та өкіріп қоя беріп еді. Бұл өкірісін «төбемнен түскелі келеді!» дегені десек завод оны айтып үлгіре алмады. Төбесінен тас шоқпардай қос қабаттап түскен бомбалар заводты талқандап тастады. Ұзын мойындары гүрс етіп құлады да, қаланың үстін қара түтін жауып жүре берді.

Гудин вокзал үстіне төніп келіп, бірінші бомбаны тастап жібергенде екі прожектордың айқасқан жарығының ортасында қалып еді. Алғашқы бомбасы вокзал үйін аударып тастады да, темір жол аман қалды. Гудин самолетінің алды-артынан снарядтар да жарыла бастады. Гудин жалт беріп, қараңғыға сүңгі жөнеліп, қатарынан екі бомбаны тастап жіберді. Бұл жолы бомбалары дәл түсті. Қаз-қатар, айқыш-ұйқыш жатқан темір жолдар быт-шыт үзіліп, шыбықтай бұралып, қоғадай иіліп қалды. Вокзал маңайы опырылған ұңғы, ұмар-жұмар құлаған вагон, лап берген өртке айналды. Бомба түскен жерден әлденелер шыбындай ұшып көтеріліп, жоғарыда шыр айналып барып, қайтадан жер құшты.

Гудиннің енді екі нысанасы қалып еді. Бірі — өзеннің теңізге құяр сағасы да, екіншісі — бензин қоры. Жоғарыда айқасқан прожектор жарығының біресе астымен, біресе үстімен өтіп, Гудин өзен сағасына тартты. Мұндайда қала халқының апалақ-топалақ болуы да жау қосының тобын бұзып берекесін алады. Гудин қаланың ақсүйектер тұратын үйлеріне де төрт бомба тастап жіберді. Жау жерінен бірде-бір самолет ұшып шығып айқаса алмағаны, аэродромның апатқа ұшырағанын көрсететін еді. Тегі, ол маңды Павлов жайлап жүрген сияқты. Жау жапалақтары жалпаңдап көтерілгенше, жалп етіп құлап жатқан кезі еді. Сондықтан дәл бұл жолы асықпай жүріп жаудың қанды жүрегін қадап атуға да болар еді, бірақ прожектор жарығы көк жүзін тыным таппай айқыштап,

«кемпір қосағын» тым-ақ жиі құрып тұр. Зеңбірек те дамыл алмайды, жақындап келіп жарылған снарядтар көк жалыны Гудин самолетін жалап қалуға жақын.

Гудин өзен алқымына таянғанда прожекторлар да оның соңынан екі елі айрылған жоқ еді. Бұдан жарты минут бұрын қала үстінде жарылған снарядтар енді өзен алқымына ауысты. Вокзал мен темір жолды бомбалағанда нені қиратқанын байқай кетуге де Гудин уақыт бөліп еді, ал бұл жерде оған болмай барады. Гудин портты атқылағанда, оның өз басына да снаряд жауып бара жатқандығы айқындала берді. Қаладан да, өзен жағасынан да, теңіз үстінен де атылғын зеңбіректердің көздегені жалғыз Гудин сияқты. Бірақ батыр жүрек бұлк еткен жоқ. Қауіпті оқтар қанша жауып тұрса да, Гудин өз борышын бұлжытпай орындады. Тұрған жерлерінен теңізге қарай жосып жөнелген кеме керуенін өрлей ұрып, кесе соғып, астан-кестен етті. Бір бомбы таудай толқынды аударып түсіріп аспанға атса, қабаттай соққан келесі бомбылар таудай кемені таудай толқынның астына көміп жіберді. Өкіре жөнелген, жөтеле өкірген кемелердің ығысқаны советтің ақиығы еді.

Енді қалған екі бомбасын бензин қорына тастауға қалдырып, Гудин самолетін жалт бұрып алғанда, қасында ғана жарылған снаряд жалыны да жарқ етіп еді. Самолет дір еткендей, сүрініп кеткендей болды. Екі көз еш нәрсені көрмей қалды. Самолет ауырсынғандай сол жағына қырындай бастады. Гудиннің сенімді қолдары самолетті тік қарғытып аспанға шығарды. Оқ жолынан да, прожектор жарығынан да шыққан сияқты. Сол жақ қанатының лапылдап бара жатқанын Гудин енді ғана білді. Жау оғынан жаралы болған самолет түгел лап берді. Гудин келесі нысанаға жетер-жетпесі екі талай болып қалғанына көзі жетті де, қалған бомбаларын да тастап-тастап жіберді. От келіп өзінің жаға-жеңіне де жармасты, өлім алқымынан ала түсті.

Гудинге алқымынан алған ажалдан құтылу үшін бірақ жол қалып еді. Ол — парашютпен қарғып түсу. Құтылу, жан сақтау жолы сол-ақ.

Жанып жүрген самолеттің моторлары, тіпті, сыр берер емес. Орнынан жұлынып түскенше, құлап түсіп қара жерге батып кеткенше зырылдауынан бір жаңылар емес. «Еркім сенде, ең соңғы, қабақ қаққандай өмірім қалғанша өкіндірмен»,— дегендей, ағып келеді.

— Ал, көңіл қалдырып па ең! Мінезіңде бір жарықшақ бар ма еді! Қош бол, серігім,— деді Гудин самолетіне.

Өзіңің не істейтінін де Гудин осы бір көз ілеспес кезеңде шешті. Оған ұлы Отан тілегінен туатын байлау ғана келді.

Лапылдап жанып келе жатқан самолетін жау елінің бензин қорына қарай бұрып алды. Құйрықты жұлдызға ұсап қаланың үстінен көлденең ағып өтіп, бір бүйірде тұрған темір күмбездерге жақындай берді. Үсті-басы лапылдап жанып келеді. Қолдың сырты отқа жанып бара жатса да, қол тізгіннен айырылмапты.

Сол ағып келген бойы темір күмбездің біріне шаншыла келіп соқты да:

— Қош, сүйікті Отаным! Ендігі қолдан келері осы-ақ, деп білдім. Ұрса көрме ұлы Отаным!— деді Гудин ішінен.

Отан ұлы ерлерше өлді. Өлген жоқ, ерлік көрсетті, өзгемізге ұлы өнеге қалдырды.

Отанды сүйсең осылай сүй!

Гудин самолеті соққан темір күмбез лап берді де гүрс жарылып, өрт жайылып жүре берді. Қаланың бір бетін алып жатқан бензин қоры тұтас өртенді.

Гудин жау қаласына аттанғанда қараңғы қара түн қалың жамылған көрпедей еді, Гудин ісін ерлерше аяқтап болғанда, оның тастаған отынан қала тұтас жарқырап тұрды...

1941 жыл.

ЕЛ ЖАУАБЫ

Оңтүстік бір ойланып жаратылған жер: мол еңбек орынды жұмсалған. Адам еңбегінің түп ізі күнгей беттегі тау бөктерінен басталады да, солтүстікке қарай созыла береді. Ел еңбегі жер бетін құр бұлдірмей, босқа жосымай, табандап қадалған ен жердің ажарын кіргізіп, құнарын молайтқан. Ерте тиген адам қолының ескі іздері анайы күйінде дөрекі түссе, кейінгі ұрпақ оны өшіріп, өз өрнегін салған. Шаңқай ыстық, көлеңкесіз қыраттарда одырайып тұрған молалар, жерге айналып бара жатқан қыстаулар арғы өмірдің болмашы белгілері сияқтанып, жаңа өмірден үркіп кеткендей, әр жерде шашылып жатыр. Қазіргі жаңа

өмір: жайқалған дала, жайнаған қала, көлеңкелі бау-бақша, теңіздей теңселген көп егіннің ортасында отырған колхоз елінде, өрім-бұтақтың алтын бесігі, елдіктің мәңгілік іргесі осындай жерлерге жайылған. Қорған болуға да жарайды, қорғауына да тұрады!

Машина біресе тоғайдай тұнып тұрған күріш егісін көктей өтіп, біресе алтындай жалтылдаған құба жондардан асып, аудан орталығына қарай құлай беріп еді. Сағымданған сары бел, жалпақ жазықтарды алып жатқан көп егіс тұтасып келіп, қаланың іргесіне тіреліп, әрең тоқтаған. Дәнді егіс орылып болып, соғылған астық тасылып жатыр. Ағылған машиналар, шұбалған арбалар тасыған өзен сияқты.

Шофер біткеннің ортақ бір әдеті — қандай ауыр келе жатқан жүкті арбаларға да — «бұрылып жол бер!»— деп, машинасын үсті-үстіне өкіртіп, өкшелеп қадалып, жолды еріксіз алу болса, бұл жолы шофер да айран-асыр болғандығын көрсетті. Жолды босат, деп қысталамады. Астық тасыған ұзын керуеннің ұшы-қиыры көрінбейді. Арбалардың арасынан тыпқан жорғалап өте алар емес. Жүздеген арбаның мыңдаған доңғалақтары бірге дөңгелейді.

— Ел жауабы осы емес пе, жолдастар? Құнарлы да, құнды да емес пе?— деп, шофер Баянов қасындағыларға қарады.

— Осы, әрине! Қай жерде де осы! Осы кезде бірге соқпаған жүрек болғанынан не пайда? Болмай-ақ кетсін!

Машинадағы адамдардың біразымен бүгін ғана танысқандықтан, Баянов манадан бері сыйланқырап келеді екен. Тап осы жерде барлық елдің тілінде бар бір кесек сөзді нұқып кеп жіберді де:

— Өзгесі емес-ау, фашистерде де азғана ми болу керек емес пе? Жардан құлайтынын есек те біледі ғой! Мұндай қарғыс атқан қара жүзділерді есітіп-білген жоқ едім!— деп, машинасын қырға қарай бұрды. Жұбын жазбай түйдектеліп кетіп бара жатқан көп арбаларға тиелген астық — ел жауабы, шофер соған үнін қосты, жолыңды бер деп сұраған жоқ.

Жаясына жатып ұйықтағандай семіз аттар бастарын шұлғып тастап, аяқтарын елгезек басып, мемлекет қорына астық әкетіп барады, әр колхоздың алдыңғы арбасында керіп тастаған қызыл жалау, жалауларда: «Партия

салған ұранға жауабымыз!»— деген жазулар жарқылдайды.

Өз колхозы арбаларының тұсынан өте бергенде, Смайыл жолдас оң қолымен орай көрсетіп:

— Мынау біздің «Октябрь» колхозы. Егісті орып, жинып болғалы он күн, бүгін мемлекет борышын өтеп боламыз. Осы келе жатқан ең соңғы жүгіміз,— деді.

— Енді ол жаңалық емес, Смайыл. Созақ ауданы астық тапсыруды былтырғыдан отыз бес күн бұрын орындады. Әлгіде ғана газеттен көріп басынды шайқап тұр емес пе ең?— деп, Дауылбай жолдас Смайылдың қытығына тиіп кетті білем.

— Біздің соңғы бес күніміз алғашқы он күннен екі есе өнімді түскенін жазбап па екен? Кеше обкомда өздерің де айттындар ғой!— деп, Смайыл даусыз дәлелдерге ойысып қалды.

— «Октябрьдің» онысын олқы көргендік емес, мұным. Қазір қай колхоз, қай өндіріс болса да озық келе жатқан жалғыз өзім деп ойламасын. Барлық еліміздің жаппай аттанғанын, еңбек өнімінің жаңа белге көтерілгенін ескере қимылдасын,— деп, Дауылбай бұл қарқындардың алғашқы адым екендігін аңғартты:— биік бел, Бәйгетөбе әлі алдымызда!

Бірақ Смайылдың «соңғы бескүндік» дегенін де ешкім елемей өте алмайды. Бәйгетөбе алдымызда екендігі қандай даусыз болса, соған жетер серпінді берген сол бес күндік еді. Ол июньнің жиырма екісі — демалыстың бер жағы екендігін еске алсақ, одан арғысы айтпаса да түсінікті. Содан бергі кездегі ел ісінің қайсысын алсақ та қаз-қатар айтқанынан анағұрлым артып түсіп жатыр. Кек кернеп, намысына тиген ұлы елдің жауабы бір ауыздан айтылып, дүние құлағына шалынды!

* * *

Үш колхоздың басы қосылған үлкен жиылыс Куйбышев атындағы миллионер колхозда өтті. Баяғының бәйтерегіндей жаңғақ ағашының көленкесі күндік жерге түседі. Қатар өскен төрт ағаштың көленкесіне бір полк әскер сыйғандай. Қасындағы үйлердің есік алдына қарасаң, иіліп-бүгіліп жатқан жүзім ағаштары. «Ленин», «Тельман» колхоздарынан келетін қонақтарын күтіп, «Куйбышев» колхозының адамдары алқа-қотан орын әзірлеп жатыр. Отан соғысының рухы әркімнің оңтайлы

қозғалыстарынан, қысқа жауаптарынан-ақ анық байқалады. Елдің белі буулы, жеңі турулі, қабағы түюлі, әр қимылға әзір тұр.

Түскі азғана демалыстың тұсында колхоздың бір жерге түгел жинала қоюы қашан да қиынға түсетін еді. Колхоз бастықтары — Әлменов, Рахманбердиев, Оспанов жолдастар бұл жолы да едәуір қауіптенгендей.

— Көріне ме?

— 1—5 бригадалар мына тұстан құлар, алысырақта еді...

— Біздің екі бригада одан да әріректе жатыр,— десіп, колхозшыларының аз кешіккеніне ұяла бастағандай, қобалжып тұрды.

Іле, қырдан құлап түсіп келе жатқан топ-топ адамдар көріне бастады. Қалаға жақынырақ жердегі жұмыста жүрген әйелдер де топтарын бұзбай келе жатыр. Жиналыс орны әуелі екі жүздей адамға ыңғайланып еді, енді кеңейе бастады. Магазиннен алынған жәшіктер қаз-қатар тізіліп, көлеңке астынан шығып, көшеге қарай созылып кетті.

...Кешегі күнді жұрт өзі де білетіндей. Қазіргі күткені ең соңғы хабар. Отан ұлдарының майданда көрсеткен бүгінгі ерліктері. Алыста болып жатқан ұлы айқастың дәл бейнесін көз алдына келтіретін суреттер күтеді. Ел іргесіне ұрланып келіп, түн жамылып тиген арам жаудың маңдайына тас шоқпардың қалай тиіп жатқанын күнде біліп отырғалары келеді.

Баяндамашы әуелі алыстан орап, дүниеге келген сұм түпек фашизмге қарсы Ұлы Отан соғысының әрбір азаматқа артатын міндетін айта келіп, майданның бүгінгі жайын суреттеді. Атақты капитан Иванов, Гастеллоның ерліктері, алты танкты қатарынан аударып түсірген лейтенант Смирновтың ерлігі суреттелгенде, әркімнің-ақ сол майданда болғылары келетіндігі жүзінде тұр еді. Ел кегінде шек жоқ, тілегінде жарықшақ жоқ. Қасиетті кек — адам баласына бүйідей тиген фашизмді құртпай тоқтар емес!

Фашист жендеттерінің —«Біреу менің көзімше мәдениет жайын сөз қыла бастаса, мен мылтығымның құлағын қайыра бастаймын!»— деген айуан мінезі ел жүрегіне оқтай тиеді, жалғыз ғана жек көру емес, мастың құсығындай жеркенеді. Күні кеше құлдықтан босанған

ел, енді ешкімнің құлдығына көнбейтінін көрсетеді. Фашистерге құл бола алмайтындығын көрсетеді!

Сөзді ұлы ақын Александр Пушкин алды. Ұрпақтың ұрпағына қалдырған өсиетін айтты:

— Жапалақ ұшпас жапан түзге, тәңірімнің бір қарғаған жеріне қарғыс тиген Аншар ағашы өсетін еді. Антты бұзған оңалмайды, қарғыс атқан алапестен де жаман,— ел ішіне сыйғызбайды, осы — Аншар ағашы да сондай жалғыз өсетін. Тамырынан бақа-шаян өріп, бұтағына өлім құстары — құзғындар ұялайтын. Ол улы ағаш, у мен өлімнен басқа дүниеге арналған түгі жоқ еді. Күн қаққан жолаушы, көлеңке іздеп қасына келсе, жетпей құлайтын. Сол құлағанынан тұрмайтын да. Улы бұтақтардан жалпылдап түсе қалған өлім құстары үстіне қонып та қалатын. Өлінің үстінде той жасап, арты бақашаянның төбелесімен тарайтын. Жаңа ғана жан ұшырып, сая іздеп келген адам «жеттім-ау!» дегенше, арсаланған сүйек, тісі ақсиған қу басқа айналатын. Өлім құстары жерігін басып, орындарына қайта қонып, тағы да бір сорлы жанның қарасы көрінуін күтетін.

Сондықтан ел, маңына жоламайтын еді Аншардың. Дүние жүзінде жалғыз өскен у ағашы Аншардың жалғыз ғана қожасы бар еді. Ол у сатып, ел ішіне өлім егіп байыған, байлығының қоры да, барлығының мағынасы да сол у мен өлім! Жер бетін қара түн жауып, сахра мұздаған кезде Аншардың уы да тоңазитын. Әр жапырағынан сұрқияның сырғасындай салбырап, қожасының жинап әкетуіне әзір тұратын еді. Сол кезде құрдым қожа құлдарын жіберіп, өлім ұрығын жинатып алатын-ды. Қожа көзінің бір қадалғанына шыдамай у әкелуге жөнелген сорлы құлдар уды алып келіп, босағаны аттай беріп, жарық дүниемен қоштаса да алмай, қараңғы көрін құшақтай жығылатын еді.

— Қарғыс!— Тілі келетін осы жалғыз ғана сөз. Оған қожаның құлағы да үйренген, сондықтан естімейтін де, елемейтін де.

Оқтарын суырып алып, өлім уына суарып, көрші елдермен жауласуға аттанатын...

Фашизм, сол улы ағаш Аншар сияқты. Бұтақтарынан өлім құсы ұшады. Тамырынан бақа-шаян өреді. Гитлер соған ұқсап өлім еккен қанішер. Неміс солдаты — сонау сорлы құл сияқты. Фашист самолеттері сол Аншар ағашының бұтағынан ұшады, фашист танктері сол Аншардың

түбінен өреді. Сол қара тілекке жұмсалған неміс солдаты сонау құлдың өлімін табады. Құлай беріп:

— Қарғыс!— дейді қожасына.

— Қарғыс!— Бұл неміс солдаттарының әр күнде мың қайталайтын сөзі. Бұл оның қожасына шығарған үкімі!

— Қарғыс!— Бұл бүкіл адам баласының фашизмге кесіп қойған кесімі!

Осы үкімді біз орындаймыз! Өйткені біз жеңеміз! Жазасын беретін біздің ел. Мұндай қара қылмыс тағылықты, жүгенсіз айуандықты жоюды тарих бізге жүктеген! Әділет біздің жақта! Бар адамның келешек тілегі, күткен үміті біздің жақта!

Көзілдірігінің бір шынысы сау, екінші шынысы жартылай сынып түсіп қалған-Кәрі мұғалім осыны айтып тоқтады.

Өзге сөйлеушілер де іркілген жоқ. Атар оқ, айтар қарғыста шек те жоқ. Қайнаған қасиетті кек, кернеген ыза кемерінен әлдеқашан асқан. Бірге соққан миллиондар жүрегі қандасқан жауына рахымы жоқтығын аянбай айтады. Сол кекті, сол ызаны түгел төгуге тіл жетпей жатыр. Сондықтан тіл жетпегенді іспен көрсеткісі келіп, жұрт түгел майданға ұмтылып тұр. Әркім әскердей тастүйін, бірі майданда, бірі өндірісте әскер. Қайда болса да барлық жүрек бірге соғып, барлық білек бірге қимылдамақ!

«Әуелі сен, одан кейін мен» демей, сөйлеймін деушілердің қолы тұс-тұсынан бірге көтеріледі. Қабағы қарыс жабылған қара шал рұқсатсыз-ақ бастап жіберді:

— Елдің елдігін сыйламаған, ежелгі жаудың ісі! Сертті бұзып, уәдесінде тұрмаған ант атқан Гитлер біздің елден аяушылық та күтпесін. Біз қорғайтынымыз көп, қорғанымыз берік ел екенімізді көргісі келетін шығар! Көрсін! Азат елге құлдық әкелем десе, баяғы ноқтаны қайта кигізем десе, тілегені өз басына орнайды. Ор қазса терең қазсын — өзі құлағанда шыға алмайтынын да білсін! Қансырап келген жаудың қалағаны — өлімі шығар, береміз онысын! Қорғайтынымыз, тіпті, көп: бостандығым мен болашағым бар, теріміз сіңген жеріміз бар, Меке емес — Москвамыз бар! Әрбір колхоз қамалдай болмаса, бір түйір бидай бір оқтай тимесе, жауыққандар жазасын таппаса, менің атымды өзге қойыңдар! Қан майданда ұлым жүрсе, бұл майданда қызым менен өзім жүрмін! Алпысқа келдім демеймін, елім үшін, жерім үшін,

үрім-бұтағымның алтын бесігі үшін, керек болғанда мен де аттанам!

Қара шал осыны айтты да отырған жұртты қақ жарып өтіп, атына мініп алып, әлдеқайда көсілте жөнелді. Сөзін кенет үзіп, қалғанын қайтып келіп айтатындай көрінді. Бар қозғалысы «қазір келем, күте тұрыңдар!»— деген сияқты болды. Қол ұрып, шулап жіберген жұртқа қарамастан кетіп отырды. Озбыр жаудың орынсыз соқтыққанына, қара шал қатты кектенген.

Келесі сөзді баяулап бастаған Балтай шешей екен. Елуден асса да еңкеймеген. Аналық міндетін айнытпай орындаған. Қамқор ана ұл-қызының ұясын, ұлы Отанын — игілік жерін аянбай қорғайтынын айтты:

— Жиырма бір жасымда жесір қалып, жалғыз ұлымды арқалап жүріп өсіргенімді елім біледі: бақытыма қарай, совет орнап, арқалауып мен арқаласам да, ауырлығын совет көтерген! Көп жесірдің көрген азабы, атқамінердің алып-сатары болса, сол базарға түсірмеген де совет еді. Бостандық, теңдік деген екі сөз басыма сая, арқама пана болған. Бетіме түскен екі әжім күң күнімдегі мұң іздері. Жасымда түскен көп әжім ұлғайғасын жадыраған бәрің де білесің. Неліктен еді сол? Өткен күннің өкініші өзімен кетті де, тынды. Жаңа өмірде қайсымыз жасармадық? Осында отырған көп әйел, көрген күпің осы емес пе еді? Ұяңа сұр жылан өрмелеп келеді. Қанды ізі сорғалап жатыр. Қайсың қаларсың қорғамай! Жалғыз ұлым — жан шыбыным майданда жүр. Міне, берген телеграммасы — аузымда антым, астымда алып танкім бар, жау жазасын беруге аттанып барам!— депті. Бұрын қалжыңдап, қара көздерге сәлем айт, шекара берік күзетте, көзіміз жау бетінде, елдің үні құлағымызға келіп тұрады, дейтін. Енді Отаны ер-азаматын майданға шақырады. Майдан мен ел қатар тұрған қамалдай болсын, депті. Қара шалдан қалған емеспін, міне, мен де аттандым: ұлым екпінді болатын, бұдай былай өзімнің нормаммен бірге ұлымның нормасын да жалғыз орындаймын. Екеуін де екі еселеп орындаймын!— деп сөз аяғын өзгелерді де осыған шақырумен бітірді. Үн қоспаған, қол ұрмаған бір жан қалған жоқ. «Куйбышев» колхозынан сөйлеген Сайд Имамов, «Тельман» колхозынан Рахманбердиев тағы басқалары елдің осы ойын, осы тілегін айқын білдірді.

— Біз адам баласының талай жауларын келмеске жібергенбіз! Николай патшамен бірге шіріген ескі дүниені

келмеске кетірдік. Құлдық, қорлық, теңсіздік, зорлық еді ескі жауымыз, келмес жеріне о да кетті! Аңдысқан аштық, ақтабан шұбырынды — оны да жеңген осы ел! Қара бұлт қайта оралып, қара түн орнаймын десе, оған көнуден әлдеқашан кеткенбіз! Ел болып, тұтас аттанып, асқардай көлденең түсіп, алыптай алысармыз! Жауға берер жалғыз-ақ жауабымыз бар, ол — ордасын ойрандап, орнымен өртеп жіберу,— деп, Рахманбердиев жолдас жұрт сөзін қорытқандай болды.— Бұл жауды да өз қанына тұншықтарып, келмес жеріне апарып терең көмеміз! Ел тілегі бір, ел сенімі айнымайды! Тас босаға берік, темір қорған қозғалмайды!

Ел ызасы ішінде болса, түк біткені сыртына шығып, кекті ашуы қазандай қайнап, тасып төгіледі!

* * *

Аудан орталығының оң жақ қабырғасы қамал сияқты. Көше-көше болып, қаз-қатар шөккен маялардың алды қалаға тірелсе, арты Қаратауда жатыр. Екі арадағы талай бел, талай жазықтарда ине шаншар жер жоқ.

Вокзал жақ қырқада: төбе-төбе астық. Он мың пұттан үйілген көп бидай Ақсақ Темірдің қарауыл төбелері сияқты. Бидай тиеген эшелондар зыр қағып, темір жолды қайқаң қақтырып, суыт кетіп барады. Тоқтау жоқ, үзіліс жоқ; бір эшелон қырға шығып бара жатса, екіншісі ойға түсіп барады дерлік. Бір паровоздың түтінін екінші паровоз қуып жетеді.

Қаланың іргесінде, бақша егісінің етегінде ғана көп ұралар қазылған. Парлап жегілген өгіздер көк күйінде шабылған жапырақты егісті осы ұраларға әкеліп құлатып жатыр.

— Силос!— деп, Дауылбай бізге ұралардың жайын айта бастап еді, қасында тұрған колхозшы:

— Гитлерге қазып қойған көріміз!— деді. Ар жағын айтпаса да түсінікті.

Совет шаруашылығының берік жасалған қоры, алған жерлерін ақтабан ашаршылыққа қамаған Гитлер үшін, әрине, ажал оғындай!

Машина қалың топтың қасына тоқтап еді, жұрттың көптігіне көз сүрінгендей екен. Тоғыз оралып, тоқсан қабаттанып тұрған қалың қол көше бойын лық толтырып жіберіпті.

Бұл Ұлы Отан соғысының ұлы кезегі!

Сақалдары күректей, өрт мінезді, одыр сөзді партизандар тобы тым қызу сөйлесіп тұр.

— Жастармен жарысқа түсуді тоқтататын кім екен, бізге? Соғыс дәмін, алысу айласын бізден артық қайсысы біледі екен!

— Біз самолетке міне алмаймыз, тіпті, танкіге де ұмтылмаймыз! Бірақ жаудың бөркін көзіне түсіріп жіберіп, желкеден соғып, алқымынан алғанда, бүркіттей-ақ бүретінбіз! Ұмытып қалды дей ме екен!

— Степандікі ақыл болды! Сағат үште естіді, сағат төртте кетіп отырды. Саша, қуып жетерсің депті де, тартып отырыпты.

— Біз әлі кезекте тұрмыз!

— Хабар әлі жоқ. Рұқсат жоқтан басқа түк айтпайды! Бүгін кешке бәрібір жөнелеміз деші! Неге сарылтады, өзі!— деп, дауыстар қатаңырақ шыға бастады.

Бұл жерде екі-ақ кезек тез өтіп жатыр. Бірі жасы дәл, кезегі келген жастар. Екіншісі майданға кетіп жатқан шофер, пулеметчик, артиллерист, запас командирлердің өндірістегі орындарында тұра қалған әйелдер кезегі. Партизандар кейде бұлардың кезегін де киіп кете жаздап тұр. Бұл екі топ үйдің қабырғасына мықтап жабысып алып, қатарын бұзар емес.

— Қыз-келіншекке, тіпті, тоқтау жоқ! Анасы бір, мынасы бір жалт етіп шыға келеді! Осылар құрлы болмадық-ау! Бұларға, тіпті, бөгеу жоқ!

Партизандар осылай сөйлесіп, майданға асығып тұрғанда, әлгі айтқан Ефим терезеге барып та қалған екен.

— Бәрібір кешкі поезбен жөнелеміз! Сендермен барған соң сөйлесерміз! Кім жауапты боларын кейін көреміз!— деп Ефим қатты айғайлады.

— Үлкендер, жолдарың болсын!— деп, жастар да ду ете түсті.

— Бүгіннен қалмаймыз! Жалынсаң тоқтамаймыз!— деп, партизандар екпіндей сөйлеп, жапырыла қозғалып, есік алдындағы баспалдаққа шығысып қалды.

Ықшам киінген, күлімдей қарағаң жас жігіт, аудандық соғыс бөлімінің бастығы, старший лейтенант Тоқпанов екен. Ол үйден есік алдына шықты да, қалың көпірді бір шолып өтіп:

— Азаматтар!— деді.— Ұғынысып алмасақ болар емес. Отан тілегімен келгендерің рас, бірақ Отан ісіне бөгет болмасаңдаршы. Ауданда жетпіс алты колхоз бар. Аудан орталығы, темір жол, екі совхоз, бір завод, тағы

осында қарайды. Алысырақ жатқан қазақ колхоздарында жасы дәл келген жастар көп екенін кеше де айтып едік. Оның үстіне әр түрлі мамандығы бар адамдарға жол беру керек. Сағат санап, демалыс іздеп отырған жоқпыз. Оны өздеріңіз көріп тұрсыңдар. Осы арада қанша жан тұр? Жалғыз партизан емес, майданға еркімен тілеңгендер қазір үш мыңнан асты. Бәрі де бүгін жөнелт дейді. Отан ісіне бөгет жасамау үшін, мынадай тәртіп жарияланды: бұл жерде шақырылған адамдар ғана қалсын. Бәріңнің де арыздарың алынды. Тізімдерің қолымызда, хабарды үйден күтіңдер. Осылай емес пе?

Жұрт тарау керектігін мақұлдаса да тарағылары келмей тұр. Партизандар наразы күңкілдесіп, манағы орындарына қайта жиналды да кете қойған жоқ.

Әркім өз дәлелін айтып, тағы да дауыс көтере бастап еді, тау жаққа көздері түсіп, тоқтай қалды: әскер аттары келеді екен.

Қиіктей ойнап келе жатқан командир аттарының төрт аяғы жер баспайды. Өңкей ақбоз, айқасқа, құлажирен, қанжирен, бір заводтан, бір қолдан шыққан. Жұрттың көзі осыған түсіп еді. Оқтай жарап, қамшыдай қатып қалған желаяқтар, саркездіктей жарқырайды. Ер Жәңгірдің аранжалы секілді.

Бағып өсірген, баптап әкелген манағы қара шал — Тілепберді екен. Кең шарбаққа кіргізіп, екі жүз он атты алты топқа бөліп орналастырды да шарбақты қоршап алған қалың жұртқа естірте:

— Ел жауабы!— деді.

Аттарды сұрыптап алған соғыс комиссиясының да қуанышы қойнына сыймай тұрғандай. Қамыс құлақ, түйекөз, үйдей, жирен төбелден түспей тұрған қара шалға қарап, комиссия бастығы майор Павлов:

— Қандай-қандай тұқымдар дедің, әлі? Бұл аттардың әрқайсысының өмірбаяны жазылуы керек. Соған кіргіземіз, қайта айтшы!— деді.

— Е, ойын ғой, тәйір... Айтпаймын...— деп, қара шал аз бөгелді де:— әйтеуір, өкшеңді бүйіріне тигізбес!— деп майордың шпорына қарады.— Әттең жауды қуып, желдей есіп бара жатқандарыңды көретін жастан өтіп кеттім...

Өзі естігенін жұртқа естіртуге құмартқандай Павлов та қоймай қадалды:

— Айтыңыз, шын айтам, жазып қоямыз... Және бұл аттар қазақ жігіттерінің астына түссе, елінің ерлігімен

байланысты уақиғалар ертегі болса да жанға жылы тиеді!— деді.

Қара шал кідірген жоқ.

— Мына тұрған құла қасқалар тұқымын — Аманкелдінің айқасқасының тұқымы деп атап кеттім. Мынау ақбоз аттардың атасы шалбас көк, тарлан айғыр еді. Бұларды Қобыландының Тайбурылының тұқымы деймін... Айшылықты алты бассын деп қойған атым ғой, әйтпесе, өзге тұқым екенін айттым ғой, мана... Өзгеше сүйетінім мына бір апай төс, арыстан көктер. Алымды, аршынды, ыстыққа-суыққа берік тұқым, бұларды «арыстан-көк» деп кеттім...

Шалдың айтқаны дұрыс дегендей, жараған аттар жер тарпып, ауыздығын шайнап, тізелерін кеміреді.

Майор Павлов, Тілепберді шалдың қолын қысып:

— Баптап әкелген аттарыңа мініп, жауыңа аттанар ұлдарыңның атынан алғыс айтып, қолыңды қысамын!— деді.

* * *

Баянов машинасын қатты айдап кетті. Етектегі қара бұлтқа төнген үлкен қызыл күн от кірпіктерімен бұлтты түйрей, өртей бастады. Қара бұлт біресе маймыл, біресе адам суретіне көшіп, аяғында жыртылып айрылып, жосылып жөнеліп, батысты босатты. Маңдай алдымыз сол батыс, батысқа төнген қызыл күн, ойымызда ел жауабы!

1941 ж.

ФАШИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ АЙБЫНДЫ ЖАУЫНГЕРІ — ГОРЬКИЙ

«Егер жау берілмесе,—
оны құртар болар».
М. Горький.

Алға басқан адал ойлы адам тізе қосып, бірігіп, фашизмге қарсы аттанғанда — данышпан Горький әр әскердің жанына жалын, ойына сенім беретін жауынгер жолдасы, жан аяспас досы. Қашанда Горький даусы жер жүзіне күндей күркіреп, дауылпаздай дара шарықтайды. Қорқа білмес, оттан таймас адал жанның бәрін де фашизм дейтін жиркеніште

атты біржолата құртуға шақырады. Ол қайнаған кек, ол айнымас серт!

Горький даусы жеңбей тынбас алып күштің сарынындай, кекке толы, кешімі жоқ миллиондаған жүректердің жалынындай шалқиды. Бұл жауыңмен келісімге келмеуді, жоймай тынбауды құяды құлағыңа. Осы өзіміз не тілісек, адал ойың неге ұмтылса, ұлы ақын соны айтады.

Дүние жүзін қарбаласқа түсірген жиһангерлік қырғыннан кейінгі сонау бір ала-көледе қан уыстап, қағына туған бұралқының сұмырай түрінен Горький бірден-ақ жиреніп еді. Өзінің өмір бойы алысып өткен жауыздығы мен зұлымдығы осы азғынның бойынан түгел табылатынын қырағы көзі бірден-ақ көрген.

— Адам тілегінің жауы туды, аты — фашизм. Қорлық пен зорлық орнатпақ. Қасқырдан қазы қоймақ, билікті жендет айтпақ!— деген ол.

Гитлер мен Муссолинидің көксеген заманы осы еді. Халық қанына боялған қара тудағы қанды жазудың мағынасы осы да! Қара түнді жамыла, қара үңгірде жатып ұлыған қасқырлар осылай ұлитын.

Революция қыраны Горький тайсалмастан тап берді сол жауға. Горький үшін адамнан ардақты не бар еді дүниеде!

— Барлық қасиет адамда емес пе! Сол адам үшін!— деп ақиық майданға кірді.

Адамды ардақтау, адамшылық қасиетін күшейту, адам еркіндігі үшін күресу, дертіне ем табу, адам жанына еркіндік, дарынды күштің тұсауын алу — дүние жүзілік әдебиеттегі социалистік гуманизмнің тұңғыш ақыны Горькийдің арманы осы еді-ау!

Өмірдің терең тұңғиығынан көтеріліп, өнер мен ғылымның ең биік шыңына шыққан халық баласы Горький, адам ойының сарқылмас күшіне ылғи бас иетін еді. Адамның ойы менен қолы жақсылап жасаған нәрсенің бәріне қуанатын. Жан сүйсінер шеберлікпен істелген істі Горький ерекше құрметтейтін: «Социализм — еркіндік алып, күш қанатын еркінше жайған адам баласының алтын ғасыры!» да, «Фашизм — шіріген мидан туған алжыған ой!»— дейтін. Горькийдің кесімі осы еді.

Мәдениеттің өсуінің ар жағында өзінің өлімі тұрғанын фашистер жақсы біледі, сондықтан Гитлердің жақын адамдарының бірі:

— Менің көзімше біреу мәдениет жайын сөз қылса, мен мылтығымның құлағын қайыра бастаймын!— депті.

Е, олар екі айтқан жоқ! Сөзі мен ісінен айыр шығып қалған жоқ «ұятқа!» Дүние жүзінің көзінше талай данышпан, талай ғалым, талай ақындардың барлық адам баласының қазынасы саналатын кітаптарын отқа жақты олар! Талайын елінен қуып жіберді. Аз уақытқа біздің елдің біраз жері қолына түсіп еді, совет халқының талай-талай қадірлі мұраларына өгізше сүйкеніп, итше сарып, аяусыз қиратты. Елдің елдігін сыйласа, мәдениеттің жауы болмаса, дүние жүзінің қасиетті шам-шырағындай болған Ясная Полянадағы Лев Толстойдың үйін талқандар ма еді! Атақты Чайковскийдің Клиндағы, Чеховтың Таганрогтағы үйлерін қиратар ма еді! Қаневтағы Тарас Шевченконың ескерткішін бүлдірер ме еді! Олардың ел есінен кетпес, алынбай кек бітпес істері осындай. Тағы жандардың құр өштесуінен басқа мағына бар ма осында?

Ленинның сенімді серігі Горький интернационалдық достықтың туын жоғары ұстайтын. Ол ел біткенге тең құрмет көрсетіп, бірдей ардақтайтын. Бәрінің де правосы бірдей, өз алдына мемлекет болып, өз мәдениетін өркендетуге бәрі де ерікті дейтін. Бар елдердің туысқандық бірлігін, қаяусыз достығын, алдағы ақ жарқын заманға қолтықтаса бірге жетуін көксейтін еді. Фашистердің «үстем ұлт неміс, өзге дүние оның құлы болуға жаралған» дегені Горькийді қатты назаландыратын еді.

Өзін алыпқа санаған ергежейлінің бұл сандырағының түп негізі — дүние жүзін қайта бөлуді тілейтін империалистердің сойылын соғу екенін де Горький алыстан көрді. Мұның арты — фашизмнің қожасы — империалистер тілегі үшін дүние жүзі қырғын соғысқа соғады деді.

Горькийдің сол данышпан болжал сөзі қазір дәл шығып отыр. Фашизм Европа елдерінің көбін астына басып алып, енді халықтарын құлдыққа айналдырмақ болып отыр. Сол оймен келіп біздің алып одағымызға соқтықты.

Гитлер өкімет басына отырған күнінен бастап-ақ Горький адам баласының болашағына қауіп туғанын айтып, сескене бастап еді. Ұлы гуманистің жүрегі барлық адам баласының тағдыры үшін тітіркенген-ді. Жақындап келе жатқан жаңа қырғын, тарих көрмеген сұрапыл қан төгіс Горькийдің жүрегін қатты қайғыртатын.

— Ол келе жатқан дүние көрмеген апат. 1914—18 жылғы қырғын оның маңына да жақындай алмайды. Миллиондаған өліктің артында миллиондаған жетім-же-

сірлер қалады. Қорқыныштан, естен танған жандарды мыңдап санайтын боларсың. Тағы да қалаларды қиратып, деревняларды құртып, көк майсаңды таптап, Жерананы бүлдіріп, адам баласының әсем еңбегінің жемістерін — мәдениетті қирата келер деген, жүрегі қатты ауырып, жаны қатты ашитын кемеңгер ақын.

Советтер Союзына фашизмнің ерекше дұшпан екендігі Горькийге өте айқын еді. Ол соғыстан кейін бірнеше жыл Европаны аралап, совет адамдарына фашизмнің бәле жауып, күйе жағатын өсегін өз көзімен көріп, өз құлағымен естіп қайтқан. Социалистік алып құрылыстың үстінде, болашақтың берік негізін салып жатқан елге фашистік Германия сұқ көзін қадауда екенін Горький ашық айтқан-ды.

— Қанқұмар жендеттер тобы Германияны соцалистік Отанға — біздің мемлекетке айтақтайтыны анық!— деген ол.

Өз елін, өз жерін, социалистік Отанын жүрегінің барлық күшімен сүйетін Горькийдің, қырғын туын көтерген фашизмді жек көруі де өзгеше еді. Ол елдің жүрегі, ол елдің тілегі, ол елдің ойы еді ғой!

— Туған елімнің қуанышы мен бақыты — менің қуанышым, менің бақытым. Владимир Ленинніңданалық шам-шырағы жағылған елде, өмірдің шын мағынасы табылған елде өмір сүріп, еңбек істеу ең бақыттылық,— деген Алексей Максимович.

Горький он-он бес жылдың ішінде ғана елінің өмірінде болған өзгерістерге таң қалатын. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, жаңа өмірді бірге құрысып жатқан көп ұлтты Отанына армансыз көңілді қуанышын төгетін.

— Бұл ертегі сияқты, бірақ шындық! Ертегінің алыбы — СССР-дың еңбекшісі!— дейтін. Өзгерген өмірдің шын иесі — еңбекші елі, ақын көңілін осылай шалқытатын. Осы Отанын өзінің ерекше сүйетіндігінің барлық күшін Горький аз сөзбен ғана айтқан еді:

— Егер соғыс көтеріліп, ел басына қауіп туса, қатарлы жауынгердің бірі болып мен де барамын. Өйткені Советтер Союзының жұмысшы табының әділеттік ісі — менің ісім, менің борышым,— деген.

Отанын сүйген Горький, сол Отанның Қызыл Армиясын да ерекше сүйетін еді. Соғысқа жаны қарсы Горький, Қызыл Армияның халық еңбегін қорғайтын халық армиясы екенін терең ұғынатын. Империалистік елдердің

талан-таражды қ мақсатымен құрылған армиясы соғыс үшін құрылса, біздің армия өз Отанын, жаңа дүниені қорғау үшін жасалған халық армиясы екенін Горький былай деп бағалаған еді:

— Европаның сонша ұзақ, сонша трагедиялы тарихында бірінші рет құралған халық армиясы осы. Ол біреуге шабуыл жасау үшін емес, елін қорғау үшін жасалған армия.

Ол ардақты борышын өтеумен бірге, бүкіл адам баласының алдындағы борышын өтейтін — фашизмді жоятын алып күш екенін Горький ерте айтты. Ол, фашизмді «ақылға түсіріп, мойындатам» дейтін буржуазия саясаттшыларын өлтіре мазақтап, фашизмнің тағдыры біржола жойылған күні шешіледі, дейтін. Дүние жүзін фашизм құлдығынан сақтап қалудың жалғыз жолы — аянбай, аямай алысу арқылы фашизмді түгел құртуда ғана, деген сенімде еді.

Горький жер жүзінің демократиялы елдерін Советтер Союзымен одақтасып, фашизмге қарсы тізе қосып аттануға шақырды. Қылмыстары басынан асқан бандиттер тобы дүниені тағы да бір қанға бояуға келеді, оған қарсы, біріккен зор майдан ашайық:

— Фашизм қан тиылмас террор арқылы көпшілікке жексұрын көрініп болды. Көпшілік жүрегіне шемен болып қатқан кек, сөз жоқ, көпшіліктің тілегін біріктіріп, басын қосады. Шешілмес кектің әділ кесімі кесулі: Жау құриды!— деді.

Фашизмді құрту майданы — ел күшінің тас түйін болуын тілейді. Қақпаң берік, қарауылың сақ болуы керек. Бұл — ауыр сын. Кектескен арам жау ел ішіне іріткі салу үшін тыңшыларын, диверсанттарын жібереді. Горький совет жұртшылығын қырағылыққа, сақтыққа, ел сырына беріктікке шақыратын еді. Адам — ең ардақтымыз екені рас; бірақ адам бейнесінде болғанмен канішерлер пролетариаттың көсемдерін өлтіріп жатса, Отанын сатып кетсе, капиталдың тыңшысы болса — ондайларды сөз жоқ құрту керек.

— Ел жауына рақым болмасын! Жылағаны көрілмесін! Ыңырсуы естілмесін!— дейтін.

Кемеңгер патриот, фашизмге қарсы күрестің айбынды жауынгері Алексей Максимович Горький, Гитлер шайқасының жалдама жалдабының қолынан қаза тапты. Ебін тапқан арсыз агент ұрланып келіп, алып жүрекке қанжар салды. Қанішерлердің ойлары — Горькийдің

өлімі бізбен күресті әлсіретеді, қауіпті қолбасының бірінен құтыламыз, деген еді.

Жоқ, дүние жүзін қалтыратқан Горький даусы сөнген жоқ, қайнаған кек әлсіреген жоқ. Горькийдің өлімі біздің ел үшін кекті қайғы. Бірақ Горький қашан да қасымызда, қашан да майдандағы өз орнында. Горький өлген жоқ, Горький өлмейді.

Горький Совет елінің қыранындай, фашизмге қарсы аттанған елдердің ұранындай, қазіргі майдан үстінде! Әрбір жауынгер, Қызыл әскер Горькийдің — жау кесімі кесулі, ол жойылуға тиіс дегенін ұмытпайды.

Ленинің елі, дүниеге Горькийдей данышпан жазушы берген ел, талай сыннан сүрінбей өткен ел, тегіс көтерілді. Әделеттің ордасы болған ел, жендет жемі бола алмайды!

Кесім орындалады — фашизм өлімін де, көрін де біздің елден табады!

1942 ж.

ЕЛ ҮШІН ТУҒАН ЕР

Әр елдің ірге тасы қалай қаланғандығы ел басына күн туғанда көрінеді. Соғыс сияқты үлкен оқиғалардың тұсында елдік мінездері мен ерлік қасиеттері де сынға түседі. Күшенген жеңбейді, күші асқан жеңеді.

Төбеден түнек аумаса, жағадан қолдары айрылмаған сегіз ай соғыста екі жақтың да талай сырлары ашылды: темір тоны жыртылмай, танктың тасасында келе жатқанда неміс солдаты «өжет-ақ» екен, ал совет жауынгерлеріне бетбе-бет келуге жүзі шыдамайды. Өйткені неміс солдатының өлімге жанын қиярлықтай қорғайтыны жоқ. Ол — аламан! Ол жендет рухында тәрбиеленіп, дүниеге талан-тараж үшін келген адам.

Совет жауынгері олай емес, өлімнен қорықпайды, елі мен жұртын табан тіреп қорғайды, совет жауынгерінің абыройына кір жұқтырғысы келмейді. Ол айнымас сенімде, азаматтық рухында тәрбиеленген адам. Кездейсоқ емес, шын ерлік осындай қасиеттерден шығады!

Азаматтық борышын түгел өтеп, елін ерлерше қорғап, Отан соғысының лапылдаған отының ішінде қаза тапқан ерлеріміздің бірі — Әлікбай Қосаев. Ол — дүние жүзіне даңқы жеткен атақты жиырма сегіздің бірі. Ол —

Отан жүрегі Москваға шұқшия ұмтылған жау найзасын қағып сындырып, жаудың жүрегін шайып, үрейін ұшырып, бетін қайтарған ерлердің бірі. Міне, алдымызда сол ердің қысқаша ғана өмірбаяны жатыр.

Өз ісіне табанды, ешкімге соқтықпай, елеусіз ғана жүре беретін Әлікбайдың атағы дүние жүзіне жайылып, аты тарихта қалады деп, ешбір жақыны күтпеген сияқты. Босқа шашпай, бойға жинап берген адамгершілік, азамат бойына сия берген.

Әлікбай — Еңбекшіқазақ ауданы, «Абат» колхозының адамы. Жасынан жетім қалған. Әлікбайдың иығынан жетімдік қамытын алып еңсесін көтерген — Совет өкіметі. Әр босағада бір аунаумен, әркімге бір жаутаңдаумен жетім бала 12-ге толғанда жылағанның жасын тыйған, панасызға пана болған совет құрылысы орнап еді. Әлікбайдың алған тәрбиесі, көрген өнегесі түгел өзіміздікі. Ол 1933 жылға дейін колхозда болып, оның бер жағындағы өмірі Алматыда өтеді. Аз жылдың ішінде ерекше өзгерген астанамыздың талай сұлу үйлерін, ғылым ордасы болған талай институттарымызды салысады ол. Қандай ауыр жұмыстарда да қынжылуды, шаршауды білмейтін, алдыңғы қатарда озық отыратын кәдімгі жұмыскер, өнімді еңбегі арқылы жолдастарына өнеге болып отырады.

Астананы салысу — социализмді өз қолымен құрысып жату сияқты, Әлікбайдың ойында ылғи жақсы із қалдырып отырады. Аққан тер, жұмсалған күштің мағынасын жақсы білетін Әлікбай, әрбір үлкен құрылысты елінің жауға бермес, жатқа қимас байлығы деп таныған. Әлікбай оқи алмаған адам, хат танырлығынан артығы болмаған. Бірақ социализмді қолма-қол құрысқан совет азаматының саяси сенімі сол құрылыспен бірге, сол құрылыстай берік қаланған. Сондықтан оның ерлігі — елінің мінезі еді.

Әлікбай Қосаев жолдас соңғы 4 жылдың ішінде Алматыдағы мал дәрігерлік институтында әр түрлі жұмыс атқарды. Қөбінесе хирургиялық клиникада санитар болды.

Әлікбайдың ерлігі ерекше маңызды. Ол Совет елінің, әрбір қарапайым азаматының бойында қандай ірі ерлік барлығын көрсетеді. Біздің елде сана-сезім деген жеке топтардың ғана қолы жеткен іс емес, жаппай халықтық қасиет екенін дәлелдейді.

Атақты жиырма сегіз батырдың ерліктерін Москвада

Щербаков жолдас айтса, Лондонда Шверник жолдас бүкіл дүние жүзіне жайды. Бұл ерлік дүние көрмеген алып соғыстың мәңгі қалатын ескерткіштерінің бірі. Сол жиырма сегіздің бірі — біздің Әлікбай Қосаев!

Әлікбай Алматыда қалған әйелі Сараға —«Бүгін сентябрьдің 2 күні соғысқа кірдік» деп жазып отырғанда Ленинград қасындағы қалың ағаштың ішінде екен. Жаңбыр құйып тұрған болу керек, жапырақтан сорғалаған тамшы хатқа да ізін айғыздап салыпты. Ленин қаласына төнген жаудың бетін қайтарғаннан кейін, Әлікбай Советтер Союзының жүрегі Москваны қорғасты.

Москваны алу үшін фашистер бар күшін төккені жұртқа мәлім: 80-нен артық дивизия мен бронды танкті күшінің жартысынан артығын салған болатын. Жасанған жау аянған жоқ-ты. Әрбір совет жауынгері, әрбір совет азаматы жан-тәнімен Москваны жау қолына түсірмеу үшін алысты:

— Алдырмаймыз Москваны!— деген ұран теңіздей толқып, жартастай жаңғырығып, бүкіл Отанды тік көтерілдірді.

Отанның сол жүрегі Москваны қорғасып қалған ерлеріміздің бірі — Әлікбай Қосаев!

Жиырма сегіз жауынгер 50 танкіні 4 сағат бойы бөгеп, ілгері бір бастырмай, жауып тұрған оқ пен отты, масаның шаққанындай көрмей, өлім дегенді ұмытқан кезде, Әлікбайдың ойына не келгенін де жорамалауға болады: ол сүйікті Отаны, ол туған елі, бақытты заманы, әрине. Жау танктарының темір табаны — бақшадай жайнаған сол елдің бақытын езіп кетпек еді.

Жоқ, Әлікбай ол бақшаны бастырған жоқ. Оның совет тұсындағы 20 жыл жасаған саналы өмірі бар. Бойға берік сіңген тәрбиесі бар. Ол тәрбие тасқа тамған көз жасындай елеусіз кеуіп кете алмайды.

«Саражан, уайымдама! Қанша жыл қолдан жасаған дүниемізге фашистер қызыққан болса, оны қорғау керек болады. Орнатуы қиын ба, қорғауы қиын ба,— оны мен білмеймін. Бірақ екеуі де азаматтық борышымыз. Сондықтан біз қорғап қала аламыз. Бұған дау жоқ. Осыны ұмытпа, Сара!»— деді.

Әлікбай сертін орындап, айтқанын ақтады да!

1942 ж.

НҰРСҰЛТАН ЕСБОЛАТОВ

Алатаудың әр тұсынан жұлқына шыққан бірнеше асау өзендер ұзай келе ашуларын басып табысады да, Ақсу атанып, бір арнамен ағып барып Балқашқа құяды. Бұл өзі елеусіз өзендердің бірі болғанмен, ел басынан кешкен оқиғалардың бәрінің де бір-бір түнеп өткен өзені. Талай озбыр жау обардай болып-ақ ұмтылғанда Ақсу бойы тізе бүккен емес. Ерлер жанын өлімге қиыпты, ел намысын қорлатпапты. Қара көзін жерге берсе де, жауға бермепті.

Қойшы бала Нұрсұлтан елінің осы сырларын ести өсіп еді.

— Әзірет Әлі деген болыпты, тегі, тентек жігіт болса керек,— деп бастайтын үлкен қойшы Сәмек шал.— Тентектігі емес пе, ер Қаптағайдың елін шабуға келгені!.. Сақылдаған сары аяздың кезінде батыр Қабақ үйдің іргесін көмсе, балалар тоңғақ болып өседі деп, қыс бойы киіз үйдің іргесін көмдірмейді екен де, өзі жататын тұстың киізін де түргізіп тастайды екен дейді-ау... Әзірет Әлі сол батырдың елін шабам деп келіпті...

Сәмеке шал ұзақ ертегісін мың құбылтып айтып болғанда ғана Нұрсұлтан демін шығарады. Әсіресе, Қаптағай Әзірет Әлінің түйенің ортан жілігімен ұрып жығыпты дегенде, жас баланың екі көзі Сәмеке шалдың аузынан бір аумайды. Сәмеке жылжып Шыңғыс ханға көшеді:

— Ойбай, ол жердің қара қыртысын жалмай келіпті. Жер қайысқан қалың қолмен Шыңғыс келе жатқанда аталарың жабылып кетіп, Лепсі өзенін жоғарғы жақтан бұрып алып Ақсудың арнасына салып кеп жібергенде, жер-көк дария болды да кетті дейді!..

— Ие?

— Мұз қатар күзгі сырдаланның кезі екен, Шыңғыстың қолы қатты апатқа ұшырапты. Қыс түсіп кетпей Қаратауға жетпек екен, Ақсу бөгеп алты ай қысты осы арада өткізіпті. Бұл Әзірет Әлі мен Шыңғысты да көрген!

Сәмеке шалмен өткізген төрт жылдың ішінде жас Нұрсұлтан елінің ерлігін де, елдігін де көп естіп еді.

...Нұрсұлтанның барлық балалық шағы байға малайлықпен өтті. Ол дәуірдің жас өміріне салған ізі — бетіне ерте түскен әжім сияқты. Ешкімнен жылы сөз естімей өскен бала көрінгеннен жатырқап, жан біткеннен шеттей өсіпті. Қамшы көрсе-ақ арқасына тиетіндей, ешкімге жоламапты. Әке-шешеден ерте айрылған жетім, сол са-

рылған құлдық күнін өлеңге айналдырып, ел құлағына зарлы әнмен шағады екен. Обырлар бітті, озбырлық та кетті. Нұрсұлтандардың иығы да босады. Жылағансықтағандар арман еткен панасын — Совет өкіметін тапты. Өкінішті күндер біржола өтіп, қарасы өшті. Еркін өсер еліне еңбек етер күндер жетті. Нұрсұлтанның бұл өмірі Алматыда, әр түрлі құрылыс жұмысында басталды: ол еңбекте ылғи екпінді еді.

Ел басына күн туып, ер етікпен су кешер кезең келгенде Нұрсұлтан Отанын қорғауға аттанды. Қырымнан көретін қырағы көз жау жүрегін көздеуге керек болды. Екінің біріндей ғана болып жүретін Нұрсұлтан енді қызыл жауынгер, қайраты болса көрсетер кезеңге келді: Отан үшін, Отанның кемеңгер басшысы партия үшін өнері болса аямас кезеңге келді. Отан үшін өлу ғана емес, өліп кетсе де қорғап қалу керек екендігін ұғынды.

Нұрсұлтан ата күші мен ана сүтін қалай ақтағанын қазір бүкіл еліміз біледі. Ол — атақты жиырма сегіздің бірі! Ал, жиырма сегіз қызыл жауынгердің ерлігі әлемге жайылды. Олар фашистер жендеттерін Москваға өткізбеді. Әрбір жауынгер жау танктерін домалатып, ілгері аттатқан жоқ. Нұрсұлтанға сол күні екі танк жабылды. Нұрсұлтан сол екі танкті жоқ етті. Үсті-басы арандай, оқ жаудырып, өлім егіп келе жатқан жау танктарынан ол сескенген де жоқ! Жау жолына тосылған тас кедергідей, орнынан қозғалмай жатып алды да, жау танктерін ілгері бастырмады. Отанның алып жүрегі Москваға қадалғалы келе жатқан жау найзасының ұшын сындырды. Гитлердің бойын түршіктіріп, бетін қайтарған ерлердің бірі — біздің Нұрсұлтан Есболатов.

Қасық қаның қалғанша, соңғы демің біткенше, күшіңді Отаныңа берген Нұрсұлтан жолдас, сені елің де ұмытпайды! Бүгінгі елің ғана емес, келешектегі ұрпақтың есінде қалдыратын белгілерің әзірленіп жатыр.

1942 ж.

МАНАСТЫҢ ҰРПАҒЫ

Ұлы дастан «Манас»— емшектес бауырымыз қырғыз елінің ұлттық мінездері мен ерлік істерінің тамаша ескерткіші. Ол қырғыз елінің ғасырлар бойы сыннан өткізіп алып, бүкіл адам баласының мәңгілік көркем қазынасына қосқан

кесек еншісі. «Манас» Хантәңірідей биік, мұхиттай терең. Өйткені ол қырғыз сияқты ер елдің әр кезеңде, ауыр сында көрсеткен әр алуан ерліктері жайындағы жыр.

Бұл заманның обырына — фашизмге қарсы аттанған Отан соғысының бір ері Дүйшенқұл Шопоков сол қырғыз елінің ұлы, «Қызыләскер» колхозының мүшесі. Дүйшенқұл майданға аттанғанда батыр атасы Манастың атын аузына алып, Манастың ерліктерін есіне түсірсе, таңданатын не бар? Еңбек Ері, колхоз жасы, совет азаматы, болып жатқан оқиғаларға бір жақты ғана қарамайды. Өткен күннің үлгілерін бүгінгі тілекке жарата алады.

Манастың жетпіс құлаш жез зеңбірегі, атақты «әбзел»: Ер-азамат Қазатқа аттан, келісімге келмейтін, ел намысын бермейтін майданға аттан!— деп, сүрен салғанда, қырғыз елінің қырық шорасы аттанбап па еді жауына! Манас жар салғанда, жалпақ жауырын Бақайдай, қия жартас Серектей, қазақтан шыққан Жауырыншыдай тау жаңғырықтыра аттанған ерлер сол қасиетін, сол ерлік мұрасын кейінгі үрім-бұтағына қалдырып кеткен.

— Ер-азамат, фашизмге қарсы қасиетті Отан соғысына аттан!— деп, партиямыз жар салғанда: алпыс ұлтты одақтың тұс-тұсынан аттанған ығай-сығай батырларының бірі — Манастың үрім-бұтағы Дүйшенқұл азамат.

Дүйшенқұл батырға кездескен оқиға, «Манас» жырындағы жас батыр Сырғаққа кездескен оқиғадай өте оқыс. «Манас» дастанында жас батыр Сырғақ Алмембет сияқты аршын төске еріп, жау бекіністерін барлауда жүріп, жалғыз көзді малғұнға кездеседі. Малғұн алып Алмембетпен алысып жүргенде жас Сырғақ: «Құдай-ау, бұл малғұнды маған ғана кездестірмей, маған неден өкпеледің?»— деп налып тұрады. Ақырында, малғұнның жалғыз көзін Сырғақ батыр ағызады.

Ұлы Отан соғысының ең бір сынды кезеңінде Дүйшенқұл батыр да жаудың ең күшті қаруына кездесті. Москваға қауіп төніп тұрғанда, оны кеудесін тосып қорғаған атақты жиырма сегіздің бірі осы Дүйшенқұл еді. Жұртқа мәлім, бұл сұрапыл алыста Совет елінің бір азаматына фашист жендеттерінің екі танкі жабылды! Фашизмнің ең сенген «алып малғұны» техникасы ғой, сол сенгеннің екеуі жабылып, Совет елінің бір азаматын ала алмайды! Егер, бүгінгі соғыста таңданарлық іс болса, ол осы жиырма сегіздің ерлігі де, қорқа білмес жүрек болса, ол осы жиырма сегіздің жүрегі де! Отаны үшін өлуге әзір ерлер

бұршақтай бораған жау оғына жан-тәнін түгел тосты, бірақ жауды ілгері өткізбеді. Өткізбеу ғана емес, малұнның жалғыз көзін ағызғандай, сол күні жаудың бетін де қайтарды. Сүйікті Отанын қалай қорғайтынын өмірімен де, өлімімен де көрсеткен ерлеріміздің бірі — осы Дүйшенқұл Шопоков!

Дүние жүзінің есінде қалған жиырма сегіздің өшпес ерлігі еркін елдердің ұлдарынан құрылған Қызыл Армияның ерекше екенін де көрсетті. Күшті жау бүгін-ертең жеңіс туын көтерем деп, аласұрып келе жатқанда, Қызыл Армия шабуылға шықты. Сол күннен бастап Гитлердің «көкжалдары» қаша білетіндерін де жасыра алмай келеді.

Қызыл Армия-ағайындық, достық, теңдік әділет қорғаны. Оның күші де осында, өйткені бүкіл адам баласы осыны көксейді. Қырғыз елінен шыққан Дүйшенқұл, қазақ елінен — Әлікбай, Нұрсұлтан жолдастар, осы армияның жауынгері! Әніміз аралас, еліміз іргелес отырған қазақ-қырғыз, ет-бауыр емшектес ел Отан соғысында тізе қоса, бірігудеміз. Біздің үн, біздің ерлік — барлық Совет елдерінің ортақ ісі!

Әлікбай батырдың әйелі Сара — өз ісімде мен де гвардеец болам десе, Дүйшенқұл батырдың әйелі Керімбөпе: «Сенің өмірің үлгі болар мен үшін»,— дейді, еріне арнаған сөзінде.

Бұл — қазақ қызы мен қырғыз қызының тілегі. Бұл — барлық еліміздің тілегі, Қызыл Армияға күш беретін де осы тілек! Батырлар тобы молая бермек!

1942 ж.

ШЕГІНБЕЛІК БІР АДЫМ ДА!

Тәуке шал есік алдындағы лапаста, немересі Болатты қасына отырғызып, майдандағы баласына хат жазғызып отыр.

— Қарағым, Қазыбегім! деп жаз,— деді Тәуке шал Болатқа.

Дардай әкесіне атасының «қарағым» дегені ерсілеу көрініп кетті де, Болат хаттың басына қысқа ғана «әке!» деді. Әкесіне жазылып отырған хатқа «Қазыбегім» деп қалай айтсын, оны да жаза алмады.

Атасының «Қарағым, Қазыбегім!» дегінің бала бұрын естіген еместі. Алыста, ажалмен алысып жүрген баласын

сағынып кеткен кәрі жүректің оңаша жерде бір солқ етіп кеткенін жас Болат аңғармай қалып еді.

— Құдайға шүкір, аман-есенбіз деп жаз,— деді Тәуке, әлдене айтарын қорытып болмаған пішінмен.

Болат «құдайға шүкірге» соқпай өтіп: «Атам мен әжемнің дені сау, апам биыл егіс бригадирі, былтырғы Қызыл Туды апам қайтып алды»,— деп жазды.

Сынышыл кәрі көз Болаттың көбірек бірдеме жазғанын сезе қалып:

— Сен немене тұгжыңдап кеттің?— деді. Болат қызарандап:

— Құдайға шүкір дегенді жазып көрген жоқ едім...— деді.

— Жазып көрмесең, жаз. Сен емес, мен ғой айтып отырған.

— Жаздым...

— Жазсаң, жазғытұрғыдан бері мен де бригадирмін, деп жаз... Екшесіп келгенде, Қызыл туға келіп екеуміз таласып қалдық деп жаз. Ту таласта, ісіміз сында тұр, жеңіспей беріспейміз; бәйге жеңгендікі болады, осы күні бәріміз де сындамыз, аянбай сынасамыз. Шегінбейміз деп жаз.

Болат барлық бригадалардың жарысқа түскенін жақсы білсе де, атасы мен өз шешесі — Қербездің туға таласып қалғандарын білген жоқ еді. Әсіресе, «келін екеуміз таласып қалдық» деген сөз балаға жатырақ көрінді де, оны жазған жоқ.

Бұл кезде Тәуке шал айтайын дегенінің етек-жеңін жинап болып еді:

— Елде ешкім сіз нәрседен тайынбайды деп жаз,— деді Болатқа.

— Қайран күш қалпында екен, жиырма бес қайта оралды. Былтыр сен әрең тастайтын егінді биыл мен оп-оңай тастап жүрмін. Егін арасына тай жасырынғандай. Машинесі орудан, кәрі әкең қағудан қажыр емес. Тайсалмайық, тайсалмайық, шегінбейік!

Болат атасының бұл сөздеріне де қосымша жасады:

— Атам жиырма беске шықтым дейді, онысы өтірік шығар деймін. Ол жаңа, сізге қарағым деп жаз деп еді, енді сізден жас болып шыққысы келеді. Мен онысын әдейі жазбадым... былтыр жетпіс екідегі адам, биыл жиырма беске қалай шығады? Ал енді егінді сұрапыл тастайтыны рас. Жасы қандай көп болса, күші де сондай көп екен. Атам машинесінің артына ешкім шыдама-

ғасын басқарма үлкен мұғалімді беріп еді, бүгін ол кісі де қалжырап қалыпты.

Тәукен ойының екінші бір шумағын айтты:

— Биыл егін екі бел әрі түскен деп жаз... Алматының мыңдаған балалары келіп қолғабыс істеп жүр. Аталап келіп шұрқырасқанда, бабалап келіп еркелескенде, ел үстінде бұлт бар деп, істелмейтін іс болар деп, алыпбайтын қамал бар деп кім айтар? Егін бауым шөмелдей, шөмелем маядай. Жау күйінсе — у ішсін! Таңертең теңселіп тұрған егін, кешке дейін қабыма түседі. Шаршау жоқ, кәрілік жоқ деп жаз!

Қырман басындағы қоңыраудың күңгірі естілді. Бұл жаңағы Болат жазған «үлкен мұғалімнің» жұртты шақырып жатқан кезі еді. Осы уақытта ол соңғы хабарларды оқып беретін.

— Шақырып жатыр ғой, бол, қарағым,— деді Тәуекең. Содан соң өзі де асыға сөйлеп, тақпақтай жөнелді:

— Қаракерім дөнен шықты, топқа салар кезі осы. Қасқыр кірді бір қалыңға, соғып алар кезі осы! Қалың егін теңселіп тұр, орып алар кезі осы. Жарақты жауға кездестік, енді кезек бізге тиді, ойран етер кез осы! Елде әкелер, майданда ұлдар! Жау ызасы жанға батты, намыстанар кез осы!

Тәуекең қырман басына келгенде үлкен мұғалім майдан хабарын айтып келіп:

— Воронежде біздің әскер жаудың бетін қайтара, қырын сындыра шабуыл жасап, Дон өзенінің оң жағына шықты,— деп тұр екен. Тәуекең Болаттың құлағына сыбырлап:— Хаттың аяғына «Шегінбелік бір адым да!» деп қос,— деді.

1942 ж.

ТУ ДА, НАМЫС ТА — БІЗДІҢ ҚОЛДА

Ел үстіне төнген қатер ауған жоқ әлі. Найзағай дамылсыз жарқылдауда. Жай оғы дамылсыз түсуде. Қара бұлт қабағы түйілуде әлі. Совет жерінің денесі жаралы. Жараң қанша көп болса, кегің сонша өлшеусіз. Көп зұлымдық, көп қорлық ел ішіне тас шемендей қатып, ел жүрегін ыза кернеуде.

Тағдыр сағаты соққалы тұрғанын, дүние кесімі айтылып қойғанын жақсы білетін жауға бір-ақ жол қал-

ды. Ол жол істеген зұлымдығы есептелмей тұрғанда, осы мастықтан айықпай-ақ, осы нөсердің үстінде өзі де тыным тапқысы келеді. Өйткені «Ұлы адам» болып дүниеге, ұлы болып өз еліне есеп берер бет қалған жоқ Гитлерде! Гитлер берер есептің басы да, ортасы да, аяғы да зұлымдық деген жалғыз ауыз сөзге сияды. Ол аттаған сайын апат күніне жақындай беретінін де жақсы біледі.

Сондықтан ол аянбайды да, аяу да күтпейді.

Ол дүниені аяғына жүгіндірмек еді. Дүние қандай ұлы болса, азғын топтың қойған текешігінің сонша сорлы екендігін Гитлердің өзі де көріп отыр. Совет елімен айқасқалы, тіпті, айқын көретін болды.

Дүние жүзінің, бар адам баласының жендеті, таңы жыртылып, сіңірі созылғанына қарамай, әлі өңменден келеді. Ендігі мұңы — қанға боялып, аштыққа қамалған елдердің рақымсыз сотына тез ілекпеу. Өйткені азап көрген елдер сол сағатты асыға күтуде. Ол сағат жақын! Дүние жүзі болып, бір ауыздан кескен кесімінің өз көзінше орындалғанын көргісі келеді!

Алғашқы аптығы басылса да, жүрегі мықтап шайылса да, жаудың улы тісі жұлынған жоқ әлі!

Украина жері жаудың қолында, Тарас Шевченконың елі әрі қорланып қайғыруда, әрі аянбай алысуда жауымен.

Қыз-жігіттің сайранындай, я бір жазғы жайлауындай Қырымды фашизмнің нас солдаты былғап жүр. Мыңдап-мыңдап қой өретін Кубань алқасында миллиондаған бит өреді. Будақтаған түтіннен көрінбейтін Донбасс өлкесі бүгін кекке булыққандай. Кекті жұрт сол жерінің босауын, кегінің еселеніп қайтуын күтеді!

Асқақтаған жау Кавказына жармасып барады. Қорлау-зорлауға ел шыдайтын ба еді? Қорланған қызың мен зорланған анаң даусы арашаға, кек алуға шақырады. Ертең емес, бүгін, қазір қимылдау керек!

— Қаның қазақ, қызыл жауынгер, сен батырдың ұрпағысың. Тұлпарын желден оздырып, айшылықты алтыақ аттап, қара ағаштай қалың жауға жалғыз кіргенде «сала алмасам маған серт, қадалмасаң саған серт!»— деп, жасыл болат темірмен серттесетін сенің атаң.

Қаның қазақ, қызыл жауынгер, ата-бабаң, ер ұланын аттандырып жатып —«жарақты жауға кездес!»— деп беретін батасын. «Ұлым елім үшін» дейтін бабаларың,—

албырт жас майданда ширайды, темір тимей дене шынықпайды, мұз жастанбай жігіт шынықпайды дейтін.

Қаның қазақ, қызыл жауынгер, сен үйіңнен аттанарда құлыным деп анаң, серігім деп әйелің, ағалап іні-қарындасың келмеп пе еді қасыңа! Асылмап па еді мойныңа! Ұяла қарап, алмадай қызарып, көзімен ғана тілдесіп, жүрегімен ғана қоштасып тұрған алма мойның, толқын шаш кім еді? Жүзі күлсе іші жылап, не тапсырып қалып еді? Тез қайт демеп пе еді?! Тез қайту үшін жауды тез құрту керектігін сол жерде-ақ ұқпап па ең?!

— Қарағым, дәм татып аттан,— деп, алдыңа әкеп барлық асын жайғанда, қамқор анаң сол дәміне тапсырып та жіберген сені!

— Ал, енді аттан! Еркекше барып, ерлерше қайт!— дегенде, әкең барлық елдің ойын айтқан.

Отаным деген ұлы сөздің жүрегіңді жүз бұрайтын шын мағынасын сол жерде түсініп аттанғансың!

Айбынды қызыл жауынгер, сол үйіңнен аттанған соң, артыңа бір қарап па ең? Қарамап па ең? Қарағансың! Нені қимай қарап ең? Артыңда елің де, артыңда ауылың да!

Сол елің, сол ауылың, сол жақын жандарың, жауды тез құртып, үйге тез қайтуыңды күтеді.

Толқын шашты, қара көз жарың қанша күтсін? Белгіңді бер, жаным.

Бурыл шашты сүйікті анаң сен тістеген құртты сандық түбіне сақтап қойды, қанша сақтасын?

Ерлік істердің ішінен сенің атыңды іздейміз, серттен тайма, бауырым!

Қара көз күте алады, анаң құртын сақтай алады. Қызыл жауынгер серттен таймайды! Жеңіс күні таянып келеді. Жау сүрінді, омақа асатын жарына жақындап қалды. Ерлер жеңіспен қайтады!

Қызыл тулы, көп ұлтты ел! Қолың істе, көзің майданда болсын. Біз жеңеміз! Бірақ қайтсек жеңеміз, есіңнен осыны шығарма! Майдандағы жауынгер мен сыртта отырған қалың ел бірдей қимылдасақ қана жеңеміз. Әрі азамат, әрі әскер бола білейік! Жеңіс балғасы майданда соғылса, жеңіс көрігі елде басылады. Ұмытпайық осыны.

Қазақ елі, «жиырма бес» арманың болатын қашанғы. «Жиырма бес қайта айналып келер ме арман» деп, ән салатынсың. Сен қазір сол жиырма бесіңдесің. Арман еткен еркіндік туын қолыңа алып, терезең тең ел болғаны-

на биыл жиырма бес жас толады. Сен Октябрьмен құрдассың. Жаңа дүниенің жас азаматы, бәріміз де жиырма бестеміз! Ендеше, жапыра қимылдап, өндіре соғар кезіміз. Жау құлағы жар астында ғана қылтияды. Қимылдар кез осы!

Француздың атақты жазушысы Виктор Гюго бір кезде: «Парижға тиген жау — бүкіл адам баласына тиген жау!»— деген еді. Ал, біздің елге тиген жау туралы біз не айтуымыз керек? Мұның жауабын бүкіл дүние беріп отыр. Дүние тілегі мың тілде айтылып, бір жерге түйіледі. Зұлымдықтың зынданы, адам ұрпағының жендеті болған Гитлердің жеті басы түгел қырқылсын деді.

Біздің ел дүние алдында осы міндетін орындайды. Болашақтың туы да, намысы да біздің қолда.

1942 ж.

БАТЫРЛАР ҰРПАҒЫ

Өз басын кейінгі ұрпақ алдында қарыздар санаған ардақты ақын атамыз Асан Қайғы елі үшін мәңгілік мекен — жақсы жайды желмаямен желіп іздеген. Талмай кезіп, ерінбей шарлап, таппай тынбай, таңдап тоқтап, түйесін шөктірген жері — осы күні Советтік Қазақстан аталды. Қысқы аязы мен жазғы ыстығына ұлы-қызым бірдей шыныққын дегендей, еліне арнаған жердің бір шетін солтүстіктегі аязға апарып тіресе, бір шетін күннің көзі найзадай қадалатын оң бүйірге тіреген. Арқасынан күн қысқанда, Алатау мен Алтай-сынды алып таулар мейлінше мейірленіп, бал бұлақтары еш уақытта үзілмей аға берсін деп ойлаған сияқты. Ақыныңа жаны ырза болып, жеріне көңілі толған ел — іздеген жер-үйегіміз осы екен деген.

Кең орап, мол қамтыған жердің етек-жеңіне сұғанақ көз қадалып, жау қолы жармаспау үшін, қырағы көзді қырандай, қыран қонар қиядай ерлері болу керек. Асан тапқан асыл жердің шек-шеңберін ақ білектің күшімен, көк найзаның ұшымен батыр аталарымыз мықтап бір сызып бергендей. Сол сызық қазақ жерінің шекарасы болып, осы күнге дейін орнынан жылжыған жоқ. Дөрекі сызса да, берік сызған екен, сол жер қазақ жері, сол шекара орнында!

Қиясына қарай қыраны, еліне қарай ері болады емес пе! Елі менен жерін қорғайтын, қалың жауға жалғыз

шабатын, тас қамалды жұдырығымен бұзатын, қауіп бар деп елемейтін қазақ батырларының жұбы жазылып, қарасы үзілген емес. Алыста қалған, ұмыт болған арғы заман буылдыр тартса да, сонау-сонау Қобыландыдан басталатын қазақ батырларының ұзақ көші бар белден үзілмей өтіп, кешегі Аманкелді мен бүгінгі Отан соғысының ерлеріне тіреледі. Арты алыста, алды ылғылдап тұрғандай. Әр кезде, әр жаудан елі мен жерін қорғап қалған солар-ды. Батырлар тізбегі Қобыланды батыр Қазанға аттанғанда, әр белдің астында кездесе беретін көп батыр сияқты, үзілген емес, үзілмейді де!

Жер жүзінде ерлік жайын қазақ халқынан асыра жырлаған бір ел жоқ. Өйткені ерлік деген қазақ халқының ұзақ өмірінде, бірге жасасқан елдік қасиеті. Ішітысы бірдей қазына қазақ жеріне қадалған көз көп болатын. Құйындай соғып Шығыстан, құтыра-жұлына Батыстан ұмтылған қомағай жаудың бәрі де туларын құмға көміп, жаяу шұбырып, кейін қайтқан. Ешкім ірге теуіп тұрақтай алған жоқ қазақ жеріне. Сондағы жау маңдайына тиген тас шоқпар қазақ батырларының шойын жұдырығы еді. Елі үшін қаза тапқандарына бүгін жыл толып отырған, неміс төбеттерін Москваға жеткізбеуге ант етісіп, елінің «Жаным — арым садағысы» дейтін бұлжымас салтын бұлжытпай орындауға жандарын қиған 28 ер, сол батырлардың ұрпағы, ел қазақтың шын ұлдары! «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады» емес пе, 28 қыранды түлетіп ұшырған ұясы — Қазақстан деп аталады. «Арыстан үңгірі — өзіне лайық!» болса, сол 28 арыстанның еркін өскен мекені біздің ел! Ерлерінің айғайына жаңғырыққан жоталардың аттары — Алатау, Алтай болады да, асыр салған кең алқасы — Сарыарқа деп аталады!

Ел бір қатер сынның кезінде, Батыс елдерін оңай жусатып, қанды ауызданып келген құтырған қасқырдың беті қайтқан жоқ. Демін алса от шашып келе жатқан неміс армиясына қарсы тұруға шыдар құнарлы күш жас Совет елінен табыла қоймас, табылса қаншаға шыдар дейсің деп, қанды жол Гитлер найзағайдың оғындай сып ете түспек еді. Ол күркіремек еді, онысы дірілдеуге айналды. Ол жарқ етпек еді, Москва қорғанына соғылды да лап етті, сөнді. Жаудың аптығын басып, алласын аузына түсірген қызыл жауынгерлердің ұлы ерлік істеген кішкене ғана бір тобы — Қазақстанның сол 28 ерлері!

Ұлы Отан соғысының ең бір ауыр күндерінде, таразы басы қалай ауары таласта тұрған күндерде, айбынды Қызыл Армия алып аталарының айнымас ұрандарын есіне алды. Александр Невский, Дмитрий Донской, Суворов пен Кутузов...

Кекке толы жүректен лықсып төгілгелі тұрған ыза жау басына нөсердей жауды. Намысқа тиіп, қорлауы өткен жауға совет азаматының бар қасиетімен, Отанын сүйген ұлы жүректің бар қуатымен қызыл жауынгер қарсы ұмтылды. Москваны мандайға ала, ел жүрегіне найзасын оқтана, босағаңды қандап, төріңді ластауға келе жатқан жеркеніш жау, тап сол ауыр сынның үстінде, мандайға ұрылғандай, табандап тоқтады. Қайқая бере, сілейте соғылған күрзі еліріп келе жатқан жауды есеңгіртіп жіберді. Осы күннен бастап, соғыстың екінші кезеңі басталды! Жау жағасына мықтап жармасқан темір қол, жау мандайына сарт етіп тиген бір темір жұдырық атақты Панфилов дивизиясінікі де! Сол соққыны беріскен, әлем айызын түгел қандырып, дүние жүрегінен мәңгі ұмтылмас орын алған сол 28 асыл жас Қазақстан ұлдары да! Бұлар бір «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей, әдейі іріктеп сайлап шығарған топ емес, бірі малшы, бірі жұмысшы, бірі атшы, бірі күзетші болатын. Бұлардың көрсеткені елінің қанындағы қасиеті еді.

Ол бір суреттеп жеткізе алмайтын ерекше айқас болатын. Кісі басына екі тажалдан жабылған, бұрынды-соңды болып көрмеген алыс еді. Орасан күш жау жағында болады, біздің 28 ер жүрек, «Өлерміз, өткізбеспіз!» деген. Күш жеңген жоқ, сенім жеңді, әділет жеңді!

Біздің ерлер армансыз алыста қаза тапты. Темір киінген жау олардың өлімтігін де аттап өте алған жоқ. Алынбас қамал, беріспес берікке айналайық деп 28 жауынгер сөз байласа, сол байлауды орындап шықты. Тартыста таймайтын, жықпай тынбайтын, ерліктен еш танбайтын елдің ұлдары екендіктерін көрсетті.

Сол ерлерін есіне алғанда, майдандағы жауынгерлер мен тыста отырған жалпақ елдің кегі де қазандай қайнайды. Ерлер өнегесі қайда да сонша қажырлы алысқа, кешілмес кекті алуға шақырады. Тек қана ерлік емес, техниканың тілін білу керек, оның тілін білсең, адамды жеңер күш жоқ дейді. Тажалдай танктің екеуі бір адамға жабылғанда жеңіліп тынса, ол адамның атын ұлықтайды! Біздің 28 ердің ерекшелігі — ерлік пен білімге бірдей ие бола алғандарында. Жауынгерлер арасына

олардың осынысы үлгі болатын болсын. Заман ерлігі күште ғана емес, заманының өнер-техникасының тілін білуде.

Дүниеге келген үлкен қауіптің алғаш жүрегін шайып, бетін қайтарысқан 28 ер дүние жүзінде азаттық тілейтін барлық елдерді қорғап қаза тапты. Олар ұлы алыстың арыстандары. Оларға барлық ел риза, тарих риза!

1942 ж.

ӨМІР МЕН ӨЛІМ ТУРАЛЫ[1]

(Майдандағы қазақ жасының дәптерінен)

Адам туады, адам өледі. Мұнда тұрған қайғы не? Бұл жаратылыс заңы. Біздің шығыс елдері «адам дүниеге келген қонақ, біраз қонақтадың, аттануың керек» деседі.

Бірақ адам дүниеге тек қана келіп, әшейін ғана аттана бермейді: ол артында ой қалдырады, ойдан мұра қалдырады. Ол өмірге адам болып келіп, адам күйінде қайтады.

Мен ұлы жиырмасыншы ғасырдың жасымын. Бүгін мен өз жайымды әңгіме еткім келеді. Өйткені бір жағымнан кек қысып отыр да, екінші — үлкен бір қайғым да бар. Менің бұл жазғандарым болашақта біздің осы ұлы күресімізді тексерушілердің қолына түсіп үлкен істердің кішкене бір тетігінде тыянақ болуға жараса, менде одан басқа арман да жоқ; ол тексерушілер біз осы арпалыста жүргенде қайғыра да, жылай да, қуана да, күле де, кектене де білгенімізді ұғынса болғаны.

Кек неге қысады дерсіздер, оны да айта кетейін. Жастық шақ маған бір-ақ рет берілмеп пе еді! Сол кезімді әлдеқайда түнерген қара күш жұлып әкетпекші. Ол жастықтан бір айрылсам, ол қайтып оралар ма? Оралмайтынын мен жақсы білем, аһ, тіпті, жақсы білем! Біз жастар өмір сүруге асығатын едік, жастық шағымыздың іші-тысы бірдей мағыналы болсын деуші едік қой, солай емес пе, құрбыларым? Міне, сол қымбат шағымызды фа-

[1] *Б.Бұлқышевтен* аударылған көп очерктің бірі. «Жалын» баспасынан Баубектің 1977 жылы жеке кітабы шықпақшы.

шистер тонап алғысы келеді; балдырғанды бақшаға өрт салғысы келеді. Мен осыған кектенем.

Мен дүниеде жиырма-ақ жыл жасамадым ба? Бірақ дәл қазір ересек адаммын деуге болады. Мен жиырмадамын, бірақ мендегі ой ақсақалды, байсалды, талай белді артқа салған адамның ойындай.

Менің 19 жасымда бар ойым оқуда, қызмет жайында және несін жасырайын, атақ жайында болатын. Мен толып жатқан өнер жайын ойлаушы ем. Алдымен ақын болғым келетін. Пушкин мен Лермонтовты, Гете мен Гейнені, Байрон мен Шиллерді оқығанда бір жола сүңгіп кетуші ем. Бұл ақындар маған қатты ұнайтын да, күнтүні басымды көтермей оқитынмын. Мен күйші де болғым келетін. Чайковский мен Глинканы, Бетховен мен Шопенді ерекше құмартып тыңдаушы ем. Мен өзімшіл екем,— әрі ақын, әрі күйші болғым келетін.

Жоқ, шынын айтсам, маған ол да аз еді. Менен гөрі ересек жолдастарым мен бір туған ағаларым институт бітіріп, біреуі инженер, біреуі тарихшы болып шыққанда, осы мамандықтар түгелімен менде де болса деуші едім.

Өмір үшін, жас жігіт үшін, әрине, бұ да аз. Мен бір жақсы қыз жайында да қатты толғанушы ем. «Сүю» деген жалғыз сөзде қандай ұлы күш бар! Солай емес пе, құрбылар? Мен бір сұлу қызды, қазақтың бір сұлу қызын сүюші ем! Аты Жанна еді.

Сол кезде бақыт дегенді бағалай білсемші! Ол кезім өмірімнің бір ұмытылмас кезеңі екені енді ғана еске түседі.

Адам жүрегін өзгеше жақсы білетін ұлы Гете жастық шақты босқа жырлаған жоқ. Ол жастық шақты адам өмірінің ең биік шыңы деп босқа айтпаған.

О, жастықтың ұлы ақыны, Гете! Мен сенімен тілдескім келеді: сен туған елді, сенің бауырларыңның үрімбұтағын неге айналдырғанын білесің! Сен үшін ерекше қымбат саналатын асылдарды қалай қорлап, қайран жастықты қалай құртып жатқанын сезесің!

Бір кезде Гетенің елі деп аталатын Германия енді тағылық таңбасын жасыра алмайтын зорлық-зомбылықтың еліне айналды. Германия фрицтердің еліне, шала сауатты ефрейтор Гитлердің еліне айналды. Атақты ата, ұлы ақын, біздің жанымызға да осы батады. Бүгінгі фрицтер «Фаусты» оқымайды, білмейді. Олар сені де білмейді!

Атақты ақын, сені біздің ел ғана шын сүйеді. Сені біз Пушкинмен қатар қоямыз. Сен естіп, білмеген біз, қазақ жастары сенің «Фаустыңды» қандай құрметтейміз! Өйткені біз жастық шақты, жас өмірді ерекше сүйеміз. Біздің елдің жас буын, жаңа ұрпағы осындай, ұлы ақын!

Ұр да жық ақымақ фрицтер біздің жастығымызды, болашағымызды құртқысы келеді. Біз, әрине, бере алмаймыз оны! Өлерміз, бірақ бере алмаспыз! Бермейміз! Орыс та осыны айтады, қазақ та осыны айтады. СССР-дағы барлық ұлттар осыны айтады!

Мен, міне, 300 күннен артығырақ соғыста жүрмін. Бұл уақыттың ішінде біздің ел де өзгеріп кетті, адамда да өзгерді, мен де өзгердім. Міне, жауынгер болдым. Қабағымнан кәр төккен, ызғар шашқан жауынгермін мен! Мені қазір көрген адам бұдан он жыл бұрын бар ойы оқуда, я сүйген қызында болатын жас жігіт еді-ау дей алмайды.

Менің жастығым адам баласының қызметіне берілді. Мүмкін, мен жастығымды қайыра алмаспын. Бірақ ол босқа кетпейді, менен кіші інілерімнің еншісіне тиеді. Кейінгі жастар, жас інілерім, сендер бақытты жандарсыңдар. Сендер соғыс дегенді білмей өтетін боласыңдар. Біз жастығымызды сендердің бақыттарыңның жолына құрбан еттік. Сендер тыныш өмірде бақытты жасайтын боласыңдар.

Біз кәрлі кезеңнің, соғысты заманның жандарымыз. Біз соғыста туғанбыз, соғыста өлеміз де. Күресте тудық, сол күреспен өлеміз. Осының бәрі сендер үшін, кейінгі ұрпақ!

Өткен он айдың ішінде мен бірнеше шабуылда болдым. Өлімді, тіпті, көп көрдім. Адам өлімін, жақсы ұғыныңдар, адам өлімін көп көрдім. Жақын жолдасыңның қиналып барып жан тапсыруын көруден ауыр не болады дейсің. Ол жаныңа жаны қосылған досыңның өлімі, ол тізе қосып бірге алысқан жолдасыңның өлімі! Жауды мен аямаймын, оның өліміне ішім қынжылмайды, мен адамды емес, адам бейнелі айуанды қырып жүргенімді жақсы білемін. Ал енді қасында жаңа ғана қызыл әскерше киінген қыршын жас өліп жатқанда жүрегің қатты ауырады, құрбылар! Осы ғажап қырғын, сұрапыл соғыс үстінде жаныңа сүйеу болатын нәрсе: біздің жігіттер ерлерше өліп жатыр деген берік сенім! Олардың өлімінде де өмір бар!

Әлі есімде, бір шабуылда мен қатты жараландым. Қан майданда қала бердім. Жолдастарым жұлқысып жатыр. Соғыс тым-ақ қатты қырғын үстінде. Мен шыдай алмай барам, тұрғым келеді, алға ұмтылғым келеді. Амал не, қансырап барам, көтеріле алар емеспін. Жаныңа бататын да сол мүгедектік, өзіңнің дәрменсіздігің.

Бір кезде есімді жисам қасымда бір неміс солдаты шыңғырып жатыр екен. Қызыл әскердің штыгы неміс солдатына қатты қадалған көрінеді. Мен оған «дыбысыңды шығарма!» деп әмір етемін. «Соғыста жылай ма екен!» деймін мен оған. Ол сорлы: «Орыс-ау, ей, орыс, өлгелі жатырмын ғой»,— дейді тым-ақ әлсіреген дауыспен.—«Не үшін өлмексің?»— деймін мен тағы да. Ол жауап бере алмайды. Ауыр ыңқылдай береді.

— Фриц, неге өлмексін деймін мен саған! Бұл өлім саған не үшін керек болды? Неге құмарттың өлімге? Не үшін өлмексің?

Ол жауап бере алмады, сол күйі өліп кетті. Оның берер жауабы жоқ еді. Ол соғысқа келе жатқанда да қайда, не үшін келе жатқанын білген жоқ-ты. Ол соғысқанда да не үшін соғысатынын білген жоқ. Ол өлімге келе жатқанда, неге өлетінін білген жоқ. Ол ақымақ фриц еді, сол ақымақтықтан өлді де.

Мен соғыстың қымбатқа түсетінін жақсы білемін. Соғыс орасан көп адамның өлімі деген сөз. Бір кезде барлық адам баласы ұлы ақын Гетенің: «Біздің тәңірден алған ең үлкен сыйымыз — өмір» дегенін айтып, қандай мерейленетін еді! Бұл мерейін ешкім тартып ала алмайды.

Адам ұлы адамша өмір сүрсін, адам дүниесі шын мағынасында адам дүниесі болсын! Біз осы үшін күресеміз, осының жолында өмірімізді аямаймыз да! Өмір үшін күреста біз өлім дегеннен сескенуден жеркенеміз!

Адам бір-ақ рет туады, бір-ақ рет өледі. Өлім әр түрлі болады: біреу суықтан өледі, біреу қыз үшін қырқысып өледі, енді біреулер аурудан өледі. Мұндай өлімдерді естігенде құр ғана ренжисің де қоясың. Ал, естігеніңде үлкен құрметтеп, бас иетін өлім де бар!— Ол майданда ерлерше өлу!

Мен жаспын, мен өмір сүргім келеді. Ең қызықты өмір әлі де алдымда екенін жақсы білемін. Менің үстімде Қызыл әскер киімі, мен армияда жүрген Азия елдерінің ұлымын.

Мен өз елімізді қорғаймын; момын да, бауырмал да, ардақты да елім бар!

Сол елім мен аттанарда былай деген болатын:

— Тас түлегім, мен сені баулыдым, сылап өсіріп, қанатыңды қатырдым. Қиын бір кезең келіп қалды: жау жағадан, бөрі етектен алғалы тұр. Аттан, қуып-жойып қайт! Ұлым, сен кәрлі кезең — согысты заманның жігітісің, жауынгерше қимылдай біл!— деген. Мен мұны ұмытпаймын.

Мен өмірімнің өзім үшін қымбат екенін де жақсы білемін, дүниеге мен келгелі де көп болған жоқ қой. Бірақ бұл күресте сол өмірімді аямаймын да! Аяуға да қақым жоқ деп білемін. Менде ұран біреу-ақ, ол Ленин ұраны: «Не өлім, не жеңіс!».

Мен шығыс адамымын, батысқа кетіп барам. Біраз жерге келіп те қалдым. Менің елім жақтан шығатын алтын күн, мені ұзақ күн бойы жылытады, ол қашан да қасымда. Міне, кеш бола бастады. Күн батысқа еңкейіп келеді, мен де батысқа қарай келе жатырмын. Күн де мені қимағандай, ұясына қона қоймай, кідіріп тұр. Маған көзін тура қадап: «Шығыс ұлы, жолың болсын! Шығысқа жеңіспен қайт! Мен сені Алатаудың аясында қарсы алармын!»— деп тұр.

Күн көкжиекке батып барады. Мен әлі жүріп келем, алға кетіп барам. Мен, жау тас-талқан болып жеңілгенше, ілгері қарай аяңдай беруге тиістімін.

1942 ж.

СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ

Ел кегі жүрегінде, кек күші ісінде болады. Астанамыз Москва совет халқының жүрегі болса, Қарағанды жауға түйген қаһарлы қабағы, сілейте соғар, өлтіре сұлатар тас шоқпарының күш қайнатып шығаратын қазандарының бірі.

Көп деп қорықпай, терең деп тайынбай, жау ордасын талай талқандаған жас қыран Нүркен Әбдіров сол кекті жүректен жарқ етіп атылған найзағайдың оғы сияқты. Қырағы көзді қыранның ұшса, талмас қанатымен тасқа салса, мұқалмас темір шеңгелі сол Қарағандының ұлы көрігінен шыңдалып шыққан. Бұл ел еңсесін көтерер, ерлер туатын жер. Алып анадан туса, алыптардың өсіп ер жетер ордасының бірі Қарағанды атанады. Қарт

ата Әбдір мен қамқор ана Бақжан балаларын баулыр шақта Қарқаралыдан көшіп, Қарағандыға келген.

— Атақты № 1 шахтаның «Қарауызын» мен тесіп едім,— дейді Әбекең.

Ата күшін, ана сүтін ақтау дегеннің дәл мағынасы — алтын бесік елінің үмітін ақтау болады. Нүркен ес білгелі көмірде жүрген әкесі мен ағаларының істеріне қарап өз борышын жалпы жастардан анағұрлым кеңірек, анағұрлым тереңірек түсінген. Ол кітап магазинінде есепші болып жүргенде-ақ Совет Одағының атақты ұшқыштарының суреттеріне көзі талғанша қарап, өзі де солардай батыр ұшқыш болуды арман етеді екен. Қасындағы жолдасына:

— Батырлардан иығым енсіз бе, білегім нәзік пе, саусағым саласыз ба?!— депті.

Жолдасы ол ойын мақұлдаған екен.

— Е, солай деші, ақын болғыр!— деп оған да үлкен болашақты жора қылыпты.

Албырт жасқа алғыр ой тыным бермегендігі Нүркеннің әрбір ісінен-ақ көрінің тұр. Ол бір жағынан оқу оқып, не қызмет істей жүріп, Қарағандының облыстық аэроклубында ұшуға үйреніп, запастағы ұшқыш атағын алады. Өршіл көңіл көкке тартады, жоғары сүйрейді. 20 жастағы Нүркен 1940 жылы армияға шақырылғанда әзір тұрған ұшқыш екен. Сондықтан ұзақ жылдардың ішінде бітіретін ұшқыштар мектебін Нүркен 2 жылға жеткізбей бітіріп, 1942 жылдың күзінде сержант, ұшқыш-штурмовик болып шығады. Ең алғаш майданға ұшар, жау төбесінен шаншыла түсер күні — 23 октябрь 1942 жылы — көптен күтінген үлкен іске аттанар алдында, Отан алдында есеп берер кезінде Нүркеннің терең ойланғандығы анасына жазған хатынан да айқын байқалады:

«Апа! Біз талайдан бері дайындалған уақыт бітті. Соғыстың қызу жеріне барамыз. Жастық шағымда алдарыңа шығып, қатты сөз айтқан болсам, басымды иіп, кешірім сұраймын. Мен жас жанымды жауға оңай бере қоймаспын. Жастығымды еселеп тұрып ала өлермін. Менің қолымда неміс фашистеріне оқ пен оттан сыбаға беретін жылдам ұшатын аэроплан бар... Егер фашистің көзін құртпасақ, өлтірмесек ол бізді өлтіреді. Сіздерге бұрынғы қызықты уақыт пен бостандық болмайды. Қадірлі әке-шешем, таң болса атты, қазір ұшамыз...»— депті.

Нүркен Ұлы Отан соғысының майданында жастығын еселеп-еселеп алғандығын қазір бүкіл ұлы Отанымыз біледі.

Сүйе білмес жүрек кектене де білмейді. Нүркен ата-анасы мен туған-туысқандарын ерекше бір жылылықпен, ұмытылмас қылықтармен сүйетін жігіт екен. Қазір Бақжан шешейдің қолында Нүркен жазған 82 хат сақтаулы жатыр. Сол хаттардың бәрінде де шын әлжірей сағынған үлкен жүректен шыққан сөздер. Алыста қалған ата-анасының жай-күйлерін күнбе-күн білгісі келіп отырған. Ылғи сүйініш, ылғи қорған боларлық сөздерді жазған. Сәрсен дейтін үлкен ағасының 2 жасар қызы — Светланаға жазған хаттары жауға сонша мейірімсіз жүректің балаға сонша әлжіреуін көрсетеді. Хаттарының көбін сол Светланаға жіберіп отырған. Көп хаттарының басы ылғи «Светжан» деп басталады. Бір хатында:

«Светжан! Кеше қалаға шығып, кітап магазиніне кірсем, кішкене балалардың суреттерін сатып жатыр екен. Қызығып кеттім де сағап да алдым. Апа және Асқап, Светжанды осы суреттегі әдемі баладай ғып таза ұстап, әдемілеп өсіріңдер. Шашы да, барлығы да осы суреттегідей болсын». *(29. VII—42 жыл)*.

Еліп, жеріп, ата-анасын сонша сүйген жас жігіт сағынған ана көкірегін бір иіскеп қайтуға мүмкіндік болса да Совет елінің бір босағасына жау кіріп, туысқан Украина, Белоруссия елдерінің көңілінде кекті қайғы тұрғанда, демалыстан бас тартып майданға жөнеліпті. «Құтырған төбеттей жан-жақтан арсылдаған фашистерге өлім оғын жұтқызуға асығып, үйге бармай, демалысты жауды құртуға жұмсағалы отырмын. Онсыз қайсымызға да демалыс болмас, ана!»— депті ол бір хатында.

Одан бұрынғы бір хатында оқуды тез бітіруге асығатынын айта келіп: «Барлық совет халықтарының беретін бір-ақ жауабы бар. Германия фашистерінің көленкесін совет жеріне түсірмейміз!»— деп аяқтайды.

Артта, алыста қалған кемпір-шал мен ауру ағасының жайы қанша бунап келсе де, Отан қорғау сияқты ұлы іске аттанады. Бірақ сол арпалыста жүріп кейде екі минут, кейде үш минут уақыт тауып ата-анаға қолын созады, алыстан құшақтайды — хат жазады. Қарт адамдардың хат күтіп қалмауын есінен шығармайды.

Нүркен Әбдіров 22 жастағы совет қыраны, Қарағанды сияқты атақты ұядан ұшып шығып, майданда көрсеткен ерекше ерліктері үшін Совет Одағының Батыры де-

ген атақ алды. Нүркен — Ұлы Отан соғысының қанды қырғын майданында қазақ халқынан шыққан жетінші батыр. Оның бар өмірі зерттеліп, майдандағы бар ерлігі анықталып болған жоқ әзір. Бірақ Нүркенге тән бір-екі ерекшелік қазір де айқын, қазір де даусыз. Ол мыналар:

Нүркен — жалынды комсомолец. Дем алып жатуға да уақыты болған емес. Қызметінен қайтады да, кітап оқиды. Бірдеме сұрап тіл қатқан адамға «әу!» деп бір қарайды да, оқи береді. Мектептен алған білімінің салмағы аз, бар күшін соны толықтыруға салады.

Бір жағынан қызмет, екінші жағынан ұшқыш өнерін үйреніп жүреді де, түн бойы оқиды. Ұйқы ашары — салқын су, көңіл ашары — совет жазушылары. Білім кенін қопарудан ойы босамайды. Тас көмірдің арасында бос балшықтардың да болатыны секілді, Қарағанды тау-кен техникумы берген білімнің арасында да қуыстары көп. Тойынбаған ой сол қуыстарды толтырады.

Осы мінездеріне майдандағы ерліктерін қоссаңыз Нүркен ер болғанда жаңа мағынадағы ер, өз заманының жоғары білімін, өнер техникасын жақсы меңгере алған, анат соғыстың бар тәсілін жақсы білген, озық заманның озық жасы екенін көресіз. Қорқа білмес жүрекпен, Отаным деген тілегіне сай, бүгінгі мол білімге еркінше жүзгісі келген совет жасы. Бұл бір.

Екінші, Совет Одағының Батыры Нүркен Әбдіров ұшқыш жұмысына соғыс үстінде ғана көшкен жоқ, бұл Горькийдің сұңқарынша көкте шүйгуді, жоғары өрлеуді ертеден арман еткен жастың бірі. Көктегі айқас, ер қимылына еркіндік беретін, майдан шеңбері тарлық етпейтін аспандағы айқас оның бар тілегі сияқты. Бұл адам үшін, болашақ үшін өзінің ұлы Отаны үшін алысуға кең дүние — көк аспанды тілеген қазақ баласы.

Жоғарыда айттық, Нүркеннің бар ерлігі анықталған жоқ әзір. Бірақ Нүркендей, әрбір совет жасы, әрбір совет жауынгері жаудың 12 танкісін, 28 машинасын, қару артқан 18 арбасын, 3 бекінісін, 3 зеңбірегін, 50-ден аса офицерлері мен солдатын жоқ қылып жібере алса, жауда еншісі кетпес-ақ еді. Қаза болар күннен бір-ақ күн бұрын үйіне жазған хатында Нүркен өзі былай дейді:

«Светжан! Фашистердің тұрған жеріне ұшып барып, бастарына қорғасын жаңбырын жаудырамыз... Тақауда тапсырмамен ұшып барып, немістердің көп танкісіне кездестік. Жүздеген танкіден аман кеткені аз шығар» *(18 декабрь 42 жыл.)*

Әрине, бұл танкілердің ішінде де Нұркеннің еншісі аз емес...

Совет жері тез кек алуға шақырғандай гүрсіл қағады. Жаралы жердің, елдің бұйрығы бұлжымай орындалуы керек. Жау төбесіне бұрын 10 снаряд жауса, енді 100 снаряд жауады. Бұрын 100 жауса, енді мың жауады. Жауынгерлерді ыза кернеп болған. Алқымға жармасқан жезтырнақтың қолын жұлып тастап, білегінен қырқып түсіру керек. Нұркен «ЯК» атты көк қырғына осы тілекпен мінді.

Үні өшпей жатқан жау бекіністері бар, олар әлі оқ жаудырады, әлі де өлім егуден тоқталғылары келмейді. Үнін өшіру керек!

Қарағанды қыраны ағып келіп, жау бекіністерін соқ-қылап өткенде 2 бекініс күл-талқан боп аспанға шықты, 20-дан артық жау офицері мен солдаты мәңгі тұрмастай боп жер құшты. Жау зеңбіректері де Нұркенді атқылай бастады. Біздің қыран айнала беріп қайта бір түйіліп, тағы бір жайпап өткенде жаудың 6 танкісін илеп кетті. Бірақ қыран құс та жараланды — самолет жана бастады. Оқ үстіне оқ жауып, самолеті лап берген от құшағында қалды. От шапшып қанатқа жармасып, топшыларға тие бастады. Совет ері, совет азаматына лайық байлау жасады:

— Ақтық күшім халқыма!— деді.

Көз алдына ағасы — капитан Гастеллоның дәл осындай халі келді. Ол қайтып еді? Ерлерше өлген. Өлімімен Отанын қорғап өлген! Қазақстанның 28 гвардеец — батыры көз алдына келді. Олар қайтып еді? Ерлерше өлген. Өлімімен Отанының жүрегі Москваны қорғап қалған!

Нұркен де лапылдап жанған серігі — самолетінен айрылмай, бетін жаудың қалың бір топталған тұсына бұрып алып, көп танкінің үстіне келіп гүрс етті. Жас өмірін қансыраған жауға оңай берген жоқ. Тағы да көп танк, тағы да көп солдат, тағы да көп офицерлер жер құшты.

Қарағанды қыраны, қыранға лайық ерліктер істеп, қыранға лайық қаза тапты. Қарағанды қыранына осындай ерлік үшін Совет Одағының Батыры деген атақ берілді.

1943 ж.

БАТЫРДЫҢ АНАСЫ

Бүгін майданға сүт кенжесі Нүркен жүргелі жатыр. Ортаншы ұлы көптен майданда, ең үлкенінің еншісі бөлек. Енді бұл үйде екі ескі дос — алпыстан аскан ана мен жетпістен асқан ата ғана қалмақ. Нүркен барда базардай үй, енді екі сағаттан кейін әлдеқандай ойға кеткендей тыншығa қалатын болды.

Анасы Бақжан да, баласы Нүркен де осыны сезінеді. Екеуі де кешегісінен анағұрлым көңілді көрінгенмен, масаның ызыңындай ғана үн себеп болса, кемпір шеше шынылдай жарылғалы тұр. Екінші қабаттағы үйіне көтеріліп келе жатып, шешей үш рет сүрінді, тас үй теңселгендей болып кетті. Сыр бермей отырған әке ғана. Бурыл сақалды, ойлы жүзді Әбдір шал сырға берік, сынға төзімді, салмақты адам. Жетпіс бес жыл алыс-айқаста өткен өмір әрнеге де үйреткен оны.

Қазір үй іші лық толы адам. Нүркенді ұзатып салуға келген дос-жарлары, ағайын-туғандары кемпірдің кеудесінде салынған әннің дыбысы шығып кете ме дегендей, қатты дуылдасып отыр.

Осы шумен бұлар аэродромға барады. Ол жерде жылауға да болады: Профеллердің екпінді гүрсілі үннің шын аңызын аңдатпайды. Айналаң жұлқынған қатты жел, себебін сол желге таңып екі көзіне ерік беруге де болады.

Нүркен де ішкі толқынының оқтын-оқтын ұрып өткен соққысына әрең шыдап отырғандай. Құрбыларын сөзге айналдыра беріп, шешесіне бір жалт етіп қарады.. Ол қызыл шырайлы, толық жүзді, кең иықты, балуан мүшелі жігіт еді. Қазір сол жүзі ашаңданып, ішкі жайды жасыра алмай,— ана жүрегінен айырыла алмай тұрған бала жүрегінің әрбір бүлк еткенін аңдатып қалып тұр. Таң сәулесі түскендей жүзі де ақ сұрлау тартыпты. Көздері де ерекше жалтылдайды.

Ана мен бала осы халде отырғанда ана жүрегінің нәзік қылын бір нәзік қол келіп шертіп қалды. Ол үлкен баласының бір жасар ғана қызы Светлана еді. Көзі дөпдөңгелек, піскен алмадай балғын бетті Светлана Нүркенге екі қолын бірдей созып, ұшардай ұмтылып, былдырлай күліп, барынша талпынды. Нүркен баланы тез ғана қолына алып еді, жақсы көрсе барынша жақсы көретін жас нәрестe бетін ағасының кеудесіне көміп жібе-

ріп, аймалай берді. Бір көңіл кеңк ете түсті де, бір мұрын күңк етіп қалды. Дырду да тына қалып, барлық жұрт Бақжан анаға қарады.

— Аймалап қал, өкпем...— деп, кемпір босап бір кетті де іле түсін суытып алып:

— Нұркеш, кіші енді. Сені мен тапсам, бағып-қағып өсірген, өнер үйретіп адам қылған елің болатын, құлыным. Сол елің тұлпар берсе мін де, шап жауыңа. Қанат берсе, ұш! «Қорғансыз болсаң желге өкпелеме!» деген бар. Қорған бар сенде. Қорғаның болса — қорғай біл! Елін қорғар ұл таппасам қайтер ем? Аттан, қарағым. Жылама деме маған. Жыламасын десең, мықтап қорға. Көзге жасым келмейтін етіп қорға. Құр барғаның несі сең, құртып қайт жайрағырды. Жаулығымды жалау етіп, алдыңнан мен де шығармын сонда,— деді.

Сол күні Нұркен майданға жүріп кетті. Аттанар алдында жүзін шешесінің көкірегіне басып, үн шығармай тұрып, ішінен ант етті:

— Қорғаным бар, қорғай алармын. Жылама демеспін саған, жыламайтын етіп қорғармын. Көзге жасың келмейтін етіп қорғармын. Жайратып қайтармын жайрағырды,— деді.

Ана жүрегі бұл антты түгел естіді. Егер бірге соғар екі жүрек болса, ол осы ана мен баланың жүрегі емес пе! Бірі үнсіз айтып, бірі үнсіз ұғынып, үнсіз ғана қош десті.

Міне, содан бері бір күліп, бір түнерген талай айлар, талай алыстар өтті. Нұркен антын бұлжытпай орындады. Бір жүректің батылдығы мен бір білектің батылдығына лайық ерлік істеді.

Үйде қалған ана жүрегі де талай сынға түсті. Майдандағы екі баланың қарасы бір көрініп, бір көрінбей ана көзін екі жыл талдырып, ана жүрегін екі жыл бұнады. Біреуінен әлі хабар жоқ.

Өткен қыс үлкен келіні ұл туып еді, атын кемпір «Орал» деп қойды. Ол Орал тауының аты емес, балаларының аман қайтып оралуына арналған жорасы еді. Жақында Нұркеннің хабары анықталғаннан кейін, ана жүрегі оңды-солды толғанып келіп, бір демеуді тағы тапты. Үміт үзбес, мәңгі айнымас, мәңгі ана:

— Енді мұның аты Нұркен болады,— деді.

Қазір баланың аты Нұркен. Өзі Нұркеннен айнымайды құйып қойғандай: Ана айнымайды десе, баланың айни алатын қай шамасы бар, айныр емес...

— Тек тілің шығып, есің кірсін,— дейді Бақжан кемпір баланы сергітіп отырып,— дүниеде неміс деген ел барлығын, фашист деген пәле содан туғанын құлағына құйып өсіремін. Дүниеге осынша бәле әкелген жаудан еселеп кегінді ал деп жұмсармын.

Бала шалықтап күледі. Бәле шақырған ел болса, бәлеге ұшыратуға уәде еткендей, басын изейді. Екі қолын қанаттай қағады.

Үш-төрт әйел үйге жылай кірді:

— «Боздағыңнан айрылып,

Қанатыңнан қайрылып

Отырмысың әжеке-ау...»

Қәрі әдет иықтан басып, желкеден итермелегендей, Бақжан да құшағын ашты. Түйе боздағына қосыла кететін шеше жүрегі тағы да шын, тағы да барынша елжірей жөнелді. Келген әйелдер айнала көрісіп, дағдылы ескі жоқтаудың алыста қалған сүрлеуінің жобасымен бастап жіберіп еді, ұзамай қайда қаңғып кеткендерін өздері де білмей қалды. Бүгінгі күн былай қалды да, баяғы «қарадан шығып хан болғанға» қарай ойысып берді. Олардың үмітсіз малтығысқа кіргенін Бақжан шешей сезе қалды да құшақтап алып, тантып тұрған әйелді ысырыңқырап шегіндіріп қойды:

— Ай, қойыңдар әрі!— деді,— көзім құрғақ болса, көңілім жыламай тұрған уағы жоқ, көңілім жыласа көзіме несін өкпелейін. Қой деді деп сөкпеңдер, жылаудың да жөні бар. Нұркешім тірі. Әкесі жалғыз мынау шығар, шешесі жалғыз мен шығармын деуші едім, қате екен оным. Әкесі бүкіл Совет елі, шешесі бүкіл совет жері екен; өлім бар ма Нұркенге!

Әйелдер таңданысты да қоя қойды. Көздерін тез құрғатып, енді ер шешенің ыңғайына қарай көшіп, қайратты жүректен еріксіз ықтады.

— Әже-ай, қызықсыз-ау!— деген бір ғана ақырын үн шықты да тынды. Басқа еш нәрсе айтылған жоқ. Бақжан әлі де өксуін баса алмай отырған шалына бұрылып:

— Ей, сен неге жылайсың осы? Нұркен Әбдіров деп, атыңды айдай әлемге жайды. Сен кімнің әкесі болғаныңды ойлаймысын, сірә? Жыласам мен жылайын, қой әрі!— деп, Әбекеңді де тоқтатып қойды. Әңгіме ауыр салмағынан оп-оңай арылып, көңіл де, көз де уанғандай боп жұрт жүрегі серги бастады.

Қазір Бақжан бүкіл Одақта өте құрметті, өте ардақ-

ты адам. Ол қазақ батырының — Советтер Союзының Геройы Нүркен Әбдіровтың анасы.

Қарағанды әйелдері Бақжан шешейдің аузынан шыққанына қатты құлақ асады.

Қарағанды қазақ халқының кек кернегенде түйілетін қабағы сияқты. Кекті ана қартайдым демей Гитлерден ұлының кегін алуды тілек етеді. Қарағандыда артылған көмір Магнитогорда зеңбірекке айналып, Харьков қасында Гитлерге атылатынын ер ана жақсы біледі. Сондықтан батырдың анасы жаулығын жалау ғып бұлғап, сол кекті алуға шақырады.

1943 ж.

БЕЛДЕН-БЕЛГЕ

Найзағайы тынбай жарқылдап, жай оғы тынбай түсіп, белуардан қан кешіргек нөсер соғыс батысқа қарай ауды. Бір бүйірімізді түгел торлаған ажалды қара бұлт төңкеріліп кейін қайтты. Екпіні соққан дауылдай айбынды Қызыл Армия жау түнегін кейін айдап, желкелеп өз іргесіне апарды. Жаралы жеріміздің ыңқылы тоқталып, жадыраңқы өміріне қайта көшіп жатыр. Кеше он аудан болса, бүгін жүздеген аудан қайтадан қатарға қосылуда. Енді үрей жау еліне, жаудың өз жеріне, өз үйіне кірді.

— Майдан тұмсығы Карпатқа тірелді!

Ісіп-кеуіп күпілдеген немістердің ең соңғы елеулі дырдуы былтыр осы кезде Курск маңында еді. Москва қасында аптығы басылып, тауы шағылса, Сталинград қасында соққыға жығылған неміс әскері сүрініп-қабынып, сыр бермегісі келгендей, соңғы рет шабуыл ишаратын жасаған. Ишараты бейшара болып шықты. Шабуылға шабуыл жасаған Қызыл Армия, міне, табандатқан бір жыл бойы немістің басынан таяқ айырмай, айдап барады. Неміс төбеті әлі арсылдайды, қаба алмайды. Былтыр майдан Ақ теңізден Қара теңізге дейін, тек қана Кеңес елінің жерінде еді, биыл көк найзаның ұшы Карпат тауына тірелді. «Барар жерім балқан тау, ол да біздің көрген тау». Карпатты бөктерлеп бара жатқан қызыл қырандар жаудың барып тығылар апанын да көріп барады.

— Үрей жау еліне кірді!

Былтыр немістер «тұтасқан майдан кеңес жерінде!» дегенді арқа сүйеу ететін еді. Биыл неміс шебі қырық үзік, быт-шыт. Румын офицері Хина —«Қырымнан аманесен қайта алар жол қалды ма, жоқ па?»— деп сұрайды генералынан.

— Қырым — қақпан, Карпат — тор болды бүгін неміске!

Соғыс гүрсілінен Карпат жаңғырығады. Карпат жаңғырығынан Балкан дір қағады. Біздің қырағы көзді қырандар қорқаудың ескі, жаңа сораптарын анықтап жүр. Біреу бүгін тәубесіне қайтып, біреу ертеңгі берер антын әзірлеп жатыр.

— Есің барда етегің жап!

Соғысшыл немістің сенген жүрегі — моторы болатын. Қара жүректің қара қаны Румынияның мұнайы болатын да. Көк найзаның ұшы сол қара жүрекке қадалғалы тұр, қара қан жалынға беріледі.

— Көк найза қадалады, қара қан ақтарылады! Қансыраған неміс қансырай түседі.

Фашизм билеген Германия мен Кеңестер Одағының соғысы дүние жүзін келісімі жоқ екі топқа бөлді. Түйені емес, дүниені түгімен жұтам деген қорқаулар тобы «білек» жасап еді, ол «білек» дәл ортасынан үзіліп, екі доңгелек өз бетімен дөңгелеп барады.

Әділ ісін аянбай жақтайтын, дүниені түгел қоргайтын, ел біткенге қамқор болатын біздің одақ, барлық ақ тілектің, барлық елдер үмітінің туы болды. Бұл одақта үш алып ел, үш алып байтерек бар: ол — ұлы Кеңестер Одағы, ол — Англия, ол — Солтүстік Америка! Болашағын ойлай білген елдер осы үш байтеректің саясына жиналды. Бұл одақ күн санап күшеюде, достық, бірлік нығаюда.

— Жеңіс күні сағат санап жақындап келеді!

Соғыстың бар салмағын өзі көтерген Кеңес елі елдің іргесін бекіте түсіп, соғыстың қаһарын шыңына шығарды. Кеңес Қызыл Армиясы қазір бұрынғысынан анағұрлым күшті. Одақтас республикаларда Отан Қорғау Халық Комиссариаттары, ұлттық әскер бөлімдері құрылып жатыр. Жауымыздың тынысы тарылған сайын, біздің елдің серпіні кеңіп, айбыны аса түседі. Соғыстың қысылшаң кезі болса да Кеңес Одағы одақтас республикалардың праволарын кеңейте түсіп, мемлекеттер арасындағы елшілік ісіне өз беттерімен қатынасатын етіп отыр. Бұл

кеңес еліндегі ішкі бірліктің қайнасып бекігендігінің айнымас айғағы.

— Жасасын, Кеңес елдерінің бұлжымас бірлігі мен айнымас достығы!

Кеңес елі — тұтас ел. Ол жұмысшылар, колхозшы, шаруалар, ол кеңес оқығандары. Майданның қару-құралын беріп жатқан жұмысшылармен, азық-түлігін асыра беріп жатқан колхозшы шаруамен ғылым мен мәдениетті сатыдан-сатыға көтеріп жатқан кеңес оқығанында тілек те, білек те бір. Ол жаудың жазасын тартқызу, ол жеңіс күнін жақындату! Сондықтан қару-құрал сағат санап өсе түседі, азық-түлік молая түседі, ғылым, мәдениет есейе түседі. Фашизм басшылары Германия еліне «шыдап бақ!» деген зарлауға түссе, Кеңес елі әр ісін күн санап өсіре түседі.

— Жасасын бір тілекті Кеңес елі! Ұлы Отан соғысы қазақ халқының даңқын көтеріп, өшпес тарихтың бетіне түсірді. Ерлігі көп ата тарихымен кеңестік жаңа заманда тәрбиеленген қазақ халқының ер ұл, батыр қыздарынан жүзге тарта жауынгер Кеңестер Одағының Батыры деген атақ алды.

— Жасасын, ер туғызған ел, еліңің даңқын көтерген ерлер!

Ұлы Отан соғысының тұсында кеңес оқығандарының, ой еңбегінің орны өзгеше болды. Кеңес оқығаны — майданда қолбасшы, ғылым-техника жұмысында, өндірісте командир. Біздің елде қалың көпшілік арқылы орындалатын ауыл шаруашылығының өзі ғылым жолына табанды түрде түсіп келеді. Неміс ойының ең терең деген жағы «соғыс ғылымы» болса, қазір ол жағынан сарқылып келе жатқандығы даусыз. Жырынды төбеттің тәсілі де бар, бүтін болмағанмен тісі де бар. Бірақ өрісті ой, болашақты ой біржола бұққан сияқты.

— Жасасын, ерлер өсірген елдердің көсемі, барлық майданның бас қолбасшысы, ел мен майданды белден-белге, өрден-өрге бастаған ұлы Партия!

1944 ж.

БАРЛЫҚ АДАМ БАЛАСЫНЫҢ АТЫНАН

Берлин құлады!..

Азғын ой, арамза қылықтардың ордасы болған Берлин шаңырағы ортасына түсті. Дүние жүзіне түгел өрт салып, барлық адам баласына бүйідей тиген қанды жол — қара қылмыс жендеттердің тас қорғаны, адам ұлынан есіркеу, рахым күте алмайтын халге жетіп, біржола құлады! Кімге апат тілеп, кімді құл етем десе, фашизм мемлекеті соның қолынан ажалын тапты. Момын қазақ халқының «Өзгеге ор қазсаң — терең қаз, өзің құласаң шыға алмауыңа жақсы болсын!» деген мақалы бүгін Гитлер бастаған Германияның басына орнады. Алға басқан адам баласына істелген осынша қастықтың, осынша жаулықтың аяғы — аяусыз қатал кесіммен, тарих кешірмес, жусаң кетпес қара таңба болатындығы ұрпақтың ұрпағына, ғасырлардан-ғасырларға нақыл болып қалуға керек.

Берлин құлады!..

Берлин үстінде біздің Қызыл ту желбірейді. «Берлин құлады!» деген бірінші белгіні берген сол ту, Совет елінің Қызыл туы дүние жүзіне өзінің тарихи ұлы жеңісін байымдап тұр. Бұл кеудені жоғары көтереді; бұл ойынды аспанға сермейді. Өйткені құлаған тек Берлин ғана емес, бүкіл адам баласының жауының ордасы!

Қызыл ту — жеңіс туы бүгін Берлин үстінде, дәл Рейхстагтің үйінің төбесінде! Зұлымдыққа көк шатыр болған неміс аспанын жаққа шапалақтап ұрғандай! Адам баласына осынша пәле, осынша күйзеліс, осынша бүлік салған, қорлау-зорлау, талан-тараж, құлдық-сұмдыққа құрылған фашизм мемлекеті тас-талқан болды.

Берлин құлады!

Берлин кекке суарылған, кекті қол ұстаған совет құралынан құлады! Москва басына қауіпті қара бұлт оралған сонау бір қатер күндердің өзінде-ақ, әлемге таныс сенімді үнмен совет халқы фашизмнің басына қара түнек төнер күнді кесіп айтқан болатын.

Совет адамы бостандық, теңдік, елдік, ерлік, ұят, ар, ел, Отан деген сөздердің мағынасын өзгеден ерекше терең түсінеді. Өйткені ол бүгінгі күні мен ертеңгі күн үшін ұлы күресті басынан өткізген. Ол — еліпің иесі, ол — елінің қорғаны. Ол — ұлы мағынасында патриот. Менмен фашистер совет ұлының бұл ерекшелігін ұғынған жоқ, әрине. Көп тілде бір тілек, көп ұлтты елде бір жүрек

екенін ұғыну жат еді оған. Ол қираған совет қалалары мен бүлінген мәдениет ескерткіштерінің бір ғана қалыпта — жауына қатал кесім, ауыр жаза, кешірілмес кек қалпында тұрып қалғанына да түсінген жоқ.

Бұдан 4 жыл бұрын өрмекшінің ауындай тартылған шым-шытырық көп жолдармен, сумен, жермен, аспанмен, сол Берлиннен біздің елге қарай жарақты жау, жер қайысқан қол аттанып еді. Құлдық пен зорлық, қорлауы мен зорлауын ала аттанып еді. Бүгін сол көп жолдармен, сумен, жермен, аспанмен жауды өз апанына қарай қуған ұлы Қызыл Армия жау ордасының төбесіне жеңіс туын көтерді; құлдықта, қорлықта қалған елдерге азаттық, қансыраған — қан, жаусыраған — жаза апарды! Жау ордасы Қызыл тудың алдына басып иді, тізе бүкті, тағзым етті.

Берлин құлады!

Берлин құлауымен бірге талан-тараж бен құлдық-қорлыққа құрылған фашизм мемлекеті де құлады. Қызыл тудың табанының астынан ол аман тұра алмайды! Фашизмнің басшылары шынында неменеге тұратындарын өздері-ақ көрсетіп жатыр: Қай жолмен, қай түрмен болса да құртуға ғана тұрады екен. Дүниеге өлім мен бүлік әкелгендердің өмір сүруге не қақысы бар!

Берлин құлады!

Берлинмен бірге фашизм құлады: екеуі де тұра алмайды енді! Бірақ азғын ойлармен, бойға тараған улардан біржола арылу үшін немістің жалпақ елі де қатты бір сілкінуі керек. Өз ішінде туған зұлымдық үшін, сол зұлымдықпен жөндеп алыспай, өсіріп, өркендеткені үшін өкіне де білсін! Құр өкіну де жетпейді, сол зұлымдықты мәңгі-бақи қарғап өтетін санаға жетсін. Бұл жерге неміс елінің есіне неміс ақыны Гетенің бір сөзін түсірсек ерсі де болмас: «Өмір мен бостандық — осы екеуі үшін күнде алысқан адамға ғана лайық!»— деген ол.

Адам баласының алдында сонша қылмысты болған жендеттер мемлекетінің ордасы Берлин біржола құлады. Совет қолбасшылары мен жауынгерлері Берлин төбесіне Советтің Қызыл туын көтерді. Ол көтерілген жеңіс туы, тарихи мәні бар ұлы жеңістің туы! Ол дүние тарихының жаңа белге шыққан туын меңзейді!

Советтің Қызыл туы Берлин үстінде бүкіл алға басқан адам баласының атынан желбірейді!

1945 ж.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

БАҚЫТҚА БАҚЫТ, БАЙЛЫҚҚА БАЙЛЫҚ ҚОСЫЛСЫН!

ЖЕЛКЕЛЕР НЕГЕ ҚЫШИДЫ?

(Малшылардың республикалық мәжілісінен)

«Мал басқа бітеді».
«Мал — төлден өседі».
«Байтал мінсең, құлын жоқ».

(Қазақ мақалдары)

Әр желке әр себептен қышиды, оның үстіне әр кезде қышиды ...Кейде бір желке қыши бастағанда, екінші бір желке күдірейе бастайтын да жаман әдеті бар. Кейде көп желкелер кәдуілгідей үн қосып қышып кетеді.

Қысқасы, әр желке өз жайын оңаша баяндауды керек ететін сияқты...

Үлкен театр лық толы... Алты айшылық шөлі бар, дария атанған көлі бар, кең шиырлы жері бар Қазақстанның атақты Шопан-атасы, қадірлі Зеңгі-бабасы, ардақты Қамбар-атасы, тәкаппар Ойсыл-қарасы бәрі осында. Әзір бабасының атын таба алмаған бесінші түлік — талпақ танаудың иелері де аз емес.

Көп желкелер театрдың ішін көргенде қышып кетті.

— Ой, алда-ай, мынау тап аяққаптың кестесі ғой!— дейді орта жасқа келген кексе әйел. Сол кестені ойып көрген, сол аяққапты керегенің басына, тұскиіздің тұсына іліп көрген адам. Іші жылынып кеткендей, театрдың өрнегінен көзін ала алмай тұрып қалыпты.

— Жарасып-ақ тұратын еді-ау, ә?..— деп талай көздер айнала қарай бастады.

— Ата мынаны қара... Кереге! Тап ана жылғы сіздің үйдің керегесі!— деп, балалау малшы қасындағы шалдың жеңінен тартып, сахнаға таянған босағаны нұсқайды.

— Е, шырағым-ай, отқа жағылып кеткен керегенің несін сөз қыласың,— деп, шал ішінен күрсінгендей бо-

лып аз ғана тұрды да жылжи-жылжи өрнектің қасына барып, қолымен сипап қарады.

— Мен керегенің өзін жайып қойған екен десем, бояу ғой,— деп, шал өкінгендей болып тағы да біраз тұрып қалып еді, аздан соң өз үйі есіне түсіп кетіп:

— Енді ондай үй қайда? Мына, Есіл бойының үйшілері жонып еді. Сағыздай қатқан ақ терек, тор көзді еді ғой! Мынау желкөз екен, дауылға осал болады...— деді.

Шалдың көзіне отқа жағып жіберген өз үйінің өкпіші келгендей, о да сол күйінде ұзақ тұрып қалды.

— Киіз үйді бәріміз де құртып алдық қой!..— деп, күрсінген дауыс әр жерден шығады.

— Мынасы тап шаңырақ сияқты екен!— деп, бірнеше әйел театрдың моншағы мөлдіреген төбе шамына қарап тұр. «Тамаша!»

Қалай да театр ішінің өрнегі ел адамдарына қатты ұнап тұр. Өрнегі мен оюынан жайлау көркі — ақбоз үйдің, жастар көркі — ақ отаудың пішінін тапқандарына бәрі қуанышты. Сонымен бірге, өздері ақбоз үй біткенді құртып алғандарына қатты өкінетін сияқты. Көп желке осыдан бір қышып кеткендей...

Театр маңы гу-гу... Жұрт мал өсіру жөнінен қай облыстың қай орында екенін біліп алыпты. Алшаңдай басып Гурьев жүр. Солтүстік пен шығыс жақтан жалғыз қасқайып Қарағанды тұр. Бұрын озық Қызылорда бұл жолы әлденеден қызаратын сияқты... Оң тұс озықтың өзіне көз алартады.

— Сендер бізден алты шақырым артқарақ тұрыңдар!— дейді, Қоцырат жігіті Семей жігіттеріне. Он алты шақырым артқарақ тұрыңдар!— дегенге қарағанда «алты шақырым» деген үлкен ағайыншылық болу керек, Семей жігіттері үндемей, желкесін қасиды.

— Аяз би, орныңды біл,— деген бар,—талтаңдама, Талдықорғаным... Қолымнан қондырған отауымсың,— деп, Алматы жігіттері қағытса:

— Алақтай бер, Алматым. «Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты» деген де нақыл бар. Енді үш жылда канжығамда боларсың,— деп, Талдықорған да күш айтады. Тегі, Алматының да алақтайтын себептері болу керек...

— Осында оныншы орын алған облыс та бар ма?— деп, үлкен бір топ қарқылдасып тұр. Сыртқы есіктен селдірей кіріп келе жатқандар сол «оныншының» айна-

ласы болу керек, естімеген боп, үндемей өтіп барады. Киінген түрлері біздің Қостанай, Солтүстік Семей, Шығыс жігіттеріне ұқсайды.

Жұрт баяндамадан көп нәрсе күтуде. «Жығылған үстіне жұдырық» бола ма деген қауіп те бар. Дардай бір адамынды шаршы топтың ортасында «түйебас» қылып жатса, оның артынан өңештегенің құрысын...

Жығылғанның қасында сүрінгеннің күнәсі жеңілдер ме екен деген үміт те жоқ емес... «Осы тойда біреу таяқ жесе, мен жермін» дегендей бұғыңқырап жүргендер де аз емес... Көбінесе желкеге бара беретін дамылсыз қол да осылардікі...

Баяндама әуелі жұрттың бәріне де дем беріп, көңілін көтеріп тастады. Аяз алқымынан алып, суық тақымынан тістелеп, күн маңдайдан қысқанда — тер маңдайдан шұбырып жүргендегі көп еңбек, тіпті, босқа кетпепті! Шегіну емес, өсу бар. Жылдар қандай ауыр болса, сол ауырлықты жеңу бар. Ырыс қашса — туыс қоймаған! Төрт аяғын тең басып, еселеп артығын айтып Гурьев отыр. Құйрық тістесе Қарағанды, Оңтүстік, Жамбыл келеді. Ширақ сілтеп, түйдек келе жатқан аудандар көп. Әттең, бұл топтардың етегінен басып, құйрығынан алып, батыс, шығыс, солтүстік бетіміз жібермей келеді.

Әсіресе, бұрын озық облыс Қызылордаға жаның ашиды. Жарықтық сиыр малы тоқсан тоғыздан аса бергенде бір тойдың үстінде жамырапты да кетіпті...

Бірақ... «бірақсыз» баяндама болмайтыны жаман... «Бірақ та» келді, «бірактар да» шыға бастады, істің тетігін таппаған жерде кетігі де көп екен. Баяндама кей кезде жауар бұлттай түнеріп, түйіле бастайды. Солтүстік, шығыс беттің жігіттері желкелерін неге әурелеп кетті десек, бұлт сол жақты торлап барады екен... Түйіліп, Ақтөбе мен Батысқа да барып қайтады, ала шабырланып Алматы, Сыр бойына да серпіп тұр.

Үш жылдың ішінде табандатқан бес миллион мал қосылу керек! Бес миллион! Бар әңгіме осының айналасында. Мәселе ашық: бұзау сиырдан, құлын биеден, қозы саулықтан, бота інгеннен туады. Мал төлден өседі.

Батыстан бастап, сол бүйірді көбелеп, Шығыстан барып шықсаңыз, осы бет балалы малды баса шыңғыртыпты. Ірі малдың, үнемді малдың, деші осы бетте болатын болса, бес миллионның ден салмағы да осылай қарай ауа түсетіні әлдеқандай «сүренің» арасында ұмытылып кетіпті.

Жүз бисден он бес құлын алып отырған Қостанай жігіттері мен жиырма екі құлын алып отырған Солтүстік жігіттеріне желкеңді қасисың деп қалай өкпелерсің? Биыл алынбай қалған сан мың құлынның тұяғы желкеңде ойнаса, қасымасқа не шара? Жоқ, оларға, тіпті, өкпе жоқ... Үш жылдың ішінде жылқының едәуірін кемітіп алған Солтүстік және сол сияқты Ақтөбе, Ақмола облыстары желкелерін орай-орай тырнауға қақылары бар! Жүз сиырдың орнына фермасында төрт-ақ сиыры бар «Өзен» сияқты, тоғыз-ақ сиыры бар «Қарағай» сияқты колхозы бар Көкшетау олардан қалай қалады? Әділет қайда!?

Солтүстік, шығыс жақтарымыздың басқа да себептері бар... «Екі үйге бір көсеу» дегендей, екі колхозға бір-ақ бұқа ұстап отырған облыстар да осы бетте. Өздері асыл тұқымды мал өсіріп отырып, өздерінен бұқа қоймайтын әдеттері тағы бар. Онысына тағы да өкпелеуге жол жоқ. Бұқа деген ауыр келеді де таразыға тарттырып жіберсең, қаншырдай қатырған бес сиырының орнын басады. Бұл да есеп емес пе? Айып ауыр болған бұқаның өзінде, әрине. Мінген ат байлауда қатып, тақымда шірісе, бұған да аттардың өзі кінәлі...

Бұл жақта момын да болса қой малы да күйісті бұзын тұр екен. «Не болса ол болсын, Көтентайға бір тымақ болсын» деген есеп бойынша, мериносы бар, қаракөлі бар, қазақысы бар, қарасарысы бар, бәрін араластырып кеп жіберген екен, құданың құдіреті, содан бір адам айыра алмайтын алабажақ тұқым пайда болыпты.

Әуслі қошқар біткенді биязы жүнді «рамбульеден» салған екен сойған қозының құйрығына қазан толмайтын болыпты. Оны есептеп бір шығарып алған соң, қошқар біткенді қазақы құйрықтан жіберіпті. Ал енді «мен қосып көрейін, сен айырып алып көр!»— деп, «рамбулье», «қаракөл», қазақы, сарық қошқарларды бірнеше рет қайталап ауыстырып келіпті де аяғында:

— Қай жеңгенің менікі!— деп, бәрін апарып қойға қоса салыпты. Бостандық алған қырық ру қошқар сріккe қойсын ба, шұрым-бұрым, «шурумбулье» деген жаңа бір тұқымды Көкшетауға да шығарып беріпті...

Күнә, сөз жоқ, қойдың өзінде. Құйрығы батпандай, биязы жүні бес сүйем, еті екі тонна, қар тепкенде жылқыдай, сүт бергенде сиырдай, шөп жемейтін, күтім тілемейтін болып неге келмейді ол? Қостанай, Көкшетау, Солтүстік, Ақтөбе, Батыс облыстарына тап осындай қой

керек екенін әлі күнге білмей ме? Әйтпесе, бұл облыстар колхоз мүшелерінің еңбегіне мал азығын беруді шама келгенше қысқартқанда мал аузына тиым салуды көздегенін түсінбеске ешбір хайуанның жеткілікті дәлелі жоқ...

Бұлт ауып Батыс Қазақстанға аз ғана тоқтап еді, үлкен бір сыры сопаң ете түсті. «Мен саған ұсап аузымды былықтырып, насыбайымды аузыма атпаймын, көмекейіме саламын»,— депті дейді бір насыбайшы. Сол айтқандай, мал өсіруде Батыс Қазақстанның өз әдісі бар екен. Атам заманғы әдіс бойынша, малды бағып өсіруді ар көреміз деп, қатты тірескен көрінеді. Бірақ күшің жетпесе күштімен тіресуде пайда жоқ, мал азығы таусылған кезде, сақылдаған сары аяз малды айдап ақ қарға шығарыпты. Кім жеңіп, кім жеңілгені мәлімсіз, батыс жігіттері жылқыдан, қой мен ешкіден, сиырдан «зекет» беріпті де құтылып кетіпті...

Семей, Шығыс, Талдықорған облыстарының қулығы одан да басым... Бұлар малды жайып бағу дегеннің өзіне мынадай сұрау қойыпты:

— Сен өзің малды асыраймысың, әшейін алдаймысың?— депті. Қабырғасынан қойылған сұраудан қалтарыс таба алмай, ол:

— Алдамаймын, асыраймын. Нанбасаң, ата-бабаларыңнан сұра,— дегенге ұқсайды.

— Ендеше, осы сөзіңді ұмытпа!— деп, қыстың дәл қысып келген кезінде, сары аяздың сақылдап тұрған кезінде, «осы қыстан шыға алар ма екен?» деген арық-тұрық пен ақсақ-тоқсақ, қотыр-шотырды жайылымға айдатыпты да уәдені күтіпті.

Әрине, бұдан кеткен түк жоқ... Кей жерде малдан «зекет» беріп, бұлар да «аман» құтылып кетіпті. Оның есесіне ақиқат ашылған! Малды жайып бағу дегеннің өзі алдайтын да кездері болады екен.

— Малды бағынға шығаратын болсаң, сақтана да біл, қысаң күндерге шөп әзірле!— демеген; малды жайып бағу дегеннің өзі айыпты болып қалыпты...

Жалғыз жайып бағу емес, қыстың өзі де айыпты болған жерлері бар. Мысалы, Булаев ауданындағы «Коминтерн» колхозының қозы қорасына қыстың келіп кірер орны жоқ! Орны жоқ емес, түк орны жоқ! Ал, абайсызда кірген екен, май айына дейін жататын не жұмысы бар?

Жоқ, қыстың ұятсыздығы, тіпті, толып жатыр. Шелек ауданындағы, яғни, сорпа бетінің майы қатпайтын жерде, «Буденный» колхозының бір сиырын жатқан жеріне қатырып кететін не жолы бар еді? Рас, сиырды балтамен шауып, сүйменмен ойып босатып алдық. Бірақ қыс дегенмен осынысы барып тұрған басынғандық! Сиыр қорасына он шақты күн кірмесең-ақ, бір сиырың жатқан жеріне жамбасына жабысып қала беретін болса, не болғаны? Ондай қысқа ең болмағанда дүре салатын керек!..

Желкені тағы бір қышытатын нәрсе — мал басын дұрыс есептей білейік, асылы қанша, ірісі қанша, ұсағы қанша болмақ, соны білейік деп қысады, Шелек ауданындағы «Қаһарман» колхозының қаһарлы бастығы Ыдырысов жолдас шамамен айтқанда осылай болар-ау деп, шамалаймын,— деп ауызекі айта салса болмай ма? Рас, есепсіз, жоспарсыз, әйтеуір, бір аңғармен, әйтеуір, бір шамамен жүре берейік дегеніне қарағанда Ыдырысов жолдас біздің жазушылар ұйымына мүше болуға лайық. Ал, мал өсіру дегеніміз бұдан былай бұлжымайтын есеппен жүретін болғаны көп адамдардың желкесін қасытады.

Мал өсіру жөніндегі қаулыларды әлі күнге талқыламаған жерлер бар дегенде бірталай мандайлар терлеп кетті. Қызылорданың күні ыстық, жері қапалау ғой, терлеген мандайдың көбі сол жақтікі екен. Талқыланбаған десе бір сәрі, Тереңөзек ауданындағы «Аманкелді» колхозының бастығы Ахметов пен парторгі Аюпов жолдастардың өздері оқымаған дегенде, самайдан тер шұбырмасқа да амал жоқ. Талқылау талдауға керепаулық жағынан бұл жолдастар да жазушылар ұйымына жат емес сияқты... Сондықтан сол маңайда жүрген Асқар ақын сол қаулыларды түйрей түсіндірер деген сенім де зор... Өйткені Қарағанды мен Гурьев облысында халық ақындары салған іздер сайрап жатыр. Оның үстіне, осы жиналыста жазушылар ұйымының аты аталғанда жиналысқа қатысқан екі-үш жазушының бұға бергендерін де жасырар жай жоқ. Ал, мұның өзі желкең қышығаннан да жаманырақ.

Бір істен қызарып, бір істен ұялсаң, енді бір қылық пышақ кескендей тоқтатуды керек етіп тұр! Оның бірі — жеке меншіктегі малды иесіз малдай немдене беруді тоқтату! Оның бірі — мал шаруашылығы да ойланып басқаруды керек ететінін ұғыну!

Оның бірі — алдында тұрған он тоғыз миллион бас мал! Оның бірі — осылардың бірде-бірін ұмытпай, бірімен-бірін бүркемей, бірін бас, бірін аяқ демей, түгел көтеру! Көтеру ғана емес орындау.

Желкелер сонда қышуын да, бастар сонда бұғуын да қоятын сияқты...

1944 ж.

АТТЫҢ СЫНЫ

Біз «Москва» қонақ үйінде Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының председателі Даниял Керімбаев жолдастың номерінде отыр едік. Совет Одағының маршалы Семен Михайлович Буденный Керімбаев жолдасқа телефон соқты. Біз телефон әңгімесіне құлақ салдық. Достас адамдар жайраңдасып сөйлесіп, үй іші, жай-жапсардың бәрін сұрастырып жатыр.

Былтыр Керімбаев жолдас С. М. Буденныймен бірге бүкіл Орта Азия республикаларын аралап қайтқан екен. Есімізге сол түсті, құрметті маршал Қазақстанға разы көңілін білдіріп жатқандай көрінді.

Керімбаев жолдас, сөйлесіп болып:

— Маршал қазір осында келеді, кетпеңіздер!— деді бізге. Лезде «Москва» қонақ үйінің мраморлы кең коридорына әскери адамдар тұрып қалды. Жайраңдай күліп, аяғын жас жігіттей басып, маршал Буденный келді. Құрметпен тұра келіп, қарсы алдық. Темірдей қарулы қол қатты сілкіп амандасты, Керімбаев жолдас бәрімізді айнала таныстырды.

Маршалдың қыран көзіндей айдынды көздері әлі боя-уынан айрылмапты. Атақты қара мұртқа бурыл кірген. Иық тіп-тік, кеуде шап-шалқақ, дене құйған шойындай, сом.

Ортақ әңгіме оңай басталып кетті. Маршал бәрімізбен де қашаннан бері таныс адамдай қалжыңдасып, іркіліс сияқты нәрселерді бірден сыпырып тастады. Былтырғы сапарында Қазақстанда көргендерін еске алып, егжей-тегжейді қалдырмай сұрап, әлденелерге қарқылдап күліп, бәрімізді оңай баурап алып, жалпы әңгімеге еріксіз араластырып, отырысқа өте бір жеңілдік, еркіндік беріп жіберді. Семен Михайловичпен сыртынан таныс емес совет адамы жоқ. Әркім өз ойындағы бір қалтарысын сұрап қалып жатыр.

— Одан есте қалғаны мынау, достарым...— деп маршал бәріне де жауап беріп; аяғында бір қалжың айтып қояды.

Азамат соғысының оқиғалары, Фрунзе жолдаспен бір қызық кездесуі, бірінші атты армияның кейбір ерліктері айтылып, аяғында әңгіме жақсы ат жайына көшті.

— Жақсы ат жайындағы он бес түрлі сыныңыз бар еді ғой. Мына жазушыларға соны айтып беріңіз,— деп оған Керімбаев жолдас себепші болды.

Өзге әңгімелері өз алдына, мен Қазақстанның жылқы өсірушілеріне маршал Буденныйдың жақсы атқа қоятын сындарын, жақсы аттың бойынан табылуға тиісті белгілерін айтып бергім келеді.

Семен Михайлович Буденный бала жасынан ат баптаған адам. Ол кісі шаруашылыққа қандай ат қолайлы, әскерге қандай ат қолайлы, оның бәрін он саусағындай біледі. Оның үстіне өзі «Буденный жылқысының тұқымы» деген жаңа тұқым шығарған адам. Қазір Совет Одағында ең мақтаулы жылқы тұқымы — осы Буденный тұқымы. Сондықтан Буденный жолдастың жақсы атқа қояр сыны — шаруашылық үшін үлкен тәжірибеден алынған сын.

— Жақсы ат шаруаға да, әскерге де бірдей жарамды, күшті, көнбіс, шабысты, желісті, аяңшыл болу керек,— деп бастады Буденный жолдас.— Әскер мен шаруашылықтың біріне жарап, біріне жарамаса, ол — аттың үлкен міні. Мысалы, қашаннан бері мақталып келе жатқан «Ақалтеке» шаруашылықтың ауыр жұмысына салсаң түкке тұрмайды. Оның үстіне, қан араластырмай, дақ өсіре бергендіктен енді әлсізденіп, қуарып бара жатқан тұқым. Алғашқы біраз ұшқырлығы болмаса, әскердің бір күндік ұзақ жорықтарына тіпті жарамайды, «Ақалтекенің» қазіргі халі осы,— деді.

— Онда ол қатардан шыққалы тұрған тұқым болды ғой?— дестік.

— Осы күйінде дара өсіре берсең, сөйтеді. Мүмкін, басқа бір қанды тұқымға араластырса, қайтадан түзеліп кетер.

— Ал, сіздің өзіңіз шығарған тұқымның ерекшелігі неде?

— Ол жаңағы айтқан, әрі шаруаның ауыр жұмысына, әрі әскерге бірдей жарамдылығында. Бұл ағылшын жылқысы мен Дон жылқысының арасынан туған тұқым. Денелі, күшті, шабысты, желісті, шыдамды екендігі әр

алуан сыннан өтті. Әсіресе, Ұлы Отан соғысында ойдағы жерден шықты.

— Қазақы жылқының тұқымы туралы не айтасыз?

Қазақ жылқысы, сөз жоқ, берік, көшпелі елдің өміріне өте қолайлы. Өзі де сол көшпелі өмірден туған ғой. Күту, өсіру жағы оңайырақ. Бірақ қазақ жылқысының аяғы қысқа. Қысқа аяқты жылқы шапқанда құлашын кең сермегендей болады да, аягын жерге басқанда бауырынан аспайды. Асыл тұқымды жылқылардың бір аттағанын бір жарым аттап барып алады,— деді маршал.

Жылқы тұқымын асылдандырудағы әр түрлі мақтарлық табыстармен бірге кемшіліктерді де айта келіп, атпаз маршал өз тәжірибесінен алған он бес түрлі сынын айтты. Мұны ғалымдар есітіп қалып, басымды дауға салып жүрмесін деп, қалжыңдап та қойды.

— Жақсы атта он бес түрлі белгі бар. Сол он бес түрлі белгі түгел табылған атты мен көңілдегі жылқы деп білем,— деді маршал.— Ол он бес түрлі белгі үш-үштен бөлініп, бес төркіннен алынады:

— Жақсы ат сынының бірінші төркіні — ер мінезді еркек. Еркектен алынатын үш белгі: жайдары мінез, күш және шыдамдылық. Шыдамдылықты көнбістік деп те айтады. Еркек біткеннің өзінен де бұл үш сипат табыла бермейтіні рас, бірақ біз табылуын тілейміз. Қалайда осы үш қасиетті еркекке тән белгілер деп танып, төркінін де еркек дейміз: жайдары мінез, күш және шыдамдылық. Атқа күш пен шыдамдылық қандай керек болса, жақсы мінез де сондай керек. Жақсы аттың иесіне сенімді серік болып кететіні сол жайдары мінезден туады. Ал күш пен шыдамдылықтың неге керектігі кімге болса да түсінікті болу керек...

Абайдың: «Шапса жүйрік; мінсе берік, жуан, жуас»,— дегені еске түскен жолдастар біріне-бірі қарасып, күлімдесіп қояды.

— Жақсы ат сипатының екінші төркіні әйел,— деді маршал.— Әйелден де үш белгі алынады. Ең алдымен, өкпе мен жүректің ұясы — кеуде кең салыңқы болу керек. Кеудесі шығыңқы, шалқақ келген бір әйел болады ғой. Сол сипат алынады. Кейде оны қораз төс деп те айтады. Бірақ қораз шынында қораз қой. Сондықтан бұл сипаттың төркіні әйел дейміз.

— Абай тоятаған бүркітке теңейді,— деді манадан ат әңгімесіне елтіп отырған Мұхтар Әуезов.

— Дұрыс. Дұрыс теңелген,— деп маршал жауап қайырды. Енді әйелден алынатын соңғы екі белгіге келейік. Оның бірі — қозғалыс қимылдарының әсемдігі мен ыңғайлылығы. Жақсы аттың әрбір қозғалысы ерке әйелдің қозғалысындай ыңғайлы да, әсем де болуға тиісті. Дөрекі ат шаруаға да, әскерге де қолайсыз. Ат деген, әйтеуір, көлік емес, салтанатты, сәнді көлік. Ол көңіліңді көтеріп, бойыңды өсіреді. Әйелден алынатын үшінші сипат — аттың түгі болады. Әйелдің шашы қандай әдемі болса, аттың түгі де сондай көрікті болсын. Ала-құла, күлге аунағандай көмескі түстер аттың сәнін бұзады, дене сұлулығын бүркеп тұрады. Аттың сұлулығының бірі түріне байланысты. Кекілі қалай біткен, құйрық-жалының бітімі қандай, түгінің түсі ажарлы ма, осының бәрін де әйел сипатынан аламыз.

Сонымен жақсы аттың әйелден алатын сипаттары — салыңқы — кең кеуде, әсем — ыңғайлы қозғалыс, аттың әдемі түсі — түгі екен.

— Ендігі үш белгі қояннан алынады: етсіз, жеңіл бас, кең ашылған көз және ұшқырлық. Басы етті жылқы кейде күші болғанмен, өнерсіз, ыңғайсыз дөрекі болады. Және бастың еттілігі — күштің де белгісі емес. Басы етсіз жылқының бар мінезі көрініп тұрады. Аттың сүріншек, үркек болмауы үшін көздері жұмық болмай, ашық болуы керек. Ат айналасын еркін көріп отырса, аяғын да ойнай басады, жүрексінбейді. Қояннан алынатын үшінші белгі ұшқырлық дедік. Бұл әлгі дыр етпе, шу дегендегі жақын жердің ұшқырлығы емес. Оны ағындылық деуге болады. Ал бұл ұшқырлық аттың бар жүрісінде болуға керек. Ат аяғын жеңіл басып, әр жүріс ұтымды, жіті болсын...

Абайдың «екі көзін төңкеріп» дейтіні, «қоян жақ», «шапқан атқа жеткізбес», «бөкен желіс» дейтіндері осы тұсқа қабысып та қалып отыр.

Төртінші түйдекпен алынатын үш сипаттың төркіні — түлкі екен.

— Азулы аңның ішінде атқан оқтай тік жортатыны түлкі болады,— деді маршал.— Қасқыр, ит сияқтылар көлденеңдеп жортады. Өзгелері одан да жаман. Аттың алды-арты кезек солқылдамай, бар денесі жинақы, әрі ықшам, әрі атқан оқтай тік жүруі өте қымбат қасиет. Бұл белгіні біз түлкіден алдық. Түлкіден алынған екін-

ші белгі — құлақтарының дұрыс бітуі. Аттың құлағы қатар біткен екі саусаққа ұқсап я болмаса қоянның құлағына ұқсап, қақ төбесінде тұрса да жақсы емес, екі арасы тым алыс бітіп, екі жағына қарап тұрса да жақсы емес. Дәл дұрыс біткен құлақ түлкінікі деуіміз керек. Түлкіден алынған үшінші сипат — құйрығы. Аттың құйрығы да түлкінің құйрығындай, түбінен ұшына қарай бір тегіс жіңішкере барып бітсе, ат сұлу көрінеді. Артқы мүшелері жасырынбай, өзінің әдемі түрін табады. Сонымен, түлкіден алынатын үш белгі — оқтай тік жүріс, құлақтың дұрыс бітуі, түбі жуан, ұшына қарай бір тегіс жіңішке біткен сұлу құйрық.

Жақсы аттың бар мүшесі түгел тең келуін көп іздеген атпаз маршалдың көзіне есек байғұс та түспей қалмапты. Одан алынған үш сипат және бар екен.

— Әр түлік малдар мен аңдардың ішінде бастың астыңғы жағы айқын көрініп тұратыны есек,— деді Семен Михайлович.— Онымыз жақтың етсіздігіне байланысты. Етті басты малдардың екі жағы да айқын көрінбей тұрады. Біз айтып отырған етсіз басты аттың, әсіресе, астыңғы жағы бар сызығымен айқын көрініп тұруы қажет. Мұндай жақ есекте ғана бар. Сондықтан етсіз жақты содан алдық. Есектен алған екінші белгіміз — төрт аяқты тең басуы. Төрт аяғын жерге бірдей тең басатын хайуан есек қана. Ол төрт аяқтың тең бітуіне байланысты. Кейде алдыңғы аяқтары майысып, тілерсегі тілерсегіне тиіп тұратын жылқылар болады. Бұл біздің сынға толмайды. Есектен алынған үшінші белгі — төрт тұяқтың дұрыс бітімі. Табаны өмірде «қазтабандап» жерге тимейтін дөп-дөңгелек қобы тұяқ есекте ғана. Қандай асыл тұқымды деген жылқылардың тұяқ бітімі есекке әлі жете алған жоқ. Тұяғы осылай біткен жылқы ақсамас та еді, аяншақ та болмас еді, әсем де болар еді...

Сонымен, жақсы аттың есек туысқанынан алатын сипаттары — етсіз жақ, тең біткен төрт аяқ, қобыланың дөңгелек біткен тұяқ екен.

Қазақстанның жылқы малын өсірудегі ыстасы мен еңбегін көзімен көріп, ырза болып аттанған маршал көңілденіп отырып, тағы да көп әңгімелер айтты. Соның бір саласы — осы аттың сыны еді.

Маршал Семен Михайлович Буденный қазақ халқы-

на қайта-қайта алғысы мен достығын айтып, бауырмал қоштасып жүріп кетті.

— Жайдары, жақсы мінезді, ер еркек өзіндей-ақ болар!— деп біз қалдық.

1949 ж.

ҚАЗАҚСТАН ҚАРТАСЫ

Қазақ халқының кешегі күндері бел астында ғана, жақында жатыр. Ұмытылған жоқ: әке-шешелер өз көздерімен көрді, ұл мен қыздың айғағы мен тірі шежіресі қасында.

Көзіңмен көрген — арқаңа батқан ұрпақтан-ұрпаққа, ғасырдан-ғасырға созылған ұзақ сұм өмірде тұрақты бір-ақ нәрсе бар еді. Ол кедейлік — тұрмыс кедейлігі, өмір кедейлігі, ой кедейлігі. Тарихымыздың басқан таңбасындай, сол кедейліктің ізі қазақ халқының әрбір әрекетінде айқын тұратын еді. Сондықтан өткен тарихымыздың өзі де кедей, үлкен істер, өр тілектер ертегіміз бен жырымызда және ән-күйімізде ғана бар еді. Ұзақ өмірлі тас белгілер өте сирек, әрі қырық ру.

Бабаның бабасынан баласының баласына мұра боп қала берген тұрақты бір ғана байлық бар еді. Ол — қайғы мен қасірет, мұң мен шер, надандық пен қараңғылық, өнімсіз, өтеусіз көп еңбек. Сонша ауырдың астында өмірі өткен халқымыздың барлық рухани күші біржола сөніп қалмай, сақталғанына таң қалғандайсың. Дерті көп болса да дәрмені жоқ замандарда, еңбекші ел өз күшіне сене білген, үміт елесінен көз жазбаған, жақсылыққа жатсырамай қарап, әр кезде жарыққа қолын созған.

Қазақ халқының өмірлік үміттері ұлы орыс халқымен жақындасқаннан бастап, өсе түседі. Жақындық — бірлесуге, бірлесу — достасуға әкеледі. Ол достық Ертіс — Орал өзендерінде, Каспий — Арал теңіздерінде; Орынбор — Омбы қалаларында, Қарағанды — Алтай өндірістерінде, іргелес отырған ауыл мен деревняларда туып өседі. Ортақ тілектестер, ортақ жаулар танылады. Спасс жұмыскері Жармақ Өтегенұлы 1905 жылы:

— Ботников те полиция уряднигі, Жүсіптің Мұхамметжаны да полиция уряднигі. Қос құлан жал деп осыны айтады,— дейді.

Байтақ Россия жерін басқан ауыртпалық та, байтақ Россия жеріне атқан революция таңы да, Россияға қарайтын барлық елдерге ортақ еді.

Ауыр тұнжыраған түнді жара, кәрі дүниені өртей, жаңа өмірге жарығын төге Ленин күні шықты. Барлық Россия халықтарының ортақ күні еді ол.

Елдің еңсесін басып, ойын тұншықтырған адыра заман артта қалды да, қайғы үніндей алыстай-алыстай, біржола ұмытылды. Ел іргесін құмдай суырып, құйындай соғатын аумалы тағдыр, шадыр да шәлкес заң, қорлық-зорлық, аштық-жалаңаштық, надандық, дәрменсіздік сияқты барлық жақып-жұрағаттарымен барса келмесіне аударылды. Көшкен бұлттай тұрақсыз, тұрлаусыз дала өмірі баянды белге шыққанын таныды. Қазақ халқының жаңа тарихы басталды.

Бұрын ел болғандығын құлап жатқан моласы мен құлазып жатқан қорасынан ғана тануға болатын қазақ даласы — қазір 16 одақтың бірі — Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы.

Каспийден Алтайға дейін, Оралдан Алатауға дейін кеңіліп жатқан кең жерге, жеке-жеке алсақ, 5 Франция, 11 Англия, 92 Бельгия сияр еді. Осы кең жерге қазақ халқы ие. Қолы байлаулы, тізгіні қаңтарулы отар ел бұрын сол ұлан-байтақ жердің байлығына бармағын да батыра алған жоқ еді. Өйткені ол жерге өзі ие емес-ті. Қарағандының көмірін, Жезқазған, Қарсақпай, Нілдінің мысын, Алтайдың қорғасыны мен Жетіқара, Степняк, Ақжал сияқты жерлердің алтынын еркін иемденіп ағылшын бастаған шет елдердің байлары жатты. Алтайдың алтыны мен күмісін өз еншісіне қосып алып ақ патша отырды. Зілқара — Шопан, Шоң — Шорман, Қазыбек, Құнанбай, Аққошқар — Сайдалы атанған қазақ феодалдары карта бетіне түсірерлік еш нәрсе қалдыра алған жоқ.

Асқар таулар, асау өзендер, шалқар теңіздер — жаратылыс байлығы. Карта деген — ең алдымен ел еңбегінің кестесі. Еңбек кестесі салынбаған жер карта бетіне сұршақат тақырдай болып жатады. Жаратылыс «Алтай», «Алатау» деген сияқты бір өлкені бір-ақ атап береді. Ел еңбегі — бір Алтайдың бойынан жүздеген қойманы ашады. Карта бетінің кестесі осымен молығады...

Қазақстан картасы — ең алдымен, совет дәуіріндегі 30 жылдық өміріміздің, 30 жылдық ел еңбегінің айнасы. Революциядан бұрын үш жүзге бөлініп, үш жүйе шалғайласып отыратын қазақ халқы өмірлік әрекеті біріккен тұтас та ел емес-ті. Ыдырап бара жатқан халықтың басын қосып, социалистік ұлт еткен, болашағының тағ-

дырын өз қолына эперген совет құрылысы. Сол қазақ халқы қазір 16 облыстан құрылған социалистік республика. Қазақстан картасының бетіндегі бірінші ұлы кесте де осы болады. Өйткені бұл елдің кестесі берік қаланған болашақтың негізі. Картамыздың бетіне түскен еңбек кестелері де осыдан басталады.

Революциядан бұрын қазақ халқының бар байлығы мал еді. Ауыл шаруашылығының өзге түрлері ойдым-ойдым ғана кіріп келе жатқан. Бірақ сол мал халық байлығы ма еді, халқымыздың қандай ортақ керегіне жаратылған еді! Жоқ, мал байлардың, феодалдардың қолында болатын, негізгі еңбек бұқарасының дөңгелек шаруасы күн көрісіне ғана тақ-тұқ жетіп отыратын.

Қазіргі күнде ауыл шаруашылығы деп аталатын ең байлықтың иесі — колхозшы халқымыз. Мәңгілік етіп актілеп алған жеріне әлдеқашан орналасып алған қазақ еңбекшілері картамыздың бетіне жүздеген колхоз деревняларын түсірді. Қолхоз деревнясы деген бұрынғы көшпелі ауылдың қыстауы емес, өсе беретін, гүлдене беретін еңбек орталығы. Енді еңбек шашылмайды, колхоздың өз жеріне төгіліп, сол жерді өңдей береді, өнімін молайта береді.

Қазақстан колхоз шаруашылығының бір саласы — мал байлығы. Малдың көпшілігі осы колхоздардың орталығында. Мемлекетімізге жылына көп мың тонна ет, май беріп отыратын да осы колхоздар.

Сонымен қатар, егіндік шаруашылығымыздың тарихи маңызы өзгеше. Бірыңғай мал шаруашылығы еріксіз көшпенділікке қарай жетелесе, егін шаруасы елді отырықшылыққа әкеліп, мәдениет іргесінің нығая беруіне жағдай жасайды. Ауыл шаруашылығының өнімді машина құралдары да ең алдымен егістік жағында жатады. Егістің 85—90 процентін машина-трактор станцияларының күшімен салатын колхоздар ауыл шаруашылығының ең салмақты жағына ие. Дәнді егістің, қант қызылшасының, темекі мен мақтаның дені осындай ірі колхоздардың қолында. Биылғы жылы 7 миллион гектардан асатын егістің басым көпшілігі де осындай колхоздарда. Карта бетіне масатыдай құлпырып, алтындай жалтылдап түсетін өнімді бір кесте де осы.

Қостанай облысынан басталып, Қазақстанның солтүстігі мен шығыс жағына тұтас бөктерлеп дәнді егіс келеді; Сыр бойында күріш, оңтүстігінде мақта, батысында тары; оңтүстіктен басталып Талдықорған облысына де-

йін қант қызылшасы, темекі, жүгері, алма бақтары, өрік-мейіз, бау-бақшалары. Екі миллион 753 мың шаршы километр жері бар Қазақстанның ауыл шаруашылығы әлі де өсе бермек. Кең-байтақ жерімізге жүз миллион мал өсіруге болатыны әлдеқашан анықталып қойған нәрсе. Қызылорда бөгеті салынып болғаннан кейін жүз мың гектарлық суармалы егіс қосылмақ. Қашаннан бері өлі бұйым күйінде жатқан Бетпақдалаға тұс-тұсынан жасалған еңбек шабуылы шөлейттің тынысын тарылтып, жан-жағынан мыңдаған мал апарып, ойдым-ойдым егін сала бастады.

Дегенмен, Қазақстан картасының бетінен ең үлкен орынды ауыр өнеркәсіп алады. Советтік екінші бесжылдықтың аяғында ауыр өнеркәсіптің өнімі бүкіл халық шаруашылығының жартысынан асып түссе, соңғы он жылдың ішінде Қазақстанның ауыр өнеркәсібі 2,2 есе өсті. Қазір халық шаруашылығының салмағы жағынан Қазақстан одақтық көлемде үшінші орын алды. РСФСР мен Украинадан кейінгі үшінші орынды біз аламыз. Соңғы бесжылдықта Қазақстанның халық шаруашылығына 8,8 миллиард сом қаржы салынды. Бұл цифр Қазақстан халық шаруашылығының салмағын елестете алса керек.

Қазақстанның кен байлықтары дүниелік өлшеулермен өлшене алады. Қашаннан бері «Алтын Алтай» деп өлеңжырымызға кірген Алтайдың алтын, күмісі, қорғасыны, қоласы Совет Одағында бірінші орын алатын байлық. Сарыарқаны тұтасқан мыс қазынасына айналдырып Жезқазған, Қарсақпай, Балқаш, Қоңырат, Ащысай, Текелі жатыр. Кешегі Ұлы Отан соғысында біздің әскерлердің атқан әрбір жүз оғының тоқсаны Қазақстан түсті металдарынан құйылды.

Одақтық көлемде үшінші орын алатын Қарағандының жайы әлдеқашаннан дүние жүзіне мәлім. Қарағанды бір кездерде ағылшындар салдырған қара үңгір, жер қапасы емес, ол қазір айналасы ат шаптырым үлкен қала. Оның кен қоры миллиондаған тонна. «Екібас», «Ақмола» тағы басқа жерлерден табылған көмір байлықтары қолға алынғаннан кейін Қазақстан көмірі халық шаруашылығынан өте үлкен орын алмақ. Қазақстан ауыр өнеркәсібінің бір ерекшелігі — бәрі де советтік жаңа техниканың табыстарына сүйеніп өсіп келеді. Сондықтан ағылшын байларының қолында тұрғанда бүкіл Қазақстанның 10 жылда берген көмірін осы күні екі сағаттың ішінде беріп кететін алып шахталар бар.

Қорғасын, мыс, көмір өндірістерінің құрал-жабдықтарын өзіміз жасап шығара алатын болдық. Бұл, міне, өндіріс тілектерінен туған өнер-білімнің өскендігіне дәлел.

Қазақстанда теңіз деп аталып кеткен 4 үлкен көл бар. Каспий, Арал, Балқаш, Зайсан. Бұрын балықты күн көріс үшін ғана аулайтын халық қазір балық шаруашылығын үлкен өндіріске айналдырды. Қазақстанның миллиондаған бас мал шаруашылығы жылма-жыл мемлекетімізге көп мың тонна ет беріп отырса, балық шаруашылығы да 100 мың тонна балық беріп отырады. Олай болса, аса көп атай бермейтін балық шаруашылығымыздың өзі өнім жағынан мал шаруашылығымызбен тең түсетінін көреміз. Еттен гөрі балықтың қымбатырақ болатынын еске алсақ, Қазақстан теңіздерінің де маңызы арта түседі.

Қазақстанда 36 ірі қала бар. Бұрынғы көшпелі ел үшін мәдениет ордасы — қалалардың маңызы ерекше екені айтпаса да түсінікті. Бұл қалалардың бір ерекшелігі — әр түрлі өндіріспен бірге туып, бірге өсіп келеді. Құлазыған далада көмірмен бірге туған Қарағанды қаласы, балық өндірісімен бірге туған Гурьев, Арал, мыспен бірге туған Балқаш, тағы басқалары. Халқымыздың үштен біріне жақыны осы қалаларда екендігін еске алсақ, бұл ауыр өнеркәсіптегі жұмысшы табының молайғандығын көрсетеді.

Осымен қатар карта бетіне түсірілмейтін мәдени табыстарымызды да айта кету керек. Революциядан бұрын жүзден екі-ақ адамы хат танитын қазақ, қазір озық мәдениетті ел болды. Орта дәрежелі мамандық беретін мектептерден оқып шыққан адам 1914 жылы үш-ақ жүз болса, биыл 44 мың болады: яғни 140 есе өскен! Бұрын жоғары дәрежелі мектеп деген Қазақстан топырағында атымен жоқ болса, биыл 24 жоғары дәрежелі мектептерімізде 18 мыңнан астам студент оқиды. Соғыстан кейінгі бесжылдықтың ішінде жоғары дәрежелі білім алған 14 мың маман шығады. Бұрын бір тайпы елден бір бала оқып жүрсе «құдайға шүкір, құралақан емеспіз» деп отыратын еді. Қазір бір колхоздан бір бала оқымай қалса, көзге шыққан сүйелдей көрінеді. Бұрын жүзден екеуі ғана хат танитын ел, қазір жүзден екі адамы хат танымаса, кешірмес күнә, колхоз атына ұят, адам атына ар көретін дәрежеге жетті. Міне, бұл ең үлкен табыстарымыздың бірі.

Октябрь революциясынан бұрын қазақ даласын темір жол батысы мен солтүстік жағынан ғана жанап өтетін еді. Бірінші бесжылдықтың төл басы аталып кеткен Түркстан — Сибирь темір жолы Қазақстанды Орта Азия мен Сибирьге жалғастырды. Ақмола — Қарталы жолы Қарағанды көмірін Оңтүстік Урал заводтарына төтемен жеткізді. Қарағанды темір жолы көмір мен түсті металл алыптарының арасын қосты. Әсіресе Орталық Қазақстанның өндіріс күштерінің өрістеуіне темір жол құрылысының әсері ерекше тиді. Қазір Қазақстан жеріндегі темір жолдың жалпы ұзындығы 9 мың километрдей. Үстіміздегі жылдың аяғына дейін, соғыстан кейінгі бесжылдықтың жоспары бойынша тағы да мың километрдей темір жол салынбақ. Темір жол салу жағынан Қазақстан бүкіл одақтас республикалардың ішінде бірінші орында.

Россия капитализмі қазақ даласына көп мұра қалдырып кеткен жоқ. Көміріміз бен мысымызды, алтынымыз бен мұнайымызды басып алған ағылшындар да еш нәрсе қалдырған жоқ. Шахталарды қиратып, суға толтырып, байлық көзі табылған жерлерді бітеп кетуге тырмысты. Сондықтан карта бетіне қалың шұбар шимай түсіруге болатын байлықтарымыздың бәрі де советтік Қазақстанның 30 жыл ішіндегі еңбегі. Аз уақыттағы көп еңбектің, өнімді еңбектің нәтижесі, жүздеп батырлар шығаратын еңбектің жемісі.

Әдебиет, көркемөнер, ғылым жөніндегі табыстарымыздың бәрі де осыған байланысты. Атақты жазушы, ғалым, маман, бәрі де өскен мәдениеттің жемісі болады.

Қазақстан картасы — бір елдің 30 жылдық еңбегі, аса үлкен кітап. Үстірт шолумен ол кітаптың неше тарау екенін де атап бере алу қиын. Тұсаудан, ділгерліктен босанған ел, ол кітапты партиямыз бен үкіметіміздің дана басшылығымен, айқын нұсқауымен жазып, күн сайын жаңа беттер қосып отырды.

Бүгінгі бақытты қазақ халқы ел картасының бетін санап кестелей бермек. Өйткені ол жеріне де, еңбегіне де өзі ие, барлық халықтармен бірге коммунизм дүниесін жасасып жатқан халық.

1950 ж.

МОЛШЫЛЫҚ ЖЫЛЫ

Бүгін дүние жүзіндегі барлық халықтардың түгел мейрамын өткізуге тиісті ортақ күні — Жаңа жылдың бірінші күні.

Коммунизмнің жаңа биіктерінен ұлы болашағына қалтқысыз сеніммен қарап, айқын көретін совет халықтарына, социалистік жолмен үрдіс дәуірлей жөнелген байтақ демократия елдеріне жаңа жыл — жаңа жеңістердің, ұлы табыстардың мейрамы. Адам баласының даналық ойы қашаннан бері айнымай, талмай жаңа жылда — жаңа бақыт тілеумен келе жатса, ол тілектің коммунизм елінде ғана орындалатынына біздің әрбір қарапайым адамдарымыздың да көздері жетеді. Әрбір жаңа жылды қарсы алған сайын бақытқа бақыт, байлыққа байлық, молшылыққа молшылық қосуларын біздің халық күдіксіз сеніммен мейрамдайды. Тілек іске, іс жеңіске айналған елде қашанда осылай болмақ.

Осындай ұлы тілек күні, адам баласы біріне-бірі түгел жаңа бақыт тілеген күні, басқа елдерде не жай бар екен, ол елдердегі еңбекші бауырлар қалай мейрамдай алар екен деген ой келеді. Ой келсе — шолисың, шолисың да күрсінесің. Бақыт тілесер күні бақытсыздық көргенде күрсінбеске болмаса керек.

Өткен 1953 жылы Америка Құрама Штаттары мемлекеттік бюджетінің 87 процентін соғыстық әрекеттерге жұмсағанда әлеуметтік мұқтаждар мен экономиканың дамуына 5,7-ақ процентін жұмсаған. Совет Одағында әлеуметтік мұқтаждар мен экономиканың дамуына мемлекеттік бюджеттің 70,2 проценті жұмсалды.

Америка Құрама Штаттарында 140 миллион шамасында халық бар. Сонда 5,7 процент деген қайыршыға ұсынған садақадай ғана болып шығатынын дәлелдеп жатудың да қажеті жоқ. Мұның аты миллиондаған адамның өз еңбегінен өзіне еш нәрсе бұйырмай, тоналып жатыр деген сөз. Жер жүзінде қырық тоғыз елде авиациялық базалары бар, жиырма жеті елде екі миллиондай әскер ұстап, қалың бұқараға түсер салықты соңғы он бес жылдың ішінде он екі есе өсіріп отырған бай Американың халық мұқтажына садақадан басқа қарасары қалмаған. Олай болса, Америка бұқарасының Жаңа жылды қалай мейрамдай алары да түсінікті ғой.

Капитал дүниесіне Америка Құрама Штаттары ең бай, ең обыр, дүние жүзілік соғыс қауіпінің қара туын

қолына ұстап отырған ел. Өзінен анағұрлым аз ел болса да, ер ел болып шыққан Кореядан жеңіліп, қаралы да, назалы жайы бар. Алтын жеңген жоқ, адам жеңді. Сол бай елдің халі осындай болса, оның ықпалына түсіп, іс жүзінде тәуелді болып қалған мемлекеттердің халі бұдан да сорлы. Ол елдерден қайыршылық, жұмыссыздық, жоқшылық зары күн санап күшейе естіледі.

Дүние жүзілік бірінші соғысқа дейін жер жүзіндегі ең отары көп, ең бай, ең азулы ел саналатын Англия осы күні азу біткеннен айрылған, ескі жүні түспей қойған, Америкаға қарап жаутаң көзденген, алжыған кәрі арыстанға ұқсайды. Совет Одағында 1947 жылдан бері бұйым бағасы алты рет арзандатылса, Англияда осы жылдардың ішінде 31 процент өсті. Қалың бұқараға түсетін алым-салық соғыс жылдарының ең ауыр кезімен салыстырғанда 37 процент өскен. Бұл ауыртпашылықтардың ағылшын қоғамының қай таптарына, қандай халықтарына түсіп жатқаны айтпаса да түсінікті.

Америкаға тәуелді болып қалған Жапонияда қазір он миллион жұмыссыз қалған адам бар. Францияда үш миллион, Жапонияда төрт жүз мың семья, Италияда үш жүз жиырма бес мың семья баспанасыз екен. Италияда 869 мың семья ет, қант дегенді ұмытқан да, бір миллион 357 мың семья қайыршылық халде күнелтеді! Түркияда 17 миллион қара шаруаның 12 миллионында жер жоқ!

Бұл елдердегі жоқшылық пен бақытсыздықтың шегі, шеті жоқтығын көз алдыңа әкелу де оңай емес. Бірақ сол қорғансыздар біріне-бірі бақыт тілейді: ескі жылда да тіледі, жаңа жылда да тілейді. Міне, сол тілейтіндері қандай бақыт екенін түсіну қиын емес. Ол біздің бақыт! Олар жаңа жыл мейрамын, біз сияқты қуанышпен, шаттықпен өткізе алмайды. Олардың балалары біздің балалар сияқты төбеден етегіне дейін молшылық сәулеті төгіліп тұрған ёлканы көре алмайды. Қол ұстасып, ән салып, ойнай алмайды.

Жаңа жыл күні жас бөбектердің әнге сала алмауы, қуана алмауы қандай қасірет, қандай жоқшылық, әкешешеге қандай азап, шер-шемен болу керек! Оның үстіне сол балалардың оқуы қайда, болашағы қайда?..

Біздің бақытты Совет елінде Жаңа жыл — бір жылдың ішінде халық қамы үшін істелген ұлы істердің мейрамы, әр жылда ұлы мейрам. Совет адамдарының біріне-бірінің тілер бақыттары да, аты бар, заты бар, орындалар тілектер. Ұлы Октябрь революциясына дейін ашар-

шылығы мен жұты, ауруы мен өлімі, надандығы мен тұрпайылығы, жаяуы мен жадауы көп елдердің бірі біз едік. Қазір оның бәрі де ұмытылған ертегідей ізі өшіп, біржола келмеске кетті. Социалистік құрылыс ұзақ жылдар бойында айнала торлаған капитализм қорқауларының ауыз сала алмауына айбары жетсе, Ұлы Отан соғысының тұсында сарқылмас, кемімес ұлы мұхит екенін көрсетті. Ескі Россияда ондаған жылдар бойында орны толмас ойсыраулар социалистік құрылыс үшін аздаған жылдардың әрекетіне айналды. Бұған біздің әр жылымыз айғақ, әсіресе 1953 жыл айғақ.

Өткен түннің ортасымен аяқталған 1953 жыл — совет халықтарының өмірі мен ой-санасынан өшпейтін орын алатын ұлы жылдардың бірі. Коммунизм дәуірінің алда тұрған іргелі міндеттерін нұсқап берген партияның XIX съезінің қаулы-қарарларын өмірлік әрекеттерге, еңбек сазына айналдыруда бұл бірінші жыл. Сол бірінші жылдың өзінде социалистік экономиканың негізі болып саналатын ауыр өнеркәсіп соғыстан бұрынғы 1940 жылмен салыстырғанда екі жарым есе өскенін көреміз! Ауырдың ауыры — болат өндірісі екі еседен артық, бар ауырдың керегі көмір өнімі екі есеге жақын өскен. Өзге саладағы ауыр-жеңіл өндірістердің бәрі де осы шамаға соғып отырады. Бұл — 1953 жылдың табыстары!

1953 жыл халық тұрмысының бұлжымас молшылыққа кіргенін байымдайды. СССР Жоғарғы Советінің V сессиясы Коммунистік партия мен Совет үкіметі өзінің ішкі саясатында халқымыздың молшылық тұрмысын көздейді десе, осы беталыстың осы жылдың ішінде-ақ іске асырыла бастағандығын дәлелдейді. Оның үстіне, көпшілік қолды бұйымдардың өсуін тексеріп қарасаңыз, тағы бір үлкен қызыққа кездеседі екенсіз: мақта текті арзан қол бұйымдар қырқыншы жылмен салыстырғанда 34 процент өссе, асыл текті қымбат бұйымдар одан әлдеқайда асып түсіп жатыр: таза жүннен жасалған бұйымдар 70 процент өссе, жібектен жасалған бұйымдар бес еседен артық өскен! Бір кезде жұмысшы үйіне патефон одан кейін радиоприемник кіргені, әрі молшылық нышаны, әрі бір мәдени жаңалық сияқты көрінуші еді. Қазір еңбек адамдары жүздеп, мыңдап «Победа» машинасын, ондап, жүздеп «ЗИМ» машинасын алып отыр. Өндірістегі, колхоздағы еңбекші әйелдер жібек пен биязы жүннен жасалған киімді көбірек киеді. Бұл да халық тұрмысының бұлжымас молшылыққа кіргенін көрсетеді.

Советтік Қазақстан еңбекшілері Жаңа жыл мейрамына сала-сала күрделі табыстармен келді. Бұдан екі-ақ ай бұрын Мойынты — Шу темір жолы қатарға қосылып еді, Жаңа жылға он күн қалғанда Ақмола — Павлодар темір жолы салынып біткендігі жарияланды. «Бетпақ даланы» не болмаса «Сахара» мен «Гоби» құмдарының бірін үлкен бір өзен жарып өтсе, өзен бойлаған жаңа өмір қандай құлпырып жөнделер еді! Бар мүддесі халықтың тіршілігі болған елде әрбір жаңа салынған темір жолдың мәні одан кем емес. Әсіресе Қазақстан сияқты бай жердің иесі болған елде әр алуан өмірдің күре тамырындай темір жолдың мән-мәнісін айтып жеткізу де оңай емес. Алтай бойын жарыққа бөлеп Өскемен, Алматыда Озерный су электр станциялары қатарға қосылды. Алтай өндірістерін күрт көтеріп жібере алатын қуат келді. Алып Қарағандының ондаған озық шахталары елу төртінші жылдың есебіне көмір бере бастағалы айға жақындап еді, 27 декабрьден бастап бүкіл Қарағанды 54 жылдың есебіне көшті.

Әсіресе КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан кейін Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы жаңа бет бұрыстан күрделі табыстардың лебі келеді. Санды естен шығармай отыра сапаға бет бұрғандық — қандай жұмыстың болса да баяндылығына кепіл. Ескі жыл мен жаңа жылдың астасқан тұсында газет бетіне шыққан хабарлар көбінесе «алманы көп алу үшін ағашын мықтап күтуді қолға алдық!» дегендей естіледі. Ылғи ұялтып, кейде қатал сынға ұшыратып отыратын шаруашылық саласының бір тармағы мал өсімі де жаңа жылдан бастап жаңа белге көтерілетіндігін елестетеді.

Өткен декабрь айының ішінде республикалық газеттер Қазақстанның батысынан шығысына дейін, оңтүстігінен солтүстігіне дейін қамтыған бірнеше маңызды хабарлар басты. Ақмола облысы, Новочеркас ауданы, «Өндіріс» колхозының шопандары — Мұхаметжан Төлекеев, Күлшат Смаилова, Сағындық Қалиев жолдастар малға сіңірген еңбектеріне 220 пұттан 360 пұтқа дейін астық алған. Чапаев атындағы колхоздың шопаны Бейсенғали Жолдыбаев жолдас өзі баққан 458 саулықтан 602 қозы алып, түгел шығынсыз өсірген. Шопанның семьясы алты айлық еңбектері үшін 426 пұт астық, 78 пұт картоп, 61 қозы алған! Осындай қойшының үйінде қандай молшылық екенін көз алдыңа әкелу де қиын

емес. Бұл — бұрынғы ескі ауылда байға жалданатын жиырма жігіттің бір жылда таба алмайтын табысы.

Бізде молшылық негізі де, табыс молдығы да еңбек өнімділігіне байланысты. Еңбек өнімділігі әрбір еңбекшінің өз қолында. Онтүстік Қазақстандағы «Сүткент» қаракөл қой совхозының шопандары Нұсқабай Жұманов, Сүлеймен Игісінов жолдастар мал өсірудегі үлгілі еңбектері үшін он бес мың сомнан сыйлық алған. Көмір өндірісінде ұзақ жылдар бойында өнегелі еңбек істегендері үшін Қарағанды шахтерлері 1953 жылдың ішінде 70 миллион сом сыйлық алды. Социализм елінде молшылық деген түсініктің өзі жеке адамдардың табысына байланыстыра алып қарағанда да осылай салмақты келіп отырады.

Жамбыл облысы, Мерке ауданындағы ауыл шаруашылық артелінің қой малы 1953 жылдың басында жиырма сегіз мың жарым екен, жылдың аяғында 42 мыңға жеткен. Қолхоз жалғыз ғана қой шаруашылығынан екі миллион үш жүз мың сом кіріс келтірген. Сол колхоздың шопаны Құрманқұл Тіленбаев баққан отарда әрбір жүз саулықтан 138 қозы алынған да, әрбір қойдан 4,6 килограмм жоғары сапалы жүн қырқылған. Талдықорған облысы, Сарқант ауданындағы «Энергия» колхозы әрбір қойдан 4 килограммнан жүн қырыққан. Бұл колхоздарда мал басының өсуімен бірге түсімі де тұрақты түрдегі молшылыққа айналғанын дәлелдейді. Жер-суы бір, жағдайы бір басқа колхоздарды осындай өнегелі іске шақырады. Ондай шақырудың аяқсыз қалмайтынын, көпшіліктің қос қолдап көтеретін ісіне айналатынын біздің халық жақсы біледі. Бірақ біздің өмірде де озықтар бар, артта қалғандар бар. Бір салада озықтар көп болса, енді бір салада етекбасты артта қалғандар көбірек. Озықтар жаңа табыстардың қырқасынан атой бергенде, артта қалғандар кешегі күннің деңгейінде жүреді. Совет халқы сияқты ұлы коллектив, коммунистік ұлы партия ондай артта қалғандарды да алға шығара алады.

Совет елі — материалдық және рухани молшылықтың Отаны. Техникалық ұлы прогресс заманы совет халқының творчестволық ұлы серпіні мен бірге туып, бірге жасап келеді. Ғылым салаларында, көркем әдебиетте, искусствода совет қайраткерлеріне қанат беретін коммунистер партиясының ұлы идеясы. Адам баласын алға бастар ойдың өнері мен ғылымына тек қана өсе беру, есейе беру тән қасиет. Сондықтан да біздің әр жылымыз

рухани еңбектің табыстарына толы келеді. Бұған біраз дәлелді қазақ совет әдебиетінің өткен жылғы табыстарынан алуға болады. 1953 жылы қазақ совет жазушылары үшін елеулі роман («Оянған өлке», «Болашаққа жол», «Толқында туғандар»), үш үлкен поэма («Алтай жүрегі», «Сенің өзенің», «Қырда туған құрыш»), екі жақсы комедия (Көктем желі», «Дубай Шубаевич»), екі үлкен драмалық шығарма («Шоқан Уәлиханов», «Әке соты») берді. 1954 жылға алты үлкен роман, бірнеше пьесалар, поэмалар ауысып шықты. Өткен жылы Лев Толстой, Тургенев, Гончаров, Лермонтов, Грибоедов сияқты ұлы классик жазушылардың бірталай шығармалары қазақ тіліне аударылып басылып шықты: «Анна Каренина» (1-ші кітабы), «Дворяндар ұясы», «Рудин», «Әкелер мен балалар», «Қарсаңда», «Обломов», «Біздің заманның геройы», «Ақылдан азап», тағы басқалары.

Белгілі жай, біздің театрларымыз соңғы бірнеше жылдың ішінде репертуар тапшылығына ұшырады. Бұл жылдар қазақ совет драматургтерінің совет халқы алдында үлкен қарыздар да, борыштар кезеңі болды. 1953—54 жылдар бұл борыштардың түгел атқарылатын кезеңіндей сенімді сезіледі. Өткен жылы қазақ операсы бір-ақ жаңа постановка берсе («Дударай»), 54 жылы төрт жаңа постановка бергелі отыр. Қазақ драма театры алты жаңа спектакль бермекші. Өз алдына үлкен сөз етуді керек ететін ғылым табыстарын, оқу жұмыстарын, көпшілік арасындағы творчестволық әрекеттерді қоса алмаған күнде де жоғарыда келтірген аз фактілерде көп мән бар. Бұл табыстарымыз санмен бірге сапалық жағынан да жаңа белеске көтерілгендікті көрсетеді.

Еңбекші қазақ халқы жаңа жылға осындай табыстарымен, әр сала әрекеттегі молшылығымен келді. Бүгін әр үйде Жаңа жыл мейрамы, әр үйде шаттық әні, Алатаудың қойнау-қырқаларынан сырғып түскен қыз-қарағай ёлкалар Алматының көше-көшесімен әр үйге қарай шұбай бастағалы он күндей болып еді. Қазір ол ёлкалардың бәрі де әсем киініп, шаттықпен жымиып тұр. Бала қолы электр түймесін басып қалса, ёлка лып етіп тұтанып қызылды-жасылды нұрын төгеді. Тұнық қара көк қыз-қарағай Совет елінің бар байлығын тағынып алғандай майысып төгіледі. Ұшар басындағы бес бұрышты қызыл жұлдыз жас балалардың шағын дүниесіне шақ, Кремль жұлдызының ұрпағы.

Өткен түннің ортасында Қазақстан еңбекшілері бі-

рінші бокалды екі рет көтерді: Алматы уақытынша, Москва уақытынша.

Коммунистік ұлы партия, сенің мәңгі жасай беруіңе көтердік!

Ұлы Совет елінің ұлы үкіметі, сенің саулығыңа көтердік!

Ұлы Совет халқы, сенің саулығыңа көтердік!

Жер жүзіндегі еңбекші бауырлар, сендерге де біздің бақытты өмірді тілеп көтердік!

Молшылық жылының мол бокалын, толы бокалын көтердік!

1954 ж.

САЙЛАУ МЕЙРАМЫ КҮНІНДЕ

Кремль төбесінде желбіреген Отан Қызыл туының миллиондаған ұрпақтары сияқтанып бүгін Совет елінің барлық қалалары мен далаларында қызыл тулар желбірейді. Көше бойлары, қоғамдық мекемелер, сайлау участоктері қызыл жалауға бөленіп тұр. Совет адамдарының қуанышқа толы жүректері де сол жібек қызыл жалаулармен бірге құлпырады. Шат көңілдің күлкісі де жарқын, адам жүздерінде көлеңке де жоқ, кірбің де жоқ. Күннен бұрын төсектен тұрған кәрі-жас түгел әдемі киініп шыққан.

Жатақханада тұратын оқушы жастар лек-легімен қозғалып, көше бойларын толтыра әнге салып келеді. Бұл соғысқа қарсы бейбіт өмірдің әндері, орыс әндері, украйн әндері, қазақ, әндері, бүкіл бұқарашылық дүниенің әндері. Дүние жүзінде бұрынды-сонды соғыс басқыншылығына қарсы айтылған қандай сөз, қандай ой болса, сол түгел совет жастарының аузында. Осы топтардың ішінде Максим Горький, Ромэн Роллан, Андерсен Нексе, Поль Робсон, Пабло Неруда, Тольятти, Торез, Тельман бәрі де бар, бірге келе жатқандай сезіледі. Совет елі мейрамдарының дүние жүзілік мәні болатыны да осында. Біз өзіміздің қолымыз жеткен бақытты бүкіл еңбекші баласына тілейміз!

Бүгін Қазақстан астанасы — Алматы қаласы да ерекше көңілді. Осынша ұзаққа созылып күйзеушілік шеңгелін аямаған ауыр қыстың ызғарлы өңі бүгін біржола сынып, жер-ана еркін бусана бастапты. Алатау қырқалары жаңа көтеріліп келе жатқан күнге қарсы біресе қыз-

ғылт, біресе нәзік көгілдір тартып, жылы қарайды. Қазақстан аспаны жабырқау бұлттардан арылып, биік те, кең сезіледі. Суық ызғардан өзін-өзі қысып ұстаған бай жаратылыс әрбір бұтаның бүршігінде бұрқ ете түсер өмір барлығын аңғартады. Қайта оянар, қайта жасарар көктем өмірдің бүгін барлық балғын лебі сыртына тегуіпті.

Бізде сайлау — халықтық мейрам күні. Алатау көшесіндегі сайлау участогіне үш қартаң әйел мен екі қарт бірге келе жатты. Күн жылы болса да бәрі қысқа арналатын сәнді киімдерін түгел киген. Қонаққа я құдалыққа баратындай байсалды да сабырлы сөйлесіп келеді.

— Мен, Шорабек, моншадан келген соң, азғана қалғыганым болмаса, ұйықтағаным жоқ,— деді орыс шалы қасындағы қазаққа.— Көзілдірігімді киіп алдым да, кандидатымыздың сөйлеген сөзін газеттен тағы бір оқып шықтым. Бұрын бірден ұстап қалатын сөздерді енді тағы бір қайталамасаң тозуға айналған миға қона алмайтын болыпты...— Өзін-өзі еркін әжуалай алатынына шалдың езу тартқаны мұртынан байқалады.

— Менің сенерім құлағым ғана,— дейді қазақ шалы.— Мен оқи алмаймын... Балам, келінім, немерелерім, үгітшілер қанша ерінбей түсіндірсе, соны ұстап қалам да, қанағат етем. Бұл кісілер Қазақстанды бұл күнге дейін болмаған биікке көтереді,— деп жастар қатты сеніп, жиі-жиі айтып отырады, менің берік ұстап қалағаным сол. Моншадан қайтқан соң, менің де түні бойы ойлағаным сол жаңа Қазақстан болды.

— Оған шүбәң болмасын! Сенің ойыңнан асырып шығарады!

— Кекірігі жоқ, шуы жоқ, сыртымен қампаймай, ісімен, ақылымен күнде алғыс айтқызып отыратын біздің адамдар аз емес қой!— деп қазақ шалы элденеге наразы, намыстанары барлығын аңғарта, өз кемпіріне қарап қойды.

— Әй, біздің үркепне даңғойға ем қонбас!— деп, кемпірі ол наразылықтың өздері білетін біреуге айтылатынын аңдатты.— Ол кабинетте отырады, еңбекақы келіп жатады, жұмыс тоқтап тұрады депті ғой. Біздің сырбаз соның тап өзі болып шықпады ма!

Сайлау участогінің алдына келіп тұра қалған сұр машинадан үстінде түлкі ішік, аяғында көкке боялған жылы жүн ұйықтың сыртынан киген қопышты галошы бар, басына нәлдеген үлкен ақ жаулық ораған кәрі

кемпір түсіп жатыр. Екі жас әйел мен бір жас қыз кемпірді қолтықтап, сайлау үйінің баспалдағына шығара бергенде алдынан үгітшілер қарсы ұмтылып:

— Шеше-ау, Сіз келмей-ақ қойыңыз, дауысты үйіңізде берерсіз деп едік қой!— десіп бәйек болысып қалды.

— Шырақтарым-ау, ұлыстың ұлы күні үйінде отырғанға мені қуанып қалды деп пе едіңдер? Мынау немересем бұл бірінші рет дауыс береді, өзім ертіп әкелмесем, ол менің жөнін біледі,— деді кемпір. Әжесінің көп нәрсенің «жөнін» білетініне кешірім көзімен қарап, дардыланған немересі аз ғана жымиды да үндеген жоқ.

Біздің көршілерімізден биыл екі жас қыз бірінші рет дауыс бермекші еді. Олар да біздің басқа жастарымыз сияқты дауыс беру сағатын асыға күтті. Тазалап қойған микропор ұлтанды, сәнді ботинкалары өздігінен жүріп кетердей-ақ жұтынып тұр. Ол екеуі жұрттың бәрінен бұрын барып дауыс беруге әзірленіп, сағат бестен дүрлігіп еді. Бірақ кезек бір қарт адамдарға тиіп қалды. Жас қыздар кезегімен дауыстарын бергеннен кейін де сайлау үйіне қайта-қайта барып, дамыл таппады.

Біздің адамдар неге бүйтеді? Сайлау күнін не үшін ұлы мейрамға айналдырады? Қуаныш қызуы неліктен осынша күшті? Кәрі-жастың, еркек-әйелдің әр түрлі еңбек адамдарының жүздерінде неліктен бір ғана тәкаппарлық сезім танылады?

Совет адамдары үшін бұл сұраулардың жауабын біздің өміріміздің өзі береді. Еңбекте, мемлекет ісін басқаруда, барлық тіршілікте тең праволы совет адамдарының туысқан партиясы мен үкіметіне айтар алғысы көп. Отанын дүние жүзіндегі ең бірінші елге айналдырып, халқының барлық мұң-мұқтажын, арман-тілегін күнбе-күн ойдағыдай орындап отырған, күн сайын жоғары өрлетіп, ой жетпесіне қол жеткізіп отырған Коммунистік партия мен Совет үкіметін халқымыз терең де шын мағынасында өзіміздікі, менікі дейді. Халқымыздың шаруашылығы мен тұрмысы төрт жылдың ішінде екі есе өсіп отырса, сол төрт жылдың ішінде ауыр өнеркәсіп өнімінің өсуі 1940 жылғы өнеркәсіптің барлық өнімінен асып түсіп отырса, бұл ешбір елдің өркендеу тарихында болмаған, капиталистік дүниеде болмайтын табыстар. Молшылық өмір, қала мен далаға кең жайылған. Ғылым, мәдениет табыстары біздің халқымыздың өз еңбегімен жасап, өз көзімен көріп, күнбе-күн пайдаланып отырған нәрселері. Көп алғыс осыдан туады. Сол табыс-

тарын өсіре беру үшін совет халқы таңдамалы адамдарын Жоғарғы Советке депутат етіп сайлайды. Сайлау — совет халқының мейрамы болатын себебі де осы. 1947 жылдан бастап кең мағынасында кірген молшылық, ірі өндірістің өсуі, ауыл шаруашылық азығына жыл сайын жасалып келе жатқан арзандату халық тұрмысын тез көтеріп жіберді. Партия мен үкіметіне халқымыздың әрқашан ырза болатыны сол. Сондықтан да сайлауға халқымыз ырза көңілін білдіруге мейрамға барғандай сәнімен, әнімен барады.

1954 ж.

ҰЛЫ КӨКТЕМ

Еңбек соқасы тимегендіктен мәңгі қысырап, құнарын іркіп жатқан Қазақстан даласында биыл ерекше бір ұлы көктем басталады. Қазақстан соңғы қырық жылдың ішінде қанша жер жыртса, екі жылдың ішінде сонша тың жер жыртады. Қандай елдің өмір тарихын алсаң да, екі жылдың еңбегі 40 жылға теңдесер істер кездесе бермейді. Бұл азат еңбекті, бай техникалы, социалистік елде ғана мүмкін болатын іс.

Қазақстан дүние жүзінде жерге бай елдердің алдыңғы қатарына қосылады. Шөлейт, құмайт сахаралықты қоспай-ақ, қара қыртысты солтүстік шығыс жағымызды алсақ та, ауыл басына 50—100 мың гектардан жер келетін колхоздар аз емес. Бұл жай, әсіресе, қазақ колхоздарында жиі кездеседі. Егістігі мен шабындығын қосқанда сонша мол жердің бестен бірін ғана, кейде онан да азырағын пайдаланатын колхоздар бар. Өзге жері ылғи тусып, тұяқ тимей тың жатады. Биыл, міне, осындай тың жерлерге, тусыған жерлерге жаппай еңбек шабуылы басталған жыл. Бұл шабуылда Қазақстанға жаңа жігермен, іскерлікпен, елдік намыспен атқаратын үлкен абыройдың үлесі тиіп отыр. Одақ көлемінде жаңадан жыртылатын 13 миллион гектар жердің 6 миллион 300 мыңы Қазақстан үлесіне тиетінін еске алсақ, құлазып жатқан қанша жердің жайқалған егіске, байлыққа, еңбек табысына айналатыны да көз алдымызға келсе керек.

Бұл аса терең мағынадағы ұлы жорық, ұлы Коммунистік партияның Орталық штабы бастап бүкіл совет халқының ең бірінші кезектегі майданы есебінде қолға

алынып отырған іс. Москвадан, Киевтен, Алматыдан, өндірістен, колхоздан қосыла шыққан жорық дабылы тоғысып келіп бүкіл халықтық қозғалысқа айналды. Совет халықтарының бұлжымас достық үні біріге шығып, ұлы жорыққа әзір екенімізді де көрсетті. Әсіресе, тың істерге тың күштер — комсомолецтер Ленин ұрпағына лайық ұйымшылдықпен аттанды. Алыс демей, жатсырамай, Орталық Россия мен Украинадан мыңдаған комсомолец-жастар Қазақстан ауыл шаруашылығына келіп қосылды. Ауыл шаруашылығының мамандары, механизаторлары жетіспей жатқан жерлерімізге бұл өте үлкен жәрдем — достас, туысқан елдеріміздей біріне-бірі әр кезде көрсетіп отыратын бауырластық жәрдемі. Ол жастарды қазақ халқы қуанышпен қарсы алып, құшағын ашты, келгендер қонақсып отырмай, іске кірісті.

Тың және тыңайған жерлерді көтерудің мақсаты — Отанымызда астық молшылығын жасаудың қамы. Бұл мәселе бүкіл ауыл шаруашылық өндірісінің негізі ретінде қолға алынып отыр. Барлық халық қажетіне керекті заттардың молшылығын жасау да, ең алдымен осы астық молшылығынан туады. Әр жылдың ауыр-жеңіл ауа райына қарай кейде ауыр апатқа ұшырап қалатын мал шаруашылығы да енді сенімді қорекке сүйенеді. Мал шаруашылығының өнімі де молаяды. Бұл біздің Қазақстан үшін ерекше мәні бар мәселе екені кімге болса да түсінікті болу керек. Олай болса, тың және тыңайған жерлерді көтеру барлық халық шаруашылығы үшін аса зор маңызы бар шабуыл екенін көреміз. Бұл — ұлы партиямыздың даналығынан туған ұлы істердің бірі.

Тың және тыңайған жерлерді көтеруге биыл Қазақстанның мың жарымнан артығырақ колхоздары кіріседі. Жарты миллион гектардан астам тың жер осы көктемде жыртылып, бидай себіледі. Кейбір колхозда жылма-жыл қанша егін егіп келсе, сонысына қоса дәл сол көлемде тың жер жыртады. Сонымен бірге агрономия ғылымының барлық шарттары бұзылмай іске асырылуға тиіс. Биыл жыртылып, бидай егілетін жерлерге қар тоқтату, қардың суын бөгеп қалу, егісті мерзімін өткізбей егу сияқты негізгі талаптар айғай-шудың астында кетпей іске асырылуға тиіс. Ендігі жаңа жігер, іскерлік дегендеріміз ғылымға сүйенсе ғана баянды болады. Шынын айту керек, қазақ колхоздарында ғылымға сүйену, еңбек мәдениеті дегендер әлі тереңдеген жоқ. Санын қуалау жетіп жатса, сапасын қадағалау көбінесе үстірт қалады. Мұн-

дай ескірген әдеттер, сөздегі шеберлік пен істегі олақтықтар, кереғаулықтар ендігі жерде кертартпалық деп есептелуге тиіс.

Тың жерлерді трактор айырады. Жер жыртуға көлік салу деген советтік ауыл шаруашылығынан біржола шығып қалды. Ұлы Отан соғысы тұсында сырға түскен салмақ, қазір атқа да түспейді. Колхозды ауыл шаруашылығында үстіміздегі жылы бір миллион 260 мың трактор бар екен! Орталық партия комитетінің сентябрь Пленумынан кейінгі 5 айдың ішінде машина-трактор станцияларына мыңдаған тракторлар жіберіліпті. Тың жерді жыртудың бар салмағы мемлекетіміз беріп отырған трактор паркіне түседі. Әсіресе биыл Қазақстанда трактор паркі өте молығып кетті. Биылғы көктемде іске кіресетін жаңадан құралатын 92 астық совхоздарының күштерін қоссақ, биылғы көктемнің Қазақстан үшін жаңа бір биік белге шыққанын аңдасақ керек. Биылғы көктем Қазақстан ауыл шаруашылығының өнімі жөнінегі бұрынғы өлшеулердің түгел ескіргендігін көрсетеді.

Совет елінде мардымсыз істер оңай ескіреді. Совет қоғамының үш ұлы тірегі — ұлы Ленин партиясының даналық саясаты, ғылым мен мәдениет — боямалы жалғанға, тоңастық пен арзанға, болмашы мен тоғышарлыққа енді орын бермейді; ғылымға, техникаға сүйенген социализм Отаны капиталистік елдердің ешбір уақытта арман ете алмайтын істерін аз жылдарда шешіп, тағы да ілгері аттайды. Кешегі күн ертеңгі күнге негіз болса да, үлгі бола алмайды. Биылғы көктемде Қазақстан колхозшылары жарты миллион гектардан астам тың жерге егін ексе, келесі көктемде жоғарыда айтылған 6 миллион 300 мың гектар тың жер түгел егіледі. Жалғыз ғана егістік емес, барлық ауыл шаруашылығы осыған сәйкес, мол қарқынмен алға басады. Биылғы көктем — сол жаңа қарқынның беташары. Бұл көктем — ескірген өлшеулерді, баяулық пен шабандықты, азға мардымсуды, мүгедек әдеттерді әйгілеп, енді оларды ұмытатын уақыт жеткендігін бейнелеп тұрған көктем.

Көктем!.. Тың жерлер!.. Тың істерге — тың күштер! Не деген мағыналы да ардақты жайларды аңғартады. Жайқалған көктемдей, құлпырған жастардай, бар ісіміздің жасаруы мен жақсаруын аңғартпай ма? Бұл — жалпы әрекетіміз бен еңбегіміз үшін де, жаңа ойланып, жаңаша қимылдау үшін де жаңа көктем. Сол тың істерге жаны мен күшін қоспаған адам аса ардақты халықтық

қозғалысқа араласпай қалған кесір де кері кеткен саналуы керек! Жалқау, қырсыз деген аттар ондай адамдарға олқы болып қалатын болсын.

Қазақстан Коммунистік партиясының VII съезі республикамыздың көп жайлардан орынсыз олқылыққа ұшырап отырғанын көрсетті. Ұзақ жылдарға созылған, шырға айналған басқару әдістеріміздің әлдеқашан ескіргендігін, әсіресе, ауыл шаруашылығының төмендеп кетуіне себеп болғандығын ашты. Бұл жылдардың салдары экономикамыз бен мәдениетіміздің, әсіресе еңбекші бұқарамыздың қарыштап өсуіне де үлкен бөгесін болды. Еңбек әрекетіндегі жеке адамдардың шын мағынасындағы үлкен табыстары көпшілік арасынан кең өріс ала алған жоқ. Бұл жөнінде қазақ әйелдерінің белсенділігін көрсете түсу үшін бірнеше тілектер қоюға болады. Мысалы, Қазақстан ауыл шаруашылығында істейтін еңбекшілерінің 60 проценті әйелдер екен, олай болса, сол еңбекте азаматтық даусы басымырақ шығатындар да әйелдер болу керек те. Сол дауыс әлі әлсіздеу. Тың жерлерге шабуыл жасауға аттанған жас күштердің, комсомолецтердің ішінде қазақ қызының даусы естілмей қалды деуге болады. Біздің алыс түкпірдегі сонау Украинадан, Орталық Россиядан туып-өскен ұясын қиып қанша қыздар келді! Қолға беттерінде ауыл шаруашылығының әр түрлі мамандығын, бай техникасын меңгеруге кірісіп те кетті. Ауыл шаруашылығында көбірек орын алатын қазақ әйелдері сол еңбекті, ғылым мен техниканы меңгеріп алуға әлі марғаусып келеді.

Қазақ қызының ғалым бола аларын да, мемлекетті басқара аларын да, техниканы меңгере аларын да тәжірибе көрсетті. Енді бұған шала сезіммен қараушылар болса, ол да ескі ауылдың әсерінен арылмағандығын ғана танытады. Сонымен қатар қазақ әйелдерінің қалың көпшілігін алып қарасаңыз, көп жағдайларда ескі салтсананың бұғау-шырмауымен көбінесе үй ішілік, от басылыққа қарай бейімделе беретінін бетіне басып айтуымыз керек.

Әйелдердің ең көп қатынасатын ауыл шаруашылық еңбегінің ерекше бір ұлы көктеміне кірдік. Бұл — өзінің бай техникасымен, агротехникалық ғылымымен, еңбек мәдениетімен, шын мағынасындағы аса күрделі қарқынмен келген көктем. Бұл — өз мезгілімен өтіп кететін маусым емес, ауыл шаруашылығының барлық саласына біржола кіріп, жыл сайын күшейе де, кеңейе де беретін,

молшылыққа негіз болатын халықтық бір ұлы істің көктемі. Аз жылдардың ішінде-ақ Қазақстанның экономикасы мен мәдениетінің қалай көтеріліп кеткеніне өзіміз таңданып қарайтын боламыз. Бұл күресте қазақ әйелінің орны да олқы емес, сол орнын бағалай білу, өмірдің көлеңкесі емес, жарығына, ойпатына емес, өріне ұмтылу — әйелдердің өз қолында. Біз әйелдердің әрбір келген жаңа көктемдей құлпыра беруін, жайнай түсуін тілейміз.

1954 ж.

МӘҢГІЛІК ДОС ЖҮРЕКТЕН

Москвадан шыққан поезд жол бойын тұтас өрлей отырғызған жал-жал қыз-қарағайды қақ жара сырғып Украина жеріне кіргенде сіз табиғат өзгерісін қапелімде аңғармай да қаласыз. Жердің қыртысы мен түгі де өзгереді, ағашты даланқы Украинаның жаратылыс бедері де басқа, бірақ сол жерге сіңірілген еңбек те бір ойдан шыққандай, тарихы бір тіршілік салтынан туған тұтастық, тұрақтылық бар. Алысқа жетелей, жарыса созылған қос жол сияқты, алыстан келе жатқан, алысқа тартатын тұтастық, терең тамырлы туысқандық сезінесің. Өрлеу жолындағы әр түрлі сатыны аңғартып тұратын не жасаң, не жасамас шек жоқ ұзақ қасырлардың тұтас та кесек, терең де мағыналы еңбегін көресің. Табиғат өрнегін еңбек өрнегі жеңіп кеткен. Бұл — адам еңбегі, ел еңбегі. Жаратылыстың жабайы күйінен көзіңді аударып әкете беретін де сол, ілгері де озық елдің дарынды еңбегінің дарынды өрнегі.

Жол бойында еңбек соқасы тимеген жер кездеспейді десең де болғандай. Ормандар еріксіз ысырылып егінге орын беріпті де, енді, соны айнала қоршап, жел мен күннен бірдей қорғап тұр. Асау сулар айдауға көніп, еңбек дейтін ұлы иесіне біржола бағынған. Қыс көрсең, белбелестерден асып түсіп, тұтас аударылып қалған егінжайда нық тіресе жатқан ұзын-ұзын, үйір-үйір маялар тұрады. Мыңдаған адам екпе ағаштардың басында қалған тұқымдарын қапшықтап теріп, тау-тау етіп үйіп жатады. Жазғытұрым дәнді дақылдармен Совет Одағында үштің біріне тең орын алатын бау-бақшамен бірге, миллиондаған түп ағаш егіледі. Бұл — әрбір колхоздың, мектептің, завод-фабриканың жылма-жылғы әдетіне айналған аса бір қадірлі өнегелері. Айқай-шусыз, дарақылықсыз салт-санаға берік ұялаған іскерлік арқылы «көк

белбеу» Украина жерін қат-қабат орап көлеңкелі көкмайсаға айналдырып келеді. Толқындаған теңіздер ұшықиырсыз көк егіс гүрсілі көп қалаларға тіреліп, бақшалар мен парктерге жалғасады. Дала еңбегі мен қала еңбегінің шекарасын оңайлықпен ажырата да алмайсың.

Көк жамылған, бау-бақшамен әдейі қоршап қойғандай аппақ украин үйлері барлықты, молшылықты, шаттықты бейнелейді. Күлкісі жарқын, қалжыңға шебер, ән мен биге бірдей құмар, достыққа берік, қажырлы елді танисың. Украина өнімді еңбекті еркін меңгеріп, әні мен сәнін тапқан халықтардың бірі: еңбек өнімді болса, ән де көңілді болат та!

Украина — ұзақ тарихы бар мәдениеттің елі. Киев пен Харьков қалалары Ленинград пен Москваны есіңе түсіреді.

Украин қалаларының үстінде биік көтерілген өнеркәсіптің түтін бұлттары мен үздіксіз гүрсілдері үлкен тыныстың, алып жүректің соғуын аңғартады. Түтін бұлты мыңдаған завод, фабрикалардікі болса, үлкен тыныстың алып жүрек — ел жүрегі, украин халқының жүрегі. Ауыр өнеркәсіптің үлкен бір ордасы Киев, тракторлы Харьков, көмірлі Донбасс, әсем порт Одесса сияқты атақты қалалар сол халықтың еңбегі, жер бетіне биік те мәңгілік болып орнаған қалалар. Бұған неміс фашизмі аяусыз қиратып, талқандап кеткен қалалардың Ұлы Отан соғысынан кейінгі аз жылдардың ішінде бұрынғысынан да көркем, бұрынғысынан да құдіретті қалыпқа көшкені айғақ. Соғысқа дейін Украинаның 148 жоғары мектептерінде 126 мың студент оқыса, қазір 280 мың студент оқиды екен. Үстіміздегі жылдың ішінде жеңіл өнеркәсіптің 900 фабрика, заводтары салынбақ, атақты Крещатик көшесін бұрынғы қалпынан асырып қайта жасау жұмысы алынбақ.

Украина — бақытты болашағы үшін ұзақ ғасырлар бойына қажымай алысқан ел. Туысқан ағасы орыс халқына қол артып, ол поляк, неміс, түрік алпауыттарына талай рет қажырлы қайратын көрсетті, бірі етектен, бірі жағадан алған көп жауларына әр кезде төтеп беріп, ұлттық тәуелсіздігін сақтап қала алды. Сол ауыр айқастарда барлық болашағы ұлы орыс халқымен бірге екенін түсінді. Сыртқы жауларының жалдамалысы болған өз феодалдарының қыры сынбай тұрған заманда-ақ, Богдан Хмельницкий сияқты көсемі бастаған украин халқы ұлы орыс халқына қайта қосылды. Сол тарихи бет бұрысқа,

міне, үш жүз жыл толды. Москвадан шыққан соң Украина табиғатының өзгерісін бірден аңдай алмасаңыз, ол сол үш жүз жыл бойында тізе қоса бірге қимылдаған бауырлас елдердің тамырлас еңбегінің нәтижесі.

Әрине, ол үш жүз жылдың ішінде Ұлы Октябрь революциясынан бергі отыз жеті жылдың орны басқа. Украинаның советтік ұлы мемлекетке айналуы — Европадағы бірнеше іргелі мемлекеттерден экономика, мәдениет жағынан басып озуы Коммунистік партия бастаған осы отыз жеті жылдың нәтижесі. Украин халқының социалистік революция дәуіріндегі табыстарына бұрынғы талай ғасырлары тізе бүгеді. Мемлекеттік ойы ерте ер жеткен украин халқы осы болашағына ұмтылды. Бұл отарлы Россиядағы барлық езілген ұлттар үшін тарихи өнеге еді.

Украин халқының туысқан ағасы орыс халқына қайта қосылғанына үш жүз жыл толғанын Советтік Қазақстан айнымас дос жүректен құттықтап, Советтік Украинаның гүлдене беруін тілейді. Богдан Хмельницкий, Тарас Шевченко сияқты ұлы аталардың бүгінгі ұлы ұрпақтары туған елін аз жылдардың ішінде іргелі мемлекеттердің қатарына шығарғанын мақтаныш та қуаныш етеді.

Қазақстанның қай жерінде де осы қуаныш, осы сезім. Социалистік жарыс арқылы қатар өсіп, бірге қаулап келе жатқан қазақ, украин колхозшылары да, көмір, мыс, қорғасын және мұнай өндірісінде тізе қоса қимылдаған қазақ, украин жұмысшылары да, орыс және украин халықтарының Совет Одағындағы басқа да барлық халықтардың тарихи үлкен тойын бірге тойласады. Мәдениет сарайларында, лекторийлерде, мектептерде, институттарда, клубтарда еңбек сүйетін, іскер де дарынды украин халқының ұлы мемлекетке айналғанын достық ынтамен, қызыға да құмарта тыңдайды. Ұлы елге лайық істеріне сүйенеді.

Туысқан совет халықтарының ішінде қазақ пен украин халықтарының достығы басталғалы көп тарихи кезеңдер өтті. Қазақстанның солтүстік шығыс жақтарында қазақ ауылдары мен украин поселкелері аралас отыра бастағанына ұзамай жүз жыл толады. Бұл қазақ халқының егін егуге, отырықшылыққа бейімделуіне әсер тиген жағдай еді. Қазір сол жерлерде кейде қатар отырған, кейде, тіпті, бірігіп кеткен қазақ-украин колхоздарының егістері жайқалады.

Украин халқының атақты ұлы, ақын Тарас Шевченко Каспий теңізінің солтүстігіндегі елсіз жапан түзінде айдауда болып еді. Кедей халқының зар-мұңы ұлы ақынның жүрегінде кірнедей қадалғанын көреміз. Әкесінің тымағын киген жалаңаш жас балалар қайыр сұрап тұр. Бұл — қазақ балалары. Қеліге салып тары түйген жас әйел келінің сабына сүйеніп ойланып қалыпты. Бұл — қазақ әйелі, теңсіз әйел, күң әйел. Ар жағында мұңды ақынның өзі көрінеді. Бұл, міне, қазақ өмірінен алынған, Тарас Шевченконың салған суреттері. Ашайы елді жатсырамаған, байын емес, кедейін көрген демократ ақынның салған суреттері.

Туысқандық, махаббат
Деген сөздер қосылмай,
Ғасырларға болып жат
Кеткені ме осылай?— деп жазған ақынның қазақ өмірінен алған күрсініс әсері.

Тарас Шевченконың айдауда болған жері қазіргі күнде сол ақынның атымен аталады. Қазақ халқы өз тілінде Шевченконың өлеңдерін өткен күндегі өз мұңындай сүйсініп те, күрсініп те оқиды. Тілегі бір, мұңы бір адамды сезінеді. Біз Абай әндерін салғанда да украин халқының кең серпінді жан-жүрегіне тиетін мелодиясының лебін сезінеміз. Тілектес, мұңдас халықтардың музыкалық сазы да біріне-бірі жатсырамай тоғысқан.

Бұл айтылғандар арғы замандардың жақсы өнегелері болса, Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бері дәуір достық тілектердің күнделікті көп әрекеттерге айналғанын көрсетеді, Ұлы бесжылдықтар мен Отан соғысының майдандарында совет халықтарының достығы мәңгілік мағынада қайнасып бекіді. Бұл жылдарда украин және қазақ халықтарының еңбек қатынасы қат-қабаттасқан үздіксіз іске айналды. Жер қойнына көмірді қалай алу шеберлігін Донбастан үйреніп қайтқан Қарағандының жүздеген қазақ жұмысшылары ондаған ұстаздары мен достарын ерекше жылылықпен еске алады. Ұлы Отан соғысының тұсында Донбасс көмірі фашизмнің қолына уақытша түсіп қалғанда Қарағандыға ауысқан мыңдаған украин жұмысшылары Қазақстанның абыройы үшін аянбай алысты, Қарағандыға жақсы өнегелерін қалдырды. Донбасс пен Қарағанды арасындағы социалистік жарыс жыл санап кең өріс алуда. Отанымыздың екі үлкен көмір базасы екі арада мыңдаған километр далалар жатқанын елеген емес. Бірінде табылған жаңалық

тезбе-тез біріне ауысып отырады. Қазақстанның мыңдаған қызылшашы әйелдері украин қыздарын, еңбектес достарын ылғи алғыспен еске алады. Украина жерін украин ұлдарымен бірге фашизм басқыншылығынан айырып алысқан мыңдаған қазақ жігіттері екі елдің достығын өзінің қанымен де бекітті. Днепрдің арғы бетіне өткенде Украина топырағын құшақтап сүйген қазақ жасы сол достықтың тереңдігін ғана көрсетеді.

Қазақстан халқының есінде 1954 жылдың көктемі де берік сақталады. Қазақ даласында мыңдаған Харьков тракторларының гүрсіліне қосыла, мыңдаған украин комсомолецтерінің қызулы әндері біріге шығады. Ол бауырлас украин халқының миллиондаған гектар тың жерлерді меңгеру үшін, Қазақстанға жіберілген жастарының әні. Қазір колхоз қостарынан қазақ, украин әндері ерсілі-қарсылы естіледі. Еңбек гимніне айналған достық әндері еш уақытта ұмытылған емес.

Совет халықтарының достығы тең праволы, еркін елдердің достығы, қарым-қарыз тілемейтін, адал да берік, мәңгілік достық!

Советтік Украина мен Қазақстанның мәдени байланыстары да еш уақытта үзілген емес. Микола Бажан, Павло Тычина сияқты украин халқының атақты ақындары әлденеше рет Жамбылдың құшағында болды. Жамбыл ақын сүйген жүректен толғанып туған талай өлеңдерін туысқан Украина халқына арнады. Украина газеттері қазақ совет жазушыларына, Қазақстанның әдебиеті мен искусствосына ылғи бет беріп тұрады. Қазақ совет жазушыларының таңдаулы шығармалары украин тілінде оқылады, сахналарына қойылады. Қазақ жазушысы Сәбит Мұқанов Украинаны аралап, соғыстан кейінгі табыстарын кең түрде көрсетуге арналған ұзақ очерктер жазып жүр. Украин жерінде соғысқан ақын Жұмағали Саинның соғыстан кейінгі шығармаларында Украина тақырыбы кең орын алады. Қазақ жазушыларының көп шығармаларында басты геройлардың бірсыпырасы украиндар. Бұл — әрине кездейсоқ нәрсе емес, туысқандық, бауырластық сезімнен туған. Белорус халқының атақты қарт ақыны Якуб Қоластың үйіндегі бір пештің қабырғасында сыр бояумен жазылған төрт жол өлеңінің Жамбыл атымен басталатынын бұрын да бір ескерткен едім. Онда Ғафур Гулямның да, басқа ұлттар жазушыларының да аттары бар. Міне, Совет Одағының қай жерін алсаң да осы достық сезім кең өріс алып, со-

вет адамдарының болмысына біржола берік кіргенін көресің.

Совет халықтарының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті біріне-бірі дем бере, тізе қоса өркендеп келеді. Қазақ халқына ұлы орыс халқының әдебиетімен бірге Украина жазушыларының шығармалары да өз тумасындай кең тарады. Тарас Шевченко, Микола Бажан, Павло Тычина, Александр Корнейчук, Ванда Василевская, Ярослав Галан, Забилла шығармалары әдебиет оқитын жұртшылығымызға қазақ жазушыларының шығармаларындай әбден таныс. Советтік дәуірдің көп кезеңдерін көрсете алатын «Платон Кречет», «Майдан», «Таң алдында» сияқты украин драматургтерінің талантты жазылған пьесаларын мыңдаған қазақ өз сахналарынан көрді.

Украин халқы — ұлы халыққа лайық ерлік жолымен өскен, жеңіс қуанышын көрген халық. Ол Богдан Хмельницкий, Щорс сияқты қолбасшылар, Шевченко сияқты атақты ақын берген халық, ол жүрегіне сай күші бар, тілегіне сай ісі бар халық. Қазір мыңдаған украин ұлдары кең магынадағы мемлекет ісінде. Бұдан үш жүз жыл бұрын ұлы орыс халқына қайта қосылу қозғалысын бастаған қолбасшы Богдан Хмельницкий туған елінің болашағын алдағы бірнеше ғасырлардан аттап барып, алыстан көрген! Бір жағынан Польша пандары қамшы ойнатып, екінші жағынан түрік сұлтандары алқымынан алғысы келіп тұрғанда еліне тура бағыт сілтеген, феодалдық кертартпалардың қамалын бұзып шыққан.

Бұл, әрине, түптеп келгенде бұрын отарлық қанауда болған барлық Россия халықтарының басып өткен жолы. Бірі ертерек, бірі едәуір кешеуілдеп, әрқайсысы әр түрлі тарихи жағдайда, әрқайсысы өзінің хал-қадарына қарай өтті. Мал баққан көшпенді халықтың кешеуілімен қазақ халқы да өтті. Феодалдық хандар мен сұлтандар қанша бөгесін жасап қараса да қазақ халқы орыс халқымен қол ұстаспай ел бола алмасын сезінді. Қазақ халқының елдік тарихында да бұл ең елеулі еңбегі!

Ұлы орыс халқының бұқарашыл бай мәдениетінсіз бізге Шоқан да, Ыбырай да, Абай да болмас еді. Ескілік табынан әлі де талай ғасыр арылмаған болар еді. Тек ұлы орыс халқының риясыз жәрдемі арқылы ғана Коммунистік партияның, көсеміміз Ленинның басшылығы арқасында ғана қазақ халқы қуанышты, жарық өмірге шықты, гүлденген социалистік елге айналды.

Ұлы орыс халқымен қосылуға бірінші болып жол салған ұлы украин халқы, сол тарихи үлгі ескі Россияның басқа халықтарына да дем берді, сүйеніш болды. Сондықтан да Украинаның Россиямен қайта қосылғанына 300 жыл толуын қазақ халқы өз мерекесіндей құрметтейді. Украин халқының азаттық жолындағы күрестерде көрсеткен табандылығы, болашағын алыстан көруі барлық езілген халықтар үшін ерлік үлгі еді. Богдан Хмельницкий сияқты атақты ерлердің аңсаған болашағы қазір украин халқының мемлекеттік гербінде алтын әріптермен жазылған. Оның аты — Украина Советтік Социалистік Республикасы!

Ол республиканың европалық талай ірі мемлекеттерден қалай озып шыққанын біз өз көзімізбен көріп, украин халқымен бірге қуанамыз. Ұлы табыстар Карпат тауларынан Қара теңізге дейін келетін кең жердің бетіне мәңгі өшпейтін еңбек әріптерімен жазылған.

Сәлем саған, гүлденген Украина!

Туысқан бауырымыз украин халқы, атағың аса берсін де жасай бер!

Советтік Қазақстан сені мәңгілік дос жүректен құттықтайды!

1954 ж.

ОТАРЛАР ОРАЛЫП КЕЛЕДІ

Былтыр күз мекен маңайында қырқылғаннан кейін Сартау құмға қарай бет алған жүздеген отарлар енді жазғы жайылымы — Алатау жоталарына оралып келеді. Оттай өріп, жыбырлай жылжып қыс ортасына таман изенді, еркекті, қалың жусанды құм арасына жетіп еді, енді етек тауларға өз тұяғымен салған ирек жолдармен асып, тізеден келетін балғын көк шалғынды тау жайлауына барады. Алатау жақ арттан жауған қардан озып кете алмай құмға ұзақ жүріп жеткен отарлар март басынан-ақ оңтүстікке сырыла берген қарды қуалап сулы өңірге қарай тез құлап кетті. Құмға жетіп ірге тебу екі айлық жүріс болса, қайту одан анағұрлым тез болғандықтан шермеңдеген ішті қойлар едәуір айдау да көрді. Бұл — колхоз отарлары. Іле, Күрті, Қаскелең, Сорбұлақ суларының бойында, желқұдық орнатылған сай-салаларда бақсының тымағындай ұсқынсыз шошайып андап тұрған «Алтыаяқтар»— колхоз қойшыларының күркелері.

Буалдыр мұнартып кеш түсе бастайды. Кең даланың жоп-жоталарынан суға еңкейген отарлар көкжиекке дейін кете беретіндей тұтаса қыбырлайды. Көк барқыт балғын жайылымнан тойынып, тағы бір күн ойнақы өмір сүріп есейіп қалған ақ қозылар отардың арт жағында оңаша ұйлығып ойнайды. Әлдеқайда шұбай жүгіріп, жарысып кетеді. Жолаушы машинасы ақырын ғана қыңқ етіп қалса жас қозылар қуанып кететін сияқты — оршып, секіріп, орғып-орғып алады. Алаңы көп балаң шақтың мінезін білетін сақа қойшылардың өз қолдарында да қаңылтыр қаңғырлақтары бар.

— Қарағым-шырағым, шәйт-мәйтің жас төлдің құлағына да кірмейді... Қаңғырлаққа әуес келеді, бір уыс болады,— дейді Қаскелең ауданы, Абай атындағы колхоздың қойшысы Жатқанбай Ұлтарақов.

Көп отарларда сақалдары тізесін соққан бір-бір саржағал теке кездеседі: шыбынсыз, масасыз тау жайлауын аңсай бастағандай сақалын тау жақтан соққан самалға тосып ұзақ-ұзақ аңырып тұрғанын көресің. Қойшылар үшін бұл да бір белгі, мезгіл белгісі.

Оты қанған, қағажусыз суарылған қой-қозылар еріне қозғалып келіп, күн бата «Алтыаяқ» алдына қоралана бастайды. Әлі де ойыны қанбаған жас қозылар қойшы күркесін айнала шапқыласып тағы да біраз ойнап алады, күркенің үстіне де секіреді.

Мама қойлар тынышсыз маңырасып қозыларын шақырады. Ойнап кеткен жас төл түн болып қалғанын сол шеше үнінен сезінгендей жамыраса маңырап енелерін іздейді. Су бойына қыдыра қонған «Алтыаяқ» маңайы ың-жың... Күндіз даланы кернеген қой отарларының іңір кезінде маңырасқан үндері бір кез өзен бойын түгел жауып кетеді. Даланқы құлақ қапардай мол үн. Ұзамай бұл үн де басылып, дала жым-жырт тынады да андасанда бір арс етіп қалған күзет иттерінің сақ дыбыстары ғана естіледі. Жұмсақ та жылы жібек түнде жылы шыраймен жылтылдаған қос оттары жымыңдасады.

Таңертеңгі көгілдір мұнарда боз торғай шырылымен бірге өрген ақ отарлар көкжиекті әрірек ысыра, ұзай береді.

Бұл бірдің екеу болып, күтімі келіскен жерде үшеу болып оралған кезі. Төрт жүз болып кеткен, мың болып оралған отарлар бар. Бірақ «айдап салдың малы өспес» деген сияқты, омыраудан қар тіреп, арқадан аяз қысқан кездерде отарларын «аллаға» тапсырып отырып қалған

колхоздардың кейбір отарлары олқы қайтқан. Ондай отарлардың қойшылары ашушаң, өздері ашаң да, иттері семіз, «Алтыаяқтарының» қасында үйіліп жатқан қой терілері көбірек. Мұндай жай, әсіресе, Қаскелең ауданының отарларында көбірек кездесті.

Қаскелең ауданы, Абай атындағы колхоздың кәнігі қойшыларының бірі Жатқанбай Ұлтараков өткен қыста қойшы өміріне үлкен жақсылықтар кіргенін қуанышпен айтады:

— Пай-пай-пай, шөп бір жақта жатса, қой бір жақта бағылатын бір жылдар бар еді-ау!.. Колхоздың жылда шапқан шөбі жылда шіріп далада қалып, малы бір жақта қырылып жататын. Жұт жоқта жұт жасап отыратындардан арылып келеміз. Сол бір он бес жылдың бойында жер қара, күн жылыда жұтаған кездеріміз де болды. Малшылар малдан безінгендей болдық. Өткен қыс олай болған жоқ. Қар қалың жауып қалған кезде мая-мая шөпті трактор бір-ақ тартып қасымызға әкеліп берді. Құдайға шүкір, қойшы біткен атқа мінді. Енді бұл тәртіптен айрылмасақ керек,— дейді.

Сонымен бірге қойшылар өмірінде әлі түзелмеген жайлар да көп. Қымбатқа түспейтін, оңай-ақ түзелер нәрселер ескі қалпында тұр. Соның бірі қойшылардың баспанасы —

«Алтыаяқ».

Қазақ аулының ескі дәстүрінде малшылардың ішінде ең төмен саналатыны қойшы болатын. Оған қос та тиген емес, қойшының жатар жері — арбаның асты, қара үйдің босағасы, тезектің қасы еді. Сол үйреншікті ескі әдет колхоз басшыларынан әлі арылмаса керек. Іле, Қаскелең, Алматы селолық аудандарының Сартау құм, Қалшеңгел, Аңырақай, Қазбек жақтарын жайлайтын отарларында дені дұрыс бір киіз үй жоқ. Қойшылар қысы-жазы «Алтыаяқ» деп аталатын қоста күнелтеді. Қойшы қанша жыл қой бақса, сонша жыл сондай жабайы баспанада тұрмақ. «Алтыаяқ» деген кәдуілгі киіз үйдің азғындаған бір түрі. Тұрсаң төбең шаңырағына тиердей, жатсаң аяғың босағасына тиердей тым тарын қос. Сол қостың ортасында темір пеш, пеш үстінде ойып орнатылған қара қазан. Ыстық тамақты да, шайды да қойшылар сол бір қазанға қайнатады. Кейбіреулерінде «шәугім» кездеседі, бірақ сирек кездеседі. Шыны пиялалар, ағаш қасықтар,

орауысыз «кәмпиттер», шикі ет, ұн, күріш, тұз, төсек-орын, өлген малдың терілері, киетін киім, бәрі біріне-бірі араласып жерде жатыр. Керегесіз қоста еш нәрсені іліп қоюға да болмайды. Шаң көп, шыбын көп...

Осындай қоста үш адам үнемі тұрады. Малдың төлдер кезінде тағы да 3—4 адам қосылады. Әдетте бұл қостағы үш адамның екеуі ерлі-зайыпты адамдар, үшіншісі «бөгде». Әсіресе сол «бөгденің» халі аянышты. Көбінесе ол күндізгі қойшы. Кейде ол жауын-шашынға малшынып келеді. Оның киінуі де, еркіндеп дем алуы да қысылшаңдықта болмасқа шара жоқ. Тамақты бірге ішетін болғандықтан бұл жағынан да күрең қабақтық ұшырасып қалады. Жоғарыда аты аталған Жатқанбай 58-ге келген, 13 жылдық стажы бар қойшы. Біз одан:

— Бұл кімнің отары?— деп сұрағанымызда, ол:

— Жәнелдің отары,— деп жауап берді.

— Жәнелдің фамилиясы не болмаса әкесінің аты кім?— деп сұрағанымызда:

— Білмеймін... Сүйүмқан деген қатыны бар...— деді. Абайлаған адамға сол «білмеймін» мен «қатыны бар» деген сөздердің ар жағында тар қоста бірге тұратын екі семьяның күнделік ұсақтардан жамала беретін кикілжіңдері де сезіліп тұр. Әрине, сен тамағыңды пісіріп жатқанда қасыңда біреу шұлғауын кептіріп отырса, ол бітуаналық жағдай бола алмайды. Екі семьяға екі «Алтыаяқ» берілсе, ол ысырап саналмасқа керек. Малдан шаршап қайтқан, кейде су болып, кейде терлеп-пысынап қайтқан қойшы именбей шешініп, еркімен көсіліп ұйықтауына жағдай жасалуға тиісті.

Дұрысында сол «Алтыаяқ» дегеннің өзі қойшыға қамқорлық ойдан туған нәрсе емес, ескі ауылдың қойшыны қорлап ұстайтын әдетінен қалған сарқыншақ. Іргеден бастап жоғары қарай еңкейе беретін «уық» — қадаларға ең аягы бөркіңді ілетін бір шеге қағуға болмайды. Сондықтан барлық нәрсе шаң-шаң болып жерде жатыр. Қойшыларға аласа керегелі, уығы, шаңырағы бар, 3—4 қанатты киіз үй жасап беру керек. Еңбекшілердің үй тұрмыстарындағы жабайылықты жоятын уақыт жетті.

Табыстары молайған, мүмкіншіліктері бар, кедейлік дегенді ұмытқан қойшылар арасында кеңінен қолға алатын үлкен бір мәселе әлі ескерілмей келеді екен. Оның аты, барлық жағынан қолға алынуға тиісті —

Қойшы қостарын қанша араласаң да, жоғарыда айтылған жағдайларға кездесесің. Малшылардың мәдени тілектерін өсіре беруге жұмсалған іргелі еңбектің іздері білінбейді. Қой отарларының төлдер жері, қырқылар жері, қыстар жері белгілі бір мерзімдер үшін тұрақты мекендер. Сол мекендерде іргелес отыратын 5—6 отар үшін бір монша салдырып қою колхоз үшін қанша қиын. Сол мекендерде әр отарға бір жер үй, тері-терсектерін, азық-түліктерін сақтайтын жер-жаппалар жасап беру қанша қымбатқа түспек?

Отарлардың төлдер, қырқылар кездерінде мал басында едәуір адам болады. Мәдени-агарту жұмыстарын осындай кездерде кең жүргізуге болар еді. Құм арасындағы ұзақ қыс, тау жайлауындағы ұзақ жаз, әрқайсысы өз жағдайына қарай әр түрлі мәдени талаптар қояды. Мұндай жағдай ерекшеліктерінің бірде-бірі дұрыс ескерілмеген.

Сартау құмды қыстап қайтқан Қаскелең ауданы, Октябрь атындағы колхоздың он төрт отарында бір адам алты ай қыс бір кино көрмеген, бір баяндама естімеген. Бір концерт тыңдамаған. Абай атындағы колхоздың отарларында да сондай. Іле, Алматы селолық аудандарының отарларында да сондай. Малшылар малынан басқа өмірден шеттеп қалған. Бір кезде «сауатсыздықты жою» сабақтарын өткен мосқал малшылар қазір түгел сауатсыз. Газет алдыру, кітап оқу малшылардың тұрмысына кірмей қалған да, шет елдер түгіл, Совет Одағының өмірінде болып жатқан үлкен істердің көбінен хабарсыз отыр.

Осындай жайларды қынжыла сөйлесіп отырғанымызда, төрт әйел, үш еркектің ортасынан Ырыстыгүл деген адам суырыла сөйлеп:

— Шырағым-ау, былтыр күздігүні базаға келгенде осы сөздеріңді бір айтыпсың ғой. Сонда жіберем деген көзетің қайда? Бір қойды машинеңнің артына тығып әкеттің де жоғалдың ғой!— деді.

Мен ол кісіге былтыр келмегенімді, газет жіберем деген уәдем болмағанын айттым. Әйел аузы сылп етті.— Бетім-ау, ол басқа біреу екен ғой...

— Ендеше, мына оқуда жүрген баламнан келген хатты оқып бер... Сақманшылардан жіберген екен, әлі оқыта

алмай жүрмін,— деді. Хатты ашып қарасам, жазылғалы жиырма төрт күн өткен екен.

Қойшылар арасында «қызыл отау» туралы әр түрлі алып-қашты әңгімелер бар. Кітап оқып береді екен, дойбы ойнайды екен, тазалық үйретеді екен, баяндама жасайды екен, тағы тағылар. Бірақ сол «қызыл отау» малшылардың қысқы, жазғы өмірінен тұрақты орын тебе алмаған да, ертегіге айналып кеткен. Тегінде, мәдени-ағарту жұмыстарының негізгі салаларын қамти алатын «қызыл отау» малшылар үшін қысы-жазы керек сияқты.

Бір қынжылатын нәрсе — әрбір малшының еңбек мәдениетін, зоотехникалық білімін көтеру жұмысы қолға алынбаған. Қойшылардың көбі ескі қарадүрсінімен, ескі салтымен қала берген. Бұған тұрмыстарындағы қарадүрсіндікті қоссақ, малшылар мәдениетін жан-жағынан көтеру керектігі өзінен өзі-ақ айқын тұр.

Бұл айтылғандардың бәрі де оңай түзелерлік істер: ол үшін ең алдымен жоятын бір нәрсе бар. Оның аты, мал шаруашылығына, малшыларға ескі ауылдың көзімен қараттын —

Ескі әдеттер.

Жоғарыда аталған Жатқанбай Ұлтарақов — 420 қойдан 570 қозы алған адал да сақ, колхоздың жаны ашыр малшыларының бірі. Бірақ ол кісі мәдениет, ғылым жақтарындағы жаңалықтарды іздемейтін, жоқсырамайтын, ескісіне бейім адам. Қартаң қойшылардың арасында ол — басым көпшіліктің бірі. Ал, Октябрь атындағы колхозының Нүсіпбек Төлебаев деген шабаны олай емес, ескі әдеттерге қатал қарсы келіп қалатын мінезі бар адам. Кейде сонысынан жек көрініш те болып қалады екен.

Нүсіпбек қазір қырық екіде. Ұлы Отан соғысының жауынгері. Гвардиялық 7-дивизияда танкіге қарсы жұмсалатын зеңбіректің расчет командирі болған адам. Қырық бесінші жылы ауыр жараланып эскерден босағалы өз колхозының мал шаруашылығында, қазір отар жауапкері — шабан. Бұл едәуір мәдени талаптары бар адам. Өз сөзімен айтқанда, газетті регулярно оқып тұрады: газеттің мал шаруашылығына арналған бас мақалаларын орындауға міндетті приказдай көрсді.

Бір отарда Нүсіпбек өзі шабан, әйелі күзетші, қайын енесі Несіпбала қойшы. Бұл үшеуінің баспаналары да

басқалардікіндей жұпыны «Алтыаяқ». Бұлардың қасында да мәдениет жағдайы жоқ. Сонымен бірге қой шаруашылығы жөнінде Нүсіпбектің бірталай тәжірибелік ойлары бар.

— Шөп пен егін бірдей шықпай қалатын жұт өте сирек кездесетін нәрсе,— дейді Нүсіпбек.— Бірақ малды әр жылда жұтатып алу оп-оңай...

Мұнысына біз таңдангандай кейіп көрсеткен соң, Нүсіпбек ойын ашығырақ ұғындырады:

— Мысалы, биыл 4 февральда менің отарым түгел аусыл болып тұрып қалды. Құм арасында қардың бір қалың жауып, тракторлар өте алмай қалған кезі еді. Егер мен трактор келуін күтіп 3-4 күн отырып қалсам отардан айрылатын едім. Метрге жақын қар жауған. Шапасыз жалғыз түйемен күні-түні шөп тасып, тал түсте жұтаудан аман қалдым. Кейін машина келді, молықтырып тастады. Біздің әрбір отардың қыстар жері колхозға әбден мәлім. Страховой фонды дегенді сол қыстар жерімізге ертерек үйіп беруге неге болмайды? Арылмай келе жатқан бір ескі әдет осында,— дейді Нүсіпбек.

Нүсіпбек отары апрельдің бірінен бастап қозылаған екен, 25 майға дейін қозылап болған жоқ. Әзірше 518 қойдан 482 қозы алған. Екі айға созылған қозылау дәуірін біздің ұната алмай отырғанымызды сезініп, Нүсіпбек оны былай түсіндірді:

— Өткен жылы да қолдан шағылыстыру науқаны өте салақ өтті. Қатты бір суықтардың кезі еді, ондайда қойшыдан басқаның шыдамы жете ме, шыныларын тез жинап алып, кетіп қалды, түге... Содан соң, шағылыстыру науқанын қошқарлар аяқтасын деп біздің отарға 8 қошқар қосты. Отарымыздың негізі қазақы «еділбай» мен прекес болатын, шағылыстыруды өз еріктерімен аяқтау үшін қосқан қошқарлар — ставрополь рамбулиесі. Отарды биязы жүнді тұқымға айналдыру жолында қанша жылдар бойына бөгет болып келе жатқан бұ да бір ескі әдет, әрі жария еткіміз келмейтін әдет.

Әр «Алтыаяқтың» қасында бірнеше ақсаған қойлар кездеседі. Біз барған күні Нүсіпбек қосының қасында он шақты ірі қой қалған екен. Төрт километр жердегі Күрті өзені жақтан екі шелек суды шайқалақтап көтеріп бір әйел келе жатты. Ол осы Нүсіпбектің әйелі екен. Қос маңайында қалған қойларға су әкеліп берді. Бір шелек суға қой әрең қанды.

— «Құлындаған биеден құдықтағы су қалмас» деген-

дей, қозылаған қой суды көп ішеді. Отардың төлдер жеріне бір бөшке сұрап ала алмай-ақ қойдық,— дейді Нүсіпбек. Әйелі екі шелек сумен төрт қойды суарды да үндеместен өзенге қарай қайта жөнелді. Ол кісі он қойды бір рет суару үшін 16 километр жер жүрмек!

Нүсіпбек қойшылар өміріндегі олпы-солпыны жәбір есебінде не болмаса арыз есебінде айтпайды, арылмай келе жатқан ескілік қалдықтары ретінде айтады, жоюды талап етеді.

Аздан кейін ол тағы бір ескерерлік жағдайды айтты:

— Біз Октябрь мейрамының кезінде құмға қарай беттеп бара жатамыз. Жаңа жыл құм ішіне орныққан кезде келеді. Май мейрамының тұсында отарымыз негізінде төлдеп болып, қыстан қалай шыққанымыз айқын көрінетін қуаныш үстіндеміз. Осы ұлы мейрамдардың тұсында малшыларды құттықтаған бір телеграмма алсақ көп пе? Не ауданнан, не колхозымыздан біреу келіп құттықтап, дүниеде не болып жатқанын түсіндіріп кетудің несі артық?— деп бұл жайды және барлық отарларға тән жайды ұзақ қынжылып сөйлеп кетті.

Осылар сияқты оңай-ақ түзелер кемшіліктер, көп жылдар ішінде әдетке айналған теріс нәрселер малшылар өмірінен әлі де арылмапты.

1955 ж.

ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ — ҰЛЫ ДӘСТҮРІМІЗ

Бұл тіпті ертеде, қазір ұмытылуға айналған, ескі дәуір мен жас талаптардың жапырыла қолын созған жаңа дәуірдің әлі шектесіп жатқан кезінде болып еді. Одан бері қырық жылға толмайтын ғана уақыт өтсе де, бұл екі арадағы өсу, өзгеруіміздің ойға сыймайтындығы сонша, қазір жылдар емес, ғасырлар өткендей сезінесің.

Әр ауылдан әрең құралған дала жастары — біз үшін жаңа мейрамға, бірінші рет дүние жүзілік мейрамға — Май мейрамына аттандық. Әреңнен де әреңірек жұлқысу арқылы босаған аз ғана топ қыздар бар. Ауыл тұтқынында ұяң жымиятын қыздар ауылдан ұзаған сайын еркін күлісіп, жайнап кетті. Барлық ажар көркіміз, әдемі әзіл қалжыңымыз сол қыздардың айналасында болып келе жатыр.

Жатаған келген жарау аттар үкідей құлпырған, теңіздей толқындаған жазғытұрғы көк селеуді тізелерімен жыртып келеді. Қалың құйқалы, бетегелі, балқашты жерді дүбірлете шоқытқан ат тұяқтары бәріміз қосылып салып келе жатқан жаңа әнге барабан дүрсіліндей сүйемел етеді. Салған әніміз — жаңа заманның ұлы ұраны «Интернационал». «Интернационалдың» орысша текстін білетін, азды-көпті оқыған екі-үш-ақ жас бармыз, ән сөзі қазақ тіліне әзір аударылған жоқ-ты. Сондықтан кеудесін мақтаныш кернеген екеу-үшеуміз орысша айтамыз да, басқалары тек әніне қосылады. Кейбіреулер өз білген өлеңдерінен үзіп-жалғап, септеп келе жатыр.

Бірақ бұл қазақ даласында ең күшті салынған, көп болып салған бірінші ән екені де даусыз. Болыс орталығында өтетін бірінші мейрамға едәуір әзірленіп те алғанбыз. Осы топ мейрамға жиналған, шұбыртқан көпшілікті осы бетімізбен жарып өтпекпіз! Ендігі әніміздің ұлысы осы деп қыр көрсете өтпекпіз! Жалғыз ғана дауыс күшімен емес, жан жүрек күшімен түгел ұйып, беріле әндетіп келеміз. Жігіттердің шеке тамырлары білеуленіп, қыздардың ақ жүздері қызарыңқырап кетіпті.

Ән айғайына аттар да қызынып, жұла-жұла жөнеледі. Ат тізесінен келетін үкілі селеулер жұлқына бұрылып қалады. Жас дауыстар жазғытұрғы дымқыл ауаны жырта, көкте құдайға, жерде байға қарсы ескі ауылдың енжарлығына, етек баспайлығына қарсы именбей де, ықтамай шырқап келеді. Ақ үйлі ауылдардың қабағы да, қарсы жабыла қалғаны байқалады. Ондай ауылдардың тұсында біз де құтырына шырқаймыз. Уық, кереге, шаңырақ, кебеже тұтас жаңғырықсын деп шырқаймыз, жаңа әнімізге қара үйлі ауылдар қызықсын деп шырқаймыз.

...Қиратамыз ескі жалғанды,
Жаңа дүние орнатамыз...

Ақ үйлі ауылға мұны есту ауыр болса, жастарға бұл әнге салу сонша жеңіл, сонша қуанышты, біреу күйініп тыңдаса, біреу сүйініп тыңдап отырған ауылдар бар. Бізге соның екеуі де керек.

Әрине, дүние жүзілік мейрамға дала жастарының бірінші қатынасуы еске жайдан-жай түсіп отырған жоқ. Ол біздің қазақ халқының интернационалдық достыққа, туысқан елдердің достығына, Советтік Россияның жаңа семьясына жатсырамай, тартынбай басқан алғашқы қадамының кезеңі еді. Ал халықтар достығы — ұлы көсе-

міміз Ленинінің бізге қалдырған ұлы өсиеттерінің бірі, совет халықтарының тіршілігі мен күш-қуатының арқауы.

Қазақ халқының интернационалдық ұлы идеяны тез де жатсырамай ұғынуында басынан кешкен өмір тарихының көп еңбегі бар. Біздің ұлы одақта халықтар достығының негізі ең алдымен ұлы орыс халқымен достасуға байланысты. Екі жүз жылдан әрі орыс халқымен іргелес отырғандығы қазақ халқының өмір тіршілігіне із қалдырмай өтіп пе екен! Тарих еш нәрсені үстірт істемейді: тамырын жаймай, жапырағын жармай, гүлі мен жемісін бермей тынбайды да.

Қазақ халқы, бұрынғы орыс патшалығына қараған барлық халықтар сияқты, ғасырларға созылған патшалық талқы — жанышқының қай кезінде болса да сол орыс халқының өз ұлдарынан, озық ойларынан үнемі жанашырдың жәрдемін көріп келді. Талқы азабы ауырлаған сайын жанашырлықтың күшейе бергені де, күресудің жолдарын нұсқағаны да мәлім. Сол күштің риясыздығына, адалдығына, парыз-қарызсыздығына қазақ халқы біржола сенді. Бүгінгісі ғана емес, ертеңінің де табанды қамқоры да көсемі болған Шоқан, Абай, Ыбырай сияқты ой иелері орыс мәдениетінің жемісі екенін бұрынғы қазақтың өзі де жақсы білетін. Ұлы Октябрь революциясы дәуірінде жарық етіп шыққан халық батыры Иманов Аманкелді, Жанкелдин Әліби, революционер ақын Сейфуллин Сәкен, осы күнгі жүздеген, мыңдаған ғылым, әдебиет, көркемөнер қайраткерлері, партия мен мемлекет қайраткерлері — бәрі де орыс халқының революциялық озық ойының, ұлы тәрбиесінің берген жемісі.

Тарих жасаған істердің іргесі берік болатынына, тамыры терең, гүлі мен жемісіне көзің де, көңілің де толатынына әдебиет пен мәдениет салаларынан көп дәлелдер келтіруге болады. Бұдан жүз жиырма бес жыл бұрын ұлы ақын А. С. Пушкиннің қазақ халқының аса ардақты дастаны «Қозы Көрпеш — Баян сұлудың» мазмұнымен танысып, таңдай қаққаны неге тұрады! Орыс халқының революционер ақыны Тверитин «Қозы Көрпештің» ұлттық ырғағын бұзбай, бұлдірмей, ұзақ өмірлі дастан жазып қалдырды.

Қазақ халқының аса бай ауыз әдебиетін, ән-күйлерін қызыға жүріп жинап, біздің бүгінгі заманға жеткізуде орыс ғалымдарының еңбегі аз ба? Жоқ, аса зор: Потанинді, Пантусовты, Бартольдті, Березинді, Затаевичті

біз ұмыта алмаймыз! Жалғыз ғана Алекторовтың биографиялық жинағында көрсетілген кітаптарды, қолжазбаларды түгел жинап, бастырып шығара алсақ, біз дүние жүзіндегі ұлттық кітапханалардың ішіндегі ең бір бай кітапханасын жасаған болар едік. Ол кітапхана қазақ халқының зор рухани дарындылығын да көрсетер еді, халықтың өзі туралы да аса бай материалдар берер еді.

Осындай еңбектері, жанашырдың достығы арқылы қазақ еңбекшілері, орыс халқының адалдығына, риясыздығына біржола сеніп, достасуға құшағын ашты. Ұзақ тарихы осылай әзірлеген елдің ой-санасына Ленин көсеміміздің халықтар достығы жайындағы өсиеттері қалтқысыз ұялай қалса, оған таңданатын дәнеме жоқ. Біздің бірінші ұлттық полктарымыз бен дивизияларымыздың революция күресінің үстінде туып, ең алғаш қолына қару алып қорғағаны Октябрь революциясы болғандығы да осыдан. Орыс патшасына қарсы алысқан Аманкелді Иманов бастаған сарбаздардың революция солдатына айналып кеткендері де осыдан: мұның бірде-бірі кездейсоқ емес, тарихи дамуымыздың заңды кезеңдері.

Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі қырық жыл барлық совет халықтарының ұлы мектептен өткен жылдары: Совет үкіметінің іргесін нығайтуда, ұлы құрылыстарға совет халықтары біріне-бірі туысқандық қолын созып отырды. «Тірлік күні бірлікте» дейтін ұлттық мақал бұрынғы шеңберіне сыймай, барлық совет халықтарының бірлігін аңдататын мағына тапты. Волга-Дон, Фархат каналдары я болмаса біздің Турксиб құрылыстарында қол ұстасқан, тізе қосқан совет халықтары сол бірліктің күш-құдіретін кешегі өткен Ұлы Отан соғысында да көрсетті.

Совет халықтарының ұлы достығы — тіршілікте кездесер ауыр сындардың бәрінен де сыр бермей өткен, айнымас та бұлжымас достық. Сол достықтың сарқылмас күшін біз, қазақ халқы, көп көрдік. Отанымызға түсті металдардың үштен бірін беріп отырған Алтайды, Отанымыздың үшінші көмір қоры атанған Қарағандыны біз жалғыз жасап па едік? Отанымыздың екінші магниткасы атанған аяқтала келе бірінші магниткадан асып түсетін Соколов-Сарыбай темір қазынасын жалғыз ғана қазақ халқы жасап жатыр ма? Екі-үш жылдың ішінде ғана 27 миллион гектар тың жерді жалғыз игердік пе? Жоқ, мұның қайсысын меңгергенде де халықтар достығына борыштар екенімізді ұмытпауға тиістіміз.

Бізде кейде күпі мен тымақтың жойылып бара жатқанына сай сүйегі сырқырап кететіндер де кездесіп қалады. Оны «киме!» деген, тыйым салған біреу бардай, әлдекімге буалдыр-буалдыр өкпе тастайды. Өз балаларының біреуін қазақ мектебіне бермей отырып, «балаларымыз ана тілінен айырылып қалды»,— деп жәбірленушілер де кездеседі. Кімге, не үшін жәбірленбек? Бұл бір үстірт те сыңар жақ өкпелер. Озық мәдениетке ұмтылмау — ол бір бейшаралық белгісі. Елінің мәдениеті мен тілінен, өнегелі дәстүрлерінен қай тілде болса да мәдениетке суарылған адам айырылмайды, қай тілде оқыса да мәдениетсіз қалған адам айырылады. Мәдени өсудің түп-тірегі ұлттық шеңберден шықпауда емес, озықты мәдениетті бойына сіңіре білуде. Қазақстан — Совет Одағының ең бір көп ұлтты республикаларының бірі. Біздің шын алға сүйрер дәстүріміз — халықтар достығына іркілмей де, тартынбай ұмтылуда. Бізде мемлекеттік тіл екеу: қазақ тілі, орыс тілі. Осындай республикаларда балаларымыз осы екі тілді де тең біліп шығуын ойланумыз керек. Мектепке қойылар бір талап осы.

Бізде өсу-өркендеу дәуірлеріміздің жаңа кезеңдеріне қарай қайта қаралып, кеңейте де тереңдете шешетін мәселелер бар. Миллиондаған гектар тың жерді меңгеріп отырған елге әлі де көптеген ауыл шаруашылық мамандары, әсіресе, механизаторлары керек. Ауыр өндірісіміздің қазіргі қарыштаған күйінде де, техникалық интеллигенциямыз жетіспей жатса, ертеңгі күнімізге тіпті олқы келеді. Қазақ жастары соңғы жылдарға дейін білімнің бұл саласына батыл шабуыл жасай алмай келді. Ауыр өндірісте қазақ жұмыскерінің саны да көбейте түсуді тілеп отырса, Алматы қаласындағы еңбек резервінің бес мектебінде оқитын қазақ баласы саусақпен санағандай ғана.

Халықтар достығы — біздің ұлы мақтанышымыздың бірі. Біздің ең Жоғарғы Советіміз — көп тілді, көп акцентті парламент. Көп ұлтты мемлекеттің ұлы бейнесін осыдан көруге болады. Вавилон мұнарасын салушылар бірінің тіліне бірі түсінбей, ақырында ажырасып кеткен. Коммунизмнің ұлы сарайын жасап жатқан дүние жүзіндегі ең көп тілді Совет мемлекетінің халықтары бірінің-бірі ойы мен сезімін қалтқысыз түсінісу үшін көлденең тілмаш керек етпейді.

Жаңа сападағы социалистік ұлттардың өзі интернационалдық қарым-қатынас әсері арқылы қалыптаспақ.

Бүгінгі қазақ халқы Октябрьден бұрынғы қалпында емес, ой-тілегі, әрекет-арманы өскен бұрынғы балаң ойларына ұяла қарайтын кезеңіне шықты. Ескі сүрлеулер енді жол бола алмайды, ескі өлшеулер бойына да шақ емес: 19 миллиардтық бюджеті бар, биыл мемлекетке 1 миллиард пұт астық тапсырам деп отырған елге кешегі күннің өлшеулерін біржола ұмытып, бүгінгісіне қанағат етпей, ертеңгі күннің биігінен қарау керек болады.

Халқымыздың рухани қорегі де жаңарды, ол қоректің негізінде де оңашалап алған өз өміріміз ғана емес, халықтардың бірлігі мен достығы жатыр. Мәдениеті өскен, жүздеген, мыңдаған ғылым, әдебиет, көркемөнер қайраткерлері бар ел енді заманымен бірге адымдайды.

Біз совет халықтарының достық қолқабысы арқасында озық мәдениетті Қазақстанға айналдық. Барлық совет халықтарының өркендер жолы да осы. Ленинның ұлы өсиеттерін көзінің қарашығындай қорғайтын коммунистік партиямыз бізді халықтар достығының ұлы идеясында тәрбиелеумен келеді де, енді ол біздің айнымайтын дәстүрімізге айналды. Қандай қатты гранит болса да, ол біздің халықтар достығынан берік емес. Ғылым қандай берік металдар сплавын жасап шығарса да, ол да коммунистік партияның идеялық қазанында қайнап шыққан халықтар достығынан берік бола алмаса керек!

1958 ж

ТЫҢДАРДЫҢ ТЫҢЫ

Ең соңғы мәліметтерге қарағанда Қазақстанда 7.550 өзен, 6 мың көл, *мыңдаған* бұлақ бар екен. Өзендердің жалпы ұзындығы 365 мың километр. Осы жеті жарым мыңнан астам өзендерге құятын үлкенді-кішілі 30 мың тармақ салалары бар. Соңғы ширек ғасырдың ішінде 12 мыңға тарта құдық қазылған, 500 километр ұзындығы бар каналдар жасалған.

Тек қана өзен суларының жылдық қорын адам басына бөлсек, Қазақстанның бір адамына 15 мың 400 текше метрден су келеді, мал басына бөлсек, 5 мың текше метрден келеді. Бұл, әрине, көл-көсір, ұлан-асыр деп айтарлық молшылық, су молшылығы Қазақстан сияқты байтақ жерде ең қымбатты молшылық.

Сөз жоқ, республикамыздың ауыр өндірісі, ауыл

шаруашылығы, қалалары қабындап өсумен бірге су мәселесі де ұдайы ауызға алынып келеді. Ауылдық, аудандық, облыстық, өлкелік көлемде өткен мәжілістердің бірде-бірінде су мәселесі қозғалмай қалған емес. Баспасөз бетінен де үнемі осыны көреміз: бұған да ширек ғасыр болды. Мал, мақта, күріш, қызылша өндірісіне байланысты пайдаланатын су қорын молайтуға арналған әрекеттер де істеліп келеді. Жаңадан жасалған мыңдаған құдықтар, көлдер, үлкенді-кішілі су қоймалары, каналдар осы әрекеттердің нәтижесі: қыспағы көп қысыраңқы ғасырлардың бойында міз бақпай, қаз қалпында қала берген даламызды ондаған жылдардың ішінде ғана өзгертіп жіберген совет дәуірінің табысы.

Әсіресе, су мәселесіне сіңіріп келе жатқан ғалымдарымыздың еңбектері ерекше бағалауды керек етеді. Бұлардың еңбектерінде әрі бүгінгі күніміздің, әрі үлкен болашағымыздың мәні бар, ондаған жылдардың емес, жүздеген жылдардың ойлары бар. Бұлар «инемен құдық қазып» су шығаруға бар жігерін, білім күшін арнаған адамдар. Шығыс классикасының ақындық шығармаға қояр ұлы талаптарының бірі «бәрәә, бәәрә, әбәрә»—«ине алып, құдық қазып, су шығару болса», біздің ғалымдардан осы ынтаны көресің; экономикамыздың бір саласы емес, бар саласының мүддесін көресің; жаңадан пайда болған өндірісті қалалардың, кең серпінге, тұрақты серпінге ауысқан ауыл шаруашылығын бел-белесті жарқыратқан су электр станцияларын көресің; Қазақстан картасының бетіне түсер жаңа теңіздерді, теңіздерге орын берген шөлейттерді көресің. Қалайда ғалымдардың аз жылдардың ішінде атқарған мол еңбектеріне қазақ жерінің үстіндегі сулары да, астындағы сулары да өкпелей алмайды. Әттең, осы майдандағы ғалымдарымыз тым сыпайы, тым әдепті ме қалай, дүйім жұрт мақұлдаған ұсыныстары оңай өте бермейді. Кейде тіпті түйінді емес, туынды мәселелердің айналасында-ақ көл-көсір әңгімелерге жол беріліп, қызыл кеңірдек болатынымызды еске алсақ, су молшылығы үшін әлдеқашан жағасозбайға баруымыз керек еді. Бұл жөнінде ғалымдарымыздың көтерген келелі мәселелеріне құлақ аспай қала беретін тиісті орындар да, үн қоспай қала беретін жұртшылығымыз да қынжылармлық уақыт жеткен сияқты.

Жеті жарым мыңнан астам өзені бар, алты мыңнан астам көлі бар, жер астында жатқан мөлдір сулы теңіздері бар елде су тапшылығына бұдан әрі төзбеске тиісті-

міз. Ұлы Сырдың бойында азғана күрішімізге су жетпейді, Оңтүстікте азғана мақтамызға су жетпейді, далаларымызда малымызға су жетпейді. Жүздеген колхоздар томарлы көлдердің өлі суымен пайдаланады, ондаған колхоздар ауыз судың өзін он-он бес километр жерден тасып ішеді. Сусыздықтан пайдаланылмай жатқан жеріміз ұлан-байтақ болса, пайдаланып отырған жеріміздің өзінде де су тапшылығы әлі жойылмай келеді.

Бізде суға молығып отыр деп ешбір қаланы, ешбір өндіріс орнын атауға ауыз бармайды. Жалғыз Кентаудан басқа өндіріс орындарының бәрінде де су тапшылығы бар. Қазақстанда бірінші коммунистік қала шын мағынасында коммунистік тұрмыстың қаласы Кентау су молшылығын жер астынан алып жасап отыр.

Астанамыз Алматы, алып өндірісіміз Қарағанды сияқты мәдениет орталықтарында адам шомылатын су болмауы не деген сөз, не деген ұят! Шомылатын су жоқтығы толып жатқан мәдени-спорт, жас ұрпақтың денсаулығын сақтау жұмыстарына кедергі екенін кім білмейді, кім түсінбейді? Өзгені былай қойғанда, Алматыны жанамалап ағатын сулардан теңіз жасауға болады емес пе! Жалғыз жылға Алматы өзенінің бойы жаздыгүні бір жетінің ішінде ластанып болады. Қала халқының демалыс күндері содан басқа барар жері жоқ. Оның үстіне, жоғарыдағы бір демалыс үйі, бір санаторий үйінің айналасы ығы-жығы көріксіз де, жөнсіз де ескі үйлер. Онда тұрушылар мал ұстайды, құс асырайды. Шынында осы Алматы өзенінің бойы санаторий, демалыс үйлері, су станциялары сияқты астанымыздың көркі болуға лайықты ғой.

Биыл біз, бір топ жазушы, Кентауда болдық. Ол — сусыз, қыртыссыз, тас шақатқа орнаған қала. Қазір сол қала азғана жылдардың ішінде-ақ суға молығып, орман-тоғайға малынып тұр. Суды жер астынан, шахтадан шығарып алған; үлкен бір жаңа өзен пайда болыпты да қаланы суға молықтырыпты. Екі-үш бөлімшесі бар қаланың өзі былай тұрсын, Кентау, Түркстан ауданының бірталай мақта егісін суарып беріп отыр! Тегінде қалаға қарап, қала бастықтарының кім болғанын тану да қиын емес, әрине.

Бізде су мәселесі, жалпы, қолға алынбай келе жатқан жоқ. Ертіс-Қарағанды каналы, Шардара су қоймасы, Арыс-Түркстан каналы, Қызылорда плотинасы, Күрті тағы-тағылар әр алуан перспективасы бар, экономика-

лық мәні салмақты құрылыстар. Бірақ басқа құрылыстарымызбен салыстырғанда, су құрылысында айызың қанар қарқын жоқ, шабандық басым. Жұртшылықтың көңілін аударып әкеткен қызу жоқ. Шынын айтқанда, Қызылорда плотинасын ішімізден күбірлеп қана аяқтадық. Ол әлі аяқталмаған, аяқталмай жатып, ұмытыла бастаған іс. Қызылорда еңбекшілерінің тілектеріне құлақ салсаң, аяқталар жағында әлі де көп салмақ жатыр. Күрті құрылысы басталғалы биыл тоғыз жыл, тегі ол да ұмытыла бастаған сияқты; әйтпесе кішкене ғана құрылыс ендігі аяқталса керек еді. Қашан көрсең де, көңіл толғысыз жұпыны қалпында. Арыс-Түркстан каналы басталғалы алты жыл. Жұмсалатын қаржы қасықтап берілетіндіктен, әлі күнге қақ жартысы да жұмсалған жоқ: шөлдеп, түтігіп мақта алқабы жатыр.

Биылғы июньде «Социалистік Қазақстанда» Қойшыбеков, Бектөреев, Әбуталиев жолдастардың өте маңызды бір мақаласы шықты. Өзге ойларын былай қойғанда, бұл жолдастар Бетпақдаланы суландыру мәселесін көтерді. Атақты ғалымдарымыздың бірі Кәрім Мыңбаев марқұмның үлкен бір идеясын жүзеге асыруды ұсынды. Ол идея — Талас, Шу, Сарысу өзендерін жалғастыру арқылы «шөл даланы көл далаға айналдыру» болатын. Бұл мақаланы оқуға тиісті жолдастар, су жұмысын басқаратын өлкелік, облыстық мекемелер оқыған болу керек, бірақ әрекет лебі әлі белгі берген жоқ.

Бұл жолдастардан төрт жыл бұрын, 1956 жылы 18 ноябрь күні «Казахстанская правда» газетінде Қ. Пинчуков жолдас су зерттеу жолындағы ғалымдарымыздың ұлан-асыр еңбектерін айта келіп, жеріміздің астынан ондаған мөлдір сулы теңіздер табылғанын жазды. Бетпақдаланың оңтүстік-батысында, жер астында миллиард текше метр суы бар Шу теңізі, үстірттің астында Мұғажар мен Доңыз таудан басталатын үлкен теңіз жатыр екен. Сарыесік құмының асты да сондай теңіз... Сырдарияның сағасына таман жатқан теңіздің үлкендігі Арал теңізінен төрт есе үлкен!

Сөз жоқ, жер астындағы теңіздерді жердің бетіне шығара қою оңай жұмыс емес, жер қазу техникасының молайған кезінде де оңайға түспейтіні түсінікті. Бірақ су байлығы деген Қазақстан сияқты жерде экономикалық өмірдің бәрінің де арқауы: қалалары үшін де, далалары үшін де. Біз бірінші кезектегі деп нені қолға алсақ та, алдымен судан бастауымыз керек. Ең болмағанда, сол

жер астындағы теңіздердің өмірге қосылар кезі алыс па, жақын ба, біз әлі соны да ауызға алмай келеміз.

Өткен күз біз, Қазақстанның бір топ жазушылары, туысқан Өзбекстанға бардық, республикамыздың қырық жасқа толған ұлы мерекесінің қарсаңында туысқан елдің еңбекшілерін Қазақстанның өскен әдебиетімен, көркемөнерімен, оқу-ағарту, ғылым жұмыстарымен таныстырдық. Сол сапарда біздің ең көп аялдаған жеріміз, таңдана қараған жеріміз Гүлстан ауданы болды. Шөлейт Бетпақдалаға орнаған жаңа аудан суға қандай молыққан, көкке қалай малынған! Екі-ақ жылдың ішінде құлпырып өсіп, озық аудандардың қатарына қосылған. «Мақтаның бітігі, жүзімнің дәмдісі, қауын-қарбыздың үлкені бізде!» дегенді Гүлстан ауданында екінің бірі айтты. Суға молыққан шөлейт аз жылдың ішінде, шынында да, Гүлстанға айналған. Сырдың суын әкелумен бірге, жер астының суын пайдалану да сонда, жер астының суы жерді сортаңдандырып жібермеу үшін күрес те сонда. Соны көріп жүргенде баяғы Шәуілдір еске түсті. Қызылорда плотинасының аяқталмаған істері еске түсті. Ішіңді бұрап түсті, жүрегіңді тырнап түсті. Тек біздің Шардара су қоймасы да осы қарқынмен, осындай ұқыптылықпен жасалып жатқан шығар деп, соны қуаныш еттік. Жазушыларымыздың жаппай қолға алар үлкен тақырыптарының бірі осы су екен дестік.

Қазақстан сияқты, ғасырлар бойы мешеу қалған елдерде көп нәрселер тыңнан көтерілгені мәлім. Біз үшін жаппай оқу да тың еді, миллиондаған гектар жаңа жерге егін егу де тың болды, мал шаруашылығын өнімді де өсімді қалыпқа көшіруді тың деп атасақ, оның да ерсілігі жоқ. Бұрын тарақ пен бәкі шығарып көрмеген елде қазіргіміздей алып ауыр өндіріс жасау да тың болатын. Ал енді *қазіргі есейген дәуірімізге лайық ең үлкен тың, тыңдардың тыңы — су мәселесі сияқты. Іргесі берік қаланған, алдағы дәуірде еселеп өскелі тұрған ауыр өндірісіміз де, ауыл шаруашылығы да, қалаларымыз да, мәдениетіміз де осыны тілейтіні даусыз.* Шынын айтсақ, бізде екі нәрсені кейінірек, кешеуілдеп ескеріп келдік: бірі — су, енді бірі — жол. Жол деген белгілі бір кезеңнің мәселесі болса, су деген әрбір өндірістің, адам басы құралар жердің болашағы екенін күн бұрын ескермейміз. Жеті мыңнан астам өзендеріміздің осы күнге дейін бірде-бірі жүгенделмей, ерттелмей келе жатқаны да осыдан. Біздің өзендер атамзаманнан бері қалай ағып,

қайда құйып жатса, осы күнге дейін сол қалпында, азмұздап жырмалаған арық-каналдарымыз белгілі бір тілектерге ғана жауап бере алатын уақытша шаралардың көлемінде. Оның үстіне, өзге шаралар қолданылмайтындықтан, қолданылса шала қолданылатындықтан, көп жерімізді сортаңға айналдырып жатқан да сол жырма сулар, шала аяқталған істер. Қорытып келгенде қайталап айтайық дегеніміз: Қазақстан көлемінде су мәселесі тыңдардың тыңы ретінде қолға алынуы керек. Кең-байтақ жеріміздің асты-үстіндегі су байлықтарымыздың бәрін есепке алып, қашан, қандай түрде қолға алуға болатынын барлық еңбекшілеріміздің, әсіресе, су, энергетика, техника ғалымдары мен мамандарының алдына көрнекті мәселе етіп қоярлық уақыт жетті.

Суға байланысты келелі бір мәселе Жетісу жайы, бұрынғы Талдықорған облысы туралы, Жетісу деп қашаннан бері атаққа шыққан бай өлкенің батыс жақтағы ең шеткі өзені Шу, қырғыз жерінен басталып, Жамбыл облысының жерін ұзақ кезіп барып, Ащыкөл, Сасықор құмдарына сіңіп жоғалады. Өзге алты өзен түгелге жақын бұрынғы Талдықорған облысында. Су мәселесіне мән бермей келгеніміз сонша, қазір сол алты өзеннің аттарын жұрттың бәрі біле де бермейді, ұмытылып кеткен: Іле, Қаратал, Лепсі, Ақсу, Тентек деп барып мүдіріп кетеміз. Шынында, бұл өңірдегі өзендер алтау-ақ емес, алты жердегі алты десек те, онша асырып айтпаған боламыз. Бұл жер — суы мол, ауыл шаруашылығына аса қолайлы, адам тіршілігіне керекті жағдайлардың бәрі мақтаулы, аса бай өлке екені рас. Ондай өлкеде он миллиондаған адам өмір сүре алады. Жетісу жері оп-оңай сортаңдана бермейді. Сонымен бірге сол көп судың бірде-бірі толық мағынасында қолға да алынған емес. Ағар жерінен ағып, құяр жеріне құйып, жоғалар жеріне барып жоғалып жатыр.

Дегенмен, Талдықорған облысы болып тұрғанда сол бай өлкенің су мәселелерін қомақты түрде қолға алу бағыты байқала бастаған еді. Облыс таратылғаннан кейін, әр судың бірі белінде, бірі көлбеуінде отырған аудандар су мәселесін, әрине, жергілікті тілектердің шамашарқында ғана қоя алатыны даусыз. Қаржы-қаражат, адам, техника күштерін ауызға алмағанда, бүкіл бір өлкенің мәселесін көтеруге ешбір ауданның өкілдігі жоқ. Біздің ойымызша, *ең алдымен қолға алынар — жер бетіндегі сулар болады ғой дейміз. Олай болғанда, ең ал-*

дымен қолға алынар Жетісу өлкесінің өзендері болуға тиісті: жайылым дейсің бе, шабын дейсің бе, қызылша, темекі, жүгері дейсің бе, электр станциялары дейсің бе — бұл өлкеде осының бәрінің кең төсегі бар, мол қоры жатыр. Ондаған өзендері бар, теріскейлі-күнгейлі таулары бар Жетісу миллиондаған мал өсетін жер. Сондықтан да осындай бай өлкенің барлық іргелі мәселелерін, әсіресе, су мәселесін кең шеңберде көтеріп отыратын Талдықорған облысын жойып жібергеніміз ешбір көзқарастан дұрыс болған жоқ: экономикалық, үнемшілдік, басқару жақтарының қайсысынан алып қарасаң да, тек қана ұтылыс бар, ұтыс жоқ. Әсіресе, Қазақстанның өсу-өркендеу, болашақ жағынан алып қарасаң, аса бір бай өлкенің өсу-өркендеуін ойланбай қаңтарып қойған сияқтымыз.

1960 ж.

ТУҒАН ӨЛКЕДЕ

Тың өлкесінің тұтас та тұнба қара көк егінсінің үстімен бес сағат бойы ұшып келеміз. Целиноград, Көкшетау, Қостанай облыстарының балғын көк егіндері жігін ашпай, тұтасып жатыр.

Көк кілемнің үстіне тастай берген айна сияқтанып, кішкене-кішкене көлдер көп ұшырасады. Қыс қар жұқа болғанымен, майдан бері жаңбыр мол болғандықтан, күміс жыландай ирелендеген қысқа-қысқа өзендер де көбейген. Жер бетінде бір әжім жоқтай, көз жетер жер тегіс көк кілем. Тегінде көкке жерден қараған жақсы да, жерге көктен қараған жақсы. Сонда екеуі де сұлулана түседі, екеуі де толып жатқан армандар туғызады.

Ескі ИЛ-14 тым төмен ұшып келеді. Оң жағымыздан торлай бастаған қошқыл қара бұлт бұйраланып, бұрқырап, биіктеген сайын самолёт ығысып, жер бауырлай берді. Міне, енді, бір сағат бойы, ескі жүк машинасымен келе жатқандай, әлсін-әлі оқапқа соғыламыз, лоқсып қалып, лықсытып тастап келеді. Оның есесіне жер беті айқын көрінеді. Мұрнына егін исі, көл исі, жер исі келетін сияқтанады.

Біздің тың дүние жүзіне тараған аңызға айналды. Сонымен бірге от басы, ошақ қасының тоғышарлығынан туған күңкілдер де жоқ емес. Мен соның бір-екеуін көзіммен көріп, қолыммен ұстап дегендей, шындығына же-

те қайтпақ ойым бар. Оның бірі — тың жердің топырағы азды, енді түсімі қысырай бермек деген дүмше топшылау.

Мен агроном бола жаздап қалған адаммын. Оның үстіне азған топырақ дегенді өз көзіммен көргенім де бар. Біздің елде ертеден егін салатын, Торсан байдың егініне түсіп кеткен бір табын сиырды айдап шыққанымша «Егіншоқ» деген жерді қап-қара шаң басып кетуші еді. Қабындап қадалған сармаса, сона-бөгелектер де сенен адасып қалатын. Топырақ күлдей ұсақ, тұяқ тисе болғаны, бұрқырап аспанға шығатын. Азған топырақ деген осы да.

Алпыс-жетпіс десятина егін салатын байдың үйі қырық-елу адамына жетер жылдық астығын ала алмайтын! Бір тілді соқа қыртысқа төрт-ақ елі батушы еді де, соны жылма-жыл қайта-қайта аудара берген соң, ол топырақтың азбасына амал жоқ-ты.

Қостанай — менің туған облысым. Сол облыстың соңғы бір-екі жылда астық түсімі азайып, «арттағылар» қатарында жүргені шетте жүрген менің шымбайыма да бататын. Егер топырақ азды дегеннің шындыққа жанасар жері болса, ол ең алдымен осы облыстан байқалуы керек. Өйткені бұл ертеден егінші, тың жерді көп айырған облыс.

Самолет «Құсмұрын» көліне жанасқан соң-ақ, мен көзімді жерден айырғаным жоқ. Таныс белдер, таныс сулар тым ыстық сезіледі. Атбасар жеріне жалғаса жатқан Қостанай жерінің оңтүстігі нағыз көк балғын күйде екен: әлсіз көк емес, тұнба қара көк. Биылғы егіннің шығысында ересен молшылық бейнесі бар. Бел-белестердің ойы-қыры теңеліп кеткендей. Салқындау самал жел үрлеп қалғанда, егістік беті теңіз бетіндей толқындап, бұйраланып кетеді. Шегіртке қордасы болар, саршұнақ жайлар жер қалмаған. Осы телегей-теңіз егістің аты биыл миллиард болар деймін!

Қостанай аэропорты көзге түсердей көрнекті-ақ. Әттең, айналасында асфальт жоқ. Самолет Қостанайдан да, Қостан мен Айдан да бұрынғы қалпындағы қара жерге қонды[1]

Қасында азғана топ газет қызметкерлері бар, обком хатшысы Ыбрайым Жаңалаев жолдас күтіп тұр екен.

[1] Қостанай — Қос, Танай атанған екі қыздың атынан алынған деп біреулер айтса, енді біреулер Қостан, Ай деген ерлі-зайыпты адамдардың атынан деседі.— Ғ. М.

Ол мені бірден-ақ облыстың мән-жайымен таныстыра бастады. Қостанай — ауыл шаруашылық өндірісі жағынан өте салмақты облыс. Қазақстанның биыл беруге тиісті астығының төрттен бірін осы облыс береді — 210 миллион пұт! Сүт, май, ет, жұмыртқа өндірісі жақтарынан да сондай, ылғи төрттің бірі болып отырады. Бұл жақтарынан алып қарағанда жалғыз Қостанай облысы Оңтүстік, Батыс өлкелерінен анағұрлым салмақты.

Облыс басшыларымен кездескеннен кейін, мен үш түрлі берік байлам жасадым: 1. Биыл бұл облыс алдыңғы қатарға шығу күресінің үстінде; 2. Адамдарының көңілдері көтеріңкі, берген уәделері сенімді; 3. Шығымды астықты шығынсыз жинап алудың кілті механизатор кадрлардың қолында екенін ешкімнен сұрайтын емес. Туған облысыңның хал-жайын осылай таныған соң, асфальты молайған көшелер мен жаңадан орнаған бау-бақшаларын аралау да көңілді. Шаңғытып жататын сұрғылт көшелерге ағаш көп отырғызылғанын көру де көңілді. Шаруашылығын берік жолға қойып алған облыс енді мәдениет мәселелерін жан-жақты көтеріп әкетеді деп сену де көңілді...

Тың өлкесінің егін жайының үстімен бес сағат самолетпен ұшсақ, Қостанай облысының егіндігінің ортасымен бес сағат машинамен жүргенде де көк теңіздің ұшығиырына жете алған жоқпыз. Талай мемлекеттер сыйып кететін жер түгел егіс! Туған жеріңді, таныс жеріңді көріп келе жатып таң қалу да ұят, таңданбасыңа тағыда болмайды. Не деген көп жер, не деген байлық, тек ие бола біл!

Қостанай облысы биыл бірнеше агротехникалық шараларды жақсы өткізгені байқалады. Тұқым себерден бұрын кешеуілдеп бара жатқандарына да қарамай, жерді қайта-қайта тілгілеп, қарасұлының тұқымын құртыпты. Қарасұлы қаупі биыл болмасқа керек. Өткен жылы түн обыры совканы қалай өртегендерін жыр қылып айтады. Биыл ол бәле де бас көтермеуі керек. Жан-жағын қара мақпалмен көмкеріп тастағандай егістер көп көрінеді: дән егілген жерді айналдыра жыртып, 6—7 метрдей жерді қарадай қалдырыпты. Бұлары егінді әр түрлі шегіртке, құрт тектес жәндіктерден, әсіресе, өрттен қорғап қалатынына дау жоқ. Анда-санда шоқ-шоқ түймебас, сүттіген кездескенімен, дәнді егіс тегіс те қою көтеріліпті. Енді күтері дала кемелерінің керуені. Ертең-бүгін осы

көк теңіз ақ көбік атқандай бурылдана бергенде, сөз мыңдаған механизаторлар армиясына беріледі.

Көптен еңсесі көтерілмей, көптің бірі болып отыра беруге бойы үйреніп кеткен біздің Пресногорьков ауданы. Бұл — менің туған ауданым, оның үстіне орысша «ағузбелланы» бастаған жерім. Оқу дегеннің не екенін, ескі өмір, жаңа өмір дегеннің не екенін ұғынып, әлденелерден ат құйрығын кесе безіне бастаған, әлденелерді арман ете бастаған жерім. Өзім деген ғана ойлармен келіп, елім деген ойларға алғашқы адымдар жасаған жерім. Сондықтан Пресногорьков станицасы маған айрықша бір ыстық жер.

Станицаға жақындай бергенде-ақ менің іздегенім баяғы өзім оқыған екі қабат қарағай мектеп болды. Алғашында жоғары — бастауыш оқу орны, кейін он жылдық мектеп болған сол екі қабат үй қаланың батыс жақ шетінде, биіктеу жерде оқшау тұратын. Қарсысындағы жертабандап жатқан ескі шіркеуден ол анағұрлым аруақты көрінуші еді. Станцияның бірден-бір көркі болып тұрған мектепті бір антұрғандардың өртеп жібергенін білетінмін. Сөйте тұра, мен сол мектепті іздедім. Жартылай жапырылған шіркеу орнында, мектебім жоқ, екі жылдың ішінде орны да өшіріліп кеткен...

Оқтай түзу, сап-сары қарағайдан салынған мектеп көркем-ақ еді. Сап-сары шашкендірге орап, бөренелерінің арасын тығындаған балдырынан темекі орап тартушы едік. Аяғымызды әбден сүртіп алмай, табалдырығын аттамайтын едік. Үш жүзге тарта оқушыларымен, жиырмаға тарта оқытушыларымен, барлық қаңғыр-күңгірімен, балалық шақтың сағынышындай тек қана жақсы жақтары көз алдыма елестеп келеді...

Мектеп директоры, әрі математик, әрі діндар Иван Михайлов, революциядан кейінгі директорымыз Яков Пономаров, оның әйелі, оқытушы Глафира Михайловна, әдебиеттен сабақ беретін поляк қызы ма, латыш қызы ма, ұмытып қалдым, Сильвия Михайловна, математикадан сабақ беретін, домаланған жас Татьяна Меринова — бәрі баяғы жас қалпында, бәрі баяғы құрметті қалыптарында көз алдыңа келеді. Бұлар көруге тиістіні көрмей өткізбейтін, көрмеуге тиістіні көздеріне шұқып көрсетсең де көрмейтін қадірлі ұстаздар еді. Қазір олардан қалған жалғыз Татьяна Меринова — еңбегі сіңген қарт оқытушы.

Бұл жолы Пресногорьков маған тіпті ұнамады. Мектептің орнына жанастыра салған «Мәдениет үйі» еңсесіз де жапырықтау екен. Көңіл көтерер ажары жоқ. Айналасы ығы-жығы, ұсқынсыз тұрғын үйлер.

...Қаланың кеуде тұсында кең алаң болушы еді, оны да тұрғын үйлер толтырып жіберіпті. Станция ескі көркінен айрылған да, жаңа көркін таба алмаған, тұтас алғанда соғыстан кейін қайта киініп үлгіре алмаған Қазақстан сияқты жері мол елде тұрғын үйлерді осындай иық тірестіре салудың өзі бір қисыны жоқ нәрсе.

Оның есесіне маған ауданның басшылары қатты ұнады. Ұстамдылық, әдептілік, ішкі мәдениет белгілері сезіліп тұрған жігіттер екен. Ауданның жаңа сайланған бірінші хатшысы Қожықов, ауатком председателі Теренник, оның орынбасары Тоқбаев жолдастармен кездестім. Алдымызда бас та тұрды, қымыз да тұрды. Бірақ ішімдік жағына ешкім жетелеген жоқ.

Бұлардың арасынан ауданның қоңыртөбел қалпына бойы үйреніскендік байқалған жоқ. Асыра сілтеген, қызыл жел мақтаныш та жоқ. Еш нәрсені жасырмай да, асырмай да сөйлесіп, биылғы жылдан жақсы үміт күтетіндерін, ол үміттерінде еңбекпен қаланған негіз барлығын сыпайы ғана аңғартып отырды. Қалай да, орындалмайтын уәде беруден, қымқырып-жымқырып қалудан жұрт аяғын тартқан екен. Іске ой кірген, ой іске айналған. Бұл — заманымыздың ең қатты қадірлейтін бет алысы, болашақ жолы.

Біздің «Озерный» совхозының басшылары да іскерлік үстінде кездесті. Әлденеше рет таңертеңгі жетіде, кешкі сегізде үнемі іс үстінде кездесіп отырды. Совхоз жұмысшылары не күн шықпай, не күн бата орталыққа бармаған болса, басшыларды кездестіре алмаспын-ау деп қауіптенбейтін болған.

Совхоздың жаңа директоры Л. Н. Черепанов, парторг П. И. Бирин, рабочком С. Балуанов жолдастар жақсы ұйымшылдық барын байқатады. Парторг Бирин бұдан бірер жыл бұрын бірінің үстімен, бірінің астымен жүретін, үстірттеу әсер қалдыратын еді, қазір совхоз жұртшылығын түгел танып болған, қай жерде қандай дүмбілездік бар, ондайларының есебі қолында сияқты. Жүгері егістеріне қарай аяғын сылбыр басады да, тығыз шыққан бұршақ егістеріне қарай ентелей басады... Совхоздың директоры Л. Н. Черепанов, «отыз мыңдықтың» бәрін білетін адамның байсалды әсерін қалдырды. Іс үстінде

болсын, тастархан үстінде болсын, әңгімелесу үстінде болсын, бар білері егін мен мал ғана емес, мәдениеттің әр саласына көңіл аударатын адам. Шаруашылық майданында бұл тектес адамдар — жаңа басшылар, жаңа адамдар. Желқабаз да емес, жер қорқақ та емес, шындықтың адамдары.

«Отрадный» совхозына қарайтын «Жаңа жол»— менің туған жерім. Бұрын бұл 36 мың гектар жері бар колхоз еді, қазір совхоз бригадасы. Бұл маңайдың егіні тап маңдай алды болмағанымен, ортадан жоғары қалпы бар. Топырақ ақауы байқалмайды. Бұрын қара қыртыстың бетін төрт елі тырналап, жылма-жыл еге бергендіктен әлдеқашан ескіріп қалған жерлер трактор соқасы белуардан қопара аударғаннан кейін жаңа жермен теңеліп кеткен. Баяғы күлдей бұрқырап жататын Торсан «Егін шоғының» айналасы да сондай.

Бұл елдің арғы-бергі күндері маған өте таныс. Аттарының жауыры, күпісінің жамауы бәрі есімде. Төрт-бес үй тоқ отыратын, он-он бес үй тоқ-жарау, 80-90 үй аш-жарау отыратын да, ашпа-жалап, қара таяқ атанатын 30 жылдарға дейін малдан басқа кәсібі жоқ, одан кейін тіршілік салмағы егінге ауысқан ел. Былтыр жеке меншіктегі малды ықшамдағанда, талай адамдар әр түрлі қауіптер айтқан еді. Мен бір жағынан соны да қарастырдым. Жоқ, оның бәрі де бос сөздер, дүмше топшылаулар екен. Мен еңбек істеген адамның биылғыдан тоқ болған кезін көрген емеспін. Ел тоқ, көйлегі көк, көңілі тіпті көтеріңкі!

Бірер мысал келтіре кетуге де болады. Бір кезде колхоздасудың басы-қасында болған, қазір қарт пенсионер — Бейсек, Мырзахмет, Мақан, Тұрсын сияқты қадірлі адамдармен елдің тұрмысын әңгімелесіп отырғанда, сексен үштегі Мырзақмет қарт былай деді:

— Осы күнгі бір сиыр баяғының 3-4 сиырына тұрады. Сепаратордан қаймағын ғана алып қайтамыз, сүтті бұзау ішеді. Айына 30 сом пенсия аламын, 24 сомына екі қап крупчатка аламын, алты сомы шай-қантыма жетеді. Қара ұн, қоңыр ұн дегенді ұмыттық,— дейді.

Бейсек қарт оны қуаттап:

— Шырағым, өзің білесің, бұрынғы орташа мен кедей қысқы соғымы таусылған соң, келер соғымға тышқан мұрнын қанатa алмайтын. Етті қонақ келгенде ғана, әлдеқалай той болғанда ғана көретінбіз. «Той десе қу бас домалайды» деген содан қалған. Осы күні күнде ет жемейтін үй сирек кездеседі,— деді.

Тұрсын қарт жетпіске келгенде әйелі тағы бір ұл көріпті де, баланың атын Жетпіс қойыпты. Шалдар қалжыңдасып, бұл баланы да тұрмыстың түзелгеніне байланыстырып әкетті. Дұрыс емес пе!?

Таңертең қаймақ айыратын бөлімшеге бардым. Электр моторы зіркілдеп, бір шүмектен қаймақ бұлағын, екінші шүмектен сүт бұлағын ағызып жатыр. Бөлімшенің бастығы біздің бір жамағайын Мұқали Дүйсенов екен. Есік алдында қаз-қатар ақ флягтар тиелген, пар өгіз жегілген арба тұр. Мұқали әйелі мен екеуі қаймағы айрылған сүтті шелектеп тасып флягтарға толтырып жүр. Бұл бұзауларға жіберілетін сүт, әр бұзау күніне 6 литр сүт ішеді. Бұзаудан артқанын торайларға жібереді. Ұзамай осы араға сүт таситын цистерна келеді де, артылып қалған сүтті сол шошқа фермасына алып кетеді. Бұл облыстарда жол әлі нашар. Жаңбыр жауғанда жол май батпаққа айналып, цистерна келе алмай қалады. Ондай күндері бұзаулардан артылған сүтті әдейілеп қазған орға төгеді! Бөлімшенің қасында кішкене ғана сүт көлі жатыр! Сүт көлі!

Мен аң-таң қалып, Мұқалидан: «бұл қалай?»— деп сұрадым.

— Енді қайтейік, сүттен құрт (сыр) қайнататын бөлімшеміз жоқ,— деді ол.— Амалсыз ұраға төгеміз...

Мен сүтке ие жоқтықты, сүтті жерге төккенді өмірімде бірінші рет көріп тұрмын. Бір жағынан бұл тоқшылық белгісі болса, екінші жағынан қолдағы бар байлықты ұқсата алмаудың да белгісі ғой! Сондықтан, әрі қуанасың, әрі ренжисің.

Орталық баспасөз беттерінде квас, лимонад, сыра, тағы басқа түрлі сусындар жайы биыл әлденеше рет сөз болды. Бізде сусын біткеннің қадірлісі, дәрісі қымыз да қолға алынбай келеді. Тула қаласында, Москвада, Америкада қымыз жасалады. Сусын жағынан қайда барсақ та тапшылықта отырған біз қымызды қолға алмаймыз! Қолда барды ұқсата алмаудың бір түрі осы да.

«Жаңа жол» иттерінің төр-ағасы сияқтанып, аяқтарын маңғаз басқан тайыншадай бір шолақ сарқасқа итке келген бетте көзім түсіп еді. Аздаған аңшылығым еске түсе қалып, қызыға қарағамын. Сол сарқасқа өтіп барады екен. Мен оны әрең деп шақырып алып, сүт көлінің қасына әкелдім. «Іш, жала» дедім. Сарқасқа мойнын да бұрған жоқ. Бұл да тоқшылық белгісі. Дегенмен осы тоқшылықтың айналасында да біраз жоқшылық мәселе

жатқан сиятанады. Адам арманы тек қана қарын тоқшылығы емес қой.

«Жаңа жол» қала болдым дегелі отыз жыл. Бірақ бұл әлі қала да емес, ауыл да емес, ауыл мен поселкенің қосындысы. Мұнда жүз он үй бар. Оның жиырма бірі төбесін шатырлаған, едені тақтай, қос терезелі үйлер. Бұл үйлерді өз қаражатына салып алған Шайын, Гүлсім, Әндігожа сияқты мұғалімдер, табысы мол трактористер, озық еңбек адамдары. Өзге сексені кәдуілгі қыртыстан салған жер үйлер. Жер үйлерге де, ағаш үйлерге де түйекенедей жабысып баяғының шошалалары әлі тұр. Үй мен мал қораларының шекарасы әлі ашылмаған. Күтпеген жерден ешбір архитектура ойлап таппас қалта-қоралар, қақпа орнына көлденең қойған келтектер кездеседі... қамыс қоршаған дәретханалар. Қалай қоршалса, олай қоршалсын, осы дәретханалар мәдениетке ұмтылудың үлкен бір белгісі. Иланһи, өңделе берсін!

«Жаңа жол»— егіс бригадасы. Оның үстіне қой, сиыр фермалары бар. Көшесінде бес жерде электр шамы жанып тұрады. Тұрғын үйлерде күн батқаннан бастап түнгі он екі-бірге дейін жанады. Электр жарығы жер үйлердің бұрыш-бұрышына жинала беретін дағдылы қоқтықты көзге түртіп көрсетіп, сол бір бәледен арылуға жәрдем еткені байқалады. Ауылға тазалық бәсекесі кіре бастаған.

«Жаңа жолда» қатты разы боларлық үлкен бір беталыс берік ірге тепкен. Ол — механизарторлар қозғалысы, ауыл шаруашылығының озық техникасын меңгеруге бұрған беталыс. Әдейі есептеп қарасам, «Жаңа жол» қырық жылдың ішінде 56 адамға мәдениет қайраткерлерін берген екен, көпшілігі мұғалім, газет, баспасөз қызметкерлері. Қазір он жылдың ішінде «Жаңа жолдан» отыз тракторист, комбайнерлер шыққан. Былтыр ғана жақын ағамыз Бейсенов Исақмет он жылдық мектепті бітірген баласын жоғары мектепке жібермей қалғанда мен наразылық білдіріп едім. Биыл көрсем, сол бала ДТ трактарын ұршықтай үйіріп жүр. Мен қуанып кеттім. ДТ, «Беларусь» тракторларын меңгеріп алған жас балалар әсем атқа мінгендей көңілдері көтеріңкі, табыстары мол, техникаға жанаса алмаған замандастарына шекеден қарайды екен. Амандасқанда майлы қолдарын еркін ұсынады!

Ауылда әр түрлі қызықтар да, өрескелдіктер де кездеседі. Бір күні таңертең велосипедке мінген еңгезердей жі-

гіт екі қызыл сиырды алдына салып айдап, тырқыратып барады екен... Енді біраздан соң қарасам, сол велосипедке мінген жігіт бір табын сиырды қыр басында дүркіретіп жүр... Сұрастырып қарасам, ол Сабыр Байғұтты баласы екен. Өзі дардай коммунист. Былтыр сақтық кассасында қызмет істепті де, жұрттың 8 мың сом ақшасын жеп қойыпты. Арақ деген жаны бір досы бар екен, 8 мың соған кетіпті. Бірақ ондайға көң қолтық қарайтын «Жаңа жол» мұғалімдері 8 мыңды өздері жинап салып, Сабырды жазадан аман алып қалыпты: мұны істегендер де түгелге жақын коммунистер...

«Жаңа жолдың» орталық тұсында табиғаттың өзі жасап берген қайың бақшасы бар еді. Соғыстан бұрын мұғалімдер бақшаны айналдыра қоршап, мәдени бір талаптарға ұмтылған. Соғыс бақшаның қоршауын құртып, отқа жақты. Енді қалғанын жұртқа ағаш өсіруді үйретеді, жаратылыс байлықтарын қорғайды дейтін лесничиміз Ақбаев құртыпты. Соғыс кезінің жаяу қырғынынан 1657 түп қайың аман қалып еді, қазір 106 түп қана қайың қалыпты. Қасындағы «Елтін жал», «Сәдір», «Ақ-қусақ», «Кәрікөң» ағаштары аз болғандай, Ақбаев сол қайың бақшасынан тұрғын жұртқа делецке кесіп беріпті! Надандық деген ескі ағайынымыз қай жерде болса да бар ғой, бірақ Ақбаевтың надандығы «шаппай — бер» надандық: ел отырған жердің бақшасын делецкеге беріпті деген — дүние естімеген ұят!

«Жаңа жолдың» қасында «Бүркеу» деген лесничество бар. Құрылысқа жарамайтын бұтағы көп, мықыр қарағай, сау қайың, терек өседі. Менің бала кезімде азғана түп акация қосылған еді, содан басқа еш нәрсе әлі қосылмапты. Қасында тұрған «Жаңа жол», «Жалтырша», «Ақбалық», «Октябрь» бригадаларына бір тал ағаш орнатуға жәрдемі болмаған. Оның үстіне ендігі бастығы Ақбаев болғанын қайтерсің!

Біздің ел қашаннан бері мал өсіріп келе жатқанмен, тұрақты малшы сирек кездесетін. Малды кезекпен бағатын ескі ауылдың әдеті бойынша, ешкім мамандана қоймайтын. Қазір олай емес, совхоз шаруашылығында мал мамандары — тұрақты адамдар шыққан. Соның бірі, озықтардың бірі — Сұраған Райбаев.

Сұраған 38 жылдан бері малшы. Қырық бесінші жылы Берлинде алысып, соғысты аяқтағаннан кейін мал шаруашылығына қайта оралған. Соңғы төрт жыл бойында бұзаушы.

Сұраған туралы — ол биылғы бұзауды күзге дейін тайынша қылып шығарады деген ақыз бар екен. Мен оны әдейі іздеп бардым. Тасыбек көлінің қабағында бырдай болып бір табын бұзау жатыр. Мен келген соң Сұраған бұзауларын тұрғызып көріп еді, тойынған бұзаулар өре қойған жоқ, белуардан келген көк шалғын бозға қайта жата бастады. Бұзаулары, шынында да, етейген ірі екен.

— Бұзаудың оттауын да, жем жеуін де, су ішуін де, жатып дем алуын да көзіңнен өткеруің керек болады,— деді Сұраған.— Әттең соның бәрін істеуге, болмашы ғана кедергіні жоюға совхоздың қолы тимей қойды. Менің тұратын үйім — «Жаңа жолда», ал бұзаулардың базасы — осы Тасыбек. Таң атпай осында келемін де, бұзаумен бірге кетіп, үйге түнде қайтамын. Күндіз тамақ ішуге де орала алмаймын... Тасыбектің басынан үй оңдап берсе, бұрын озық малшы болған әйелім — Бикенің де қолғабысы тимес пе еді? Өзім түнде де бұзауларымның маңында болмас па едім?

Совхоз директоры Черепанов жолдас Сұрағанның жағдайын тез түзеп беруге уәде етіп қалып еді, ендігі орындаған да шығар.

«Жаңа жолда» бұрын он жылдық мектеп болушы еді, қазір сегіз жылдық. Бұл жайға наразылық айтып, біраз жолдастар былтыр маған хат жазғандары да бар-ды. Алыстан қарағанда, мен де наразы едім. Өйткені соңғы жылдарда салынған типовой мектебі он жылдық болуға лайықты сияқтанатын еді. Көзбен көріп, әсіресе, мұғалімдер жайымен танысқаннан кейін, мен қазақ колхоздарының, совхозға ауысқан жерлерде қазақ бригадаларының ілуде біреуінде болмаса, он жылдықтың білімін толық беретін мұғалімдері жеткіліксіз бе деген қорытындыға келдім. Жылма-жыл Алматыға келіп конкурстен өте алмай қайтатын балалардың көбі менің байқауымша қазақ мектептерінен келетін сияқты.

Әңгіме атында емес, затында ғой. Ауыл ма, қала ма, әңгіме мұнда да емес. Мектеп сегіз жылдық па, он жылдық па, әңгіме онда да емес, қай мектеп қай дәрежедегі білім бере алады, әңгіме осында болу керек. Ауылға болсын, қалаға болсын, мектепке болсын, қазір үлкен талаптар қойылады.

Шашырап-бытырап кеткен әңгімені осымен аяқтаса да болады ғой деймін... Туған жеріңді, еліңді аралағанда

шеңбері кеңейген өмірдің молшылығын да көресің, қалтарыста қалған қақ-соғын да көресің, туған елім оған өкпелемес деймін.

1962 ж.

ЖАҢА БЕСЖЫЛДЫҚ — ЖАҢА БЕЛЕСТЕР

Қырандардың ең бақытты шағы, тірліктің қуанышын сезетін мезеті — олардың таңғы таза аспанда самғау сәті. Сонда олар қанатының қалтқысыз қалықтау күшіне сүйсінеді. Мөлдір тыныштықта өз қанатының суылын, өз жүрегінің дүрсілін естиді.

«Адамның кейбір кездері — көңілден алаң басылса»,— деп Абай айтады. Адам да қыранмен тектес қой. Оның биікке қарауы әлгі қырандарға ұқсайды.

Мен бұл екі табиғат құбылысын жайдан-жай алып отырғаным жоқ.

Біздің қоғамның, біздің күніміздің болашаққа самғау жолында да осындай қасиет бар. Қазіргі адам ойы, замандас ақылы осындай масштабта әрекет етеді. Барлық құбылысқа осындай ірі мән береді. Ол неліктен? Ол — қоғамның даму процесінің адамдарға, қоғам мүшесіне жасайтын ықпалы, игі әсері. Адам өзінің рухани даму биігіне шырқағанда қоғамды да көз көріп, ой сезініп білмеген қияндарға самғатады. Осылай алма-кезек үнемі биіктеуді — қырандар тірлігінде — самғау деп атайды.

Біздің туған халқымыз — Совет халқының өмірінде осы үздіксіз самғаудың заңдылығы бар. Ол — әр кезең сипатын, сол кезеңнің жасампаз, творчестволық күшін мүлтіксіз дәл тану шеберлігі. Ол шеберлік — ғылым мен техниканың даму процесін басшылық, көрегендік, ұйымдастыру талантымен ұластыру шеберлігі. Біздің туысқан Коммунистік партияның, совет халқының күнделікті өміріндегі даналық қызметі осы тұрғыдан танылмақ.

Советтер Одағы Коммунистік партиясының әр кезекті съезі — Социалистік Отанымыздың өміріндегі тарихи оқиғаға айналуы — жаңағы айтылған ойларымызды бекіте түседі. Съездің қаулы-қарарлары — біздің әрекет, еңбекке толы уақытымыздың негізгі айнасы. Біз соларға сәйкес мақсаты айқын, сенімді тіршілік кешеміз. Совет халқының өз туған Коммунистік партиясымен мәңгі бірлігі осында. Бұл ғажайып бірлікті, біртұтастықты өзінің

сәулетті өмірімен халқымыз үздіксіз жырлап келеді. Совет халқының мәңгі өшпейтін жыры — осы асқан бірлік туралы жыр.

Міне, біз тағы да тарихи оқиғаның алдында тұрмыз. Ол — халқымыздың ғажайып ерлік істерімен әсем тұрмысымен қарсы алып отырған XXV партия съезі. Осы тарихи күннің шұғыласына еркін бөленіп, шабыт шалқарына құлаш ұрарда біз қазірге дейінгі өтіп келген жолымызға көз жібереміз.

Біздің алғыр жанарымыз артта қалып бара жатқан асулар беліндегі жарқын жолымызға түседі. Осынау алып жолдың бойында төрт асу жатыр. Олар — арада өткен төрт жыл. Олардан Отанымыздың әр жылдағы бейнесі елестейді. Бейне, кескін, тұлға дегендер — елдің сол тұстағы мақтанып айтатын жаңалықтары, жан сүйсінер оқиғаларынан құралады ғой. Бүкіл Отан өмірінен басталып, жеке республика, жеке облыс, аудан, колхоз, совхоз, одан әрі жеке адамдар өмірінде болған бақытты оқиғалар — бәрі жиналып Отан бейнесін құрайтыны хақ.

Партияның атақты XXV съезінің алдындағы ең ірі оқиға — елдің ең зор қуанышы — 9-бесжылдықтың табыспен, жеңіспен аяқталуы, жүзеге асуы болмақ. Бесжылдықтар — еліміздің социализм орнату, социализмнен коммунизмге өту жолының тамаша тарихи шежіресі. Осылай тарихтағы ең тұңғыш социализм елінің өмірбаянын бесжылдық атты ұлы тарауларға бөліп жазып отыру — тек қана Коммунистік партияның үлесіне тиген. Халықтар достығы, халықтар бақыты атты алып эпопеяның авторы да — Коммунистік партия.

Мұндай ең алып, ең данышпан кітап және ең дана жазушы жер планетасының миллиондаған жылғы тарихында болған емес. Біздің мақтаныш сезіміміздің биігі сонда жатыр.

Сонымен 9-бесжылдықтың жасампаз күші мен жомарт шұғыласының жемістері бүкіл Отан тұлғасында жарқырап тұр.

Менің, біздің жанарымызда, ой-қиялымызда туған республика — Қазақстан.

Қазақстан, Ғажапстан, кең өлке,
Өскен өркен, қойның толы береке,
Жаның толы жомарттық пен жақсылық —
Заула солай болашаққа сен, ерке!

Жаңа Қазақстанмен бірге жасасып келе жатқан біздің, біздің алғашқы ұрпақтың еске алары да, салысты-

рары да көп. Ол ұзақ сөз. Екі съездің, партия, ел өмірінің екі ұлы кезеңнің екі аралығында болған ғажайып өзгерістердің өзін санап, шолып шығу да оңай емес. Оңайлығы емес-ау, соны ең үнемді, ықшам деген сан, цифрлармен айтып берудің өзін біз қазір автоматты есеп машиналарына жүктеп қойған жоқпыз ба?!

Яғни, сол санды болжап, түсініп шығудың өзі бір ғылыми дүние. Біз солар арқылы болған ірі құбылыстарды, мол нәтижелерді ғана көреміз. Бір ғана Қазақстан осы аралық кезеңде қаншама қала орнатып, қаншама кен орнын ашты!

Алдымен Қазақстанда үш бірдей ірі облыс құрылды. Торғай, Жезқазған, Маңғышлақ. Бұл жаңадан туған үш бірдей өлке деген сөз. Біздің облыстардың масштабын жұрт білсе керек.

Осы үш аймақтың шаруашылығын жүйеге түсіруде, олардың орталық қалаларын салып шығуда, қатынас жолдарын қатарға қосуда, мәдени-тұрмыс орындары мен ошақтарын салуда, ашуда Коммунистік партияның қаншама ақыл-қайраты, үздіксіз ықылас-назары жұмсалды десеңші! Үкіметтің қаншама қаржысы бөлінді, бөлініп жатыр. Ол үш облыстың жаңа тууы — республиканың сапа жағынан да, сан жағынан да өсе, тұлғалана түсуі деп ұқсақ керек. Олар елдің жалпы экономикасына «жаңа туып жатырмыз» деген сылтауын қоспай, сол туу, өркендеу процесінің үстінде-ақ, өзгелерден қалыспай, белгіленген жоспарын артығымен орындап, туа салып, тез өсіп, иықтасып кетті. Оған бір ғана мысал: жаңа Торғай облысының екі жыл қатарымен жүз миллион пұттан астық беріп, Ленин орденімен наградталуын айтсақ та жеткілікті.

Жезқазған да солай, Маңғышлақ та солай.

Бұл бесжылдықта тағы бір ірі қуанышты оқиға — «Ертіс-Қарағанды» каналының аяқталуы, түбегейлі іске қосылуы болса керек. Бұл каналдың орталық Қазақстан өмірі үшін, әсіресе, Қазақ металлургиясы үшін, Теміртаудың домналары үшін қандайлық маңызы барлығы баршамызға аян. Енді сол канал күн сайын керемет көлемен өркендеп келе жатқан Жезқазған өндіріс аймағына тартылу болашағы тіпті де қуанышты жайт.

Ал Маңқыстауда бүкіл қуаң шөлді, Ұлы Үстіртті басып, күні-түні ағылған мұнай, сол мұнайды тез жеткізіп жатқан Бейнеу-Қоңырат — Өзен темір жол тармақтары осы бесжылдық перзенттеріне жатса керек.

Бұл үшсуінен басқа да Қазақстанның қай өлкесін алсаңыз да, тоғызыншы бесжылдықтың жасампаз қолынан үлес алғандары мол.

ҚПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Леонид Ильич Брежневтің сөйлеген сөзі, оның Қазақстанда екінші тың — қой шаруашылығын қауырт өркендету, оны таяу жылдардың ішінде елу миллион басқа жеткізу туралы ұраны — осы бесжылдықтың тарихи сөзі болып табылады. Енді бұл мақсатты жүзеге асыру жолындағы күрес жылдары да — осы жылдар еді.

Осының арқасында бұрынғы ата кәсібінің жаңа мамандары, жаңа ұрпағы дүниеге келді. Ауыл, ауданда комсомол жастарының шопандар бригадасы құрылды.

Семей облысы жастарының бұл тарихи инициативасы бүкіл одақ көлемінде қозғау туғызған тамаша дәстүрге айналды. Сайып келгенде бұл көне де жаңа шаруашылықтың дәуір, уақыт алға қойған зор проблемасы, зәру мәселесі шешіліп шықты. Бұл да — партия көрегендігінің күшті дәлелі болса керек.

Коммунистік еңбек неғұрлым биік сапаларға көшкен сайын өзінің іскер еңбеккерлерін, олардың жаңа білімпаз иелерін жарыққа шығарады. Коммунизмнің қоғам ретіндегі жеңімпаздығы, өміршеңдігі осында.

Сонымен бірге тоғызыншы бесжылдық жалпы еңбектің сандаған саласында қаһармандар ұрпағының жаңа тобын дүниеге әкелді. Социалистік еңбектің алтын кітабында жаңа ерлердің есімі пайда болды. Олар — біздің республикада Кәмшат Дөненбаева бастаған жаңа күннің батырлары еді.

Енді ойлап қарағанда Кәмшаттар — шынында үлкен құбылыстың, жаңа өзгерістердің туғызған адамдары емес пе?

Қазақ даласының, оның адамдарының, әсіресе, әйелқыздарының революциядан бұрынғы тағдырын жақсы білетін және кейінгі тарихын қолымызбен жасасқан бізге бұл төтенше, бұрын болса да, кең өріс алмаған құбылыс екені әбден аян.

Қазір ол тек қана Еңбек Ері ме, ол қызу инициатива, үлкен ұран иесі. Ол қандай? Бүкіл қазақ қыздарының атына механизатор болу, жаппай техниканы меңгеру ұранын тастап отырған сол. «Дала диханшысы екенсің — техниканы меңгер» деген ұран ол. Мұның, жолдастар, тарихи мәнісін ұғуымызға керек.

Болат тұлпарларды, дала алыптарын бұрын рухы да әлсіз, қолы да нәзік қазақ қыздарының қазіргі таңда шыркөбелек үйіруі ол жай қарай салатын құбылыс болмасқа керек. Міне, социализмнің, коммунизмнің адам рухының, жан қуатының күшін қандай биіктерге шырқатып бара жатқанының куәсі осы.

Тоғызыншы бесжылдықты ауызға алғанда оның осындай ірі құбылыстар, алып құрылыстар мен оларды туғызған алып адамдар бейнесі көз алдыңа келеді.

Енді бір сөз — осы бесжылдық ішінде осынау көз қуантқан, жан өсірген табыстарымен керемет өсіп кеткен Қазақстанның Одақ көлемінде де, бүкіл дүние жүзінде де елдік, халықтық беделінің өсіп кетуі жайында.

Соңғы жылдарда Қазақстан өмірімен, тарихымен, халықтарымен танысу, көру мақсатында қаншама елдерден делегация келді. Шетелдермен байланыс қоғамының әлденеше ұйымдары құрылды. Олардың басында Қазақстанның Еңбек Ерлері, ең атақты адамдары, ғылым-өнер қайраткерлері отыр. Олардың бәрі де сол байланыс құрған елдерге дерлік сапар шегісті.

Қазақстан ғалымдары шет елдерде ғылымның жаңа табыстарын паш етіп, биік трибуналарда сөз сөйлеп, лекция оқып қайтысты. Әдебиет-өнер майталмандары ұлттық және дүние жүзі өнер қазыналарын әлемге жайды.

Тоғызыншы бесжылдықта совет адамдарының рухани байлығының өсе түсуіне, мәдениетіміздің озық өркендеуіне қосқан үлесі еске түседі. Жаңағы Қазақстан беделінің өсуіне бірер мысал: Азия-Африка жазушыларының Алматыда өткен V конференциясы, медицина, химия саласындағы дүние жүзілік форумдар, кинофестивальдар, көрмелер, ақтығында өткен күздегі әлем ғылымының мақтанышы, «Екінші ұстаз» атанған жерлесіміз Әбу-Нәсір әл-Фарабидің 1 100 жылдығына арналған дүние жүзілік ғылыми конференция. Бұл конференция қазақ ғалымдарының қаншалық дәрежеде өсіп кеткендігін паш етті, әйгіледі.

Ал солардың бәрі жалпы Қазақстанның жан-жақты, сан-салалы өскелең бейнесін көріп, таңдай қағысты.

Социализмнің жасампаз күшіне мойын ұсынды. Бұл біздің саяси аренадағы ғажайып жеңісіміз еді. Шет елдердің барлық баспасөзі мен радио, теледидары Қазақстанның осы қазіргі ғажаптарын мойындаған хабарлар берісті. Ол — жеңіс емес пе?

Ал енді осы біз экскурсия жасаған тарихи жақсылықтар мен дамудың жарқын жылдарының — қыранша самғаудың ең бір басты-қолайлы жағдайы бар. Ол — дүние бейбітшілігі, адамзат тарихында ең ғаламат апат ядролық соғысты болдырмау күресі. Тағы да осы күрестің басында — Совет Одағының, оның данышпан Коммунистік партиясының тұруы қандай бақыт!

Бұл игілікті жолдағы Совет Одағының жүргізіп отырған тынымсыз қайраткерлігі, ықпалы мен беделі — қазір дүние жүзінің алғысқа бөлеп айтып, мойындап отырған бірден-бір ісі. Бейбітшілік жауларының арам мақсатын жүзеге асырмауда, ең қауіпті жағдайдың өзін бейбітшілікпен шешуде КПСС Орталық Комитетінің, оның Бас секретары Леонид Ильич Брежневтің кемеңгерлік қызметі өлшеусіз зор болып отыр. Оған КПСС, Совет Одағының зор инициативасы, қайрат-жігерімен ұйымдастырылып, жемісті өткен Хельсинкидегі татулық, бірлік форумы айғақ болды.

Бейбітшілік сақтаудың бүкіл дүние жүзілік кеңесі ашылып, оның қызмет атқарған күнінен бері көп жыл өткен жоқ. Алайда, осынау ұлы қозғалыстың барған сайын көптеген елдерді қамтып, қатарын күн санап ұлғайтып келе жатқаны қуанышты жағдай. Бейбітшілік пен прогрестік күштердің басым күш алуы, халықаралық шиеленістің азаюы, халықтардың төбесінен төнген ядролық соғыс бұлтының сейілуі, міне, қазіргі әлем халықтарының, осы заман мұддесінің асыл арқауы осылар болып отыр.

Осы жолдағы айрықша адамгершілік, гуманистік қажымас еңбегі үшін КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Леонид Ильич Брежневке Фредерик Жолио-Кюри атындағы Халықаралық Бейбітшілік Советінің сыйлығы берілуі — Советтік Отанның, оның еңбекшілерінің мерейлі мерекесіне, қуанышты күніне айналды. Барлық ел түкпірінен бұл ерекше еңбек иесінің, талантты ел басшысының әлем игілігі үшін сан жыл бойына қайрат-жігерін сарп еткен қасиетіне деген алғыс тасқыны құйылды.

Бұл абырой алдымен КПСС-тың бейбітшілік сүйгіш саясатының қажымас күресінің жемісі.

Сайып келгенде Советтік Отан, оның данышпан көсемі — КПСС өзінің даңқты XXV съезіне бұрын болып көрмеген жеңістермен асқан абырой, беделмен, жаңа өркендеудің асқар биігінде, жаңа биік самғаудың таза,

мөлдір жан аспанының, қайнаған халық жігері мен таза ар-ожданның берілгендік пен берік сенімнің құшағында келіп отыр.

ҚПСС-тың XXV съезі халықтың жиырма бес жастағы азамат күшіне алып жоспарлар сызып, анық бағыт сілтейтін, халық жүрегінің тың қайратын, сарқылмас мүмкіндігін тамаша дәлелдеп беретін тарихи съезд болмақ.

Біз мынау мөлдір тұнық аспаннан, шұғыла шашқан жомарт күннен қырандар биігінен салтанатты самғау күтеміз. Ол — болат қанаттылар самғауы, қанатты жылдар самғауы.

1976 ж.

ҮЛКЕН МИЛЛИАРД ЖОЛЫНДА

Еліміздің үлкен бір өңірін аралап қайтуға бұл жолы поезбен кеткенім артығымен ақталды. Үнемі бір аэропорттан ұшып, екінші аэропортқа қонып жүргенде жаңарған жеріміздің, жаңарған еліміздің бүгінгі бейнесінен көз жазып қалғандай сезінуші едім. Қобалжудың қандай түрі болса да жазушыға қауіпті нәрсе.

Жерінің бейнесінен иемденіп отырған елінің бейнесін де тануға болады. Бірақ әрбір ұқсастықта айырма да бар, әрбір айырмада ұқсастық та бар. Елі де, жері де осы ұқсастықтарымен, осы айырмаларымен дұрыс танылады. Биылғы тасып төгілген молшылық жылы менің көргім келгені осылар еді.

Керекті кезінде жауған жауындардан кейін шілденің ыстығы орнаған жаздың ортасы еді. Қарағанды топырағына тұяқ іліккен соң-ақ жер ажары құлпырып сала берді. Орталық Қазақстан тұтас, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Қостанай барлық ажар-көркімен жайқалып тұрған кезі. Егін-шөп бәсекелесіп өскендей тығыз да бойшаң. Гүл атпаған бір өсімдік, бас жарып бой салмаған бір егін дәні қалмаса керек. Бір тал бидайық шөптің салмағы пісіп келген бидай сабағының салмағындай десе де боларлық. Барлық өсімдік атаулы өзінің толықсып-толқындап тұратын қалпында. Солтүстікке қарай жақындаған сайын барлық егін-шөп қоюлана береді. Барлық өсімдік атаулының бояулары да коюлана береді. Барлық гүл ататын өсімдіктердің гүлдері қандай айқын, қандай жарқын! Бұл менің соңғы елу жылда көрмеген

молшылығым. Поезд күн бойы жүргенде осы көріністің жігі бір ашылған жоқ. Солтүстігіміздегі бес облыстың жер шекаралары білінбей, тұтасып жатқан көк теңіз көкжиекке дейін тұтаса толқындайды. Вагонның екі жағындағы терезелеріне кезек-кезек барып қараймын. Жоқ, жоқ, бұл менің өмір бойы көрмеген молшылығым, туған жердің мұндай құлпыруын мен өмірімде көрген емеспін!

Күн шығып келеді. Егін-шөп бастарына, жүгері шашақтарына тұрып қалған шық тамшылары қызылды-жасылды меруерттей мөлдірейді. Таңертеңгі жеңіл самал сол меруерттерді шашып алам ба дегендей ақырын ғана тербетіп құлпырта түседі. Бұл меруерттер миллиард берер астықтың әр сабағының басына ілінген шам-шырағы емес пе екен деген ой келеді.

Күн батып барады. Жел аз ғана күшейе түсіпті. Алқара көк қалың егін қарауытып, мұхит толқындарындай дөңбектене аунақшып, ыңыранып төңкеріледі. Үлкен миллиард әлі сабағында тұрса да оның орындаларына ешкімде шүбә жоқ. Тек «арық айтып, семіз шықсақ» деген ойлар ғана бар.

Құрғақшылық жылдары жылқы мен сиырдың басы жетер жеріне дейін сиынып, жалаң бұттанып қалған кейбір ормандар биыл қайта қоюланып алған. Темір жолдың екі жағына отырғызған ағаштар өзара қанаттасып, тұтасқан орманға айналуға бет алған. Кей жерлерде қар ұстайтын тақтай бөгесіндер түгел жоғалыпты.

Темір жол бойында көрмей өтуге болмайтын бір жағдай — шлагбаум көп екен. Шлагбаумға кеудесімен келіп тіреліп, шыдамсызданып тұрған жүк машиналары, әрине, одан да көп. Қазір шөп тасылып жатыр, құрылыс материалдары тасылып жатыр. Күзгі астық тасылар кезінде неше мың адамның, неше мың машиналардың, неше мың сағат уақыты осы қара ала кермелердің алдында өтетінін еске алсақ, ішің ауырмасқа амал жоқ. Ол сағаттар есептелер, қара ала бөгесіндер сыпырылар кезі алыс болмауы керек.

Тағы бір айта кететін нәрсе — шөп шабатын машинаның жайы сияқты. Осы күнгі шөп машиналары өте алымды. Шалғылары аз ғана өсіріп айтқанда он құлаш жерді бір-ақ сипап кетеді. Орман ішіндегі үлкенді-кішілі алаң-аралдарға жолай алмайды. Биылғы молшылық жылында сондай алаң-аралдар, ескі қыстаулардың көндері, өзекті-шілікті жерлер шабылмай қалып барады. Қандай жұпар атқан мың түрлі құнды шөптер, көк гүлді, сары

гүлді дала жоңышқалары, бұйдайықтар мен шырмауықтар сол күйі сарғайғалы тұр.

Тегінде қысқа шалғылы, жеңіл тракторлармен жүретін шөп машиналарының жайын ойланған теріс болмас-ау дегім келеді. Ауыл шаруашылық машиналарын өзі жасайтын Қазақстанға ол қиын жұмыс болмаса керек.

Қазақстан топырағында гектарынан ең көп дән түсетін облыс біздің Солтүстік Қазақстан дегенді естідім. Туған елдің, туған жердің мұндай үлкен бәйгеге ие болып отырғанына мен де қуандым.

Облыс орталығынан «Жаңа жол» совхозына дейін бес-алты ауданның, оннан астам совхоздың егіндерін қақ жарып жүріп келеміз. Жоғарыда айтқандай, егін сабақтарының арасынан тышқан жорғалап өте алмаса керек. Әрі қою, әрі таза. Ұқыпты еңбек пен кезінде жауған құтжаңбырлар егін арасына жасырынып өсетін арам өсімдіктерді жаншып жіберіпті. Солтүстіктен Қостанайға дейін қара көк толқын ән салып тұрғандай. Құрғақшылық жылдарында жүдеубастанып қалған жаратылыс биыл жарасымын тауып тұтас та түгел ән салады.

«Жаңа жол» совхозы былтыр ғана құрылған бір жасар ғана жас совхоз.

Бұл Қостанай мен Солтүстік Қазақстан облысының түйіскен жерінде елеусіз қала берген ел, елеусіз қала берген жер болатын. Соңғы қырық жылдың ішінде бұл маңай екі облысқа жеті-сегіз рет кезек ауысып келді. Сиыр бақты, қой бақты, егін салды. Бірақ шаруашылықтың бір түріне тұрақтай алған жоқ. Шаруашылықтың бір түрін тұрақты меңгере алған жоқ. Бұдан екі жыл бұрын қасымда Алексей Белянинов, Ғафу Қайырбеков үшеуміз барғанда жүз үйге жақын «Жаңа жол» бөлімшесі бізді түсіретін үй таба алмай, егіс басына қойылатын вагонға жатқызып еді. Осы маңайдан шыққан жүз елуге тарта жоғары дәрежелі білім алған әр түрлі мамандардың оннан бірі еліне қайтқан жоқ. Бұл маңайда толық дәрежелі орта мектеп болмағандықтан 8-класты бітірген балалары бар адамдар басқа бір ауданға, басқа бір совхозға көшіп кететін.

Мен осы жайларды КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары, екі рет Социалистік Еңбек Ері атағын алған қос Алтын жұлдызды Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев жолдасқа баяндап едім. Қонаев жолдас мәселені қолма-қол шешіп берді: ол жерде совхоз

құрылсын деді. Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Василий Петрович Демиденкоға қадағалап тапсырды. Ол мақұлдады. «Жаңа жол» совхозы құрылды. Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшесі Бәйкен Әшімов жолдас кешіктірмей бекітіп берді.

«Жаңа жол» совхозына іскер, жауапты коммунистер жіберілген екен. Совхоз директоры Жолмағамбет Айкенов, партия комитетінің хатшысы Шұғайып Көшербаев, бас агроном Ескендір Елеусізов жолдастар «қазақшылық» деп аталатын қақ-соқтан таза. Шаруашылықты басқаруда болсын, қоғамдық істерде болсын іскер талап қоя білетін жастар. Таңертеңгі сағат жетіде бос жүрген бір адам көрмейсің. Жұрт еңбекке түгел тартылған. Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші секретары Маркен Ахметбеков жолдас та жас совхозды қадағалап бақылап, күнбе-күн жәрдем беріп отырады екен. Оны танымайтын, одан жатсырайтын бір адам көргенім жоқ.

Жаңа құрылған совхоздарға берілетін бесжылдық жеңілдік бар ғой. Бұл совхоз оған алаңдамапты. Бұрын құрылған тәжірибелі совхоздар қатарында барлық жұмыстарына екпін бере кіріскен. Әсіресе, барлық еркек-әйелі еңбекке тартылған. Бұрын құрылған совхоздармен бірдей егін сәлған, мал өсіріп отыр. Жазғытұры аға совхоздарға қолқабыс ете алғаны да бар.

Біздің ауылдарда бұған дейін қыз балалар машина-техниканың маңайына бармайтын еді. Совхоз қыс бойы әзірлеп он қызды трактарға отырғызыпты. Совхоздың барлық шапқан шөбін онжылдықты бітірген алты қыз үйіп-жинап беріп, енді егін орағына әзірленуде екен. Бригадирлері де жап-жас қыз, бірақ жұлынып тұр. Мен сол қыздарға арнап құрмет кешін өткіздім.

Бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде совхоз бір пәтерлісі бар, екі пәтерлісі бар елу үй салыпты. Жолым болып, мен де үш-төрт механизаторларына жаңа пәтердің кілтін тапсырдым.

Бұл совхозда мәдениет жұмыстары өте тарыншылықта. Мәдениет сарайы, толық орта мектеп әзір жоқ. Клуб дегендері әншейін бір ескі үй.

Жақында тағы да сол Д. А. Қонаев жолдас толық дәрежедегі орта мектеп салу мәселесін шешіп берді. Совхоз қазір соған қызу кірісіп жатыр. «Жаңа жол» совхозы

еңбекшілерінің Д. А. Қонаев жолдасқа айтып жатқан алғыстарында шек жоқ.

Ғажап жағдай — бұрын жері көп, егін аз салынатын, малы да аз кезінде бұл ауылдарда жер тарыншылығы бар еді. Жер көлемі қазір де бұрынғы қалпында. Егін екі есеге жақын артық егіледі, малы да көбейген. Бірақ жер тарыншылығы сезілмейді. Биылғы молшылықтың бір ғажабы осынысында екен!

— Мынау егісің де он алтыдан бере ме?— деймін, өңделмеген, сарғалдақ шығып кеткен біраз егістерін көргенде. Директор өтірік айта білмейтін жігіт.

— Мұндай жерлеріміз жоқ емес. Әзірше бұлардың олқылығын өзгелері көтеріп кетеді. Ендігі жылы келсеңіз бұл жерлердің теңесін кеткенін көресіз,— дейді.

Қазақстан аспанының қарны тым үлкен. Біздің барлық жерімізге бірдей жаңбыр төгетін қою қара бұлт жиналуы оңай емес. Бірақ биыл солтүстік жағымыз жаздың орта кезінде жаңбыр емес, ашық күн тілеп отыр екен.

Жас совхоз «Жаңа жол» биылғы жылғы үлкен миллиардқа өз үлесін қоса алды. Орта есеппен гектарынан он алты центнер астық аламыз деген сенімде еді, одан анағұрлым артық алған сияқты. Бірінші октябрь күні барлық астық тапсыру міндеттемелерімізді орындадық деп, озық совхоздар қатарында облыстық партия комитетіне рапорт тапсырыпты. Жас директордың ойында да «арық айтып, семіз шықсам» деген ой бар екен.

Қазақстан халқы биыл бейілділік, мырзалық көрсеткен туып-өскен жеріне риза. Қандай құрғақшылыққа ұшыраса да Жер-ана күшін бойына жинай берген екен.

Биыл туған жер көп еңбегімен арам шөптерден, құртмұрт сияқты бәлелерден тазартып, өндей берген несіне — еліне риза. Мырзалық негізінде адамның өз еңбегі ең соңғы орын алмайды.

Ел де, жер де барлық игілікті істерді біліммен, табандылықпен бастай білген, басқара білген, республикамызды озықтар биігіне көтере алған Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары, адал еңбегімен екі рет Социалистік Еңбек Ерінің атағын алған Д. А. Қонаев жолдаска риза. Қай жерде болса да, қандай мәселе қозғалса да Қонаев жолдасқа шын ықыласымен, адал жүрегінен алғыс айтып, ұзақ өмір тілеп отырған халықты көрдім.

Солардың бірі — жазушылар.

1976 ж.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ҰЛЫ ДАБЫЛ

БИЫЛҒЫ МАЙ

Тұнып тұрған тыныш орман әлдеқалай есінеп қалғандай болады. Күнге балқып, майы шығып тұрғандай бірыңғай да реңдес көк жапырақтар құлпыра жөнеледі. Орман ішіне шимай-шытырман өрмегін құрған қара көлеңкелер дір қағып, астан-кестен апатқа ұшырайды. Ну орманның қараңғы түпкірлеріне жарық сәулесі түседі. Күн көрмеген, тұншықтырған тыншу қараңғылықта әлсіз өскен жас шыршалар жарыққа басын иіп, көктеуді тілейді. Есінеу желге, жел дауылға айналады. Қалың орман тұтас шайқалып, булыққан үндер босанып, ырғағы бар, сазы үлкен бір гуіл туады. Ол орманның тұпық сыры, ұлы күштің гуілі.

Тыншу жарқырап, жайын жатқан теңіз жағасына тұңғыш толқын келіп соғылады. Тұңғыш әлсіз толқын. Жағаға соғып серпіліп кеткен сол әлсіз толқын қайта оралғанда соңынан келе жатқан қат-қабат толқындарды көресің. Келіп-қайтып, соғылып-серпіліп, білеуленіп алған толқындар лезде теңіз бетін алай-түлей етеді. Қырқа тастарға жонын тоса соғылған ақ жал толқындар жағаларды ақ көбігімен жауып кетеді. Дүние жүзінің барлық ақ ойлары осы жағаларда қырқылғандай, биязы жүндей ақ көбік үйіліп қалады. Тыныш теңіз еңсеріліп-төңкеріліп, ырғағы бар, сазы бар үлкен бір гуіл туады. Бұл оянған тұнық сырдың, ұлы күштің гуілі.

Сондай ұлы күштің бірінші белгісі сыяқтанып дүние жүзі пролетариатының Бірінші Май мейрамы туды. Алғашқы кезде орман арасында, өзен жағасында заводфабрикалардың қалта-қалтарыстарында туған Май мейрамы социализм идеяларымен бірге өсіп, дүние жүзілік ұлы мейрамға айналады. Шекарадағы күзеттер, капитал дүниесінің түрмелері мен қатал тыйымдары түгіл, ұлы

мұхиттар да, шөлейт сахаралар да бөгет бола алған жоқ.

Әр кезде дүние жүзілік ұлы күрестің адал қанына боялумен нығайған Май мейрамының туы бүгін жер бетінде түгел желбірейді. Мысква туларына әлемнің бейбітшіл тулары қосыла желбірейді. Бұл азаттық, теңдік тулары, адам баласының қақ жартысына жақыны біржола иемденген тулар.

Май мейрамының мыңдаған туларын ертең Рим, Париж, Берлин, Вена, Лондон, Токио, Вашингтон, Дели, Мысыр, Стамбул қалалары да көреді. Полицияның шоқпарына, алтын қалтаның әміріне қарамай-ақ атом соғысына қарсы қойылған миллиондаған қолдар Май мейрамының туын көтеріп шығады. Отарлықтан, құлдықтан, ашаршылықтан, қырғыннан құтқарар ту осы ғана. Адам боласын апатқа, қырғынға ұшырата беру енді оңай жұмыс емес. Қалың бұқараның қанды жол әміршілеріне үнсіз бағына беретін кездері тарихи келмеске кетті. Ол батқан күн есепті. Бағыну мен бағындырудың арасына қарсылық деген ұлы сана түсті. Ол бұқара санасы, ол халықтар күші. Қасапшылар алдында қазір сол қарсылық тұр. Халықтардың бағынып үйренген әдеттерін енді бағынбау қарсылығы басып келеді. Құлдық құрсауына бас иетін әдеттерді құлдық құрсауын бұзу, лақтырып тастау санасы басып келеді. Мәдениетті, озық елдердің бұқарасы бұл дәуірлерді ерте өткен болса, қазір артта қалған шығыс бұқарасы да осы дәуірге жетті. Өткен күндерге оралу жоқ, халықтардың бүгінгі ойлары мен істері ертеңгі күні мен болашағына арналады. Ол жарқын болашақ — ізі салынған, іргесі қаланған социализм!

Адам қоғамының бақытты болашағының иесі — жұмысшы табы Май мейрамы күні дүние жүзілік көлемде ең алда тұрған саяси ұрандарды көтеріп келеді. Қандай ауыр кезендерде де, қанды қылыш жаландап төніп тұрған замандарда да адам баласының бостандығы үшін болған күрестердің алдында болды. Әсіресе, орыс жұмысшы табының ерліктері ерекше. Ту көтерген әке құласа, баласы қорқып кідірген жоқ, туды алып ілгері аттай берді. Ұлы революцияның ұлы көсемі В. И. Ленин 1900 жылы жаңа ғасырдың Бірінші Майын ұсақ-түйек күнделік талаптарынан аршып, саяси бостандық күресіне айналдыруға шақырса, айналасы төрт жылдан кейін, «Бірінші Май» деген мақаласын «Жойылсын қылмысқа

толы, талан-таражға толы патшалық құрылыс!» деп аяқтап еді. Содан бері екі ұлы революция қырқаларынан асқан ұлы орыс жұмысшы табы артта қалған ескі Россияны көмді де, жаңа Россияны дүниелік көлемде ең озық, ең айбынды, ең бұқарашыл ұлы мемлекетке айналдырды. Оның аты дүние жүзілік көлемде барлық прогрестік, барлық бостандық, теңдік қозғалыстарының мектебі болған — Советтік Социалистік Республикалардың ұлы Одағы.

Біз бүгін мәңгілік орнаған енді ешбір қара күштерден қауіптенбейтін коммунизм туын көтеріп шығамыз. Осы тудың астында туысқандық, елдік тапқан совет халықтары ең алдымен мешеулік, қараңғылық сияқты ескі жауларын жеңіп шықты. Ішкі-тысқы жауларымен қанды айқастар үстінде шыныққан көп ұлтты Отанымыз шын азат елден қандай қайрат туатынын да көрсетті. Еліміздің барлық бейнесін өзгертіп, ірі өндірісті, озық техникалы мемлекетке айналдырған бесжылдықтар, ұлы Отан соғысы басқа елдердің басына түсіп көрмеген сындар еді. Бүкіл дүние алдына өткен ұлы сындардан біз ылғый тарихи жеңістермен шықтық. Қазір дүние жүзілік саясатта бірінші сөз біздікі болады. Ол ұлы елдер Одағының сөзі.

Күні кеше артта қалған совет халықтарының қалай дәуірлегенін Қазақстан өзгерістерінен толық аңғаруға болады. Қазақстанның бір былтырғы жылы көтерген тың жерінің көлемі революциядан бұрынғы бір ғасырдың шеңберіне сыймайды. Күні кеше қалың бұқарасы жаппай сауатсыз елдің жазба әдебиеті бүгін озық әдебиеттердің қатарына қосылып отыр. Бұдан алпыс жыл бұрын А. М. Горький көрген «қарапайым, адал халық» шын азаттыққа қолы жеткеннен кейін ұлы Отан соғысының майдандарында қандай адал ерліктер көрсетсе, еңбек, творчестволық ой, ғылым, көркемөнер майдандарында да сондай Отаны қуанарлық еңбектер берді. Қазақ совет жазушылары мен ғалымдары, мәдениет қайраткерлері дүние жүзілік қорларға қосылатын еңбектер бере бастады. Барлық совет халықтарының өсу жолы осы, барлығының да табыстары осындай.

Бүгін бүкіл дүние жүзінің революциялық күштері ұлы жаңалықтарымен көшеге шығады. Жаңарған Европа, жаңарған Азия халықтарының үндері қосылады. Дүние жайындағы қалыптасқан ойлардың ескіргені көрінеді. Социализм өнегесі ұлы мұхитты жағалап, миллион-

дарды күрескс көтергенін көреміз. Африканың қара түсті, Азияның сары түсті, Европаның ақ түсті еңбекшілері бір ұранмен шығады. Ол соғыс апатына қарсылық, Бандунгта бас қосқан Азия мен Африка халықтарының озық өкілдерінің байламы осыны дәлелдейді. Тарихта болып көрмеген ерекше бір бас қосу — Азия мен Африка халықтарының конференциясы, Лейпцигте болған Европа еңбекшілері мен кәсіпшілер одағы өкілдерінің конференциясы «Күш бірлікте!» деген байлам жасады. Бұл бостандық қозғалысының жаңа белін андатады. Халықтар басына атом соғысы сияқты ауыр қатер түнерген кезде бнылғы Май мейрамы еңбек дүниесінің, езілген елдердің күрес ұрандары біріккенін көрсетеді.

1955 ж.

ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ҰЛЫ ДАБЫЛ

Жер бетіне ойдым-ойдым қара көлеңкелерін түсіріп, соғыс бұлты тағы да түнере бастады. Бұл тас пен темірді тезектей өртеп, қалаларды төбе-төбе күлге айналдыруды, әлсіз халықтарды құлға айналдыруды, адам баласын атом орағымен оруды арман ететін үлкен зұлымдық бұлты. Батыс Германияны қаруландырып, атом бомбасын заңды құрал деп тануға қаулы еткен Солтүстік — Атлантик блогі дүние жүзіне осындай өрт салмақшы. Адам етінен қуырдақ, адам қанынан сусын сағынған обырлар тобы атом қуаты сияқты ғылымның ұлы табысын апат жолына, қырғын жолына жұмсамақшы. Ол өрттің ығына алғысы келетін арнаулы беті біздің Совет Одағы мен байтақ демократиялық елдер. Жер жүзін шарлап құрылған темір тікенді қоршаулар балыққа құрылған ау емес, адам баласына құрылған арандар. Дүние жүзілік ұлы дабыл осыларға қарсы қағылады.

Адам баласының есінде мәңгі сақталар көп нәрселер бар: аштықтар, қайыршылықтар, оба қырғындары, соғыс қырғындары, құлдық құрбандары, надандық құрбандары, тағы тағылар. Бұл апаттардың қайсысының жемі көп болғанын ешкім білмейді. Ал, жер жүзінде неше миллион қол алақанын жайып қайыр сұрайтыны, неше миллион аталар мен балалар төгінді мен үйіндіні қазып, өздері сияқты арық иттермен күні-түні таласып жататыны белгілі нәрсе. Бірақ соның бәрінен де ауыр зар, өшпес кек қалдырған капитал үстемдігі, капитал жарлығы.

Қайыршылық пен қырғындар, аш-арықтың төгінді қасында итпен неге таласатыны сол үстемдіктің туындылары екенін адам баласы түсініп те болды. Бұрын халықтардың мойнына мініп алып, емін-еркін отыратын капитал корольдері, екпей оратындар мен еңбексіз еметіндер, баяғы тыныштықтан айрылып, арпалыс заманына кірді. Енді олардың өз иықтарына халықтардың ауыр қолдары түсіп келеді:— «Тоқта!»

— Тоқта!

Қарапайым сөздердің ішінде қазіргі күнде бұдан ұлы сөз жоқ. 1955 жылғы 19 январьда Дүние жүзілік Бейбітшілік Советінің дүние жүзінің халықтарына арнап жарияланған декларациясы — сол халықтардың үні, капитал дүниесіне — «Тоқта! Атом бомбасынан қолыңды тарт!» дегені.

Қазіргі заманда халықтарды алдаусыратып, қапы соқтырып кету де оңай емес. Әсіресе еркін еңбек, шын теңдік, адал туысқандық сияқты адам баласының ұлы армандарына қолы жеткен елдерді қапы соқтыру болмайтын іс. Соғыс өрті, қайдан басталмақ, неден басталмақ, кім үшін басталмақ, қырғынға кімдер ұшырамақ, апатқа нелер ұшырамақ,— оны бұл елдер жақсы біледі. Бұл елдердің тағы бір жақсы білетіні — адам баласының болашағы соғыста емес, еңбекте, халық меңгерген білімде, мәдениетте: қастасуда емес — достасуда. Бұл елдердің сана-сезімдерінде жау ел жоқ та, болған да емес, жаулық, елдік қасиет емес, таптық қасиет. Ешбір атом бомбасы бұл сананы өзгерте алмайды.

Біздің социалистік Отанымыз бұдан 15-20 жыл бұрын капиталистік дүниенің қоршауында тұрған жалғыз араладай, тәкаппар жалғыз жартастай еді. Қазір Европа мен Азияда бір миллиардқа жақын адам баласы социалистік ұлы жолға түсті. Бұл елдер үшін бірі артық, бірі кем жаралған ақ адам, сары адам, қара адам жоқ, арман-тілегі бір, өмірдегі еншісі бір, ұлы қоғамның тең мүшесі ғана бар. Бұл елдерді жауласу, қандасу жолына салар ешбір күш жоқ. Бұлар түгелінен атомдық соғысқа қарсы қол қояды, атомдық қорларды құртуға қолдарын көтереді. Еркін еңбек арқылы жасаған нәрселердің бәрі де халықтың өз мүлкі, бүгінгісі мен ертеңгісінің берік қорғаны. Барлық қымбатымыз бен қимасымыз, өртке бермесіміз, көктей орғызбайтынымыз, ойымыз бен өнеріміз, жасағанымыз бен жасайтынымыз бәрі халықтікі. Миллиондар қолы осыларын қорғап көтеріледі.

Социализм іргесі қаланып жатқан елдер — дүние мәдениетінің отанына айналды. Бір кезде ұлы еңбектері отқа өртелген ой иелері, көркем сөз шеберлері Отанын да, ұрпағын да бізден тапты. Адам даналығының ұлы табысы атом қуатының да елдер игілігіне жұмсалатын Отаны біз болғанымыз дүниеге мәлім.

Біз аталарымыздың түсіне кірмеген, әкелеріміздің өмір бойы қолы жетпеген істерді аз жылдың ішінде орындап үйрендік. Азат елдердің бірі Қазақстан бір жылдың ішінде 12 миллион гектар тың жер айырса, ол бұрын 40—50 жылдың ішінде істеп көрмеген іс еді. Үстіміздегі жылдың ішінде жыртылған тың жердің көлемі 18—20 миллион гектарға жетеді. Бұл ең ірі деген капиталистік елдердің де түсіне кіріп көрмеген нәрсесі. Біздің әр ісімізде осындай қарқын, әлеуметтік тарихи мән бар. Бұдан отыз жыл бұрын біз жаппай сауатсыз дерлік ел едік, қазір жаппай сауатты елге айналдық. Жас өспірім жаңа ұрпақтың жаппай оқуы бізде заң ғана емес, болмысқа кіріп болған іс. Ең озық деген капиталистік елдерде мұндай жай болған да емес, бола алмайды да. Олардағы ең жаппай нәрсе — балалар қайыршылығы, балалар қылмысы, ұрпақ азғындығы. Бізде әрбір жастың ақыл-ой қуатын құлашы жеткенше өсіре беру арман болса, шірігеп капитал дүниесі әрбір адамнан қараңғы да құл әзірлеуді арман етеді. Жоқ, ержеткен адам баласы құлдық үшін емес, құлдықтан құтылған ұрпақ үшін қолын көтереді.

Дүние жүзілік революциялық ғасыр екінші жартысына кірді. Мемлекеттік тең арасалмақтар да, әлеуметтік тең арасалмақтар да өзгерді. Дүние жүзіне ортақ мәселелерді соғыс сағынған, соғыс үшін әдейі әзірленген әскерлік армиялар ғана шеше алмайды. Ондай армияларға қарсы ғылым армиясы; көркемсөз армиясы, оқушылар мен оқытушылар армиясы, әкелер мен шешелер армиясы қарсы тұр.

Бірақ қорқаулар соғысқа әзірленуде. Олар үшін бұқара жоқшылығы, адам өмірі, болашақ тілегі дегендер сөз емес. Өшер дүниеде болашақ болмайды. Олардың моральдық көзқарастары ілгері тілекті адам баласының жолына жанаспайды да. Американың жас жазушысы Айра Уолферт «Теккеридің бандасы» деген романында ол көзқарастың бұлжымас негізін дұрыс суреттеген. Ұсақ өндіріс иелерін бақыртып талап, байып жатқандардың бірі Уилок сендикат бастығы Теккерге былай дейді:

«Құдайдың өз орнын тартып алуға ақшаң жететін болса, қандай доңыз екеніңнің түк оқасы жоқ. Бәрібір, керекті адамдардың алдында құдай болып қала бересің!» Бұл дінге қарсы адамның сөзі емес, ақша деген ең үлкен «құдайға» бағынатындардың шындығы. Атом соғысын әзірлеп жатқандар сол ақша құдайына бағынатындар.

Олар халықтар қолы иығынан қатты басып тұратын — «Тоқтат!» дегенде ғана амалсыз тоқтайды. Бұл әзірлікке бейжайы қарап, халықтар қарсылығына үн қоспаушылар үлкен өкінішке ұшырамақ. Жоқ, бұл қарсылыққа қосылмаған бірде-бір саналы адам қалмасқа тиісті!

Қазір халықтардың алдында айқын қойылған мәселе тұр: атом қуаты сияқты ғылымның ұлы табысын өмір үшін қолданамыз ба, өлім үшін бе? Сөз жоқ, әрбір халық «Өмір үшін!» деп жауап береді. Социализм елдерінде атом қуаты ел игілігіне жұмсала басталғаны барлық халықтарға өнеге.

Жалпы адам баласының бақытына қарай ол ұлы құрал отпен ойнаушылардың қолында ғана емес. Совет Одағының басшылары мұндай құралдар жөнінде озып алға шыққанымызды талай рет дүние жүзіне ескертті. Біздің елдің қолындағы осы ұлы құрал да соғысқа қарсы жақтың таразысына салынып тұр!

Адам ойынан туған ұлы табыстардың бәрінің де жұмсалар орны өмір үшін. Атом өртін салдырып, халықтар қарап отыра алмайды. Халықтар айтар ұлы сөз айтылады, оның аты — Тоқта! Оған тоқталмас есерлік болса болар, күш жоқ бірақ!

1955 ж.

ЖАПОН ӘСЕРЛЕРІ

Токио аэропортына мен түнгі он бір шамасында келіп түстім. Қасымда жапон тілінің маманы Ирина Иоффе бар. Оннан астам кинокамералар, одан да көбірек фотографтар шолақ найзағайларын жарқылдатып, сығылысып-сығаласып келіп қоршап алды. Әлдекімдермен қол алысып жатырмыз. Әлдекімдер қолыңды қатты қысып тұрып өз үйіне қонаққа шақырады:

— Ертең түстікке...

— Кешкі тамаққа...

Бәріне де алғыс айтып, бәріне де уәде беруге тура келді. Шақырушылардың басы — Жапон Жазушылар ұйымының бастығы қызметінен жаңада ғана босаған жетпістен асқан Аоно қарт.

Аэропорттың үлкен бір залында жүзден аса адам алқа-қотан тұрып совет делегациясына қошемет көрсетіп, «Қош келіпсіз!» айтты. Жапон жазушыларының бірден сезілген шынайы меймандостығына ырза көңілден достық жауап қайтардым.

Қалаға отыздан астам машинамен келіп кірдік. Машинаға бізбен бірге мінген жапон жазушысы қарсы алғандардың кім екендерін таныстырып келеді: көпшілігі жапон жазушылары, енді біразы Азия, Африка жазушылары тұрақты алқасының төтенше сессиясына келген Шри Ланка, Вьетнам, Индия, Индонезия, Корея, Моңғол, Гана, Араб, Алжир, тағы басқа Азия, Африка елдерінің жазушылары. Бұл совет делегациясына көрсетілген көңіл еді. Келесі күндері үздік-создық, жеке-жеке келген Зүлфия мен К. Симоновқа да осылай қошемет болды.

Бізді бір қабат, особняк дерлік «Империал» қонақ үйіне әкеліп түсірді. Он жетінші ғасырда қызыл кірпіштен төселген қораның ішіндегі жолдарға осы күнге дейін адам аяғы тимегендей тап-таза, бір кірпіштің қыры мұқалмаған. Көркемдік үшін отырғызылған әр түрлі ағаштардың бір бұтағы сынбаған, бір бүршігі үзілмеген.

Қонақ үй өте жайлы, телевизор, телефон, кондишен, таза ауа, сырттан бір дыбыс келмейді. Қымбат қонақ үй екендігі байқалады. Қалтаңды қысып қойғандайсың...

— Мына бір жас жігіт полицай... күндіз-түні сіздің коридорда отырар... Далаға шықсаңыз қасыңызда болар,— деді бізге еріп жүрген жапон жазушысы.

Томпақ беттеу, жапоннан гөрі қытайға көбірек ұқсайтын қысық көздеу жас полицай маған басын изеді.

— Маған полицайдың керегі не? Өзіміздің елде мен ондайға үйренбеген адам едім...— дедім мен.

— Жоқ, ыңғайсызданбай-ақ қабыл етіңіз... Токиода «17 жасарлар» дейтін бір бәлеміз бар...

— Бәлелінің бәрі он жеті жаста ма?

— Жоқ, әрине. Бірақ жастар арасындағы қылмыс біткеннің ортан қазығы сол он жетіге келгендер...

Сонымен, өмірімде бірінші рет және бір-ақ рет мен қарулы қорғаушымен жүретін болдым. Қорғаушым — жапон полицайы.

— Ал енді тамаққа жүріңіз.

Жолшыбай бірнеше елдің самолеттеріне ауысып мініп, Москвадан Токиоға дейін 53 сағат жолда болғамын. Кейде үш сағат ұшасың, бес сағат күтіп отырасың... езіліп сарылып қалжырап келген екемін, кешірек ояндым. Көзімді ашсам сағат сегіз болып қалыпты.

Жуынып, киініп коридорға шықсам төрт адам күтіп отыр екен. Аоно қарт, профессор Курода және екі жас жазушы. Еңкейе бас изесіп амандасып қалдық. Бәрі де қонаққа шақыра келіпті. Оларды маған полицайым таныстырды.

Профессор Курода Токиода орыс тілінде шығатын журналдың редакторы екен. Орыс классиктарын аударушылардың бірі, Иокогамада тұрады.

— Мен сізді қонаққа шақыра келіп едім, құрметті Аоно қарт менен бұрын келіп күтіп отыр екен. Амал жоқ, кезекті бұл кісіге беруге тура келді. Бірақ ертеңгі күн менікі болсын,— деді Курода.

Қарт Аоно мейрімді жымиып басын изеп қояды. Жастар жағы кимелемей, әдеппен күтіп отыр. Екі қартқа өздері тағайындаған кезек бойынша қонаққа баруға уәде етіп, жастармен кейінірек кездеспек болдым.

Түске жақын мен жапон жазушылар ұйымының бастығы Тацудзо Исикаваға барып қайттым. Ол үлкен романист жазушы. Сырт қарағанда түсі біздің Ілияс Жансүгіров сияқты салқындау, ауыр қабақтау адам. Сөйлесе келе ойын-қалжыңы, қулығы барын көресің.

Бұл кезде Исикаваны қайғылы жазушы деуге болатын еді. Ол жапон мемлекетін Американың басып алғанына қатты қорланады. Әлдеқашан күні өткен самурайлық мен-мендігінің, мен-мендікпен бірге туатын егізінің сыңары топастықтың салдарынан ел жапон басқыншысының табан астында қалды. Құйын соққан қоғадай жапырылып «ұлы армия» тас-талқан болды. Хиросима мен Нагасаки қалай ұмытылар!?

Исикава әрине, мұның бірін де айтпайды. Бірақ көз түбінде тұрған мұң көзге ілекпей қалған жоқ. Жазушы ойсыз-мағынасыз өткен күнге назалы болады да, өткен күннің шек-шеңберінде отырып қалған жұртқа ызалы болады. Бұл оның жасыра алмас мұңы.

Түс ауа қарт Аоно мені өз үйіне алып кетті. Орысша жақсы білетін профессор Курода екеуі келіпті. Жолшыбай парламент сарайын, үкімет сарайын бір-бір айналып өтіп, жақында ғана жапон жұртшылығының басынан өткен оқиғаларды айтысып келеді:

— Американ-жапон соғыстық шартына қарсы жасаған көтеріліс жайымен таныс боларсыз. Бұл жолы жапон халқы тұтас сілкінді. Парламент сарайын, үкімет сарайын әлденеше күн қамауда ұстадық. Сарайлардың айналасы лық толы адам... Жұрт жақын көшелерді де кернеп кетті. Үкіметіміз бен парламент адамдары қояндай бұғып қалды. Бұл жай жалғыз Токиода емес, барлық үлкен қалаларымызда осылай болды.

— Жаңбыр үш күн шелектеп құйып тұрса да бір адам орнынан қозғалған жоқ. Иық тіресіп, бірімізге біріміз сүйеніп тұра бердік.

— Адам біріне-бірі сүйеніп тұрса көпке шыдайды екен!— деп Аоно қарт бір қулық қыстырып қалды.

— Парламент пен үкімет сарайынан бір адам шығармадық. Бір адам сырттан кіре алмады. Полиция лек-легімен келеді. Иығын сығыза алмай кейіп қайтады.

— Аоно қарт сол үш күнде парламент алаңынан табан аударған жоқ!

— Аздаған жөтел алып қайттым. Одан басқа түгім кеткен жоқ. Біз әлі күнге басқыншының қас-қабағына қарап отырған елміз. Табанының астында жатқан елдің қалай қарағанына басқыншы пысқырмайды да екен.

— Әсіресе, сол үш күнде бір сауыт су ішкен адам болды ма екен, сірә!

— Қалың топтың сырт жағындағылар болмаса ортада қалған біз еш нәрсе татқан жоқпыз. Жаңбырмен сусындадық.

Кейін, мәжіліс өткен «Асахи» газетінің толып жатқан залдарында сол қозғалыстың толып жатқан фотографияларын көрдім. Он мыңдаған емес, жүз мыңдаған адам қара нөсер шелектеп құйып тұрғанда қап-қара қол шатырдың астында иық тіресіп тұр. Парламент сарайы түнгі қара толқынды теңіздің ортасында қалған араладай ғана бозараңдайды.

Екі қарт оқиға бояуын кейде қоюлатып жіберетін болар, бірақ бұл бір жапон бұқарасының орасан қайрат көрсеткен кезі екені де даусыз. Жапон аспанын басқыншының самолеттері күні-түні шарлап жүрген кезде, жапон жолдарын басқыншының соғыстық машиналары күні-түні кезіп жүрген кезде жапон бұқарасы басқыншы елдің президенті Эйзенхауэрді Токиоға келтірмеді. Жапон халқының осындай елдік жігерін алыстан-ақ жоғары бағалап сүйсініп келіп едім. Екі қарт ғалымның айтқандары ол ойымды орнықтыра түсті.

— Біздің үйге жақындап қалдық. Біздің жөн-жосығымыз бойынша үйіңе шақырған қонаққа саясаттан шай қайнатып беруге болмайды. Осымен тоқталайық...

— Күрес қорытындысын айтпадыңыз ғой,— дедім мен.

— Қорытынды — елімізді сыртынан сатып, басқыншының ынғайына қарай ықтай берген бас министрді орнынан ұшырып түсірдік...

Машина бозғылт бүршіктері тұнып, мөлдіреп тұрған бақшаның ішіндегі әдемі оңаша үйдің алдына келіп тоқтады. Менің бұл жапон үйіне бірінші келуім. Сондықтан әр нәрсеге көзім түсе берді. Үйдің табалдырығына дейін төселген өрнекті қызыл кірпіш. Бақшаның ішіне жүндес көк кілем төсеп тастағандай. Март айының орта кезі болса да көп жылдар бойы өсе беретін көгал шөптің бір талы сарғаймағандай. Бүршіктері түктеніп қалған ағаш бұталарының майы шығып тұр. Әр бұтаны жамшымен сүртіп қойғандай.

Есік алдында жиырма шақты синтетика тапочкалары тізіліп тұр. Өз аяқ киімімізді сыртқа тастап, аяғымызға бір-бір тапочка іліп алып үйге кірдік. Барлық жапон солай ете беруге шамасы келмес, бірақ ауқатты үйлерде үйде киер аяқ киімі табалдырықтан әрі аттамай, түзде киері үйге кірмеу керек. Жапонияға үш рет барғанда мен жиырма шақты үйде қонақта болдым, соның бәрінде де осыны көрдім.

Еденде кіршіксіз аппақ тоқыма төсеніштер. Сырт естуімше бұл төсеніштерді күріштің сабағынан тоқиды деуші еді. Жоқ, олай емес, әрі салалы, әрі биязы бір өсімдіктен тоқылатын сияқты. Қалайда ақ төсеніш адамды кір жұқтырмауға, кір жұқса тезірек жоюға шақырады. Ұзыншалау аласа столдың екі жағында дөңгелек-дөңгелек мақталап сырыған жастықтар. Үй ішінде бір басы артық нәрсе жоқ, «жиһаз» жоқ, шаң жинар жоқ. Бұл да мен араласқан жапон үйлерінің бір ерекшелігі. Тазалық, жарасымды жұпынылық, мәдениет, адам мінезі жағынан қарағанда жапон елі байлығын да, кедейлігін де көрмеге қоймайтын сияқты. Сол мінездің бір көрінісі — жоқшылығы қанша сезіліп тұрса да алақаның жаю түгіл мөлиген адамға кездескенім жоқ. Көзіне көзің түсіп кетсе, жымиып қалмайтын жапон да сирек кездеседі. Жымиды — болды, сіздің не мұқтажыңыз барлығын сұрай бастайды. Сізге үлкен бе, кіші ме жәрдем етіп қал-

са, ең алдымен өзіне-өзі ырза болып қалады. Менмендік жоқ, енжарлық жоқ, төменшілік жоқ, өзін-өзі жоғары да, төмен де ұстамай, тең ұстау бар. Мен жапон бұқарасының осы мінезін аса жоғары бағалаймын. Жапон мінезіндегі әдептілік, мәдениеттілік дегендерді айтып жеткізу үшін мыңдаған мысалдар келтіруге болар еді, оған бұл жолы орын да жоқ, уақыт та жоқ.

Қарт жазушы бізді кабинетіне алып кірді. Аяғыңды көсіліп отыратын жатаған креслолар, орын алмайтын жіңішке де аласа столдар. Қымбат ағаштардан жасалған үй қабырғалары. Үй қабырғалары сырғымалы екен. Менің қарсы алдымдағы қабырғаның қай жағына қарай сырғып кеткенін байқамай қалдым. Қызыл күрең ағаш подноспен әр түрлі жеміс суларын, кристал бокалдарын, жемістер көтерген әйел пайда болды. Өмір бойы үстіне бір кір жұқпаған, өмір бойы бір ренжіп көрмеген, ренжітіп көрмеген адамдай екен.

Қарттың әйелі шашына ақ кірмеген жасаң адам. Аса бір жылы мейіріммен жымиып, екі-үш рет әсем еңкейіп бізге су ұсынды. Ол адамдай жымия да алар емессің, ондай әсем еңкейе де алар емессің. Мен әйтеуір иба қылған болдым ғой деймін.

Әкелген шыны сауыттардың ішінде көз таныстары да бар. Өзіміздің әдет бойынша тамақ үстінде ішерміз деп көз таныстардың бірі вискиге де қол созбаған едім, оным бекер болған екен... Ол қатемді ертеңіне профессор Куроданың үйінде ойдағыдай түзеп алдым...

Жапон үйінің түскі тамағы әрі түрлі-түрлі, әрі есе-леме келеді екен. Көк базар түгел алдыңа келіпті. Шие мен жидектен бастап капустаға дейін арасында жігі ашылмайды. Ет, құс, балық, креветке, шаян, теңіз жәндіктерінің толып жатқан егіз-емшектестері... бірінен-бірі дәмді, бірінен-бірі әсем жасалған. Сонымен бірге кесек-кесек дарақы мол қолдық та жоқ. Бұл жолы мен 7—8 үйде қонақ болып едім, бәрінде де осыны көрдім.

Бұл жапон бұқара қайраткерлерінің қызу қозғалыс үстіндегі кезі сияқты. Қай үйге барсаң да, кіммен кездессең де ашығырақ сөйлесуге, ойындағысын бүкпей, бүркемей сөйлесуге тырысады. Жоғарғы таптың екіжүзділігінен, арамдығынан аузы талай күйген бұқара интеллигенциясы не жайлы болса да ашық сөйлесетін жаңа беталыстарын көрсетеді. Коммунист, социалист, ешбір партияда жоқ жазушылар мен ғалымдардың үйлерінде болғанымда, осы бір мен үшін жаңа мінездері ерекше

көзге түсті. Тұтас бір елге түгіл, шағын бір қауымға мінездеме берем деп ойлау есердің ойына ғана келер. Қоғамдық күн райы, өз басының күнделігі әсер етпейтін адам жоқ, бірақ сыналар, сынасар күндерде жапон бұқара қайраткерлерінің мін жұқтырмас табанды екендігінде дау жоқ дегім келеді. Мен Жапонияға үш рет барғанымда бір нәрсені екі рет ескертіп, не болмаса айнымалы мінездерге ұшырасып көргенім жоқ.

Ертеңіне мәжілісіміз ашылды. Үлкен залға дөңгелете тізілген столдарда сары жұрт, ақ жұрт, қара жұрт өкілдері қатар отырмыз. Алдымызда әр түрлі су — соктар, сигарет, анда-санда кофе келіп қалады. Сырт елдерде барлық мәжілістердің осылай өтетіні мен сияқты темекіні көп тартатын адамға қатты ұнайды.

Мәжілісті Исикава басқарды. Тұрақты алқаның бас секретары Сененеяка ұшып-қонып, орынсыз қалжыңдар айтып, бөгесін де жасап жүр. Жапон әлеуметтік және әдебиеттік жайлары туралы үш жазушы баяндама жасады, біреуі коммунист Накано.

Баяндамашылар жапон халқы туралы ерте замандардан бері қалыптасып қалған ойлардың, теңеулердің неден тараған тамырларын, оған мұрындық болған ішкі жайларды бүркемей сөйлейді. Әсіресе, соңғы соғыста Жапонияның фашизм жетегінде кеткеніне кешірім жоқ екенін баса аңғартады. Басқа елдер ескіліктерінен арылар дәуірге кіргенде ел жапон керекті кезде самурайлыққа қарсы тұра алмағаны бұқара жүрегінде кешілмес өкініш сияқты қатып қалған ба дерсің! Ұлт-азаттық күрестеріне жанашырлықпен қатар агрессорға, қаруланудүрлікпесіне қатты қарсылықтар көрсетіліп жатыр. Бұл қай заманда, қай елде болса да игілікті бағдар.

Шет елдерге араласа жүріп, халықаралық бір тіл білмеу деген үлкен қорлық. Көпшілігі кешегі күнге дейін отар болған Азия, Африка елдерінде ағылшын, француз тілдері өз тілдеріндей. Шоферлары да, қонақ үй қызметкерлері де, әсіресе интеллигенциясы бұл екі тілдің бірін өте жақсы біледі. Біз болсақ, бірін де білмейміз. Кейде бір қолма-қол, шартпа-шұрт егжесу болғанда сен мелшиіп отырып қаласың. Екі-үш адамға жалғыз аударушы аударып үлгере алмайды. Әсіресе ұялатының — өткір айтылған қалжыңдарды сен кешірек түсінесің де, өзге жұрт күліп болған соң күлесің. Өйткені аударушың айтылып жатқан қалжыңдарды түсініп отырады да жұрт-

пен бірге әуелі өзі күліп алады. Саған содан кейін түсіндіреді. Олай етпеске амалы қайсы?

Біз — Симонов, Зұлфия, мен — үшеуміз де европалық тілдердің бірін білмейміз. Баяндамашылар әлдеқандай ойларын шегендеп балғалай бастағанда үшеуміз бірдей аударушыға:

— Не дейді?

— Не айтып тұр?

— Неменеге түйілді?— десіп қаламыз.

Аударушымыз үшеумізге бірдей сыбырлап болғанша, баяндамашы тағы біраз жер кетіп қалады. Сонымен қалжың түгіл іс жайындағы ұсыныстарды да, ой жүйесінің әр түрлі құбылмасын да шала-шарпы ұстап қаламыз. Мұның арты кешке қарай баяндамалардың қолжазбасын алып аударушымызға қайта бір түсіндіртіп алуға әкеліп соғады.

Делегацияда бір-ақ аударушы болуы келер күндері секцияға бөлініп, әр мәселені жеке-жеке тексерерде үлкен қиыншылық келтірді. Біз таңертең бір секцияға, түстен кейін екінші секцияға барып амалдап жүрдік. Кейде бір секцияның жұмысы аяқталуға жақындап, басты мәселе жайында пікір түйіліп қалған соң кездесесің. Ондай болған күнде болмашыны өзгертудің өзі қиындап кетеді. Кейбір делегациялар өте толық, олар әр секцияда өз ойларын кезінде айтып қала алады.

Бізге жапон жазушыларының қолқабысы үлкен сүйемел болды. Қай секцияда қандай оңқай-солақай пікірлер барын олар бізден жасырған жоқ.

Сессия аяқталғаннан кейін үлкен алаңда митинг болды. Әр елдің делегациясы аяқталған іске, қозғалысымызға береке-бірлік тілестік. Қонақжай жапон жазушыларына алғысымызды айттық.

Исикава жазушылар қозғалысын жапон саяси тіршілігіне байланыстыра сөйледі.

Американ-жапон соғыс шартына қарсы жапон халқының қозғалысы бір бас министрді ұшырып түсірді. Басқыншылардың президенті Эйзенхауэрді Токиоға келтірмедік. Бүгінгі бас министріміз де құлар күнін санай берсін. Біздің байтақ бұқара қозғалысы жоғары таптың шабарманы болған үкіметпен еш уақытта келісе алмайды. Қозғалыс қанатын кең серпетін кезі әлі алда!— деп тоқтады ол.

Күн ашық, шаңқай түс. Кең алаң. Мыңдаған адам... Жапон жазушысы осыны айтып тұр. Жапон бұқарасы

оған үн қосып, қол ұрып тұр... жапон мемлекеті, әрине, естіп отыр...

Сол күні кешке, қасымда полицайым, қаланы аралауға шықтым. Бұл кезде Токио негізінде бір этажды қала екен. Жаңада бой көтеріп келе жатқан биік үйлердің темір қаңқалары сирек кездеседі. Қай жерден қарасаң да Токио башнясы көрініп тұрады.

Гинза Токионың ең бай, ең қайнап жатқан орталығы. Адам дегеніңіз құмырсқадай ағылады. Мұндай ерсіліқарсылы ағылған көпшілікте тек қана жапондар соқтығыспай жүре алатын сияқты. Адам қозғалысында белгілі бір шама, белгілі бір ырғақ бар сияқты. Қақтығысып, қабақ қайшыласып қалған адам байқалмайды. Біреу асығыс, біреу баяу емес, бар адам өлшеумен жүретіндей сезіледі.

Кешкі сағат алты үлкен қалалардың бәрінде де сапырылыс кезі ғой. Токио халқы әсіресе осы кезде өзінөзі қатты бақылайтын сияқты. Қала транспорты жетпей жатқаны анық. Қызметтен шыққан адамдардың алыста тұратындары мыңдаған велосипедпен ағылып барады. Көше бойлары солдатша аяңдаған жаяу адам. Қақтығыспайды, соқтығыспайды.

— Токиода қазір қанша адам қызметтен шықты екен?— деп сұрадым полицайымнан.

— Үш жарым миллион,— деді полицайым.— Кешірек тағы екі миллион...

Әрине, мұндай жағдайда әр адам өзін-өзі қатал тәртіпте ұстауға тиісті. Жапон халқы тәртіп дегенге қатал қарайтын да жұрт.

Ертеңіне Токиода темір жолшылар жұмыс тастап, забастовка жасады. Жапон жазушылары бізге ел аралатпақ еді, темір жол тоқтап қалды. Жазушылармен темір жолшылардың қалай келіскені бізге мәлім емес, әйтеуір түс ауа біз Киото, Нара жаққа поезбен жүріп кеттік.

Соғыс кезінде жапон тұтқындарымен бірге Алматыда болған, үйлер салысқан, көшелерге тас төсескен, қазір университетте сабақ беретін Накадзимо бізді жапон жерімен таныстырып келеді:

— Жапония — Шығыс Азияда үлкен-үлкен төрт аралға орналасқан. Ұсақ аралдарымыз жүздеп саналады. Жалпы жеріміздің көлемі 368 мың шаршы километр. Қазақстан жерінен алты еседей аз. Халқымыз қазір жүз миллион шамасында. Айналамыз — Ұлы мұхит, Охот, Жапон және Шығыс қытай теңіздерді. Жеріміз таулы

елміз. Тауларымыз онша биік емес, бәрі де қалың орманды, жылғалы келеді. Ең биік тауымыз Фудзиама, биіктігі 3776 метр, ол сөнген жанартау.

Жапония — жанартаулар елі. Сөнген кратерлерді есептемегенде үнемі сары ала қойыртпақ төгіп, атқылап жататын тауларымыз отыз бес.

Жер сілкіну деген өте жиі. Жеріміздің жалпы дірілі аптасына алты жүз, жеті жүзге жетеді. Жер сілкінуі дегенге қанша бойымыз үйреніп кетсе де кейде үлкен апаттарға ұшырап қаламыз.

Тау араларында, теңіз жағаларында ойдым-ойдым жазықтар бар. Бізде, әрине, Қазақстан сияқты шалқып жатқан тың жер жоқ.

Жапон халқы қайда да өте тығыз орналасқан. Біз ірі индустриялы елміз. Ауыл шаруашылығы бүкіл жеріміздің бестен бірін ғана алады. Негізгі егісіміз күріш. Ауыл шаруашылығында халқымыздың төрттен бірі ғана. Соған қарамай азық-түлік жағымыз тарыншылыққа ұшыратқан емес, тіпті молшылық дейтін жылдарымыз да болады. Жұмыссыздар арасында үнемі ашаршылық болса оның себебі басқада... Жапон ауа райы көбінесе жылы, дымқос. Жаңбыр көп. Көбіне жаздыкүні, керек кезінде жауады. Бір маусым ішінде кейбір егістер екі-үш рет пісіп үлгіреді. Эттең, ауыл шаруашылық жерлерінің басым көпшілігі помещиктердің, құлақтардың қолында. Сізге түсіністіктірек болу үшін «помещик», «құлақ» деп отырмын. Әйтпесе, бізде олар басқаша аталады.

Жапония жетінші ғасырдан бастап елдік іргесін қалай бастаған. Мысыр фараондарының династиялары секілді бізде де династиялар көп болған. Ұзақ дәуірлер династия аттарымен аталатыны да бар. Ол кездерде жапон халқы рулық құрылыстың ыдырай бастаған дәуірін басынан өткізді дейміз. Феодализмнің дәуірлеп толық қалыптасқан кезі де сол кездер.

Біз он тоғызыншы ғасырдың орта деңгейіне дейін сырт елдермен араласпай, қақпамызды жауып ұстаған елміз. 1854 жылы Америка Құрама Штаттары соғыс ашар ызғармен келіп, ықтатып алып, Жапонияны ең алғашқы кіріптарлық шартқа қол қойғызады да, бұдан былай біз де дүниелік капитализмнің қанды жолына түсіп кеттік... 1867—1868 жылдардағы буржуазиялық революциядан кейін үкімет билігін буржуазия мен помещиктер блогі жеңіп алған. Содан кейін жиырмасыншы ғасырдың басына дейін Жапония ірі өндірісті елге айналып үлгереді.

Дүние жүзілік екінші соғыстан кейін Америка Жапонияны басып алды. Содан бері, шынымызды айтсақ, Американың тәуелді есебіндеміз. Парламентіміз де бар, өкіметіміз де бар... Еліміз тәуелділікке бой ұсынып отырған жоқ, мемлекет басшыларымыз олай емес. Солардың ықтай берулерінің арқасында жапон жері қазір Американың соғыстық базаларына толып кетті... Шындығымыз да осы, шымбайымызға бататын да осы.

Поезд сырғып жапон жерінің ой-қырын, толып жатқан туннельдерін, өзендерін, көпірлерін көрсетіп келеді. Жапон халқын тек қана еңбекті сүйеді деу жетпейді. Еңбектің тәсілін де, мәнін де, сәнін де біледі деуіміз керек. Егін орындары болсын, көпірлері болсын, үйлері болсын, бәрінде де ұқыптылық, адам еңбегін бағалай білу бар. Жамады — бүтінделді, жапты — төбе болды, үй салды — үй болды дерлік еш нәрсе кездеспейді.

Киотоға кіре бере бір қызыққа ұшырастық. Орталық бір алаңның шетінде ғана әр түрлі жеміс сататын киоска бар екен. Соның иесі киосканың төбесінен іргесіне дейін түсетін ұзын ақ шүберекке мынадай жазу жазыпты: «Темір жолшылардың забастовкасын қолдап, қашан забастовка жеңіспен аяқталғанша мен де саудамды тоқтаттым». Темір жолшылар забастовканы жеңіспен аяқтағаны рас, ал саудагер немен аяқтағанын біле алмадық...

Киото үлкен бір клубта бізді «Интернационал» айтып қарсы алды, «Интернационал» айтып шығарып салды. Осы сияқты, бір жағынан қоғам өміріне көз сала, әлеуметтік қарым-қатынастарға араласа жүріп, екінші жағынан жеке адамдармен жиі кездесулерім арқылы мен жапон бұқарасына, жапон жазушылары мен жалпы мәдениет қайраткерлеріне үлкен құрметпен қарайтын адамдардың бірі болып қайттым.

Жапонияға екінші барғанымда қасымда Украина жазушысы М. Стельмах, драматург А. Арбузов бар еді. Аударушымыз Ленинград университетінің жапон тілі кафедрасын басқарушы Г. Пинус.

Бізді Иокогама портында жапон жазушылары, «Жапон-совет достық қоғамының» басшылары, Токио университеттерінің профессорлары қарсы алды. Бәрі де ақ жарқын, ескі достарындай қарсы алып жатыр.

Портта айғай-шу, әбігер-абыржу жоқ. Бар жұмыс өз ретімен, өз бабымен жүріп жатыр. Порт басы тап-та-

за. Шашылып-төгіліп, ыбырсып жатқан еш нәрсе жоқ. Тәртіп, әдеп, іскерлік, қонақжайлық, сыпайылық.

Бес жылдың ішінде Токио тани алмастай өзгерген. Көп қабатты зәулім үйлер бір қабатты бұрынғы Токионы қаланың жан-жағына қарай ысырып тастаған. Алпыс километр тұратын Иокогама Токиоға қосылып кеткен. Айналасына зәулім үйлер орнағаннан кейін император сарайы ағаш ішіндегі бір аралдай болып қалған. Құрылыс жұмысы берік қолда сияқты. Жаңа дәуірдің жаңа ойларын, жаңа архитектурасын көресің. Жері тарын елде тынысы кең жаңа үйлер көз тұндырады. Қала күн санап өсіп, күн санап биіктен бара жатқандай. Металл, шыны, металл, шыны... күндіз көз тоқтата алмайсың. Жаңа үйлерді ескі салтпен қалай болса солай сала бермей, архитектуралық сәулетпен салыпты. Жаңа жолдар, жаңа көпірлер көбейген. Жапония қатты байып барады екен. Әйел-еркек шағаладай аппақ, ақтан киінген. Қоңырқай киінген адам өте сирек. Халық кеудесі көтеріңкі. Екі бас министрді ұшырып түсіріп, енді үшінші бас министрмен алысып жатыр. Ауыр-жеңіл өндірістер үдере өркендеген. Қазір бұл капиталистік дүниедегі алдыңғы қатарлы индустриялы мемлекеттердің бірі.

Біз бұл жолы жапон жазушыларының кезекті съезіне қатысуға келгенбіз. Сол күндерде «Жапон-совет достық» қоғамының да съезі өтіп жатыр екен, оған да қатынастық.

Съезд аяқталғаннан кейін қонаққа шақырулар тіпті көбейіп кетті. Жеке жазушылармен қатар толып жатқан қоғамдық ұйымдармен кездесулер жасап, қонақта болдық, сауық кештерін көрдік. Бізбен пікір алысып, біздің әдебиетпен танысқан мынадай ұйымдар еді: жапон жазушыларының ұйымы, жапон жаңа әдебиетінің қоғамы, совет әдебиетін аударуға арналған комитет, Азия-Африка жазушыларының байланыс комитеті, Васеда университеті, Осака жазушылары, бірнеше театр, кино коллективтері, жеке жазушылар, ғалымдар, аударушылар...

Жапон жазушылары бізге бұл жолы да елін көп аралатты. Киото, Нара, Иокогама, Осака қалаларында, Хоккайдо курортында, балықшылар арасында, деревняларда болдық. Қайда да еңбекші бұқараның қошеметкұрметінде жүрдік.

Жапон жерінде қызығарлық дәстүрлер аз емес. Соның бірі — жер күтімі, өсімдік күтімі дер едім. Егіс арасында бір тал арам шөп жоқ. Бірдеме егілер бір санти-

метр жер бос қалмаған. Егістің жағалауы әдіптеп қайып тастағандай. Күріш егілетін жерлер теп-тегіс. Ауылдық жерлердің өзінде бір тал шөп жаншылмаған. Адам да, мал да жалғыз аяқ сүрлеумен ғана жүретін сияқты. Ағаштың бір бұтағы сындырылмаған, бір жапырағы үзілмеген дерлік. Барлық көк дүние тұнып тұр, мөлдіреп тұр. Кейде бір өзеннің үстінен салынған бес-алты көпір көресің. Көпірлердің арасы бір-екі-ақ километр. Машина жолы, темір жол, адам жүретін жолдар біріне-бірі бөгессіз болмауы қатты ескерілген.

Жапон бұқарасы жай еңбекші емес, мәдениетті еңбекші, аса инабатты, аса әдепті. Жапон еңбекшілерінің арасында екі түрлі мамандығы бар адамдар әр үйден кездеседі.

Жапон бұқара интеллигенциясы кабинетте, кеңседе ресми қабылдаудан гөрі өз үйінде, дастарқан айналасында еркін отырып сөйлесуді жақсы көреді. Ойын-қалжыңы аралас, достық райда отырып пікір алысқанды ұнатады. Мұндай жағдайда табылған келісім қаулымен бірдей, табан аудармай бекіп қалады.

Мен Токиода 1 Май демонстрациясының қалай өткеніне таң қалдым. Коммунистік және социалистік партиялар мен кәсіподақтарының басшылығы арқылы миллионнан астам адам көшеге шығыпты. Сағат тоғыз шамасында алаңдар мен көшелерде, бақшаларда қаптаған халық теңізін көрдік. Адам дегеннен көз сүрінеді. Аппақ киінген студенттер, жұмыскерлер, интеллигенция. «Интернационал» мен «Марсельеза» бір үзілмейді. Бірінен соң бірі күшіреніе көтеріліп Жапон астанасының көгілдір аспанын жаңғыртып, кернеп кеткендей болады. Біз де демонстрацияға еріп жиырма бір километр жүрдік. Сол ұзақ жөңкілу жолында ең бір тоқталған жоқ. Әр жерде компартия мен социалистік партияның өкілдері айғайлап, қысқа-қысқа ұран тастайды. Ән көтеріле түседі. Таңертеңгі тоғыздан түстен кейінгі төртке дейін Токио ұран астында қалды: «Жалақы өсірілсін!», «Американың жандайшаптары қуылсын!», «Вьетнамдағы соғыс тоқталсын!», «Жапония жеріндегі американ соғыстық базалары жойылсын!» тағы-тағылар.

Бұқара қозғалысынан қатты ескенетін өкімет адамдары біржола бұғып қалғандай. Демонстранттар сол ұрандарымен парламент сарайын біраз қоршап тұрды. «Янки, үйлеріңе қайтыңдар!» деген ұранды қайталап Америка Құрама Штатының елшілігіне де соны істеді.

Жапон бұқарасы есейген, ерлігі бар ел екенін көрдік.

Аздап болса да жапон халқының театр өнерімен таныстық. Жапондардың ең көне театры «Но» деп аталады. Оның артистері орындарынан қозғалмай отырып, көрер спектакльдің драмалық мазмұнын, оқиғаның өршіп-өрістеуін, шиеленісуін, шешімін ән-өлең арқылы жеткізеді. Жапон — музыка тілін жақсы білетін ел. Ойналып жатқан музыка, салынып жатқан ән, айтылып жатқан өлең арқылы оқиғаның күлкісі мен трагедиясын, тартысы мен желісін аудармай ұғатын сияқты. Театрда отырған адамдардың түстері құбылып, кейде қызынып, кейде қайғырып қалады.

Жапон «Кабуки» театрында әйелдер ролін еркектер ойнайды. Толып жатқан шартты қимылдар, симулдар бар. Әйел ролін әдемі шығара алмаған артист өнері жоғары бағаланбайды деседі. Бұл театрдың ойыны белгілі сюжетке құрылған. Солай бола тұрса да алғашқы көргенімде әсер алу қиын-ақ.

«Менгей» театрында Арбузовтың «Үркіт хикаясы» қойылған екен. Театр гастрольде жүрді де оны біз көре алмадық. Оның «Үркіт хикаясын» кино артистері қойған екен, соны көрдік. Автор риза болып қайтты. Осака театрында Шолоховтың «Көтерілген тың» романы бойынша қойылған спектакльді көріп, бәріміз де ұнатып қайттық. Жапонияда аса өнерлі, шебер артистер бар екен.

Жапонияда күшті дамыған өнер саласы — кино. «Жаланаш арал» сияқты атақты фильм біздің елге де таныс. Өткен жылы бұл елде 780 кино шығарылыпты. Бірақ батыс елдерінің әсеріне еліктеп жасалған кинофильмдері көбінесе мазмұнсыз, такырыптары таяз, жеңіл ғана көңіл көтерудің айналасында: төсек күйі, құшақ күйлері көбірек кездеседі.

Жалпы алғанда Жапония — қашаннан бергі ескіліктерін қалдырмай, жоймай-жоғалтпай күні бүгінге дейін архивке бермей келе жатқан ел. Мәдениеттің қай саласында болса да барлық ескіліктері, жаңалықтарымен қатар өмір сүріп жатыр. Сонымен бірге, қазіргі заманның өнері, әрине, басым, анағұрлым озық орында. Әсіресе Жапонияның жаңа әдебиеті қаулап өсіп келеді.

Қайтар күніміз де таяп қалды. «Байкал» кемесі кеше келіп күтіп тұр... Тағы да Иокогама порты... Жапон жазушылары, ғалымдары, қоғамдық ұйымдар өкілдері топ-тобымен келіпті. Біреулер виски әкелген, біреулер алқа, біреулер сырға әкеліп беріп жатыр.

Ең қызығы — біз кемеге мініп болғаннан кейін жағада тұрған адамдар бізге мыңдаған серпантин лақтыра бастады. Қызылды-жасылды ұзын ленталар кеме мен жағаны мыңдаған лентамен жалғастырып шырмап тастады. Ленталардың бір ұшы біздің қолда, бір ұшы бізбен қоштасушылардың қолдарында. Су бетіне қызылды-жасылды өрмек түсіп қалған. Кеме мен жағаның екі арасына қызыл ала шатыр құрылып қалғандай.

«Байкал» жылжып жөнелгенде ұзын ленталар оңай үзіле қоймай, кеменің артынан ұзақ уақыт шұбалып отырды.

Қызылды-жасылды ленталар әрең айрылысқан достардың қоштасуы сияқты еді. Доспен қоштасқанда қолыңды тез айырып ала қою оңай емес қой.

Жапон халқының осындай меймандостығы, адал достыққа әзірлігі менің ойыма күнде бір түсіп қояды...

1965 ж.

КЕЗДЕСУЛЕР

Италияға бұл менің үшінші рет келуім. Жазғытұры келдім, жаздыгүні келдім, күздігүні келдім.

Бұл саяхат емес, жұмыспен — командировкамен келдім. Көрген, аралаған қалаларым — Ұлы Рим, Венеция, Флоренция, Неаполь, көне Помпей, Аминто, Сорренто... Рим қаласының ең көркем ескерткіштерінің бірі саналатын де Треви фонтанына бұл жолы да бір уыс ұсақ тиынды лақтырып кеттім, мүмкін тағы да келермін... Қалайда дүниелік көркем өнердің бесігі, барлық адам баласына ортақ музей сияқты Римді көрген сайын, түсінген сайын көргің келе береді. Әулие Петр храмы мен үшін құлшылық орны емес: Рафаэль, Микельанджело.

Ең алғаш, 1960 жылы жазғытұрым Рим шаһарына шақырылған Батыс пен Шығыс мәдениет қайраткерлерінің кездесуіне бардым. Бұл кездесуді ұйымдастырған «Батыс мәдениетінің қоғамы» болатын. Ол кездесуге сіңбөп қатынасқан Африка мәдениетінің қайраткерлері болды. Африканың ең алыс түкпірлерінен жазушылар, суретшілер, ғылым адамдары, әр түрлі дін өкілдері келді. Олардың көбірек қатысуына себеп болған орталық басқармасы осы күнге дейін Парижде тұратын «Африка мәдениетінің қоғамы» екен. Сонымен қатар, бір

топ католик дініндегі африкалықтарды Даннелло дейтін француз поп бастап әкелді. Батыс Европадан жырмадан астам елдердің мәдениет қайраткерлері қатынасты.

Бұл кездесуде екі мәселеге көбірек үймелесіп қалдық. Біреуі жаңа ғана отарлықтан құтылып, өз тағдырын өз қолдарына алған Африка халықтарының мәдени бет алысы қай бағытта болмақ? Мәдениет деп аталатын кең майданның адамгершілік принциптерін қайдан іздеп, қайдан алу керек? Бұл бір. Екінші, «Негритюд» аталып, өріс алып келе жатқан бағыттың негіздері неде? Не бермек, неден бездірмек, нені меңземек?

Бірінші мәселенің сырын аша, бағытын белгілей баяндама жасаған Франсияның белгілі жазушысы, үлкен романист Франсуа Мориак болды. Батыс Европада үлкен беделі бар жазушы азат Африка халықтарына үлкен достық белгілерін көрсете, отарлық бағыттарға қарсы сөйлер деп күттік. Әсіресе, Франция отаршылдығымен Батыс Африка арасында еске алар нәрселер көп еді. Жазушының отаршылдыққа қарсы атар оғы болса, осындайда атылады да!

Бірақ алыстан қатты қадірлеп жүретін жазушымызда ондай оқ жоқ екен. Ең бір түйінді мәселеге келгенде Мориак мектеп баласы келісе алмайтын ойларды айтты. Олай айналдырып, бұлай айналдырып келіп, баяндамашының табан тіреп түйгені мынау болды: «Жаңадан жасалмақ Африка мәдениетінің айнымас, тапжылмас универсалдық принциптері католик дінінен алынуы керек»,— деді.

Бізде де талай романдары аударылып жүретін, ең бері болғанда жалпы адам баласына ортақ гуманизмнің, әділеттің жаршысы болуға лайық жазушыда осындай да балаң ойлар болар деп күтпеген едік. Оның өзі қай дінде, қай дінді шындық көреді, онда біздің не жұмысымыз бар, бірақ Африка халықтарының мәдениетін өркендету үшін католик дінінің жол-жосығын ұсынғаны тымақ ерсі шықты. Бұл ойыңыз ең кем дегенде бір ғасыр кешігіп қалған екен деуге әзір отырдым: жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында мұндай ойды шіркеуде ғана айтуға болатын шығар!

Жиналыс селдір ғана қол шапалақтан, көңілсіз ғана қошемет көрсетіп, Мориакты трибунадан шығарып салды... Әлдеқашан ағарған шашы сарғыштанып селдірей бастаған ұзын бойлы қартаң жазушы орнына барып отырғанда жиналыстың наразылығын өзі де сезгендей.

Екінші мәселеге ертеңіне кездестік. Рим капитолиясы деп аталатын тарихи үй. Тура алға, одан кейін сол жаққа көлденеңдей созылып жатқан мәрмәр баспалдақпен көтеріліп келгеніміз сыры да кетпеген, сыны да кетпеген, музей ме деп қаларлық көркем зал еді. Сахнаға қараның сұлуы, алтын көзілдірікті, ақ көйлекті, қара костюмді, денесі кішірек келген өте ықшам, қимыл-қозғалыстары оңтайлы Леопольд Сезар Сенгор шықты. Сенгор — Африканың атақты ақындарының бірі. Сенегалда бұл, Нигерияда Деннис Осадебэй. Бұлар Батыс елдерінде де кең мағынада танылған ақындар. Араб елдерін қоспағанда Африкада бұл екеуінен ірі ақын жоқ тәрізді. Сенгор осы күні Сенегал республикасының президенті, ал Осадебэй Нигерия парламентінің төр ағасы.

Сенгор ақын қызу да көркем сөйледі. Әлденеше жылдар Европа астаналарының университеттерінде лекция оқығандығы, оның үстіне өзінің шешендік шеберлігі көрініп тұр. Француз жазушысы Мориактан гөрі Сенгор француз тілінде сөйлеуге жетік сияқты көрінеді. Ағып тұр, ағызып тұр...

Сенгордың ең әсіреленіп байымдағаны «Негритюд» теориясы болды. Бұл оның көптен көтеріп жүрген әңгімесі. Оның ойынша батыс халықтары адам баласының өркендеу жолындағы бар дәуірлерден өтуімен бірге адамгершілік, мейірімділік, бауырмалдық, жан қиысар достық сияқты сезімдерден де аттап өтіп кетті... Енді олар техника, өндіріс, сұмдық соғысқа бергісіз арбасу, арандатудан басқаны қымбат қасиет көрмейді. Мұндай қасиеттер неше ғасыр бойында құлдықта, отарлық тамұғында болған, табиғаттың бел баласы Африка халықтарында, негрлерде ғана бүлінбеген күйінде сақталды. Африка халқы ешбір елді жаулап алған емес, соғыс дегенді тілемейді, техниканың құлы емес...

Қыза келе Сенгор Европа халықтары адамгершілік үлгілерін бізден алсын, ол былай тұрсын, батыс халықтарының қанын негр қанымен тазарту керек деп соқты. Көлегейлемей турасынан басты. Расизмнең қорлық көрген Африка ақыны енді бүгін негр расизмін тудыруға жар салып тұрғанына қызарған жоқ. Менің байқауымша қызарар да емес.

Сенгордың бұл ойы ең әуелі «Нью-Йорк» деген қысқа поэмасында айтылып еді, ол поэма жарық көргелі төрт-бес жыл өткен. Енді ондай ойы философияға, тео-

рияға айналыпты. Сайып келгенде Африка халықтары дүниелік мәдениеттен біржола безіп, өз жолымен өркендеуге керек... Өркендегенде ескі табиғатынан алыстамау керек...

«Негритюд» философиясы дүниеге келгелі он-он бес жыл болып қалды. Қандай өткелдерден өткені маған, әрине, қараңғы, бірақ қайнап шыққан қазаны — Париж. Парижде негр халықтарының азаттығы үшін күрескен ерлер аз емес, бірақ «Негритюд» философиясы Африканы алға бастайтын теория емес, қаз қалпында, қараңғы қалпында ұстаудың құралы. Бұл теория бойынша негр халықтарының әлеуметтік, таптық, материалдық жайлары еске алынбайды, психологиялық жақтары ғана есепке алынады. Ақыл-ой есепке алынбайды, сана-сезім есепке алынады. Түптеп келгенде «сезімі күшті негр халықтары сезімі топастанып қалған ақ жұрттардан» жоғары қойылады.

Біздің құлаққа шалынған «негритюд» теориясы ең алдымен Леопольд Сенгор, Еме Сезар сияқты ақындардың аузынан шығып еді, бірақ оны философиялық теорияға айналдыруға тырысқан белгілі француз жазушысы Сартр. Бұл қаламдастарымыздың көзқарастары бойынша қара жұрттар ақ жұрттардың мәдениетіне жоламай, одан біржола безіп, өзіндік мәдениет жасауға тиісті. Африка халықтары сонда ғана өзінің африкалық рухын табады. Айта кету керек, бұл Африка интеллигенциясының арасында кең өріс алып келе жатқан философия.

Мұның түп нысанасы Африка халықтарын баяғы қалпына қайтару екенін дәлелдеп жатудың керегі де жоқ. Отаршылдықтың ең бір ұзаққа созылған құралы — отар жұрттарды қараңғылықта ұстау ғой, Сенгор да, Сартр да осының жаршысы болып отыр.

Мориак пен Сенгорға ешкім қарсы шыққан жоқ. Европа да үндемейді, Африка да үндемейді. Сөйлеушілер Шығыс елдеріндегі әр түрлі ауыр халдерді — жоқшылықты, надандықты, қараңғылықты зар қағып айтады да, оны тезірек жоюдың жайына келгенде жарға соғылатындай тоқталып қалады. Әлдекімдерден турасын айтар әділдік күтеді.

Бұл жолы Римге Борис Полевой, Георгий Брейтбурд үшеуміз келген едік. Кеше ғана патшалық Ресейдің отары болған қазақтың жазушысы маған сөйлеуге тура келді.

Мен әуелі Октябрь революциясы арқылы шын азаттық жеткенше қазақ халқының қандай қалың қараңғылықта болғанын айттым. Оған дейінгі надандығымыз жағынан жарысқа түсе қалсақ, бәйгені сіздер әкете қоюларыңыз тәуекел-ақ еді дедім Африка, Азия елдерінің өкілдеріне қарап. Туысқан өзбек, қырғыз, түрікпен елдерін де ұмытқаным жоқ. Бақсы-балгері бар, паранжысы бар, әрі құдайға, әрі табиғат күштеріне табынары бар, көксауы көп, пұшығы көп кезімізді жасырғанымыз жоқ.

Содан кейін бүгінгі советтік Қазақстанның жайына көштім. Бұл кездесуге мен томаға-тұйық, ешбір әзірліксіз кеткемін. Сонда да бірге өсіп, бірге жасап, күнде көріп жүрген өмірімізден қапелімде еске түскендерінің өзі-ақ жиналысты ұйытып тастады. Тыңдаушылардың таңдануына қарап, өтірік айтып тұрған жоқпын ба деп қалған кезім де болды. Жоқ, бірі де өтірік емес, бірі де ертегі емес.

Жоғары дәрежелі жиырма мектебіміз бары рас па? Рас.

Академиямыз бары рас па? Рас.

Академиямыздың қырық сегіз ғылми-зерттеу институты бар ма? Бар.

Консерваториямыз бар ма? Бар.

Қазақстан азаттыққа қолы жеткеннен кейін бес жылдың ішінде Қазақтың драмалық театрын ашты ма? Ашты.

Он бес жылға жеткізбей опера және балет театрын ашты ма? Ашты.

Он жыл ішінде хат танымаушылықты жойды ма? Жойды.

Қазір жаппай орта білім алу жоспарын қабылдады ма? Қабылдады.

Ендеше, тез жетілу, жедел өсу дегеннің тура жолы осы болды да!

1922 жылы ағылшын капиталисі Уркварт Лесли Балқаштың айналасындағы кең даланы мен шұқылайын... Өздерің ең берісі «елу жылсыз, елу түгіл жүз жылсыз ол жақты меңгере алмайсыңдар» деп пе еді? Деген.

Қазір ол далада Қарағанды, Балқаш, Қоцырат, Жезқазған алыптары жасалды ма? Жасалды. Айналасы он бес жылдың ішінде жасалды.

Жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде Алтай, Қарағанды, Екібастұз, Жезқазған, Қарсақпай, Нілді, Ембі-

ның иесі кім еді? Ағылшын капиталистері — Уркварт Дессли, Нельсон Фелль, француз президентінің баласы Эрнст Карно, Америка президенті Гувер болатын.

Қазіргі иесі кім? Қазақ халқы.

Халқының тұрмысын, мәдениетін тез көтеру үшін ең алдымен өмірдің өзегі — ауыр өндірісті өз қолыңа алу керек екен. Содан кейін жиырма алты миллион гектарлық жерді мықшыңдамай-ақ көтере алады екесің. Қысқасы, «Әуелі құдай болу қиын, құдай болып алған соң жаңбыр жаудыру бәрінен де оңай...» Сонда мектепті де көбірек ашасың, сонда ән де еркін шырқалады, сонда қыздар да сұлуланып кетеді, еркектер де ақылды болады.

Аяңдап Мориакқа келдім. Тиісті құрмет-қошеметімді көрсетіп болып, әріректен Стендальді, беріректен Мопассанды есіне түсірдім. Менің әрі сүйетін, әрі сенетін жазушыларым. Құл саудасының, отаршылдықтың тарихын тікелей тексерген ғылыми еңбектерді коя тұрып, осы екеуіне сүйенсек те жетіп жатыр. Бұларға Мориак та қарсы бола алмауы керек. Жә, сонда нені көреміз? Библия мен Енжілді көтеріп Африкаға әуелі поптар шұбаған, олардың артынан шыны маржан, есек-тас арқалаған саудагерлер жеткен. Бұлардың артынан кернейін тартып армия келген ғой! Сонымен құл саудасы да, отаршылық та дәуірлей өсіп жүре бермеді ме? Католик дінінің бұлжымас принциптері осыған жол ашпады ма? Католик дінінің құл саудасына, отаршылдыққа сүрлеу салып бермеген кезі болды ма? Жоқ сияқты. Қазір жартылай босанып, жартылай босану үшін жалаң қол, жалаңаш жұрт қан төгіп жатқанда католик діні қандай достық көрсетіп отыр оларға?

Аз ғана көзім түсіп кетіп еді, Мориактың селдір ақ шашының астынан барлық бас терісі қызарып кеткені көрінді. Бет томпағына қызыл шытырман өрнек түсе қалыпты. Мен де тоқтай қалып, Сенгорға ауыстым...

Сенгор мырзаның кейбір қыңыратпасы менің есіме «Алаш» мырзаларының көзқарастарын түсіреді. Олар да өз алдына ел бола қалғанда атамзаманғы ескілікке тартатын еді. Өзге елдердің озық өнегесі деген олардың аузына да түспейтін. Оралда, Орынборда, Семейде талай бас қосып, талай қаулы-қарарлар алғанда ең болмаса сабын заводын салайық деген емес қой. Бар армандары көшпелі елді сол күйінде сақтап, еркін билеп-төстей беру сияқты.

Сенгор да Африка елдерін өз табиғатынан айырмай, байырғы калпында ұстауды ең дұрыс жол көреді. Африка табиғаты, Африка әні, Африка биі, Африка халқы... Бірінен-бірін айырмау керек. Ол өзі француз тілінде жазатын ақын, оның жазғандары өз елінің тіліне аударылған да, басылып шыққан да емес. Сөйте тұра қалың бұқараны «табиғи» күйінде қалдыра бергісі келеді.

Мен әуелі Европа мәдениетінен қашқалақтаудың қате де қатерлі жол екенін айттым. Шындап келгенде советтің Шығыс халықтарына орыс мәдениетінің қандай рухани азық бергенін кім ұмытар? Орыс тілі арқылы орта мектептің есігін аша бере бүкіл дүниелік мәдениетпен таныспадық па? Бүгінгі балаларымыз орта мектепте оқып жүріп-ақ француз, ағылшын, американ, неміс жазушыларымен танысып қалады. Бізге Шекспир де, Гейне де, Гете де, Данте де, Гюге де орыс тілі арқылы жетті емес пе? Ағылшын, француз, неміс тілдеріне аударылған қазақ, өзбек, түркпен, қырғыз жазушылары ше? Бұл да орыс тілі арқылы болып жатыр. Ірі өндіріс, шаруашылық техникасын орыс тіліне сүйенбей меңгеріп ала алар ма едік! Африка халықтары отарлықтан босанып, өз алдына мемлекет болғанда Европа елдерінің мәдениетіне сүйенбесе, қатерлі жолға түскен болар еді.

Мен қай елдің де өзіне-өзі сенімді де тәкаппар қарауын дұрыс көремін. Сөйте тұра басқа елдерге, басқа халықтарға қорлай қарау дегенді естіп көрген емеспін. Ақыл-ойға бай елдер сезімге кедей болады деген әзір дәлелденбеген көзқарас болар... Негрді қорсынған капитализмнің ең жексұрын өнегесін енді өңін айналдырып, ақ жұрттарға айтатын болсақ, біз кім болғанымыз? Мұның аты расизм болмай ма екен? Капитализмнен безіне отырып, оның ең жексұрын өнегелерін алмауымыз керек болар...

Мориак та, Сенгор да маған қарсы дау айтқан жоқ, әдеппен салқын ғана бас изесіп жүруге ыңғай білдірісті...

Жиналыс менің сөзімді жақсы қарсы алды. Жиналыс бастығы — Европа мәдениеті қоғамының вице-президенті Антоний Бабел алғыс айтты. Мен сөйлегенде бір қызарып, бір қуарып, мазасыздана берген поп Даниелло қарсы шығар деп күтіп едім, ол да үндей алмады. Ол Африка католиктеріне дирижер болуға келген екен — қара

түсті католиктерге иек көтеріп, ымдап бағып еді, олар оған ерген жоқ.

Англия, Швейцария, Бельгия, Греция, Бразилия, Франция жазушылары көрер көзге маған достық ықылас көрсетіп қол алысты.

— Рим кездесуі сізге әбден риза!.. Айта алмай отырған сөзімізді айттыңыз... Керек ойлар салдыңыз...— деді ағылшын жазушы-журналистерінің бірі, мосқал әйел Сильвия Спроже.— Мен мұны жасыра алмаймын. Бар даусыммен айтамын!

Италия коммунистік партиясының орталық газеті «Унита» менің сөзімді көтере мақұлдап, мақала басты.

Қазақ сияқты бұрын артта қалған елдердің мәдениет майданындағы көз сүрінерлік табыстары Азия-Африка халықтары түгіл, Батыстан келген демократ жазушы-журналистер үшін де үлкен қуаныш екені байқалады. Азия-Африка мәдениет қайраткерлері озық тәжірибелерден үлгі алғылары келеді. Бөгесін, бұғаулардың қалай бұзылғанын бар ықыластарымен тыңдайды.

Батыстың демократиялық бағыттағы қауымдарынан көп нәрсені үйренуге болады. Соның бірі адал айтылған жанды сөзге қуанып қалатын әдеттері. Ондайда сені қоршап алады да визит карточкаларын ұсына бастайды. Кездескен сайын бас изеп, достық жылылығын білдірді. Көзқарасың танылды — болды, енді өз жағдайларын ақтарыла айта бастайды. Азия-Африка демократ қайраткерлері одан да әрі! Бірақ мұндай кездесулерге үнемі демократия өкілдері ғана келе бермейді. Франциядан келген поп Даниелло, кейінгі бір кездесуде Сенегалдан келген Дакар, мұсылман институтының «проректоры»— француз офицері Монтей сияқты мырзалар саяси комиссарлық міндетін атқарып, жанталас үстінде жүреді. Олар Азия-Африка өкілдерінің арасына ұйтқы емес, іріткі әкеледі.

Солармен тектес тағы бір елеусіздер жүреді. Бір кеште бізді «Қоғам» қонаққа шақырып, ресторанда отырдық. Аздан кейін-ақ кішкене залдың іші дуылдай бастады. Біздің столдың шетіне бір жас әйел жақындап келіп рұқсат сұрады.

— Отырыңыз,— дедік. Денесі борпылдақтау, сары шашты, ақсары әйелге.

Біздің столдың басында да қызу қалжыңдасып отырғанбыз. Ұзамай жаңағы әйел ақ салфетканың астына

бірдемені тығып жібергенін аңдай қалдық. Сағаттың соққанындай ғана дыбыс естіледі.

Полевой маған:

— Бірдеме-бірдемелерді боратып жіберші, мынау әйелдің пленкасы бос кетпесін...— деді.

Мен қазақша сөйлеп кеттім:

— Ләйләһа еллә алла!— деп ашып едім бұл өмірдің есігін: кіріп келсем, қап-қараңғы, тамұқ екен кіргенім... Қызса бойым, туласа ойым, өз қолымнан тұсап-матап тұтқын етіп беріп ем. Жүз бұралып, мың толқындап келіп тұрған ән бар еді ойымда... Енді мынау арманда өткен жас кезеңнің құйрығына жармасқалы отырған жан сарыны...

Сары әйел біздің қалжақты түсіне қалды да, тұрып жүре берді...

Ертеңіне бізді Рим сенаты қонаққа шақырды. Сопақтау келген алтынды-мраморлы залда сенат бастығы делегаттар денсаулығына бокал көтерді. Айтылған ресми сөз сол ғана. Содан кейін әр столдың басында көңілді әңгімелер, қалжыңдар басталып кетті.

Біздің столға, яғни біздің делегацияға бекітілген адам оқу министрі Медичи екен. Бұл Флоренцияда баягыдан бері келе жатқан атышулы ақсүйектер ұрпағы болып шықты. Аса көңілді отыратын адам екен.

— Кездесуде сіз қазақ өмірінен көп нәрселерді айтыпсыз. Оныңызды үгіт-өсиет деп қарағанымыз жоқ... Ризашылықпен қарсы алдық,— деді.

— Мен үгіт дегенді онша түсіне бермеймін. Егер осындай кездесулерде тәжірибе алысуға тыйым салатын болса, ол кездесудің керегі не? Мен біздің тәжірибені ала көріңдер дегенім жоқ. Өз тәжірибемізді ғана айттым ғой деймін.

— Құдай куә, мен солай түсіндім. Кейбіреулер жәбірленіп қалса өзінен көрсін. Тісті ауызға бармағың сұқпағын... Жә, келіңіздер, тауықты талқандайық...

Бір тақырыптан екінші тақырыпқа оңай да сергек көшіп отырып, министр бір ретте:

— Атқа неше сағат мініп жүре аласыз?— деп сұрады.

— Бес сағат, — дедім мен.

— Мен сегіз сағат жүре аламын. Қызметтен машинамен қайтамын да, жолда ат ұстайтын фермам бар, машинамды сонда қалдырып, ар жағына атпен кетемін. Ферма мен вилламның арасы жиырма километрдей жер. Күнде осылай...

Москвада әдеби кездескенде Буденный карт білегінің бұлшық еттерін ұстатып көрсетіп еді, темірдей екен. Мидичи білектері де сіңірдей.

Үш күнге созылған Рим кездесуі аяқталғаннан кейін Флоренция мәдениет қайраткерлері бізді қонаққа шақырды.

— Италия көркем өнерінің алтын бесігі — Флоренция... Ең ұлы суретшілер бізден шыққан. Ең сұлу әйелдер, ягни ең дарынды әйелдер Флоренциядан шыққан. Қазір де солай. Қадірлі қонағымыз болыңыздар... Совет әдебиеті жайында, Қазақстан мәдениеті жайында бірер лекция оқып берсеңіздер...— десті.

Шақыруларын қабылдай тұрып, мен оларға қазақтың бір даналыққа жататын мәтелін айттым:

— «Еркектің көркі ақылында, әйелдің ақылы көркінде!»— дейді қазақ мәтелі. Флоренция туралы сіздер маған осыны айтып тұрған сияқтанасыздар... Флоренцияны көру біз үшін үлкен арман...— дедім.

Қазақ мәтелі оларға қатты ұнады.

Сағатына жүз қырық километр жүретін ұшқыр поезд Римнан шыққан бойы Флоренцияға келіп бір-ақ тоқтады. Рим мен Флоренцияның арасы неше километр екені есімде жоқ, түс ауғасын шығып едік, ертеңгі түскі тамақ Флоренцияда болды. Тамақ жайын жазуды мен ұната бермеймін, бірақ Италияда жеген тамақтың ішінен еттің екі түрін жазбау күнә сияқты: біреуі кәдуілгі бифштекс, енді бірі лақ еті.

Флоренцияда түскі тамаққа бізді бір жұпыны ғана ресторанға апарды. Отыз-қырық кісі ғана сиятын кішкене зал, официант екі-ақ адам. Салқын су, қызыл балық, сорпадан кейін бифштекс келді. Бұл үлкен тарелканы лық толтырып тураған бір-ақ кесек ет. Қалыңдығы бес сантиметр. Жеті атамыз түгіл жетпіс атамыздан бері мал өсіріп, ет жеп келе жатқан қазақ баласы мен мұндай етті, аздап болса да қаны білініп тұрған етті қандай жұмсақ болса да жеп көрген емеспін! Тұтас кесек еттің арасында бір қылтан шандыр не болмаса бір қылтан сіңір болсайшы! Сұрастырып келсем омыртқа мен қабыртқа үстіне бітетін жон еті екен.

Лақ етіне Римде кездескенмін. Біздің тілмашымыз Георгий Брейтбурд Европаны түгел шарлаған адам. Лақ етін беретін ресторанға сол алып келді. Бәріміз де лақ етін алдырдық. Маған асықты жіліктің жуан басы кез-

десті. Лақтың асықты жілігінде мұнша көп кесек ет боларын, мұндай дәмді боларын көріп-білген емеспін!..

Кешке дейін Флоренцияның көркем өнер галереяларын, музейлерін аралап, сағат жетіде қала интеллигенциясы жиналған клубқа келдік. Полевой совет әдебиеті жайында, мен совет ұлттық әдебиеттері мен ұлттық мәдениеттерінің өсіп-өркендеуі жайында лекция оқыдым. Сұраулар көп болды. Біздің жайды білгісі келгендердің сұраулары да бар, хабарсыз адамдардың да сұраулары бар, шатқаларға тартқан сұраулар да бар. Бірақ шындыққа тізе бүкпеске амал болсын ба, жиналыс аяғы сол клубта бокал соғыстырумен тарады.

— Бұл Қазақстан дегеніңіз Россияның қай жерінде?— деп сұрады біреу орысша, тілінде акценті бар, шұбалаңдау сөйлейтін адам. Мен оған Қазақстанның шекараларына жақын тауларды, өзендерді атап бердім.

— Онда, оныңыз шағын жер болды ғой. Солай ма!

Мен азырақ езу тартып, қайтарар жауабымды қалай тұздықтауды ойланып болғанша, қолында бір жапырақ қағазы бар бір мосқалдау адам, асыға қозғалып менің қасыма келді:

— Мүсрепов мырза, сіздің атаған тау-өзендеріңіз бойынша мен Қазақстанның шекара шеңберін сызып едім, соны көріп беріңізші, жаңағы сұрауға мен жауап берейін,— деді.

Ол Флоренция университетінің профессоры екен. Қазақстан картасын шамамен айтқанда дәл түсіріпті: Орал — Алатау, Ертіс — Еділ. Мен мақұлдап қолын қыстым. Ол әлгі сұрау берген адамға қадала қарап:

— Сіз өзіңіз орыс адамысыз. Славян тілдерінен университетте сабақ бересіз. Қазақ жерін қалай шағын деп ойлайсыз? Менің шамалауымша қазақ жеріне бүкіл Европа сыйып кетеді!— деді.

— Англиядан басқасы...— деп мен қосымша жасадым.

Сұрау берген адам 1910 жылы Одессадан кеткен екен, жаңа қайтарылған жауаптан сасқалақтап қалып:

— Қазақ қай тілде сөйлейді?— деп сұрады.

— Қазақ тілінде дедім.

Бұл жолы атақты «Купалшица» суретіне жан бітіп, қазір қырыққа келіп қалған екен дерлік сұлу әйел мырс етіп күліп жіберді. О да университет профессоры, аса қадірлі адам болу керек, зал жарыла күліп қолдап кетті.

Осымен сұрау да тоқталды. Жоғарыда ескертілген бокал соғыстыруға көштік...

Римнен қайтарда артыңа қарай-қарай қайтасың: мыңнан бірін көре алмаған ұшы-қиырсыз көркем өнер мұраларын қия алмайсың. Флоренция тағы сондай!

Италияға сол алғаш барған жол «Европа мәдениетінің қоғамы» маған сол қоғамға мүше болу жайында ұсыныс жасады. Мен ризашылық бердім: олар мүше етіп алды, мен кірдім. Борис Полевой ол қоғамға мүше екен.

Рим кездесуінен қалған бір сұрау менің ойымда әлі күнге дейін жүр. Ақын Сенгор, осы күні Сенегалдің президенті Сенгор, анда-санда біз де социализм құрамыз деп қоятын Сенгор «Негритюд» теориясын әлі де жақтай ма екен? Сол бағыты негр халқына бірден-бір дұрыс беталыс деп шын-ақ ѓене ме екен? Әрине, Африка халықтарының батыс капитализмінен көрмеген қорлығы да жоқ. «Қара товар», «тірі товар» сатылады, «сыйға беріледі» деген қорлықтарды ғасырлар бойы естіген елдер, ғасырлар бойы ұмыта да алмайды. Жанға түскен жара, жүрекке басылған таңба, оп-оңай өше алмаса керек. Бірақ оның есесін осылай қайтарамыз, ол кекті осылай аламыз деген көзқарасқа шын ақынды қия алмайсың. Сенгор шын ақын, үлкен ақын. Рим кездесуінен менің есімде кеткен бір сұрау осы еді.

2

Келер жылы тағы да сол қоғам мені Венецияда болатын Батыс — Шығыс кездесуіне шақырды. Бұл жолы Георгий Марков, Георгий Брейтбурд үшеуіміз бардық.

Кездесудің бар шығынын граф Чини дейтін Венеция капиталисі мойнына алыпты. Графтың жалғыз ұлы өткен соғыста қаза тауып, әкесі сол баласының атынан әр түрлі мәдени жұмыстарға жұмсалатын «фонд» жасаған екен. Кездесуді ұйымдастырған «Европа мәдениетінің қоғамы» мен «Африка мәдениетінің қоғамы».

Алғашқы жолы Италияға аспанмен барсақ, бұл жолы жермен бардық:

Москва — Брест — Варшава — Вена — Венеция...

Біз Венецияға қоңыр іңірде келдік. Вагоннан түсе бергенде-ақ тас кемерін гүрс-гүрс сабалап жатқан теңізге тірелдік. Толқын үстінде ойнақтап-орғып жалғыз еспелі қайықтар жүр. Бізде болса ұша жөнелгелі тұрған бәйге аттарына, Мысыр пирамидаларының қасында болса жұтынған, жарау желмаяларға теңеуге болар еді. Қа-

зақы төсектің басына ұқсаған қайқаң да биік тұмсықтарына бір-бір фонарь іліп алған қара қайықтар толқын бетінде қызықтыра ойнақтайды. Бұл атақты Венеция Гондолы.

Бізді қарсы алушылар да қайықпен күтіпті. Қайықтың артқы басына орнатылған жалғыз еспеге сүйенгендей болып, ықшам киінген қайықшы тұр. Біз де міндік, жалғыз еспе де ұп-ұзын қайықты ерттеулі аттай оршытып, оп-оңай айдап жөнелді.

Венеция теңіз ортасына салынған, барлық үйлерін, көпірлерін, храмдарын мрамормен қаптаған, аса көркем қала. Көше орнына каналдар, бүкір өркеш көпірлер. Бұл қалада бір машина жоқ. Машина орнына жеңіл қайықтар, катерлер, глессрлер, «ракеталар», «найзағайлар», су трамвайы, кемелер...

Ондап-жиырмалап, қатарлап-тізіп, үстіне шимай-шытырман шатырлы қоршау орнатып, қызылды-жасылды электр лампаларымен әшекейленген қайықтарда жүздеген жастар ән салып барады. Бұл қыз ұзату да емес, келін түсіру де емес. Кешке осылай теңіз бетінде лек-лек болып өлең айтып, көңіл көтеру Венецияның сайрандау салты: біздің жастардың кешке қарай бақшада сайрандауы сияқты. Кейде мұндай топтардың ішінде Италияның атақты әншілері де кездеседі. Ондайда жүздеген қайықтар соны қоршап алады.

Әлсін-әлі екі жағымыздан да жарқ-жұрқ етіп қалады. Қайығымызға баспаханада басылған адрестер жауып кетті. Бұл фотографтардың ісі екен: Венецияға келетін саяхатшыларды күн демей, түн демей суретке түсіріп алады да, қайығына адрестерін лақтырады: Венеция ескерткіші керек болса сол адреспен тауып алсын...

Біздің қайық көркем бір қонақ үйдің тас табалдырығына жанаса келіп тоқтады. Созылған қолдар бізді тез-тез іліп алып, кең фойеға әкелді. Аз ғана дем алдық. Көргенді елдердің әдетінше алдымызға апельсин, ананас суларын әкеліп қойды. Номеріміздің кілтін әкеліп беріп, жас жігіттер жалаң қағады.

Номерде бір құшақ қызыл гүл. Чемодандарымыз да келіп қалыпты. Стол үстінде бірнеше романдар, қала картасы, төсектің бас жағында Енжіл.

Жаңа ғана жуынып-киініп болған кезде граф Чини жіберген адам келді. Бізді қонаққа шақырыпты. Жүріп кеттік. Жұлдыздай аққан глесср жеті қабат мрамор сарайға әкеліп тоқтады.

Бізден басқа бұл кезде ЮНЕСКО-ның генерал-директоры Веренозе бар екен, өзгелерінің аты-жөндерін ұмытып қалдым. Жөндеу ғана киінген бір орыс эмигранты жәрдемінде жүр. Граф бізді жақсы ықыласпен қарсы алды. Бір залда ішімдік, екінші залда тамақ, үшінші бөлмеде кофе іштік. Төртінші бөлмеден есікке тіреліп тұрған глессерге мініп қонақ үйге қайттық.

Айта кету керек, граф интеллигент адам, совет халықтарының мәдениеті жайында көп сұраулар беріп, стол басын қызықты әңгімелерге оңай бұрмалап әкетіп отырды. Қонақта қанша адам болса, ойын-қалжыңнан біреуін де қалыс қалдырған жоқ.

Сол кеште мен Веренозе мырзадан «Курьер» журналының бір номерін Қазақстанға арнауды өтініш еттім. Ол бейіл көңілмен қабылдады. Кейін осы келісім жайын «Курьердің» совет редакторы Вениямин Мачавариани жолдасқа жазып жіберіп едім, аяқсыз қалды. Тегінде айтар адамды таппай айтқан болдым-ау деймін.

Граф Чини ертең кешіне бізді тағы да қонаққа шақырды: Миланда тұратын жалғыз қызы келген екен, бүгінгі қонағы соның құрметіне делінген. Мен ол үйге он-он бес алма, айрықша деп аталатын арақ жібердім.

Белгіленген сағатта келсек, шебер қолға түскен Алматы алмасы жайнап кетіпті. Жуылған-сүртілгені былай тұрсын, оның үстіне тағы да бір сықыр қосылғандай құлпырады. Граф алманы өз қолымен өнерлеп кесіп, қонақтарын сыйлай жүріп, Алматының алмасы ерекше бір тұқым екенін мақтаудан бір тынған жоқ. Графтың ойы мәжіліске қатынасатын басты делегаттардың арасында ірің-кезектік болмауын қарастыру сияқты. Бүгін бізбен бірге жаңа қонақтар шақырыпты.

Ертеңіне кездесу басталды. Италияның атақты ақындары Жусоппе Унгаретти, Сальваторе Квазимодо, дүние жүзілік Пен-клубтың сол кездегі президенті Альберто Моравия, Европа жазушылар бірлестігінің генерал-секретары Вигорелли, кеше кешке бірге болған Веренозе келіпті.

Бұл жолы да африкалықтар көп келген. Париждегі «Африка мәдениеті қоғамының» жауапты хатшысы, «Африка» журналының бас редакторы Алиун Диоп бар. Сенегал, Мали, Нигерия, Гана, Камерун, Эфиопия, тағы басқа Африка елдерінен көптеген адамдар келген: жазушылар, суретшілер, адвокаттар, өнер иелері, дін адамда-

ры. Жоғарыда аталған Даниеллоның жүзінде аздаған абыржу бар сияқты.

Африкалық достардың шешімі табылмай жүрген үлкен бір мәселе бар: жаңада ғана азаттық алған ерікті елдердің мәдени өркендеу жолдары қай бағытта, қандай мазмұнда болмақ? Пікір алысу осы сұраудың төңірегінде басталып кетті. Батыс өкілдері адамның рухани өркендеу жолдарын дінге әкеліп тіреп тоқталады. Оның ар жағында қай дін, Африка халықтарының байырғы діндері ме, мұсылмандық па, католик діні ме деген сұраулар туып жатыр.

Эфиопия өкілдері өздерінің христиан діндерін мадақтап шықты. Африканың өзге елдері мұсылман діні мен католик діндерін жалғастырып әкетті. Кейбіреулерге дін айналасындағы талас қатты ұнайтын сияқты. Біресе мұсылман дінін жақтаушылар, біресе католик дінін жақтаушылар мәз болып қалады.

Дін атасы қашан да тырнақты мен тістілердің, азулы мен күштілердің бітімі жоқ таласы ғой, бұқара өкілдерінің бітпес дауға шырғаланып қалғанына жаның ауырады. Мәдениет мәселелерін адамның рухани өркендеу жолдары деген терминге тіркестіріп алып, рухани өркендеуді дінге әкеліп шырғаластырып жатыр. Католик дінінің отарлау, құлдану құралы болғанын бүркей алмайтындар мұсылман діні де агрессиялық дін болғанын көлденең тосады. Қанша елдерден, қанша жерден келген мәдениет өкілдері дін батпағына бөкселеп батты да қалды.

Бір кезде Дакар мұсылман институтының директоры Лакер Вальтер деген адам менің Римде сөйлеген сөзімді еске түсіріп, жанамалай сынап, бір-екі сұрақтар берді маған. Жауабы табылмас, қысталаңға салар сұрау бергендей сезініп тұр: мұсылман діні көп әйел алуға еркіндік беруші еді ғой, ер баланы піштіруші едік қой, осыларынан айрылған совет Шығысы қазір қалай уайымсыз екен деді. Біреулер менің қысылып қалуыма тілектесіп жымияды, бұрынғы сапардан жақын танысқан достар қысылмасыма сеніп жымияды. Компаниелло қызу тартыс басталып кете ме деп қысылады.

Бұл жолы да мен сөйлеуге тура келді. Алдымен азаттық алған Африка елдерінің мәдениетін өркендету сияқты аса үлкен игілікті істеріне ат салысу үшін екі рет кездесу ұйымдастырған, оған мені де екі рет шақырған қоғамымызға алғыс айтып, ақ ниет, адал жол,

жанашырдың достығын тіледім. Содан кейін айтар сөзіме көштім:

— Мен діндар адам да емеспін, дін өкілі де емеспін, жазушымын. Бізде шіркеу мен мешіт мемлекеттен әлдекашан бөлініп, өз алдына ерікті өмір сүреді. Бізде қандай адам қай дінді қалаймын десе де өз еркі. Менің дін жайынан анық білерім осы ғана. Сондықтан мен сіздермен дін жайында емес, әдебиет пен көркем өнер өркендеуі жайында ғана пікір алысқым келеді. Менің көзқарасымша адамның рухани өсуіне сала-сала жолдармен келіп әсер ететін, адамның іші-тысын үнемі жуып тұратын қасиетті бұлақтар осылар.

Бірақ жеке адамның бұл бұлақтарға қолы жете беруі үшін ең алдымен саяси-экономикалық жақтардан оның елі толық мағынасында азат болуы керек. Әр халықтың өзін-өзі билеуі, барлық әрекеттеріне де бағынышты болмауы барлық мәселенің арқауы.

Мен қазақпын, менің туған елім осыдан қырық-ақ жыл бұрын ру-ру болып мал бағып, көшіп жүретін ел еді. Мемлекеттік ешбір ишараты жоқ-ты. Октябрь революциясынан кейін қазақ халқының экономикалық, мәдениетті өмірі жедел алға басып кетті де, бұрын Африка, Азия халықтарының талайын-ақ тенеуге болатын Қазақстан қазір Советтер Одағында үшінші орында.

Қай елдің болсын саяси азаттығы мен экономикалық өсуі барлық мәдениет жұмыстарының ірге тасы, негізгі арқауы деп танитындығымнан Қазақстан жайынан бірер мысал келтіруге рұқсат етуді сұраймын.

Бүкіл Советтер Одағы қырық бір миллион гектар тың жер көтерсе, соның жиырма алты милионы Қазақстан еңбегі.

Қазақстанда қырық жылдың ішінде елу төрт қала салыныпты. Бұлардың көпшілігі — жаңа ашылған ауыр өндіріс айналасында.

Ауыл шаруашылық жұмыстарының 87 проценті машина-техникамен істеледі.

Қазір Қазақстанда он миллиард бес жүз миллион киловатт электр күші бар. Білетіндердің айтуына қарағанда қонақжай Италияның электр күші бұдан едәуір кем көрінеді.

Экономикалық жақтан осылай тез қарқындап кетудің арқасында бұрын артта қалған қазақ халқының мәдениеті тез аяқтанып, тез күш алып кетті. Біз еліміздің хат танымаушылығын жойғалы ширек ғасыр өтті. Қазір

бізде балалардың орта білім алуы міндетті түрде өтеді.

Өз алдымызға ерікті республика болғаннан бес жылдың ішінде драма театрын құрып едік, он бес жылдан кейін опера және балет театрын құрдық, оларымыз қазір академиялық театрға айналды. Ширек ғасырдан кейін Қазақ Академиясы туды. Қазақ әдебиеті Советтер Одағында ең өскелең, озық әдебиеттердің бірі деп танылады.

Мұның бәрін айтып жатқаным, қазір азаттық алғанымен таяу жылдардың ар жағында ғасырларға созылған отарлықта болып кенжелеп қалған Африка елдерінің жалпы рухани мәдениетін қалай еткенде тез аяқтандырып жіберуге болады, мен соған керекті жағдайларды атай кетуді мақұл көрдім. Шын достық тәжірибе алысу, рухани байлықтарынан ауысу-бөлісу арқылы тумақ деп сенгендіктен айтып тұрмын.

Сонымен, менің алмасқалы тұрған тәжірибем рухани мәдениеттің өркендеуіне қажетті материалдық прогресс — индустрия. Қазіргі заманда ауыл шаруашылығын өркендетудің де түп қазығы сол болып қалды. Осы күш халықтың өз қолына көшті ме, жоқ па, әңгіменің бар түйіні осында, достар...

Екінші, әдебиет пен көркем өнердің әлеуметтік, қоғамдық парызы өз халқының арман-мүддесіне, ой-сезімін терендетуге, мәдениетін көтеруге қызмет етуде деп түсінемін...

Енді осы кездесуде таласқа түсіп, не болмаса өзіме сұрақ ретінде берілген мәселелерге көшейін. Ең алдымен дәстүр және бүгінгі мәдениет жайында. Мен әр елдің, әр халықтың мәдени дәстүрлеріне құрметпен қарау жағындағы адаммын. Әсіресе, жоғары мәдениетті елдердің өкілдері балаң мәдениеттің дәстүрлеріне жоғарыдан қарап менсінбесе, бағаламаса, мен оның қасында жоқпын. Дәстүрін бағаламасаң мәдениетін де, елін де бағаламағаның. Бірақ дәстүр деген мәңгілік өзгермейтін нәрсе емес. Әсіресе, заманнан қалыспай өсетін елдердің дәстүрі тез өзгеріп отырады. Менің байқауымша, ұлттық дәстүрлер жалпы адам баласының озық дәстүріне қарай бейімделе өзгереді. Онсыз прогресс жоқ. Мұны ескермей, өз халқының байырғы дәстүрінде қала берген жазушы да, суретші де бұқара өрісінен жоғары көтеріле алмайды. Бұ да бір зер сала құлақ асатын шындық. Мұндай халде еліңмен бірге екенің даусыз, бірақ алдында емессің, бастаушы емес, қостаушы ғанасың.

Мысалы, дүние жүзілік драматургияның өсу жолын-

да Шекспирді, дүние жүзілік прозада Толстойды ешкім аттап өте алмайды, олай етем деген адам арандап қалар еді. Бірақ бұдан қазіргі драматургия тек қана Шекспирдің ізімен, проза тек Толстойдың ізімен жасалуға тиіс деген қорытынды шықпайды. Өзгерген, жаңарған қоғам өз заманының дәстүрін де жасайды: суретші де, жазушы да сол қоғамның озық өкілі ғой.

Екінші бір мәселе туралы айтарым — жас әдебиет, жас мәдениет үшін ұлттық шеңберде ғана қалып қою — тар бөлмеде есік-терезеңді ашпай, сыртқы ауаны кіргізбей, темекіңді тартып отыра беру сияқты көрінеді маған. Сырттан теңіз самалы соғып тұрмаса, осы залдың ауасы да оп-оңай бұзылып кетер еді.

Үшінші, Африканың көп халықтары үшін қайғылы бір хал бар сияқты. Ол — ақынның не жазғаны, ой иелерінің не айтқаны халқына жетпей жатса, әсіресе, сол халықтың өз тілінде жетпей жатса, мұны жеңіл хал дей алмаймын. Оның аты халқына етер ізгі әсердің жолындағы тас бөгесін болады да.

Қазір адам тіршілігіне радио, кино, телевизор қатты араласып кеткен заман. Бұл күштердің өзі уақыт тынысын өзіне бағындырып әкетіп барады деуге болады. Бұл дәуірде кешеуілдемеуге тырысу керек. Кешіксең-ақ болды, заманың мен араңа есесі толмас ұтылыс түсіп кетеді.

Осы мәселелердің екінші бір жағы бар. Сенгор, Осадебэй, Марсиял, Сезара сияқты Африканың атақты ақындары халықтық дәстүрді сақтай отырып, бүгінгі озық поэзияның дәстүрінен қашқалақтамаудың айғағы. Бұл ақындардың еңбектері қай тілге аударылса да оқушының сана-сезіміне қона кетеді. Сонымен бірге тілектес қоғамға қояр менің бір күдігім де бар. Батыс елдерінің тілдерінде жазатын осы ақындардың поэзиясы өз халықтарына, өз тілдерінде жетіп жатыр ма? Меніңше, жоқ, жете алмай жатыр. Африканың кей жерлерінде алфавит жоқ қой! Кей жерлерінде типография — баспахана жоқ!

Көркем өнер мен әдебиеттің бақытты жолы — ел үшін болғандығында десек, сол жолда ғана өседі десек, таласқа салмас біраз шындыққа мойындауымыз керек: ең үлкен ұран — алфавит, оқу-ағарту істері, баспахана!

Менің Вальтер мырзаға қайтарар жауабым да осы ойларға байланысты. Дакардың беделді бір институты бала піштіру мәселесіне соншама көп назар аударғаны

мені әуелі едәуір еліктіріп еді, бала шөтейінің маңынан ғылымдық бірдемелер табылады ма екен деп назар сала тыңдап едім.— Бақсам — баяғы бір піштіруден басқа еш нәрсе жоқ екен... Сондықтан талас тудырар орын да жоқ қой деймін. Ал енді бұл туралы біздегі жайды білгіңіз келеді екен, оның жауабы әзір: ауылдық жерлерде баланы піштіріп жатады, той да жасалып қалады. Интеллигенциямыз адам денесінде кесіп тастай қоярлық артық еш нәрсе жоқ деген көзқараста... Шебер табиғат адамның бар керегін дәл пішіп берген деп ойлаймыз. Мұнымыздан жас балалардың денсаулығына келген зиян да байқалмайды. Осы бір ескілі-жаңалы дәстүрдің жай-күйіне қарамай-ақ, ұлдар — ұлдарша, қыздар — қыздарша өсіп жатыр. Ұлдар да, қыздар да жаңылыспайтын сияқты.

Вальтер мырзаның көп әйел алуға кеңшілік береді деп мадақтаған ислам дініне де, көп әйел алуға кеңшілік жоқ католик дініне де мен қастық-достығы жоқ адаммын, меніңше, адам дін үшін емес, дін адам үшін болу керек. Дінді адам өзі қалап алу керек. Ойланып, ұғынып қаласын: ешбір сыртқы күш еріксіз қосақтамасын, желкелемесін. Адамның рухани бейнесі деген ойнауды көтермейді, діннің өзін де ойыншыққа айнылдырмау керек. Агрессияға құрал болған, отарлауға құрал болған дінді адамның рухани азығы деуге, әсіресе, діни адамдардың аузы бармау керек. Дін экспортқа да кірмесін! Мен полигамия үшін емес, полиграфия үшін жан салу керек дер едім!

Осыдан кейін соғысқа, қаруландыруға, империалистік агрессияға қарсы күресіп жүрген дін өкілдеріне көңілдестік білдіріп, Нобель премиясын алған Италияның ірі ақыны Сальваторе Квазимодоның бір ауыз өлеңімен сөзімді аяқтадым. Ол былай депті:

И креста, и молотка Голгофы,
И святые воспоминания детства
Мало, чтобы раздавить войну!

Менен кейін сөйлеген адамдар менің ойларыма қосыла сөйледі. Жазушылар түгіл дін адамдары да қостап жатыр. Үш адам, төрт адам, бес адам... Сонымен кешкі мәжіліс аяқталып, қағаздарымызды жинап, орнымыздан тұра бергенде дөңгелек столдың қараңғылау бір бұрышынан шаңқ-шаңқ етіп бір адам тұра келді. Дакар мұ-

сылман институтының ғылыми жұмыстарын басқаратын Монтей екен. Тұра бере-ақ Қазақстанға шабуыл жасады. Сатылып кеткен Хайттың сөздерін, қас жауларымыздың бірі Дугластың сөздерін айтып жатыр. Құлақ үйренген, жауабы оңай сөздер. Бірақ Монтей соны ышқынып-ызаланып айтып тұр. Отарынан айрылған капиталистер, азаттық алған Африка социализм елдеріне қарай бой ұрып кете ме деп біздің елге қара күйені жаға беретіні мәлім. Сөздерінде де дәлел, не шындық болмаса да Монтей бар жынын төгіп жатыр. Дәлел-шындығы аз болған сайын ашына сөйлейді. Өзі де бір қораштау адам екен, жиналыс құлақ аспаған сайын бұрқырап-булығып қалды. Бар қосқаны Францияның Пьер Джордж деген адамы да жоғарыда аталғандарға үн қосқан екен, соның атын атады.

Халықаралық кездесулерде де ойын-қалжың керек, бірақ қалжыңбастық керек емес. Менің Вальтерге берген жауабымдағы қалжыңды ауырлап қалған ба деп қауіптеніп қалып едім, жоқ олай емес, Дакар мұсылман институтының екі бірдей католик басшылары — Вальтер мен Монтей — советтер жағына бейім болмаңдар, діндеріңнен айрыласыңдар деп тұр екен. Жиналыс басшысы Монтейдің сөзін бөліп, маған қарады.

— Осы мырзаның шашып-төгіп айтқанына түсіне де алмай қалдым. Сол айтқандарын қағазға түсіртіп берсеңіз, мен ертең таңертең бірінші болып, жауап бергім келеді,— дедім мен.

Осыған келістік те тарасып кеттік.

Ертеңіне біз тамаққа отырмай-ақ әр топтан өкілдер келе бастады. Бәрінің айтары да біреу-ақ: әрең басымыз құралып отырған кездесуде Совет делегациясына ауыр сөз айтылып, Совет делегациясы жауап беріпті деген лақап тарамаса екен. Монтей бұл кездесуге шақырылған адам емес, демократиялық еркіндікті пайдаланып, киіп кеткен адам...

Сондай өкілдер кездесу президиумының атынан да келді; «Европа мәдениет қоғамынан» да келді. «Африка мәдениет қоғамынан» да келді.

Бізге ең ауыр салмақ сала сөйлеген соңғы аталған қоғамның генерал-секретары Алиун Диоп пен президиум басшылары болды. Әр түрлі дәлелдермен өтініш етілді.

Аяғында Марков екеуміз мынадай шартқа тоқтадық:

1) Президиум бастығы жоғарыда аталған екі қоғам-

ның атынан Мүсреповтың қайтарар жауабын жариялауға өтініш еткені айтылсын.

2) Кездесуге шақырылмаған Монтейдің көлденең киіп кетіп, сөйлеген сөзі мәжіліс атынан жала деп танылсын.

3) Совет делегациясына орынсыз шабуыл жасауға жол беріліп қалғандықтан, президиум өз атынан кешірім сұрасын.

Обалы не керек, президиум бастығы келісілген шарттан әлдеқайда әрі сөйледі. Жиналыс үлкен қуанышпен қабылдады, біз разы болдық.

Кездесу аяқталғаннан кейін Совет делегациясына Капри, Сорренто аралдарын, Неаполь, Аминто, Помпей қалаларын көрсетіп, екі жетідей қонақта болдық...

Кейін тағы да сол Монтей Дакарда француз тілінде шығатын газетте Флоренцияда болған соқтығысты бастайлап жазып келіп, аяғында «амал не, африкалықтар Мүсреповты жақтап кетті» деген өкініш айтыпты. Әрине, оған амал болмайды.

3

1965 жыл, октябрь айы. «Европа мәдениеті қоғамының» кезекті 9-съезі болмақ екен, мен соған шақырылдым. Москва мемлекеттік университетінің проректоры Г. Д. Вовченко екеуміз жүріп кеттік. Аударушыны Рим өзі бермек болды. Москвадан 9 октябрь күні ұшып едік, Прагада самолет кідірісі болып, Римға 11 октябрь күні кешке келдік.

Рим — көп өзгере бермейтін қала. Он екі ғасыр бойында өзгере-өңделе келіп, аяғында тұрақты бір ансамбль сияқты қалыптасқан да, шеткерірек жағына болмаса, орталық аудандарына жаңа архитектураның иығы сия бермесе керек. Сондықтан бұрын бірер көрген адамды Ұлы Рим ескі танысындай, өзгермеген күйінде қарсы алады.

Бірақ сол таныс адам анда-санда бес-он күн тұрып, күні-түні араласа да Римді жете біле алмайды. Рим ескерткіштері, Рим музейлері, Рим храмдары таусылмайды, көбейе береді. Әсіресе, көркем өнер мұраларына құныға түсесің, ұрына түсесің, біліп болу үшін жылдар керек. Бар білгенің Рим жеті қырқаға орнаған қала... Колизей, де Треви фонтаны, Пантеон, Тибр көпірлері,

Әулие Петр храмы, Боргезе паркі, Ватикан, бірді-екілі музей, бір-екі галерея, атақты алаңдар, атақты бағандар. Бұлардың әрқайсысына ғасырлар тарихы, ұлы шеберлер-суретшілер, мүсіншілер еңбектері. Неше көріп, қанша таңданып қайтарың осылардың маңы. Бұлардың көбін тарихи кітаптардан білуге де болады. Бірақ өз көргенінді білдімге санауға болмайды. Ондай талаптан мен өзім бас тартамын.

Аэропорттан шыға бере отар-отар, табын-табын болып, иіріліп жатқан жеңіл машиналарға кездесесің. Қала ішінде гараж дегенге орын жоқ, машиналар қаланың іші-сыртындағы алаңдарға түнейді. Жаз да солай, қыс та солай: мыңдаған емес, он мыңдаған машиналардың күні сол.

Алты-жеті қатар болып, қарама-қарсы аққан машиналардың бірімен Римге келіп кіргеніңде, басқа ірі қалалардың кіре берісінде ұшырасатын пригород дегенді сезінбейсің, құмырсқаның илеуіне бірден кіріп кетесің. Көшелерде қанат қағыса, құйрық тістесе ағылған машиналардың көптігі сонша, кейде барам деген жеріңнің алдына келіп тоқтай да алмайсың: бірер көше асып кетіп, не бірер көше жетпей тоқтауға да тура келеді. Жалпы ағыннан сытылып шығу өте қиын. Бір ретте Полевой екеуміз Боргезе паркынан шыға алмай жиырма минуттай күткеніміз бар. Осы үлкен парктің ішімен, жергілікті адамдардың айтуынша, отыз бес жол өтеді екен. Барлық жолдардың бәрімен де машина деген ағылды да жатты. Біз өте алмадық.

Сонымен бірге қаланың шетірек жағында тар көшелер де аз емес. Рим қаласындағы жер тарыншылығы сонша, кір жаятын жер жоқ. Жуған кірлерін сыртқа салбыратып терезеге іледі. Кейде бес-алты қабат үлкен үйлердің барлық терезелерінен салбырап тұрған кір көресің. Тар көшелерде — көшенің екі бетіндегі үйлердің барлық қабаттарынан салбыраған кірлер біріне-бірі соқтығысып тұрады.

Осындай бұрыннан таныс көріністердің ішімен қонақ үйге келіп түстік. Ертеңіне съезге келсек, негізгі баяндамалар да өткен, жарыс сөздер де аяқталған. Съезд октябрьдің оны күні ашылып, біз жабылар күніне үлгеріппіз. Біз сұрауға жауап беретін соңғы сағаттарға іліктік. Таңертеңгі мәжілісте қоғамның генерал-секретары Компаниелломен, вице-президенті Антони Бабель жазып

берген, не болмаса ауызша берілген сұрақтарға кезекпе-кезек жауап беріп отыр.

«Идеологиялық шалғайластық және мәдениет саясаты» деген баяндама бойынша қойылған сұрауларға жауап түстен кейін басталды. Баяндамашы Италия коммунистік партиясының Орталық Комитеті президиумының мүшесі Умберто Терначини екен[1].

Терначини — шешен де, тапқыр да адам. Жан-жағынан бораған сұрауларға, жарыс сөздерден туған дүдамалдарына тұжырымды жауап беріп, жығып тоқтатып отыр.

Біраз сөйлеушілер экономикалық бірге жасасу деген мен идеологиялық күрес дегеннің арасында қайшылық барын айтқан сияқты.

Терначини жолдастың бұларға қайтарған жауабының ұзын ырғасы былай аңғарылады: экономикалық бірге жасасу дегеннен күреске орын жоқ деген мағына тумайды. Әрбір бәсеке-күрес не жеңіспен, не жеңіліспен аяқталмақ.

Біздің Италиядан алған аударушымыз — Грацияно Заппи (Мирко) орыс тілінен Италия, ағылшын тілдеріне аударуға шебер де, ол тілдерден орыс тіліне аударуға шорқақтау болып шықты. Тездікпен, оратор қарқынымен жатқа сөйленіп жатқан сөздердің де, қайтарылып жатқан жауаптардың да бізге ұшығын ғана жеткізіп отырды. Кейде тіпті сөйлеуші ойының бет алысы да, түп нысанасы да аңғарылмай қалады. Оның үстіне негізгі баяндамалармен бірге негізгі жарыс сөздер де бізден бұрын аяқталып, біз сарқыншағына ғана ілігіп отырмыз. Жалғыз түсініп отырғанымыз — Терначинидің қайтарған жауаптарына сөйлеушілердің бас изеп, мойындап қалулары. Бұл жағдайда идеологиялық баяндама бойынша жарыс сөзге араласу бізге өте қиын болып қалды.

Дегенмен, сөйлеуге тура келді. Қоғамның генерал-секретары философ Компаниелло сөз арасында әлсін-әлі менің сөйлеуімді керек ететіндерін ескерте берді. Сұрау мен жауаптар аяқталған соң, мен сөйледім.

Компаниелло — философ адам. Фашизмге қарсы күрескен. Соғысқа, қарулануға қарсы бейбітшілікті қуат-

[1] Оның итальян тілінде жасаған баяндамасын мен аударылмаған күйінде Москваға алып келдім.— *Ғ. М.*

тайды. Отарынан айрылған Италия, Африка, Азия өкілдерінің еркін кездесулеріне жағдайлы ел болса, мұнда Компаниеллоның еңбегі де аз емес.

Мен «Европа мәдениетті қоғамының» осы жақтағы еңбектеріне тоқтадым. Келешекте не күтетінімізді айттым. «Европа мәдениеті» деген үлкен атаққа ие болып отырған қоғам мәдениет мәселелерін, идеялық көзқарастарымызды емін-еркін ортаға салып, дау-жанжалсыз, пікір алысатын орын болуын тіледім. Әр елдің тарихи салтына, дәстүріне, философиялық ұғыныстарына қарай белгілі бір мәселелерге қалыптасып қалған көзқарастары да болады. Көзқарас болуы да, оны бар күшімен жақтау да ешбір бөгетке ұшыраспасын. Сонымен қатар ешбір көзқарасты заң дәрежесінде қабылдамай, пікір алысуға салайық. Бұл жөніндегі айтыс-тартыс ұзаққа созылып кетсе де, тынды дей салмай, шындығына жетейік. Әсіресе, Африка-Азия елдеріне анықталған шындықты ұсынайық. Менің сөзімнің ұзын ырғасы осы болды.

Сол күні «Европа мәдениет қоғамын» «дүние жүзілік мәдениет қоғамына» айналдыруға қаулы алынды. Батыс елдерінің көпшілігі бірауызды дерлік халде екен. Біз де соны қостадық. Дүние жүзілік мәдениет қоғамына батыс-шығыс елдерінің бәрі де кіре алатыны маған теріс көрінген жоқ.

Қоғамның исполком мүшесіне сексен адам сайланды. Бізден: Полевой, Эренбург, Алпатов, мен, Италиядан Унгаретти, Квазимодо, Террачини, Франциядан Мориак, Польшадан Ивашкевич, чехтардан Мирко Новак, Швейцариядан Антони Бабель, Германиядан Анна Зегерс сияқты көрнекті жазушылар бар. Президент — Италия ақыны Унгаретти. Оның орынбасарына мен Полевойды ұсынып едім, ешкім қарсы болған жоқ. Сонымен қатар, менімен барған Москва университетінің проректоры Г. Д. Вовченко және үш-төрт адам қоғамның мүшелігіне алынды. Осымен съезд жабылды.

Съезден кейін бізді Умберто Террачини шақырды. Бардық.

Террачини — сенатор, сенатта екі жүз елу сенатор болса, соның сексен бесі коммунистер. Басқалары — либералдар, социалистер, католиктер, республиканистер, тоғыз депутат фашистер де бар.

Умберто Террачини — сенаттағы коммунистік партия тобының председателі. Италия республикасының жаңа

конституциясын жасайтын комиссияның бастығы. Италия Орталық партия Комитетінің президиум мүшесі бола тұрса да, одан еңбекақы алмайды: алатыны бір ғана сенатордың жалақысы. 1964 жылы Террачини басқалармен қатар Италияның президентіне ұсынылып, көпке дейін кеуделі орында тайталасып барып қалды.

Умберто Террачини 1895 жылы туған. Италия Коммунистік партиясын құрысқан, Пальмиро Тольяттидің үзеңгілес серігі. Ол — Коминтернді де құрысқан адам. Бір ретте Владимир Ильичтен қатты сын естіп қалғанын еске алып қойды.

Террачини бізді сенаттағы кабинетінде қабылдады. Кішкене ғана бөлме. Үйілген кітаптар, істер, газеттер... Ғалымның кабинеті сияқты.

Террачини жиырмасыншы жылдары Москвада, Коминтернде қызмет істеген кездерін, Лениннен қатал сын естіген кездерін еске алады. Жалғыз италиялық емес, европалық жағдайларда кейбір мәселелерді уақыт әуеніне қарай қоюға тура келетінін айтты. Мұнысы өз баяндамасының кейбір қағидалары біздің көзқарасқа қабыса бермейтін ескерту тәрізденеді.

— Алайда, осы баяндаманы ала кетіңіз. Москвадағы жолдастарға көрсетіңіз. Ұнаса, бір журналға басылса да, қарсы емеспін,— деп баяндамасының бір данасын маған берді. Мен алып кеттім.

Сол жылдары Қазақстанға келіп қайтқан Луиджи Лонго және оның жолдастарының ризашылықтарын тәптіштеп айтып, Қазақстанның одан бергі табыстарын көп сұрады.

Біз оған «Европа мәдениеті қоғамының» алдағы күндегі бағыты, болашағы туралы біраз сұраулар бердік.

Террачини ол қоғамның болашағына да, бағытына да сенімді қарайды екен.

— Дүниелік ой-пікірлермен еркін араласа аларлық қандай мүмкіншілік болса да безбеуіміз керек. Бұл — демократиялық бағыттан теріс жайылмайтын қоғам. Советтер Одағының кеңірек қатынасқаны дұрыс болар еді. Логикаға, шындыққа бой ұсынбай кетер қоғам бұл емес. Европалық жазушылар бірлестігінің президенті Унгаретти осы қоғамға да президент болып отыр. Осы екі ұйымның әрекетіне кеңірек қатынасып отырсаңдар, сіздер берер кеңес ескерусіз қала алмайды. Сіздер белсене қатынасып отырсаңыздар бұл қоғам арқылы талай-талай қызық кездесулер ұйымдастырылар еді,— деді.

Бұрын бұл қоғамның шығынын оның президенті Понти көтеріп келген. Граф Чини сияқты бай адамдар қарасып отырған. 62-жылы қоғамды мемлекет қаржысына көшіріп, үкімет жиырма миллион лир берген екен.

«Европа мәдениет қоғамы», «Ұғысу» («Понимания») деген қалың журнал шығарып тұрады. Террачини әдебиет пен көркем өнердің күрделі мәселелерін көтеріп, сол журналдың бетіне айтыс ашпай келген бізге өкпесін айтты.

Қоштасарда бізді есік алдына дейін шығарып салып:

— Римнің атақты ескерткіштерін көрген боларсыздар. Темір жол вокзалына жақын Езидора фонтаны дейтін бір көркем ескерткіш бар, оны көрдіңіздер ме?— деді Террачини.

— Жоқ. Көрген жоқпыз.

— Көруді кеңес етер едім.

— О, көрелік...

— Арривадерчи!

— Арривадерчи!

— Тағы да арривадерчи...

Езидора фонтаны — өзінше бір ғажап көркем ескерткіш. Жалаңаш шалқалаған әйел мүсінін фонтан ылғи жуып тұр. Мүсін алтау, бірақ бәрі бір-ақ әйелдің денесі. Сексеннен асып барып жаңада ғана қайтыс болған сорлы бір әйел жасында асқан сұлу болған екен. Сұлу болғанда бар денесі, беті-жүзі, аяқ-қолы, қасы-көзі, қара тырнағына дейін сұлу болған. Сол әйелді табиғаттың өзі жасаған көркемдігі деп танып, мүсінші тасқа көшіріп, фонтанға орнатқан. Сол әйелдің бірінен-бірін аудырмай алты рет қайталаған тас мүсіні, дөңгелек фонтанның алты жағында шалқалаған күйде тұр. Бәрі бір-ақ мүсін болғанмен алтауын да айнала жүріп көресің. Көз алмай қарайсың! Бұл да ұлы суретші Рибераның «Инессасы» сияқты әйел деген сезімді бірден ұмыттырып, көркемдік сиқырынан бір босатпайды. Фонтанның бір легендасы осы біз есіткен болса, бұдан гөрі көркемірегі тағы да болуға мүмкін. Рим көркем өнерінің бойына сыймайтын легенда болуға да мүмкін емес...

1966 ж.

БІЗДІҢ ХАЛҚЫМЫЗ СЕНДЕРМЕН БІРГЕ, ТУЫСТАР!

Қымбатты дос!

Мен бұл хатты бүкіл Қаир, бүкіл Біріккен Араб Республикасы ҚПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателін қарсы алған күндері жазып отырмын. Мен радиодан Біріккен Араб Республикасының астанасы Совет Одағының мейманын шын жүректен қарсы алғанын тыңдадым. Сонда азаттық сүйгіш араб халықтарына деген үлкен достық сенімім онан сайын алаулай түсті. «Аль-Ахрам» газетінің «біздің елдеріміздің арасындағы достық империализмге қарсы күрес жүргізіп жатқан халықтар арасында болатын және солай болуға тиісті шын мәніндегі өзара түсіністен достықтың үлгісі» деген сөздері жүрегіме айрықша ұялайды. Иә, Совет Одағы — азаттық сүйгіш араб халықтарының адал досы, олардың отаршылдыққа, империалистер мен олардың итаршыларының тіміскі әрекеттеріне қарсы күресіндегі сенімді серігі.

Араб халықтарын жақтаушылардың қатары күн сайын көбейіп келеді. Қазір бүкіл дүние Тель-Авивтен шыққан экспансионистердің қоқан-лоққы әрекеттеріне лағнат айтуда. Бұл экспансионистер агрессия жасап, Біріккен Араб Республикасының, Сирияның, Иорданияның еңбеккерлеріне, араб бостандығына көз алартатын елдерде жасалған мыңдаған тонна снаряд пен ракеталарды, бомбалар мен оқтарды жаудырды. Израиль басқыншыларының қуғынынан жалындап тұрған, сусыз Синай шөлінде бір ұрттам су мен баспана іздеп жүрген мыңдаған араб босқындары мен соғыс тұтқындары жайлы ойлағанымда жүрегімді ашу-ыза кернейді. Палестина ақыны Абу Сальманың, Сирия оқу министрі Сүлейман аль-Хаштың, Ливан жазушысы Идрис Сухейлидің, көптеген және басқалардың үстіміздегі жылдың март айында болып өткен Азия-Африка жазушыларының Бейрут конференциясында сөйлеген сөздері әлі есімде. Олар мыңдаған палестиналықтардың туған жерінен қуылғанын жандары ауыра тұрып айтқан еді.

Осы конференцияда араб елдерін Израиль агрессиясынан қорғау жөніндегі декларацияның бір ауыздан қабылданғанын да ұмытқан жоқпыз.

Бүгін бүкіл жер шарының алдыңғы қатарлы жазушылары Тель-Авивтен шыққан басқыншыларға қарсы наразылық үнін, ұлттық тәуелсіздік жолында күресіп жатқан араб халықтарын қорғау үнін көтереді.

Қымбатты араб досым менің, сені қорғаушылардың алдыңғы қатарында совет жазушылары болатынын білініп қой.

Бүкіл совет елі сияқты Қазақ республикасы да араб халықтарының әділ ісін қолдайтынын бірауыздан мәлімдеуде. Совет Одағының үлкенді-кішілі ұлттарымен бірге қазақтар да Тель-Авивтен шыққан агрессорлардың араб жерінен тайып тұруын талап етуде.

Мен біздің үкіметіміздің басшысы А. Н. Қосыгиннің Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзін қуанышпен әрі мақтанышпен қарсы алдым. Мен ҚПСС Орталық Комитеті Пленумының Израильдің Таяу Шығыстағы агрессиясына байланысты Совет Одағының саясаты туралы қаулысын тұтасынан қолдаймын.

Мен бүкіл дүние халықтарының еркі мен жігері Израиль аяққа басқан әділдікті қалпына келтіреді деп сенемін. Совет адамдары өзіне тән қайрат-жігермен солай етеді де.

Қымбатты дос, бүкіл дүние қазір Израиль экспансионистерінің де, олардың артында тұрғандардың да жиіркенішті бет-жүздерін көрді. Америка Құрама Штаттары 6-шы флотының Жерорта теңізінде не үшін тұрғаны да енді белгілі болды. Израиль соғыс қылмыстыларын желіктіріп отырған да, Тель-Авивтен шыққан тонаушыларды қорғап, қолдап отырған да солар. Бұлар тонаушыларға басып алған олжасын сақтап қалуына көмектесуде.

Бірақ Израильдің қорғаушылары мен қолдаушылары қаншама мықты болса да, біздің достығымыздың қуаты, бейбітшілік сүйгіш халықтар мен дүние жүзілік қоғамдық қуаты одан жүз есе күшті.

Егер Израиль басып алушылары басып алған жерімізден кетпейміз деп тырмыса беретін болса, онда олардың өз обалы өзіне. Мен, қымбатты дос, бүкіл совет халқы, алдыңғы қатарлы бүкіл адам баласы сендермен бірге екенін, әділдік сенің жағында, ең ақтық жеңіс сенікі болатынын өзің және өз отандастарың білініп қойсын деп осы хатты арнайы жазып отырмын!

1967 ж.

БАРЛЫҚ АФРИКА МӘДЕНИЕТІНІҢ БІРІНШІ ФЕСТИВАЛІ

1963 жылы «Африка халықтарының бірлігі» деп аталатын ұйымға кірген африкалық мемлекеттердің басшылары барлық Африка мәдениетінің бірінші фестивалін өткізуге қаулы алған болатын. Мәселе ор кезде мемлекет басшыларының, ең берісі министрлердің мәжілістері арқылы әзірленіп келе жатқанына қарағанда фестивальға үлкен саяси мән берілетіні аңғарылатын еді. Африка халықтарының өз рухын, өзіндік мәдениетін әлемге таныту, мәдениет туысқандығы арқылы көп ұлттық елдер бірлігін шегендей беру — ұлы мақсат ретінде қолға алынып отырғаны аңғарылатын.

Сол мақсаттағы фестиваль Алжир астанасында 21 июль күні басталып, август айының бірі күні аяқталды. Біз, бір топ совет жазушылары, журналистер, Африка зерттеушілері, көркем өнер қайраткерлері фестивальға бастан-аяқ қонақ ретінде қатынасып қайттық.

Алжир мемлекетінің астанасы — Алжир екі ныпын Орта теңізге тіреп, етек жағы азғана сопақтанып барып ұлы сахараға белдеулеп кіріп тоқталады. Ақын Е. Долматовский «Африка жүрекке ұқсайды» десе, Алжир жүрек ішіндегі жүрек сияқты. Теңіз жағасына қуалай салынған Алжир қаласынан 130-150 километр оңтүстікке қарай шықсаң сахараның шетіне ілігесің. Өткен түні ғана әлдекайда ойысып кеткен теңіздің түбінде қалғандай қара сұр тасты жапан-түз... қарауытып лапылдаған өркеш-өркеш сағым... кейде төңкеріле тулаған теңіз толқындарының елесін береді.

Асфальтті жол қанша сенімді болса да, біз қарауытып жатқан тасты жапанды кесіп өтуге тәуекел ете алмадық. Одан әрі құм-жапан, опырылған, құлаған сарғылт таулар тағы да құлазыған құм белестер деседі. Әзірге түгел зерттеліп болмаған мұнай байлығы сол ұлы Сахарада...

Біз, үш жазушы, фестиваль ашылардан үш күн бұрын барып едік. Өзімізге бекітіп берген машинамен Алжирдің солтүстік жағын еркімізше араладық. Қайда барсаң да, қалай жүрсең де сенің кім екеніңді сұраушы да, жолыңды бөгеуші де болған жоқ. Жабық қақпа, бармас, бастырмас жерге кездеспедік.

Теңіз барқанындағы Алжир жері аса көркем, бай жаратылысты. Таулы, қырқалы, ойпатты, орманды, жемісті, көленкелі, гүлді, бау-бақшалы, өнімді өлке. Бұрын бұл бай өлке француз отаршыларының меншігі болған екен, қазір бұл жерлерге жартылай мемлекеттік, жартылай кооперативтік шаруалар орнаған. Кейде бұл шаруаларды кооператив, кейде өзін-өзі басқаратын шаруалар деп атайды. Ауыл шаруашылық техникалары, әрине, аз. Бірлі-жарымды трактор, ондаған ат, қашырлар... Біз аралаған шаруаларда мың жарым гектарға 60—70 ер адам еңбек істейді. Әйелдер шаруаға араласпайды, олар үй түйсігінде.

Сахаралық көгалдарда үнемі қостар, шатырлар кездессе, бұл өңірдегі ауыл шаруашылығы тұрғындарының үйлері қалалық архитектурамен салынған. Көбі, әрине, француз отаршыларынан қалған.

Француз отаршыларын айдап тастағаннан кейін олардың ауыр, жеңіл өнеркәсібі түгел мемлекеттік қорға алынған. Қазір ол өндірістерді Алжир өзі жүргізіп жатыр. Жеңіл бұйым өндірісі әзірше озық елдердің өнімімен бәсекелесе алмаса да Алжир тәуелсіздік жолына біржолата бет алған. Алжирде жеңіл өнеркәсіп бұйымдары өте қымбат, кейбір елдердің кейбір бұйым бағасымен салыстырғанда он есе. Солай бола тұрса да сырт елдердің сауда өктемдігіне қарсы қойылған сенімді аран — сексен процентке дейін пошлин тағайындалған.

Алжир — Орта теңізді жағалай салынған қала, ұзындығы отыз километр. Қаланың кейбір аудандары Парижды еске түсіреді. Біріне-бірі ұқсамайтын зәулім ақ үйлер әрі көркем, әрі француз архитектурасы екендігін өздері айтып тұр. Шаңқай түс кезінде аппақ үйлер күнге шағылысып, көзіңді қарып қаратпайды. Оған іргеде ғана ырсылдап жатқан теңіз барын қоссаңыз, мүмкін, Алжир бейнесі сонда ғана көз алдыңызға келер. Көшелер толы адам, көшелер толы машина, көшелер толы кафе, магазин. Алжирдің батыс жақ шеті отыз километрге созылған демалыс орындары. Әдемі-әдемі коттедж, вилла, туристерге арнап салынған аппақ жаңа виллар, пляждар... Ақ жолақ, ала жолақ киінген батыс қыз-бозбаласы: доллар, франк, фунт, динар...

Алжир әйелі әлі күнге айқара жамылған аққа оранып жүреді. Оның үстіне мұрны мен аузын түгел тұмшалап тұратын шетін шілтерлеген қиықша ақ орамал

тағы бар. Сонда тек, жарқырап тұрған қара көздері ғана көрінеді. Аяқтарын жасырмайды екен: жалаң аяқ, жеңіл сандалет.... Мекемелерде, магазиндерде, аптекаларда қазіргі замандағыдай шолақ киінген қыз-келіншектер аз емес. Бірақ күн батқаннан кейін қолтықтасып түгіл, қатар келе жатқан қыз бен жігіт көзге түспей-ақ қойды. Қыздар тұмшаланып алып, әке-шешелерімен ғана көшеге шығады деседі. Жас жігіттер көшеде, бақшаларда, кафелерде топ-тобымен оңаша жүреді. Осының салдарынан болу керек — Алжир жастары ертерек үйленеді екен. Мысалы, бізбен жүрген шофер Идрис он тоғыз жасында үйленген екен. Қазір отыз тоғызда — он баласы бар. Ол өзін кешірек үйленгендерге қосады. Жалпы алғанда, бала дегеніңіз Алжир үйлерінің әр ауласынан қоралы қозыдай өреді.

Қалыңдықты әлі күнге әке-шешелер айттырады екен. Күйеу мен қалыңдық бірін-бірі бұрыннан білу, иә болмаса айттырар алдында танысу деген салт атымен жоқ. Аумаған баяғы қазекеңнің қалың малы. Сонымен бірге көп әйел алу да тоқталған. Сахара көшпенділерінің арасындағы аздаған әмеңгерлік болмаса, ал Алжир елі ол әдеттен арылған.

Сонымен кешкі Алжирда жігіттер көп, қыздар жоқ. Кешкі Алжирде әр түрлі ойын-сауықтар еркектер арасында ғана. Кафе, ресторандарда арақ тұқымы жоқ емес, бірақ Алжир халқы арақ ішпейді, мұздай суық апельсин, мандарин соктарын ішеді. Тіпті кока-кола да сәндіктен қалып барады. Бейпіл сөз, айғайлау, ысқыру, ұрыс-жанжал кешкі Алжирда жоқ.

21 июль күні, таңертеңгі он... 6-7 конференция, съездерді қатар өткізе беруге болатын залдары көп «ұлт сарайы»... қасында хабар министрі Мұхаммед Бен-Яхия, «Африка бірлігі ұйымының» бас секретары Телли Диало (Гвинея), тағы басқалар бар, Алжир Демократиялық Республикасының президенті Хуар Бумедьен сахнаға шықты. Жұрт оған тұра келіп қошамет көрсетті. Сөз арасында айта кетейік, президент Бумедьен сол сағаттан бастап, қашан жабылғанша, күні-түні фестивальдың басы-қасында болды.

Фестиваль президент сөзімен ашылды. Ол ұтымды сөйлейтін шешен адам екен. Қанша ғасырлар бойында Африка халықтары көрген құлдық-қорлық, отарлық, қаналу-қансырау жайларын айтқанда тыңдаушылардың

жігері қайнап кететіні байқалады. Адам — түсі қара болғандықтан адам қатарынан шығарылып, бұйым қатарында алып-сатарға түсуі, елдігінен, жерінен, адам өмірі дегеннен біржола үміт үзерлік дәрежеге жетуі тыңдаушыға да ауыр. Африка халықтары құл бола жүріп сол үміттен айрылмаған. Құлдық дәуірі — күрес дәуірі, ішке жігер жинау дәуірі болған. Африка рухы осы!

Байтақ африка халықтары көне мәдениетінен айрылмаған. Қалың ормандарды күңірентетін, арыстан, қабылан, жолбарыс гүрілдерін баса-жаныша естілетін там-там гүрсілін сақтап қалған. Қара адам қорлық-зорлыққа, темір бұғауға, қасырларға созылған тепкіге мойымаған, өр кеуделі тәкаппарлығын сақтап қалған. Ол тәкаппарлық әні мен күйінде, ойын мен биінде. Африка рухы осында!

Қазір Африка жаңа дәуірде. Түгел босану күресі аяқталған жоқ. Босанған елдеріміздің іргесін біржола бекітіп алар кезді жалаң өткізіп алмайық. Дүние жүзі Африка елдерін, Африка адамын тең дәрежеде танысын. Өзіндік тарихы, өзіндік мәдениеті барын танысын! Африка көп ұлтты, тарихи тағдыры бір, тыныс-тіршілігі бір ел. Дүние жүзі осыған мойындасын. Фестиваль осыған арналады.

Көп елдеріміздің төбесінде азаттық туы желбіреген мен ол әлі толық қанды азаттық емес. Сенің байлығыңнан, мәдениетіңнен, идеологиялық бағытыңнан қол үзгісі келмей, әдіс-айласын өзгертіп отырған империализм енді сені іштен шалмақшы. Африка бұған бір елдей қарсы тұру керек. Фестиваль осы мақсатқа арналады.

Ана тілі мен ұлттық мәдениетінен айрылған халық елдігінен де айрылады. Біз ойымыз бір, жан-жүрегіміз бірге соғатын африка халықтары әр елдің ана тілі мен ұлттық мәдениетін сақтау арқылы олардың елдігін де сақтап қаламыз. Фестиваль осы мақсатқа арналады...

Осылай, әр саладан басталып бір арнаға құятын ойларын айта келіп, президент Бумедьен фестивальды ашты. Бірнеше африкалық елдердің құттықтауларынан кейін президент фестивальға қатынасушыларға бірінші түстік берді...

Бірінші бүкіл африкалық мәдениет фестивалына 6 мың адам қатынасты. 33 мемлекет және ұлт-азаттық қозғалысын жүргізіп жатқан 6 ел көптеген өнерпаздарын жіберіпті. Қатынасушылардың басым көпшілігі

ұлтық би ансамбльдері, ұлттық театрлар, ұлттық оркестрлер, ара-тұра симфониялық оркестрлер, жеке әншілер.

Алжирдің өзі сахналарда, көшелерде халықтық өнерін көрсететін 30 ансамбль, екі оркестр, бір хор коллективін шығарды. Ганадан 91 адам, Гвинеядан 50 адам, Либериядан 50 адам, Малидан 90 адам, Нигериядан 100 адам, Суданнан 85 адам, Мысырдан 150 адам жіберіліпті. Ливан мен Сирия фестивальға қатынаспай қалыпты.

Фестивальды өткізуге керекті қаржы 4.750.000 доллар шамасында тағайындалған екен. Соның 3 миллион долларын Алжир, қалғанын негізінен «Африка бірлігінің ұйымы» шығарған.

Фестиваль ашылған күні сағат төртте Алжирдің орталық алаңында фестиваль көрінісі басталды (дефиле). Әр елдің өнерпаздары лек-легімен үкімет трибунасының алдынан өтіп жатыр. Әр елдің музыкалық аспаптары ыңыранып-күңіреніп, гүжілдеп, гүрсілдеп кең алаңды керіп жібергендей болады. Әуе айналған ыстықтан жабық тұрған терезелер түгел ашылып, барлық балкондарға бала-шағалар құжынап кетті.

Алдымен ақ арғымақ мінген атты алжир өтті. Барлық асыл тұқымды жылқылардың түп атасы араб тұлпары Алжирде жақсы сақталған. Сегіз жылға созылған азаттық күресі алжир жерінен отаршылдарды түгел айдап тастаумен аяқталғаны мәлім. Сол ұлы күресте ақ арғымақтың төрт аяғы төрт қанаттай қызмет еткен. Бүгін араб ақ арғымақты мейрамға мініп шыққан. Бірақ күрес күндері әлі есінде, трибуна алдынан ондаған салт араб салют беріп өтті. Салют алжир халқының ұлт ойындарына да кіріп кеткен. Аландарда, стадионда көрсетілген ұлт ойындарының, билерінің арасында салют ылғи беріліп отырды.

Африка халықтарының ансамбльдері трибуна алдынан алфавит тәртібімен өтіп жатыр: Алжир, Бурунди, Габон, Гамбия, Гана, Гвинея...

Қара мақпалдай не болмаса қара сұрлау келген африканың арғымақ қыз-келіншектері аяқтарын шекіп басады. Аршынды денелерге қынамалап киген ұзын көйлектердің тоқсан түрлі бояулары құлпырып, тотылар бақшасын еске түсіреді. Ұзын бойлы, кең иықты, қара бұйра жігіттерді арыстанға теңегендейсің.

Африка — көп тілді, көп ұлтты ел. Жапырақ бұтала-

рыпан сумен бірге сүлік тамшылап тұратын, түбіне күн сәулесі түспейтін мәңгілік қара орман тұрғындары көбінесе аласа, әлсіз, тіршілік салмағы жаншып жіберген жандар. Ойын-сауық, ән-күйлерінде қайғы-мұң ажарсыздығы басым.

Гвинея, Сенегал, Нигерия, Оңтүстік Африка елдерінде көне мәдениеттің мол мұрасымен бірге қорланып қалған жаңа мәдениет барлығы айқын көрінеді. Қап өлкесінің халқы өткен ғасырдың соңғы ширегінде банту тілінде едәуір өсіп қалған көркем әдебиет жасаған. Дзоломо, Мпахлеле, Джолобо, Вилакази деген ақындары, Абрахамс, Томас Мофоло деген романистері болған. Соломон Плаатье деген жазушы ағылшын тілінде және бантудың үш тармағының бірі тсвана тілінде жазған. Оның үстіне Шекспирдің «Юлий Цезарь», «Отелло», «Венеция купестері» сияқты пьесаларын тсвана тіліне аударған. Банту тілінде XIX ғасырдың аяқ кезінен шыға бастаған «Имво Забантсунду» газеті биыл 80 жасқа толады. Африкада үлкен ойшылдар, ақындар, романистер қазірдің өзінде аз емес. Сенгор, Осадебэй, Осман, Ла Гума, Нето, Эквенси, Цезарь, Фэйтури сияқты ақын-жазушылары қазіргі заманның үлкен шеберлеріне қосылады.

Фестивальда он күнге созылған симпозиум болды. Онда Африканың өзіндік мәдениеті барлығы, Африка мәдениетінің ұлттық қозғалыстағы маңызды орны, Африка бірлігіндегі, экономикалық және қоғамдық өркендеу жолындағы мән-маңызы сияқты мәселелер кең мағынасында талқыланды. Қонақтар бұл талқылауға қатыстырылған жоқ.

Африка кино өнерінің апталығы «Африканың азаттығы мен бірлігі үшін!» деген ұранмен өтті.

«Африка халықтарының ұлттық және көне замандық көркем өнері», «Африка халықтарының осы күнгі көркем өнері», «Африка қолөнершілерінің жасаған бұйымдары» деген сияқты аттармен алты жерде көрме жасалыпты. Көрме экспонаттарының көпшілігі Париж, Лондон және басқа батыс елдерінің музейлерінен келіпті. Африканы аралаған біздің суретшілер өз алдына бүгінгі Африканы көрсететін бір шағын көрме жіберген екен, онысы онша ұтымды болған жоқ.

Бұлардың бәрінің үстіне театр коллективтері мен хор, би ансамбльдерінің, жеке әншілердің конкурсы өтті.

Африканың ұлттық театрлары мен кино өнері әзір

баландау әрине. Әдебиетіндегі байлығы сахна мен экран тіліне көше алмаған. Бұл жағынан басқаларынан анағұрлым алда келе жатқан Мысыр. Ұлттық ойын, ұлттық би жағынан Алжир, Гвинея, Сенегал, Мысыр, Марокко сияқты. Осы елдердің хор араласқан ұлттық билері сюжетті келеді екен де, ел өмірінен көп нәрсені көркем түрде көз алдыңнан өткізеді. Қызықтыра алады, қыздыра алады. Қылыш, мылтық араласқан ат үстіндегі ойындарда Алжир ерекше көзге түседі. Бейбіт өмірдің әр түрлі көріністерін бергенде Батыс Африка ойын-билерінің қаны толық, бояуы көп, әуені көп. Бұл, әрине, қазіргі хал, өсу жолында қайнап жатқан қазан. Сондықтан бәрінің де болашағы алдында.

Бір қызық нәрсе — Батыс Африканың ұлттық ойындарында, билерінде бізде бар элементтер жүр. Әсіресе, ат үстілік, күрес ойындарында. Оны ат үстілік ойындарда Алжирден, күрес ойындарында Сенегалдан көрдім. Жеңіл киінген балуандар әуелі тағы өгіздердей жер тырналап айбат шегісіп, алыса жөнелгенде сахна шайқалғандай болады. Сахнадағы ойыншылар балуандардың қимылдарымен бірге жапырылысып, бірге дөңгеленіп, сахна шайқалғандай көріністі береді. Үйірісіп кетті, лақтырысып жіберді, шалып қалды. Қарамайлаған қайыстай денелер барлық бұлшық еттерін сыртқа теуіп бір денедей қайнасып қалды. Шалуға келді — болды, гүрс етіп құлады бірі, барабан да бірге гүрс етті. Ритм, ритм, ритм!..

Әншілерден жұрттың назарын түгел аударған үш әнші әйел болды: Мириам Макеба (Оңтүстік Африка), Викки Блейн (Гамбия), Нина Симона (США). Мириам Макеба классикалық, ұлттық салмақты әндерді айтты. Нина Симона көптен келе жатқан эстрада әншісі болу керек, сахнада неше құлпырып, қойқаңдап билеп те жіберіп, жұрт назарын еріксіз аударады екен. Викки Блейн болса, ол бір сахна сайтаны сияқты. Жалаң аяқ, жалаң сан, қою қара бұйра шашы көзі мен аузынан басқаның бәрін жауып кеудесіне түседі. Кішкентай ғана әдемі аяқтарымен билей жүріп, небір құйқылжыған әндерді айтқанда жастардың жүрегі торға түскен бөденедей тыпырлайтын сияқты. Қалайда бұл үшеуі фестивальдың ажары болды. Мысырдың бұлбұлы Ум-Гүлсім фестивальға келе алмай қалды.

Біз, жазушылар, өзіміздің Азия-Африка жазушыларының қозғалысына байланысты жұмыстарымызды да

ескере жүрдік. Оңтүстік және Солтүстік Вьетнам жазушыларымен, Оңтүстік Африка, Ангола, Үндістан жазушыларымен кездесулер өткіздік. Фестивальдың алдында ғана Алматыда болған ескі дос Мулк Радж Ананд фестивальға барған екен. Оған Алжирда Саджад Захир келіп қосылды. Бұл достармен құшақтасып көрісіп қалдық. Алматыда бірге болған күндерді, Д. А. Қонаев жолдастың қабылдауында болған сағаттарды жылылықпен еске алыстық.

— Мен ғылым-техникаға молыққан, социализм орнатып жатқан ел екендеріңізді көптен бері білемін. Бұл — мен үшін үлкен арман. Жан басына бөлгенде ұлттық кірістің ұлан-асыр молдығын да білемін. Мені таңдандырған мемлекеттік, ғылымдық, мәдениеттік қауымның тез өскендігі. Ғасырлар бойында қорланып қалған ескіліктен осынша тез құтылғандарыңыз,— деп Ананд қойын дәптерін суырып алды.— Мистер Қонаевтан жазып алғандарым бар еді...

Мулк Радж Ананд — үлкен жазушы, үлкен ойшыл адам. Жазып алғандары да Қазақстанның ылғи бір ірі мәселелері екен. Интернационалдық республика, халықтар достығы, ғылым, білім жайлары. Ананы-мынаны сұрастыра отырып үлкен ойларға түйін жасапты. Сөз аяғында — мистер Қонаевқа достық сәлем айтсам ерсі болмас па екен?— деп сұрады менен.

— Ешбір ерсілігі жоқ. Мен жеткізейін,— дедім.

Оның Қазақстан басшыларына сәлем айтарлық тағы бір себебі бар. Ананд 1956 жылы Делиде Азия жазушыларының конференциясын өткізу идеясын көтерген. Сол конференциядан Азия-Африка жазушыларының ұлы қозғалысы басталып кетті. Қазір барлық африка мәдениетінің фестивалын көріп жүргенде енді Азия-Африка мәдениетінің фестивалын өткізу идеясы ойына келген.

— Оның өзін Қазақстанда, Алматыда өткізсеңіздер!— дейді.

— Біз, Үндістанның екі қарты, әзірлік комитетінің барлық қара жұмысына қатынасар едік,— деп оған Саджад Захир да қосылып кетті.

— Несі қиын? Күні кеше ғана азаттық алған Алжир республикасы 6 мың адам жиналған бүкіл африкалық мәдениет фестивалын өткізіп отырған жоқ па?

— Менің елге барып ойласайық, ақылдасайық,— дегеніме екеуі де құлақ асар емес.

— Есіңізде ме, Алматының қасындағы бір колхоз-

дың жылдық табысы үш миллион төрт жүз мың сом екен. Үш колхоздың бір жылдық табысын ғана шығарсаңыздар жетіп жатыр... он миллион сом!..

— Африка фестивалы 4 миллион 750 мың-ақ долларға түсіп отыр ғой!..

Ақыры «ойласайық, ақылдасайыққа» тоқтадық...

Азия-Африка жазушыларының алдында Үндістанда өтпек екі үлкен мәжіліс бар: алдымыздағы ноябрь-декабрь айларының ішінде Делиде «Ленин идеялары бағытындағы поэзия» семинары өткізілмек. Одан екі-үш ай кейін — Азия-Африка жазушыларының кезекті конференциясы. Бұл екі мәжілістің де едәуір салмағы Совет Одағына түседі. Әңгімені Үндістан өкілдігінің қонағында аяқтасақ та ұсыныстардан әрі бара алмай аяқтадық.

Біздің ескі достардың бірі, Оңтүстік Африка жазушысы Алекс Ла Гумамен «Алетти» қонақ үйінің алдында көлеңкелеп отыр едік, менің арт жағымнан келіп бір ыстық дене құшақтай алды. Ыстық леп арқамды, желкемді күйдіріп барады.

— Әлмәта, Әлмәта!— дейді әйел даусы. Ол жақында ғана осында болған Оңтүстік Африка қызы Зенеля Ламини екен. Бірінің атын дұрыс, бірінің атын теріс атап, Алматыда кездескен қазақ әйелдерін сұрастырып жатыр. Жас басынан қуғын көріп, шет елде жүрген жас қыз өте бауырмал. Сәті түсіп совет елін аралап қайтқан қыз көрген-білгенін айта жүреді екен. Бар достығы, ыржашылығы көзінде жарқырайды.

Аса бір жақсы кездесуді Оңтүстік және Солтүстік Вьетнам жазушыларымен өткіздік. Бұлардың бірі — бұрын Солтүстік Вьетнамда мәдениет министрі болған, әдебиетші адам. Бірі ақын, бірі журналист, енді бірі көркем өнер қайраткері. Көптен бері көлеңкелеуде қала беретін біраз әңгімелердің беті ашылып, қалтқысыз ұғыныстық. Совет Одағының әр кездегі достық жәрдемін айта келіп, делегация бастығы сөзін былай деп аяқтады:

— Совет Одағы біздің екінші Отанымыз!

Оңтүстік Вьетнам ақыны маған:

— Вы мой дядя!— деді орысша.

— Вы мой родной брат!— дедім мен оған.

Бұдан былай жақын достасып, қайда барсақ та бірге жүрдік. Москваға дейін бірге келдік...

Агостиньо Нето — Ангола жазушысы. Мөлдір қара бұйра шашы қара маржан тізіп қойғандай жалтылдайды. Кең шықты, көздері аз күлімдеп, көп ойланып жүре-

тін адамды аңғартады. Сымбатты да сұлу жігіт. Оның әдебиеттегі аты бұдан 15 жыл бұрын ауызға іліксе де соңғы жылдарда білінбей кетіп еді. Сұрастыра келсек ол соңғы жылдарын түгел азаттық қозғалысына берген екен. Ангола ұлт-азаттық қозғалысын басқаратын орталық екі жерде болып келген: біреуі Анголаның өзінде, енді бірі Киншаста. Ангола халқының қолма-қол күресінен шетірек тұратын Киншас орталығы кейде бөгесін бола бастаған. Бөгесін болудың себебі шетірек тұратындықта да бола бермейді, әрине. Әр түрлі сыртқы әсер, жат әсер бар... Мұндай революциялық қозғалыстардың ыстық-суығына төзу үшін идеялық табандылық керек. Киншас орталығы осы жағынан ақсаған. Қазір Киншас орталығын қозғалыстан ысырып тастап, Ангола қозғалысын Агостиньо Нето өз қолына алған. Осы жайларын тереңірек баяндай келіп:

— Ангола төбесінде азаттық туы желбірейтін кез жақын!— деп күлімдеп тоқтады Нето.

— Біз азат Анголаның болашақ президентінің саулығына!— деп тост көтердік.

Көптен бері кейде тоғысып, кейде қағысып қала беретін бір үлкен ұйыммен осы жолы едәуір ұғыныстық. Ол —«Африка мәдениетінің қоғамы». Ұйым орталығы Парижде. «Презант Африкен» деген қоғамдық-әдебиеттік журнал шығарады. Ол — Африка мәдениет қайраткерлеріне үлкен әсері бар ұйым. Ұйымның бастығы да, журналдың бас редакторы да Сенегал жазушысы Диоп.

Таңертең қонақ үйден шыға берісте Алиун Диоп кездесе кетті. Көрген жерден құшағын жайып «О!»-деді. Мен де құшағымды жайдым. Құшақтасып, арқаға қағысып қалдық, сүйісіп қалдық. Сағынысқандай екенбіз.

Римде, Венецияда өткен екі үлкен кездесулерде бірге болғанбыз. Менің сөзім арқылы Диоп бірталай қиғылықтарға да ұшырағаң. Тегі, айтыс-тартыстарға жоқтау адам — мен саяси соқтығыстарды ұнатпаймын,— деп еді сонда.

Қазір іркілмей келіп құшақтасты. Хал-жайларын іркілмей-тартынбай сөйлеп кетті. Көптен бері кездесіпей кеткендіктің өкініш жақтарын сөз еттік. Екі жағымыз да қалтқысыз-риясыз, алдағы күнде қол ұстасып істер көп жұмыстар барын кеңестік.

Аяқтасып келгенде Алиун Диоп ұзағырақ уақыт әйелімен бірге Совет елдерін аралығысы келетінін білдірді. Мен оны екі айға шақырдым.

— Бір ай республикаларды араларсыз. Екі жеті менің қонағым боларсыз,— деп сөзімді аяқтағанша, менімен бірге барған Абхазияның ақыны Иван Тарба киіп кетіп:— екі жеті менің қонағым болыңыз! Сухуми! Құм пляж есігімнің алдында жатыр!— деді.

Сонымен Алиун Диоп әйелімен бірге келер майдың ішінде Совет Одағына қонаққа келетін болды.

Азия-Африка жазушыларымен кездесу жайларын осымен аяқтаса да болар еді. Бірақ мақалада кездескен сайын «құшақтаса кеттік» деген сөз ылғи қайталанып отырады. Соған түсінік бергім келеді.

Мәселе мынада: Совет еліне қарсы үгіттер, қызыл ауыздықтар дүние жүзін шарлай-шарлай шатқалаңға кіріп, өз ұятын өзі ашып, өзін-өзі әйгілеп алғанға ұқсайды. Осы күнгі ойлы жұрт, өскен ой дәлелсіз даурықпаға ере алмайды. Әсіресе, ұлт-азаттық қозғалысының қайраткерлері, елдік іргесін жаңадан қалап жатқан елдер жалаң сөзге мұқтаж емес, іске, жәрдемге айналған достыққа мұқтаж. Біз ешкімді алдаған, арандатқан емеспіз. Жаңа отаршылдық айла-аярлығымен келсе, біз өмірдің өз шындығынан туындайтын міндеттерге дұрыс бағыт берумен келеміз. Жеке жазушылардың таныстығы, достығы іске жәрдем болатыны даусыз бола тұрса да құшақтасулардың негізгі себебі еліміздің қасиетінде: турашыл әділдігінде, жанашыр қамқорлығында, достығында дегім келеді.

Алжирда мені бір топ қазақ инженерлері тауып алды. Телефон шыр ете түскенде тыңдай қойып едім:

— Ассалаумағалайкум... Ғабит ағайсыз ба?— деді қазақ даусы.

— Ие, мен...

Алжирде емес Алматыда отырғандай сезініп, бірер сұрауды қапыл-құпыл орынсыздау беріп қалдым.

— Лұқсат болса сізге кіріп шығайық деп едік.

— Е, келіңдер.

Әрі ыстық, әрі дымқыл Алжир ауасының райына жеңіл киінген екі жігіт кіріп келді. Енді мен оларды туристер екен деп қалдым.

— Ал, жол болсын... Қайдан келіп, қайда бара жатқан жігітсіңдер?

— Осында қызмет істейміз...

Сұрастыра келсем Алжирдің түсті металл рудниктерінде істейтін тау-кен инженерлері екен.

— Ал, менің мұнда келгенімді қайдан білдіңдер?

— «Қазақ әдебиетінен» көрдік.

Біздің газет-журналдарымыздың шет елдерге қанша тарайтынын мен, әрине, біле бермеймін. Алжирға «Қазақ әдебиеті» барады екен. Бұдан үш жыл бұрын Индонезия астанасы Жакартада мені сонда тұратын бір қазақ қызы тауып алып еді, өткен жылы Римде тағы бір қазақ қызы кездескен. Шетте жүріп, елін сағынатын жастардың құлағы түрік болатыны табиғи нәрсе, тек, соларға елдің исін беретін бірдеме ала бармағаныңа өкінесің. Елдікі дерлік менің еш нәрсем болмады.

Жігіттер жабысып, ертеңіне біреуінің үйіне «жартыақ» сағатқа қонаққа алып кетті. Барғанымыз Төлеусейіт Омаров деген тау-кен инженерінің үйі екен. Әйелі әкесі келгендей қуанып, дөңгеленіп жүр. Қасымдағы жолдастарым — Абхазия ақыны Иван Тарба, Москва жазушысы Великовский қазақ бауырмалдығына қызыға қарайды.

Бұл үйге бес қазақ инженері жиналды: Төлеусейіт Омаров, Мәдениет Асанов, Шәріп Ысмайылов, Шәмшедин Әбдіраманов және Әбдіхан Бегімбетов. Бәрі де — тау-кен инженерлері. Бәрі де — Алматының тау-кен институтын бітіріп біраз жыл Жезқазғанда істеген. Бәрі де — Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың жолын қуған талапты жастар. Жас инженер Әбдіраманов оның үстіне жазушы. Балаларға арналған 7-8 фантастикалық әңгімелері «Көрінбес қорған» деген атпен биыл басылып шықты. Омаров пен Асанов бірер жыл түсті металл рудниктерінде істеп, қазір соның Орталық басқармасына көшірілген.

Жаңа бой салып көтеріліп келе жатқан Алжир еліне достық қолын, адал еңбегін ұсынып барған қазақ инженерлерін көргенде байғұс ескі ауыл еске түседі. Күрсініп еске аласың. «Елу жылда ел жаңа!», барлық байлығымен бүгінгі Қазақстан көз алдыңа келеді. Алжирдан Москваға дейін бес сағат. Москвадан кейін бес сағат ұшатының есіңе түседі!

Алжирда барлық мемлекеттік істер, кеңсе жұмыстары түгел француз тілінде жүреді. Біздің жігіттер француз тілін едәуір меңгеріп қалған.

Омаров тұратын әдемі виллада жарты сағат емес, үш сағат отырып әрең босандық. Үш сағат өз үйіңдегідей еркіндік, қазақы жайбарақат таптық. Ыстық Алжирда Арқаның салқын самалы соғып жібергендей болды.

* * *

Фестиваль он күн жүріп барып жабылды. Бұл елдер тарихында ерекше орын алатын көрме болды. Бұған дейін ешбір ел тұтас бір континенттің мәдениет фестивалын өткізген емес. Енді сол фестивальдың жеке бір жақтарына тоқталайық.

Ең алдымен, президент Бумедьен фестивальдың басы-қасында өзі болды, өзі басқарды.

Фестивальға қатынасқан 6 мың адам түгел қонақ үйлерге орналасқан. Астаналы қала Алжир сонша адамға таршылық еткен жоқ.

Үш мезгіл беріліп отырған ішім-жем молшылығы да сыр берген жоқ.

Делегацияларға бекітілген жеңіл машиналар таңертеңгі сағат сегізден түнгі он екіге дейін табан аударған жоқ. Жүздеген автобус, жеңіл машина шоферлары күні-түні казармаларда әскери тәртіпте ұсталды. Мысалы, біздің шофер өз үйінің қасынан өткенде бала-шағасын көріп шығуға бата алмады.

Ойын-сауықтар стадионда, театрларда өтіп жатты.

Президент екі рет қабылдау жасады. Хабар министрлігі (бізше Мәдениет министрлігі), ағарту министрлігі, ауыл шаруашылығы министрлігі бір-бір түстік берді. Совет өкілдігі де үлкен бір қабылдау жасады.

Сонымен Африка елдерінің өзіндік рухын, өзіндік ескі-жаңа мәдениетін барын, Африка халықтарының бірлігін танытуға арналған фестиваль он күн ашық тұрған шымылдығын түсірді.

Африка халықтарының фестивалы арқылы көздеген мақсаттарына тезірек жетулеріне тілектестік білдіріп, біз де елімізге қайттық.

1968 ж.

ПРОГРЕСС АЛАУЫ

Азия жазушылары екінші рет, ал Азия мен Африка жазушылары тұңғыш рет Дели қаласында бас қосып отыр. Бәрінің де мақсаты — өздерінің көкейтесті істері, әдебиет туралы шүйіркелесе әңгімелесу. Нағыз әдебиет нақты болмыспен әр уақыт және жігі ажырамас байланыста болғандықтан бұл әңгіменің де өмір туралы, бүгінгі дүние туралы, барша ғалам адамдарын толғандыратын проблемалар туралы болатыны ақиқат.

Көне мәдениеттің, даналық пен адамжандылықтың елінде өтетін бұл конференция оған қатысушыларды ойланып-толғантатын белгілі бір арнаға түсірмей тұра да алмайды. XX ғасырдың күшті сілкіністері — әлеуметтік және ұлт-азаттық жолындағы революциялар афро-азия халықтарын бұғаудан азат етіп, өздерінің күшіне сенімдерін қайта тудырды, жақсы болашаққа — бұғаудан босанған өз қолдарымен орната алатын келешекке сенімділігін оятты.

Міне, сондықтан да әрбір ақ жүрек жазушы қолына прогресс алауын ұстай, алға қарай қадам баспай тұра алмайды. Әйтсе де бір адам,— тіпті ол кемеңгер болған күшің өзінде де бұл міндетті атқара алмас еді. Екі зор құрлық жазушыларының бір сапта тұтаса алға басуы да осыдан. Бұл — олардың бәрі үшін де айрықша қажеттілік болып отыр. Бұлардың өзара ынтымақтасып жұмыс істеуіне 1956 жылы үнді жұртшылығының ықылас білдірумен Делиде шақырылған конференция негіз салған болатын.

Ұмытылмастай есте қалған бұл конференция халықтардың рухани өмірін қалыптастырудағы әдебиеттің маңызын атап көрсетіп қана қойған жоқ. Ізгі ниетке толы және жемісті түрде жүргізілген қалтқысыз пікір алысу, оңтімелесіп отырған кісінің көзқарасына мейлінше құрметпен қарау және осылай сырласу үстінде туған шындық, міне, осының бәрі жазушылардың бір-бірімен ұғысып қызмет істеуіне негіз болды, жас әдебиеттердің де, сондай-ақ сан ғасырлық дәстүрі бар көне әдебиеттердің де одан әрі өркендеуінде баға жетпес роль атқарды.

Иә, дәл Делидің және одан екі жыл кейін Ташкентте дүниеде болып жатқан оқиғалардың бәріне жазушы жауапкершілігі туралы ынтымақтастық пен қауымшылдық принциптері белгіленді. Әрине, содан бергі уақыттағы он бес жыл ішінде біздің планетамызда болған өрескел әділетсіздіктерге көзімізді жұма қарасақ, мұның өзі жұмсартып айтқанда кешірімсіз аңғалдық болар еді. Жазушылар да мұндай жағдаймен келісе алған жоқ. Олар Вьетнамдағы соғысқа қарсы және Үнді-Қытайдағы агрессияны ұлғайтуға қарсы батыл үн көтерді, Таяу-Шығыстағы жанжалды бейбіт жолмен реттеуді талап етті, бейбітшілікті сақтау идеяларын, қарусыздану идеяларын қызу қолдады, даулы мәселелерді шешуде күш қолдануға тырысу әрекеттерін айыптады.

Афро-Азия жазушылары шұғылданып келген және

қазір шұғылданып отырған осыншама практикалық жұмыстарды тізіп айтқанға «таза» эстеттер маңдайын тыжырына қарауы мүмкін. Ал, қазіргі дүниеде адам тағдыры халықаралық қарым-қатынастар қалай болып отырғанына тікелей байланысты емес пе? Бұл туралы от пен оқтан қор болған вьетнам баласының анасынан сұрай қойсаңыз, ол не деп жауап айтатынын білер еді.

1956 жылғы Дели... 1958 жылғы Ташкент. Және бүгін — 1970 жылғы Дели. Он бес жыл — аз уақыт емес. Бұл кезең ішінде біздің қозғалысымызда қиындықтар да туып жатты. Кейбіреулер өздерінің демагогтік сөзуарлығымен — реті бар жерде де, реті жоқ жерде де өз пікірін міндеттеуге тырысқан, баршаға ортақ істерді тек өзі ғана шешу еркіне ие болғысы келген жағдайдың бәрінде де әлгіндей қиындықтар алдымызды кес-кестей берді. Мұндай шырыш бұзушылар Дели мен Ташкентте біздің бәрімізді тұтастырған өмірлік маңызы бар мүдделерді түсінбеді, сөйтіп, өзгелердің бәрінен оқшау жағдайда қалған бұлар өздерін өздері жазалады.

Бір-бірімізді жақсы білуіміз керек. Адамдар да, халықтар да бір-бірін әбден ұғынысуы қажет. Бұл — байырғы шындық, әйтсе де бұл қашан да сенімді шындық. Бір-бірімізді ұғынысуға жәрдемдесетін жұмысты ешбір тоқтатуға болмайды. Ал бұл істе жазушылар үлесі аз емес.

Мен Азия мен Африка елдері жазушыларының Делидегі IV конференциясы біздің қозғалысымызды дамытудағы жарқын кезең болатынына кәміл сенемін.

...Афро-Азия жазушыларының форумы өтіп жатқан зал делегаттар мен қонақтарға лық толы. Мінбеге шешендер бірінен соң бірі шығып жатыр. Конференция жұмысы қызу.

1970 ж.

ӘЗІРЛЕН, АЛМАТЫ, ӘЗІРЛЕН!

Алдымыздағы айға толмас аз күндердің ішінде Қазақстан астанасы Алматы Азия-Африка әдебиет қозғалысының тарихына кіргелі отыр. Жүзге жақын елдерден келетін Азия-Африка жазушыларының V конференциясы Алматыда төртінші сентябрь күні шымылдығын ашады.

Аз ойланып қарасақ, мұның өзі Қазақстан халқына,

қазақ совет әдебиетіне, астанамыз Алматыға көрсетілген құрмет, Отанымызға абырой-атақ әперетін еліміздің даңқын дүниеге жаятын үлкен мәртебелі оқиға; әдебиетіміз бен мәдениетіміз үшін үлкен мейрам. «Әзірлен, Алматы!» дегенде осыны айтпақпыз.

Бұдан он бес жыл бұрын басталған ізгілікті мақсат — ұлы армандар қозғалысы өзбек халқының астанасы Ташкенде туын көтеріп еді. Одан екі жыл бұрын Индия астанасы Делиде Азия жазушыларының конференциясы өтіп, әдебиет қозғалысын Азия-Африкалық көлемге шығаруға ынтымақ болған.

Ташкеннен кейін Мысыр астанасы Каирда, Ливан астанасы Бейрутта, Индия астанасы Делиде байтақ екі құрылық жазушыларының төрт конференциясы өтті. Бесінші конференциямыз бізде, Алматыда өтеді.

Азия-Африка жазушылары қозғалысының тарихына «Ташкент рухы» деген терең мағыналы түсінік кірді. Оның аты Ташкенде қабылданған саяси-әлеуметтік, әдебиет пен ой өнерінің барлық саласына қояр идеялық және көркемдік талаптарымыз екшеле келе тұрақты бағытын тапты деген сөз.

Біз, Азия-Африка жазушылары, дүниелік көлемде тоқталмай келе жатқан отаршылдыққа, отаршылдықтың қилы-қилы құбылыс тапқан жаңа түрлеріне, шексіз, шеңберсіз қарулануға, соғыс қаупіне қарсы күресімізді үндес, іліктес бағытта үзбей жүргізіп отыруды азаматтық борышымыз деп қабылдадық.

Елдіктің неше алуан қажыр-қайратын, ел ерлігінің қандай алдырмас қамал екендігін дүние жүзіндегі отаршылықпен алысып жатқан елдерге өнеге етіп көрсеткен, аяқтап келгенде империализм дүниесінің ең күшті алыбын жеңіп шыққан вьетнам халқымен бірге екенімізді жарияладық.

Екінші, Азия-Африка жазушылар қоғамының баса көңіл аударып, бақылап отыратыны, әрине, әдебиет пен жалпы көркем өнердің өсіп-өркендеу жолдары, іздену бағыты, әр түрлі ағымдар.

Бұл мәселеде елеулі екі жағдайды естен шығармауымыз керек. Азия-Африка халықтарының басым көпшілігінің мәдениеті мен әдебиеті үшін жиырмасыншы ғасыр батыс елдерінің қайта өркендеуін еске түсіреді.

Батыс елдерінің қайтадан өркендеуі Рим империясын түбірімен құлатуға байланысты болса, біздің заманымызда отарланған елдердің қайтадан өркендеуі — импе-

риализмнің тынысы тарылып, әлсірей бастағанына байланысты. Тарихи теңемелер төрт аяғынан түгел ұқсастық таба алмайтыны белгілі. Бірақ заманы өтіп бара жатқан өктем күштердің әлсіреуі, езілген елдердің еңсесі көтеріліп, талай ғасыр бойына жиналған кек пен шер, қажыр, қайрат революциялық энергияға айналарына тарихи дәлелдер аз емес.

Сонымен, Азия-Африка халықтары үшін жиырмасыншы ғасыр — сөнген оттар қайта тұтанып, елдік ойлар еркіндік алып, әр ел өзінің кім екенін рухани күштері арқылы таныта бастаған дәуір. Қазір бұл елдерде жүздеген, мыңдаған ақын-жазушылар, көркем өнер қайраткерлері туып қалды. Бұлар, көбінесе, ұлт-азаттық күресінің майданында пісіп-қатқан халықтық қайраткерлер.

Қай елдің болса да отаршылдық тұсында аяқталмай қалған әндері бар, ертегімен шектес ерліктері бар. Ұзақ өмірінде сағынып еске алар кезеңдері бар. Өз қолымен жасаған мәдениеті, елдік дәстүрі бар. Қобыландысы, Манасы бар, Қыз Жібегі, Ләйләсі бар. Капитализмнің темір өкшесі мұның бәрін де жаншып-тапап, қанға бояп, топырақпен бастырып, күлмен көміп кеткен.

Кешегісіз бүгін жоқ, бүгінсіз ертең жоқ. Азия-Африка жазушыларының шығармаларында Чака зұлыс пен Манас, Қобыланды мен Баян қайта тірілсе, оған таңдануға болмайды. Әр ел өзінің кім екенін кешегісімен де, бүгінгісімен де толық таныта алмақ. Ертеңгі бейнесі осылардан тумақ.

Азия-Африка жазушыларындағы екінші жағдай — қазір біз дүниелік әдебиет, мәдениет өркендеуінен жырылып шығып, өз бетімізбен оңаша да бейтарап өсе алмаймыз. Адам баласының бүгінге дейін қолы жеткен мәдениет биігіне жатсырай қарасақ, аттыға ерген жаяудың таңы жыртылады дегендей, ертең айдалада қалмақпыз.

Бірақ адам баласының қолы жеткен мәдениеті қазіргі заманда бір ғана сара жолмен кетіп бара жатқан жоқ. Дүниелік екінші соғыстан кейінгі ширек ғасырлық қысқа ғана дәуірде әдебиет пен мәдениет майданында ондаған ағымдар пайда болды. Ұлы реализм дүниеге келгелі төрт ғасыр өтсе де, сол дәуірдің ішінде мұндай көп ағымдар тумап еді.

Жаңа реализм, жаңадан жаңа реализм, суперреализм, гиперреализм, абстракционизм, авангардизм, дадаизм, тағы басқа толып жатқан ағымдар, сөз жоқ, идеялық және көркемдік бағытынды танып, таңдауды керек етеді.

Бұл ағымдарда екі түрлі мән бар: біріншіден, реализмнің ғасырлар бойында қалыптасқан, ұлы жазушылар мен ұлы суретшілер, ұлы композиторлар берген түрлерін ескірді деп танып, жаңа түр іздеу талабы. Іздену талабы, әрине, айып емес, ізгілікті еңбек. Бірақ бұл ізденулерден толып жатқан басқа мәндер табылып жүр, кейде адам баласының табиғатына жат, тіршілік тілегіне жат, көркемдік емес көзбояу, татымсызды таңсық етіп ұсыну талаптары бар. Ғасырлар сынынан сүрінбей өтіп келе жатқан реализмді түгел мансұқ ете алмай, не басына үкі тағып, не шындық сырын боямалап жаңа ағым деп ұғындыру талабы бар.

Айналып келгенде ұлы реализмді жіліктеп, бөлшектеп, өзіне ұнаған майлы жілігін бояп-сырлап жаңалық орнына ұсыну «өнері» туды. Басынан аяғына дейін не бір нүкте, не бір ноқат қойылмаған, бастауышы, баяндауышы жоқ, кімді-кім өлтіріп, кімді-кім сүйіп жатқанын айыруға болмайтын «романдар» туды. «Бұл, мәдениетті кәсіпке айналдырғысы келген арамзалардың әрекеттері.

Қапитал дүниесінде бұдан сорақы қылықтарға да таңдануға болмайды. Таңданбайсың, іштей күйінесің, ыза боласың. Жалғыз сен емес, үлкен мағынасындағы дүниелік мәдениет жұртшылығының зығырданы қайнап қарсылық білдіріп отырғанын көреміз.

Біз, совет шығысының жазушылары, Горький салып кеткен социалистік реализм бағытынан тайған да, таймақшы да емеспіз. Социалистік реализм әдебиет пен көркем өнердің қай саласында болса да адам баласы мәдениетінің өсіп-өркендер бірден-бір сара жолы екенін дәлелдеді. Азия-Африка халықтарының озық жазушылары бұған күмәнданбайды.

Алайда, Алматы конференциясына келетін үш жүзге жақын Азия-Африка жазушыларының ішінде әр түрлі көзқарас, жаңсақ ұғыныстар болуы әбден заңды. Ондай достарға толық түсінік береріміз де заңды.

Алматы конференциясы біз үшін аса қолайлы тарихи кезеңде өткелі отыр. Бұл — Совет Одағының бейбітшіл саясаты дүние жүзінің еңбекшілеріне әбден танылып болған кез. Дүние жүзінің құлақ тосары біздің дауыс. Совет Одағының үлкен даусы.

ҚПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас бейбітшілік жолындағы сапарларында дүние жүзінің тарихына кіретін іздер қалдырды. Америка Құрама Штаттарымен, Федерациялық Гер-

ман Республикасымен, Франциямен жасалған келісімдер соғыс қаупін талай белге шегіндіріп тастағаны даусыз. Бұл — дүние жүзінің тынысы кеңіп, үзіле бастаған өмірлік үміттердің қайта жанданар кезеңі. Ұлт-азаттық қозғалыстарының да рухтана түсер кезеңі. Меніңше, Азия-Африка жазушыларының Алматыда өтер V конференциясы Л. И. Брежнев жолдастың бұл еңбегін атамай өте алмайды. Азия-Африка жазушыларының ендігі күрес программасы осы бағытқа бет бұруға тиісті.

Бұл — Қазақстанның да шалқып өскен, кемеліне келген кезеңі: айтып жеткізе алмас, көрсетіп үлгере алмас кезеңі.

Азия-Африка жазушыларының кезекті конференциясы Алматыда өтетін болғаны Қазақстанға көрсетілген үлкен қошемет. Қазақстанның атақ-даңқын тарататын қошемет. Сонымен бірге үлкен жауапкершілік артатын қошемет. Ең алдымен жазушыларымыздың ұйымшылдығына, үлкен істі басқара алатындығына сын. Біз бұл жағынан қауіптенбейміз.

Келген қонақтар мәдениет, ғылым, оқу ордаларымен танысады. Бұл жағынан да қауіп жоқ.

Қонақтар Қарағанды, Шымкент, Жамбыл, Көкшетау, Целиноград, Талдықорған Ақтөбе облыстарын аралайды.

Басты кездесулерде, үлкен істерде ши шығар деп, бұл жағынан да қауіптенбейміз. Бірақ кейде бір болмашыдан сүрініп кететініміз бар, соны ескерте кеткім келеді. Оның көпшілігі қонақтардың мәдениетті күтімі, сервиз жағынан кездеседі.

Қалайда, әр облыс қонақтарды апаратын, көрсететін жерлерін жедел қолға ала бергендері дұрыс болар еді.

Қазақ мақалы «Қонақ аз отырады, көп сынайды» дейді. Біздің қонақтарымыздың ішінде де сынай қарайтыны болар, бірақ көпшілігі жете танысу үшін дос көзімен қадағалап қараулары даусыз.

Қонақ естігенінен гөрі көргеніне сенеді. Ауыз толтыра айта аларымыз аз емес, соны көз тұндыра көрсете алуымыз керек.

Мұның екеуі де Қазақстанның қай жерінде, қандай жағдайында болса да қолдан келер деп сенемін!

1973 ж.

БЕСІНШІ БӨЛІМ

ТАЛМАЙ ІЗДЕНІҢДЕР!

АЛДА — ҰЛЫ БОЛАШАҚ

Ұлы Октябрь революциясынан адам баласының жаңа тарихы басталатыны біздің оқушы, пионерлерімізге мәлім. Содан бергі 33 жылдың ішінде дүниелік өмірде орасан үлкен оқиғалар болып өтті. Бір кезде социализм туы біздің ұлы Отанның төбесінде ғана желбіресе, қазір Польша, Чехословакия, Болгария, Венгрия, Румыния сияқты шығыс Европаның көп елдері осы тудың астында. Дүние жүзіндегі екі миллиардтан астам адам баласының төрттен бірінен астам ұлы шығыс халықтары да социализмнің қызыл туын көтерді. Әзірше социализм туын көтере қоймаған елдердің қалың бұқарасының көксеп отырғаны да өмірдің осы жолы.

Ұлы Отан соғысына дейін социализм туын көтерген жер жиырма екі миллион шаршы километрге тең болса, қазір оған он миллион шаршы километрден астам жер қосылды. Ұлы Отан соғысына дейін социализм туын орнатқан ССР Одағының халықтары екі жүз миллион болса, қазір бұл жолға түскен халықтардың саны миллиардқа таяу. Ұлы Октябрьден бергі 33 жылдың ішінде социализм қай майданда болса да, орасан ұлы жеңістерге жетсе, капитализм дүниесі орасан ойсырап құлдырап барады. Іргесі шіріген ескі дүние құламақ, жаңа дүние — социализм жеңбек. Сондықтан біз жиырмасыншы ғасырды коммунизм ғасыры деп атаймыз.

Қазір біз сол коммунизм ғасырының елуінші жылына кіріп, ортасына жетіп отырмыз. Біздің жас өспірім, пионерлер, сөз жоқ, дүние жүзінде біржола жеңген коммунизм заманының қайраткерлері болады. Сондықтан олар ұлы болашақтың адамдары. Коммунизм заманының адамдары өзімшілдік, озбырлық, надандық, санасыздық

сияқты ескі қырсықтардан арылған, жоғары саналы, ерекше қасиетті, өнерлі, білімді адамдар болмақ.

Қапитал дүниесі болашақты ойлап қайғырмайды да, қайғырған да емес. Ол қай кезде болсын, адам баласының барлық жақсы арман-тілегіне түгел жау: бүгін де жау, ертең де жау. Өйткені адам баласын қанау мен қорлықта ұстау үшін, оған ең алдымен надандық, бейшаралық, санасыздық керек.

Ал, біз бүгінгіміз түгіл, болашағымызды да жете болжай өсетін социалистік ұлы қауымбыз. Сол ұлы болашақтың ұлы бір тілегі — жас түлектер тәрбиесі. Советтік социалистік құрылыс біздің балалар үшін ерекше жақсы жағдайлар жасады. Жас нәресте туған күннен бастап қоғамның қамқорлығында, яслиде, балалар бақшасында мектепте тәрбиеленіп өседі. Бізде оқу жасына жеткен баланың оқымай қалуына ешбір себеп жоқ. Барлық оқу-тәрбие жұмысын социалистік мемлекет өз мойнына алып отыр. Сондықтан осындай еркін жағдайда тәрбиеленетін совет балаларының өздеріне қойылатын біраз тілектерді айтқымыз келеді.

Ақыл-ой, сана-сезім шырмаусыз, оралғысыз өсетін заманның жас ұландары ең алдымен қорлы, мол білім алуға тырысулары керек. Олардың ең басты борышы — оқуды жақсы оқу.

Қазір бізде жұмысшылар мен колхозшылардың арасынан шыққан білімділер бар. Жаңа машиналар ойлап шығарған жұмысшылар, ауыл шаруашылығын ғылым жолымен жүргізетін колхозшылар көбейе бастады. Атақты тарышы Шығанақ Берсиев пен атақты күрішші Ыбырай Жақаев бір гектардан мың пұттан тары мен күріш алса, ол ғылымға сүйенгендік. Шығанақ қартты академик деп босқа айтпаймыз. Мұндай білімді колхозшылар жыл сайын көбейе бермек. Қазіргі күнде колхоз бригадаларының ішінде жоғары дәрежелі білімі барлары сирек кездескенімен, болашақта бұл күйде қала алмайды. Өйткені, біз ең алдымен қоғамдық еңбектің Отанымыз, қоғамдық еңбек ғылымға сүйенгенде ғана өнімді болмақ.

Машина, құрал-саймандарды жасап шығаратын өндіріс орындарын өнеркәсіп деп те атаймыз. Бір өзінде төрт мыңнан асатын тетігі бар машиналар бар. Әрине, мұны жасау үшін өнер-білім керек. Бір кезде жай самолет жасаудың өзі қанша көп білім керек етсе, қазір ұшқырлығы үшін үннің ұшқырлығына теңелетін само-

леттер жасалып жатыр. Біздің тілімізде «желдей есіп», «оқтай ағып» деген сөздер бар. «Желдей есіп» дегеніміз — ең жүйрігіміз ат болған кездегі ұшқырлық белгісі еді. Ол заман әлдеқашан артта қалды. Енді оқтай ағар заманға кірдік. Өнер-білімсіз оқтай аға алмайсың. Өнер-білімі бұдан анағұрлым жоғарылап кететін коммунизм дәуірінің қайраткерлері — бүгінгі оқушы-пионерлеріміз білімді болсын дегенде, алдарында тұрған білімді заманына сай болсын дейміз. Мұның аты оқу-білім сапарында артқа алақтамай, озып алға шыққанға қосыла білу керек деген сөз болады.

Оқу-білімнің мол бұлағына орыс тілі арқылы жетіледі. Орыс тілі — ғылым тілі, орыс тілі — Ленинның тілі. Бұл тілді игерген адам ғылымның барлық саласымен танысуға мүмкіншілік алады. Қазақ мектептерінде орыс тілі бірінші кластан бастап енгізілу себебі де осында жатыр. Сондықтан ана тілін жақсы білумен қатар, қазақ балалары орыс тілін де толық меңгеруі — олардың келешегіне кең жол ашады.

Мектеп оқушылары қоғам өмірімен жақсы таныса тәрбиеленуі керек. Қоғам өмірі жалғыз ғана мектептің я болмаса колхоздың ішінде ғана емес. Колхозыңнан кеңірек аудан бар, ауданнан әрі облыс өмірі, одан әрі республикаң, ұлы Отаның бар. Отан өмірімен оқушылар қауымын тиісті мөлшерде таныстырып отыратын кітап, газет, журналдар бар. Кітап, газет, журналдар пионердің ойын өсіреді, көзқарасын кеңейтеді, қоғамдық өмірлеріне нұсқау беріп, бастап отырады. Газет, журнал оқымаған балалар, әрине, ғылым, білімнің жаңалығынан хабарсыз, қоғам ісіне шорқақ, жолдастарының арасында қорғаншақ болмақ.

Газет-журнал балалар ойының ұшқыр, алғыр болуына көп жәрдем етеді. Мысалы, газет-журналдарда жұмбақтар, шарадалар, чайнвордтар, шахмат пен дойбы ойындарының әр түрлері басылып тұрады. Жұмбақ шешуі, теңеулер, салыстырулар арқылы табылмақ. Мысалы:

— Ізі бар адымы жоқ аяғының...— десе, ізі бар, бірақ адымдап аттамайтын немене екенін іздейсің. Жұмбақтың кейінгі сөздерін ойға сала отырып, шешуін табасын. Олардың ішінде тұп-тура оқуыңа жәрдем ететіндері де толып жатады. Мысалы:

— Бас буыным — етістік бұйрық рай,
Екіншісін жылқыда көрдің талай... Я болмаса:
— Тұңғыш буын зат есім екі-ақ әріп,

Екіншім — бұйрық рай алсаң тауып...— деген шарадалардың шешулері оқушы балалардың ана тілін білетін, білмейтіндіктеріне байланысып жатыр. Ана тілінің заңдарын қай оқушы жақсы білсе, қай оқушының ойөрісі кең болса, сол тезірек шешеді.

Біздің тұрмыс күн санап алға басуда, ғылым теңдей түсуде, сонымен бірге адамның сана-сезімі де теңдей беруде. Олай болса, бүгін қанағат көргеніміз бір кезде қораш болып қалмақ. Бүгін елеусіз көрген кемшіліктеріміз бір кезде үлкен өкінішке әкеліп соқпақ. Біздің оқушы жастар мұны қатты ескерулері керек.

Пионер жастардың кір жұқтырмай ұстайтын бір нәрсесі адалдық, тазалық, уәдешілдік болуға тиісті. Қазақ тілінде «таза» адам деген сөз үсті-басының тазалығымен бірге, ар-ұятының тазалығын да көрсетіп тұрады. Бұл халқымыздың ең жақсы дәстүрлерінің бірі. Коммунистік тәрбие жас буынның ар-ұяты таза болуын бұрынғы қарапайым ел білетін түсініктен де жоғары ұстайды. Газет-журналдардың бетінде совет балаларының талай-талай жанқияр еңбектерімен бірге, адалдықтарын да көрсететін әр түрлі хабарлар басылып тұрады. Өткен жазда Москва төңірегінде екі жас пионер ойнап жүріп, бір қалбыр сауыт тауып алыпты. Сауытты ашып қараса, ішінде он сомдықтан бір жүз алпыс алтын ақша бар екен. Екі пионер бұған алтын деп те, ақша деп те қызықпаған. Екеуі жүгіріп отырып милиция бөліміне әкеліп тапсырыпты. Әрине, бұл адалдықтың, тазалықтың белгісі. Бұл біздің совет пионерлеріне, совет балаларына ғана тән қасиет.

1948 жылы «Пионер» журналының оныншы санында жазушы Пантелеевтің «Уәде» деген әңгімесі басылды. Әңгімеде бір топ балалардың бау ішіне жиналып, өздерінше әскери ойын ойнағаны суреттелінеді.

Түн болып кеткен... Жас баланы «оқ-дәрі тұратын қойманы» күзетуге қалдырып, ересек балалар кетіп қалған. Мына баланы ұмытып кетсе керек, енді жұрт аяғы басылған түнде, бақшада жалғыз қалған жас бала қорқып жылап тұр. Бірақ қасына келген ересек адам:

— Жүр кеттік...— десе, бала көнбейді.

— Кете алмаймын, часовоймын...— дейді.

Аяғында бір майор кездесіп, баланы әрең үйіне қайтарады. Бала қанша қорқып тұрса да, күзеттен қозғалмаймын деп берген уәдесін бұзар емес. Ойын үстінде бер-

ген уәдесіне шын жауапкершілікпен, адалдықпен қараған. Бұ да біздің балалардың ерекше қасиеті.

Оқушылардың арасынан әр түрлі өнерге ұмтылатындары жалпы әдетке айналып келеді. Бұл өте жақсы әдет. «Дені саудың — жаны сау» деген сияқты, дене шынықтыру жұмысына жастан қатынасу керек. Бұл жөнінде біздегі молшылық, басқа ешбір елде жоқ. Дұрыс жолға қойылған дене шынықтыру ойындары оқу-білім алуға бөгет емес, қайта, бойды сергітіп, ойыңа жәрдем ететін нәрсе.

Көп пионерлердің әдебиетке құмарлығы байқалады. Жүздеген пионерлер өлең жазып, газет-журналдарға жіберіп жатады. Бірақ осы жөніндегі бір теріс мінезді ескерте кеткіміз келеді. Өлең жазған балалар не жазғандарын әдебиеттен сабақ беретін мұғалімдеріне көрсетіп, сынатып алулары керек. Оқушы жастардың ең сенімді ұстазы, сыр жасырмай ашық айтатын адамы — мұғалім. Өнер таңдау жолында да сенімді ақылшың — ұстазың болуға тиісті. Сен ақын боламын десең, мұғалім саған жәрдем етуден басқа бөгет жасамайды. Оның орнына кейбір жастар «басса басар, басылмаса қалар» деген оймен жазған өлеңдерін тура газет-журналдарға айдайды. Кейде сыпайылап қайтарған жауаптың ішіне үңілместен, өлеңнің бір-екі жолын ат-үсті түзей салып, қайта жөнелтеді. Әуелі қандай жауап алса, келер жолы тағы да сол жауабын алып, себебіне түсіне алмай, дал болады, кейде үлкен өкпелі болып қалады.

Көкшетау облысының орта дәрежелі мектебін бітіргелі жүрген. О деген оқушы өткен август айында маған он екі жол өлеңін жіберіп, газетке бастыруды өтінді. Мен өлеңді қарап шықтым да, мына бір төрт жолын қайта жазып жібер деген кеңес бердім. Ол төрт жол мынау:

— Қызыл әскер оралды женіспенен,
Қарсы алады колхоздар егіспенен.
Еңбектегі ата-ана қарсы алады —
Социалдық еңбектің жеміспенен.

Әрине, мен оған екі түрлі кеңес айттым:

1. Өлеңнің жалпы мазмұны, күзгі егін жинау науқанына арналған соң жауынгерді араластыру орнын тауып тұрған жоқ, оның үстіне жауынгердің қайдан оралғаны, қашанғы оралғаны екені де түсініксіз екен. Алғашқы жолды өзгерту керек дедім.

2. Өленнің жол аяқтары қанша ұйқасқан сияқты көрінгенмен, сөйлем құрылыстарың дұрыс емес, мысалы, «социалдық еңбектің жеміспенен» деген сөйлем болмайды дедім. Алғашқы үш жолды да осы мағынада тексеріп, кеңесімді айттым.

Жиырма күннен кейін, өлең қайта айналып келді. Ендігі түрі мынадай болыпты:

— Колхоз күзге жетіп тұр жеңіспенен,
Социалдық мол түсім егіспенен.
Еңбек еткен шаруа, колхозшылар —
Еңбеккүнге молықты тегісінен.

Әрине, алғашқысымен салыстырғанда өленнің беті бері қарағандық жоқ емес... Бірақ бұл әлі өлең емес. Сөйлем қателері әлі көп. Айтайын деген ой көлемі айқын болғанмен, соны көркем түрде айта алмаған. Өленнің әр жолына өзімше нұсқаулар айтып, тағы да қайтардым...

Екінші рет түзетілгені ай жарымдай кешігіп келді. Бұл төрт жолдың қазіргі түрі мынадай:

— Колхозым қысқа жетті жеңіспенен,
Биылғы түсімі мол егіспенен
Егілген күзгі егіс пен айдаған зябь —
Ой мен қыр қара мақпал тегістелген...

Жас талапкермен екеуміз әзірше осы халге жеттік. Қанағат күтіп ол жатыр да, әлі де қанағат ете алмай мен жүрмін. Сөз жоқ, бастапқы екі түрімен салыстырғанда, бұл төрт жол анағұрлым жақсы. Бірақ автормен арамызда жаңа бір мәселе туып қалды. Мына төрт жол өсе келе қысқа жетті де, өзге сегіз жол әлі күзгі егісті жинаудың төңірегінде тұрып қалды. Оның үстіне, түзеуге түсіп жүрген төрт жолдың түзеле түсетіні әлі бар, болашағы алда сияқты.

Төрт жолдың тарихын осынша созып кеткеніміздің себебі, жас талапкерге дұрыс жөн сілтейік деген тілектен туып отыр. Егер жас талапкер осы өленін әуелі мұғалімге көрсетсе, біз айтқан кеңесті мұғалім де берер еді.

Оқу-білімсіз өнер де жоқ, ақын болу үшін, я болмаса, басқа түрлі өнерпаз болу үшін ең алдымен білім керек.

Біздің жас өспірім жаңа заманның қайраткерлері — ұлы болашақтың адамдары. Білімсіздік, надандық сияқты нәрселер коммунизм заманына бірге еріп бара алмайды. Біздің жастардың ойлағандай мол білім алуына бөгет

болар ешбір себеп жоқ. Ол үшін әрбір совет оқушысы оқу-білім алуға, ақыл-ойын терендетуге саналы түрде қараулары керек. Алда — ұлы болашақ, Ленин ұрпақтары.

1950 ж.

ЖАҢА ДӘУІРГЕ — ЖАРАСЫМДЫ ӨНЕР

Көп ойларды толғандырып, бір түйінге тоғыстырған тамаша документ қолымызда отыр. Оқимыз, оқимыз да әрбір жолына қайтадан, тағы да бірнеше рет қайтара ой жүгіртеміз. Бүкіл озық ойлы адамзат ғасырлар бойы арман еткен асыл кезең үлкен арнамен, өзінің үйлесімді жүйелерімен, маркстік-лениндік ілім айқындаған бүкіл заңды жолымен көз алдымызға келеді, ілгерідегі жарқын болашақ көрінеді. Солар туралы көп ойланып, көп толғанасыз.

Біздің бұлай ойлауымыз да, толғануымыз да заңды процесс. Өйткені коммунистік жаңа қоғам орнатуға арналған ұлы істер, алып өзгерістер бүгін — біздің заманымыздан басталып отыр. Біздің замандастарымыздың еншісіне тиген құрметті үлес бұл. Сол себепті үлкен өміріміздің қай саласы туралы ойласақ та, оның бүгінгісі мен ертеңгісін әңгіме еткенде, ең алдымен, партиямыздың жаңа Программасына арқау болып тартылған ұлы мақсат — капитализмнен социализмге өту, елімізде коммунистік қоғам орнату ұраны — өз дәуіріміздің биік пафосы ойға өріс, кеңесімізге негіз болып табылады. Бүгінгі әдебиетіміз бен өнеріміздің өсу, өркендеу жолын, бай болашағын, коммунистік келешек үшін күрескерлік күшін, тәрбиелік мәнін өлшеуші өріміз де жаңа дәуірдің осы бір биік пафосы болуға тиіс деп ойлаймыз және солай болады да.

Адам баласы тарихындағы қай қоғамды алсақ та, әр қоғамның күрескер күшіне сай көркем әдебиеті мен өнері де оның ілгері дамуына ықпал жасап, шындықты барлық күрескерлік қасиетімен, жауынгерлік келешегімен көрсетіп отырғаны мәлім. Дүние жүзілік мәдениеттегі нелер бір асыл мұралардың тарихына бағдарлап ой жүгіртсек, олардың туу процесі ескіні өшіріп, жаңаны жеңіп алу күресіне байланысты болып отырады. Әріге бармай-ақ қоялық. Өзіміздің советтік әдебиет пен өнердің өзі қоғамға қызмет етудің бірден бір үлгісі бола алады. Біздің әдебиетіміз бен өнеріміздің өсу-өркендеу жолы, күресі, рево-

люциялық даму дәстүрі үлкен өмірімізбен үндес, үзеңгілес, мазмұндас бір арнада келеді. Әрқайсымыз меншікті кітапханамыздағы совет әдебиетінің туындыларынан өз дәуіріміздің үнін естіп, жаңа идеалдардың жарқын бейнелерін көре аламыз. Еліміздің өміріндегі елеулі кезеңдер өзінің келелі келешегімен, күрескерлік рухымен көз алдымызда тұрады. Мұның өзі келешегі коммунизм болып отырған ұлы Отанымыздың өрелі өміріне сай өскелең әдебиеті мен өнері бар деген сөзге кәміл айғақ.

Осы арада өмірі күйреп бара жатқан капиталистік қоғамды, сол қоғамның кейін кеткен мәдениетін еске алуға тура келеді. Жақында «Известия» газетінде дәуіріміздің ірі жазушыларының бірі Дж. Олдридждың «Батыс мәдениеті туралы ойлар» деген мақаласы жарияланды. Осы мақалада жазушы өзі өмір сүріп, еңбек етіп отырған қоғам туралы «Біздің дүниемізде жас болу қиын, сену одан да қиын» деп жазды. Олдридж әлеуметтік үлкен ойдың жазушысы. Дүниелік әдебиет қозғалысында өз орны бар, ешбір әдеби бағытты таразыға тартпай қабылдай алмайтын адам. Елінің бүгінгісі мен болашағы үшін қатты қынжылатын жазушының «жас болу да қиын, үміттену, сену одан да қиын» дегені үлкен шындық. Бұл — мұң үні, қайғы лебі.

Сол «Известия» газетінде басылған «Батыс мәдениеті туралы ойлар» деген мақаласында Олдридж тағы да былай дейді: «Біздің мәдениет дағдарысқа ұшырағанда, ылғи төмендей берген дәрежеде ұшырайды. Рухани жақтан алып қарағанда, біздің мәдениетіміздің іруге бет алғанын батыл түрде-ақ айтуға болады».

Капитализм дүниесінің мәдениеті қалай құлап бара жатқанын бұдан асырып айту қандай қиын болса, Олдриджден сенімді куә табу одан да қиын.

Дегенмен, Олдриджға бір-екі мысал қосу артық та болмас. Париж суретшісі Ив Клейн абстракциялық бағыттың «жұртты таңдандырар» жолын мына түрде тапқан: натурщица әйелді тыр жалаңаш шешіндіріп, алдыңғы жағын кеудесінен тізесіне дейін бояған да, сурет салатын кенептің үстіне етпетінен жатқызып, екі аяғынан ұстап алып сүйреп өткен. Әрине, денедегі бояу баттасып кенепке жұққан. Жасалған «сурет» сол ғана.

Лос-Анжелостың суретшісі Уильям Моррис сурет жасауда қол өнерінің дәуірі бітті деп, суретті екі аяғымен жасайтын болған. Екі қолымен құйрығын жерге тіреп алып, алдына керілген кенепке аяғымен тепкілеп салған

суреттің қандай қойбатпақ болып шыққанын көз алдыңа әкелу қиын емес.

Міне, капитал дүниесінде рухани мәдениеттің *бар саласының ендігі бет алысы* осыған ренделес: кино, әдебиет, сурет, музыка, тағы басқаларындағы сюрреализм, абстракционизм, «үмітсіздер буыны» деп, әдейі «жұрт таңданатын» етіп алған бағыттар батыс мәдениетінің Олдридж айтқан іріп-шіреуіне әкелді. Сондықтан да «Правда» газеті август айының 27 күні шыққан санында «тарих кесімі айтылған ескі дүние мәдениет тағдырын шешу құдіретінен әлдеқашан айрылды. Бұдан былай мәдениеттің болашағы *коммунизммен тығыз байланысты»* деп жазды.

Бұл зор сеніммен айтылған әділ сөз. Жаңа дәуірдің өсу, өркендеу кезеңі барлық заңдылығымен тарихи документте байыпты дәлелденген. Сонымен бірге жаңа дәуір мәдениетінің өмірмен бірге өсу, өркендеу жолы шынайы шындықпен айқын айтылған. Жаңа Программадағы мына бір жолдарға көңіл аударалық. «Әдебиет пен өнерді өркендетудегі басты бағыт,— делінген онда,— халықтың өмірімен байланысты нығайту, социалистік шындықтың байлығы мен алуан түрлілігін шыншылдықпен, асқан көркемдікпен бейнелеу, жаңа, шын мәнісіндегі коммунистік құбылысты зор шабытпен айқын етіп көрсету және қоғамның алға басуына бөгет атаулыны әшкерелеп отыру». Осы бір аз сөзді, терең мазмұнды жолдарда халқымыздың рухани байлығын жасау, эстетикалық сезімін тәрбиелеу мақсатына бағышталған әкелік қамқорлық бар, әдебиет пен өнер қызметкерлерін коммунистік қоғам құрылысына белсенділікпен қатысуға шақырған жалынды ұран естіледі.

Бұл әдебиет пен өнерімізге берілген ұлы сенім, жоғары талаптар.

Ең ұлы сенім, әрине, дүние жүзілік көлемде коммунизмнің жеңуіне сену. Капитализм дүниесі айбынынан айрылмай тұрған кездің өзінде-ақ, біз жеңеміз десек,— бұл егес, ерегестің қызу сөзі емес, айнымас та бұлжымас Маркс — Ленин ілімінің байламы. Бұнан үш жыл бұрын Коммунистік партия енді барлық адам баласының тағдыры социалистік өркендеу жолына түскен елдердің қолына көшкенін атап ескерткен. Бүгін бүкіл дүние сол ұлы сенімнің айғағы болып отыр. Ескі дүние кегінің отжалыны күнде бір белгі беріп отырса да, аранымен, атомымен күнде айбар шексе де, біздің сенім қылт еткен емес, нығая түседі.

Қазір бүкіл дүние Совет елі деген басқаша бір ел екенін еріксіз мойындап отырған шағы: елдер достығы, адам өсуі, ғылым-білім, мәдениет өсуі ескі шеңберлердің бірде-біріне сыймайтынын әбден таныды. Адамгершілік — әділет асқарлары, еңбек ерлері, ой-сана, идея биіктері біздің елде. Жеке өмірден ескі қалдықтардың іздері түгел арылып болмаса да, бұдан қырық-ақ жыл бұрын артта қалған елдердің бірі бүгін адам баласының тарихын бастап, еркіндік, достық дүниесіне әкеле жатыр. Біздің партия совет адамының осы сара жолда сыр бермесіне сенеді. Партиямыздың жаңа Программасы жобасында мәдениет мәселелерінің қай дәрежеде көтеріңкі қойылғандығына біз көп ұлтты Совет елінің, совет адамының осы биігінен қарауымыз керек: бәрі адам үшін бәрі де адамның ұлылығына сенуден туған ойлар.

«Дүниелік мәдениеттің қандай жақсы қасиеті болса бойына жинап, соны өркендете беретін *коммунизм мәдениеті — адам баласының мәдени өркендеу жолындағы жаңа да жоғары сатысы*»— делінген Программа жобасында. Мәдениет қайраткерлерінің жете зер салар үлкен түйіні де осы. «Адам баласы мәдениетінің жоғары сатысы!» деген сөздер жазушыға, өнер қайраткерлеріне қандай жауапкершілік артатынын тереңдей ойлануға тиістіміз. Өзіңді бүкіл дүниелік мәдениет көшінің алдында сезіну үшін, сезіну ғана емес, сол көштің алдында болу үшін партиямыздың жаңа Программасында қойылған талаптарға толық жауап беріп отыруға міндеттіміз. Ол капиталистік елдердің әдебиетінен, өнерінен идеялық жағынан да, шеберлік жағынан да үнемі озық отыру міндеті.

КПСС Орталық Комитетінің совет жазушыларының III съезіне жолдаған құттықтауында: *«Коммунизм әдебиеті тек қана идеялық мазмұнның байлығы жағынан емес, көркемдік сипаты жағынан да ұлы әдебиет болуға тиісті. Үлкен идеялар жоғары дәрежедегі шеберлікті талап етеді»*— делінген. Партиямыздың осы талабы суретшілер, композиторлар, кино, театр қайраткерлерінің алдарына да қойылумен келеді. Бұл — бәріміздің алдымызға қойылған ұлы талап.

Алдымызда адам баласына түгел ортақ, тапсыз қоғамның ұлы мәдениетін жасау, бұл уақытқа дейін жасағанымызды өркендете өсіре беру міндеттері тұр. Жаңа дүние жасап жатқан совет адамының ойлау-сезіну сияқты ішкі дүниесін, рухани байлығын, ерлігі мен адалды-

ғын, адамгершілік жақтарынан озаттығын, кітап оқушы, сахнадан, экраннан көруші қызыққандай, үлгі еткендей биікке көтере алу бізден үлкен шеберлікті талап етеді. Коммунистік қоғам адамды бір қалыптан шыққандай бір жақты емес, жан-жақты етіп, озат азамат етіп тәрбиелемек. Адам үшін одақтық стандарт та жоқ, коммунистік стандарт та болмақ емес. Идея мен көркемдік гармониясының қиындығы да осында. Ойланарымыз да осы.

Сөз жоқ, көп ұлтты совет әдебиеті де, өнері де балаң дәуірін аяқтап, енді есейген дәуірінде. Бұл — ең алдымен бұрын кенжелеп қалған елдерімізге, оның ішінде қазақ халқының мәдениетіне арналып айтылып отырған сөздер. Соңғы үш-төрт жылдың ішінде қазақтың ақын-жазушылары ондаған поэма, роман, пьесалар берді. Бір жақсылық жағы — бұл шығармалардың басым көпшілігі өз заманымыздың ерлеріне, озық адамдарына арналған. Партиямыздың қамқоршылығын түсіне білген қазақ жазушылары адал оймен, шын ынтасымен сол ұлы қамқорлыққа жауап беру үстінде. Бұған күдік болмауға тиісті. Бірақ сол жазылғандардың бәрі коммунизмнің алтын қорына қосылады десек, өзімізді өзіміз алдаусыратқандық болар еді. Поэмадан гөрі ұйқастыра берген очеркке бейімірек, таланттан туар көркем шығармадан гөрі көркем шығарманың белгілі заңдарының шеңберіне еріксіз сыналап қойған өнсіз-сүреңсіз кітаптар әлі көбірек. «Айқын-ақ шындықтар ойыңа оңай ұялай бермейді»,— дейді кеменгер Горький. Сол айтқандай, идея мен көркемдіктің тұтастығы көптен бері-ақ ұғынған нәрсеміз сияқты еді, бірақ іс жүзінде осы екеуінің басын қосу қолдан келе бермей жүр.

Біздің театрларымыз, киностудиямыз, облыстық және халық театрларымыз қатты қынжылатын жағдайда. Бәрі де жазушылардан ұтымды шығармалар күтеді. Мұны заңсыз деп кім айтар! Шынына келсек, соңғы жылдарда драмалық шығармаларымыз жеңіл тақырыптардың маңында шырғаланып жүр. Қазақ драматургиясының аяқтанар дәуірінде біз Гогольге, Горькийге, Чеховқа, Треневке, Шекспирге, Мольерге, Шиллерге арқа сүйей отырушы едік. Алдымызға қояр биігіміз, жетсек деп қол созарымыз осындай шеберлер еді. Қазақ драма өнерінің сонау балаң дәуірінде күрт көтеріліп кеткені де бір жағынан осындай жоғары талаптың нәтижесі еді. Соңғы кезде неден басталып, қалай етек алып кеткені белгісіз, «көпшілік қолды»— деген сияқты шығармалар

көбейіп, алғашқы арман еткен биігімізге сырт бергендейміз. Әрине, шын драматургияны шын таланттар жасайды. Бірақ әрбір талаптанушының алдына заманымызға лайық, адамына лайық биік өре, көп еңбек арқылы қолы жететін мамандық емес, шеберлік талаптарын қаталырақ қою керек сияқты. Бұл — бір.

Екінші, біз әлі күнге драматургияның ескі заңдарының құлы болып, соның шеңберінен шыға алмай келеміз. Шолоховтың «Адам тағдыры», Чухрайдың «Солдат туралы балладасы», жапон кинорежиссері Кането Синдоның «Жалаңаш аралы» нені көрсетеді? Драматургияның ескірген заңдарына құл болмау керектігін көрсетеді. Өз заманында Пушкин, одан бері Горький мен Маяковский де осының айқын айғағы емес пе? Одан әрі Шекспир ше?

Кейде ұяла білер де уақыт жетті-ау деген ойдан құтыла алмайсың. Біздің киностудиямызда жиырма екі автормен жасасқан шарт бар екен. Соның басым көпшілігін сценарий бөлімінің бұрынғы бастығы Сиранов «пісіп қалған екен», «жақсы екен», «шұбалануға орын жоқ» деген сияқты, көрмей-білмей мақтаумен өткізген. Сол жиырма екі шарт бойынша түспек сценарий түгелге жақын пісе алмай, студияға түсе алмай отыр. Баспа орындарымен, театрмен, киномен шарт жасасып, ақша алуға оңайақ барып қалған авторларымыз ұялар кездің келерін де ойламаған, не оған мән бермеген. Ойланар болсақ, осымыз ел алдындағы, партия алдындағы жауапкершілігімізге мән бермеу емес пе? Коммунистік сана-салтымыз мұндай мінезбен де келісімге келмеу керек. Жазушының қаламынан туған еңбегі қандай таза, қандай игілікті ойларға құрылса, өз өмірі де сондай таза болуы керек. Мен жазушылардың ойланарына да, ұяларына да қатты сенемін. Тек оның нәтижесі сахна толарлық, экраннан қызыға қарарлық шығармалар болуын тілеймін.

Әдебиетіміздің де, кең мағынасындағы өнеріміздің де алдағы талаптарға сай терең мазмұн тауып, шеберліктің жоғары сатыларына көтерілуі үшін біз сын мен өзара сынды ширағырақ қолға алуымыз керек. Айыптының бірі өзіміз, сын бізде партия талап еткен дәрежеден көп төмен жатыр. Сын аяғы жіктесе кетуге, қарсы шаралар қолдануға соғып, жерлестік, әуендестік ыңғайларды туғызып келеді. Қазақстан жазушыларының IV съезі «Сынды бірінші жолдастық сөзге айналдырайық!» деген ұранды көтерсе де, іс жүзінде кейде жолдастықты көңілдестік басып кетеді. Кейде шығарманы баспа орнына,

театрларға, киноға өткізуге келгенде, көңілдестер көптесіп көтермелеп жіберу әдеті әлі қалған жоқ. Сын аяғы кейде арызға да, жеке бастың жәбіріне де соғып қояды. Бұл ескілік сарқыншағы өнер майданының қай саласынан да арылып болған жоқ.

Сөз арасында айта кететін тағы бір ескілік — жеке адамдардың жеке адамдарға қамқоршылығы жайында. Мәлім жай, өнер майданына, өнер қайраткерлеріне партиямыз бен үкіметіміздің қамқоршылығы әр кезде жеткілікті болып келді. Партиямыздың жаңа Программасының жобасы ол қамқоршылықты тереңдете түскен. Жағдай тап осылай бола тұрса да, кейбір жолдастар, кейбір қалам қайраткерлеріне, сахна қайраткерлеріне жеке қамқорлық жасап қояды. Мұндай қамқорлықтар көбінесе үш түрлі жайсыздықта кездесіп отырады: біріншіден, ол қамқорлық материалдық жағынан үкіметтің есебінен жасалады, екіншіден, ол қамқорлық сын, өзара сынға тыйым салуға арналған; үшіншіден, ондай қамқорлықтың түп ізі жерлестікке, көңілдестікке шырмалып жатады, Ендігі жерде мұндай қамқорлықтан кім де болса аяғын тартар дейміз.

Алдымыз — адам баласына түгел ортақ коммунизм мәдениеті, абзал мәдениет, жер жүзіне мектеп үлгісін беріп отыратын мәдениет. Біз сол мәдениеттің қайраткерлері ғана емес, жауапкеріміз де. Үлгі айту үшін, өнегелер беру үшін идеология майданының қайраткерлері ұлы жауапкердің биігіне көтерілуге тиісті. Атақты жазушылар, атақты өнер қайраткерлері әр кезде өз заманының асқар биігінде тұрмақ. Ол үшін «менікі» мен «біздікінің» қайсысы алда, қайсысы соңда тұруға лайықтылығын еш уақытта ұмытпауымыз керек. «Менікі» дейтініміз елдікі дегенге бағынатын болсын. «Сенікі» мен «менікінің» ең қымбат бағаналар кезі елдікі болуға жарағанда ғана.

Партиямыздың жаңа Программасының жобасына берер жауап өнімді еңбегіміз болмақ. Осы жөнінде жазушылар, композиторлар, суретшілер, кино, театр қайраткерлері болып бірігіп ойласатын, бірлесіп көтеретін бір мәселеміз бар. Ол — ортақ істерімізді одақтаса отырып орындау жайы. Біз әрқайсымыз өз алдымызға бөлек ұйым болғанмен, көп жағдайларда бірімізге-біріміз қатты байланыстымыз. Либретто, пьеса, сценарий — жазушылар еңбегінің жемісі болса, ол еңбектің сахнаға шығуы, халқына жетуі композиторға, режиссерге, актер-

ге байланысты екені мәлім. Қазақстан сияқты тасып-төгіліп жатқан кадрлары мәлім елде, әрқайсымыз әр қырқаның төбесіне ие болып отыра берудің жөні жоқ. Бірге істелер істің үстінде қолдаса отыру керек.

Мен СССР жазушыларының үшінші съезінің қорытындыларына арналып, «Простор» журналында 1958 жылы басылған «Необходимо творческое содружество» деген мақаламда Қазақстан творчестволық ұйымдарын бірлесе де қолдаса қимылдауға шақырып едім. Бірақ басқа творчестволық ұйымдар онымен үн қоспастан қалды. Дегенмен, театрларымыздың, киноның қоюлап бара жатқан заңды талаптарын еске алсақ, сол ойымызға қайта ораламыз ғой деймін. Өйткені алдымыз — ылғи өр, ұлы сенімдермен бірге, жоғары талаптар.

Алдымыз — адам баласына түгел ортақ ұлы мәдениет, коммунизм қоғамының мәдениеті. Алдымыз — идеялық мазмұны жағынан да, көркемдігі жағынан да дүние жүзіне мектеп болатын ұлы әдебиет, ұлы өнер. Алдымыз — ұлы талаптарға, ұлы сенімге көңіл толтыра жауап беретін совет адамдары. Алдымыз — барлық адам баласының тамаша болашағы.

Коммунизм мәдениетінің қайраткерлері! Келіңіздер, алдағы міндеттерге тізе қосып, қол ұстасып, атағымызға лайық жарқын жүз, берік сеніммен аттанайық!

1961 ж.

ТЫҢ — ТҮБІРЛІ ТАҚЫРЫП

Қазақстан еңбекшілері қазір Отан қоймасына миллиард пұт астық құюдың күресінде. Республикамыздың Оңтүстік аудандары еңбек жарысына қанаттаса-қатарласа аттанып еді, қазір бірін-бірі өкшелей келіп, берген уәделерін абыроймен орындап жатқанын баспасөз бетінен күнде көреміз.

Бес облыс қарайтын тың өлкесі, үш облыс қарайтын Батыс Қазақстан өлкесі қазір түгел егін орағына кірісті. Қазақстанның қай жерінде болса да сондай. Республика Батысының дабылы Шығысына жетіп жатса Солтүстігінің дабылы Оңтүстігіне жетіп жатыр. Миллиондарсыз облыс жоқ, миллиондарсыз миллиард жоқ.

Қазір Қазақстан жерінде — жүз мыңдаған мотор жыры. Аспан жұлдыздарына Қазақстанның миллиондаған жер жұлдыздары жарығын қосады. Қазір біз түн бары-

мен есептеспейтін күндеміз. Он мыңдап өретін жатка, комбайн керуені, қатардан тізсек, кіші-гірім бір мемлекеттің жерін түгел жауып кететін механизм отарлары. Астық оруға кіріскен орақтарды біріне-бірін жалғап жіберсек, үлкен бір мемлекеттің жерін түгел орап алуға жетер еді. Осынша күш күні кеше көшпелі, мешеу ел атанған, бүгінгі сәулетті Қазақстанда! Тың жерді меңгермеген бізде бір облыс жоқ. Өйткені тың деген бізде жалғыз ғана астық қорын молайту емес, одан гөрі әрірек те тереңірек жататын социалистік ұлы құрылыстың іргелі мәселелерінің бірі.

— Миллиондаған жеке шаруаны коллективтендіру қандай сын болса, қандай тарихи кезең болса, тың да солай;

— Артта қалған ауыл шаруашылықты елді аз жылдардың ішінде ірі өндірісті елге айналдыру қандай сын болса, қандай тарихи кезең болса, тың да сондай;

— Социализм елінде халықтар достығының ірге тасын берік қалау қандай сын болса, тыңға бұ да кіреді.

Арманы бір, тілегі бір көп ұлтты еліміздің қандай ұлы істерге әзірлігін сынар кезең болса, бұ да соның бірі.

Қысқасы, Тың жерді тез меңгеріп алуға осындай іргелі мәселелердің көбі кіреді.

Сондықтан да социализм елінің қанқұйлы жаулары, жер жүзілік кертартпа күштер біздің Тыңнан қадаған көздерін алған емес! Біздің Тың олардың әр кезде көз аудармас қарауылында болып келді. Күн қақты, аңызақ соқты, арам шөп басты жылдар кездескенде, олар сол аңызақпен бірге соқты. Арам өсекті арам шөптерден де асыра таратты. Бізде де миыңды қайнатар күн барын, ындыныңды кептірер аңызақ барын біле тұра, дәніккен ауыз өтірік, өсектен бас тартқан жоқ.

Бірақ ғасырлар бойында бұйығып қалған тың күштердің бұғауы алынса, тауды талқандайтынын біздің ұлы революция танытқаны сияқты, ғасырлар бойы тың жатқан жеріміз де өзінің құнарлы қор екенін танытты.

Қазақстан тыңына бірінші боразда түсе бергенде-ақ біздің ұран — миллиард болатын. Кейде табиғат райынан, кейде өзіміздің олақтығымыздан миллиард пұт астық ала алмаған жылдарымыз жоқ емес. Бірақ Тың да орнында, ұранымыз да орнында; кепиеттік те жоқ, желбуаздық та жоқ, сенімге түскен ақау да жоқ! Биыл миллиард пұт астық, кәдуілгі алтын дән, Отан қоймасына құйылады!

Социализмнің жаулары да, ошақ басы тоғышарлар да атамзаманғы болымсыз болжалдарынан арыла алмай жүр: бірі біле тұра айрылғысы келмейді, бірі білмей құмалақ ашады.

Қазір тың жерге кірген бес алып бар: ол — үлкен химия, ол — бай техника, ол — ғылыми агротехника, ол — гибрид, ол арам шөптің жендеті — гербицид. Жер тыңая бермек, егін шаруашылығы жылдан-жылға ғылымға сүйене бермек, әрбір дән егілген жерінің жағдайына көңіге бермек, арам шөптер ара-күде құрымақ.

Тың жерлерді игеру — ауыл шаруашылық техникасын жаппай меңгеруді туғызды. Тыңға қол салған алғашқы жылдарда бізде ауыл шаруашылық техникасын меңгерген кадрлардың жетіспегені мәлім. Ағайындас, достас орыс, украин, белорус, т. б. бауырлас елдерден мыңдаған механизаторлар келген. Қазір бұл жағдай жылдан-жылға өзгеріп, техника тізгінін Қазақстан өз қолына алып келеді. Тың біздің өзіміз меңгерген ұлы ісімізге айналды.

Осыған байланысты бұрын да бір айтылған сөзімді қайталағым келеді. Менің туған жерім — Преснов ауданы, «Жаңа жол» бригадасына тың жерге қол салғанша бірлі-жарым ғана тракторист болатын. Ол алпыстан астам мұғалім, журналист, жазушы шығарған, жүзден астам үйі бар жер. Сол «Жаңа жол» соңғы бес жылдың ішінде, ауыл шаруашылық техникасын меңгерген отыздан аса жас маман берді. «Белорусь» тракторына мінген жастар, бұрынғы заманда бәйге атына мінген жастан да тәкаппар. Ұлы істі меңгерісіп жүргеніне тәкаппар. Бұл да тыңның бір игілікті жемісі емес пе?! Қай колхозда, қай совхозда тыңды меңгеруге қосқан осындай үлес жоқ дей аламыз?

Жазушы еңбегіне жата бермейтін кейбір мәселелерге тоқтап жатқаным, сөз аяғында Қазақстан жазушыларының тың тақырыптарын жазуға, бүкіл елімізбен бірге биыл Ұлы Отанымыздың қоймасына бір миллиард пұт астық құйысуға қалай ат салысып жатқанын айтқым келеді. Газет-журналдармен, жазушылар қаламынан туған еңбектермен жақын таныстығы бар адамдарға — Қазақстан жазушыларының тыңды меңгеру күресінің ұраншысы болғаны мәлім. Сәбит Мұқанов, Иван Шухов, Ғабиден Мұстафин, Николай Анов, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Асқар Тоқмағанбетов, Ғали Орманов т. б. елімізге аты-жөні таныс ақын-жазушылардың бірдебірі тыңды меңгеру үшін, миллиард пұт астық беру үшін,

партиямыздың ұрандарына үн қоспай қалған жоқ. Орта буын, жас буын деп аталатын ақын-жазушыларымыз да солай. Атай берсек, жазушы аттары да көп, еңбек аттары да көп. Кесек туынды кешеуілдеп жатқанымен, әрбір ақын, жазушымыз тыңға қосқан өз үлесін атай алады.

Тындағы оныншы орақ дабылына біздің жазушыларымыз да жедел үн қосуда. «Қазақ әдебиеті» бетінде Сәбит Мұқанов «Шексіз шалқар», Мұқамеджан Қаратаев «Әр жүректе бір лүпіл». «Сәтбаев атындағы совхозда», Зейін Шашкин «Мақтанам туған жеріме», Зейнолла Қабдолов «Тербеліп теңіз жатқандай» атты очерктерін жариялады.

Биылғы миллиард күресіне Қазақстан жазушылар ұйымы үш бригада жіберді: Тың өлкесіне, Оңтүстік өлкесіне және Батыс Қазақстан өлкесіне.

Тың өлкесін жақын арада ғана Сәбит Мұқанов аралап қайтып еді. Қазір ол өлкеге Зейін Шашкин, Дмитрий Снегин, Зейнолла Қабдолов, Рахметолла Райымқұлов, Иван Щеголихин, Василий Қопытин жолдастар, ал Батыс Қазақстанға Қалижан Бекхожин, Берқайыр Аманшин, Өтебай Қанахин, Оңтүстік Қазақстанға Нәмет Сүлейменов, Сәуірбек Бақбергенов жолдастар кетті.

Бұл жолдастардың творчестволық есептері, миллиардқа арнап жазған еңбектері «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде, «Жұлдыз», «Простор» журналдарының арнаулы сандарында басылмақ.

Ондай есепті еліміз қандай күтсе, баспасөз орындарымыз да сондай асыға күтіп отыр.

Миллиард пұт астық Қазақстанның алдына қойып отырған шегі емес, асып түсер бір белі ғана! Ауыл шаруашылығына жылдан-жыл молыға кіре беретін ғылым-техника, еліміздің бұлжымас сенімі — бұған берік кепіл бола алады.

Тың тақырыбы жазушылар үшін де науқан емес, түбірлі тақырыптардың бірі. Ұлы Октябрь революциясының елу жылға толар тойына әзірленгенде бұл тақырыптың орны ерекше екенін ақын-жазушыларымыздың қай-қайсысына болса да түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Жазушы тақырыбы қашан да биік белестер, сынды айқастар. Соның бірі — біздің Тың тақырыбы.

Ұзамай Қазақстанда ұлы орыс халқының әдебиеті мен көркемөнерінің онкүндігі өтеді. Қадірлі қонақтарымыз Тың өлкесін де аралайды. Оңтүстік пен Шығыстың

ауыр өндірістерін де көреді. Қарағанды, Балқаш алыптарына да барады.

Сол шаттық кездесуде, сол үлкен мейрамда, әсіресе, Тың өлкесінің кеудесі жоғары, жүзі жарқын болуын тілер едім.

Оның аты — миллиард!

1964 ж.

ДОС ЖҮРЕКТЕН МЫҢ ДА БІР СӘЛЕМ!

Адам баласының тарихи өркендеу жолында озық елдердің мәдени әсері кенжелеп қалған елдерге тиіп отыратыны қашаннан мәлім, даусыз шындық. Осы күні еске де алынбайтын алғашқы «Әліппе», алғашқы календарь, алғашқы «Заң нобайы» сияқты нәрселер осы арнаға жатады. Адам баласы бірінен-бірі алысып та келген, біріне-бірі ауысып та келген.

Сонымен бірге, талай озық елдердің екінші бір елдерге тигізген «мәдени әсерін» тексере бастасаң, толып жатқан қиянкескі дауға кездесесің: әсіресе, кешегі, бүгінгі, ертеңгі деп те аталатын белес-белес дәуірлерді шолып қарасаң, сол ұзақ жолда ылғи достық, жанашырлық, туысқандық, алғыс айтар ақпейілдік таба бермейсің. Менің ше, осы тізбектелген ізгілік жолынан аумай келе жатқан жалғыз-ақ мәдениет бар: ол — орыс халқының реалистік мәдениеті, әсіресе бас жақ белесінде Грибоедов, аяқ жақ асқарында Горький туған XIX ғасырдың реалистік әдебиеті. Біздің алпыстан асып түсіп жатқан ұлттар әдебиетінің ішінде орыс халқының ұлы әдебиетінен үлгі алмаған, үйренбеген бірде-бір әдебиет жоқ.

Орыс әдебиетінен тыс Ахундов, Айни, Абай да мүмкін емес, Шевченко, Чавчавадзе, Тоқай да мүмкін емес. Бұл, бір жағынан, тұрмыс тынысы біріккен елдік белгі болса, екінші жағынан, озық мәдениет әсерінің жемісі. Қиыр шеттегі көшпелі елде Абай, Ыбырай, Шоқан сияқты ұлы ақын, атақты демократтарымыз бар десек, ол ең алдымен, орыс демократиялық ойының ұшқындары. Абай Шортанбайдың жалғасы емес, Құнанбайдың да жалғасы емес.

Орыс мәдениетіне біз көп жақтан қарыздармыз. Бірінші ашылған мектеп, бірінші басылып шыққан кітап, бірінші борозда, бірінші завод трубасы, бірінші мұғалім,

бірінші дәрігер — бәрі де бізге орыс мәдениеті арқылы келді. Сондықтан да совет шығысындағы халықтарға сонша сарқылмас рухани қор берген орыс халқына алғыс айтарда салмағына сәні сай сөз таба алмай қысыласың.

Біз Азия, Африка, Оңтүстік Америка халықтары үшін Португалияның, Испанияның, Англияның, Францияның, Голландияның, Германияның, Солтүстік Американың қандай «мәдени» әсері тигенін жақсы білеміз. Ол әсердің қара таңбасы отарланған, құлданылған елдердің жерлерінің бетінен әлі өшкен жоқ. Қандай ұлы ойлар туғызған, қандай жоғары мәдениеті болған халықтар тарихы трагедияға ұшыраған! Қандай ұлы мәдениеттердің оты сөнген, қандай еңбек елдері азғындап кеткен. Азия мен Африканың талай халқы ғасырлар бойы «ақ табан-шұбырынды» халіне түсіп қалған. 1441 жылы басталған құлдық саудасы, құлдық тіршілігі кей елде әлі созылып келеді.

Қырғыздың ұлы эпосы «Манасты», қалмақтың өлмес эпосы «Жәңгірді», қазақтың ұлан-байтақ батырлық жырларын сақтап қалып бүгінгі күнге, бүгінгі ұрпаққа жеткізуде орыс халқының озық адамдарының еңбектері зор болғаны даусыз. Мұның бірде-бірі орыс патшалығының я болмаса патшалық құлдарының еңбегі емес, екінші Россия деп аталатын демократиялық озық ойдың еңбегі. Мен әр кезде Харузин мен Алекторовтың библиографиялық көрсеткіштерінде асқан ұқыптылықпен тізілген еңбектерді іздеп тауып, бастырып шығаруды арман етемін: егер сол істеле қалса, революциядан бұрынғы қазақ елінің тұрмыс мәдениеті мен тіршілігі жайында үлкен бір кітапхана жарыққа шығар еді. Радлов, Потанин, Ильминский, тағы басқаларының қалдырған мол мұралары сол кітапхананың алтын қоры болуға лайық емес пе?

Орыс халқының озық адамдары біздің халықтық туынды деп аталатын мол байлықты жойылып кетуден аман алып қалумен бірге орыс патшалығының санда бар, санатта жоқ «бұратанасы» атанған аз халықтардың мұңмұқтажын бар салмағымен айта білді. Орыс көркем ойының алыбы Лев Толстой, совет әдебиетінің ұлы атасы Максим Горький, атақты гуманист Владимир Короленко, Украинаның ұлы ақыны Тарас Шевченко біздің халықтардың ауыр халін суреттей келіп, ызғарлы дауыстарын көтерді. Олардың сонша ашынып айтқандары біздің мұң, біздің сөз еді.

Біздің қазақ халқы орысша «жолдас» деген қасиетті сөзге жатсырамай, оңай үйренісіп кетті. Ойлап қарасақ ол заман сөзі, революция сөзі еді ғой. Мұның түп тамыры орыс-қазақ халықтарының ертеден тағдырлары табысып, достасып кетуінде екені даусыз.

Ғасырлар бойы «Бетпақ дала» атанып, өлі күйінде қала берген шөл дала қазір өнімді далаға, өнді далаға айналып келеді. Жезқазған түтіні Балқашқа, Қарағанды түтіні Алтайға барып қосылады. Біздің «Октябрьдің XX жылдығы» атындағы шамалы ғана бір заводымыз шет елдерден 25 мемлекетке өзінің өнімін ауыстырып тұрады. Бұрын біз «алып» дегенді ертегіден ғана естісек, қазір бізде өндіріс алыптары да бар, адам алыптары да бар. Арманның қолма-қол күнделікке айналғаны осы болады да.

Қазақ әдебиеті Совет Одағындағы өскелең де салмақты әдебиеттердің бірі деп саналады. Өткен ғасырымыз — бармақпен санағандай Абай, Махамбет, Ыбырай болса, Октябрьдің алғашқы жылдары — Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Сұлтанмахмұт, Мұхтар, екі Сәбит, тағы бір аз ғана өкілелес шыққан топ. Қазір Қазақстан Жазушылар ұйымының мүшесі 250-ден асады. Соның ішінде Одақтық жұртшылыққа танылғандары елуге тартады, одан әрі шетелдерге танылғандары оннан артады.

Совет әдебиетінің тарихи даму жолында елеулі бір ерекшелік бар. Ол — Абайдан басталып келе-келе игілікті дәстүрімізге айналып кеткен орыс әдебиетіне сүйене өсу, орыс әдебиетінен үлгі ала өсу жолы. Реалистік орыс әдебиетінің бағыты мен дәстүрін теориялық жағынан терең ұғынуға тырысумен қатар, қазақ ақын-жазушылары қашаннан бері орыс көркем әдебиетін өзінің ана тіліне аудару, орыс тілі арқылы дүние жүзілік классиктерді аудару жұмысына көп көңіл аударып келді. Бұл оқу-үйренудің ең құнарлы жолы болды десек қателеспесек керек. Оның үстіне аудару жұмысына қатынасқан әрбір ақын-жазушы өзінің үндесін тауып аударған сияқтанады.

Бұл жөнінде мына бір қысқа тізімнен көп нәрсені аңғаруға болады:

Аударушы кім.	Кімдерді аударған
Абай	Пушкин, Лермонтов, Гете
Ыбырай	Толстой, Ушинский
Сәкен	Бедный, Маяковский

Ілияс	Пушкин.
Мұхтар	Гоголь, Тренев, Шекспир, Тургенев, т. б.
Сәбит	Бедный, Маяковский, «Игорь полкы» т. б.
Әбділда	Пушкин, Шевченко, Маяковский.
Тайыр	Пушкин, Лермонтов, Грибоедов, Шевченко.
Ғали	Пушкин, Лермонтов, Толстой.
Қасым	Пушкин, Лермонтов, Маяковский, Твардовский.
Сырбай	Пушкин, Лермонтов, Блок, Тихонов, Сурков.

Бұл тізімді соза берсек талай беттерге кетеді. Орыс әдебиетінен көп аударған Дихан, Қалижан, Жұмағали, Қасым Тоғузақов, Қуандық, Ғафу тағы басқа ақындарымыздан да, Хамза, Тахауи сияқты жазушыларымыздан да оқу-үйрену жолында жоғарыда айтылған үндестікті іздегендерін көреміз. Бұл, әрине, жемісті бағыт. Біздің қазақ жұртшылығы Толстой, Пушкин, Горький, Лермонтов, Маяковский, Шолохов, Федин, Леонов, Твардовский, Сурков, Тихонов, Фадеев, Соболев, Маршак, Паустовский, Марков шығармаларын өз тілінде сүйсініп оқи алса, мұнда біздің ақын-жазушыларымыздың еңбегі зор.

Аудару еңбегі әдебиетіміздің тез аяқтанып кетуіне қандай үлкен сүйеніш болса, ішкі-тысқы халықтардың мәдени таныстығын күшейте беруде де сондай үлкен жауапты еңбектердің бірі. Оның үстіне біздің төл шығармаларымыздың шетелдерге шығуы тек қана орыс тілі арқылы іске асатынын ескерсек, бұл еңбектің мән-мазмұны тереңдей береді. Ешбір дарынды ақын, ешбір дарынды жазушы орыс әдебиетін, орыс әдебиеті арқылы дүние жүзілік озық әдебиеттің көрнекті үлгілерін аттап өте алмайды, онысыз от басындағы кеудемсоқ табалдырықтан әрі аса алмайды.

Орыс жазушыларына айтар алғыс бізде ұшан-теңіз. Отызыншы жылдардың бас кезінде ұлы Горькийдің ұлттар әдебиетінің тез көтеріліп кетуіне қатты көңіл аударғаны мәлім. Николай Тихонов, Александр Фадеев, Леонид Соболев, Всеволод Иванов, Чуковский, Горбатов тағы басқалары жер-жерде ұлттық жазушылардың халжағдайларымен танысып, совет жазушылары ұйымын құруға қолма-қол ат салысты. Бұл екі мағынада ауыр

кезең еді: біріншіден — Одақтық көлемде РАПП-тан совет жазушыларының одағына ауысар кезең; екіншіден — ұлттық әдебиеттердің қай-қайсысында болса да байшыл-ұлтшыл жазушылардың салмағы басым кез болатын. Осы тұста Леонид Соболев бастаған үлкен бір топ орыс жазушыларының Қазақстанға келуі советтік Қазақ жазушыларының басын құрастыруға үлкен жәрдем етті. Идеялық қайшылықтарымен, күрестерімен бірге болмашыны сылтау еткен ырың-жырың, әрі отыр, бері отырды жою бағытына көше алдық. Идеялық тартыстар болымсыз ырбай-тырбайдан арылып, шын мағынасындағы өскелең бағытты іздене бастады. Іле-шала, 1936 жылы Москвада өткен бірінші онкүндігіміздің жоғары дәрежеде өтуіне мұның әсері аз болған жоқ.

Қазақ әдебиетінің тез көтеріліп кетуіне көптен бері үзбей ат салысып келе жатқан үлкен топ орыс жазушыларының ішінде Леонид Соболевтің орны өзгеше. Мұхтардың «Абай» романы совет халықтарына да, шетелдерде де бірден танылып кетуіне Соболев аудармасының үлкен әсері тиді. «Абай» эпопеясы совет халықтарының әдебиеттеріне үлкен әсер етті деп мақтансақ, сол романның ойдағыдай аударылып шығып, әр елдің ұлттық әдебиетіне төл шығарма болып кіріп кетуіне аударушының шеберлігі аз жәрдем еткен жоқ. Мұхтар драматургиясының биігі саналған — «Абай» трагедиясын Мұхтар Соболевпен бірге жазды. Ұлы Абайдың өзін совет жұртшылығына үлкен мағынада таныстырған тағы да Леонид Соболев.

Соңғы дәуірде Қазақстан еңбекшілері коммунизм қоғамын құру жұмысына үлкен үлестер қосып келеді. Ол жалғыз миллиард пұт астық та емес, Қарағандының көмірі, Қостанайдың темірі де емес, Алтай мен Балқаштың мысы да емес, ол — осылармен бірге көркем әдебиет пен көркем өнерге қосып жатқан үлесіміз. Бірде өзіміз әсер алсақ, енді бірде бізден алынатын да әсер бар.

Одақтық көлемге біздің көп ақын-жазушыларымыздың еңбектері шығып кетті. Москва баспасөз орындарында алты рет, он рет басылған кітаптарымыз бар. Бұл жөнінде Степан Злобин, Владимир Луговский, Илья Сильвинский, Михаил Луконин, Михаил Львов, Алтайский, Рождественский тағы басқа толып жатқан достарымыз бар. Әрқайсысы өз шамасында қазақ жазушыларымен қол ұстасқан қазақстандық достарымыз — Иван Шухов, Николай Анов, Дмитрий Снегин, Анатолий Ананьев, Лео-

нид Кривощеков, Кузьмин, Герт, Зверев, Щеголихин, Симашко тағы басқалары, бұлар да осы топқа қосылады. Ұлы Отан соғысының тұсында алып Жамбылдың атағын күнбе-күн әлемге жайып тұрған орыс ақындары Павел Кузнецов, Алтайский, Тарловский тағы басқалары.

Қазақстанда халықтар достығының бұлжымастай бекігендігін айқын көрсететін мынадай бір белгілерді айта кеткім келеді: біздің еркін қарыштап өсіп келе жатқан жас ақындарымыздың бірі Олжас Сүлейменов, талантты жас жазушымыз Әнуар Әлімжанов тек қана орыс тілінде жазады, орыс қызы Надежда Лушникова — тек қана қазақ тілінде жазады. Совет Одағының Халық артисі Ермек Серкебаев орыс операсында, Эра Епонешникова қазақ операсында ән салады. Бұған баяндауыш беріп жатудың керегі де болмас.

Әрбір ұлт әдебиеті өзінің байырғы дәстүріне сүйене де өседі, сол дәстүрмен күресе отырып та өседі. Қаламы төселген ақын-жазушыларға да, жас жазушыларға да байырғы дәстүрдің осындай екі жағы бар. Ескірген образдар, ескірген теңеулер, ізбаспа, қайталамалар — өсер әдебиет алдындағы үлкен бөгесіндер. Осындайлардан арылуға орыс әдебиеті бізге ең үлкен мектеп болды. Жас әдебиеттер белден-белге асқан сайын ескі теңеулерден, ескі дәстүрлерден мол-молынан арыла бастағанын біз әсіресе Ұлы Отан соғысынан кейін шыққан жазушылардың — Зейнолла Қабдолов, Тақауи Ахтанов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Сафуан Шәймерденов, Әкім Әшімов шығармаларынан тереңірек сезінеміз.

Таяуда бізде ұлы ұстаз — орыс әдебиеті мен көркем өнерінің Қазақстандағы онкүндігі өтті. Леонид Соболев бастаған отыздан артық орыс ақын-жазушылары — Қазақстанның сағынышты қонағы.

Онкүндіктің аяғына таман Қазақстан жазушыларының одағы орыс, қазақ әдебиетінің тарихи байланысына және сол байланысты бұдан былай да күшейте беруге арнаған пленум өткізді. Онымыз — ұстаз алдында қол қусырып, тізе бүгіп, қыпылықтап тұру емес, қол ұстаса, құшақтаса өскен сол бұлжымас достық пен тамырластықты бұрынғыдан да нығайта түсу жайында пікір алысу, бірге ойласу болды.

Ұлы орыс халқына, ұлы әдебиеттің қайраткерлеріне алғысы көп мәңгілік дос жүректен мың да бір сәлем!

1964 ж.

ӨШПЕС ӨМІР

Отан соғысы кезінде оқшау көзге түскен жазушы жастарымыздың бірі — Баубек Бұлқышев. Соғыстан бұрын ол әрнеге де тайынбай соқтығатын талабы бар да, қаламы ұшталмаған болатын. Ізденгіш те жігерлі ойға сұрау салып, жас қаламның тез ұшталып кетуіне әсер еткен Ұлы Отан соғысы сияқты үлкен көріктің дем алысы.

Соғыс алдындағы соңғы жылдарда Баубектің өлеңдері көбінесе «Октябрь балалары» журналында басылып жүргендіктен «үлкендердің» назарын тарта қоймаған еді. Әр құралдың өткірлігін, әр күштің шама-шарқын аяусыз сынар кезеңде жас талант серпіле сілтеп кетті. Ойлы жастың құнарлы сөзі бүкіл Совет елінің құлағына жиырма бес жыл бірге, бір бағытта өсіп-өнген көп ұлтты елдің айнымас достығының үніндей естілді.

Баубек заман біздікі дейді. Баубек майдандағы қазақ жастарының атынан сөйлейді. Тереңірек ойлансаңыз мұның екеуі де үлкен жауаптылықпен айтылатын сөздер. Ісіне де, күшіне еркін сенетін жас жазушы бұл жауаптылықтан тайынған жоқ. Заман жастардікі екені даусыз гой, бірақ қандай жастардікі? Желбуаз, даурықпа жастардікі емес, Баубек сияқты өнімді еңбек иесі деп танырлық өнерлі де өнегелі жастардікі.

Баубектің кітабындағы басылып отырған мақалаларының қайсысын алсақ та, өте бір елеулі, ерекше бір мағыналы мәселелерді қозғайды. Оны қозғай алған жастың заман біздікі деуге де, жалпы жастар атынан сөйлеуге де әбден қақысы бар.

Баубектің мақалаларын мен орыс тілінен қазақ тіліне аудардым, қызығып аудардым. Үлкен ойларды оқушы жүрегіне дәл жеткізетін әдемі тілмен бере білу — жазушының ерекше бір қасиеті. Баубекте осы қасиет бар. Еліне сөйлеген көпіртпе сөз емес, жансыз былжыр сөз емес, жас жүрегін жүз бұрап шыққан ойына орай оралымды тілі бар. Оның очерк, мақалалары үлкен шеберлікпен жазылған. Совет журналист-жазушыларының алдыңғы қатардағыларының-ақ айта алатын сөздері. Баубек дүниелік мәдениетпен, әр ағымды философиямен жақсы таныс, ірі жазушы болғалы келе жатыр еді.

Қолында мылтығы, қалтасында қаламы. Елімізді қорлап, жерімізді ластап жүрген неміс-фашистеріне екеуі де тас шоқпардай тиеді. Қаламын Отан соғысының тіле-

гіне бағындырып, Баубек қазір көркем очерк сүрлеуімен жазып жүр.

Жеңіс күні жақындап келеді. Майданнан ширап қайтқан жазушы жастардың құлашын кең жайып, қанатын еркін серпер күндері де жақын. Осы тілек, осы үмітпен тағы бір жақсы, тағы бір жас жазушымыздың бетін ашқымыз келеді.

Бұл жолдарды мен жүзтаныстығым болмаған жас жазушы туралы 1943 жылы жазған екенмін. Амал не, Баубек майданнан қайтқан жоқ, қаза тапты.

Енді сол Баубекті еске алсам, көз алдыма аса бір дарынды жас келеді. Тұлғасына қызыға қарап қалар бір жігерлі жас болады ғой, Баубек маған солай елестейді.

Терең ойсыз, үлкен идеясыз көркем шығарма жоқ. Баубек әдебиетке үлкен ойлармен, бірден танылa кететін өз стилімен келе жатыр еді. Көркем очерк, мақалаларынан іргелі жазушы туып келе жатқанын танытар талап сирек кездеседі. Баубек мен үшін осындай сирек кездесетін талант еді.

Баубектің аяқталмаған, мүмкін, үзіп-жұлып арпалыс үстінде жазған «Алматы — қалам менің» романынан да осыны көремін.

Баубектің Ұлы Отан соғысы кезінде жазған очерктері қандай ескірмесе, сол кезде жазған аяқталмаған романы да ескірген жоқ. Очерктерінде де, романында да жастар үшін аса терең ойлар бар, жігер бар, әсемдік бар.

Баубектің бар жазғандарын бір жинақтап шығарғалы отырған «Жазушы» баспасына алғыс айтамын.

1965 ж.

АСПАНДА БОЛҒАН ЖЕКПЕ-ЖЕК

Ақ сәлделі, ала киінген қара мұрт индус — Үндістан әуе қатынасының эмблемасы — оң қолын кеудесіне басып қала берді де, біз, жолаушылар самолетке міне бастадық.

Ағылшын самолеті аспанға тез көтеріліп, жоғарылап кетті. Делидің қойын-қолтығында лапылдап тұрған жалынды лебі де қара мұртпен бірге жерінде қалды.

Су ете түскен тап-таза, мөп-мөлдір салқын ауа самолет ішіне көлеңкелеп ұстаған күтімді бөлменің реңін береді. Таңертеңгі таза рең, жеңіл салқын.

Бірінші салонның бірінші қатарында отырған жолаушылардың алдында жіңішке ғана стол. Стол үстінде терлеп тұрған шыны сауытта екі түрлі жеміс суы, резеңке сағыз, қарындаш, қағаз, конверт. Жалпақтығы екі еліге толар-толмас әдемі коробкаларда екі-екіден салынған сигареталар. Қарсы алдыңдағы қабырғада қатар тізілген ағылшын тілінде шығатын журналдар.

Ағылшын самолеті біздің «ТУ-104» самолетімен салыстырғанда анағұрлым баяу ұшады. Сонысына қарай зіркілдегі жоқ, дірілдегі, шуы аз. Кейде ауа тазартатын кондишеннің қоңыржай ғана гуілі естіледі.

Мен Дели — Калькутта — Гонконг арқылы Жапонияға кетіп бара жатырмын. Жол шеті алыс. Ауысып мінетін самолеттер дәлме-дәл кездесіп отырса, Токиоға дейін он сағат ұшамын. Оның орайы келмесе, екі күн ұшуым да мүмкін. Бұдан бұрынғы бір сапарымда Москвадан Токиоға дейін 53 сағат ұшқаным да бар...

Галстукті, пенжакті сыпырып тастап, үйдегідей орналаса бастадым. Жасыл қара көк коробкалы «Жамбылды», ақ қайыңды аланда билеп жүрген үш сұлудың суреті бар «Березка» оттығын стол үстіне тастай салып, аузымда сағыз, журналдардың бірін қолыма алдым. Қара танымайтын адамша суреттерін қарап отырмын. Реклама, реклама... Сабын, пудра, опа-далап, кока-кола...

Бір кезде көзім Мерилин Монроның суретіне айналақтап қалды. Ол жақын арада ғана у ішіп өлген. Монро менің ойымша ұзақ жарқырап тұруға тиісті жұлдыз еді. Қазір мені бірнеше сұраулар қамалап алғанын сезіндім. Ол сұлулығымен көркемөнер жұлдызы атанды ма, әлде өзінің өнерімен сұлу атанды ма? Әлде осының екеуі де бойына бірдей біткен қасиеті ме екен? Газетшілер оның сұлулығының соңына түсті ме, артистігінің соңына түсті ме? Озбыр қоғам неге өшікті оған? Енді қазір өз қолынан өлтіргеніне сол қоғам өкініп, мойындап отыр ма, жоқ па? Әзір бұл сұраулардың біріне де жауап жоқ. Бір жарық жұлдыз жарқырап туды, тез сөнді, ұмытылды. Өзі туды, өзі сөнді... Айыпкер жоқ, өкіну жоқ. Күндеу айып емес. Соңына түсу айып емес. Бұл қоғамда ұмыту айып емес. Қош бол!

Бірінші қатарда екі-ақ жолаушы отырғамыз. Екеуміз екі шетте, арамызда адам жүретін жол бар. Қазір мен сол адамның маған тесіле қарап отырғанын сезіндім. Жапон ба, корейс пе дейтін болар. Мейлі қарай берсін. Мен әлі Монроның өлімін ойлап отырмын. Бүкіл бір елге

байғұстың сұлулығы сыймады ма, асқан шебер артистігі. сыймады ма? Әлде буржуазиялық көркемөнерде бұл екеуінен де жоғары бағаланатын қасиет табылған ба?

Көршім орысша тіл қатты. Сол жақ құлағы ту сыртынан күн сәулесі түсіп, қызғылт шыңылтырланып тұр екен. Көзіміз бейжай кездесті. Орта жасты, бойшаңдау, ашаңдау адам. Аса ұқыпты қырынбаған, жирен мұрты тікірейіңкіреп тұр. Көк көзді, қарашығында сарғыш рең бар.

Жолаушы мен жолаушы халықаралық дәстүр іздемей-ақ тура таныстық. Жерден жеті километр биіктікте сөйлесіп отыратын адам кездестіру жолаушы үшін үлкен қуаныш. Көршім менен гөрі тіс қаққандау болу керек, сөзді ол бастады:

— Кешіріңіз, құдай үшін, сіз Россиядансыз ба?— деді. Орысша сөйлегенінде мен біле бермейтін бір жұмсақ акцент бар.

— Ие, Советтер Одағынанмын,— дедім.

— Мүмкін, мен сізге мазақ көрініп қалармын... Бірақ «Джембуль» деген папиросыңыз бен «Берьеска» деген оттығыңыз көңілімді аудара беріп отыр... Джембуль немене екенін білмеймін, ал, «Берьеска!».. О, мен ол ансамбльді Парижде көргенмін. Атақты ансамбль ғой! Солай емес пе?.. Мен Парижда туып-өскен адаммын, тұрағым да сонда. Бірақ мен орыспын!..

Парижда туып-өскен адамның оттық тысынан көрген ақ қайың мен билеген қыздар арқылы әлдеқашан қол үзген Отанын еске алуы маған қатты ұнады. Мүмкін, жайнап кеткен көздері ғана емес, іші де елжіреп кеткен шығар. «Мен орыспын!» дегенді шегелеп айтты ғой! Дүниеде тұл мен тұлдыр аз ба, соның бәрінің ішіндегі ең бақытсызы да, тұлы да Отансыз ұл емес пе!?

Мен оған папирос ұсындым. Қызыл бас шырпыны тұтатып, от ұсындым. Ол маған — лұқсат етіңіз, мен...— деп, жанып тұрған шырпыны европалық әдеппен менің қолымнан алып, әуелі менің папиросымды тұтатып, соңына өз папиросын тұтатты.

— Бізде, жаппай зажигалка болып кетті...,— деп аз кідірді де,— өте жақсы папирос екен... Кешіріңіз, Джембуль деген немене?— деп сұрады.

— Джембуль емес, Жамбыл деген қазақтың бір атақты ақынының аты.

Жаңа танысқан орыс көршім ООН-ның Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарына жәрдем ететін экономика-

лық комиссияның қызметкері болып шықты. Индо-қытай аудандарын аралап қайтпақ, ең қызығы:

— Мен Мартыновтың шөбересімін,— деді.— Бірақ фамилиям басқа...

Менің жүзіме таңдану белгісі шыға келген болу керек, ол соны түсіне қалып:— Ие, ие! Тап сол ойыңызға түсе қалған Николай Мартынов!— деді.

Менің ойыма түсе қалған Мартынов болса, ол, міне, жүз жиырма жыл бойында ойлы адам баласының түгел қарғысын алып келе жатқан адам. Және ол менің ойыма ғана емес, көз алдыма да келді. Жалғыз да келген жоқ: Мартынов, Дантес, Лермонтов, Пушкин... Дантес, Мартынов... Пушкин, Лермонтов, Бенкендорф, Николай-I... Наталья, княжня Мэри, Гручницкий-Мартынов... Аспанға атылған оқ, тақап келіп кеудеден атылған оқ... Уақыт соты, сотталған уақыт, заман заңы, заңсыз заман... Көз алдым шұбартып кеткендей болды.

Көршім менің абыржып қалғанымды пайдаланып бастырмалатып кетті:— Ие, ие, сол! Николай Мартынов, Лермонтовты атпаған, өлтірмеген Мартынов!— деді.

Бұған дейін сыпайы сөйлесіп отырған көршім енді әр сөйлемнің аяғына таяқтай қылып бір леп белгісін қоя бастады.

— Сеніңіз маған! Отставной майор Николай Соломонович Мартынов ақын Лермонтовты атқан да емес, өлтірген де емес! Олар намыс үшін атысқан. Сіз өзіңіз жазушы болған соң ұлы ақынды өлтірген жауызға лағынет айтып, жеркенетін боларсыз. Оны мен де қарғаймын. Мартынов тұқымы түгел қарғайды! Николай Мартыновтың қолы да, ары да таза екенін осыдан-ақ көруге болады емес пе?!

Әңгіме асқынуға айналды. Ақ сүйек офицер Мартыновтың шөбересі қараңғы қазақ Мүсрептің шөбересін жекпе-жекке шақырып отыр! Қайда десеңші,— аспанда!.. Бұл — бас тартуға болмайтын жекпе-жек.

Мен ішімнен «Иә, алла! Иә Ираклий Андроников!» дедім де сайысқа әзірлендім. Атысар жерде Лермонтовтың орнына Мүсрептің шөбересі, оның қарсы алдында Мартыновтың шөбересі тұрғандай сезіндім.

Манадан бері оның не айтып тастағанын аңдасаңыз, бірінші кезекті ол әкеткенін көресіз. Лермонтов сияқты ұлы ақынды өлтірген жауыздың бетіне басылған қара таңба тұқым қуалап кететіні даусыз. Сондықтан Мартынов әулетінің жүз жиырма жылдан астам тұқым қуалай

ойланып, қорғандап тастаған бекінісі берік болу керек. Ол бет алыстан қайтпауға тиісті. Оның қайтпас беті айқындалып та қалды:

— Лермонтовты Мартынов өлтірген жоқ!

Мен болсам, тар қыспақта осындай әңгімеге кездесіп қалармын деп ойламаған адаммын. Сондықтан есте барды тез жинап, ұштаңқырап алдым. Әліппеден кейін менің қолыма түскен бірінші орысша кітап Лермонтовтың бір томдығы болатын. Оны маған ауылдық орысша мектептің бірінші класында оқып жүргенімде халық ағарту инспекторы сыйлаған. Жарым-жарты, шалағай-шарпы түсініп жүріп, сол кезде жаттап алған бірталай өлеңдер әлі есімде. Әрі ақын, әрі шебер педагог Бекет Өтетілеуов арқылы Лермонтов поэзиясын мен ертерек сүйіп едім.

Оның үстіне, 1941 жылы, ақынның қайтыс болғанына жүз жыл толар қарсаңында қазақша басылғалы жатқан өлеңдеріне мен *алғы сөз* жазғамын. Әрине, ақынның өліміне не себепкер, кім айыпкер екенін өрем жеткен жерге дейін қазбалаған болуым керек. Лермонтов өмірін зерттеушілердің ішінде мен Андронниковты ерекше жоғары қоямын. Сондықтан мен оны алламен қатар ескe алдым...

Сонымен айқас басталып кетті. Бірінші салонда бізге секундант болатын князь Васильчиков та жоқ, офицер Глебов та жоқ: айналасы төрт-бес адам европалықтар, орысша білетіндері байқалмайды.

— Жүз жиырма жыл бойы зерттеліп келе жатқан материалға қарағанда сіздің ұлы атаңыз Николай Мартыновты ақтап алармақ дәлел кездестірген емеспін,— дедім мен.

Екі пікірдің қарама-қарсы келгені сияқты өзіміз де бірімізге біріміз қадала қарасып қалдық.

— Дегенмен бұл сіздің ақтық пікіріңіз болмасқа керек...— деп ол күлген болады.

— Біздің дауымыздың бір ерекшелігі — екі жағымыз да ақтық ойымызды алға сала сөйлестік қой,— деп мен күлген болдым.

— Париж сигаретін рахым етіңіз.

— Рақмет, тағы да «Жамбылды» рахым етіңіз...

— Лермонтов қазақ мектептерінде оқылады екенау, сірә...

— Оқылады. Аударылады.

— Солай деңіз!..

— Пушкин мен Лермонтов қазақ тілінде аударыла бастағанына сексен жылдан асып барады.

Осылай іліп-тартпа ұсақ қақтығыс арқылы шамашарқымызды байқасып алдық. Шабуыл қарқыны, тойтарыс серпіні, дәлел-айғақ, қызулық, сабырлық дегендерді салмақтасып отырмыз.

Шет елдерге сіңісіп кеткен орыс адамдарында біздің елде болып жатқан ұлы өзгерістерден түк хабары жоқтары кездеседі. Капиталистік елдердің газет-журналдарынан нені оқыса, соған сеніп, көр тышқан тіршілігінің құлы болып қала берген. «Қазақ жаманы орыс бола алмайды» деген сияқты, бұлар европеец бола алмаған. Өнер қуып, білім іздеп кеткендері өз алдына, ал мынау сияқтылардың өресі онша биік бола бермейді.

Көршім ойлаған жерден шықты. Шап беріп ата-бабаларының аруағына жармасты:

— Сіз енді біле бермессіз... Кезінде орыстың жоғары дәрежедегі офицерлері Мартыновты құлан-таза ақтап алған болатын. Майор Николай Соломонович Мартынов аз уақыт түрмеге ілегіп қалғанда, оның күнәсіздігін дәлелдеп, еріксіз босаттырған. Бұған айтар қарсылығыңыз болмасқа керек. Сол кезде біздің ұлы әжемізге жазған хаттар әлі сақтаулы. Бәрі де Николай Мартыновтың Лермонтовты өлтірмегенін дәлелдейді. Әлдеқашан топырақка айналған әжемізбен айтыспассыз. Ол кісі баласының қолы тазалығына шүбә келтірмеген. Әлі де таласасыз ба?..

— Меніңше, бұл дәлеліңізді екіге бөліп тексерген дұрыс болар... Князь Васильчиков бастаған бір топ офицерлер Мартыновты ақтағынына дауым жоқ. Бірақ бұл топ Лермонтовтың өліміне өзі ортақ емес пе? Сол кездегі Россияның озық ойлы адамдарының бірде-бірі Мартыновты ақтады ма? Ақтаған жоқ, бәрі қаралады. Екінші, ұлы әжеңізді қуәға тартсаңыз, ол кісі Лермонтовты жек көргені мәлім. Қыздары Лермонтовты қандай жақсы көрсе, әжеңіз сондай жек көрген. Мен бұл жайдың ішкі астарын тексерген адам емеспін, бірақ Васильчиков тобы да, сіздің ұлы әжеңіз де әділ куәлік ете алмайтыны айқын. Ұлы әжеңіз емес, ұлы әжеңіздің қыздарының куәлігін келтіре алсаңыз, менің тоқталып қалуым оңайырақ болар еді.

Ұлы әжесі мен оның қыздары әңгімемізге кеңірек тартылып кете ме деп қауіптенгендей, көршім сөздің бетін басқа жаққа бұра бастады. Бірақ мен Мартыновтың қарындасы княжня Мэри мен Грушницкий бейнесіне

берілген Мартыновтың өзінің арасындағы ұятты жанжалға соғайын деген ойым жоқ-ты.

— Одан соң,— деді Мартыновтың шөбересі,— сіз білмесеңіз мен айтайын, Лермонтовты ағаш арасына тығылып тұрған бір казак-орыс атқан ғой! Оны білмейтін бе едіңіз?

— Жоқ, білемін ол ертегіні... Жақында ғана сот және медицинаның беделді адамдарынан құрылған экспертиза ол ертегіні түгел өтірікке шығарды. Сіз оны естімеп пе едіңіз?

Даугерімнің бір ерекшелігі — берілген жауапқа да, сұраққа да дұрыс-бұрыс деп тұрақтамайды. Мақұлдамайды да, дауласпайды да. Тез сырғып, екінші бірдемеге көшеді. Мен оны Раевский мен Андрошиковқа қарай жетелегім келеді, ол аяғын бір басар емес. Лермонтов пен Мартыновтың тұстастары Булгаков пен Елагинге қарай тартып көріп едім, ол екеуінің аттары аталғанда көршімнің тілі байланып қалды. Екі қолын бірдей ербеңдетіп — атамаңыз оларды!— деді.

— Жақсы, атамайық.

Көршім содан кейін аз күлімдеп:

— Мүмкін, сіздерше Лермонтов пен Мартыновтың арасында тіпті жекпе-жек болмаған шығар? Мартынов ақынды аңдып жүріп бір тасадан атып тастаған болар?— деді.

— Жоқ, жекпе-жек болған.

— Екі аралықта алты адым жер өлшенген бе?

— Өлшенген.

— Екеуінің қолына да бір калибрлі алты атар берілген бе?

— Берілген.

— Екі жағының да секунданттары болған ба?

— Болған.

— Лермонтовтың осы жекпе-жекте өлгеніне дауласпайсыз ғой?

— Дауласпаймын. Бірақ...

— Бірақ дедіңіз, дауласатын болдыңыз!— деп көршім тағы да күлімсіреді.

— Әңгіме дауда емес, шындықты ашуда ғой. Лермонтов оғын аспанға атқаны мәлім.

— Аспанға атты ма, тигізе алмады ма? Оны кім білсін...

— Жақсы. Солай-ақ болсын. Бірақ сіздің атаңыз тақап келіп кеудеден атқан ғой! Тақап келіп атпаса, оқ

кеудені тесіп өтіп ту сыртынан қалай шығады! Ұлы ақынды Мартыновтың өлтіргеніне бұдан артық дәлел болмасқа керек.

— Мұны ешкім дәлелдей алмайды. Секунданттар — Васильчиков пен Глебов — олай демеген. Олардан басқа көрген ешкім жоқ!

— Доктор Барклай де Толлидың куәлігін қайтесіз? Медициналық куәлік шұбалануға орын қалдырмаса керек қой!

— Қавказ корпусының штабы тексеріп келіп, поручик Лермонтов жекпе-жекте қаза тапты, деп хабарлаған. Бұған сіз де шұбаланбауыңыз керек болар!

— Біріншіден, корпус штабы бұл хабарды едәуір кешігіп жариялағаны мәлім. Екінші, ол хабар медициналық куәлік емес қой!

Осымен біздің жекпе-жек дағдарысқа ұшырауға айналды. Жеңіс те, жеңіліс те жоқ. Мүмкін екінің бірі болар еді, мойындау жоқ. Көршім бір кезде айтыстартысқа қолдануға тыйым салынған әдісті қолданып қалды:

— Сіз орыс емессіз,— деді.

— Ие, орыс емес, қазақпын.

— Сондықтан ол замандағы жекпе-жектің егжей-тегжейін біле бермеуіңіз мүмкін. Мартынов пен Лермонтов бірге оқыған, бір заманның адамдары. Ар-намыс дегендерге өз көзқарастары бар адамдар... Сіз бен біз олардың бірде-бірін ақтап, қаралауға бармауымыз керек.

— Ие, мен орыс емес, қазақпын. Бірақ Лермонтов айналасындағы әңгімелерге таныстығым бар адаммын. Екінші, ақтап-қаралау сіз бен біздің жеке еншіміз болмағанымен, ғылымның, қоғамның еншісі. Ал, Лермонтов жайындағы ғылым тексерістері бұл мәселе жөнінде қалтарыс қалдырған жоқ. XIX ғасырдағы орыс халқының екі ұлы ақындарының бірін — Дантес, біреуін Мартынов өлтіргені даусыз деп білеміз.

Тап осы арада біздің әңгімемізді айнадай жалтылдаған «күміс арбамен» келе жатқан түскі тамақ бұзып кетті. Лермонтов жырлаған пері қызындай, құмырсқа бел, ботакөз индия қызы «күміс арбаны» дыбыссыз қозғап келеді. Алтын сандалет жалаң аяқтың үсті дөңкес, белтірлігі үзіліп түрғаның қайтерсің...

— О, тамақтан кейін әңгімемізді жалғастырармыз,— деп көршім өз орнына кетті.

Сендвич, банан, кестелеп турағандай лимон, апельсин,

бұғып жатқан бөденедей ғана тауық еті... Тағы бірдеме, тағы бірдеме...

Жаңағы әңгімеден кейін осынша тәтті тамақтардың бірде-бірі маған дәмді көрінбеді. Ауызға салдым, жұттым, ұмыттым... Мартыновтың шөбересі де көзі терезеде, енжар шайнап отыр.

Тамақтан кейін әңгіземіз қайта басталды. Бұл жолы біразға дейін мұңайысты сыры бар әңгімелермен отырдық.

— Мартынов әулетінің ақын Лермонтовты қандай жақсы көретінін айтсам тыңдар ма едіңіз?— деді көршім.

— Неге тыңдамайын. Айтыңыз.

— Айтсам, біздің Париждағы пәтерімізде, орыс әдетінше ең құрметті жерде, шыны қалпақтың астында Лермонтовтың бір томдығы сақтаулы жатыр. Оны Лермонтов қолын қойып, сол Николай Соломонович Мартыновқа өзі сыйлаған. Ол том — біздің әулетіміз үшін ең қасиетті, шаң жұқтырмай ұстайтын реликвия!.. Бұған не айтасыз?

— Алдымен, қалтқысыз сенетінімді айтамын.

— Егер Николай Мартынов Лермонтовпен қастасып өткен болса, оның кітабы сонша қасиеттеліп сақталар ма еді?

— Бұл айтқандарыңызға шексіз сене отырып, мен өз жорамалымды айтсам, өкпелемес пе екенсіз?

— Өкпелер сөздеріңізді әлі түгел айтып болмасаңыз, айта беріңіз...

— Лермонтовтың еңбегін қасиеттеп ұстайтындарыңызға әрі сенемін, әрі ізгі дәстүр деп бағалаймын. Сонымен бірге бұл ізгілік біздің таласымызға еш нәрсе қоса алмайды. Неге дейсіз ғой? Адам мінезіне азғана ой жүгіртсеңіз, Лермонтовтың өлімінен кейін Мартынов оның кітабын қасиеттей алуы мүмкін бе? Жоқ! Лермонтовтың кітабын қасиетті реликвияға айналдыру оның қарындастарының ісі дер едім. Және ақын өлімінің ыстық-суығы басылғаннан кейін...

Жұрт алдында Мартыновтың атақты ақынмен қастас болмағанын, қала берді оны өлтірмегенін дәлелдеу үшін де мұндай «ізгіліктің» орны бар ғой. Бірақ мен оны айта алмадым.

Қарындастар ауызға алынса-ақ көршім бұл жағына жоламайды. Сондықтан әңгіземіз тағы да тоқырай бастап еді, көршім тағы бір таңданарлық жаңалық айтты:

— Былтыр мен Женевада Дантестің шөбересіне кездестім,— деді.

— Дантестің?

— Ие, Дантестің! Бұ да ұлы атасына тартқан, қылаңсылаң өмірінің үштен екісі айна алдында өтетін д е н д и екен... Ол үшін орыстың ұлы ақынын өлтіргендік үрімбұтағына кететін мақтаныш сияқты. Әлгі бір камер-юнкер Пушкинді өлтірген Дантестің шөбересімін деп таныс-ты. Жалғыз мақтаныш етерлігі — оны кейін орыстар ұлы ақынымыз еді деп тауыпты дегенді қосты...

Мана менің көз алдыма бір келіп кеткен бейнелер қайта келіп қатарлана қалды. Пушкин — Дантес, Лермонтов — Мартынов, Бекендорф, Николай-I... Екі ұлы ақынды өлтірген екі қанішердің екі шөбересі қалай кездесіп қалған! Дантестің шөбересі Мартыновтың шөбересін әдейі іздеп жүріп кездестірсе, оның да орайы бар ғой. Мен бұл әңгімеге қалтқысыз иландым.

— Женевада... Үлкен ресторанда... Мен отырған столға келіп танысты... Қаным қайнап кетті... Тұрдым да жүре бердім,— деді көршім.

Бұ да жай қыстырылмаған әңгіме сияқты. Лермонтовтың өлімінен «қолы таза» Мартыновтың шөбересі Пушкинді өлтірген залымның шөбересімен танысқысы келмей тұрып жүре бергені!..

— Дантеспен сіздің ұлы атаңыз Мартынов бір полкта бірге болған ғой?— дедім. Қай полкта екені есімде жоқ екен, оны айта алмадым.

Бұл сұраудың ар жағында тағы бір ілгешегі бар ма деп қалған көршім:— ол жағын білген емеспін,— деп сөзді доғарды.

Осымен әңгіміміз де аяқталды. Жеңген, жеңілген ешкім жоқ, әркім өз ойында қарысып қалды. Жалғыз таң қаларлық нәрсе — Мартынов әулеті төрт атаға келгенше жалған бағыттан бетін аудармаған. Қайта, заман өткен сайын өңдеп, толықтыра берген. Бұл не, әулет намысы ма, ақсүйектер дәстүрі ме? Қалайда бұл кінәратсыз анайылық емес, әрине. Өшпес, ұмытылмас кек тап сандығының түбінде жата береді. Қара қылмыс таңбасы Мартынов үрімбұтағынан осы күнге дейін өшпей қала беріпті.

Гонконгтың аэропортында Мартыновтың шөбересі түсуге жиналды. Мұндай көршімен айрылысқанымыз мен де өкінген жоқпын.

— Бір коробка «Берьеска» оттығын сыйлар ма екен-

сіз? Шын-ақ орыс табиғатында билеп жүрген орыс қыздары Отан сағынышын оятты білем...— деді ол қоштасып жатып.

Мен оған екі коробка оттық бердім. Ол маған Париж да француз тіліне аударылып шыққан «Қазақ солдатын» жіберуге уәде етті. Кітапты жаяу почта арқылы жіберген бе қалай, мен әлі күнге алғаным жоқ.

Әңгіме осымен аяқталса да болар еді, амал қайсы, жалғасы бар болып шықты. Ол жалғас осы әңгімені қағазға түсірерде туды.

Жапонияда мен іркіс-тіркіс, қиыр-шиыр оқиғаларға араласып кеттім. Қонақжай жапон жазушыларымен, ғалымдарымен кеңірек таныстым. Елін араладым. Сөйтіп жүргенде әлгі Мартынов шөбересінің аты-жөні біржола есімнен шығып кетіпті. Онымен кездескенде бар әңгімеміз Мартынов жайында болғандықтан, оның өз фамилиясы ауызға да алынбаған. Танысқанда ғана бір рет атағаны есімде.

Әңгімені жазудан үміт үзген кезімде есіме Ираклий Андронников түсті. Менің жерден жеті километр биік аспанда кіммен сөйлескенімді, кіммен дауласқанымды, әрине Ираклий білуге тиісті! Мартынов тұқымында ол білмейтін бір жан болмасқа керек!

Отыра қалып хат жаздым... Солай да солай болды, қадірлі Ираклий Луарсабович... Аспанда ұшып жүріп кіммен кездескенімді ұмытып қалдым. Сіз білмесеңіз, алланың өзінен де үміт күте алмаймын... Мартыновтың шөбересі болғанымен фамилиясы шеше жағынікі екен. Тишко ме екен, Шитко ме екен... Әйтеуір, бір ысылдаған әріптен басталып дөңгелек О-мен аяқталса керек еді. Әлде дөңгелек О-дан басталып ысылдақ әріптердің бірімен аяқтала ма екен?.. Тегі, Мартынов Киевте үйленіп, мол бір байлыққа мұрагер болыпты дегенді білуші едім. Осыдан басқа бір түйір қосарым жоқ... Сол шөберенің аты-жөнін тауып беріңіз...

Ираклий Луарсабович — аса ұқыпты ғалым. Көңіл жықпайтын жолдас. Ол маған тармақ-тармақ, сала-саласымен Мартынов әулетін түгел тізіп беріпті. Шыңғысханның, не болмаса Темерланның әулетінің шежіресі ме дерсің! Қайсысы қашан туған, қайда өлген, одан қалған кім бар, қыздары кімге күйеуге шыққан, түп-түгел...

Сонымен, кездескен адамыңыз кім болып шықты дейсіз ғой? Мен оны қазір де айта алмаймын. Әйтеуір, Тишко да болған жоқ, Шитко да болған жоқ, басқа...

— Енді кім?— дейсіз ғой.

— Білмеймін.

Андронниковтан келген жауапты мен әрбір ұқыпты адамның әдетінше, сенімді бір жерге тығып едім... Чернышевский томдарына тықтым ба, Герценнің томдарына тықтым ба, есімде жоқ, әйтеуір, бір сенімді адамға аманат еткенім есімде... Айналамызда кітап оқымайтын бір жан жоқ. Олардың өзі ондап саналады. Солардан жасырып едім. Қазір біржола табылмай қойды.

Бала-шағаны тасқаяқтай қағыстырып, талай қыстым. Ешкім көрмеген. Аманат еткен сенімді адамдарым да үш шығармайды. Қіммен көріссем де, айыпты өзім болып шығамын. Ираклий Андроникковқа тағы бір хат жазуды ыңғайсыз көремін. Бір жолыққанда аңдатпай ғана, елеусіз сұрай қойсам, менің ұмытып қалғанымды біліп, жымияр да, айтып берер деп сенем...

— Табылды, табылды!..

Осы әңгімені орысшаға аударып жүрген жазушы Алексей Белянниовтан бүгін ғана телеграмма алдым. Ол Андронниковпен кездесіпті. Мартынов шөбересінің фамилиясы Квитко екен...

— Квитко!..

1968 ж.

АҒА СӨЗІ

Енді отыз бір жылдан кейін адам баласы екі мыңыншы жылды қарсы алады. Елдер мен жерлер тағдыры, тілдер тағдыры қақтығысар, қабысар дәуір басталады. Бүгінгі өнер, білім қуған талапты да талантты жастар, техника құлағында ойнаған еңбеккер жастар, әке табысына семірген еркетай жастар, ой қумай, ойын қуатын футбол жанкүйерлері — бәрі де сол дәуірдің аға буыны болмақ. Ал, ағалық деген ардақтылықтан гөрі жауаптылық болады.

Ол әлі бар бейнесі айқындалмаған дәуір. Мен үшін даусыз екі-ақ белгісі бар:

1. Қоммунизм мансұқ етілмейді!

2. Бүгінгі білдім — меңгердім дегенің, орындадым — істедім дегенің, жырладым — жаздым дегенің ол дәуірге олқы болып қалуы мүмкін-ақ. Ойлана алар жастың әрі терең, әрі жан-жақты ойланары-сол алдағы биік белестерде жатыр дер едім.

Совет жастары деген ардақты ат: аспан да ардақты, жер де ардақты, су да ардақты, биік те ардақты, терең де ардақты! Совет жастары ғылым мен техникада болсын, қажыр-қайрат сыналар еңбекте болсын, ұлы аталарының сенімді мұрагері. Совет жасы жат өмірге көзін сүзген жасқаншақ жалданба емес. Ұлы өмірді өзі жасап жатқан ұлы идея мұрагері.

Адам қоғамы қолдан жасалған бақша емес, ну орман сияқты. Аралас өскен қарағай, қайың, қыз-қарағай, терек, шынар, мойыл, ырғай, тал... жас өмірдің балаң-балғын шағында аңызақ желден көлеңке, үскірік желден ығын керек. Мал баласын бауырында өсіреді, ағаш бітken тұқымын ығына қарай төгеді. Адам баласы анасының құшағында, қоғамның шылауында өседі. Аға буынның жауаптылығы да осында.

Мен ойлы, өнерлі деп үміт ететін, мұрты тебіндеп қалған ақын-жазушы жастарға бір-екі ауыз тілек айтқым келеді. Соңғы кезде осындай жастарымыздың аузына идея, идеология, революция, мораль, тап күресі дейтін сөздер көп түспей барады. Өздері сол идея, сол революция, сол тап күресі арқылы күл-күрме өмірден құтылып, адам деген ардақты атқа ие болғандарын біле тұра, соның бәрін қасиет тұтпау ақылдылық емес, есерлік болады. Бұл бір.

Екінші, «Сын түзелмей, мін түзелмейді» дейтін ескіден келе жатса да ескірмейтін бір қағидамыз бар. Біріміздібіріміз сынау, менің үлкен бір арманым бойынша — бірінші жолдастық, бірінші достық, бірінші әділ сөз болу керек. Амал не, кейде қандай әдемі сөздер, қандай ұтқыр сөздер жолдасынды мұқатуға арналып жатады. Бұл үлкен өкініш. Кейде сол ұтқыр сөздер —«Орныңды босат, маған бер!»— дегендей естіледі. Бұл үлкен өкініштен гөрі де үлкен өкініш. Әрбір ақын-жазушы әдебиетіміздің кең жайлауынан өзі тапқан орынға ғана келісімді болады. Ақын орны — қаламның қанаты қандай биікке көтеріп шығарға — сол жерде. Ондай орын, әсіресе, биікте көп. Қырандай құлаштап, сермеп барып сол орынды ал. Өзгенің бәрі мансап та мансұқ!

Үшінші, жастарды ерте қартайтпауымыз керек. Балғын шақтың өз сұлулығы бар, өз қызуы, ұшқырлығы бар. Буыны қатқан, қызуы басылған аға буын аяғын қия баскан жасты дүрелей бастамауымыз керек. Әсіресе, жас дарынның жалынын тұншықтыру — қылмыс. Жалынды жас, дарынды жас көк шыбықты көрмей-ақ өссін.

В. Г. Короленконың алғашқы әңгімелерімен танысқаннан кейін-ақ А. П. Чехов: «Мұндай жаспен (парень) қатар жүру түгіл, соңына еріп жүрудің өзі қандай қуаныш!»— деген. Біз мұндайға әлі тоңмойындаумыз.

Қазақстан жас ақын-жазушыларының республикалық мәжілісіне көп-көп сәлем, аз тілекпен — **Ғабит Мүсрепов.**

1969 ж.

«ЖАЛЫН» ЖАРҚЫРАЙ БЕРСІН!

«Ұл тусаң — шайқы-бұрқы болмасын, қыз тусаң — қиқы-шойқы болмасын!». Әңгіме алғыр да ұшқыр ой сезімінің жалыны жайында. Ол жастарға тән қасиет. «Қайран жиырма бес!» әні қапыда айрылған арман күйініші болса, ұлы Абай «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкінсе, «Жалын» айналасына талғамды жас, талантты жас түгел топтанады деп сенеміз.

Көркем әдебиет сақал саудасын да көтермейді, көзін сүзген «жастық» саудасын да көтермейді. «Жалын» талаптыға тәрбиеші, талантқа өз үйіндей болар деп сенеміз.

Революционер ақын Сәкен Сейфуллин біздің заманымыздың ағысын экспресс ұшқырлығына теңеген. Қазіргі дәуіріміздің жүрісі одан да тез. Айналасындағы ескіқұсқыны өртеп жіберетін от шашқан жастар «Жалыны» болмашыға бөгелмес, бұраң бұлтаққа ұшырамай озық ойдың ұлы арнасымен тура тартар, ұлы көштің жіп-шуын жинап әуреленбей, көштің алдында болар деп сенеміз.

«Жалын» өзінен-өзі жанбайды. Оның қорегі ең алдымен жиырма бес төңірегіндегі талантты жастар қаламынан таматын сия! Сөз тізбегі емес, ой тізбегі. Жайылым су емес, сарқырап долданып, булығып, бұрқанып, сақылдап күліп, кәрленіп жататын тасқын су, өнер де жігер, от-жалынды ой, жүрегіңді дірілдетер сезім терендігі. Жаңалықтың құлақ бұрауы емес, өзі! Эксперимент жазушы столының үстінде жасалып, жемісін «Жалын» алдына жайып салғанда күлдіре алар, қуанта алар, мұң айта алар, жігеріне жігер қосар болсын. Жазғанына редактор қолы бата алмайтын болсын! Шын талант арманы осы болмақ.

«Жалынға» қараңғылық қауіп емес. Сылбыраған ақ жаңбыр қауіп, байырғыдан басқаның бәріне жатсырай қарайтын күрең қабақ қауіп, жастарды жастайынан қар-

тайтатын қара жұдырық қауіп. Иләһи, ол дәуірден өткен болармыз. Артымызға айналып қарасақ — жүрегің айнып, құлағына дейін қызарып ұялар, жазушы атына жараспайтын талай тағылықтар еске түседі. Бүгінгі жастарды ең болмаса қазақ халқының «тура биде туған жоқ»— деген даналығының рухында тәрбиелейік. Қай кезде «ура!» деп қалуды, қай кезде «қарауыл!» деп қалуды аңдып отыруды Маркс өз заманында «мещан сыншылардың машығы» десе, біздің социалистік қоғамда бұл аса бір жиіркеніш мінезге жатады.

«Жалын» қазақ совет әдебиетінің ер жеткен дәуірінде, бүкіл совет әдебиетінің теориялық бағыты әбден айқындалған, шығармалық тәжірибесі молайған дәуірде туып отыр. Бұл кезде балаңдыққа орын болса да, балалыққа орын жоқ. Бұл кездегі жастар қазақ совет әдебиетінің жаңа аяқтана бастаған «жыл құсының» тұсындағы жастар емес. Өздері бойкүйез, керенау болмаса, марксизм-ленинизм ғылымының алтын тағасымен тағаланған жастар. Ол — ұлы ғылым! Маркс пен Энгельстің Лассальға, Гаркниске жазған хаттарын, Лениннің Толстой туралы мақалаларын қайта бір қадағалап оқысаңыз бұл еңбектер шығарманың философиялық, көркемдік кілтін қолыңызға береді. Ал бүгінгі жастар ол ғылымды толық меңгермеді дей алмаймыз. Сондықтан шығарма еңбегінде қалжыңбас балалыққа орын жоқ дейміз.

«Жалын»—«Жұлдыз» журналының туған інісі. Бірақ оның сарқытымен күнелтпейді. Бұл «Юность», «Молодая гвардия» сияқты өз бет алысы бар альманах. Мұның өз даусы, өз жалыны болу керек. Тіпті, аға журналдардың кейбір кезде бет жыртпайтын көлегейлігінен аулақ болар деп үміт етеміз. Талғам-талап дейтін ұғыныстар өз мағынасын тап басар деп үміт етеміз. Бұл үмітіміздің бірінші белгілері «Жалынның» бірінші санынан бастап-ақ атой берсе игі еді!

Осындай тілекпен, осындай үмітпен жаңа альманахқа сәтті сапар тілеймін — Ғабит Мүсрепов.

1969 ж.

ЖАУАПТЫЛЫҚ СЕЗІМІ

Қазақстан совет жазушыларының VI съезін ашқандағы сөз

Қадірлі жолдастар, қаламдас достар, қонақтар!

Біз ел өмірі шалқып-тасып, жоспар-жорамал шеңберіне сыймай кеткен соңғы бес жылдың ішіндегі ой, өнер жемістерін саралап-салмақтап алар, барымызды асырмай, жоғымызды жасырмай айтар съезімізге келіп отырмыз.

Жайшылықта кездейсоқ айтыла беретін, мән берілмейтін бытыранды-шашынды пікірлерімізде елеулі ойлардың елес-лебі болса, енді соны қорытар жиынға келіп отырмыз.

Көркем әдебиет пен көркем өнер сияқты баға жетпес заты асылдың бүкіл адам баласы алдында, уақыт-дәуір алдында, қоғам алдында өсе берер, еселене берер парыз-қарызы бар. Соны ойласар жиынға келіп отырмыз.

Күні кеше ғана өткен, еліміздің тарихында биік бір белесі болып қалар, партиямыздың жиырма төртінші съезі бізге ырзашылық білдіре, сенім көрсете отырып, тамыры терең нұсқаулар берді, ойымызға ой қосты, еліміздің еңбек майданындағы табыстарындай шалқарлыққа шақырды. Уақыт талабы, міндет шеңбері осында.

Дәл осы тұста өткелі отырған съезіміздің ой екшесіп, алды болжасу арқылы айқын көрінер өз кескіні, өз келбеті болуға тиісті. Әйтеуір, бір кескін емес, іскерлік кескіні, жауаптылық кескіні, ойы-өнері өскен жазушы кескіні. Талап-талғамы есейген жұртшылық бізден осыны күтеді. Менің күтерім де осы.

Күнделіктің қызығы мен әурешілігінде жазушы өмірінің есепсіз өтер тұстары болады. Ол Абай атаңның өкініші, бәрімізде де бар өкініш, баладық пен даладық өкініші. Ол дәуірді біздің әдебиетіміз де басынан кешірді. Енді ол бізге жараспас еді!

Түптердің түбінде жазушының жан ашыры, бірінші досы — сын. Адал сын, әділ сын. Өз дегенім — қағида, өзгенікі — қаңғырма деп ырық бермейтін кербауыздық емес, кезек қамшы тастасып кең түрде пікір алысатын, ой таласына бөгет-бөгесіні жоқ сын. Жабыла кетіп құлататын, жабыла көтермелеп бәйгеден келтіретін көтерме-

ші-көтешінің сұрқиялығы емес, әкенің қаталдығындай, шешенің балажандығындай дегізерлік сын.

Бүгінгі қазақ көркем әдебиетін үш буын қалам қайраткерлері жасап отыр. Аяғына ақау түспеген ағалар, жыл өткен сайын сақаланып келе жатқан орта буын, жастық екпінімен жалындап, дауылдатып келе жатқан жастарымыз бар.

Аз күнде-ақ аяқталар съезіміз көп жылдардың есінде қалар ой қосу үшін ешкімге жәбір, ешкімге іштарлышылық көрсете алмайды, ешкімге көтермеші де бола алмайды.

Екі съездің арасында өскендігіміздің, іштей түлегендігіміздің көріністерін мен осылай сезінгім келеді.

Көркем әдебиет — азаматтық ой, адамгершілік идея. Сол ойды, сол идеяны оқушының сана-сезіміне әндей ұялататын шеберлік, бейнелеу көркемдігі арқылы жасалатыны мәлім. Көп болып ойласар, жаппай қолға алар күрделі бір мәселеміз осы төңіректе.

Кейде, жазушының көп түндері кеткен еңбектерінен талант лебі емес, өлі бұйымға сіңе берген тер иісі келетіні де бар. Ондайға кездескенде атақты сыншы Белинскийдің: «Там, где кончается творчество, начинается работа»,— дегені еске түседі.

Аты жаңа болғанымен айтары ескі, ата мен әжелердің өнегелеріне орала беретін із басты, түйе-сарын туындылар да кездесіп қалады.

Кейбір ақын қыздарымыз «мен сенен өлсем де айрылмаймын» деген сарын тауып алыпты. Мұнысында сүйіспеншілік тереңдігі дерлік сезімнің жаңа бір сырлары емес, құшақ құмарлығының күйіс-күйіндісі көбірек байқалады: айғайлап тұр!

Жасыру керек емес, соңғы жылдарда баспаға ұсынатын қолжазбаны, басылып шыққан кітапты көпшілік алдына салып талқылау деген, сол арқылы жазушыға жәрдем беру деген аяқсып кетті. Газет, журналдарымызда қипалақтау-сипалақтау күшеймесе, әлсіреген жоқ. Осы бір ескі дерттен арыла алмай келеміз. Жазушы аты жазғанының сапасымен емес, санымен танылып жүр. Мұның бәрі де өскен әдебиетке жараспайтын жұғындылар.

Қанаты қатайған әдебиет алға қояр талап белгілерін үнемі жоғары апарып шаншып отыруы керек. Сары жұрт болған ескі жайлауға айналып келіп қона берсек,

онымыз талант аяғына тұсау, ой өрісіне бөгесін бола берер еді.

Жазады екенсін, қызығып жаз, қызықтыра жаз! Ойланып жаз, ой сала жаз, ойландыра жаз! Ызаланып жаз, кекпен жаз, күйдіре жаз!

Қазақ әдебиетінің жұмыскер алдындағы, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдындағы, жалпы замандастарының алдындағы парыз-қарызы көбейіңкіреп барады. Тарихи тақырыптарға жазылып жүрген кітаптарымыз бен өз заманымызға арналған еңбектерді таразыға тартар болсақ, салмақ, сөз жоқ, тарих жағында. Мен бұл арада сан салмағы емес, сапалық салмақты айтамын. Кейде ескі тақырыптар жаңа идеялармен ұштасып жатса, кейде жаңа тақырыптар ескі арналарға құйып жатады, соны айтамын. Жаңа адам бейнесі, заман бейнесі әлі көмескілеу сияқты.

Иланһи, мен қателесейін де, іс жүзінде керісінше болып шықсын!

Ұмытпасам, Чехов заманында жастарды дәрігерлік оқуға қабылдарда — адам үшін жанымды беремін, бағымды беремін, деген ант алатын болған.

Жазушы да дәрігер, адам жанының дәрігері. Жас бала ананы-мынаны аңғара бастағаннан кейін жазушының қолына түспей кетпейді, бірде-бірі түспей кетпейді. Сол адамыңыз қартайғанша идеологиялық тәрбиемізде. Сол адамның өсу жолындағы әрбір сатысына лайық әдебиет жасауымыз керек.

Осыны ойласақ, адамның жан-жүрегін тазалық жолымен тәрбиелеуге міндетті жазушының берер анты қандай болу керек? Оны мен айтып жеткізе алмас едім. Сондықтан одан үлкен антымыз, одан ұлы арманымыз болмау керек деймін де тоқтаймын. Тек қана қолыңа қалам алғанда, ар алдында, азаматтық намыс алдында берер антың барлығын ұмытпа дегенді қосамын.

Абай ағаң ақынды «ер данасы» деген. Ал енді ер біткеннің заманы мен елінен алашағынан гөрі, заманы мен еліне берешегі көп. Барлық жазушы қауымы сондай. Оның үстіне жазушының берешегі асылдар қазынасына жатады. Оған қосыла алмаса, берешектің өтелмегені. Совет жазушысы байырғы ескі ұғым шеңберіне сыймайды. Ол жауапты суреткер, дүние жүзіне ең жоғары идеяны — марксизм-ленинизм идеясын тарататын суреткер. Берешегің әрі көп, әрі асыл қазыналық дегенде осы жауапкерлікті ұмытпауымыз керек.

Бұл күндерде байтақ Совет елдерінде көп тілде жасалатын ұлы әдебиетіміздің съездері өтіп жатыр. Байыбына барсақ, бұл съездер мәдени өміріміздегі үлкен мейрамдардың бірі. Ой-сезімнің ортан қазығындай жазушылар қауымы өзінің, елінің де асқан белдерін, шыққан биіктерін тұспалдамақ, елдік келбетін, ұйымшылдық-бірлік дәрежесін көрсетпек. Көп ұлтты совет әдебиетінің озық келе жатқан топтарының бірі — Қазақстан жазушылары өзінің творчестволық биігінен көрінер деп сенемін.

Біздің съезіміздің төрінде, өскен ұрпақтарының ой өресін, сезім терендігін бағалап, азаматтық борыштарымызды қалай түсінетінімізге құлақ салып А. М. Горький мен Абай ағамыз тұр.

Табысымызға бірге қуанар, кемшілігімізді бірге сынасар туысқан елдердің атышулы атақты ақын-жазушылары отыр.

Съезге жиналған бәріміздің атымыздан сол бауырларымызды құттықтап «Қош келіпсіз!» деуге лұқсат етіңіздер.

Бәріңіздің ойларыңызда бар-ау деген аз түйгенімді ортаға салып, Қазақстан жазушыларының VI съезін ашылды деп жариялаймын.

1971 ж.

ФЕНОМЕН — ФЕНИКС

Ұлы Абайдың құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған алып ақын атамыз Жамбыл дүниеге екі рет туып келген адам: тоғыз ай, тоғыз күнде ана құрсағынан туды, тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан тағы бір туды.

Анада алалық жоқ, қай баласын болса да мерзімді күні жарық дүниеге әкеледі. Қазақтың Гомерін туғызу үшін заман тоқсан жыл толғатты.

Көне грек Гомерінің қайда туғанына осы күнге дейін жеті шаһар таласады. Қай елден туғаны да осы күнге дейін даулы, қазақ Гомерінің туған елі — Ұлы жүз — екей. Туған топырағы — Жамбыл тауының баурайы. Болашақ ақынға сол таудың атын қойған. Мүмкін, әкесі Жабайға — балам таудай биік, тастай берік, бұлақты, жылғалы, қыс ықтасыны болсын, жаз көлеңкелі саясы болсын деген ой келген шығар. Ол арманы қате кеткен жоқ.

Гомер анадан туды ма, ойдан туды ма, ол әлі таласта, қазақ Гомерінің әке-шешесі де мәлім. Бірінші туғанда ана бесігінде өсті, екінші туғанда Отан бесігінде өсті. Тоқсан мен жүз жастың арасындағы он жылда ұлы Жамбыл Гомер атанды. Оны Гомер атандырған сол Отанның дүние тіршілігін азаттық, теңдік, бақыт арнасына түсіруге арналған ұлы істері еді. Жәкең осыны жырлап Гомер атанды.

Ақын Жамбылдың екі рет туғаны да, түрлі заманда жасағаны да, өмірінің ең соңғы он жылында бүкіл дүние таныған атақ алуы да — Феномен. Сирек кездесетін, себебін осы күнге дейін ғылым таба алмай қойған сыр. Әсіресе, тоқсан жас пен жүздің арасындағы он жылда ақындық дарынның бұрынғысына қарағанда еселеп шарықтап кетуі дүние жүзілік даналардың өмірінен де кездескен емес.

Көбіміз алпысқа толғанда пенсияға көшіп, жетпіске толғанда өмір шекарасының құламасында тұрғандай сезінсек, ұлы Жамбылдың даусы тоқсан жасында шырқап кетті. Бұл жасқа дейін көтерілмеген биігіне көтерілді. Ұлы Отан соғысының тұсында көп ұлтты совет поэзиясында Жамбылдан жоғары көтерілген ақын болған жоқ, Жамбыл даусы күркіреп шықты. Жамбыл сөздері ұранға айналды. Жамбыл сөздері жау жүрегіне оқ болып қадалды. Жамбыл сөздері жоғары командованиенің әмірімен қатар Смольныйдың қабырғасына ілінді. Бұл кезде Жамбыл жүзге таяп қалған еді. Ең алдымен жете түсінер, жете түсіндірер, сыры терең Феномен осы!

Жамбыл өмірге жымия қарап, сынай өскен ақын еді. Оның ойлы көздерінің түбінде қашанда бір сықақ ұшқыны тұратын. Әлденені түсіндіре бастасаң «Мені бір алжуға айналған шал деп отырсың-ау!» дегісі келгендей, мұрт астынан миығы жымия бастағанын сезуші едің. Айта бастағаныңды іліп әкетіп, өлеңмен өзіңе қайта айтқанда ақын жүрегінің ыстық жалынына, ой-сезімінің тереңдігіне таң қалатынсың.

Ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы жетпіс жылдық өмірінде қазақ халқының тіршілігі оған бір ұйқасүйлесімі келмей, ойды бұлдыратып тұрған өлеңдей сезілетін сияқты. Ақындармен айтысқанда, әр елдің ішкі-сыртқы тарпаңдығын сынағанда Жәкең осы жағын жаныштай сөйлейді. Ол бір қисыны қашқан, өз дәстүрімен түзеле алмайтын, өзіндік күш-жігері сарқылып сал-бөк-

селенген, «қайран жиырма бес!» деп артта қалған дәуірін көксейтін өмір еді ғой!

Таң қаларлық бір нәрсе — өзімен тұстас ақындардың бірінде азырақ торығу болса, Жәкеңде ол жоқ. Түн артында күн барына шектенген емес. Қылыш астында, қыл арқан мойында тұрғанда айта алмаған, іркіп қалған сөздері болса қорлана берген, шыңдала берген. Ұлы революция ақынның барлық тұсауын талқандап, тас бұғаудан біржола босатқанда ағыл-тегіл жыр да жосылып жүре берді. Ғылым аша алмай келген Феномен сырының кілті осында. Феномен сыры ашылады екен.

Ұлы Абай он тоғызыншы ғасырдың ақыны. Оның құрдасы Жамбыл жиырмасыншы ғасырдың ақыны, әсіресе, өмірінің соңғы он жылының ақыны. Абай қазақ халқының поэзиясын, тілін, жан-жақты көркем өнерін оң жолға түсірген, тарихи еңбегі бар асқан дана, ұлы ұстаз, қазақ халқының ойын өсіру, сезімін тереңдету, ар-намыс, адамгершілік қасиеттерін шыңдау осы ұстазымыздың қолынан өтті. Қазақ ақын-жазушыларының ана сүті мен қанына тараған деп атарлық тәрбиесі Абайдан келеді. Жамбыл болса, ол жаңарған дүниенің, социалистік өмірдің жыршысы. Отан деген ұлы сөз. Оның айнымас, бұлжымас іргетасы ұлттар достығында. Ондаған ғасырлар бойында орнынан қозғалмаған ескілік үйіндісі мәңгілік бас иер мұраң емес, сорың. Адам баласына социализм деген бақыт келді, фашизм деген жау келді. Ақын даусы «қорған!» дегенде де, «аттан!» дегенде де дүниені жаңғырықтыруы керек. Жәкең даусы осылай шықты. Бір ғасыр жасаған ақын даусы қарлықпастан кетті. Қызарған, бұлдыраған кәрі көз дүние аударыспағын түгел көріп отыратын сияқты еді.

Ақын болсаң қыздырып айт, қызықтырып айт, жылатып айт, күлдіріп айт, күйіндіріп айт! Жел ессін, дария шайқалсын, ой аунақшысын! Қанжардай қадал, оқтай ат, ескілік дүниесі қансырап қалсын!

Бүгжеңдеме, бұқпантайлама, заман жастарын бұқтырмай өсір, арқаланып өссін. Теңдікке еншілес — бірлікке де еншілес, ерлікке де еншілес, Жәкең жырларының рухы осында ғой.

Жәкеңнің екінші рет дүниеге келгені 1934 жыл. Сол жылы, жаздыкүні ақындардың бірінші рет үлкен жиыны болды. Басында тозығы жеткен киіз қалпақ, үстінде ақ көйлек, ақ ішкінім, жалаң аяғында резеңке галош, көк есекке мінген кәрі шал — Жәкең келді.

Ауылға шауып кіретін, ауылдан шыға бере шаба жөнелетін, өнім-өндірісте жұмысы жоқ жалған белсенділер Жәкеңді де біраз жүндеген екен. Көк есегін театр ауласының түкпіріне байлап, жауырынды келген қызыл көз, еңкек шал жиынға кірді...

Жиынға Жәкеңнен басқа үлкен бір топ халық ақындары да келген: біразы Орынбай, Шашубай, Доскей, Қуат, Кенен, Қазанқап, Қалқа, атақты Ыбырай ақынның жиені Тайжан, Молдақмет сияқты қу мүйіздер, басқалары Нартай, Нұрлыбек, Үмбеталы, Иса сияқты топ жарған дарынды, жастау ақындар.

Жәкең сол жиыннан аруақтанып, рухтанып қайтты. Ақын сөзіне үлкен құрмет-қошемет бар екен. Партиямыз бен Совет үкіметі әр халықтың бойындағы ақындық күшін жоғары бағалайды екен. Көркем сөз, көркем өнер дегендеріңіз қай елдің болса да бойында қайрат-жігерінің, ой-сезімінің айнасы сияқты көрінеді екен. Ықтай сөйлер, имене берер заман емес, көкірегіңді кере сөйлер, құлаштай серпер заман. Айта алмаған, іркіп қалған, қорлана берген, өткен заманға қимаған сөзің болса айтар кез, айта алар кез. Сөз асылын дүниеге таратар сара жолдар да көбейген.

Осы сапарынан кейін Жәкең жер құртындай жыбырлаған көк есекке мінген жоқ, күпшек санды күреңге мінді. Жәкеңе ғана жарасар қонымды жылқы еді. Есек мініп жүріп әлемге айғай салу ерсі болар еді. Қазақ ақыны ат үстінде туған ғой. Ақын мен ат, ат пен айғай бірге жаралған. Жарасымды жаралған. Ат үстіндегі Жәкең даусы Алатауымен бірге жаңғырыға шықты. Әлем құлағы жатсырамай тыңдады. Тоқсанға келген қарт Жәкеңнің қайта туып, қайта жасаған соңғы он жылы осылай басталды. Мұны Феномен демеске болмаса керек.

Жәкеңнің тоқсан жасында қайта туғаны Феномен болса, ақындығының қайта шырқап кеткендігін Феникс арқылы түсінуге болады.

Феникс — құс. Ол — адам ой-сезімінің, барлық асылының, даналығы мен адамгершілігінің мұрагері сияқты. Мыңдаған жылдар жасай береді. Өле қалса өртеп, күлін отқа салсаң қайта тіріліп тұра келеді. Өткен өмірін ұмытпайды. Дүниеде қандай асыл ойлар, білім иелері, әділет иелері болды, көркемдік қазыналары болды, бәрі есінде. Екінші тілмен айтқанда Феникс адамзаттың өзінің есі дер едім.

Вавилон патшасының қызы Фармазонта асқан сұлу

екен. Сұлулық тәңірісі Афродитаның (Венера-Шолпан) бейнесін Пракситель сол Фармазонтаның суретіне, тас мүсіндеріне қарап отырып жасаған, бірақ анағұрлым солғын шығарған... Сұлулықпен сұлулықты бейнелеуге болған емес...

Бір кезде Фармазонтаның қолына жиырма жеті мың тоғыз жүз жыл және алты ай жасаған Феникс түседі. Ой-сезімнің, даналықтың, әділеттің ажалы қашанда олақ қолдан келмек. Феникс садақ тарта білмейтін Мысыр патшасының оғына ұшырап өледі. Фармазонта Фениксті өртеп, күлін отқа салған екен. Феникс қайта жаралып тұра келеді...

— Екінші рет туғанға қанша таңдансаң, бірінші рет туғанға да сонша таңдану керек... Дүние болмысы туып, өзгеріп, қайта туғанға толы емес пе?— дейді екен Феникс.

Шынында да ең таңданарлық нәрсе неңің болса да бірінші рет туғаны болу керек. Оның екінші қайталануына жол ашылды емес пе?

Заманалар ауыспағы, жиһангерлер жорықтары талай елдердің тағдырына жосыған із қалдырып отырады. Тозығы жеткен заман апатқа ұшырағанда талай елдің қымбаттысы мен қасиеттісін астына ала құлайды, топырақ астына, күл астына көме құлайды: грек мраморы, Мысыр жазуы, Александрия кітапханасы, көне түрік әліппесі, тағы-тағылар. Бірақ көмген мен көмілгендік біржола өлгендік, өшкендік емес. Жер бетінде ой зираты, поэзия зираты, даналық зираты жоқ еш жерде. Қай заманда туса да асыл ой өлген емес, поэзия өлген емес. Ой мен өлең балаң, балғын кезеңінен өтіп піскен кезде айналасына ұрығын шашады. Ол ұрықтар ойдан ойға қонып, жетіле түсіп, алдағы белдерден асып кете бермек. Тамыр жайып тарай бермек. Сөзге өлім жоқ. Сөз арқылы тараған ойға өлім жоқ. Оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізер адамның өзінің есі. Соның аты Феникс, ақындар қойған ат...

Қазақ ақындығының да талай шаң-боранның астында, талай қырғын астында сөніп кеткен кезі бар. Бірақ оның да жер астында қалған тас көмірдей қызынары бар, тұтанары бар, бір кезде қайта тұтанбақ. Өйткені өлең де адамның есінде сақталады.

Жамбыл жырлары маған талай ғасырлар бойында бір тұтанып, бір сөніп, халқымыздың есінде қала берген, тоқсанға келген ақынның жүрегінде қайта тірілген, хал-

қымыздың өзінің жыры, өзінің сыры сияқты елестейді. Сондықтан да мақаланың аты «Феномен — Феникс» қойылды.

1971 ж.

«ЧУДО!»

Айман, Қыз Жібек, Қадиша, Шұға, Ақжүніс, Баттерфляй, Маро, Ажар, Сара...

Күләш[1] марқұмның қазақ операсының сахнасына алтын шегелермен шегелеп кеткен бейнелері осылар. Сахналық аз өмірінің ішінде осынша көп, осынша дәл жасалған көркем бейнелер дүниелік театрлар тарихында сирек кездеседі.

Бұл рольдерді біздің сахнада Күләштан бұрын ешкім ойнаған жоқ, бұл бейнелерді жасаған жоқ. Бізде мектеп көрген, өзіндік мектебі бар дерлік режиссер да, дирижер да болған емес. Күләштің өзі де музыкалық мектептің есігін ашқан жан емес-ті. Асқан талантты актриса көркем өнерде толып жатқан «таныс-бейтаныстардың» бейнелерін жасау сияқты биік қырқаларға жалғыз асты. Сүйеніш-таяныштары болды, әрине. Бірақ шын мағынасындағы жетекшісі болған жоқ. Талант жолы осылай болмақ, ол жолды тыңнан салмақ.

Бұл рольдерде Күләштан кейін ойнаушылар сахнада жүргенде Күләштің ізімен жүретіндей, Күләшқа ұқсап күлетіндей сезіледі. Көркем өнерде кімге болса да ұқсауға тырысу ең үлкен қате, өзіңді өзің қорлайтын қате. Үйрену жолы бұл емес. «Күләштай қайдан болсын!» «Қалекендей қайдан болсын!» дейтін наразылықтар да сол «із баспадан» туады.

Белгілі жай — қазақ операларындағы қыз тағдырлары либретто бойынша біріне-бірі ұқсастау келеді. Ақжүністен басқасы бәрі де арманына жете алмаған, қара күштердің құрбандығы болған аянышты жандар (Қыз Жібек, Қадиша, Шұға, Ажар, Сара). Бұл опералардың музыкалық арқаулары да қазақ әндері, қазақ күйлері. Бұл әндерде де мазмұн ұқсастығы аз емес. Ал енді, Күләш жасаған алыс-жақын дәуірлердегі қазақ қыздарының бейнелерінде ұқсастық аз да, даралығы басым.

---

[1] Күләштің толық аты — Гүлбаһрам. Гүләш деп орысша жазғанда бір түрлі естілетіндіктен Күләш болып жазылып кеткен.— *Ғ. М.*

Әлсуметтік, таптық таңбалары көмескі емес, айқын. Әрбір ұқсас тағдырдың өрістеу жолы өзіне басқа. Күләш ондайдың бірден-бірін елеусіз қалдырмайтын, сондайлардан көңілге қона қалар мінездеме жасап алатын. Яғни, асқан талантты, оның үстіне таза талантты актриса бейне жасауды жан-жақты ойлайтын, көп ізденетін, таппай тынбайтын.

Күләш жасаған бейнелердің даралығы, нанымдылығы сонша, әрбір жаңа спектакльден кейін Күләш көпке дейін Айман, Қыз Жібек, Баттерфляй, Ақжүніс, Қадиша Ажар, Сара аталып жүруші еді.

Өзіміздің ән-күй негізінде жасалған опералармен бірге классикалық операларда (Татьяна, Баттерфляй) Күләштің бейне жасаудағы шеберлігіне таң қалушы едік. Ұлы Абайдың орыс поэзиясын қазақ жүрегіне қондыра аударғаны сияқты, Күләш та қазаққа жат бейнелерді жатсыратпай сүйкімді де нанымды етіп шығаратын. Қойылмаған дауыспен, ашық дауыспен-ақ классикалық музыкаларды ала беретін. Әсіресе, Баттерфляйдің іші толы сыр, атақты ариясын орындап бергенде зал жарылып кетер ме деп едік. Орыс-қазақты түгел таң қалдырды. Алақандар дуылдап кетті. Айтып жеткізу қиын. Күләш өзі әннен жаралған бір жан еді! Әннен ғана, таза өнерден ғана!

Күләштің даусы күшті дауыстарға қосылмауы керек. Бірақ сол аз ғанасы құлаққа түгел сүйкімді болушы еді. Сол аз ғанасы түгел күмістен жаралғандай ерекше бір сыңғыры, ерекше бір қоңырауы болатын. Тағы да қайталаймын, Күләш өзі әннен жаралған жан еді.

Күләш шыға келгенде сахнаны жалғыз толтырып кетуші еді. Спектакльдің басқа кейіпкерлері ысырылып кеткендей, көзі Күләшқа ғана қадалып қалатын. Әрбір бейнеге ерекше бір мінездеме тауып, сонысын еппен ғана көзіне тоса шыға келгенде, сен оған сеніп қалатын едің. Басқалардың барын салғанда жеткізе алмасына Күләш сезілер-сезілместен артық күш жұмсамайтын. Сол сезілер-сезілмесі (деталь, штрих) сенің ой-сезіміне дәл тиіп, ұялап қалатын. Сен оны қайдан тапқаныңа таңданып, талант алдына бас иетінсің.

«Ер Тарғынның» орта кезінде Тарғынды кезекті құрбандығының бірі етіп болған соң, Ақжүністің тоят тауып жататын бір кезі болушы еді. Сол тұста Мұхтардың былай дегені бар:

— Қарашы, қарашы! Добалдай Тарғынды жығып алып тояттап жатқан Пантера сияқты!— деді.

Бұл Күләш жасаған Ақжүніс бейнесіне дәл табылған төңкеу еді.

Күләштің әйелге тән адамгершілігінде өзге әйелде кездесе бермейтін жылылық, жағымдылық, іші-бауырына өтіп кететін сүйкімділік болушы еді. Қоғамның қай сатысында тұрған адам болсын, оған бәрібір, бәріне де ақ жарқын, ашық жүзді жан болатын. Сахнада жасаған бейнелері қандай сүйкімді, қандай панымды болса, өз өмірінде де сондай, паңдықты, атаққа мастануды, дүниеқорлықты білмейтін.

1936 жылы Москвада өткен бірінші онкүндікте «Қыз Жібек» спектаклінен кейін Күләшті А. В. Нежданова, И. М. Москвин, К. С. Станиславский сияқты ұлы артистер сахнаға шығып құшақтап сүйіп құттықтады. Сол жолы Күләш «Қазақстанның бұлбұлы», «Күләштің даусына теңдесер дауыс бірен-саран-ақ болар»— дегенді сол ұлы артистердің ауыздарынан естіді. Күләш сол жолы жиырма төрт жасында СССР халық артисі деген атақ алып қайтты.

Содан кейін де Күләш паңдық, атақ желігі дегендерді сезінді ме екен?! Жоқ, сезінген жоқ. Әуестенер кез, әуейленер кез Күләшқа соқпай өтті деуге болатын еді.

Бірінші онкүндіктен едәуір жыл кейін мен Күләшқа Москвада кездестім. Москвада Бүкіл одақтық көлемде жас әншілердің конкурсы өткізіліп жатыр екен. Конкурсқа бізден Ермек пен Епонешникова түскен (Ермек бірінші бәйге алып қайтты). Күләш жюри мүшесі, мен өз жұмыстарыммен барғамын. Күләш мені сол конкурсқа алып барды.

Жюриде бірнеше СССР халық артистері, атақты әншілер бар екен. Күләш кіріп келгенде А. В. Нежданова орнынан ұшып тұрып Күләшті құшақтай алып жоғары алып кетті.

— Ты наше чудо! Чудо!— деді атақты әнші. Басқалары Күләшті құшақтауға кезек күткендей, көз нұрларын төге қарасып қалды.

«Чудо!» деген сөзді қазақ тіліне дәл аудару қиын-ақ. Ол табиғаттың заңнан тыс пайда болған бір керемет.

Енді ойлап қарасам атақты әнші Күләшқа ең дұрыс, ең дәл келер баға берген екен. Музыкалық мектептің есігін ашпаған, даусы қырнамаған, сыланбаған әнші өзіміздің әндермен қатар классикалық музыканы қалай

оп-оңай меңгеріп кетті? Театр мектебін көрмеген, үлкен режиссураға кездеспеген адам бейне жасаудың ең нәзік жолдарын өз бетімен қалай тауып кететін еді?

Маған мұның бәрінің жауабы біреу-ақ сияқты сезіледі: соның бәрі Күләштің өзімен бірге туған. Күләштің өзі ән еді, өнер еді. Қайнатары жоқ, қоспасы жоқ, таза талант. Қысқасы «Чудо!»

1972 ж.

АДАЛ ДА ӘДІЛ СЫНШЫ ЕДІ

Сөзі мен ісінің, уәдесі мен орындауының арасында шалғайлығы жоқ, шалағайлығы да жоқ азамат екінің бірі емес, әрине. Ол адал жүректің белгісі, тұрақты қасиет. Ондай азамат айтқанын орындамай құтылар бойтаса іздемейді, уәдесін парыз-қарызсыз орындап тынады. Ешкімнен алғыс та күтпейді, ешкім оған қарыздар да емес. Қайта, алғыс айта бастасаң, қысылып қалады. Марқұм Ілияс Омаров осындай азамат еді.

Ілияс Омаров жиырма жасынан бастап қоғамдық істерге араласып кетті. Есейе келе екі рет министр, екі рет облыстық, бір рет өлкелік партия комитетінің секретары болды. Бірақ ол отырған орнына қарай үлкен де, кіші де көрінген емес. Қайда да жауапкер, қайда да іскер, қайда да заманымыздың үлкен қайраткері, қадірлі азамат қалпынан өзгермей танылатын. Орын оны көркейтпейтін, орынды ол көркейтетін. Ілияс бір орнынан екінші орынға ауысқанда істес болған адамдары құшақтасып қоштасатын да, баратын жерінің адамдары құшағын жайып қарсы алатын. Еш уақытта, ешбір қызметте Ілиястың артынан өсек-аяң, жәбір-жапа, сықақ-келемеж ере жүрмейтін еді.

Өмір оны еркелетіп өсірген жоқ. Әкесінен ана құрсағында айрылды, шешесінен жеті жаста жетім қалды. Оның бер жағы балалар үйі, қатқан колбаса, көк аяздаңған шикі қара нан, қара көже... Ілияс үшін сол қара нан мен қара көже өмір мен өлімнің таразы-таласын шешкенін бүгінгі бұла болып өсіп келе жатқан жастар түсіне де бермес. Бірақ шындықтың аты шындық — Ілияс біздің бір ауыр жылдарда аяқтанды. Оны панасыз қалған кезінен бастап бауырына басып тәрбиелеп өсірген совет мектебі, партиямыз, өкіметіміз. Ілияс өмір бойы сол ана сүтін ақтауды парыз көріп өткен адам.

Ілияс жиырмадағы кезінен бастап-ақ көркем әдебиет пен көркем өнерге жаны ашырдың мінезін көрсете бастады. Қазақ ақын-жазушыларының еңбектерін одан көп оқитын, бақылап оқитын, қуанып оқитын, ренжіп оқитын адамды мен біле бермеймін. Абайдың, Сәкеннің, Ілиястың, Бейімбеттің, Мұхтардың, Сәбиттің, Ғабиденнің, Асқардың, Тайырдың, Ғалидың, Әбділданың, Бауыржанның, Қасымның, тағы басқа ондаған ақын-жазушыларымыздың еңбектерінен Ілиястың көзіне шалынбағаны болмайтын. Әр кездескенде азырақ әзіл қоса, күлдіре отырып сынап та қоятын.

Ұлы Отан соғысының тұсында Ілиястың көзіне бірінші болып шалынып, көңіліне ұялай қалған жас жазушы Баубек Бұлқышев екен. Мен Баубектің бір-екі нәрсесін аударып, газетте жариялап жүрген кезде Ілияс маған: — Мынау бір болашағы айқын, серпінді жазушы болар. Өзі философ екен!— дегені бар. Әбдіжәмілдің, Тахаудың, Сырбайдың, Зейнолланың, Сафуанның әрбір әдеби адымдарын Ілияс қатты бақылап отыратын. Сезімтал жан қуанып та қалатын, ренжіп те қалатын. Менің байқауымша, қуанғанда да, ренжігенде де қателесе бермейтін еді.

Көркем әдебиет пен көркем өнер теориясы жағынан терең білімі бар, талғам-талабы бар Ілиясты Белинский мен Луначарскийдің шәкірті деуге болатын еді. Оның сын мақалаларындағы көзқарастары бұл екеуіне ылғи соғып отырады. Ол көркем шығарманың түр көркемдігі мен мазмұн салмағын екі айырып қараған емес. Жаңашылдықты шығарманың түрінен ғана іздемейтін. Өңеші қызарғанша айғайлап тұрса да сана-сезіміне ұяламайтын жалаңаш ұранды көркем әдебиет деп танымайтын. Қазақ көркем әдебиетінің өсу беталысын тек қана өзіндік дәстүрдің шеңберінен іздеуге қарсы болушы еді. Ол қазақ жазушыларын XIX ғасырдағы орыстың ұлы әдебиетін мектеп етуге шақырумен өтті. А. Фадеевтің, Л. Леоновтың шығармаларына сын жазуы да осы арманымен тығыз байланысты болатын.

Ілиястың әдебиетке қояр талабының бағыт-бағдарын, кімдермен әуендес болғанын аңғартатын бір мысал келтірейік:

Барвихада дем алып жатқанда Ілиясты А. Фадеев іздеп тауып алыпты. (Ол да сонда демалыста екен.)

— Сен жазушымысың?— деп сұрапты Фадеев.

— Жоқ.

— Мына кітаптардың бетін сен шимайладың ба?— деп Фадеев Ілияска үш кітап ұсынады.

— Ие, қол менікі сияқты..,— дейді Ілияс қызарып кетіп.

— Мойныңа алғаның қандай жақсы болды... Әйтпесс, мен өзім шимайлаған шығармын деп ойлауға жақын едім,— депті Фадеев.

Әңгіме былай болған екен. Ілиястың кітапты қолына қарындаш алып отырып оқитын әдеті бар-ды. Сол әдетімен Барвиханың кітапханасынан алып оқыған кітаптарының беттеріне толып жатқан таңбалар қалдырған екен: таңданғаны бар, мақтағаны бар, ұнатпағаны бар, «жала», «өтірік», «саудагерлік» деген сөздер де бар көрінеді... Қалың бір кітапты оқып шыққан соң аяғына: «Там, где кончается творчество, начинается работа». В. Г.— деп жазылған. Айта кетелік, шикілі-пісілі, жарымжан кітаптарды Ілияс Белинскийдің осы сөздерімен қысқа ғана бағалайтын. (Қазақ тілінде оқып шыққан талай кітаптарының аяғында «Қамысты бір кісідей шабар едік, бірақ шаба алмаймыз ғой,»— деп жазылған, қалжың түрінде айтылған өткір бір сыны тағы болатын).

Кітапханашы шимайланған кітаптарды алып Фадеевке келеді:

— Сіздің бір жазушыңыз кітаптарымызды бүлдіріп барады. Төрт күнде үш кітапты шимайлап тастапты,— дейді.

Фадеев кітаптарды ашып қараса, беттеріне түскен таңбалар айна-қатесі жоқ өзінің қойып отыратын белгілеріне ұқсайды екен: өзінің таңданатын, өзінің мақтайтын, өзінің ұнатпайтын жерлеріне қойылыпты. Фадеев айыпкер өзім екенмін деп қалып:

— Кешіре көріңіз, сондай бір жаман әдетім бар екені рас. Ендігәрі оны істемеске уәде берем. Мына кітаптарды маған қалдырып кетіңіз, мен қол тимеген жаңаларын тауып берейін,— дейді.

Кітапханашы:— Жоқ, жоқ, Александр Александрович, бұл сіздің кінәңіз емес, бұл кітаптарды сіз алған жоқсыз, Омаров деген жазушы алған. Аты-жөні тіркеулі тұр. Соны тәртіпке шақырып беріңіз,— дейді.

Ілияс Фадеевпен осылай танысып, әдебиетке көзқарастары үйлесе кеткендіктен достасып та кетіп еді. Фадеев кездескен сайын:—«Данышпан (мудрец) Омаров қалай тұрып жатыр?»— деп сұрайтын. Қалай кездесіп, қалай танысқандарын естіген емеспін, бірақ Леонид

Леоновпен де әдебиетке көзқарастары үндес шыққандығы арқылы достасып кетіп еді.

Әр кезде жауапты қызметтерде жүретін Ілияс Омаров жолдасқа біз ұзақ жылдар бойында әдебиет пен мәдениетіміздің жанашыры, досы, тілектесі деп қарап келдік. Театрда жиі кездесетін, жаңа шыққан кітаптарды үзбей оқып отыратын адамдарымыз аз емес қой, Ілиясқа да солай қарап жүрдік. Анда-санда әдебиет пен көркем өнер жайында күрделі мақалалар жазып, аумақты ойлар айтып тастағанымен Ілияс өзі де сыншымын деп ойламайтын. Мақтана білмейтін адам, мақтағанды да ұнатпайтын. Сондықтан да ол Жазушылар одағының мүшелігіне өте кешеуілдеп келіп алынды.

Енді таразыға тартып қарасақ, Ілияс Омаров әр кезде озық ойлар салып, жазушының да, оқушының да талғамталабын тереңдетіп отыратын әділ сыншылардың бірі екен. Әдебиет тіршілігінде түшкірікпен кететін тымаулар, түп төркіні әріден келе жатқан қышымалар, «алаштың аты озғанша ауылдастың тайы озсын!»— дейтін көзқарастар кездесе береді. Ілияс марқұм мұндайлардың бәрінен де таза адам еді.

Ілиястан қалған әдеби мұра әлі түгел жиналып болған жоқ. Ілияс туралы айтылар сөз де түгел айтылып болған жоқ. О да кезінде жинақталып айтылар. Әзірше, жалғыз-ақ ескерте кетерім — марқұм Ілияс Омаров әрі кең серпінді мемлекет қайраткері, әрі терең ойлы, адал да әділ әдебиет сыншысы еді.

1972 ж.

ҚАНАТТАС БАУЫРЫМ, БАҚЫЛ БОЛ!

Өлім туралы айтылар сөздің бәрі де ауыр, қиналып айтылатын сөздер.

Бүгін, қадірлі халқымыз, қазақ совет әдебиетінің, қазақ совет мәдениетінің, қазақ совет ғылымының тағы бір алып арыстаны құлап түскен күн.

Бір өзі бір библиотека кітап жазған, бір өзі бір елдің басынан кешкен бір дәуірін қамтуға құлаш ұрған, әр дәуірдегі елдік-ерлік тіршілігін, ой өрісін, сезім тереңдігін көрсете алған, теңдесері сирек кездесетін қалам еңбекшісі, көп ұлтты совет әдебиетінің алдыңғы қатардағы көрнекті жазушыларының бірі, атақты Сәбитпен, атақты

Сәбит Мұқановпен қоштасқалы тұрған қаралы күніміз, өкінішті күніміз.

Халқымыздың мерейі үшін, бақытты заманы үшін жарты ғасырдан астам қаламы қолынан түспеген жазушы Сәбит Мұқанов ұлы революцияның от-жалынды толқынында туған үркердей ғана азғана топ — аға жазушылармен бірге көтеріліп еді.

Ол топ көп болмаса да көптей еді! Ол талаптылар ішінен талант көзін таба білген топ еді. Жиырма жасында партияға кіріп, өмірлік еңбегінің бұлжымас бағыт-бағдарын ерте белгілеп алған Сәбит сол топтың қақ ортасында болатын. Бәріміз де сол топқа қарыздармыз.

Сол, көп болмаса да көптей болған азғана топтың құнарлы еңбектерінің арқасында елдік іргеміз бекіген-нен кейін бес жылдың ішінде қазақ көркем өнерінің сахнасы ашылды. Романдар туды, поэмалар, драмалар туды. Он жылдың ішінде қазақ совет әдебиеті барлық совет халқына танылды, кино өнеріне бірінші қадамдар жасалды.

Соның бәрінде де жазушы Сәбит Мұқановтың ұланбайтақ үлесі бар. Сәбит қазақ совет әдебиетінің, сонымен бірге барлық көп ұлтты совет әдебиетінің тас іргесін қолынан қаласқан жазушы!

Жазушы Сәбит Мұқановтың қаламынан туған еңбектер өз алдына бір энциклопедия! Сәбиттің оң қолы ақ қағаздың бетінде миллиондаған километр сапар шекті. Қағаз бетіне Сәбит қаламынан түскен барлық әріптердің бүгіліс, түйілістерін жазып жіберіп өлшесек, бүгін қозғалыс-қимылсыз жатқан оң қолдың қағаз бетінде неше миллион километр із қалдырғанына таң қалар едің!

Бірақ ол жай із бе? Жоқ, ол ойлар ізі, көркем сөз ізі, қадірлі халқымыз, сенің ойларың, сенің армандарың, сенің ерлігің!

Көркем сөзі бар болғырдың өзін орақпен орып, күрекпен күреп ала алмайсың! Оны бір-бірлеп тересің, бір-бірлеп тізесің! Жылтырағанның бәрі алтын болмай, жарқырағанның бәрі жауһар болмай шығатыны тағы бар. Жарты ғасырдан астам өмірін жазушы ағаларың Сәбит осындай еңбекке берді.

Көркем сөз суықта да өседі, ыстықта да өседі, күндіз де өседі, түнде де өседі. Тек, ақ мамық төсекте өспейді, әлпештеген алақанда өспейді. Сынсыз өспейді, таластартыссыз өспейді. Кейде қате, кейде бата тисе де бұл екеуі әдебиет өсуінің негізгі шарты. Әдебиетіміздің, жас

таланттарымыздың өсу-өркендеуіне жарты ғасырлық өмірін түгел бағыштаған Сәбит еңбектерінен осыны көреміз.

Алдымызда арыстандай болып жатқан ардақты Сәбит өз елімізде болсын, барлық совет халықтарының шеңберінде болсын, атақ-даңқы кең тараған, шексіз құрмет-қошамет иесі болған жазушы еді. Шет елдерге де кең тараған Сәбит еңбектері. Сәбит романдары әр кезде Совет еліне абырой-атақ, мақтаныш әкелетін. Қазақ жазушыларының ішінде халықтың сүйермен көзімен қарасақ, Сәбитпен теңдесері сирек кездесетіні де бәріңізге мәлім.

Жазушы Сәбит Мұқанов жазушылық еңбек қамытынан бір күн мойнын босатпаған жан еді. Барлық арманы да, өзін-өзі арнағаны да жазу еді. Оның аты миыңды қашап, ойында оянып, жүрегіңнен қайнап шығар сөз — жазушының ең үлкен қуанышы, халқының алдындағы парыз-қарызын аса жауапты сезіну деген сөз! Ойланып қарасаң бұл қай жазушыға үлгі болмайтын мінез!?

Сәбит, адам тіршілігі көзімен қарағанда да, жазушы тіршілігінің көзімен қарағанда да армансыз адамдардың бірі. «Ұлын ұяға, қызын қияға» дегендей, бала-шағаның бақытты болар өмірін дер кезінде орнықты шешті. Артында орнын жоқтатпайтын асыл жары, асыл аналық Мариям бар!

Сәбит үлкен дарынның ғана қолынан келер еңбектер қалдырды. Сәбит қалдырған мол мұра, қайталап айтам, энциклопедияға тең!

Жоқ, жоқ! Армансыз өткен жазушы болмақ емес. Адам тіршілігі жылдармен есептелсе, шығармалық өмір мәңгілікпен ұштасып жатады. Сәбиттің қаламында қанша ойлары кеткенін біз білмейміз! Менің білерім бар жазушының соңғы сөзі айтылмай кетеді.

Парижде шығатын «Экспресс» газеті заманымыздың асқар суретшісі, атақты Пабло Пикассо жайында «жақындарының айтуынша Пикассо ең соңғы күніне дейін жұмысын тоқтатпаған екен»,— деп жазды.

Сәбит Мұқанов ең соңғы тыныс-демі тоқталғанша қаламы қолынан түспеген жазушы.

Соңғы рет ауруханаға түсерде қалам-қағазын ала кеткен. Сол қалам, сол бір түп қағаз ауруханадан Сәбиттің өзімен бірге шығып, үйге қайтып келді. Сол қаламның ұшында Сәбиттің қандай армандары айтылмай қалғанын біз білмейміз!

Сәбит, сен енді мына бір сөзге өзің құлақ сал:

Бес күннен бері сенімен бүкіл Совет Одағындағы кең байтақ елің қоштасып жатыр. Жиырма жасында кірген Коммунистік партияң қоштасып жатыр. КПСС Орталық Комитетінің Генеральный секретары Леонид Ильич Брежнев жолдас сенің басыңа қоюға өз қолынан венок жіберіпті. Бұл әркімге көрсетіле беретін қошемет емес!

Жиырма жасында өз қолыңмен құрысқан өкіметің қоштасып жатыр.

Жиырма жастан араласқан баспасөзің қоштасып жатыр.

Қазір сені соңғы сапарға шығарып салуға келген партияң қасында, бүкіл совет мәдениетінің өкілдері қасында, көз жасын құрғата алмай қойған ел-жұртың қасында.

Осы құрметті жұртыңа сенің атыңнан, қазақ совет әдебиетінің атынан, қадірлі жарың Мариям мен балашағаңның атынан қат-қат рақмет айтуға рұқсат ет!

Бала жастан сырлас, кәрі жолдас Сәбит-ай! Біз керіссек, ел ренжіп қалушы еді, біз келіссек, ел қуанып қалушы еді!

Қош бол, қанаттасым, қош бол! Бақыл бол! Бар достығымды, бар қолымнан келерді сенің еңбектеріңе, өмірлік жарың Мариямға көрсетермін!

Қош бол, қош! Жер-анаңның құшағында ғана емес, ел-жұртыңның құшағында қала бер, жасай бер!

1973 ж.

ТАЛМАЙ ІЗДЕНІҢДЕР!

Жиырма бірінші ғасырға қарай алқына тартқан уақыт арғымағына үзеңгі салып тұрып, бүгініміздің мәртебесін көтеріп, ертеңіміздің еңсесін өсірер өмірге өшпейтін із тастайтын өткенімізге толқып тебіреніп тұрып көз жіберуге тура келеді. Адамзаттың ұзақ ғұмырында дәл біздің дәуіріміздей күрделі кезең болған емес. Ала құйын заманалар заңғарына тартқан салқар көш ұлылықтың да, тағылықтың да, зорлық-зомбылық пен көрегендіктің де сан көріністеріне кез болып жүр. Көнекөз тарих революциялық рухқа толы жиырмасыншы ғасырды өзінің беттеріне алтын әріппен жазатын шығар.

Тегеурінді төңкерістің қуатты толқындары біздің ұрпақты дауылымен де, жауынымен де, өртімен де, сертімен де шындап өсірді. Мен сол дауылпаз дәуірдің түлеткен түлегі болғаныма қуанбасам, өкінбеймін. Ғаламат ғасырдың нық шегесі болған қаншама жайсаң жандар, асыл азаматтармен үзеңгілес болдық, болып келе жатырмыз.

Түндіктен сызаттап түскен сәулені Октябрьдің шұғылалы алтын шапағы алмастырды. Дала дабыл қақты. Арманды алыс күнге аттанғандар арасында біз де кете беріппіз. Әуелден дарынға дарқан қазақ халқы «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалайтын заман» әкелетін ұлы қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге елгезек, сергек келген. Оның бойындағы ес біліп, етек жапқаннан бері ғасырлар тізбегінде тірнектеп жинаған бар асыл қасиеттер революциямен жақұттай жарқырап, керемет ашылып көрінді. Ол жалғанның жалғыз шырағынан шашыраған нұрдай жүрегімізге нәзік сәулелерін таратып жатты.

Кім болсаң ол бол, бірақ халқыңның адал азаматы, парасатты перзенті болу керектігі санамызда сонда сеспіліс әкелген шығар. Көл-көсір көңілі, ертеңге ендеген өскелең өмірі бар ел, киелі топырақ уақыт желімен желкілдеген жас желектерді терең тамырлатты. Теперішті көп көрген біздің толқынның тағдыр тауқыметіне қасқайып қарсы тұруында үлкен заңдылық бар.

Мен әдебиетке келгенде қазақ совет әдебиетінің бастау қайнарларында тұрған Сәкен мен Бейімбет, Ілияс пен Мұхтар және Сәбит ысылған қаламгер еді. Қанатымен қақпай, демей, желеп-жебей жүретін әркімнің бір пірі, пайғамбары бар. Жастайымнан құлаққа құйғаным, ұйығаным — сөз, сөз болғанда да, ана сүтімен қанымызға сіңген ой інжу-маржаны — поэзия.

Қазір қай тақырыпты қамтып, қайсысын тындырғанымызды кесіп-пішіп айту оңай емес. Әйтеуір, ат жалын тартып міңгелі бері өзімді алдында зор борышкер санайтын халқымның қилы-қилы кезеңдеріне көз жүгіртіп, қалам тарта жүріп сезген, сезінгенім сонша, азаматтық парыз жауапкершілігімді жеңілтпей, қайта ауырлатып алгандаймын.

Қазақ әдебиетінің балаң дәуірінде деміне нан пісу деген дерт жоқ болатын. Көптеп, көмектеп жүріп (жанр таңдауға уақыт қайда) ұлттық көркем ойдың көкжиегін кеңейтуге ат салысқан азаматтар қаншама.

Осы күні біз отыздағыны емес, қырықтағыны, шартты болса да, жас деп атауға етіміз үйреніп кеткен. Ойландаршы, сүйікті сезімдерді суыртпақтататын Сәкен де, Ілияс та, Бейімбет те қырықтан сәл асқан шағында опат болды. Олар қылшылдаған сол шағында әлі тұрған сияқты. Бірақ солар қанша тындырып үлгерді!..

Жабыла көтеріп, онсыз да қиямет қаламгер жүгін жеңілдетіп кеткен жоқ па?! Ұрпақтар өмірінің ұласуына тәлім, ғибрат іздесек осы. Олар жастығына қарамай жас қазақ әдебиетінің қасиетті қақпасының алтын кірпіштерін қалады. Алысқа бастар асыл мұраттардың мұрагерлері бұны ұмытпағаны ғанибет.

Жаңа заманның жас төлі бақытты болуы үшін талай гажап өмірлер ұлы мұраттар жолында құрбан болды. Бүкіл адамзаттың келешегі — жас жеткіншектердің қандай идеал негізінде тәрбиеленіп, калай өсуіне, кемелденуіне байланысты. Советтік өмір шындығы интернационалистік бауырластықты бекер алға тартып отырған жоқ. Бүгінгі күнде барған сайын әдебиеттердің өзара байланысы мен өзара әсері нығайып қана қоймай, жаңа тарихи қауым арасындағы нәзік қоғамдық қатынастар күшейіп келеді.

Осы құбылысты жүрек сызаты арқылы өткізіп отырған суреткерге ұлық болсын, кішік болсын үлкен жауапкершілік артылып отыр. Оның түп төркіні халықпен бірге, партиямен бірге тығыз байланыстан өрбиді.

Ұлттық әдебиетіміздің жас жасақтары жауыннан кейінгі жауқазындай өсіп, қаулап келе жатыр. Олар сөз қадір-қасиетін нәзік танып, кең толғайды. Өсер ұрпақты беттен қағып, қағажу көрсетіп отырған ешкім жоқ.

Бүгінгі жастардың бойынан өз жастығымды көргендей боламын. Оларға жастық жалын, қызу қан тән. Таза табиғаттың еркебұландары. Әмсе дәстүршіліктен жаңашылдық туады. Тосырқамай, торсаңдамай жас буынға жанашырлық ету міндет. Мен жастарға: «Алдарыңда таудай талап тұр. Өмір заңғарлары үнемі биікке шақырады. Оған жету үшін талмай ізденіңдер!»— дер едім. Жастарға тоғышарлық, бойкүйездік дертінен аулақ, сергек, сезімтал болған жарасады.

1974 ж.

АВГЕЙДІҢ АТ ҚОРАСЫНАН БАСТАЙЫҚ

«Бұдан былай огурци деп жазылатын болса мен оны жемей-ақ қоярмын».
Леонид Леонов

Қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-ой тереңдігі, санасезім сергектігі көп салалармен тармақтана — молыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді. Ана тілі қорлана береді, ажарлана береді. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі ғасырлар бойында жасала да береді, жасара да береді. Тіл диалектикасы — жасаған сайын жасара беруінде. Ана тілі дегеніміз — сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады.

Тіл сөйлеу-сөйлесу, оқу-үйрену, жазу-сызу арқылы өседі. Бұл үшеуінің бірде-біріне көңіл аудармау ең үлкен қылмыс.

Салтыков-Щедрин ыза болады: ф әрпіне тілдерің еркін-ақ келеді. Солай бола тұра, неге «хунт» дейсіңдер? Х әрпіне де тілдерің келеді. Солай бола тұра, неге «фуост» дейсіңдер?— деп ызаланады. Мен де әуелі сол сөйлеу-сөйлесудегі дөрекіліктерден бастағым келеді.

Қазақстанның әр жерлерінде сөздің мағынасын бұзып сөйлеушіліктер бар. Солардан біраз мысал келтірейік.

«Өзіміз молдаға оқып едік, баламыз мектепке оқып жүр».

«Қызым жетінші класс оқып жүр».

Бұл сөйлемдер қайда, қайдан оқып жүр, нешінші класта оқып жүр деген сұраулардың жауаптары екенінде жұмыс жоқ. «Молдадан» оқыдық, «мектепте оқып жүр», «жетінші класта» деуге тілі келмегендіктен емес, тіпті түсінбегендіктен де емес. Бұл баяғы «біздің ауыл осылай сөйлейдінің» салдары.

«Бұрын *райкомтұғын*. Осы күні совхоз *боп қапты* ғой».

«Болатұғын» деген сөздің бас жағы кесіліп қалыпты

да, «болып қалыпты» делінетін сөздер ортасынан омырылған. Тегінде осы «тұғынды» тастап, болатын, келетін деп жазу дұрыс-ау деймін.

«Түске шекейін мағазиндерде жүріп ем, кешке шекем кір жудым».

Осы «шекейін» мен «шекемдер» оп-оңай тұрған «дейіннің» айырбасы.

«Әне ерде отырған со ма десем; міне ерде отыр екен. «Ән жерде, мін жерде» деп те айта береміз.

Ана жерде, мына жерде делінетін ап-айқын, оп-оңай сөздердің қалай бұзылып кеткеніне таң қалғандайсың.

Менің бір қадірлі досым дастарқан үстінде —«жесей, ішшей, іштеңке ғымайды», деп отырады, әрі-беріден соң — «жемесің бар, кемесең етті» деп күштеңкіреп жібереді.

Күнбе-күнгі сөйлеу әдетімізде «барғам, жазғам, айтқам» дей береміз. Осы сөздердің аяғын осылай доғару елеусіз кіріп алып, ең көп тарап кеткен әдет. Елеусіз кірген дерт енді елемесек есейе бермек. Сондықтан мұны елемеуге болмайды. Сөйлескенде де, жазғанда да — барғамын, жазғамын, айтқамын — дейтін болайық.

Мен «оңтүстік, солтүстік» деуге де қарсымын. Бұл да бұзып алған сөздеріміз. Мұның дұрысы «оңтұстық, солтұстық» болу керек. Түстік емес, тұстық. Оң тұсымызда, сол тұсымызда... Түскиіз емес, тұскиіз. «Күн осы күні мына тұстан шығады, мына тұстан батады». Түс кезі, түстік дейтініміздің өзіндік мағынасы бар.

Сөйлеудегі осы сияқты ерсі мысалдарды топтап әкелуге болады. Мұнда әдейілік жоқ, әрине. Сөз бен сөйлемге, оның аржағында ана тіліне мән бермеушілік бар. Олай болса, әдейілік жоқ болғанымен ана тілінің алдындағы күнәда олқылық жоқ.

Сөзді қалай болса солай пайдалана берсең, сөздің жүзі мұқалып, ұшы майрылады да, айтайын дегенің құлаққа қонбайды. Абай айтқандай, көңілдегі көрікті ойың айтуы келіспесе түккә тұрмай қалады.

Жиырмасыншы жылдардың ішінде әдебиетімізге «қайдам» деген сөз кірді. Қазір ол көп жазушылардың еңбектеріне кіріп алыпты. Тіпті орыс геройларына «қайдам» деген сөз беретін жазушыларымыз да бар. Бұл бір қия алмайтын құнды сөз емес, «қайдан білейін» деген сөздің заңсыз қосындысы. Бір сөздің соңғы әрпін жойып жіберіп (қайдан) басқа бір әріп қоса салсаң (қайдам) ол жаңа сөз болып шықпайды.

Сол жылдарда «құсап» деген бір құсық иісі келетін сөз қосылды: «ит құсап», «жазушы құсап», «адам құсап»... Адамға ұқсап, жазушыға ұқсап делінетін сөздердің тұрпаты бұзылды да кетті.

Осы күнгі оқушы балалар ең алдымен қай сөздің қалай жазылғанына қарап оқиды. «Қайдам» дегенді «қайдан білейін», «құсап» дегенді «ұқсап» деген мағынада түсінетін болады. Оның аржағы түсінікті ғой...

Берірек келе — жазира, салиқалы, салауатты жыр, музыкалық хабар, қоғами, «сыни пікір», «мақамшылық өнері» деген жаңылыс алынған сөздер қосылып келеді.

Жазира — арап тілінде «арал» деген сөз. Оны біздің жазушылар гүл бақшалы жер үйек мағынасында алып жүр. Бұл дұрыс емес.

Салиқалы деп мақтау үшін алдымен осы сөздің «салиқа» деген түбірі немене, соны білуіміз керек. Ондаї түбір табылар емес. Ал, салиқалы деген сөздің өзін алсақ, бұл бір Шахмет мархұм айтқандай — ухам сомнение, құлаққа жағымсыз, мағынасыз сөз.

«Салауатты жыр»— тіпті өрескел алынған. Біз молладан оқып жүрген кезімізде бейсенбі күні салауат айтқызатын:

«Қайрауат, уа қайрауат,
Бір алладан шафағат.
Алламызға мүнәжат,
Пайғамбарға салауат...»

Сол салауат енді көркемдік түсінік орнына алыныпты. Поэзияның көркемдігін бағалау үшін салауатқа жүгірудің түк орны жоқ.

«Музыкалық хабар» деген де дұрыс емес. «Хабар» өз мағынасын дәл басып тұрған орнықты сөз. Музыка арқылы ешбір хабар ала да алмайсың, бере де алмайсың. Ән тыңдайсың, күй тыңдайсың, қысқасы ол хабаршы емес, көркем өнердің негізгі бір арнасы. «Музыкалық программа» деп алуымыз керек.

Соңғы жылдардың бірінде «қоғами» деген термин алынды. «Қоғамдық» деген, өз мағынасын дәл басып тұрған сөзіміз барда құйрық жағын аравизм мен фарсизмге қарай бұландатып тұрған «қоғамиды» неге алғанымыз түсініксіз-ақ.

Осы «қоғами» алынғаннан кейін бір жас сыншы «сыни пікір» деп жазып еліктей кетті. Сонымен, аравизм мен фарсизмге қарай «қоғами» құйрығын екі рет бұландатты. Тап осы «қоғами» керек емес.

«Гәкку» деген бір әншілер тобын басқарып телевидениеге шығып жүрген Әминә Нұғыманова қарындас «мақамшылық өнері» дегенді музыкалық термин ретінде жиі-жиі қолдана бастады. Тегінде ғылымдық еңбек жазып жүрген болар. Осынысына жұрттың құлағын үйрете берейін дегендей, ән салатын қыздармен шықса да, дауыстары барқыраған әлдекімдермен шықса да «мақамшылық өнерін» қайталап-қадағалап қояды.

«Мақам» ең алдымен құранды қалай оқудың сазы. Мысыр мақамы, Бұхара мақамы, Түркстан қазіретінің мақамы аталатын мақамдар болды. Ұйғыр халқында атақты он екі мақам бар. Бұл музыкалық әуендер екені даусыз. Бірақ қазақ тіліне «мақам» дегенді, әсіресе «мақамшылық өнері» дегенді кіргізем деп ойлау әрі орынсыз, әрі өмірсіз талап. Өзімізде бар ән, күй, саз, әуен, әуез деген атаулар «мақамнан» анағұрлым түсінікті емес пе?

Діңкеге тиіп жүрген тағы да біраз жеке сөздер, сөйлемдер бар: «о да кеп пе?», «Со ма екен кеген?» «Бұ да со ма?», дей береміз. Жазылған еңбектерде «кеген» деп жазғанды кездестіргенім жоқ. Ал енді «кепті», «бопты», «о да», «бұ да», «со да», «со малар» екінің бірінде кездесе береді. «Ол», «Сол», «бұл» дейтін жалғыз буынды сөздердің жартысын кесіп тастаған соң несі қалсын? Домаланып басы ғана қалмасқа шарасы не? Айтуға да, жазуға да жеп-жеңіл сөздер тал түсте қиянатқа ұшырап бейшара болып қалды.

Кейбір жазушыларымыз «содан соң» деген толық қанды, айқын мағыналы сөзімізді кескілеп-турап «сосын» деп жазады. Бұларынан жаңа ұғыныс туып тұрған жоқ. бұрынғы бір дүдамалдау ұғынысты аша түсу де жоқ, мағынасы айқын сөздің тұрпатын бұзу ғана бар. Осы «сосын» Әбдіжәмілде көп, Асқар Сүлейменовте аяқ алып жүргісіз, Мұзафарда да баршылық.

Көркем әдебиетте әрбір сөздің өз тұрпаты сақталуға тиісті. Тілге бай, тілі жақсы дегенде ешбір жазушы жаңадан сөз тауып, сонысымен бай, сонысымен көркемдікке жетпейді. Халқының тіл байлығында бар сөздерді дұрыс тұрпатымен пайдаланып, сол қордан алынған сөздерден жаңа теңеулер, жаңа бейнелеулер арқылы тілге бай, тілге шебер деп аталады. Әсіресе, дауысты дыбыстар мен дауысты буындарды кескілеу сөздің тұртпатын бұзумен бірге сөйлемнің ішкі ырғағын да бұзады. Ат жорғалап келе жатып шауып кетсе, желіп келе жатып сүрініп

кетсе қалай көрер едік? Сөйлемнің ырғағын бұзу да соған ұқсайды.

Тіліміздің қорында бар сөздерге жаңа мағына беру жолындағы табыстарымызға мен Ісләм Жарылғаповтың «көрермен, оқырман, аялдама» деп қосқандарын орынды да орнықты көремін. Мұхтар Мағауиннның «ірінді суы» да сондай, белгілі түсініктің мағынасын дәл береді.

Бізде қақ аталатын, шалшық су, жайдақ су деп аталатын сулардың бәрін де ірінді су деген дұрыс көрінеді.

Біраздан бері жалпы мағынасындағы искусство дегенді өнер деп атап келеміз. Ана тілімізде сақина-білезік соғуды да өнер дейміз. Арба-шана істеуді де, үй жонуды да, етік тігуді де өнер дейміз. Туындысы — өнерші. Дұрысында искусствоны басқа өнерлерден айырып — көркем өнер деуіміз керек. Оның ішіне сурет, музыка, сахна, экран, би өнерлері ғана кіретін болсын. Көркем әдебиет деген сияқты көркем өнердің де өзінің асыл тегін көрсетіп тұратын атауы болғаны дұрыс.

Енді азырақ кейбір жазушыларымыздың тілдеріне оралайық. Жұмағали Рамазанов деген біреу француз жазушысы Д. Бартонның «Тәсіл» деген қысқа әңгімесін аударып «Қазақ әдебиеті» газетіне жариялады. (30—V—75)

Жұмағали аудармасын «Жайма-шуақ таң сәріде...» деп бастайды. Таң сәріде «жайма-шуақ» болмайтынын білмейді-ау деймін. «Жайма-шуақ» деп кешегі, не болмаса бүгінгі күннің райлық сипатын айтады. Тегінде мал жаюға болатын қысқы күннің шуағын айтады. Таң сәріге де, тұтас алғанда түн мезгіліне қатынасы жоқ.

«Мен қашырымның құйрығын иісі бар мөлдір маталы жалбызбен майлағанмын»,— деп жазады аударушы.

Иісі бар мөлдір маталы жалбызы не болғаны сонда? Мөлдір деп суға айтылады, матаны мөлдір дегенді бірінші естуіміз!

Көркем әдебиет кәсіпшілікті көтермейді. Қорлауды одан әрі көтере алмайды. Түптеп келгенде ол кәсіп тоқталады. Қорланған өзің боласың. Әттең, әдебиетті оңай кәсіп көретін адамдар әзірше азаймай келеді. Жұмағали Рамазанов жалғыз емес, жүздердің бірі.

Оралхан Бөкеев үлкен үміт күтетін жас жазушыларымыздың бірі. Өнімді де ұтымды жазады. Тақырып шеңбері кең, айтар ойлары бар жазушы. Жақында оқырман қауымның тілегіне орай, Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығын да алды. Бірақ, өзінің тіл қорына

Алтай, Қытай казақтарының ескіріп топастана бастаған тілдері әсер еткен бе, қалай, Оралханның тілінде шұбарлық түйіртпектері бар. Мысал келтірейік:

«Пошымы, нәшіні, албаты, кейуана, мүрлеу, бебежік, тоқайрау, самырсытып, көргейлеп, бейқарар, бейнақақ, мауырт, сіңіртік, паруай...» Менің ойымша, бұл сөздердің бірде-бірі бүгінгі өскен әдебиетімізге де, тілімізге де орналаса алмайтын болар.

Сол шұбарлық Оралханың сөйлем құруына да теріс әсерін тигізіп отырады. Мысалы:

«Сұркай сұсты...

Сұп-сұры бұлт сықастыра...

Садақбайдың ала-сапыран паруай жүзіне...

Ауыл жақты қарауылдай байырқалап...

Олардың сұп-сұры жүзі, арбиған арық қолдар мен сіңіртік сирақтар, көлгіреген аппақ кебіндері...

Мен бағанағы әйелім әзірлеген кеспені еске алдым. Оны жездем жолдаған қаздың етіне пісірген едік...

Жесір әйелдің мұңдықты басы қалды...»

Алдыңғы сөйлемдердің одағайлығы өзінен-өзі айқын тұрғандықтан, мен соңғы екі сөйлемге тоқталғым келеді.

Кеспені қаздың етіне пісірген едік деуге болмайды, Оралхан. Қазды жездең жібергенмен де болмайды. Кеспені етке салады. Сонда ол кеспе салып пісірген қаз еті деген тамақ болады. Кеспе, іңкәл, құлақнан, күлшетай деп аталатын нандардың бәрі де етке пісірілмейді, етке салынады.

«Жесір әйелдің мұңдықты басы қалды» деуге де болмайды. Ең алдымен мұңдықты емес, мұңды деп жазу керек. Сонда сөйлем «жесір қалған мұңды әйелдің» деп басталады. Екінші, сіздің сөйлем құрауыңызда әйелдің өзі емес, басы ғана қалған болып тұр. Сіздің айтайын дегеніңіз; «ері өліп жесір қалған мұңды әйел жалғыз қалды» емес пе?

Бізде басылып шыққан кітаптарды кезінде оқи қою, әсіресе қолжазба күйінде оқып, өңдеуге жәрдемдесу сиреп бара жатқан әдет. «Писатель пописывает, читатель почитывает».

Бір кезде Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Сәбит, Ғабиден, Ғали, Асқар, Әбділда, Жақан, Тайыр,— бәрінің де қолжазбаларын баспаға берілмей тұрып оқып шығып, айтысқа, пікір алысуға салушы едік. Осы аталған аға жазушылардың бірде-бірінің бір кітабы баспаға дейін

оқылмай кеткен емес десем өтірік айтқан болмауым керек.

Академиямызда, университетімізде, педагогика институттарында әдебиеттің ірі мамандары бар. Тіл-әдебиет факультеттерінде болашақта ақын-жазушы болатын студенттеріміз бар. Біз солардың ортасына бір түспей, жазғанымызды баспаға ұсына алмайтын едік. Соңғы жылдарда осы игілікті әдет біржола тоқталды десем, мұным да жапқан жала бола қояр ма екен!

Тарихи тақырыптарды еңсере жазып, еленбей қалмас еңбек етіп жүрген жазушы Ілияс Есенберлин. Оның еңбектеріне әр түрлі көзқарастар бар. Мен оны жақтаушылар жағындамын. Шынымды айтсам мен оның «Қаһарын» ұнатпаймын. Қенесарының қозғалысы хандықты аңсаған, қазақ халқын кері тартқан, талан-таражға салған қозғалыс. Қенесарыны қазақ халқы құлатты, қырғыз халқы өлтірді. Әуелі оған алданған елдер көп қосылса да, Алатаудың етегіне жете бере жалғыз тастап кетпеді ме? Осының аты құлатқан болады. Өз халқынан жұрдай болып айрылған бұзақының қырғыз халқына барып соқтығатын не орны бар еді? Жазушымыз оның осы жақтарын бұлдыратып, түске айналдырып көлегейлеп кеткен. Мен мұны жаны ашырлық деймін, ұнатпайтын себебім де осы.

Ал енді «Алмас қылыш»— құнды шығарма. Әр ғалымдардың, зерттеушілердің бытыранды-шашыранды пікірлерін қорытып, шындығын тауып көркем шығармаға айналдыру деген оңай да, арзан да еңбек емес. Ілияс ешкімді көшіріп қоймапты, қорытып алыпты.

Бұл кітап жөнінде тарихшылар мен әдебиет тарихшыларына қоятын бір-ақ сұрауым бар. Ол сұрауым Қобыланды мен Қамбар батырлар жайында.

Академик Әлкей Марғұлан бір еңбегінде Қобыланды мен Қозы-Көрпеш — Баян жырларын сегізінші ғасырда туған дегені бар.

Ұлы Мұхтар Қобыландыны XIII ғасырға апарады. Бұрын-соңды жазғандарының бәрінде де солай. Мұхтар батырлар жырын екіге бөліп — үлкен батырлар, кіші батырлар жыры дейтін. Үлкен батырлардың басы Қобыланды болатын. Марқұм Мәлік Ғабдуллин де осы пікірде еді.

Ілияс Қобыландыны да, Қамбарды да, Асан Қайғы, Қотан, Қазтуған жырауларды да XV ғасырға кіргізеді. Осыларымыздың қайсысы дұрыс, тарихшы жолдастар?

Үндемей қалмағандарың дұрыс болар еді. Өз қара басым мұндай әумесер ақымақ Қобыландыны (обалы Есенберлинге) қай заманда туса да қабылдағым келмейді.

Мен тарихшы емес, әдебиетшімін. Сондықтан осы құнды деп санаған кітабымның ішіне кіріп кеткен ақауларына тоқталмақпын. Оларының өзі аз да емес.

Әуелі ұсақтарынан бастайық.

«Қиналуы да содан-тын». *(30-бет).*

«Қыпшақ жері Жошының туы тігілетін жері болуға тиісті-тын».

«Қазақ жерінде қалған монғол басқыншылары аз-тұн». *(32-бетте).*

«Шыңғысхан шапқыншыларымен байланысты-тын». *(62-бет).*

«Қобыландының да бұны қаза етуі екі талай-тын». *(116-бет).*

«Ол күндерде Қазының баласы, Темірдің әкесі Темірбай би тірі-тын».

«Қашып құтылар ақылы бар-тын». *(226-бетте).*

Сонымен «Ол күндерде қазының баласы, Темірдің әкесі Темірбай би тірі-тын...» Осы сөйлемдегі Қазының керегі бар ма? Жоқ. Темірдің керегі бар ма? Жоқ. Темірбайдың керегі бар ма? Жоқ. Онда неменеге қазбалап сөз қылып отырсың дементдер, маған керегі «тірі-тын». Көріп отырсындар әлденеше сөйлемнің аяғы осы «тын» мен тынады. Бұл енді сақалы болмаса да шашы ағарған жазушыға келіспейтін де, кешілмейтін де кемшілік. Осынша көп сөйлемдердің бірінің аяғына келіспейтін бірдемені жазушы қалай алады? Сөзді ойнатамын деп алды деуге де келмейді, білмей алды деуге де келмейді. Бұл да баяғы «біздің ауыл осылай сөйлейдінің» салқыны болмаса қайтсын.

Осы тұста ешкімнің аулында тіл академиясы жоқ. Ана тіліміздің академиясы қазақ деген халық, көше жүрсе де, бытырай жүрсе де, оқымаса да ана тілін таза сақтаған дегенді ескерте кеткен теріс болмайды-ау дейміп.

Ілияста мынадай сөйлемдер кездеседі:

«Көгілдір далада, көгілдір аспан да»... *(84-бет)* «Көк балауса, жасыл шалғын». *(217-бет).*

Өсімдік көгі мен аспан бір түстес бола алмайды. Жердің өсімдігі көк балауса қалпында болса, шалғын жасыл бола алмайды. (Тегінде термин комитеті зеңгір, көк, жасыл деген атаулардың аздығы мен араласа бере-

тінін ескеріп, осы мәселені бір қарастырса дұрыс болар еді. Орыс тілінде «шие түсті», «бөтелке түсті» «кофе түсті» деген қосымшалар бар ғой. Мүмкін, біз де сол маңнан бірдемелерді табармыз).

Ілиястың мынадай теңеулеріне еріксіз күлкің келеді: «Егер әлем тоқты болса, бұл екеуі көкжал қасқыр еді ғой» *(12-бет)*.

Бату мен Құлағу көкжал болса бола берсін, бірақ әлем оларға тоқты бола алмаса керек. Әлем деп аталатын ұлы дүниені тоқтыға теңеу деген тым өрескел түр.

Екі жігіттің біріне-бірінің ұқсастығын Ілияс мынадай теңеумен айтады: «Бір шыны аяқтағы екі тамшы судай ұқсас» *(146-бет)*— дейді. Екі тамшы судай ұқсас деген теңеу орыс тілінде қашаннан бар теңеу. Ілияс соған «бір шыны аяқтағы» дегенді қосқанда теңеудің күл-талқаны шығыпты. Өйткені бір шыны аяқтың ішінде екі жерде екі тамшы тұрғанын көз алдыңа әкеле алмайсың. Мұнысы «Жиһана хүкімни көрсәтти мұғаллақ» болып шығыпты.

Ілиястың жай қарапайым сөйлемдерінде де тіл кедейлігі аз емес. Ілияс: «Бұны садақ оғының бер жағында шошайған екі қарыстай сабы көрсетіп тұр»,— деп жазады.

Оқтың ар жақ, бер жағы барына бірінші рет кездесіп отырмыз. Садақтың оғы бірдемеге тисе сабағы (сабы емес) ар жақ, бер жағы демей-ақ көрініп тұрады. Болды ғой сонымен.

«Қарашыңның жаны аузына келіп, енді шығуға таяу еді»,— дейді жазушы *(241-бет)*.

Мұнысы біреудің сөзі емес, автордың өзінің сөзі. Қарашыңның жаны аузына келгенін басқа біреу емес, автор өзі айтып отыр, тек, аузынан қалай шығып кеткенін жазбапты... Оны жазса жан дегеннің немене екенін көріп қалар ма едік, әлде қайтер едік...

«Барақ ханның ұлы Жәнібек сұлтан мен онымен үш аталас туыс Керей сұлтан».

«Қара қазақ пен қазақ жерін жаулап алған Шыңғыс»,— деп жазады автор 17-ші, 30-шы беттерде.

«Жәнібек сұлтан мен онымен» деп жазуға болмайды ғой. «Үш аталас» дегені де үлкен орашолақтық. Сөйлемнің дұрыс құрамы мынау ғана: «Жәнібек сұлтан мен оның үш атадан қосылатын туысы Керей сұлтан».

Ал енді «қара қазақ пен қазақ жерін жаулап алған Шыңғыс» деген сөйлемнен «қара қазағы» кім, «жай қа-

заңы» кім екенін айыра алмадық. Шыңғысты танидық, онысы Айтматов емес шығар...»

Сөйлеу, жазу жақтарымыздағы кемшіліктерімізді айта отырып, тіл мамандарына өтініш жасағым келеді.

Амангелді, Қарагөз, Зілғара, Меңдігожа сияқты адам аттарын Аманкелді, Қаракөз, Зілқара демей-ақ, естілу тұрпатында жазсақ қалай болар екен? Екі сөзден тұратын адам аттарындағы сол екі сөздің түбірі сақталса да, оқушы балаларға қ әрпінің ғ әрпіне айналатын реттерін бәрібір үйретуге тура келер еді ғой. К әрпі мен г әріптерінің арасында да осы бар.

Мен тілші емес, тілді пайдаланушымын. Сол өз кәсібімнің мүддесінен қарағанда маған қ — ғ, к — г әріптерінің арасында недәуір әңгіме бар сияқты көрінеді.

Термин комитетіне де айтатын өтінішім бар. Бізде толып жатқан сөздердің орыс тіліндегі түсінігі бар да қазақ тілінде аталуы жоқ. Мысалы: тактичность, вежливость, учтивость, деликатность, обходительность, укоризно, укор, упрек, гордость, благородство, достоинство деген сөздерге атаулар табу өте қажет.

Бұл түсініктердің көбін «ізгілік», «ізет», «адамгершілік», «сыпайылық» деген сөздермен, бір атауға бірнешеуін топтап сыйғызып келеміз. Мұндай өте керекті түсініктердің қазақ тілінде аталуын іздестіргеніміз дұрыс болар еді.

Орыс тілі — Отанымыздың тілі, Совет Одағына кіретін барлық халықтардың, ұлттардың бәріне ортақ мемлекеттік тіліміз. Сонымен бірге әр халықтың, әр ұлттың өзінің ана тілі бар. Ана тілін көркейте беруде әліппе, емле, оқыту, үйрету, сөйлеу, жазу — бәрінің де үлкен орны бар.

ҚПСС Орталық Комитетінің Бас Секретары Леонид Ильич Брежнев жолдас Қазақстанға халықтар достығы орденін тапсырғанда былай деді:

«Совет Одағын мекендейтін барлық ұлттар мен халықтар өзінің ерекшеліктерін, ұлттық сипатының белгілерін, тілін, жақсы дәстүрлерін сақтап қала береді. Өздерінің ұлттық мәдениетін бұрынғыдан да гүлдендіру үшін олардың барлық мүмкіндіктері бар».

Леонид Ильичтің осы айтқандарынан тіл, әдебиет қайраткерлеріне қандай үлкен талаптар қойылатынын тереңірек ойлансақ деймін.

Мен бұдан жеті-сегіз жыл бұрын «Қазақ әдебиеті» газетіне «Асқындырып алмайық, достар!» деген мақа-

ламды жариялап едім. Ол мақалам да жоғары-төменнен де, аға жазушылар мен жас жазушылардан да ана тіліне жасалып жүрген жәбірлер жайында болатын.

Егер ана тіліміз үлкен талаптарды көтере алмайтын, өспеген олақ тіл болса, бұл мақалаларды жазбаған болар едім. Жоқ, бұл бай тіл! Оралымды, ырғақты, теңеубейнелеулері ерте туған тіл.

Пушкин, Лермонтов шығармаларын XIX ғасырда-ақ көп елдерден бұрын аударуға жараған тіл. Біз Маркс, Ленин еңбектерін көп елден бұрын аудардық. Поэзияда Абай, Ілияс сияқты, прозада Мұхтар сияқты алыптар туғызған тіл. Мен осындай тілімізді таза ұстайық деймін. «Авгейдің ат қорасынан бастайық» дегендегі айтарым да осы ғана. Мәдениетімізді Брежнев жолдас аңғартқан жоғарыға көтеру жолында ана тіліміз ең сенімді, ең қадірлі құралымыз.

1976 ж.

ҰЛЫ ГИМН

Алматы қаласы творчестволық одақтар басқармаларының біріккен пленумын ашар алдындағы сөйлеген сөз[1].
1976 жылдың 2 апрелі.

Аса ұлы тарихи оқиға болған КПСС XXV съезі барша әлемге социализмнің қазіргі дәуірдегі дауылпаздай ұлы гимні секілді естілгені мәлім. Күнделікті ағылып жатқан хабарлар тасқынынан озық ойлы адамзаттың осылайша сезінгені анық аңғарылады.

Съезд шешімдеріне, әсіресе, дүние жүзі коммунистік және жұмысшы қозғалысы мен ұлт-азаттық қозғалысына қатысы бар қауым қызу да құштарлықпен құшақ жайды. Сөйтіп, бұл күндері жер шарының алыс, жақын түкпірлерінде съезд қабылдаған қарарлар мен келелі ойлар адамзат тіршілігін жақсартудың, бостандық және бейбітшілік үшін күрестің тұтқалы да тегеурінді қуат-күшіндей жұртшылық назарын аударуда.

Бәлкім, бұл осы заманның қат-қабат күрделі мәселелеріне шешімді жауап беріп қоймай, сонымен бірге, съездің бүкіл адамзат тағдырына тереңдеп көңіл бөлгендігінен болар. Әлемнің озық ойлы әрбір азаматы КПСС-тің

[1] Орысшадан аударған *Еркінбай Әкімқұлов.*

XXV съезінің мән-маңызын осылайша терең түсінбек.

Шын мәніндегі аса көрнекті саяси және мемлекеттік қайраткер Леонид Ильич Брежнев жолдастың съезде жасаған баяндамасы арпалысты да айбынды XX ғасырдың — дүние жүзілік қос қырғын соғыста орасан қымбат игіліктердің опат болуының куәгері, сондай-ақ жаңа социалистік негізде ұланғайыр мәдениет қазыналарын жасап жатқан XX ғасырдың — соңғы ширегіне айтылған данышпандық алғы сөздей есітілді.

Мен XX ғасыр өзінің жарқыраған Туын келер туысы XXI ғасырға қандай ғұзарлы ойлармен табыс етерін дәл біле бермеймін, ал бірақ оның КПСС XXV съезінде Леонид Ильич Брежнев айтқан көреген идеялардың логикалық заңды жалғасы болатынына кәміл сенемін.

Қазіргі дәуірдегі әлемнің хал-ақуалын жан-жақты да терең талдап, тарихтың енді жортар бағытын қапысыз көрсетіп беруі осынау баяндаманы барша философтың, барша ғалым атаулының, бүкіл әдеиет және искусство қайраткерлерінің қолдан түсірмейтін кітабына айналдырды.

Жалпыңызға аян, КПСС XXV съезі әдебиет пен искусство қайраткерлеріне де ерекше назар аударып, зор қамқорлық көрсетті.

«Социалистік реализмнің соңғы жылдарда туған жаңа шығармаларында,— деді Леонид Ильич Брежнев өз баяндамасында,— елдің тіршілік-тынысындағы негізгі, өзекті құбылыстар, совет адамдарының әрқайсысының өз тағдырының бір бөлігіне айналған құбылыстар барған сайын жиірек, ал ең бастысы, тереңірек үндестік табуда».

Бұл асқан биік баға бізді үлкен істерге қарай шақырады. Әрқайсымыз қол жеткен бел-белесімізді ғана емес, алдағы шығар асуларды ойластырып, уақыт жалынан ұстауға күш салмағымыз ләзім. Тек сонда ғана Леонид Ильич Брежнев айтқандай ұлттың мақтанышы, игілігі боларлықтай әдебиет пен искусствоның талантты туындыларын жасай алмақпыз. Мұндай мегзеу жазушылар мен кино қызметкерлерін, композиторлар мен суретшілерді қамтып қоймай, социалистік реализм шығармаларына септігі тиетін бүкіл творчестволық күштерге қатысты екені өзінен-өзі түсінікті.

«Көркем сөз, сан құлпырған бояу ажары, тасқа жан бітіргендей шеберлік, үйлесімді үн сазы замандастарымызға шабыт беретінін, біздің ұрпақ туралы, біздің за-

манымыз туралы, оның толқыныс-тебіреністері мен жеңіс-табыстары туралы жан мен жүрек естеліктерін келешек ұрпақтарға жеткізетінін біз жақсы білеміз»,— деді Леонид Ильич.

Бұл — әдебиет пен искусствоның заңдарына сай тауып берілген шын мәніндегі аса терең ғылыми трактовка. Мұнан асырып бірде-бір ғалымыңыз, бірде-бір искусство зерттеушіңіз, бірде-бір әдебиетшіңіз айта алмаса керек.

Социалистік реализмнің ұлы атасы А. М. Горькийдің сүйікімді лебізі: «Адам — деген ардақты ат» деген қастерлі сөз тіркесін біздің жиі қайталайтынымыз рас. Және менің байқауымша, осы бір елеусіз ғана әдеби ұғым тұңғыш рет біздің елде өмірлік мәнді мазмұнға ие болды. Ардақты дегеннің мәнісі адам қанаудың қандай түрінен болса да азат етіліп қана қоймай, оның үстіне толып жатқан ақымақтықтан, аяққа жығылудан, парақорлықтан, шенқұмарлықтан, көркөкіректіліктен, жалпы, өсек-өтірік секілді ірік-шірік атаулыдан еркіндік алды деген сөз. Әрине, бұл тізімге ілінгеннің бәрі түп-түгел қарасын өшірді деуге болмайды.

Дегенмен, совет адамы қазір парасатты да шыншыл, сымбатты да талантты, еңбекшіл де есті. Ардақтылықтың негізі де, нәрі де осында болса керек.

Мұндай абзал адамды әлем біткен тек біздің елден ғана, социализм елінен ғана көре алмақ. Мұндай жандүниесі бай, ардақты адамдар бізде бірен-саран емес, көптің көбі! Міне, біздер, жазушылар, осындай қыран қанатты кісілеріміз жайында қалам тербеуге тиіспіз.

Қазақстан Компартиясы XIV съезінде жасаған есепті баяндамасында КПСС Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас әдебиет пен искусство проблемаларына ерекше назар аударды.

Біз, Қазақстан әдебиеті мен искусствосының қайраткерлері, Дінмұхамед Ахметұлының әрқашан творчество кадрларының өсуіне, қолымыз жеткен зор табыстарымыз бен қайсыбір сәтсіздіктерімізге ден қойып келгенін, көңілінен еш шығармайтынын өте жақсы білеміз.

Оның мәдениет байлығын жасаушы жандарға әділ де қамқоршы дос екенін біз ширек ғасыр көлемінде шынайы сезініп келеміз. Дінмұхамед Ахметұлы советтік қоғам өмірінде әдебиет пен искусствоның маңызы еселеп

артып келе жатқанын, совет адамдарының рухани азығына деген талап-тілекті күшейту керектігін сан мәрте атап көрсеткен-ді.

Біз бүгін КПСС XXV съезі мен Қазақстан Компартиясының XIV съезі шешімдеріне сай өнер майданының қазіргі барысы мен оның алдында тұрған міндеттері турасындағы әңгімеге жиналып отырмыз. Сөз — мәдениетіміздің мұнан да өрлеп гүлдене беруі, жазу шеберлігіміз, искусство туындыларының татымдылығы төңірегінде болатыны айтпай-ақ түсінікті.

Осы тұста Л. И. Брежневтің Қазақстанға Халықтар достығы орденін тапсырарда айтқан бір сөзін еске ала кету өте орынды деп ойлаймын.

Ол былай деген болатын: «Совет Одағын мекендейтін барлық ұлттар мен халықтар өзінің ерекшеліктерін, ұлттық сипатының белгілерін, тілін, жақсы дәстүрлерін сақтап қала береді. Өздерінің ұлттық мәдениетін бұрынғыдан да гүлдендіру үшін олардың барлық мүмкіндіктері бар».

Осынау жолда бәріңе сәт сапар тілеймін, жолдастар!

Әрбір өнер туындысына идеялық-көркемдік жағынан биік талап қоятын кез жетті.

Сонымен бірге жазып жүрген очерктеріміз көркем шығармадай болсын, ал көркем шығармамыз очеркке ұсап кетпесін деп қатаң талап қоятын кез жетті.

Іске аспайтын майда тақырыптардан, от басы — ошақ қасынан аспайтын, үйі-ішіндік мещандық байлық, жалған тәттілігінен жүрегің айнитын ләйлі-мәжнүндік, тағы басқа көпірме көп сөзділіктен арылатын кез жетті.

Қазіргі уақытта барша творчестволық ұйымдарымыз бүкіл талант, талап иелерін ұлт мақтанына айналарлықтай идеясы жағынан жоғары, көркемдігі жағынан мінсіз шығармалар жасауға тікелей бағыттап отыратын кез жетті.

Қазақстан әдебиет пен искусство кадрларынан кедейшілік көріп отырған жоқ. Қай халықтың болмасын мәдениетінің гүлденіп өсуі үшін жүз таланттың көптік етпейтініне, яки он таланттың аздық етпейтініне мен сенемін, тіпті, өте қатты сенемін.

Тек қана олардың ауыз бірлігі, ұйымшылдығы, творчестволық күш-қуаттарының мақсатты игі бағыты қажет. Менің ойымша, творчестволық ұйымдар басшыларының алдында тұрған негізгі міндет осы.

1976 ж.

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ

Жаңа дәуірдің жүрегі соқты

Батыр-большевик Аманкелді . . 6
Батырдың биік тұлғасы . . . 60
Қорғасын алыбы 74
Жеңілген Сыр 85
Бошайдың үш қарасы 93

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Шегінбелік бір адым да!

Ақиықтар 100
Ел жауабы 103
Фашизмге қарсы күрестің айбынды жауынгері — Горький 113
Ел үшін туған ер 118
Нұрсұлтан Есболатов 121
Манастың ұрпағы 122
Шегінбелік бір адым да! 124
Ту да, намыс та біздің қолда 126
Батырлар ұрпағы 129
Өмір мен өлім туралы 132
Совет Одағының Батыры 136
Батырдың анасы 142
Белден-белге 144
Барлық адам баласы атынан 147

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Бақытқа бақыт, байлыққа байлық қосылсын!

Желкелер неге қышиды? 150
Аттың сыны 156
Қазақстан картасы 161
Молшылық жылы 167
Сайлау мейрамы күнінде 173
Ұлы көктем 176
Мәңгілік дос жүректен 180
Отарлар оралып келеді 186
Халықтар достығы — ұлы дәстүріміз . . . 193
Тыңдардың тыңы 198
Туған өлкеде 204
Жаңа бесжылдық — жаңа белестер 214
Үлкен миллиард жолында 220

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

Дүние жүзілік ұлы дабыл

Биылғы Май 226
Дүние жүзілік ұлы дабыл 229
Жапон әсерлері 232

Кездесулер 264
Біздің халқымыз сендермен бірге, туыстар! . . . 272
Барлық Африка мәдениетінің бірінші фестивалі . . 274
Прогресс алауы 286
Әзірлен, Алматы, әзірлен! 288

БЕСІНШІ БӨЛІМ

Талмай ізденіңдер!

Алда — ұлы болашақ 294
Жаңа дәуірге — жарасымды өнер 300
Тың — түбірлі тақырып 307
Дос жүректен мың да бір сәлем! 311
Өшпес өмір 317
Аспанда болған жекпе-жек 318
Аға сөзі 329
«Жалын» жарқырай берсін! 331
Жауаптылық сезімі 333
Феномен — Феникс 336
«Чудо!» 341
Адал да әділ сыншы еді 344
Қанаттас бауырым, бақыл бол! 347
Талмай ізденіңдер! 350
Авгейдің ат қорасынан бастайық 353
Ұлы гимн 363

Мусрепов Габит Махмудович

СЛЕДЫ ВРЕМЕНИ

СБОРНИК ОЧЕРКОВ И ПУБЛИЦИСТИКИ

(на казахском языке)

Редактор *Е. Акимкулов* — зав. редакцией юношеской прозы
Художник *А. Сергеев.* Худ. редактор *М. Шалбаев.*
Техн. редактор *Р. Винокурова.* Корректор *Т. Абдрахманова.*

Сдано в набор 5/II 1977 г. Подписано к печати 10/VI 1977 г.
Формат 84×108¹/₃₂—11,5=19,32 усл. п. л. (19,97 уч.-изд. л.).
Бумага тип. № 1. УГ06127. Тираж 12 000 экз. Цена 1 р. 60 коп.

Издательство «Жалын» г. Алма-Ата, ул. Гоголя, 111.

Заказ № 206. Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, проспект Гагарина 93.